




Том 7

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

7 ТОМ

Сентябрь 1902—сентябрь 1903

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1975

3 К 2
Л 40

Л $\frac{10102-092}{401(07)-75}$ 1—75

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының жетінші томына 1902 жылдың сентябрінен 1903 жылдың сентябріне дейін жазылған еңбектер және РСДРП II съезінің материалдары (уставтың және қарарлардың жобалары, Лениннің съезде сөйлеген сөздері) кіреді.

Россияда революциялық маркстік партияны құру жолындағы күреске, оның программасын және ұйымдық принциптерін жасауға байланысты шығармалар томда маңызды орын алады. 1902 жылдың аяғы мен 1903 жылдың жазында жұмысшы қозғалысы орасан зор өріс алып, революцияның жуықтап келе жатқанын көрсетіп бергендіктен де Россия социал-демократиялық ұйымдарын біртұтас партияға біріктіру міндеті кезек күттірмейтін ең шұғыл іске айналды. Россияның оңтүстігінде 1903 жылдың жазында болған жаппай саяси стачка орыс жұмысшы табының таптық сана-сезімінің орасан зор өскенін, пролетарлық ынтымақтастықтың күшейе түскенін көрсетті. Соның өзінде бір-бірінен бөлек әрекет жасаушы жергілікті социал-демократиялық комитеттерге бір орталықтан басшылық етудің жоқтығы барған сайын анық сезіле берді. «Комитеттердің арасында бір ғана таза идеялық байланыстың болуы жеткіліксіз екендігі барған сайын анықталды,— деп жазды кейіннен В. И. Ленин.— Нағыз топтасқан партия құрудың, яғни 1898 жылы белгіленіп қана қойылған нәрсені орындаудың қажет екендігі барған сайын анық сезіле бастады» (Шығармалар, 7-том, 502-бет).

«Искра» талдап жасаған идеялық және ұйымдық негіздерде жұмысшы табының революциялық партиясын құру міндетін Ленин бастаған искрашылдар 1902 жылдың жазынан әзірлеген РСДРП II съезі орындауға тиісті еді. Осымен байланысты партияны ұйымдастыру принциптері туралы мәселенің үлкен маңызы болды.

Том «Біздің ұйымдық міндеттеріміз туралы жолдасқа хатпен» ашылады; бұл еңбегінде Ленин өзінің «Не істеу керек?» деген кітабында және «Искрада» басылған бірқатар мақалаларында талдап жасаған партияны құрудың жоспарын одан әрі дамытып, нақтылай түседі. Бұл жоспардың негізіне алынған аса маңызды принциптер централизм және өзара келісіп жұмыс істейтін партиялық екі орталықты — Орталық Комитет пен Орталық Органды құру қажеттігі еді; мұның өзі орыс жұмысшы қозғалысының өзіндік ерекшеліктерінен туған болатын. Бұл принциптер кейіннен РСДРП II съезі қабылдаған партия уставының негізіне алынды.

Жергілікті жерлердегі жұмыс жағдайын жетік білуге сүйене отырып, Ленин «Жолдасқа хатта» социал-демократиялық ұйымдардың жалпы типі мен құрылымы туралы, жергілікті партия комитеттерінің функциялары туралы, социал-демократиялық қозғалыстың негізгі буыны ретінде заводтық ұйымдар құру және олардың жұмысына бағыт сілтеп отыру туралы, аудандық топтардың міндеттері туралы, партия насихатшыларының жұмысы туралы, жергілікті ұйымдардың Орталық Комитетпен және Орталық Органмен қарым-қатынасы туралы мәселелерді егжей-тегжейлі талдады. Петербургтегі және басқа бірқатар социал-демократиялық ұйымдарда таратылған «Жолдасқа хат» «экономистер» уағыздаған майдагерлікке қарсы революцияшыл марксистер жүргізген күресте, искралық ұйымдық принциптерді нығайтуда үлкен роль атқарды.

Ленин партияны құрудың ұйымдық принциптерін бундшылдардың ұлтшылдығымен және сепаратизмімен ымырасыз күрес үстінде жасады және қорғап қалды, ал бундшылдар партияның федерациялық сипатта құрылуына тырысып, бұл арқылы Россия пролетариаты күштерінің бытырауына жәрдемдесті. «Бундтың мә-

лімдемесі жөнінде», «Еврей пролетариатына «дербес саяси партия» керек пе» деген мақалаларда, Бундтың РСДРП-дағы орны туралы және Бундтың РСДРП-дан шығуы туралы РСДРП II съезі қарарларының жобаларында, съезде сөйленген сөздерде, сондай-ақ съезден кейін жазылған «Бунд ұлтшылдығының соңғы жаңалығы» деген мақалада Ленин Бундтың ұйымдық мәселелердегі ұлтшылдық позициясын әшкерелеп, партияны құрудың негізі болуға тиісті пролетарлық интернационализм принципін дамытып, қорғайды. Бундтың көзқарастарын қатты сынай келіп, Ленин былай деп жазды: «...самодержавиемен күресу, бүкіл Россия буржуазиясымен күресу мәселелерінде біз біртұтас, орталықтанған, жауынгер ұйым ретінде шығуға тиістіміз, біз тіл және ұлт өзгешелігіне қарамай, теория және практика мәселелерін, тактика және ұйымдастыру мәселелерін ұдайы бірге шешумен топтасқан бүкіл пролетариатқа сүйенуге тиістіміз...» (осы том, 131—132-беттер).

1902—1903 жылдарда Ленин партияны құрудың ұйымдық принциптерін жасаумен қатар программаның искралық жобасында тұжырымдалған аса маңызды қағидаларды теориялық жағынан негіздеу ісімен одан әрі шұғылданды.

Россия секілді көп ұлтты мемлекет жағдайында пролетариаттың өз жағына одақтастар тартуы үшін, революцияның жеңуі үшін РСДРП-ның ұлттық программасының орасан зор маңызы болды. Томға енгізілген ««Армян социал-демократтары одағының» манифесі туралы», «Біздің программамыздағы ұлт мәселесі» деген мақалалар большевизмнің ұлттық программасы жөніндегі Лениннің алғашқы шығармалары болып табылады. Ленин ұлт мәселесінде социал-демократтардың бәрі басшылыққа алуға тиісті негізгі принциптердің бірі мемлекет құрамына кіретін әрбір ұлт үшін өзін өзі билеу правосын талап ету болып саналады деп көрсетті. Бұл талап — пролетариаттың партиясы ұлттық езушілікке қарсы, «халықтың *өзін өзі* билеуіне *зорлықпен немесе әділетсіздікпен* сырттан қол сұғу *әрекетінің қандайына да* болса» (112-бет) қарсы әрқашан және сөзсіз күресуге тиіс деген сөз. Кейіннен Ленин программаға ұлттар-

дың өзін өзі билеу правосын талап етуді енгізуді ұсынғанда РСДРП мұның өзін ұлттардың саяси жағынан өзін өзі билеуі, яғни бөлініп шығып, дербес мемлекет құруға праволы болуы деп есептеген болатын деп түсіндірді.

«Біздің программамыздағы ұлт мәселесі» деген мақала ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөніндегі қағиданы талдап жасауға маркстік диалектикалық методты шебер қолдана білудің үлгісі болып табылады. Ленин бұл мақаласында революцияшыл марксистер, әрбір ұлттың өзін өзі билеуге правосы бар екенін сөзсіз мойындай отырып, ұлттық тәуелсіздік талабын қолдауды пролетариаттың тап күресі мүдделеріне бағындырып отыратындығын көрсетіп берді. «Біздің,— деп жазды ол,— ұлт мәселесін қоюымыздың оны буржуазиялық-демократиялық тұрғыдан қоюдан айырмашылығы да нақ осында. Буржуазияшыл демократ (және соның ізінен ерген қазіргі заманғы социалистік оппортунист те) демократия тап күресін жояды деп ойлайды, сондықтан да өзінің бүкіл саяси талаптарын абстрактілі түрде, бет алды, «сөзсіз», «бүкіл халық» мүдделерінің тұрғысынан немесе тіпті мәңгі адамгершілік принцип-абсолюттің тұрғысынан қояды. Социал-демократ мұндай буржуазиялық құр елесті, мейлі ол дерексіз идеалистік философияда көріне ме немесе ұлт тәуелсіздігін сөзсіз талап етуде бола ма, әрқашан да және қай жерде болса да аяусыз әшкерелейді» (260-бет).

Ленин большевизмнің ұлттық программасын түсіндіре келіп, қанаушылық пен езушілік атаулының барлық түрімен ойдағыдай күресу үшін жұмысшы табының күштерін бытыратпай, қайта біріктіру керек екенін атап көрсетті. «Пролетариаттың ісі,— деп жазды ол,— барлық және әр түрлі ұлттардың жұмысшыларының неғұрлым қалың *бұқарасын барынша тығыз* топтастыру, демократиялық республика жолында және социализм жолында *мүмкіндігінше кең майданда* күрес жүргізуге топтастыру» (112-бет).

Россияда революциялық өрлеудің өсуімен байланысты жұмысшы табының шаруалармен одағын нығайту, шаруаларды жұмысшы табының жағына қарай тарту

міндетінің аса зор маңызы бар еді. Шаруалардың өскелең революциялық белсенділігі 1902 жылдың көктемінде шаруалардың стихиялық көтерілістеріне ұласты. 1903 жылдың көктемінде Ленин «Деревня кедейлеріне. Социал-демократтардың нені көздейтінін шаруаларға түсіндіру» деген кітапшасын жазды. Лениннің шаруаларға арнап жазған тұңғыш еңбегі саналатын бұл кітапшада РСДРП-ның мақсаттары мен оның аграрлық программасы ғылыми тұрғыдан көпшілікке ұғымды етіп түсіндірілген. Онда пролетариаттың гегемониясы туралы, жұмысшы табының шаруалармен одағы туралы, буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру туралы марксизмнің идеялары одан әрі дамытылды.

Россиядағы жұмысшы партиясының ең таяудағы міндеті — самодержавиені құлату және социализм жолында, ондаған және жүздеген миллион адамдарды зорлық-зомбылықтан, езушіліктен және қайыршылықтан құтқару жолында одан әрі күресу үшін саяси бостандықты жеңіп алу екенін айқындап берген соң,— Ленин қала жұмысшылары қанаушыларға қарсы күрес жолына түсіп отыр, бұл жолға деревня кедейлері де түсуі керек деп көрсетті. Шаруалардың таптық құрылымына талдау жасау негізінде ол деревняда таптық күресті өрістету қажеттігі және оның өрістемей қоймайтыны жөнінде қорытынды жасайды. Деревня кедейлерінің бірінші кезектегі міндеті, деп көрсетеді Ленин, крепостниктік тәртіптің қалдықтарына қарсы барлық шаруалармен бірге күресу болып табылады. Одан әрі Ленин деревня кедейлері помещиктік кіріптарлыққа қарсы алғашқы адымын ғана бай шаруалармен бірге жасай алады деп түсіндіреді. Қайыршылықтан біржола құтылуға, қанаудан босануға деревня кедейлері тек жұмысшы табымен одақтаса отырып қана жете алмақ. «Ал соңғы адымды,— деп жазады Ленин,— барлық шаруалар еш уақытта бірге баспайды: бұл арада енді барлық бай шаруалар батырақтарға қарсы тұрады. Бұл арада енді бізге деревня кедейлерінің *қала жұмысшы социал-демократтарымен* жасаған берік одағы керек» (210-бет). Ленин бұл одақта жұмысшы табы басшылық роль атқа-

руы керек екенін, өйткені ол барлық шаруалардың крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою жолындағы, саяси бостандық жолындағы күресін басқара алатын күш қана емес, сонымен бірге деревня кедейлерімен одақтаса отырып, социалистік революцияны жасауға, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікті жойып, социализм орнатуға қабілетті бірден-бір күш болып табылатынын атап көрсетті.

Бүкіл буржуазия өз жағына тартуға тырысып отырған орташа шаруалардың жағдайын сипаттай келіп, Ленин пролетарлық партияның міндеті орташа шаруаларға өздерінің шын достарын тауып алуына, сөйтіп кедейлермен және жұмысшы табымен берік одақ жасауына жәрдемдесу екенін түсіндіреді.

«Деревня кедейлеріне» деген кітапша Россияның бірқатар қалалары мен селолық жерлерінде кеңінен таратылып, шаруалар арасында революциялық социал-демократияның көзқарастарын насихаттауда, деревня кедейлерінің РСДРП-ға өздерінің мүдделерін қорғаушы ретінде сеніммен қарауына жетуде үлкен роль атқарды.

Томға енгізілген бірқатар мақалалар эсерлердің көзқарастарын сынауға, олардың ұстаған позицияларының негізсіз әрі принципсіз екенін түсіндіруге арналған. «Социалист-революционерлер қайта қозғап жүрген тұрпайы социализм мен халықшылдық» деген мақалада Ленин таптар туралы маркстік теорияны эсерлердің бұрмалап отырғанын, олар осы заманғы қоғамның таптарға бөлінуінің өзгеше белгісін өндіріс құрал-жабдықтарына қатынастан емес, ал табыс көзінен іздеуге тырысатынын әшкерелейді. Таптар туралы маркстік ілімді тұрпайыландыру, деп көрсетті Ленин, эсерлерге шаруалар шаруашылығы мен буржуазиялық шаруашылықтың бір-біріне мүлде қарама-қарсылығы туралы либерал халықшылдардың «бозарған қызғылт жалған социализмінің» идеясын жаңғырту үшін, ескі халықшылдық «еңбек шаруашылығы» теориясын тап күресі теориясымен ымыраластыруға тырысып көру үшін керек болды.

Лениннің 1903 жылдың көктемінде эсерлерге қарсы жазбақ болған кітапшасының жоспары да осы томға

енгізілген, алайда кітапша жазылмай қалған-ды. Бірақ «Социал-демократиялық қозғалыстың міндеттері туралы», «Эсерлерге қарсы негізгі тезис» деген мақалаларында, эсерлерге қарсы бағытталған мақаладан үзіндіде эсерлердің позициясына кең сипаттама берілген. «Турасынан, дәл айтқанда біз сіздерді авантюрашыл деп айыптадық.., бұл халықаралық социализмнің барлық негізгі мәселелерінде сіздердің толық принципсіздіктеріңізден, дүмбілездеу дайындап, дәмді тұздықпен «тұтынушыға» әкеп ұсынған аграрлық программаңыздағы көзқарастарыңыздың адам айтқысыз шатасқандығынан, сіздердің террорлық тактикаңыздың солқылдақтығынан және негізсіздігінен туады, дедік» (57-бет).

Кейіннен Ленин былай деп атап көрсетті: большевизм тек оппортунизмге қарсы күресте ғана емес, сонымен бірге Россияда социалист-революционерлер партиясы бәрінен де гөрі айқынырақ бейнелеген ұсақ буржуазиялық революцияшылдықпен күресте де өсіп жетілді, нығайды және шыңдала түсті. «Большевизм,— деп жазды ол,— 1903 жылы жарыққа шығарында ұсақ буржуазиялық, жартылай анархиялық (немесе анархизмге бой ұра алатын) революцияшылдыққа қарсы аяусыз күресу дәстүрін қабылдады; мұндай дәстүр революциялық социал-демократияда әрдайым болды және ол бізде 1900—1903 жылдарда, Россияда революцияшыл пролетариаттың бұқаралық партиясының негіздері қалана бастаған кезде өте-мөте бекіді» (Шығармалар, 31-том, 17-бет).

Томға енгізілген «Жаңа оқиғалар және ескі мәселелер» деген мақалада революциялық қозғалыстағы 1902 жылы басталған жаңа кезеңге егжей-тегжейлі талдау жасалып, бұқаралық жұмысшы қозғалысына эсерлер қарама-қарсы қойған жеке-дара террор тактикасы сыналады. Ленин Ростовтағы стачка, демонстрацияларға қатысқаны үшін сотталған нижегородтық жұмысшылардың сотта сөйлеген сөздері сияқты оқиғалар «...бүкіл халықтың самодержавиелік үкіметке қарсы қарулы көтерілісі революционерлердің ойындағы және программаларындағы идея ретінде ғана емес, сонымен бірге қозғалыстың өзінің болмай қоймайтын, практикалық-

табиғи, *келесі* қадамы...» (65-бет) болып отырғанын дәлелдейді деген қорытынды жасайды.

РСДРП II съезіне байланысты материалдарға томда үлкен орын берілген. Олардың бір бөлегі съезге әзірлік кезінде жазылған. Бұл еңбектер мыналар: жергілікті социал-демократиялық ұйымдарға жіберілген «РСДРП комитеттері мен топтарының жалпы партиялық съезге жасайтын баяндамалары туралы мәселеге» деген хат, ««Ұйымдастыру комитетінің» құрылуы туралы хабарға» соңғы сөз, «Орыс Ұйымдастыру комитетінің Лигаға, Одаққа және Бундтың шетелдік комитетіне арналған үндеуінің жобасы», РСДРП уставының жобасы, Бундтың РСДРП-дағы орны туралы, демонстрациялар туралы, экономикалық күрес туралы, 1 Май туралы, халықаралық конгресс туралы, террор туралы, насихат туралы, күштерді бөлу туралы, партиялық әдебиет туралы, оқушы жастарға көзқарас туралы қарарлардың жобалары. Съезд жүріп жатқанда Бундтың РСДРП-дан шығуы туралы, жеке топтар туралы, әскердегі жұмыс туралы, шаруалар арасындағы жұмыс туралы, сектанттарға арналған орган шығару туралы қарарлардың жобалары және басқалары жазылған. Томда Лениннің 47 сөйлеген сөзі басылуда, бұдан 32-сі бұрын съезд протоколдарында ғана басылған, ал Шығармаларға тұңғыш рет енгізіліп отыр.

РСДРП II съезі кезінде мынадай аса маңызды саяси мәселе шешілді: Россияда жаңа тұрпатты пролетарлық партия құрылатын бола ма, Россия жұмысшы қозғалысы қандай жолмен алға басады — осы партия басшылық еткен, социалистік идеологиямен қаруланған бұл қозғалыс патша өкіметі мен капитализмге қарсы батыл да дәйекті күрес, пролетариат диктатурасы жолындағы күрес жолына түсе ме, әлде бұл қозғалыс буржуазиялық идеологияға бағыну жолына, оппортунистер оны бұрып әкеткісі келген реформизм жолына түсе ме — осы мәселе шешілді.

Съезд Лениннің төңірегіне топтасқан дәйекті искрашылдардың рабоче-делошылдармен — «экономистермен», бундшылдармен, центристермен және Мартовтың жақтастары — дәйексіз, «солқылдақ» искрашылдармен

шиеленіскен күресі аренасына айналды. Томда жарияланып отырған съезд материалдарында Лениннің оппортунистерге қарсы, Россия жұмысшы табының революциялық партиясы құрылуға тиісті идеологиялық және ұйымдық принциптер жолындағы, жаңа түрпатты пролетарлық партияның міндеттеріне сәйкес программа мен уставты жасау жолындағы күресі бейнеленген.

Партияның программасы туралы мәселе жөнінде 22 июльде (4 августа) сөйлеген сөзінде Ленин «экономистер» съезде «...қазірдің өзінде оппортунизм деп аталған (және әділетті аталған) көзқараста болды» (297-бет) деп атап көрсетті. Олар капитализм тұсында еңбекші бұқараның қайыршылануы туралы маркстік теорияны бекерге шығаруға дейін барды, пролетариат диктатурасының қажеттігіне, сөйтіп жұмысшы қозғалысына социалистік сананы маркстік партияның енгізетіні туралы қағидаға қарсы шықты. Ленин маркстік теорияның аса маңызды қағидаларына оппортунистердің жасаған шабуылына батыл тойтарыс беріп, пролетариаттың патша өкіметі мен капитализмге қарсы күресінде партияның жетекші күш ретіндегі ролін атап көрсетті.

Съезд оппортунистердің программаның искралық жобасына батыс европалық реформистік партиялардың программалары рухындағы өзгерістер енгізуге тырысқан әрекеттерінің бәрін серпіп тастады. Партияның программасына пролетариат диктатурасы туралы қағиданың енгізілуі Ленинді жақтаушылардың үлкен жеңісі болды: Маркс пен Энгельс қайтыс болғаннан кейін халықаралық жұмысшы қозғалысы тарихында тұңғыш рет пролетарлық партияның революциялық программасы қабылданып, онда пролетариат диктатурасы жолындағы күрес негізгі міндет ретінде қойылды.

Лениннің томға енгізілген сөздерінде программаның аграрлық бөлегін оның қалай қорғағаны және пролетариаттың одақтасы ретінде шаруалардың ролі көрсетілген, кесінді жерлерді қайтарып беруді талап етудің маңызы және жұмысшы табы партиясының аграрлық программасы талаптарының буржуазиялық-демократиялық және социалистік революциялардағы айырмашылықтары негізделінген. Кейіннен Ленин РСДРП II съе-

зі қабылдаған аграрлық программаны 1905—1907 жылдардағы революция тұрғысынан бағалай келіп, былай деп жазды: «Біздің ол кездегі программамыздың (кесінділерді қайтару) шамадан тыс тар екенін және революцияшыл-демократияшыл шаруалар қозғалысының күшін *жете бағаламағанын* оқиғалар күмәнсыз дәлелдеді...», бірақ «социал-демократиялық партияның оң қанатына *осы шамадан тыс тар* аграрлық программаның өзі ол кезде *тым кең* болып көрінгенін мұнда баса көрсету қажет» (Шығармалар, 13-том, 99—100-беттер). 1905 жылдың апрелінде өткен РСДРП III съезі партияның алдына шаруалардың помещиктік жерлерді конфискелеуге дейін баратын революциялық шараларының бәрін қолдап отыру міндетін қойды.

Программаға ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы қағиданы енгізу жолындағы күрес,— ал бундшылдар мен поляк социал-демократтары бұл қағиданы енгізуге қарсы болды,— Лениннің программалық комиссияның мәжілістерінде жасаған заметкаларында бейнеленген; ұлт мәселесі жөніндегі негізгі айтыс осы комиссияда болған-ды. Съезд бұл мәселе жөнінен де Лениннің позициясын қолдады.

РСДРП II съезінің пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революциядағы ең таяу міндеттері де (программа-минимум), сондай-ақ оның негізгі мақсаты — социалистік революцияның жеңуі мен пролетариат диктатурасын орнату да (программа-максимум) тұжырымдалған революциялық маркстік программаны қабылдауының орасан зор теориялық және саяси маңызы болды. «Революцияға дейін бірнеше жыл бұрын,— деп жазды кейінірек Ленин,— социал-демократия барынша дәйекті және ымыраға келіспейтін программамен шықты. Ал таптар күресі, 1905 жылғы революция кезіндегі бұқараның қимылы осы программаны растады» (Шығармалар, 21-том, 336-бет). РСДРП II съезі қабылдаған программа партияның жаңа программасын бекіткен РКП(б) VIII съезіне дейін (март, 1919) большевиктік партияның айбынды басшылық документі болды.

Съезде партияны құрудың ұйымдық принциптері ту-

ралы мәселе жөнінде шиеленіскен күрес кең өріс алды. Съездің күн тәртібі туралы мәселе жөнінде 18(31) июльде және Бундтың РСДРП-дағы орны туралы мәселе жөнінде 20 июльде (2 августа) сөйлеген сөздерінде Ленин Бундтың РСДРП-ны ұлттық белгі бойынша жіккe болуге тырысқан сепаратистік әрекеттерін батыл айыптап, жаңа түрпатты партияның интернационализм принциптеріне негізделуі тиіс екенін атап корсетті. Съезд басым көпшілік дауыспен Лениннің көзқарасын қолдап, партияны федерациялық принцип бойынша құру жөніндегі бундшылдардың ұсынысын қабылдамады.

Партияның уставын талқылау кезінде күрес тым қатты шиеленісті; уставтың жобасын Ленин жазған болатын. Бұл мәселе жөніндегі баяндамасында және сөйлеген сөздерінде Ленин жұмысшы табының революциялық теориямен қаруланған, алдыңғы қатарлы, саналы, ұйымдасқан отряды болуға тиісті партияны құру қажеттігін қорғады. Тек қана осындай, топтасқан, бір орталыққа бағынатын және ерік-жігері біртұтас партия ғана пролетариатты жеңіске бастай алады, оның өкіметті жеңіп алу жолындағы күресіне ойдағыдай басшылық ете алады, деп үйретті Ленин. Уставтың бірінші параграфының Ленин ұсынған тұжырымы партияның ролі мен міндеттерін нақ осылайша түсінуге сай келетін; бұл тұжырымда партияға мүше болу үшін оның программасын мойындау, партияға материалдық жағынан жәрдемдесіп отыру және партия ұйымдарының біріне тікелей қатысу шарт деп көрсетілді.

Оппортунистік және бұлталақтаушы элементтердің бәрі қолдаған Мартов уставтың бірінші параграфының лениндік тұжырымына қарама-қарсы, басқа тұжырымын ұсынды, онда партияға мүше болу үшін, партияның программасын мойындау мен оған материалдық жағынан жәрдемдесуден басқа, тек бір ұйымның басшылығымен партияға жеке басының үнемі жәрдемдесіп отыруы ғана шарт етіп қойылды. Оппортунистер партияға тілектес кез келген стачка жасаушы немесе интеллигент, партия ұйымына кірмей-ақ, демек, партиялық тәртіпке бағынбай-ақ, озін партия мүшесімін деп жариялай алады деп мәлімдеп, II Интернационал-

дың партиялары тұрпаттас реформистік, келісімпаз партияны құруға бағыт ұстаған болатын.

Мартовтың тұжырымына батыл қарсы шығып, Ленин бұл тұжырым алауыздықтың, солқылдақтықтың және оппортунизмнің барлық элементтеріне партияға кіру үшін кең есік ашатынын атап көрсетті. «Бұл тұжырым,— деп жазды Ленин,— *жұрттың бәрін, әрбір адамды* партия мүшесі етуге сөзсіз тырысады... Біздің тілемейтініміздің өзі нақ осы! Мартовтың тұжырымына біздің мұншалықты үзілді-кесілді қарсы шығып отырғанымыз да нақ сондықтан. Бір мылжыңның партия мүшесі болуға правосы және мүмкіншілігі болғанша, жұмыс істеуші он адамның өздерін партия мүшесіміз деп атамағаны жақсы (шын қызметкер шен қумайды!)» (317-бет).

Мартовты қолдаған Троцкийді сынай келіп, Ленин былай деп түсіндірді: партия мен тапты шатастыруға болмайды, партия жұмысшы табының орасан көп бұқарасының алдыңғы қатарлы отряды, басшысы болуға тиіс, ал жұмысшы табы түгелінен партияға кірмейді және кіре де алмайды.

РСДРП II съезінде сөйлеген сөздерінде Ленин партия тұрмысының нормалары жөніндегі негізгі қағидаларды тұжырымдады; кейіннен ол бұл қағидаларды өзінің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында талдап жасады. Партия мүшесі деген жоғары атақ туралы, партияның әрбір мүшесі партия үшін жауапты, партия әрбір мүшесі үшін жауапты екені туралы лениндік қағиданың орасан зор маңызы болды. «Біздің міндетіміз,— деді Ленин,— партиямыздың беріктігін, ұстамдылығын, тазалығын сақтау. Біз партия мүшесінің атағы мен маңызын жоғары көтерген үстіне көтере түсуге тиіспіз...» (318-бет).

Съезде оппортунистер болмашы көпшілік дауыспен Мартовтың тұжырымын өткізе алды. Ал тұтас алғанда искралық, лениндік партия уставы қабылданды. Искрашылдардың партияны құрудағы централизм идеясын қорғап қалғандығының орасан зор маңызы бар еді. Ал уставтың бірінші параграфын алатын болсақ, өмірдің өзі, партия ұйымдарының қызметі және партиядағы

оппортунистік элементтерге қарсы күрес Лениннің тұжырымы дұрыс екенін дәлелдеп берді, сөйтіп РСДРП III съезі партияға мүшелік туралы лениндік тұжырымды қабылдап, уставқа өзгеріс енгізді.

Томға енгізілген материалдар Лениннің партияны басқаруға, партия ұйымдарының жұмысына, жұмысшы табының күресіне басшылық етуге қабілетті партияның орталық мекемелерін құру жолында қалай күрескенін бейнелейді. Съезде партияның Орталық Органы деп танылған «Искра» редакциясы сайланғанда сөйлеген сөзінде Ленин партияның орталық органдарында табанды искрашылдардың басым болуын қамтамасыз етудің орасан зор саяси маңызын атап көрсетті. Орталық Комитет пен Орталық Органды сайлағанда дәйекті искрашылдар ұсынған кандидаттар көпшілік дауыс алды. Сол уақыттан бері Лениннің жақтастары большевиктер деп, ал оппортунистік элементтер — меньшевиктер деп аталатын болды.

Сонымен, Лениннің Россияда революциялық маркстік партияны құру жолында жүргізген күресі РСДРП II съезінде табысты аяқталды. Съезде лениндік «Искра» ұсынған және талдап жасаған идеялық, ұйымдық негіздерде құрылатын жұмысшы табының жауынгер, революциялық, маркстік партиясының — II Интернационалдың реформистік партияларынан принциптік өзгешелігі бар, жаңа тұрпатты пролетарлық партияның іргесі қаланды. «Большевизм,— деп жазды Ленин,— саяси ой ағымы ретінде және саяси партия ретінде, 1903 жылдан бері өмір сүріп келеді» (Шығармалар, 31-том, 8-бет).

Большевиктік, лениндік партияның басшылығымен Россиядағы жұмысшы қозғалысы патша өкіметі мен капитализмге қарсы жеңімпаз революциялық күрес жолымен алға басты. Сонымен бірге меньшевиктердің марксизмге дұшпандық пиғылдағы идеялық және ұйымдық көзқарастарына қарсы Лениннің жүргізген күресі халықаралық оппортунизмге, ревизионизмге күйрете соққы беру болды, ал мұның барлық елдердегі революциялық қозғалыс үшін орасан зор маңызы бар еді. Жаңа тұрпатты пролетарлық партияның үлгісін — Рос-

сияда революциялық маркстік партияны құрып,— РСДРП II съезі дүние жүзілік жұмысшы қозғалысында бетбұрыс кезең болды.

«Дайындық материалдар» бөлімінде РСДРП II съезін әзірлеуге және өткізуге байланысты лениндік документтердің үлкен бір тобы берілген. Оған мыналар жатады: ««Искра» ұйымдарының қызметі туралы РСДРП II съезіне баяндамаға заметкалар», «РСДРП-ның кезекті II съезінің программасы», «РСДРП II съезінің құрамы» (ашылар алдындағы), «РСДРП II съезі мәжілістерінің күнделігі», «Программалық комиссияның жұмысы туралы заметкалар», Бундтың РСДРП-дағы орны туралы мәселе жөнінде, партияның программасы туралы, «Искра» редакциясын сайлағанда сөйленген сөздердің жоспарлары, «Партия уставын талқылау тәртібі туралы Бунд делегаттарының ұсынысы бойынша жарыс сөз туралы заметкалар», «Уставтың 1-параграфы жөніндегі жарыс сөз туралы заметкалар», «Съездің құрамы» (съезден кейін).

Томның негізгі материалдарымен қатар бұл документтер Лениннің РСДРП II съезін әзірлеу жолында орасан көп жұмыс істегенін, съезді өткізуде оның басшылық роль атқарғанын, жаңа түрпатты пролетарлық партияны құру жолында оның ымырасыз және қажырлы күрескенін жарқын сипаттайды, съездің жұмысын оқып-үйрену үшін бұлардың зор маңызы бар.

Нақ осы бөлімде «Деревня кедейлеріне» деген кітапшаға материалдар, «Жаңа оқиғалар және ескі мәселелер» деген мақаланың нобайлары мен конспектілері, «РСДРП комитеттері мен топтарының жалпы партиялық съезге жасайтын баяндамалары туралы мәселе жөнінде» және «Революцияшыл жастардың міндеттері туралы» хаттардың жоспарлары, эсерлерге қарсы кітапша мен мақаланың жоспарлары, «Партияның екінші съезі» деген мақаланың жоспары және «Мартовтың қайшылықтары мен бұлталағы» деген заметка берілген.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

БІЗДІҢ ҰЙЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІМІЗ ТУРАЛЫ ЖОЛДАСҚА ХАТ[1]

1902 ж. гектографта басылған; алғы сөзі мен соңғы сөзі 1904 ж. мына кітапшада басылған: Н. Ленин. «Біздің ұйымдық міндеттеріміз туралы жолдасқа хат». Женева, РСДРП Орталық Комитетінің басылымы

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

Россійская Соціальдемократическая Рабочая Партія.

Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

Письмо къ товарищу

о нашихъ организаціонныхъ задачахъ

Н. Ленина

Изданіе Центральнаго Комитета Р. С.-Д. Р. Партіи.

ЖЕНЕВА
Типографія Партіи. Rue de la Coulouvrenière. 27.
1904

В. И. Лениннің
«Біздің ұйымдық міндеттеріміз туралы жолдасқа хат»
деген кітапшасының мұқабасы.— 1904 ж.

Кішірейтілген

АЛҒЫ СӨЗ

Мен қайта бастырып отырған «Жолдасқа хат» бұдан бір жылдан артығырақ бұрын, егер ұмытпасам, 1902 жылғы сентябрьде жазылған болатын. Әуелі ол хаттың көшірмесі искралық ұйымдық көзқарастарды баяндау ретінде жұрттың қолынан қолына көшіп, бүкіл Россияға тарады. Сонан кейін Сибирь одағы бұл хатты өткен жылдың июнінде қайта бастырып, өте көп дана етіп таратты. Сонымен бұл хат қазірдің өзінде-ақ бүтіндей жұртшылықтың игілігіне айналды, сондықтан енді оның жариялануын кідіртуге ешқандай негіз жоқ. Менің бұл хатты бұдан бұрын бастырмаудағы пікірім,— атап айтқанда оның әдеби жағынан мүлде өңделмегендігі, оның мүлде «жөнделмеген» күйінде екендігі болды,— енді өзгеріп отыр, өйткені көптеген орыс практиктері қазірдің өзінде-ақ хатпен нақ осы жөнделмеген күйінде таныс-ты. Сонымен қатар, бұл хатты жөнделмеген күйінде (мен тек ең қажетті стилистикалық түзетулер ғана енгіздім) қайта бастыруға мұнан да гөрі маңыздырақ себеп болған нәрсе енді оның «документ»* ретіндегі маңызы болды. Жұртқа мәлім, «Искраның» жаңа редакциясы [2] 53-номердің өзінде-ақ *ұйымдық* мәселелер бойынша алауыздықты бастады. Амал не, бұл алауыздықтардың нақ неде екенін нақты ашып көрсетуге редакция

* Менің оппоненттерім бұл хатты документ ретінде пайдалану жөнінде әлденеше рет тілек білдіргеннен кейін, қайта бастыру кезінде нендей бір өзгерістер енгізуді мен өз тарапымнан тура тіпті... қалай жеңілдетіп айтсам екен?.. ыңғайсыз деп санаған болар едім.

асықпайды, ол көбінесе тек ешкім білмейтін нәрселерді тұспалдап көрсетумен ғана шектеледі.

Жаңа редакцияның қиын міндетін жеңілдетуге тырысу керек. «Искраның» [3] *ескі* ұйымдық көзқарастары бүге-шігесіне дейін, тіпті жөнделмеген нұсқаларына дейін белгілі бола берсін,— мүмкін, сол кезде жаңа редакция, ақырында, өзі «идея жағынан жетекшілік етіп отырған» партияға өзінің ұйымдық *жаңа* көзқарастарын ашып беретін шығар. Мүмкін, сол кезде жаңа редакция біздің партиялық ұйымдық уставымызға [4] өзінің ұсынатын негізгі өзгерістерінің *дәл тұжырымын* ақырында біздің алдымызға әкеліп тартар. Өйткені, шынында, нақ осы ұйымдық устав біздің әрқашандағы ұйымдық жоспарларымызды қабылдап отырғанын кім түсінбейді?

«Не істеу керек?-ті» * және «Искрадағы» ұйымдық мәселелер жөніндегі мақалаларды ұсынылып отырған «Жолдасқа хатпен» салыстыра отырып, ал соңғыны екінші съезде қабылданған уставпен салыстыра отырып, оқушылар біздің, искрашылдар көпшілігі мен партия съезі көпшілігінің, өзіміздің ұйымдық «бағытымызды» қаншалықты дәйекті түрде жүзеге асырып келгенімізді айқын түсіне алады. Ал біз «Искраның» жаңа редакциясынан оның ұйымдық жаңа көзқарастарын баяндауын күтеміз, күткенде де зор шыдамсыздықпен күтеміз, оның нақ не себепті және нақ қай уақыттан бастап көңілі қалып және оның не себепті «бұрын бас иген нәрсесін отқа жаға» [5] бастағандығын көрсетуін күтеміз.

Н. Ленин

Январь 1904 ж.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер. *Ред.*

Қымбатты жолдас! «С.-Петербург революциялық партиясын ұйымдастырудың» сіз жазған жобасын сынауды сұраған өтінішіңізді ықыласпен орындаймын. (Сіздің ойлағаныңыз, сірә, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Петербургтегі жұмысын ұйымдастыру шығар.) Сіз көтерген мәселенің маңыздылығы сонщалық — оны талқылауға С.-Петербург комитетінің барлық мүшелері де және тіпті жалпы барлық орыс социал-демократтары да тегіс қатысуға тиіс.

«Одақтың» бұрынғы (сіздің атағаныңызша, «одақтық») ұйымдасуының жарамсыздығын түсіндіріп айтқан сіздің пікірлеріңізге толық қосылатынымды ең алдымен айтып өтемін. Сіз алдыңғы қатарлы жұмысшылардың елеулі даярлығының, революциялық тәрбиесінің жоқтығын, «демократиялық» принциптерге бола рабоче-делошылдар [6] соншалықты мақтанышпен, қасара қорғап жүрген сайлау системасы дегенді көрсетесіз, жұмысшылардың белсенді жұмыстан қол үзгенін айтасыз.

Нақ солай: 1) елеулі даярлықтың және революциялық тәрбиенің (жұмысшыларда ғана емес, интеллигенттерде де) жоқтығы, 2) сайлап қою негізін орынсыз және шамадан тыс қолдану және 3) жұмысшылардың белсенді *революциялық* жұмыстан қол үзуі,— мінеки, шынында да, жалғыз С.-Петербург ұйымының ғана емес, біздің партиямыздың басқа да көптеген жергілікті ұйымдарының басты кемшілігі осында.

Ұйымдық міндеттерге сіздің негізгі көзқарасыңызды толық қостай отырып, мен сондай-ақ сіздің ұйымдық жобаңызға да қосыламын, өйткені бұл жобаның басты-басты белгілері маған сіздің хатыңыздан айқын бола бастады.

Атап айтқанда, жалпы орыстық жұмыстың және жалпы алғанда бүкіл партияның міндеттерін айрықша атап көрсеткен жөн деген сіздің пікіріңізге әбден қосыламын; бұл сізде жобаның бірінші пунктінің былай делінуімен білдірілген: *«партияның* (бір ғана комитеттің немесе ауданның емес) басшы орталығы «Искра» газеті болып табылады, оның жұмысшылар арасында тұрақты тілшілері болады және ол ұйымның ішкі жұмысымен тығыз байланысты болады». Мен тек мынаны ғана ескертер едім: газет партияның *идеялық* жетекшісі бола алады және болуға тиіс, теориялық ақиқаттарды, тактикалық ережелерді, жалпы ұйымдастыру идеяларын, бүкіл партияның белгілі бір кезеңдегі жалпы міндеттерін дамыта алады және дамытуға тиіс. Ал барлық комитеттермен *өзі* тікелей қатынас жасап отыратын, барлық орыс социал-демократтарының барлық маңдай алды революциялық күштерін өз ішіне қамтып отыратын, барлық жалпы партиялық істерді, атап айтқанда: әдебиеттің бөлінуін, листоктар шығарылуын, күштердің бөлінуін, айрықша кәсіпорындарды басқару үшін жеке адамдар мен топтар тағайындалуын, жалпы орыстық демонстрациялар мен көтерілістер әзірлеуді, тағысын-тағыларды *басқаратын* айрықша орталық топ қана (оны Орталық Комитет деп-ақ атайық) қозғалыстың тікелей *практикалық* басшысы бола алады. Өте қатаң астыртын жұмыс жүргізу және қозғалыстың сабақтастығын қорғау қажеттігі жағдайында біздің партияның басшы *екі* орталығы: ОО (Орталық Орган) мен ОК (Орталық Комитет) бола алады және болуға тиіс. Біріншісі идеялық жағынан, екіншісі — тікелей және практикалық жағынан басшылық етуге тиіс. Бұл топтардың арасындағы қимыл бірлігі және қажетті ынтымақтылық партияның біртұтас программасымен ғана емес, *екі топтың құрамымен* де (екі топтың екеуінде де, Орталық Органда да, Орталық Комитетте де өзара

әбден түсініскен адамдар болуы керек) және олардың арасында үздіксіз және тұрақты кеңестер тағайындаумен де қамтамасыз етілуге тиіс. Сонда ғана, бір жағынан, Орталық Орган орыс жандармдарының әрекетінен аулақ болады, сөйтіп оның ұстамдылығы мен сабақтастығы қамтамасыз етіледі,— ал екінші жағынан, Орталық Комитет барлық маңызды жұмыста әрқашан Орталық Органмен ынтымақтас болады және қозғалыстың барлық практикалық жағын тікелей *басқару* үшін жеткілікті ерікті болады.

Сондықтан уставтың бірінші пунктінде (сіздің жобаңызға сәйкес) партияның қандай органы басшы деп танылатыны көрсетіліп қана қоймай (мұны көрсету, әлбетте, керек), мұнымен қатар, осы жергілікті ұйымның орталық мекемелерді *құру,* қолдау және нығайту жолында белсене жұмыс істеуді өзіне міндет етіп қоятыны да көрсетілгені жақсы болар еді, өйткені бұл орталық мекемелерсіз біздің партиямыз партия ретінде өмір сүре алмайды.

Бұдан соң, екінші пунктте сіз комитет туралы айтасыз, ол «жергілікті ұйымға басшылық етуге» тиіс дейсіз (бәлкім, «партияның барлық жергілікті жұмысы мен барлық жергілікті ұйымдарына» деу жақсырақ шығар, бірақ мен тұжырымның егжей-тегжейіне тоқтап жатпаймын) және ол жұмысшылардан да, интеллигенттерден де құрылуға тиіс, ал оларды екі комитетке бөлу — зиянды дейсіз. Бұл әбден және сөзсіз орынды. Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының комитеті біреу болуға тиіс және онда өзін бүтіндей социал-демократиялық жұмысқа арнаған әбден саналы социал-демократтар болуға тиіс. Мүмкіндігінше көп жұмысшының әбден саналы және профессионал революционер болып, комитетке * енетін болуына ерекше тырысу керек. Қосарланған комитет емес, *бір* комитет жағдайында көптеген жұмысшыларды комитет мүшелерінің *жүзбе-жүз* білетін болуы туралы мәселенің айрықша маңызы бар. Жұмысшылар ортасында болып жатқан

* Комитетке жұмысшы бұқараның арасында неғұрлым байланысы көп және неғұрлым «жақсы атты» болған жұмысшы-революционерлерді енгізуге тырысу керек.

істің бәріне басшылық ету үшін барлық жерге бара алатын болу керек, өте көп адамдарды білу керек, барлық жолдарды білу керек, т. т., т. т. Сондықтан да, жұмысшы қозғалысының жұмысшылардың өз ішінен шыққан басты-басты *басшыларының* бәрі мүмкіндігінше комитетте болуға тиіс, комитет жергілікті қозғалыстың *барлық* жақтарына басшылық етіп отыруға және партияның *барлық* жергілікті мекемелерін, күштері мен қаражаттарын меңгеріп отыруға тиіс. Комитет қалай құрылуға тиіс екендігі туралы сіз айтпайсыз,— сірә, бұл туралы айрықша ережелер керек бола қояр ма екен деген сіздің пікіріңізге бұл арада да біз қосылатын шығармыз; комитетті қалай құру — бұл енді жергілікті соц.-демократтардың ісі. Тек комитеттің өз мүшелерінің көпшілігінің (немесе үштен екісінің, т. с.) ұйғаруы бойынша толықтырылатынын, комитет өзінің байланыстарын сенімді (революциялық жағынан) және қорғалатын (саяси мағынада) жерге тапсырудың, өзіне күні бұрын кандидаттар даярлаудың қамын істеуге тиіс екенін ғана корсетуге болар ма еді. Бізде Орталық Орган мен Орталық Комитет болған кезде жаңа комитеттер солардың қатынасуымен және солардың келісімімен ғана құрылуға тиіс. Комитет мүшелерінің саны мүмкіндігінше тым көп болмауға тиіс (бұл мүшелердің дәрежесі жоғарырақ және революциялық кәсіптегі олардың мамандығы толығырақ болуы үшін), бірақ, сонымен қатар, істің *барлық* жағын меңгеруге және кеңестердің толық, қарардың тиянақты болуын қамтамасыз етуге жетерліктей болуға тиіс. Егер мүше тым көп болып, олардың жиі жиналуы қауіпті болатын болса,— онда, мүмкін, комитеттен тағы бір айрықша, оте шағын (айталық, бес, немесе одан да аз адамнан) *басқарушы* топ құруға тура келер; ол топтың құрамына қалайда секретарь және барлық жұмысты іс жүзінде басқаруға неғұрлым қабілетті адамдар енуге тиіс. Сәтсіздікке ұшыраған жағдайда жұмыс тоқтамауы үшін өзін кандидаттармен қамтамасыз ету бұл топ үшін *айрықша маңызды* болған болар еді. Комитеттің жалпы жиналыстары басқарушы топтың іс-қимылын бекітер еді, оның құрамын белгілер еді, т. т.

Сонан соң, комитеттен *кейін*, соған бірлесіп бағынатын мынадай мекемелер болсын деп ұсынасыз: 1) айтыс («таңдаулы» революционерлердің кеңесі), 2) аудандық үйірмелер мен 3) олардың әрқайсысының жапында насихатшылар үйірмесі, 4) завод үйірмелері және 5) сол ауданның завод үйірмелері делегаттарының «өкілдік жиындары». Кейінгі мекемелердің *бәрі* (ал олар өте көп және сіз атағаннан басқа мейілінше сан алуан болуға тиіс) комитетке бірлесіп бағынуға тиіс және де аудандық (өте үлкен қалалар үшін) және заводтық (әрқашан және барлық жерде) топтар болуы керек дегеніңізге мен толық қосыламын. Бірақ кейбір жеке пікірлерді алғанда мен сізге толық қосыла қоймайтын шығармын. Мәселен, «айтыс» жайына келгенде мен мұндай мекеменің *мүлдем керегі жоқ* деп ойлаймын. «Таңдаулы революционерлер» тегіс комитеттерде немесе айрықша қызметтерде (баспахана, транспорт, көшпелі үгіт, айталық, паспорт бюросын немесе тыңшылар мен арандатушыларға қарсы күресу жасақтарын, не болмаса әскер ішінде топтар ұйымдастыру, т. т.) болуға тиіс.

«Кеңестер» комитетте де, *әрбір* ауданда да, әрбір заводтық, насихатшылық, кәсіптік (тоқымашылардың, механиктердің, былғарышылардың, тағы басқа), студенттік, әдеби, т. т. үйірмеде өтетін болады. Кеңестер өткізу үшін айрықша мекеменің кереги не?

Сонан соң. Сіздің «зауықтылардың бәріне» хат-хабарды тура «Искраға» жіберіп тұруға мүмкіндік берілуін талап етуіңіз әбден дұрыс. Бірақ, тек «тура» дегенді «зауықтылардың бәріне» редакцияға жол ашып, адресін айту керек деп түсіну керек емес, *барлық зауықтылардан* хатты міндетті түрде редакцияға кісі арқылы тапсыру (немесе жөнелту) керек деп түсіну керек. Ал адресті *біршама көп адамға* беру керек, бірақ, дегенмен, зауықтылардың бәріне емес, тек қана сенімді және астыртын жұмыста айрықша шеберлігімен көзге түскен революционерлерге беру керек,— мүмкін, сіздің қалағаныңыздай аудан басына біреуден емес, бірнешеуден беру керек болар; осы сияқты, жұмысқа қатынасушылардың бәрі, барлық және қандай да болсын үйірмелер өз

шешімдерін, талап-тілектерін, қажеттерін *комитетке де,* сондай-ақ Орталық Орган мен Орталық Комитетке де жеткізіп тұруға *праволы болулары керек.* Егер біз осыны қамтамасыз етсек, онда «айтыс» сияқты ебедейсіз, астыртындығы жоқ мекемелер құрмай-ақ *барлық партия қызметкерлерінің кеңесінің толық болуына* қолымыз жетеді. Әлбетте, мұнымен бірге барлық және қандай да болсын қайраткерлердің мүмкіндігінше көбінің *жүзбе-жүз кездесетін кеңестерін* өткізіп тұруға талпыну керек,— бірақ бұл арада барлық іс астыртындықта ғой. Россияда жалпы жиналыстар мен жиындар тек ерекше реттерде оқта-текте өткізілуі мүмкін, бұл жиналыстарға «таңдаулы революционерлерді» жіберерде өте-мөте сақ болу керек, өйткені жалпы жиналыстарға арандатушының өтіп кетуі және қатынасушылардың біріп тыңшының аңдып соңына түсуі жалпы оңай. Менің ойымша, бәлкім, былай істеген жақсырақ болар еді: үлкен (айталық, 30—100 адам жиналған) жалпы жиналыс өткізу мүмкін болған кезде (мысалы, жаздың күні орман ішінде немесе ерекше табылған астыртын пәтерде), комитет онда 1—2 «таңдаулы революционерді» жіберсін және жиналыстың құрамы жақсы болуына, яғни, мәселен, завод үйірмелерінің, т. б. сенімді мүшелерін мүмкіндігінше көбірек шақыруға *қам істесін.* Бірақ бұл жиналыстарды жазып, тіркеудің керегі жоқ, оларды уставқа енгізудің керегі жоқ, оларды тұрақты шақырудың керегі жоқ, жиналыстың барлық мүшелері қатынасушылардың бәрін білетіндей етпеу керек, яғни барлығы үйірмелердің «өкілдері» болатындай етпеу керек, т. т.; мінеки, менің «айтыстарға» ғана емес, «өкілді жиынға» да қарсы болатыным осыдан. Бұл екі мекеменің екеуінің орнына мен шамамен мынадай тәртіптің қолданылуын ұсынар едім. Комитет қозғалысқа іс жүзінде қатынасушылардың мүмкіндігінше көбінің және жалпы алғанда барлық жұмысшылардың үлкен жиналыстарын өткізуді қарастырады. Жиналыстың уақытын, болатын жерін, өткізілу сылтауын және оның құрамын комитет белгілейді, мұндай шаралардың астыртын жүргізілуі үшін сол жауапты болады. Серуендерде, орман ішінде, тағы сондай жерлерде жұмысшылардың ешқан-

дай жазу-сызусыз-ақ жиындар өткізуіне мұның ешбір бөгет болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Бәлкім, бұл туралы уставта ештеңе айтпаса тіпті жақсы болар еді.

Сонан соң, аудандық топтарға келетін болсақ, мен олар жайында сіздің: олардың өте маңызды міндеттерінің бірі — әдебиет *бөлуді* дұрыс жолға қою дегеніңізге әбден қосыламын. Менің ойымша, аудандық топтар ең алдымен комитеттер мен заводтар арасындағы *жалғастырушы* болуға тиіс, жалғастырушы және тіпті көбінесе *табыс етуші* болуға тиіс. Комитеттен алынған әдебиеттің дұрыс таратылуын астыртын түрде жолға қою олардың басты міндеті болуға тиіс. Бұл — орасан маңызды міндет, өйткені егер әдебиет таратушы айрықша аудандық топтың аудандағы *барлық заводтармен,* ауданның *жұмысшылар пәтерлерінің* мүмкіндігінше барынша көбімен үздіксіз қатынас жасап тұруын қамтамасыз етсе, демонстрациялар үшін де, көтеріліс үшін де мұның маңызы орасан зор болады. Әдебиеттің, листоктардың, прокламациялардың және басқаларының тез және дұрыс тапсырылуын жөнге салу, ұйымдастырып алу, бұған агенттердің тұтас бір тобын дағдыландыру — болашақта демонстрациялар мен көтеріліс әзірлеу жөніндегі істің жартысынан *көбін* істеу деген сөз. Өршу, стачка, толқу кезінде әдебиетті тарату ісін жолға қою кеш болады — мұны айына екі реттен, үш реттен *міндетті түрде* жүргізіп барып, тек бірте-бірте бұған үйретуге болады. Егер газет жоқ болса, мұны листоктарды тарату арқылы істеуге болады және істелуі тиіс,— бірақ бұл таратушы аппараттың түк істемей қарап отыруына ешбір жол бермеу керек. Бұл аппараттың шеберлігін барынша жетілдіруге ұмтылу керек — ол бір түннің ішінде С.-Петербургтің барлық жұмысшы халқын хабарландыра алатын, былайша айтқанда, жұмылдыра алатын ету керек. Листоктарды орталықтан алып, өте шағын жалғастырушы үйірмелерге, олардан таратушыларға үздіксіз жеткізіп тұрған жағдайда бұл әсте орындалмайтын міндет емес. Менің ойымша, таза жалғастырушылық және ұштастырушылық жұмыстан басқа қызмет қосу арқылы аудандық топтардың атқаратын жұмысының шеңберін кеңейтудің қажеті болмас еді не-

месе, дәлірек айтқанда, оны асқан сақтықпен істеген жөн болар еді, әйтпесе бұл — жұмыстың астыртын болуына да, біртұтас болуына да зиянын тигізуі мүмкін. Әрине, аудандық үйірмелерде де барлық партия мәселелері жөнінде кеңестер болып тұрады, бірақ жергілікті қозғалыстың барлық ортақ мәселелерін комитет қана *шешуге* тиіс. Аудандық топтың табыс ету және тарату тәсілі жөніндегі мәселелерде ғана дербес болуына жол берген жөн болар еді. Аудандық топтың құрамын комитет белгілеуге тиіс, яғни комитет белгілі бір аудан бойынша делегаттыққа өзінің бір-екі мүшесін (немесе тіпті мүше еместерді де) *тағайындап,* ол делегаттарға *аудандық топ құруды* тапсырады, ол топтың барлық мүшелерін, былайынша айтқанда, қызмет орнына тағы да комитет бекітеді. Аудандық топ — комитеттің филиалдық бөлімшесі, өзінің өкілдіктерін тек содан ғана алып отырады.

Насихатшылардың үйірмелері туралы мәселеге көшемін. Насихатшы күштердің тапшылығы жағдайында әрбір ауданның жанынан оларды жеке ұйымдастыру мүмкін бола қояр ма екен және керек те бола қояр ма екен. Бүкіл комитет насихатты бір рухта жүргізуге тиіс, сондықтан оны қатаң орталықтандыру керек, осы себептен мен бұл істі былай түсінемін: комитет өзінің бірнеше мүшесіне насихатшылар тобын ұйымдастыруды тапсырады (бұл топ комитеттің филиалдық бөлімшесі немесе *комитет мекемелерінің бірі* болады). Бұл топ, астыртын жұмыс жағынан аудандық топтардың *жәрдемімен* пайдаланып, *бүкіл қалада,* комитеттің «қол астындағы» барлық жерде насихат жүргізуге тиіс. Егер керек болса, бұл топ көмекші топтар құра алады, өз қызметінің белгілі бір бөлегін әрі қарай жүргізуді оларға сеніп тапсыра алады, бірақ осының бәрі комитеттің бекітуімен ғана істелуі керек, комитет қозғалысқа қандай да болсын қатынасы бар әрбір топқа, көмекші топқа немесе үйірмеге өз делегатын жіберуге әрқашан және сөзсіз праволы болуға тиіс.

Қозғалысқа қызмет ететін сан алуан топтардың бәрі,— студент және гимназист жастардың топтары да, айталық, қолғабысшы чиновниктердің топтары да, транс-

порт, баспахана, паспорт топтары да, астыртын пәтер ұйымдастыру топтары да, тыңшылардың ізіне түсу топтары да, әскери адамдар топтары да, қарумен жабдықтау жөніндегі топтар да, мәселен, «пайдалы финанс кәсіпорнын» ұйымдастыру тобы да, т. т. нақ сондай тапсырма беру үлгісі бойынша, комитеттің немесе оның мекемелерінің филиалдық бөлімшелерінің үлгісі бойынша ұйымдастырылуға тиіс. Астыртын ұйымның барлық өнері — *қандай нәрсенің болса да бәрін* пайдалануда болуға тиіс, барлық қозғалысқа *басшылық* жасай отырып, жасағанда, әрине, өктемдікпен емес, бедел күшімен, жігер күшімен, үлкен тәжірибелілік, үлкен сегізқырлылық, үлкен дарындылық күшімен басшылық жасай отырып, «бәріне тегіс және әрбір адамға жұмыс беруге» тиіс. Егер орталықта қолына шексіз билік берілген *қабілетсіз* бір адам *кездейсоқ* отыра қалса, қатаң орталықтандыру істі оп-оңай оңдырмай тастауы ықтимал деп айтылуы мүмкін және дағдыда айтылып жүрген қарсылыққа айтар ескерту осы. Олай болуы, әрине, ықтимал, бірақ сайлап қоюшылық және дербестендіру бұған қарсы құрал бола алмайды, өйткені бұлар азды-көпті кең көлемде жүргізуге мүлдем жарамсыз және самодержавие тұсындағы революциялық жұмыста тіпті тікелей зиянды. Оған қарсы құралды ешқандай устав та тауып бере алмайды, ол құралды — барлық және қандай да болса көмекші топтардың қарарларынан бастап, одан соң олардың Орталық Орган мен Орталық Комитетке мәлімдеуіне дейін барып, ақырында (ең әрі кеткенде) мүлдем қабілетсіз өкіметті *құлатумен* тынатын «жолдастық ықпал» шаралары ғана бере алады. Комитет мынаны есте ұстай отырып, еңбек бөлуді мүмкіндігінше толық жүргізуге тырысуы тиіс: революциялық жұмыстың әр алуан саласы үшін әр алуан қабілетті адамдар керек, кейде ұйымдастырушы болуға мүлдем жарамсыз адам таптырмас үгітші болады немесе астыртын жұмыстың өте қатаң ұстамдылығы қолынан келмейтін адам тамаша насихатшы болады және т. с.

Айтпақшы, насихатшылар жөніне келгенде әдетте бұл кәсіпті қабілеті аз адамдармен *тым толтырып* жіберіп, сөйтіп насихаттың дәрежесін төмендетуге қарсы тағы

бірнеше сөз айтқым келеді. Бізде кейде кез келген студент ешбір талғаусыз насихатшы деп есептелінеді, сондықтан барлық *жастар* өзіне «үйірме беруді» талап етеді және т. б. Мұнымен күрескен жөн болар еді, өйткені одан келетін зиян өте көп болады. Принциптілік жағынан шын мәнінде ұстамды және қабілетті насихатшылар *өте аз* (және мұндай болу үшін әжептәуір үйрену керек, тәжірибе жинақтап алу керек), сондықтан мұндай адамдарды мамандандыру керек, оларға барынша толық жұмыс істетіп, өте-мөте сақтау керек. Мұндай адамдар үшін аптасына бірнеше лекциялар ұйымдастырып тұру керек және оларды дер кезінде басқа қалаларға шақыра білу керек, жалпы алғанда әр түрлі қалаларды шебер насихатшылардың аралап тұруын ұйымдастыру керек. Ал жаңа талап жастардың көпшілігін негұрлым практикалық істерге қою керек; оптимистік түрде «насихат» деп аталатын іспен — студенттердің үйірмелерге баруымен — салыстырғанда бұл іс бізде ескерусіз қалып жүр. Әрине, елеулі практикалық істерге де жеткілікті даярлық керек, дегенмен мұнда «жаңа талаптарға» да іс табу оңайырақ.

Енді завод үйірмелері туралы. Бұлар біз үшін айрықша маңызды: қозғалыстың барлық басты күші — жұмысшылардың *ірі* заводтарда ұйымдасқанында ғой, өйткені бүкіл жұмысшы табының тек сан жағынан басым ғана емес, ықпалы, ой өрісі, күресуге қабілеті жағынан одан да басым бөлегі осы ірі заводтарда (және фабрикаларда). Әрбір завод біздің қамалымыз болуға тиіс. Ал бұл үшін қандай да болсын революциялық ұйым сияқты, «заводтық» жұмысшы ұйымы да өз ішінде астыртын болуға тиіс, сыртта, яғни өзінің сыртқы қатынастарында «көп бұтақты» болуға тиіс, өзінің барлау құралдарын алысқа сермеуге тиіс және ең алуан түрлі салаларға сермеуге тиіс. Мен мынаны атап айтамын: мұнда да революционер-жұмысшылардың тобы қалай да ұйтқы және жетекші, «қожайын» болуға тиіс. Біз *тура* «заводтық» үйірмелердің өзіне дейін тек таза жұмысшылық немесе кәсіптік тұрпаттағы социал-демократиялық ұйымдардың дәстүрінен қол үзуге тиіспіз. Заводтық топ немесе заводтық (фабрикалық) комитет (өте

көп болуға тиісті басқа топтардан оны бөліп алу үшін) заводтағы барлық социал-демократиялық жұмысты жүргізуге тапсырмалар мен өкілдіктерді *тікелей комитеттен* алатын *революционерлердің* өте шағын санынан құралуға тиіс. Заводтық комитеттің барлық мүшелері өздерін комитеттің агентіміз деп білуге тиіс, комитеттің барлық бұйрықтарына бағынуға міндеттіміз, өздеріміз кірген және соғыс уақытында бастықтардың рұқсатынсыз өз бетімізбен шығуға правомыз жоқ, «майдандағы армияның» барлық «заңдары мен ғұрыптарын» орындауға міндеттіміз деп білуге тиіс. Сондықтан заводтық комитеттің құрамының өте үлкен маңызы бар және бұл көмекші комитеттерді дұрыс жолға қою — комитеттің басты ісінің бірі болуға тиіс. Меніңше, бұл жұмыс мынадай болуға тиіс: комитет өзінің пәлендей бір мүшелеріне (бұларға, айталық, жұмысшылардан пәлендей адамдарды,— түрліше себептермен комитетке кірмеген, бірақ өздерінің тәжірибесі, адамдарды білуі, ақылы, өзінің байланыстары жағынан пайдалы бола алатын адамдарды қосып) барлық жерде заводтық көмекші комитеттер ұйымдастыруды тапсырады. Комиссия аудандық уәкілдермен кеңеседі, бірнеше кездесулер тағайындайды, заводтық көмекші комитеттердің мүшелігіне кандидат адамдарды жақсылап сыннан өткізеді, олардан түс-түстан «түбегейлеп» жауап алады, қажет болса, оларды тексеріп те байқайды, бұл арада белгілі заводтың заводтық көмекші комитетіне кандидаттардың *мүмкіндігінше көп* санын өзі тікелей қарап, сынауға тырысады, ақырында, комитетке әрбір заводтық үйірменің пәлендей құрамын бекітуді немесе тұтасымен көмекші комитетті құрап, іріктеп, белгілеуге пәлен жұмысшыны өкіл етуді ұсынады. Сонымен, бұл агенттердің қайсысы комитетпен қатынас жасайтынын *және қалай* жасайтынын комитеттің өзі белгілейді (жалпы ереже бойынша аудандық уәкілдер арқылы жасалады, бірақ бұл ережеге қосымшалар мен өзгертулер болуы да мүмкін. Бұл заводтық көмекші комитеттердің маңыздылығы себепті, біз, мүмкіндігіне қарай, *әрбір* көмекші комитеттің Орталық Органмен хабарласу үшін адресі де, қауіпсіз жерде өз байланыстарының *қоймасы* да болуына ұмтылуға ти-

іспіз (яғни сәтсіздікке ұшыраған күнде көмекші комитетті дереу қалпына келтіруге керекті мәліметтер орыс жандармдары тұмсығын сұға алмайтын жерде сақталуы үшін партияның орталығына мүмкіндігінше үзіліссіз және мол беріліп тұруы керек). Бұл адрес тапсыру ісін комитеттің өзі осы адрестерді «демократиялық» жолмен бөлуге праволымыз деген қайдағы жоқ дәлел негізінде емес, өзінің пікірлері мен қолындағы мәліметтері негізінде белгілеуге тиіс екені өзінен-өзі түсінікті. Ақырында, мынаны ескерте кетудің артықтығы жоқ: кейде бірнеше мүшеден заводтық көмекші комитет құрудың орнына комитеттен бір агент (және оған кандидат) тағайындаумен тыну керек немесе сонымен тынған *қолайлырақ болады.* Заводтық көмекші комитет құрылған соң, ол міндеттері әр түрлі, астыртындығы және құрылу дәрежесі әр түрлі толып жатқан заводтық топтар мен үйірмелер, мәселен: әдебиетті жеткізіп беру және тарату үйірмелерін (бұл ең маңызды қызметтің бірі бізде былайша жолға қойылуға тиіс: біздің нағыз өз почтамыз болуы керек, тарату тәсілдері ғана емес, пәтерлерге жеткізілуі де сыналып, тексерілуі керек, барлық пәтерлерді және оларға кіру жолдарын қалай да білетін болу керек), астыртын әдебиетті оқу үйірмелерін, тыңшылардың ізіне түсу үйірмелерін*, кәсіпшілік қозғалысы мен экономикалық күреске арнаулы басшылық ету үйірмелерін, жұрт алдында қауіпсіз сөйлеу үшін, адамдарды барлап, жағдайдың аңысын аңдау үшін, т. т. әңгіме бастай білетін және ол әңгімені (машиналар туралы, инспекция туралы және басқалары) *әбден жария түрде* ұзақ жүргізе білетін үгітшілер мен насихатшылардың үйірмелерін ** құруға кірісуі тиіс. Заводтық көмекші комитет бүкіл заводты, жұмысшылардың мүмкіндігінше

---

* Біз жұмысшыларға мынаны ұғындырып отыруға тиіспіз: тыңшылар мен арандатушыларды және сатқындарды өлтіру, әрине, кейде сөзсіз керек болуы мүмкін, бірақ, мұны дағдыға айналдыру өте керексіз және қате болған болар еді, біз тыңшыларды әшкерелеп, оларды қудалау арқылы зиянсыздандыруға қабілетті ұйым құруға тырысуымыз керек. Тыңшыларды өлтіріп түгесуге болмайды, ал оларды аңдып, ізіне түсетін және жұмысшы бұқарасын *тәрбиелейтін* ұйым құруға *болады және құру керек те.*

** Демонстрациялар жасауға, түрмелерден босатуға, тағы сондайларды істеуге тура келген кездерде, әскери қызметте болғандарды немесе ерекше күшті әрі епті жұмысшыларды пайдаланатын жауынгерлік үйірмелер де керек.

көп бөлегін әр алуан үйірмелер (немесе агенттер) жүйесімен қамтуға тырысуы тиіс. Көмекші комитет жұмысының нәтижелілігі әлгіндей үйірмелердің молдығымен, ол үйірмелерге жүріп-тұрушы насихатшының өту мүмкіндігімен, ал ең бастысы — *әдебиет тарату* және мәліметтер мен хат-хабарлар алу жөніндегі жұмыстың дұрыс жолға қойылғандығымен өлшенуге тиіс.

Сонымен, ұйымның жалпы тұрпаты, менің пікірімше, мынадай түрде болуға тиіс: барлық жергілікті қозғалыстың, барлық жергілікті социал-демократиялық жұмыстың басында комитет тұрады. Одан барып оған бағынатын мекемелер мен филиалдық бөлімшелер тарайды, 1-ден, барлық (мүмкіндігінше) жұмысшы бұқарасын қамтитын және *аудандық* топтар мен заводтық (фабрикалық) көмекші комитеттер түрінде ұйымдасқан *атқарушы агенттер жүйесі* болады. Бұл жүйе бейбіт уақытта комитеттің әдебиетін, листоктарын, прокламацияларын, астыртып хабарларын таратады; соғыс уақытында демонстрациялар және тағы сондай коллективтік әрекеттер ұйымдастырады. Ал, 2-ден, сол комитеттің өзінен барлық қозғалысты қамтитын әр түрлі үйірмелер мен топтар тарайды (насихат, транспорт, әр түрлі астыртын кәсіпорындар, т. т.). Барлық топтар, үйірмелер, көмекші комитеттер, тағысын-тағылар комитет мекемелерінің немесе комитеттің филиалдық бөлімшелерінің дәрежесінде болуға тиіс. Олардың бірқатары Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының құрамына енуді қалайтындықтарын ашық мәлімдеп, комитет бекіткен күнде, партияның құрамына кіреді, өздеріне (комитеттің тапсыруы бойынша немесе онымен келісу бойынша) белгілі міндеттер алады, партия органдарының жарлықтарына бағынуға міндеттенеді, партияның барлық мүшелерінің праволарына ие болады, комитеттің мүшелігіне ең таяу тұрған кандидаттар болып саналады, т. т. Енді бірқатары Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясына кірмейді, партияның мүшелері құрған немесе партияның белгілі бір тобына жақын тұрған үйірме жағдайында қала береді және т. т.

Өздерінің барлық *ішкі* істерінде комитеттің мүшелері өзара қандай тең праволы болса, бұл үйірмелердің *ба-*

рінің мүшелері де, әлбетте, нақ сондай тең праволы. Бұл арадағы жалғыз-ақ өзгешелік сол,— жергілікті комитетпен (сол сияқты Орталық Комитетпен және Орталық Органмен) *жүзбе-жүз* қатынас жасап тұру правосына осы комитет тағайындаған адамның (немесе адамдардың) ғана ие бола алатындығында. Басқа жақтардың бәрінде бұл адам басқалармен тең праволы болады; жергілікті комитетке де, Орталық Комитет пен Орталық Органға да мәлімдеме беруге (тек жүзбе-жүз емес) бұл адамдардың да нақ сондай правосы болады. Сонымен, бұл көрсетілген өзгешелік асылында тең праволылықты әсте бұзғандық болмайды, тек қана астыртын жұмыстың сөзсіз талаптарына қажетті кеңшілік жасағандық болады. «Өз» тобының мәлімдемесін комитетке, Орталық Комитетке немесе Орталық Органға табыс етпеген комитет мүшесі партиялық парызын тікелей бұзғандығы үшін жауапты болады. Бұдан әрі әр түрлі үйірмелердің астыртындығы мен құрылу жайына келетін болсақ, бұл олардың қызметінің түріне байланысты: осынысына орай мұнда алуан түрлі ұйымдар (өте «қатал», тар, томаға-тұйығынан бастап өте «еркін», кең, ашық, шала құрылғанына дейін) болады. Мәселен, әдебиет таратып берушілер тобы үшін өте-мөте астыртындық пен әскери тәртіп керек. Насихатшылар тобы үшін де астыртындық керек, ал әскери тәртіптің қажеттігі әлдеқайда кемірек. Жария әдебиетті оқитын немесе кәсіптік мұқтаждықтар мен талап-тілектер жайында әңгімелер өткізетін жұмысшылар тобы үшін астыртындықтың қажеттігі одан да аз және т. т. Әдебиет таратып берушілердің топтары РСДРП қатарында болуға тиіс және оның мүшелері мен оның қызмет адамдарының белгілі бір бөлегін білуі қажет. Еңбектің кәсіптік жағдайларын зерттейтін және кәсіптік талаптардың түрлерін белгілейтін топтың РСДРП қатарында болуы қалайда міндетті емес. Партияның бір-екі мүшесінің *қатысуымен* өздігінен білім алушы студенттер, офицерлер, қызметшілер тобы оның партияда бар-жоғын кейде мүлдем білмеуге тиіс және т. т. Бірақ мына бір жағдайда біз барлық осы филиалдық топтарда істің *барынша ресми реттелуін сөзсіз* талап етуге тиістіміз, атап айтқан-

да: бұл топтарға қатынасушы әрбір партия мүшесі бұларда істің жүргізілуі үшін ресми түрде жауапты, сонымен қатар, ол мұндай әрбір топтың құрамы да, оның жұмысының барлық *тетігі* де, бұл жұмыстың барлық мазмұны да Орталық Комитет пен Орталық Органға *өте-мөте айқын болуының барлық* шараларын істеуге міндетті. Бұл — орталықтың бүкіл қозғалыс жөнінде толық мағлұматы болуы үшін де, адамдардың пегұрлым қалың тобынан әр түрлі партия қызметіне адам іріктеп алу мүмкін болу үшін де керек, бір топтан бүкіл Россиядағы соған ұқсас барлық топтардың үйрене алатын болуы үшін де (орталық арқылы) керек, арандатушылар мен күмәнді адамдардың еніп кетуінен сақтандыру үшін де керек,— қысқасы, бұл сөзсіз керек және барлық реттерде өте-мөте қажет.

Мұны қалай істеу керек? Комитетке үзбей баяндап тұру керек, бұл баяндамалардың мүмкіндігінше көбінің мазмұнының мүмкіндігінше көбірек бөлегін Орталық Органға хабарлап тұру керек, Орталық Комитеттің және жергілікті комитеттің мүшелері әр түрлі үйірмелерге барып тұратын болулары керек, ақырында, бұл үйірмемен байланыстарын, яғни бұл үйірменің бірнеше мүшелерінің аттары мен адрестерін қауіпсіз орынға (және Орталық Орган мен Орталық Комитет жанындағы партия бюроларына) *міндетті түрде* табыс ету керек. Баяндамалар хабарланып, байланыстар беріліп тұрғанда ғана пәлендей үйірмеге қатынасушы партия мүшесі өз міндетін атқарды деп тануға болады; сонда ғана бүкіл партия тұтас алғанда практикалық жұмыс жүргізіп жатқан әрбір үйірмеден *үйрене* алатын болады; сонда ғана бізге сәтсіздікке ұшырау қорқынышты болмайды, өйткені алуан түрлі үйірмелермен байланысы бар болып тұрғанда біздің Орталық Комитет делегатының *іле-шала* орынбасарлар тауып, істі қалпына келтіруі әр уақытта да оңай болады. Ол уақытта комитеттің күйреуінен бүкіл машина қирамайды, тек қана кандидаттары даяр тұрған жетекшілерді жұлып түсетін болады. Ал астыртындық жағдайында баяндамалар мен байланыстарды хабарлау мүмкін емес деу қойылсын: тек шын ықылас болсын, бізде комитеттер, Орталық Комитет немесе Ор-

талық Орган бар тұрғанда хабарлар мен байланыстарды табыс етуге (немесе беріп жіберуге) әрқашан мүмкіндік бар және мүмкіндік *әрқашан да болады.*

Біз бұл арада бүкіл партия ұйымы мен партия қызметінің өте маңызды принципіне тоқтағалы отырмыз: егер пролетариаттың қозғалысы мен революциялық күресіне идеялық және практикалық *басшылық ету* жөнінде *мүмкіндігінше үлкен орталықтандыру* керек болса, партия орталығының (ал олай болса, жалпы бүкіл партияның) қозғалыс туралы *хабардарлығы* жөнінде, партияның алдында *жауаптылық* жөнінде *мүмкіндігінше үлкен дербестендіру* керек. Қозғалысқа профессионал революционерлердің тәжірибесіне кенелген мүмкіндігінше біртектес топтардың мүмкіндігінше азы басшылық етуге тиіс. Қозғалысқа пролетариаттың (және халықтың басқа да топтарының) ең алуан түрлі жіктерінен мүмкіндігінше сан түрлі және әртектес топтарының мүмкіндігінше көбі қатынасуға тиіс. Партия орталығының мұндай әрбір топ жөнінде, олардың қызметі туралы дәлме-дәл мәліметі ғана емес, сонымен қатар, олардың *құрамы туралы* да әрқашан мүмкіндігінше *толық мәліметі* болуға тиіс. Біз қозғалысқа басшылықты орталықтандыруға тиіспіз. Мұнымен қатар біз партияның әрбір жеке мүшесінің, жұмысқа қатынасушы әрбір адамның, партия қатарындағы немесе партияға жақын тұрған әрбір үйірменің *партияның алдында жауаптылығын* мүмкіндігінше *дербестендіруге* тиіспіз *(соның үшін* де тиіспіз, өйткені хабардар болмайынша орталықтандыру мүмкін емес). Бұл дербестендіру революциялық орталықтандырудың қажетті шарты және *оған қажетті түзету* болып табылады. Орталықтандыру ақырына дейін жеткізіліп, бізде Орталық Орган мен Орталық Комитет болғанда, нақ сонда ғана, әрбір өте ұсақ топтың бұлармен хабарласып тұру мүмкіндігі,— хабарласып тұру мүмкіндігі ғана емес, сондай-ақ Орталық Органмен және Орталық Комитетпен хабарласып тұрудың көп жылдық практикадан туған *үздіксіздігі* — белгілі бір жергілікті комитеттің құрамындағы кездейсоқ сәтсіздіктің қолайсыз нәтижелерге әкеліп соғу мүмкіндігін жояды. Қазір партияның іс жүзінде бірігуі және

нағыз басшы орталық құрылуы қарсаңына тікелей таянып келгенімізде, біз мынаны мықтап есте ұстауға тиіспіз: егер біз орталық алдындағы жауаптылық жөнінде де, оның партия машинасының барлық үлкенді-кішілі тетіктері туралы хабардарлығы жөнінде де *барынша дербестендіруді* қабат жүргізбесек, *ол орталық әлсіз болады*. Жалпы жұрттың тануынша, біздің қозғалысымыздың ең практикалық кокейтесті қажеттерінің бірі *еңбек бөлу* болса, әлгіндей дербестендіру дегеніміз сол еңбек бөлудің нақ екінші жағы. Егер ескі түрпаттағы жергілікті комитеттер, яғни бір жағынан, бар ынтасын революциялық жұмыстың жеке міндеттерін орындауға арнамайтын, арнаулы істерге жауап бермейтін, қолға алынған, жақсы ойластырылып, жақсы даярланған істі аяқтап шықпайтын, барып тұрған әуре-сарсаңға қисапсыз уақыт пен күш жұмсайтын әрқайсысы әрқандай істерге беталды араласып жүрген бір топыр адамдарды біріктіруші комитеттер, ал, екінші жағынан, студент және жұмысшы үйірмелері сансыз көп болып, олардың тең жартысы комитетке мүлде беймәлім болса, тең жартысы сондай-ақ ебедейсіз үлкен, маманданбаған болса, профессионалдық тәжірибе жасап шығармайтын болса, басқалардың тәжірибесін пайдаланбаса, комитеттің өзі сияқты, «барлығы жайында» сансыз кеңестер өткізумен, сайлаумен және устав белгілеумен шұғылданатын болса, олар партия орталығын тікелей практикалық жұмыстан бұрынғыша *көлегейлеп* отырса,— онда белгілі ұйымды басшы ұйым деп ресми танушылықтың ешқандайы, ресми Орталық Комитет құрудың ешқандайы біздің қозғалысымызды шын мәнінде әлі біртұтас ете алмайды, әлі жауынгер берік партия құра алмайды. Орталық жұмысты жақсы істейтін болуы үшін жергілікті комитеттер *өздерін қайта құрулары* керек, белгілі бір практикалық қызметте шын мәнісінде «әбден жетілген», маманданған және неғұрлым «іскер» ұйымдар болулары керек. Орталық кеңес беріп, сендіріп, айтысып қана қоймай (осы күнге дейін істеліп келгеніндей), шын мәнісінде оркестрге дирижерлік ете білуі үшін,— бұл үшін кімнің, қай жерде, қандай скрипкада ойнайтыны, қайда, қандай аспапты үйренгені және үйреніп жүрге-

ні, кімнің, қай жерде, неліктен теріс ойнайтыны (музыка құлақты жара бастағанда) және диссонансты түзеу үшін кімді, қалай, қай жерге ауыстыру керектігі, т. т. дәлме-дәл белгілі болуы керек. Турасын айту керек — қазіргі уақытта біз комитеттің прокламациялары мен жалпы хат-хабарларынан басқа, комитеттің *нағыз ішкі* жұмысы жайында не ештеңе білмейміз, не достарымыз бен жүзбе-жүз жақсы тапыстарымыздан естіп-білеміз. Орыс жұмысшы қозғалысына басшылық ете алатын және самодержавиеге жаппай шабуыл жасауға әзірленіп жатқан аса үлкен партия осымен ғана шектеле алады деп ойлау тіпті күлкілі нәрсе ғой. Комитет мүшелерінің санын қысқарту, олардың, мүмкіндігінше, әрқайсысына есепті және жауапты белгілі бір айрықша қызмет тапсыру, айрықша, саны өте аз, басқарушы орталық құру, комитетті әрбір ірі завод, фабрикамен байланыстыратын, үзбей әдебиет тарату жұмысын жүргізетін, бұл әдебиет тарату жұмысының және жұмыстың барлық тетігінің шын жайын орталыққа жеткізіп отыратын көптеген орындаушы агенттер белгілеу керек, ақырында, әр түрлі қызметтер атқаруды өз міндетіне алатын немесе социал-демократияға жақын тұрған, оған көмектесетін, социал-демократ болуға әзірленіп жүрген адамдарды біріктіретін толып жатқан топтар мен үйірмелер құру, сөйтіп бұл үйірмелердің қызметі (және құрамы) комитетке және орталыққа әрқашан мәлім болатын ету керек,— міне, партияның С.-Петербург комитетінің, басқа да барлық комитеттерінің қайта құрылуының мәні осындай болуға тиіс, устав туралы мәселенің маңызы шамалы болуының себебі де міне осындай.

Менің ұсыныстарымның ыңғайы қандай екенін айқынырақ көрсету үшін мен уставтың нобайын талдаудан бастадым. Осының нәтижесінде оқушыға мынау айқын болды ғой деп сенемін: затында *уставсыз да* амалдауға болатын шығар, оның орнына әрбір үйірме туралы, жұмыстың әрбір саласы туралы үздіксіз есеп беріп тұратын болса, жетіп жатыр. Уставта не жазуға болады? Комитет бәріне басшылық етеді (бұл онсыз да айқын). Комитет басқарушы топ сайлайды (бұл әрқашан керек бола бермейді, ал бұл керек болған күнде әңгіме

уставта емес, қайта бұл топтың құрамы және оған кандидаттар туралы орталыққа *хабарлап тұруда)*. Комитет өз мүшелерінің арасында жұмыстың жеке жақтарын бөліседі, әрбіреуіне жұмыстың барысы туралы комитетке үздіксіз баяндап тұруды, Орталық Орган мен Орталық Комитетке хабарлап тұруды тапсырады (бұл арада, біздің күштеріміздің тапшылығы жағдайында *көбінесе* қолданылмай қалатын ережені уставқа жазғаннан гөрі жұмыстың пәлендей бөлінісі туралы орталыққа хабар берген маңыздырақ). Комитет өзіне кімдердің мүше екенін дәл анықтауға тиіс. Комитет кооптация жасаумен толықтырылады. Комитет аудандық топтарды, заводтық көмекші комитеттерді, пәлендей, пәлендей топтарды тағайындайды (керектерін тізе берсең, еш уақытта тауыса алмайсың, ал уставта шамалап тізіп жатудың қажеті жоқ; құрылғандығын орталыққа хабарласа жеткілікті). Аудандық топтар мен көмекші комитеттер пәлендей үйірмелер құрады... Қазіргі уақытта ондай устав жасау солғұрлым пайдасыз, өйткені әр түрлі топтар мен көмекші топтардың жұмысының жалпы партиялық тәжірибесі бізде жоққа тән (көп жерлерде мүлдем жоқ), ал мұндай тәжірибе жасау үшін керегі устав емес, қайта, былайша айтқанда, партиялық хабардарлықты ұйымдастыру: уставқа бізде әрбір жергілікті ұйым кемінде бірнеше кешін жоғалтады. Егер әркім осы уақытын өзінің арнаулы қызметі бойынша *бүкіл партияның алдында* сол қызметі туралы әбден ойластырылған толық есеп беруге арнаса, ісіміз бұдан жүз есе ұтқан болар еді.

Революциялық жұмысты әр кез ресмилендіру мүмкін бола бермейтіндіктен де уставтар пайдасыз емес. Жоқ, ресми түрге келу керек, сондықтан біз, мүмкіндігімізге қарай, барлық жұмысты *ресмилендіруге* тиіспіз. Ресми түрге келу жұрттың әдетте ойлайтынынан анағұрлым артық дәрежеде болуы керек, бірақ оған уставтар арқылы жетуге болмайды, қайта партияның орталығына дәл анық хабарлап отырумен ғана, тек осымен ғана жетуге болады (мұны тағы-тағы қайталап айтамыз): тек сонда ғана бұл — нақтылы жауаптылықпен және (партиялық) жариялылықпен байланысқан нақтылы

ресмиленгендік болады. Әйтпесе *елеулі* жанжалдар мен алауыздықтардың бізде асылында тіпті де «устав бойынша» дауысқа қою жолымен емес, қайта күрес жолымен, «кетемін» деп қорқыту жолымен шешіліп жүргені кімге мәлім емес? Партия өмірінің соңғы 3—4 жылының ішінде біздің комитеттеріміздің *көпшілігінің* тарихы осындай ішкі күреске толы. Бұл күрес жайында нұсқа қалмағандығы өте өкінішті: сонда ол партияның ғибрат алуы үшін, біздің мұрагерлеріміздің тәжірибе алуы үшін әлдеқайда көп пайда келтірген болар еді. Бірақ *мұндай* пайдалы және керекті ресмиленушілік ешқандай уставтармен емес, тек қана *партиялық жариялылықпен* жасалады. Бізде самодержавие тұсында партия жариялылығының бір ғана амалы, бір ғана жолы — партия орталығын үздіксіз хабардар етіп отыру.

Осы жариялылықты кең қолдануды үйренгенімізде ғана бізде белгілі бір ұйымдардың қызмет етуінің тәжірибесі іс жүзінде жасалып шығады, осындай кең әрі көп жылдық тәжірибенің негізінде ғана *қағаз күйінде қалмайтын уставтар* жасауға болады.

1902 ж. 1 және 11 (14 және 24) сентябрь аралығында жазылған

СОҢҒЫ СӨЗ

«Искраның» редакциясы 55-номерінде былай дейді: менің ««Искра» редакциясына жазған «хатымда» («Мен «Искра» редакциясынан неліктен шықтым?» * деген хатта) көрсетілген фактілерді «ұмыту жөнінде» Орталық Комитет пен оппозицияның арасында «келісім жасалды». Редакцияның бұл мәлімдемесі нағыз барып тұрған формалистік, бюрократтық және кеңсешілдік «ат үсті жаза салу» (Аксельрод жолдастың тамаша үйлесімді сөзімен айтқанда) болып табылады. «Искраның» 55-номері шыққаннан кейін іле-шала жарияланған ерекше листокта Орталық Комитеттің шетелдік өкілінің ашықтан-ашық мәлімдегеніндей — шын мәнісінде мұндай келісім *болған жоқ* [7]. Ондай келісім *бола алмайтын да еді,* бұл менің хатымды мұқият оқып шыққандардың бәріне де айқын болуға тиіс, өйткені оппозиция Орталық Комитет ұсынған «игілікті бітімді» *қабылдамады,* ал бұл бітім, *мүмкін,* ұмытуға лайық нәрселердің бәрін ұмыту үшін керекті шартты қамтыған болар еді. Редакция бітімді қабылдамай және *53-номерінде атышулы бюрократизмге қарсы соғыс бастағанда,* қарсы жақ бюрократизм туралы бұл ертегілердің *шын* көзі жөнінде үндемей қалады деп сенетіндей, ол сонша лықты аңқау болғаны ма?

Менің бұл ертегілердің нағыз шын көзі *ұрыс-керістер* (Literatengezänk — әдебиетшілердің ұрыс-керісте-

---

* Қараңыз: Шығармалар, 7-том, 112—119-беттер. *Ред.*

рі) деп атағаным редакцияға тіпті де мүлде ұнамады. Неге ұнасын! Бірақ бұл шын қолайсыз факт жөнінде түкке тұрғысыз сөздер айту — фактіні теріске шығарғандық болып табылмайды ғой.

Біз өте құрметті редакцияға екі сұрақ берсек дейміз.

Бірінші сұрақ. Өктемдік жасадың, робеспьерлік тәртіпті жақтадың, төңкеріс жасадың, тағы сол сияқтылар істедің деп барынша өршелене айыптаушылық *біреуге ойыншық сияқты* болып көрініп, ал *екінші біреулерді* фактілер туралы және шын мәнісінде керек болған генералдық орындар туралы айтылған жайбарақат әңгіме мейлінше *ренжітетін* себебі не? Ренжітетіндігі сонша, тіпті олар «жеке адамдар» туралы, «адамгершіліктің нашарлығы» туралы және тіпті «пасық (бұл қайдан шыққан??) дәлелдер» туралы мүлде «түкке тұрғысыз» сөздер айтады. Ау, достарым, мұндай айырмашылық неліктен болып отыр? Генералдың «орны» патшаның орнынан да гөрі «пасық» болып шығатындықтан емес пе екен?

Екінші сұрақ. Редакция өзінің (бұдан көп уақыт бұрын, редакция оппозицияның қолында болған кезде және іс жүзінде «азшылық» болған кезде) кейбір фактілерді *не үшін ұмыт қалдырғысы* келгенін оқушыларға түсіндірмейтін себебі не? *Принципті* алауыздықтарды «ұмыту жөнінде» ойлаудың өзі сорақы екендігін және мұндай пікір бірде-бір есі дұрыс адамның ойына келе алмайтынын редакция біле ме екен?

Менің ардақты «саяси қарсыластарым», өздеріңіздің қандай қолапайсыз екендеріңізді көресіздер ме! Сіздер *мен* принципті айтысты ұрыс-керіске айналдырды деп мені айыптау арқылы құртпақ болдыңыздар, ал мұның орнына сіздер өздеріңіздің кейбір «алауыздықтарыңыздың» шын көзі жөніндегі менің пікірімді *дәлелдедіңіздер*.

Сонан соң. Редакция өзінің қолапайсыздығынан ұрыс-керістердің болғанын мойындады да, бірақ өзінің пікірінше принциптік алауыздықтың қай жерде бітетінін және ұрыс-керістердің қай жерден басталатынын оқушыға түсіндірмеді. Мен өз хатымда бұл екеуінің де ара-

сын *барынша дәл* айыруға әрекет жасағандығым туралы редакция үндемей отыр. Мен ол хатта принциптік алауыздықтың (нағыз *келіспеушілік* туғызатын соншама терең алауыздық емес) уставтың 1-параграфы туралы мәселе жөнінде болғанын және искралық азшылықтың съездің[8] аяқ кезінде искрашыл емес элементтермен жақындасқандығының салдарынан оның ұлғая түскендігін көрсеттім. Сонымен қатар мен бюрократизм, формализм және басқалар туралы сөздердің ең алдымен *съезден кейін* болған ұрыс-керістердің жай ғана *жаңғырығы* екенін көрсеттім.

Мүмкін, редакция «принциптік» және «ұмытылуға жататын» нәрселердің арасын *бұлайша* ажыратуға келіспейтін шығар? Онда редакция бұл салалардың арасын «дұрыс» ажырату туралы *өз* пікірін неге хабарламайды? Мұның себебі оның санасында бұл салалардың әлі де ажыратылмағандығынан (ажыратылуы мүмкін де болмағандығынан) емес пе екен?

Құрметті Аксельрод жолдастың «Искраның» нақ сол 55-номеріндегі фельетоны бойынша оқушылар осы... түсініксіздіктің неге әкеліп соғатындығын және біздің партиялық Орталық органымыздың неменеге айналатындығын байқауына болады. Аксельрод жолдас уставтың 1-параграфы туралы мәселе жөніндегі біздің таластарымыздың шын мәнісі жөнінде *бірде-бір* сөз айтпайды, съезде болмаған адамға мүлде түсініксіз «жергілікті қоғамдар» жөніндегі меңзеулермен ғана тынады. Біздің 1-параграф туралы қалайша ұзақ уақыт және егжей-тегжейлі айтысқанымызды Аксельрод жолдас, сірә, ұмытқан болар! оның есесіне Аксельрод жолдас «съезге келген искрашылдардың көпшілігі ішкі жауларға қарсы күрес жүргізу... өздерінің басты міндеті болып табылады деген пікірді ұстады» дейтін өзінше «теория» жасап алған. «Алда осындай міндет тұрғанда» көпшілік үшін (құрметті Аксельрод жолдастың кәміл сенімі бойынша) «алда тұрған тиімді міндет бүркеліп кетті». «Тиімді жұмыстың болашағы белгісіз келешектің алыс жатқан күңгірт түкпіріне қарай ығыстырылады»; партияның алдында анағұрлым жедел міндет — «ішкі жауларды жуасытудың әскери міндеті тұр». Сөйтіп Аксель-

род жолдас бұл «бюрократтық * (немесе механикалық) централизмге», бұл «якобиншілдік» (!!?) жоспарларға, «бүлікшілер ретінде» біреулерді «қыспаққа алып, келемеждеп жүрген» бұл «іріткі салушыларға» қарғыс айту үшін сөз таба алмайды.

Бұл теорияның шын мәніндегі құнының қандай екенін көрсету үшін,— дұрысырақ айтқанда, съездің көпшілігін бүлікті (сірә, бүлік деп *ойша айтатын* болар) ығыстырып шығару үшін іріткі салу бағытын ұстайды және тиімді жұмысты елемейді дейтіп айыптаулардың шын мәнін көрсету үшін мен ұмытшақ Аксельрод жолдастың есіне кішкене *бір* (бастапқы жолы біреуі де жетер) фактіні түсірсем де жеткілікті. 1903 жылғы 6 октябрьге азшылық мүшелеріне олардың бойкот жасауының сорақылығы туралы және іріткі салушылық сипаты бар екені туралы талай рет үгіттеп айтқаннан кейін, біз Плеханов екеуміз «бүлікші» әдебиетшілерді (бұлардың ішінде Аксельрод жолдас та бар) *ресми* түрде тиімді жұмысқа кірісуге шақырдық, біз оларға ресми түрде былай дедік: бұл жұмыстан бас тарту жеке адамның ашулануы тұрғысынан қарағанда да, белгілі бір алауыздықтардың (бұл алауыздықтарды баяндау үшін біз өз басылымдарымыздың бетін *ашамыз)* тұрғысынан қарағанда да ақылға сыймайды **.

Аксельрод жолдас мұны ұмытып кеткен. Ол өзінің сол кезде не себепті екенін ешбір түсіндірместен үзілдікесілді бас тартып жауап бергендігін ұмытқан. Аксельрод өзі үшін ол кезде, әлдеқашан өтіп кеткен уақытта, «тиімді жұмыс белгісіз келешектің алыс жатқан күңгірт түкпіріне қарай ығыстырылғанын», ал мұндай келешек тек 1903 жылы 26 ноябрьде ғана бүгінгі ардақты күнге айналғанын ол ұмытып кеткен [9].

Аксельрод жолдастың мұны «ұмытқаны» былай тұрсын, ол тіпті сондай «бас араздықтарды» жалпы «ұмытуды» да тілеген болар еді, солай емес пе?

---

* Айтпақшы. Менің кітапшамның «белгіленген тақырыппен» шығатынын редакцияның есіне саламын. Мен кәміл сенімді централист болғандықтан, «берілген тақырыптардың» тұрғысынан қарап (формализмге қарсы күрес үшін) 55-номерінде партиялық басылымдарды шолатын бөлім құрған Орталық Органымыздың «принциптік» нұсқауларына бағынамын.

** Қараңыз: Шығармалар, 7-том, 368-бет. *Ред.*

Азшылықтың *айлар бойы* партияға іріткі салғандығын, тиімді жұмысты тастап кеткендігін, өздерінің ұрыс-керістерімен Орталық Комитеттің *толып жатқан күштерін* басқа жаққа аударғандығын көрсету — «бас араздық», моральдық күйе жағу, тенденциялардың күресін ұрыс-керістердің дәрежесіне жеткізу деген сөз. Бұған Орталық Органның бетінен орын беруге болмайды.

Ал партия съезінің көпшілігін «бүлікшілерді» үгіттеуге уақытты тартынбай сарп етеді, ол іріткі салушыларға (тек *ойда* ғана жүрген) қарсы күресу арқылы партияға іріткі салды деп айыптау — бұл принциптік алауыздықтар, бұларға «Искраның» бетінен орын «қалдыру» керек. Солай емес пе, құрметті Аксельрод жолдас?

Мүмкін, Аксельрод жолдас жан-жағына қарап алып, «тиімді жұмыстың» азшылық практиктер үшін де сол арман болған, бірақ әлі де анықталмаған болашақтың алыс жатқан күңгірт түпкіріне қарай ығыстырылып отырғандығының көптеген мысалдарын қазіргі уақытта да табатын болар?

Жоқ, білсеңіз, көпшілік пен азшылықтың тиімді жұмысқа көзқарастары жөніндегі мәселені мүлде қозғамау сізге тиімдірек болған болар еді! Мысалы, қаладағы бір завод жұмысшысы — вапың [10] маған жазған мына хатында айтқан сөздерін еске түсірмей-ақ қою тиімдірек болар еді:

«Қымбатты жолдас!

Соңғы уақытта, яғни партияның екінші съезінен кейін, бізге: Орталық Комитетті съезд бірауыздан сайлаған жоқ. Орталық Органның Орталық Комитетке қатынасы жөніндегі мәселе бойынша съезд екіге жарылды, сөйтіп көпшілік және азшылық дейтіндер құрылды деп жариялады. Осының бәрі біздің басымызға келіп тиген ауыр тастай болды және өзінің барлық ауыр салмағымен бізді жаныштады, неге десеңіз, Орталық Органның Орталық Комитетке қатынасы жөніндегі мәселенің өзі біз үшін күтпеген жаңалық болды: өйткені бұл мәселенің нақ съезге дейін ешбір үйірмелер мен жиналыстарда қозғалмағандығы былай тұрсын, егер мен жаңылмасам, ол мәселені тіпті әдебиетте де сөз етпей қалдырып жүрді. Съезге дейін оның еш жерде сөз болмауы маған түсініксіз. Егер ол мәселе мүлде болған жоқ деп ойлайтын болсаң, онда, партияны біріктіруге өзде-

рінің барлық күштерін жұмсаған жолдастар партияның ұйымын, яғни оның құрылуын айқын ұғынбаған деп мойындау керек. Бірақ бұл екіншідей болуы ешбір мүмкін емес, өйткені қазір партияны екіге бөліп отырған мәселе партияның құрылысы жөніндегі көзқарастың болғандығын және оның жұрттың бәрінде бірдей болмағандығын айқын көрсетті. Ал егер бұл осылай болған болса, онда оны не үшін жасырған? Бұл бір. Ал екінші— осы мәселенің өзі, оны шешуге тура келген кезде мен өзіме мынадай сұрау қоям: партияның қандай құрылысы оның ортодокстік бағытын қамтамасыз ете алады, пақ осы арада осымен қатар менің ойыма мынадай пікір түседі, партияның құрылысынан басқа маңызды нәрсе оның көсемдерінің құрамы, яғни егер олар ортодокстер болатын болса, онда партияның бағыты да ортодокстік бағыт болады, егер олар оппортунистер болса, онда партия да нақ сондай болады. Енді, осындай ой-пікірде бола отырып және партия көсемдерінің құрамын біле отырып, мен, партияға идея жағынан басшылық етуде Орталық Органның Орталық Комитеттен басым болуын сөзсіз қостаймын. Мұны жақтап сөйлеуге бәрінен де гөрі орыстың өмір шындығы мәжбүр етеді: Орталық Комитет қаншама ортодоксті болғанымен, бірақ ол, Россияда тұрып сәтсіздікке ұшыраудан, демек, өзінің еркінен тыс ортодокстіктен айрылудан да өзін қамсыздандыра алмайды, өйткені мирасқорлар өздері орнын басқан адамдарға барлық уақытта бірдей сай келе бермейді ғой. Ең жақсы комитеттің өзі толып жатқан кездейсоқтықтардың біреуінің салдарынан жаман комитетпен алмасып және оның керісінше болып отыратын құбылыстар комитеттерде аз да болса жұмыс істейтін жолдастардың қайсысына таныс емес. Орталық Орган мүлде басқа: ол басқаша жағдайда тұр (Орталық Органның шетелде тұратынын еске алғанда), бұл жағдай оның ұзақ уақыт өмір сүруін қамтамасыз етеді, демек, оның өзіне лайықты мирасқорлар даярлауына мүмкіндік береді. Жолдас, бұл мәселені біржола шешуге мүмкін бе, яғни не Орталық Органның әрқашан да Орталық Комитеттен басым болуын немесе — Орталық Комитеттің әрқашанда Орталық Органнан басым болуын біржола шешуге бола ма, бірақ оны білмеймін. Мен болмайды ғой деп ойлаймын. Мынадай жағдайды алайық: Орталық Органның құрамы кенет өзгерді, сөйтіп, мысалы, Германиядағы «Вперед» сияқты, ол ортодокстіктен оппортунистікке айналды дейік; ал сол кезде оған идеялық басшылық жөніндегі басымдылық беруге бола ма? сонда, ортодокстік рухта тәрбиеленген біздер не істер едік, сонда онымен келісіп отыра беруге тиісті болмақпыз ба? Жоқ, біздің міндетіміз одан басымдылық правосын тартып алып, оны басқа бір мекеменің қолына беру болар еді, ал егер бұл, айталық, партия тәртібінің немесе басқа бір себептердің салдарынан, бәрібір, істелмесе, онда біздің бәріміз социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының опасыздары деп аталуға лайықты болған болар едік. Мен бұған осылай қараймын, сондықтан, кейбір жолдастардың істеп жүргеніндей, біржола шешу дегенге ешбір келісе алмаймын.

Ал енді көпшілік пен азшылықтың арасында жүріп жатқан күрес маған мүлде түсініксіз және бұл күрес біздің көбімізге теріс сияқты көрінеді. Ал жолдас, айтыңызшы! Барлық күш көпшілік пен азшылық туралы сөйлесу үшін ғана комитеттерге шапқылауға жұмсалып жүр, мұндай жағдай табиғи нәрсе ме. Мен, шынында, білмеймін. Барлық күшті соған жұмсарлықтай, сол үшін бір-біріне дұшпанша қарарлықтай, бұл соншама маңызды мәселе болғаны ма? Шынында да солай болып шығып отыр, егер комитет, айталық, бір лагерьден сұрыпталып алынған болса, онда екінші лагерьден оған ешкім кіре алмайды, тіпті жұмысқа мейлінше жарамды адам болса да кіре алмайды, керек десе ол тіпті жұмыс үшін қажет болған күннің өзінде де, онсыз жұмыс үлкен ақсайтын болса да кіре алмайды. Әрине, мен мұнымен бұл мәселе үшін күресуді мүлде тастау керек дегелі отырғаным жоқ: тіпті де олай емес, тек, меніңше, ол күрестің сипаты басқаша болу керек және ол үшін біз өзіміздің басты міндетімізді, атап айтқанда бұқараның арасына социал-демократиялық идеяларды насихаттау міндетімізді ұмытпауымыз керек, өйткені, мұны ұмытсақ, біз осымызбен өзіміздің партиямызды әлсіретеміз. Бұл адалдық па, жоқ па, мен білмеймін, бірақ іс мүдделерінің аяққа тапталғандығын және мүлде ұмытылғандығын көруге тура келген кезде мен олардың бәрін саяси айла-шарғы жасаушылар деп атаймын. Іс басындағы адамдардың қайдағы бір бөтен нәрсемен шұғылданып жатқанын көрген кезде, сол істің өзі үшін бір түрлі жаның ашып, қорқыныш туа бастайды. Осыған қарап, мынадай ой келеді: біздің партия осы сияқты ұсақ-түйекке бола мәңгі-бақи жікке бөлінушілікке ұшырай бере ме, ішкі күресті сыртқы күреспен бірге бір мезгілде қатарынан жүргізуге біздің қабілетіміз жетпей ме. Съездердің қаулылары еленбейтін болса және әркім, съезд дұрыс шешпеді-мыс, Орталық Комитет қабілетсіз, т. т. дегенді сылтау етіп, өз ойындағысын істей беретін болса, онда съездер не үшін өткізіледі. Осыны істеп отырғандар: съезге дейін орталықтандыру туралы, партиялық тәртіп туралы және басқалар туралы барлық уақытта айқай салып келген адамдар, ал енді тәртіп деген олар үшін, жоғарғы адамдар үшін емес, жай адамдар үшін керек деп көрсеткісі келетін тәрізді. Олар өз үлгісінің тәжірибесі аз жолдастарды адам айтқысыз аздыратындығын, өзара араздыққа салынып, жұмысшыларды ұмытып отырған интеллигенцияға қазірдің өзінде-ақ жұмысшылардың арасында тағы да риза болмаушылық туып отырғандығын, қазірдің өзінде-ақ неғұрлым қызу жұмысшылардың не істерін білмей, еңсесі түсе бастағанын, олар, сірә, ұмытқан болар. Бұл осылай болып отырғанда істі орталықтандыру жолына салудың бәрі қазірде құр бос сөз болып табылады. Тек келешекте істің бәрі жақсылыққа қарай өзгерер деген үміт қана қалып отыр».

1904 ж. январьда жазылған

ДЕМОНСТРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ [11]

Біздің байқауымызша, хаттың авторы мәселені тым шамадан тыс бір беткей қояды да, демонстрациялардың ұйымдасқан түрде болуының маңызын жете бағаламайды. Осы басты жұмыста біздің тындырғанымыз әлі аз, сондықтан ұйымдастыру жұмысына ең алдымен және бәрінен де көбірек күш жұмсау керек. Демонстрацияға барлық жағынан басшылық ету үшін іріктелген адамдардың бірнеше отрядтарын аттандыра алатын берік топтасқан революциялық ұйымдар бізде болмайынша сәтсіздіктер бола береді. Ал мұндай ұйым құрылып, жұмыстың өз процесі арқылы, бірқатар тәжірибелер арқылы нығайғанда,— міне сонда ол (тек сол ғана) қашан, қалай қарулану керек, ол қаруды қашан және қалай жұмсау керек деген мәселені шеше алады. «Жұмылдыру шапшаңдығын» арттыру жолында да (хаттың авторы әбден орынды атап көрсетіп отырған өте маңызды жағдай), белсенді демонстранттардың санын көбейту жолында да, басқарушыларды даярлау жолында да, бұқара ішінде үгітті күшейту жолында да, «әуестенушілер тобырын» «іске» қатынастыру жолында да, әскерлерді «аздыру» жолында да ол ұйым мықтап жұмыс істеуге тиіс. Қарулы көше күресіне көшу сияқты шара «қатал» болғандықтан және «ерте ме, кеш пе, ол болмай қоймайтындықтан»,— нақ осы себептен оны қозғалысқа *тікелей* басшылық етуші берік революциялық ұйым ғана істей алады және сол істеуге тиіс.

1902 ж. 6(19)
октябрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1946 ж. В. И. Ленин
Шығармалары 4-басылуының
6-томында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

САЯСИ КҮРЕС ЖӘНЕ САЯСИ АЯРЛЫҚ

Орыс үкіметінің ішкі саясатында қазіргі кезеңде батылдық пен айқындық жеткіліксіз деп бәрінен де гөрі аз кінәлауға болатын шығар. Ішкі жаумен күрес барынша қыза түсуде. Қамалдар, сарайлар, түрмелер, полицейлік бөлімдердің жанындағы айрықша орындар, тіпті уақытша түрмеге айналдырылған жеке үйлер мен пәтерлер тұтқындарға бұрын-соңды осынша лық толы бола қойды ма екен. Шеңгелге іліккендердің бәрін бірдей қоярға жер жоқ, төтенше шұғыл «экспедициялар» жасақтамайынша, барлық жер аударылушыларды әдеттегіше «транспортпен» Сибирьге жер аударуға мүмкіндік жоқ, абыржып қалған есерсоқ жергілікті өкіметтің қатаң озбырлығына ерекше ашынып, наразылық білдіруші, күресуші, аштық жариялаушы тұтқындардың бәрін біркелкі тәртіпке қоюға күш пен құрал жоқ. Ал жоғарғы өкімет орындары, қазірдің өзінде қолға түскен ішкі жаулардың сазайын тарттыруды төмендегі үсақ-түйектерге тапсыра салып, ішкі жаудың тамыр, тармақтарымен одан әрі күресу мақсатында полицияны «оңдау» және қайта құру жолында онан әрі жанын сала қызмет істеуде. Бұл — тура, нағыз соғыс; оны орыс тоғышарларының көптен-көп бұқарасы барған сайын бақылап қана отырған жоқ, азды-көпті тікелей сезініп отыр. Полиция мен жандармерияның жедел отрядтарының алдыңғы легінің соңынан ақырын басып, бірақ тынбай қозғалып, ауыр заң шығару алыбы келе жатыр. Соңғы айдың заңдарын алыңыздаршы,— сонда ең алды-

мен финляндиялық бостандықтардың ақырғы қалдықтарын құртушы жаңа указдар көзіңізге түседі, тағы, бәлкім, дворяндардың өзара жәрдем кассалары туралы көлемді заң да көзге түсетін шығар. Бұл шаралардың біріншісі генерал-губернатордың бәрін білуіне, бәрін басқаруына мүмкіндік беріп, яғни іс жүзінде Финляндияны көптеген правосыз, қорлықтағы орыс провинцияларының біріне айналдырып, Финляндия соттары мен сенатының дербестігіне біржолата балта шабады. Бұдан былай — деп ескертеді полицейлік-ресми «Финляндская Газета» [12] — барлық жергілікті мекемелердің «үйлесімді» жұмыс істейтіндігіне үміт бар... Білмеймін, бұл ең жауыздық және ең қатал соққы жеген қарусыз дұшпанын мысқылдап табалағандық па немесе Иудушка Головлев сияқты көкезу бос сөзге салынғандық па.

Аталған заңдардың екіншісі — бұған дейін Сибирь жерлерін тонау арқылы отанды жарылқаған («Сибирьде поместьелік жер иеленуді өрбіту») [13] нақ сол дворяндар сословиесінің істері жөніндегі Айрықша кеңестің жаңа перзенті. Сауда-өнеркәсіптік дағдарыс өршіп, деревня әбден қайыршыланып отырған кезде, миллиондаған жұмысшылар мен шаруалар ашығып, тоя тамақ ішпей, апатқа ұшырап жатқанда халық ақшасын бейшара дворян-жер иесі мырзаларға қайыр-садақа етіп беруден артық жолды ойлап табу, әрине, қиын. Үкімет дворяндардың өзара жәрдем кассасының әрқайсысына, біріншіден, бір жолғы белгілі сома береді («император-ағзамның ұйғаруы бойынша»!), ал, екіншіден, он жыл бойына жергілікті дворяндардың өздері қанша жинаса, сонша сома беріп отыратын болады. Касса борышы бойынша процент төлеуге қиналған адамдарға жәрдемдеседі. Халықтың қалтасынан ақша төлеудің осындай оңай жолы көрсетіліп отырғанда, дворян мырзалар ұялмай-ақ қарызға ақша ала алады.

Осындай қудалау, зорлау және тонау саясатының қорытындысын шығаруға, ол саясатты қорытып, қасиеттендіруге керек болғандай-ақ, патшаның дворяндарға, земствошыларға, шаруалар мен жұмысшыларға арнаған (Курскіде және С.-Петербургте) сөзі шыға келді. Патша дворяндарға өзіне қызмет еткені үшін, «қорық-

қапынан емес, ар-ұятымен» қызмет еткені үшін алғыс айтты және «Россияның тәртібі мен адамгершілік күшінің ежелгі тірегі болып табылатын» поместьелік жер иеленуді нығайтуға тынбастан қамқорлық жасауға уәде берді. Земствошыларға патша Россияның тірегі туралы да, адамгершілік күші туралы да, қорыққаннан емес, ар-ұятпен қызмет ету туралы да бір ауыз сөз айтқан жоқ. Олардың «міндеті — жергілікті жерлерде шаруашылық саласындағы мұқтаждарды реттеу» деп ол қысқаша әрі айқын айтты, сондықтан осыны есте ұстап, осы міндетін ойдағыдай орындағанда ғана олар патшаның рақымындамыз деп сене алады. Мұның өзі земствошылардың конституциялық дәмеленуіне әбден айқын жауап болды, мұның өзі оларға турадан-тура ескерту (немесе, дұрысында, күрес жариялау) болды, «жергілікті жерлерде шаруашылық саласындағы мұқтаждарды реттеу» шегінен титтей шығып кеткен күнде «рақымнан» айырамын деп қорқытқандық болды.

Бұдан әрі патша шаруаларға «тәртіпсіздіктері» үшін, «экономияларды тонағандары» үшін тура сөгіс жариялады, аштықтан, ашынғандықтан көтеріліске шыққан мужиктерді айуандықпен сабап, азаптаушылықты «лайықты жаза» деп атады, «дворян жетекшілерінің тілін алуға» бұйырған III Александрдың сөздерін еске салды. Ақырында, патша жұмысшыларға, аз да емес, көп те емес, «жаулар» жайында айтты, *өзінің* жауларын айтып, олар жұмысшылардың да жаулары болуға тиіс деді.

Сонымен, дворяндар — адал қызметшілер және тәртіптің ежелгі тірегі. Земствошылар (земствошы дворяндар ма, әлде?) ескерту жасауға лайық. Шаруалар — сөгіс естіп, дворяндардың айтқанынан шықпауға бұйрық алуға лайық. Жұмысшыларға тікесінен *жаулар* туралы мәселе қойылады. Ғибрат аларлық-ақ сөздер. Бұл сөздерді салыстырудың өзі ғибрат, сондықтан прокламациялар, листоктар тарату, үйірмелерде, жиналыстарда әңгімелер өткізу арқылы бұл сөздердің дәл тексті, шын мағынасымен халықтың негұрлым көпшілігін таныстыру өте қажетті болар еді. Бұл сөздердің текстіне жай ғана түсінік ескертулер жасаудың өзі жұмысшы

табының, ұсақ саудагерлер мен өнеркәсіпшілердің, сол сияқты шаруалардың ең қараңғы топтарының ой-өрісі жетілмеген бөлегінің арасында үгіт жүргізу үшін тамаша материал болар еді. Бірақ тек «қараңғы» халықтың ғана емес, көптеген көзі ашық, білімді орыс тоғышарларының да,— әсіресе, жалпы либералдардың, оның ішінде көбіне земствошылардың қатарындағы тоғышарлардың патша сөздері туралы жақсылап ойланғаны теріс болмас еді. Ішкі соғысты: халықтың әр түрлі таптарының соғысын, ішкі жаулармен соғысты анық мойындағандықты, қуаттап, жария еткендікті тәж киген тақсырлардың аузынан жиі естуге тура келмейді. Ал соғысты ашық мойындағандық — саяси аярлықтың, яғни соғысты көмескілеу, орағытып өту, тұншықтыру әрекеттерінің немесе оның сипатын тарылтып, ұсақтату әрекеттерінің барлығына және қандайына болса да қарсы өте жақсы құрал.

Біз айтып отырған саяси аярлық үкіметтің тарапынан да, бейбіт оппозицияның тарапынан да, кейде тіпті революционерлердің тарапынан да білінеді (рас, соңғы жағдайда — алғашқыларға ұқсас емес, айрықша түрде білінеді). Үкімет тарапынан бұл — ашықтан-ашық алдап-арбау, сатып алу және аздыру, қысқасы, «зубатовшылдық» [14] деген атақ алған система. Азды-көпті кең реформалар жасау жөнінде уәде беру, уәде етілгенінің жартымсыз бөлегін орындауға шын әзірлену, сөйтіп осы үшін саяси күрестен бас тартуды талап ету,— міне, зубатовшылдықтың мәні осында. Ішкі істер министрі Плеве мырзаның Д. Н. Шипов мырзамен (Москва земство басқармасының председателі) әңгімелері — «земстволық зубатовшылдықтың» бастамасы екенін енді земствошылардың кейбіреулері де көріп отыр. Плеве земствоға «неғұрлым жайлырақ» қарауға уәде береді (салыстырыңыз: «Освобождение» [15] № 7), «земство мекемелерін жолға қою жөніндегі барлық мәселелерді шешу» үшін алдағы жылдың басында земство басқармалары председательдерінің кеңесін шақыруға уәде етеді, бұл үшін земствошылар «жоғары үкімет мекемеләріндегі өкілдік туралы ештеңе айтпасын» деп талап етеді. Істің жайы айдан анық сияқты: уәде мейлінше көмескі

де, талап соншалық, ол талаптарды орындағанда земствошылардың дәмесі жүзеге аспайтын болып қалады. Бұл саяси алдаушылыққа, айлакерлікке, аздырушылыққа қарсы қолданылатын бір ғана құрал болуы мүмкін: айлакерлерді аяусыз әшкерелеу және полициялық самодержавиеге қарсы батыл саяси (яғни, орыс жағдайларында, *революциялық*) күрес жүргізу. Ал «Освобожденинің» айтуына қарап қорытқанда, біздің земствошылар әлі бұл міндеттің дәрежесінде емес көрінеді. Саяси аярлыққа олар саяси аярлықпен жауап береді, олардың органы толық табансыздық көрсетуде. Сіз бұл табансыздықты «Освобожденинің» 7-номерінен осы мәселе жөнінде тек редакцияның ғана емес, сондай-ақ редакция олармен азды-көпті келіспейтін кейбір қызметкерлерінің пікір айтуына қарап әсіресе айқын көре аласыз. Плевенің уәделері құрылған тор және ол зубатовшылдық деген пікір редакциялық бас мақалада кейбір земствошылардың пікірі ретінде ғана келтіріледі, сонымен қабат, бұл пікірмен қатар «министр мырзаның нұсқауларына бойсұнуға бейім» (!!) басқа земствошылардың да пікірі айтылады. Редакция земстволық зубатовшылдыққа қарсы жорыққа аттану пікірінен аулақ. Ол земствошыларды үкіметке «мәмле жасамаңдар» деп сақтандырды (5 және 6-номерлерінде), бірақ ол қарт полицей түлкісінің ақылына еріп, земствошылардың көктемдегі съезінің программасынан 4-пунктті (ауыл шаруашылық өнеркәсібінің мұқтаждары туралы Айрықша кеңестің қатарын толықтыру үшін сайланып қойылатын земство қайраткерлерінің болуы керектігін көрсететін пунктті) алып тастаған Шипов мырза мен оның сыбайластарын батыл айыптамайды. Редакция бас мақаласында полицияның арамза арбауына земствошылардың бір бөлегінің көне салғанына земство қорланады деген қорытынды шығармайды, қайта үкіметтің земствомен келіс сөз жүргізу фактісінің өзі «земство қазірдің өзінде де «өкілдік» (!!) екенін дәлелдейді», Плеве мырза уәде еткен «съезд» (Плеве мырза тек «кеңес» туралы айтқап сияқты еді?) «қайткен күнде де қолайлы», өйткені съезд «земство мен үкіметтің арасындағы қатынастарға айқындық енгізбей қоймайды» деген

қорытынды шығарады. Редакция «земство қайраткерлері съезде өздерін көрсете біледі, көрсеткенде, қандай болуға тиісті болса, сондай болып, яғни министрлердің шаруашылық жөніндегі қолқанаты болмай, халықтың өкілі болып көрсетеді деп кәміл сенеді». Бір ғана редакциялық бас мақалаға қарап қорытынды жасайтын болсақ, онда бұлай емес, қайта Шипов мырза мен оның сыбайластары сияқты земствошылар тағы да полицейлік мекеменің «қолқанаттары» болып шығады (оларды басқа земстволық ағым ығыстырып шығарғанша немесе өңін өзгерткенше) деп кәміл сену керек.

Мына қызметкерлердің: Антон Старицкий мырзаның, одан да гөрі земствоның мүшесі Т. мырзаның бұдан кейінгі мақалаларын оқығанда бас мақаланың саяси аярлығынан тыныығып рақаттанып қаласың. Біріншісі Шипов мырзаның және оның сыбайластарының қылығын «жалған қадам» деп атайды, земствошыларға «Плеве мырза құратын қайдағы бір съезд түрінде өзінің тұңғыштығын танытып қалуға асықпау жөнінде» кеңес береді, алдағанға ермеу керек, саяси аярлық істемеу керек деп ақыл айтады. Редакция «жалпы алғанда біз мақаланың авторына қосыламыз» деп ескерту жасайды, жеке алғанда саяси аярлықты бұлай бір беткей айыптауға болмайды деп тапса керек, сірә *.

Екінші қызметкер енді «Освобождениенің» барлық позициясына тура қарсы аттанады, аяқталмағандыққа және батылсыздыққа шабуыл жасайды, «халықтық анархияға» сілтеме жасау сияқты жалған сөздерді сөгеді, «жартылай шаралармен қанағаттануға болмайды, ақырына дейін батыл қимылдау керек» дейді, «жария оппозицияның құлшылық жартылай шараларымен қош айтысу керек...» дейді, «революционер болмай тұрып, біз (земствошылар) Россияны саяси азат ету ісіне елеулі үлес қоса алмаймыз» дейді. Земствоның мүшесі мырзаның бұл адал, берік сөздерін шын көңілден құттықтай-

* «Освобождениенің» жаңа ғана алынған 8-нөмерінен біз Шипов мырзаның саяси аярлығы мен оның жалған қадамын енді батылырақ айыптағандықты көріп отырмыз. Қайырлы болсын! Бәлкім, осы құрметті қайраткермен болған оқиға редакцияны «саяси аярлықтың» тамырларын либерализм мен революциялық бағыттардың қатынасына өзінің негізгі көзқарастарынан іздеуге мәжбүр етер?

мыз және талданып отырған мәселеге зейін қоюшы адамдардың барлығы да мұнымен танысуы керек деп барынша кеңес береміз. Земствоның мүшесі мырза «Освобождениенің» программасына біздің «Искрада» берген бағамызды [16] *толығымен* қуаттайды. Ол ол ма: оның мақаласы біздің көзқарасымыздың дұрыстығын сипаттап қана қоймайды, сондай-ақ либерализмнің жартыкештігін біздің қатты әшкерелеуіміздің орынды екенін дәлелдейді. Қандай да болса бұлғақтаушылықты жек көретін адамдар земствошылардың өздерінің арасында да бар көрінеді, әлгі бұлғақтаушылықты өз тұрғымыздан аяусыз сынап, біз бұл адамдарды қолдауға өте-мөте тырысуға тиістіміз.

«Освобождениенің» редакторы, әрине, земствоның мүшесі Т. мырзаға қосылмайды, сөйтіп ізетпен, бірақ берік түрде «көп нәрсеге біз басқаша қараймыз...» деп мәлімдейді. Не айтқаныңыз! Ал сонда редакцияның қарсылықтары қандай? — Ол қарсылықтардың бәрі басты екі пунктке тоғысады: 1-ден, Струве мырза, өз пікірінше, кейбір революционерлерден өзгеше, бейбіт жолдарды «принципті түрде» артық көреді; 2-ден, бұл революционерлерді ол төзімділігі жеткіліксіз деп айыптайды. Бұл қарсылықтарды қарап көрейік.

«Бір кінә қою жөнінде» деген мақаласында Струве мырза (мақалаға Ред.— деп қол қойылған) менің «Заряның» [17] 2—3-номеріндегі мақаламнан («Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары») цитат келтіреді. Оған, әрине, «егер халық үкіметті бір рет болса да жақсылап сілкілеп алса», онда мұның «зор тарихи маңызы» * болған болар еді деген сөздер өте-мөте ұнамаған. Көріп отырсыз ба, зорлықты революция бейбіт реформадан артығырақ екеніне Струве мырза үзілді-кесілді және сөзсіз қосылмайды. Ең батыл орыс революционерлері, дейді ол, бейбіт жолды принципті түрде артық көрді, сондықтан бұл даңқты дәстүрді еш қандай доктринамен тұншықтырып тастауға болмайды.

Бұдан асқан жалған, бұдан артық азаппен шыққан пікірді ойлап табу қиын. Көтеріліске шыққан құл

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 65-бет. *Ред.*

құл иеленушімен бітім жасауды артық деп айтуға праволы екенін, ал көтерілістен бас тартқан құл сол сөздерді қайталап айтса, масқара жалған жолға түсетінін Струве мырза шыныменен түсінбей ме? «Россияда революция элементтері өкінішке қарай *немесе бағымызға қарай,* әлі пісіп жеткен жоқ»,— дейді Струве мырза, сөйтіп «бағымызға қарай» деген осы сөздер оны бұлтартпай ұстап береді.

Ал революциялық ой-пікірдің даңқты дәстүрлері жөнінде Струве мырзаның үндемей-ақ қойғаны жақсы. Біз «Коммунистік манифестің»[18] атақты қорытынды сөздерін көрсетсек те жеткілікті. «Манифестен» отыз жыл кейін, неміс жұмысшылары орыс халқының еш уақытта қолы жетпеген праволарының біразынан айрылғанда, Энгельс былай деп Дюрингке тойтарыс берген болатын:

«Дюринг мырза үшін зорлық — абсолюттік қырсық сияқты бірдеме. Зорлықтың бірінші әрекеті, оның ойынша, күнәға батқандық болды. Оның барлық доктринасы — тура осы уақытқа дейінгі бүкіл тарихты осы зорлық әрекеті ең бастапқы күнәмен былғады, бұл албастының құралы — зорлық барлық табиғат заңдары мен әлеуметтік заңдарды масқара бұрмалады деп сары уайымға салынушылық. Зорлықтың тарихта мүлдем басқа рольді де — революциялық рольді де атқаратындығы туралы, зорлық, Маркстің сөзімен айтқанда, ескі қоғам атаулының қандайы болса да жаңа қоғамға жүкті болған кезде, зорлық ескі қоғамды босандырушы болатындығы туралы, зорлық арқылы қоғамдық қозғалыс өзіне жол салатын, зорлықтың қатып-семген, заманы өткен формаларды бұзатын құрал болып табылатындығы туралы,— бұл туралы Дюринг мырза бір ауыз сөз айтпайды. Қанаушы шаруашылықты құлату үшін, өкінішке қарай, зорлық керек болуы мүмкін-ау дегенді ол аһлап, күрсіне мойындайды,— өкінішке қарай, өйткені көріп отырсыз ба, қандай да болса зорлық оны қолданушыны аздырады екен. Осы сөздер жеңімпаз революцияның қайсысы болса да жоғары моральдық және рухани өрлеумен ұштаса жүргеннен кейін айтылып отыр! Осы сөздер Германияда айтылып отыр, мұнда зорлықпен қақ-

тығысуға халық тура мәжбүр болуы мүмкін, оның ең болмағанда мынадай артықшылығы болар еді: 30 жылдық соғыстың барлық қорлауынан туған халықтың мінез-құлқындағы малайлық рухты жойған болар еді. Осындай көмескі, болжыр, дәрменсіз поптық ой-пікірді тарихта бұрын-соңды болып көрмеген ең революциялық партияға таңуға батылдары барады!» [19]

Екінші пунктке — төзімділік жайына көшейік. Әр түрлі бағыттардың қатынастарында «өзара ұғынысу», «толық адал ниеттілік» және «мейлінше төзімділік» керек,— деп жылымшы татыған сөзбен үйретеді бізді Струве мырза (көптеген социалист-революционерлер [20] мен жұртшылық өкілдеріне ұқсап). Ал егер біздің толық адал ниеттілігіміз сізге төзімділіктің жоқтығы болып көрінсе, онда қайтпек керек? — деп сұраймыз біз одан. Егер, мәселен, «Освобождениеде» оң қол мен сол қол бар, сол қолды зиянды, сатқын деп тапсақ, бар адал ниеттілігіміз бізді әлгі сол қолмен аяусыз күресуге міндеттемей ме? Соц.-революционерлер өздерінің барлық тактикасында социализм теориясы мәселелерінде де, тап күресіне көзқарасында да авантюризм (саяси аярлық та) жасап отыр, бар адал ниеттілігіміз бізді олардың осы авантюризміне (саяси аярлығына да) қарсы күресуге міндеттемей ме? Күрестің өзі төзімділік жөнінде айтып жүрген адамдарға қарсы бағытталған болса, сол адамдардың не болса соны төзімділік деп атауына бола күресті бәсеңсіту, болжыр ету керек деген талаптың зәредей саяси мағынасы бар ма?

Сыпайы аңқаусығанды қоятын уақыт жеткен тәрізді, мырзалар! Мынадай айқын ақиқатты ұғынатын уақыт жеткен тәрізді: ортақ жауға қарсы күрестің іс жүзіндегі (сөз жүзіндегі емес) бірлігі саяси аярлықпен қамтамасыз етілмейді, Степняк марқұмның бір кезде өзін іркілту, өзін жасыру деп атаған нәрсесімен, дипломатиялық өзара танудың шартты жалғандығымен қамтамасыз етілмейді,— қайта күреске іс жүзінде қатынасумен, күрестің іс жүзіндегі бірлігімен қамтамасыз етіледі. Неміс социал-демократтарының әскери-полицейлік және феодалдық-клерикалдық реакцияға қарсы күресі халықтың белгілі табына (мәселен, либерал буржуа-

зияға) сүйенетін қандай да нағыз партияның күресімен ортақ күреске айналғанда, өзара тану туралы құрғақ сөздерсіз-ақ қимыл бірлігі орнай бастады. Жұрттың бәрі көріп біліп, жұрттың бәрі сезіп отырған фактіні тану туралы айтпайды (жұмысшы қозғалысын тани көріңіз деп біз ешкімнен өтінбейміз ғой!). Нағыз саяси одаққа айтыстың «әуені» кедергі болады деп тек саясат пен саяси аярлықты шатастыратын адамдар ғана ойлай алады. Ал әзірше біздің күресімізге іс жүзінде қатынасудың орнына жалтаратын құрғақ сөздер айтылып отырғанда, біздің күресімізге қандай да болса басқа қоғамдық топтың немесе таптың іс жүзінде жақындауының орнына тек бір авантюристік тактиканы көріп отырғанымызда қаһарлы сөздердің де, аянышты сөздердің де ешқандай тасқыны «өзара тануды» титтей де жақындатпайды.

«Искра» № 26, 15 октябрь, 1902 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СОЦИАЛИСТ-РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕР ҚАЙТА ҚОЗҒАП ЖҮРГЕН ТҰРПАЙЫ СОЦИАЛИЗМ МЕН ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ

Мысқылдың өзі пайдалы әсер етеді. «Революциялық авантюризм» * деп аталған мақалаларда біздің соц.-революционерлердің өзінің теориялық позицияларын ешқашан да тура және дәл айқындағысы келмейтіндігіне біз кәміл сенім білдірген едік. Осынау бір қиямпұрыс және әділетсіз ұйғарымды теріске шығару үшін «Революционная Россия» [21] 11-номерінен бастап «Программалық мәселелер» деген мақалалар сериясын жариялай бастады. Қайырлы болсын! Ештен де кеш жақсы. «Рев. Россияның» «программалық мәселелер» жайындағы барлық мақалаларын күн ілгері құттықтаймыз және бұлардан қандай да болса бір *программаны* шынында тауып оқуға бола ма, жоқ па,— соны зер салып қадағалауға уәде береміз.

Осы мақсатпен «Деревнядағы тап күресі» деген бірінші мақаланы алып байқап көрелік, бірақ алдымен ескерте кетелік, бізге қарсылардың: «біздің программамыз ұсынылды» деген сөзінде (№ 11, 6-бет), үсті-үстіне тым... «әуестеніп кетушілік бар». Бұл дұрыс емес қой, мырзалар! Сіздер әлі ешқандай программаны ұсынған да жоқсыздар, яғни өз көзқарастарыңды (сөздің тар мағынасында программаны не тым болмаса программаның жобасын) толық түрде, ресми-партиялық жолмен баяндамағандарың былай тұрсын, тіпті марксизм және оны оппортунистердің сынауы, орыс капита-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 408—431-беттер. *Ред.*

лизмі және сол капитализм тудыратын пролетариаттың жағдайы, мақсаты және міндеттері, т. т. туралы мәселе сияқты негізгі «программалық мәселелерге» өздеріңіің көзқарастарыңды да тіпті мүлдем айқындаған жоқсыздар. «Сіздердің программаларыңыз» туралы біздің бар білетініміз мынау: сіздер, бір жағынан, революциялық социал-демократия мен оппортунистік ағымның *аралығында*, екінші жағынан, орыс марксизмі мен орыстың либералдық-халықшылдық бағытының *аралығында* барынша түрлаусыз позицияда тұрсыздар.

Осылайша екі кеменің құйрығын ұстамақ болып әурелеиушіліктің салдарынан қандайлық шыға алмас қайшылықтарға түсіп шатасып жүргендеріңізді біз қазір сіздерге көрсетейік, көрсеткенде өздеріңіз қалап алған мәселені мысалға алып көрсетейік: «Қазіргі замандағы шаруалар, тұтасынан алғанда, ұсақ буржуазиялық топтарға жатады дегенді түсінбеуіміз былай тұрсын, біз оны мойындамаймыз да»,— деп жазады «Револ. Россия» (№ 11). «Біз үшін шаруалар принцип жағынан айрықша екі категорияға бөлінеді: 1) өзінің жұмыс күшін (!??) қанаумен күн көретін еңбекші шаруалар және 2) азды-көпті мөлшерде басқаның жұмыс күшін қанаумен күн көретін — орта және ұсақ — село буржуазиясы». Буржуазия табының «негізгі өзгешелік белгісі» «табыс көзінде» (басқа адамдардың еңбегін ақы төлемей пайдалану) деп түсініп, соц.-рев. теоретиктер село пролетариаты мен өндіріс құрал-жабдықтарына өз еңбегін жұмсап күн көретін «дербес егіншілердің» арасында «принцип жағынан зор ұқсастық» бар деп табады. «Бұл екеуінің де күн көрісінің негізі белгілі бір саяси-экономикалық категория ретіндегі *еңбек* болып табылады. Бұл бір. Екіншіден, бұлардың екеуі де қазіргі жағдайларда *аяусыз қаналып отыр»*. Сондықтан бұлар еңбекші шаруа болып *бір* категорияға қосылуға тиіс.

«Рев. Россияның» пайымдауларын біз жорта осылайша егжей-тегжейлі баяндадық, оған себеп оқушы оны жақсылап ақылға салып, оның теориялық тиянақ-дәлелдерін бағалай алатын болсын дедік. Бұл дәлелдердің негізсіздігі бадырайып көрініп тұр. Қоғамның әр түрлі

таптарының негізгі өзгешелік белгілерін табыс көзінен іздеушілік — бөліс қатынастарын бірінші орынға шығарғандық, ал бұлар шынында өндіріс қатынастарының нәтижесі болып табылады. Бұл қатені Маркс әлдеқашан көрсетіп, оны көрмейтін адамдарды тұрпайы социалистер деп атаған болатын. Таптар арасындағы айырмашылықтың негізгі белгісі — сол таптардың қоғамдық өндірістегі орны, демек, олардың өндіріс құрал-жабдықтарына қатынасы. Қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарының белгілі бір бөлігін иемдену, сөйтіп оларды жеке меншік шаруашылыққа, өнімді сату үшін құрылған шаруашылыққа айналдыру — міне қазіргі қоғамның бір табының (буржуазияның) өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылған және өзінің жұмыс күшін сататын пролетариаттан негізгі өзгешелігі осы.

Әрі барайық. «Бұл екеуінің де күн көрісінің негізі белгілі бір саяси-экономикалық категория ретіндегі *еңбек* болып табылады» дейді. Белгілі саяси-экономикалық категория еңбек емес, тек еңбектің қоғамдық формасы, еңбектің қоғамдық жолмен орналасуы ғана немесе басқаша айтқанда: адамдар арасында олардың қоғамдық еңбекке қатысуына қарай болатын қатынастар. Тұрпайы социализмнің біз бұған дейін талдап өткен сол бәз-баяғы қатесі бұл арада екінші формада тағы қайталанып отыр. Соц.-революционерлер: «бір жағынан, селолық қожайын мен батырақтың арасындағы, екінші жағынан, дербес егіншілер мен қарыз берушілер, кулактар арасындағы өзара қарым-қатынастардың мәні мүлде бірдей» деп мәлімдеген уақытта, олар, айталық, немістің тұрпайы социализмінің, мысалы, сол социализмнің өкілі Мюльбергердің жұмысшыға қожайын тарапынан болатын қатынастардың мәні пәтерде тұрушыға үй қожасы тарапынан болатын қатынастармен барабар деген қатесін бүтіндей қайталайды. Біздің Мюльбергерлер де нақ сондай-ақ әйтеуір бір жалпы «қанаушылық» жайындағы құр сөзбен қанағаттанып, қанаушылықтың негізгі және туынды формаларын айырып корсетуге қабілеті жетпейді. Барлық осы күнгі тонаушы құрылыстың базисі нақ жалдама еңбекті қанау екенін, қоғамның бірімен бірі келісімге келмейтін қара-

ма-қарсы таптарға бөлінуін туғызатын нақ осы қанаушылық екенін, тек *осы* тап күресінің тұрғысынан қарағанда ғана, буалдырлыққа және принципсіздікке ұрынбай, қанаушылықтың барлық басқа көріністерін дәйекті түрде бағалауға болатынын біздің Мюльбергерлер де нақ сондай-ақ түсінбейді. Сондықтан неміс Мюльбергері қандай тойтарыс алған болса, өз қозғалысының тұтастығын және өзінің революциялық туының «ардақты атағын» қымбат санайтын орыс социалистерінің тарапынан біздің Мюльбергерлер де нақ сондай қатты, аяусыз тойтарыс алуға тиісті.

Біздің соц.-революционерлер «теориясының» шатасқандығын айқынырақ етіп көрсету үшін біз бұл мәселені тағы практика жағынан қарап көрейік, талданып отырған мәселені нақты мысалдармен көрсетуге тырысайық. Біріншіден, қайда болса да, қашан болса да және барлық жерде де ұсақ буржуазияның орасан зор көпшілігі *еңбек етеді* және қаналады. Әйтпесе оны ауыспалы және аралық топтарға апарып қосуға болар ма еді? Екіншіден, товар шаруашылығы қоғамындағы нақ шаруалар сияқты, ұсақ қол өнершілер мен саудагерлер де *еңбек етеді* және қаналады. Біздің соц.-революционерлер пролетариат деген «шағын» категорияның орнына тағы да сауда-өнеркәсіптегі «еңбекші» халық деген «категорияны» жасамақшы болып жүрген жоқ па екен? Үшіншіден, соц.-революционерлер өздері соншалық сүймейтін «догманың» маңызын түсінгілері келсе, жұмысшы жалдамай-ақ, өз еңбегін жұмсаумен және кез келген егіншілік өнімдерін сатумен күнелтетін қала маңындағы шаруаны алып көріп байқасыншы. *Мұндай* шаруаның ұсақ буржуазияға жататындығын бекер деуге және оны жалдама жұмысшылармен бір *тап* (байқап қойыңыз, әңгіме партия туралы емес, нақ тап жайында болып отыр) етіп «біріктірудің» мүмкін еместігін бекер деуге барып тұрған халықшылдардың да батылдығы жетпейді деп сене аламыз. Ал дамып отырған товар шаруашылығы қоғамында қала маңындағы саудагер-егінші мен қандай да болса ұсақ егіншінің жағдайында әлдендей принципті айырма бар ма, сірә?

Соц.-революционер мырзалардың тұрпайы социализмге бұлайша жуықтауын (сыпайылап айтқанда) қалай түсінуге болады? деген сұрақ туады. Әлде, бұл осы автордың кездейсоқ бір өзгешелігі ме? Мұндай жорамалды бекерге шығару үшін «Рев. Россияның» 11-нөмерінен мына бір жерін келтірсек те болады: «Бұл арада істің мәні екі категорияның: еңбекші шаруашылық пен буржуазиялық-капиталистік шаруашылықтың арасындағы принциптік айырмада» (мынаны қараңыз!) «емес, бәз-баяғы бір шаруашылық категориясының» (ірі және ұсақ буржуа) «мөлшерінде ғана тұрған сияқтанады!» деп лепіреді автор. «Революциялық авантюризм» деген мақалада айтқанымыздың бұдан гөрі толығырақ және бұдан гөрі айқынырақ дәлелін табу бізге қиын болған болар еді: социалист-революционерлерді қырнаңқырап қарасаңыз — сіз онан В. В. мырзаны табасыз. Орыстың қоғамдық-саяси ойының эволюциясымен аз да болса таныс адамның қай-қайсысына болса да соц.-революционерлердің позициясы осы бір сөйлемнің өзінен-ақ айқындалады. Біздің білімді қоғамымызда үстем болып отырған либералдық-халықшылдық бағытқа түр берген (қазірдің өзінде де түр беріп отырған) сонау бозарған қызғылт жалған социализмнің түп негізі шаруаның «еңбекші шаруашылығы» мен буржуазиялық шаруашылықтың арасында тікелей қарама-қарсылық бар деген идея болғаны мәлім. Әлденеше құбылған түрлерін Михайловский, В. В., Ник.— он, тағы басқа мырзалар егжей-тегжейлі талдап жасаған бұл идея орыс марксизмінің сынына түскен қамалдардың бірі болды. Күйзеліс және езушілік көріп жатқан шаруаларға жәрдемге келу үшін, дедік біз, алдамшы елестерден бас тарта білу керек, сөйтіп еңбекші шаруашылық (немесе «халық өндірісі»?) деген бұлдыр қиялды бұзатып және шаруалар шаруашылығының *ұсақ буржуазиялық укладын* бізге көрсететін шындыққа тура қарай білу керек. Бізде де, барлық жерлердегі сияқты, ұсақ еңбекші шаруашылығының дамуы мен нығаюы тек оны ұсақ буржуазиялық шаруашылыққа айналдыру арқылы ғана мүмкін болады. Бұл іс шынында да жүріп жатыр, сөйтіп еңбекші шаруаның ұсақ кәсіпкерлікке қарай бағытталған

нағыз реалдық тенденциясы өмір фактілері арқылы бұлжытпастан дәлелденді. Товар шаруашылығы дамып отырғандықтан, басқа да кез келген ұсақ өндірушілер сияқты, біздің шаруалар да осынысымен ұсақ буржуа категориясына кіреді: олар саны азшылық кәсіпкерлер болып және жартылай жұмысшы, жартылай қожайын болудың толып жатқан өтпелі сатылары арқылы «қожайынсымақтармен» байланысатын пролетариат бұқарасы болып екіге жарылып отыр (мұндай өтпелі формалар барлық капиталистік елдерде және өнеркәсіптің барлық салаларында бар).

Социалистік ойдың екі түрлі ағымының бұл сияқты алмасуына, ескі орыс социализмі мен марксизмнің күресіне социалист-революционерлер қалай қарады? Олар мүмкін болғанынша мәселені байыбына барып талдаудан турадан-тура жалтаруға тырысты. Ал енді жалтаруға болмай қалған кезде, ерекше «партия» құрмақшы болған адамдардан нақты түсінік талап етілген кезде, оларды жауап беруге мәжбүр еткен кезде, әрі мысқылмен, әрі принципсіздігі үшін тура айыптаумен мәжбүр еткен кезде,— тек сонда ғана олар «еңбекші шаруашылық» деген ескі халықшылдық теория мен тұрпайы социализмнің ескі қателерін қайталай бастады. Тағы айтамыз: социалист-революционерлерді барынша принципсіздігі үшін айыптауымызға «еңбекші шаруашылық» теориясын да және тап күресі теориясын да «қоспақшы» болған 11-номердегі мақаладан артық жақсы дәлелдеме табылуын,— біз күте де алған жоқ едік.

* *
*

Тағы бір өрескел жерін көрсете кетелік, «Революционная Россияның» 11-номерінде принципті айтыстан жалтаруға бел байлағандықты «жарастықты» етіп түсіндіруге әрекет жасалады. «Революциялық авантюризм» деген мақалада, байқайсыз ба, «Искра» цитатты теріс алады-мыс. Мысалы? Мысалы, «ара-тұра» (жер ара-тұра капиталдың қолынан шығып, еңбекке ауысып кетіп отырады) деген сөзді қалдырып кетіпті-мыс. Бұл неткен сұмдық! Апырай, іске қатысы жоқ сөзді тастап

кетеді! Иә болмаса, мүмкін, «Революционная Россия» жер *атаулының* ауысуына *баға беру* (бұл буржуазиялық процесс пе әлде жоқ па) мәселесіне «ара-тұра» деген сөздің *әйтеуір қандай да болса* қатынасы бар деп тұжырымдағысы келер. Тек байқап көрсін.

Сонан соң. «Искра» цитатты «мемлекетпен» деген сөзге келіп тоқтатады, ал оның ар жағында, «әрине, бұл күнгі мемлекет емес» деген сөз тұр. «Искра» тіпті онан да горі зілдірек айтты (өз жанымыздан қосайық): оның бұл мемлекетті *таптық* мемлекет деуге батылы барды. «Ең ізгі сезімдері жәбірленген» қарсыластарымыз біз талдап отырған «программа-минимумде» таптық *емес* мемлекет жайында әңгіме болуы тиіс деп дәлелдей бастап жүрмес пе екен?

Ақырында, «Искра» 3 апрельдегі прокламациядан цитат келтірді, онда «Революционная Россияның» *өзі-ақ* терроръға берілген бағаны асыра айтылған деп тапты.— Иә, біз де «Революционная Россияның» тап осы ескертуін *келтірдік,* бірақ бұл арада «эквилибристика» және көмескі тұспал сөз бар деп білеміз дегенді жанымыздан қосып айттық. «Революционная Россия» мұны өте жақтырмады, сөйтіп түсінік беруге және егжей-тегжейлерін түгел айтуға түсіп отыр (сонымен, түсінік беруді керек қылатын көмескіліктің *іс жүзінде* болғанын дәлелдеп отыр). Ал сонда беретін түсініктері қандай? 3 апрель прокламациясында, байқайсыз ба, партияның талап етуі бойынша *түзетулер* істеліпті-мыс. Алайда, бұл түзетулер «жеткіліксіз деп танылып», соның себебінен «партиядан» деген сөз прокламациядан алынып тасталған екен. Бірақ «партияның басылымы» деген сөздер қалып қойыпты, енді сол 3 апрельдегі тағы бір («нағыз») прокламация пікір алалығы немесе асыра бағалаулар жайында ештеңе демепті. Осы түсініктерді келтіре отырып және олар «Искраның» (эквилибристика және тұспал деген сөздерде) түсінік беруді талап етуінің тек заңдылығын ғана растайтындығын сезіп, «Революционная Россия» өзіне-өзі: партия өзі онымен келіспейтін прокламацияны оз баспаханасында қалайша басып шығарды? деп сұрақ қояды. «Революционная Россияның» жауабы былай дейді: «Иә, Россия социал-

демократиялық жұмысшы партиясының фирмасымен «Рабочее Дело», «Искра», «Рабочая Мысль»[22] және «Борьба»[23] қалай басылып шығып отырса, бұл да нақ солай» дейді. Өте жақсы. Бірақ, біріншіден, бізде әр-текті басылымдар бар және олар «партия» баспаханасында емес, топтардың баспаханаларында басылады. Екіншіден, бізде «Рабочая Мысль», «Рабочее Дело» да, «Искра» да бірге шығып тұрған кезде, оны біз өзіміз-ақ *бытыраушылық* деп атағанбыз. Енді бұдан не шығатынын қараңыз: социал-демократия *өзіндегі* бытыраушылықты өзі ашып, өзі әшкерелейді, сөйтіп байыпты теориялық жұмыс арқылы оны жоюға тырысады, ал социалист-революционерлер өздерінің бытыраушылығын тек өздерін әшкерелегеннен *кейін ғана* мойындай бастайды, сөйтіп бас-аяғы бір күннің ішінде, бас аяғы бір саяси оқиға жөнінде екі прокламацияны, бұл оқиғаның (жаңа террорлық әрекеттің) саяси мәнін тура қарама-қарсы түсіндіретін прокламацияны басып шығаруға мүмкіншілік берген өздерінің кеңдігіне тағы да бір мақтанып әлдеқандай болады.— Идея жөніндегі бытыраушылықтан ешбір жақсылық шықпайтынын біліп, социал-демократтар «алдымен араны ашып алып, сонан кейін бірігуді» * артық көрді, сонымен келешекте бірігудің әрі беріктігін, әрі жемістілігін қамтамасыз етті. Ал социалист-революционерлер «кім неге ұста» ** дегендей өздерінің «программасын» түрлі саққа жүгіртіп, «практика жүзіндегі» бірлік деген жалған жағдайға бой ұрып жүр және кеуделерін керіп тұрып бізге: қайдағы бір «топтар» сіздерде, социал-демократтарда ғана, ал біздікі — партия ғой! дейді. Дұрыс-ақ, мырзалар, бірақ тарих бізге кейде «топтар» мен партиялардың арасындағы қатынас фараон арық сиырлары мен семіз сиыр-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 388-бет. *Ред.*

** Бұрынғы «Социалист-революционерлер одағының» тек «Біздің міндеттеріміз» дегенін бұрынғы «Социалист-революционерлер партиясының» «Манифесімен» (ол жайында «Искраның» 5-номерінде), онан кейін «Вестник Русской Революциидің»[24] 1-номеріндегі редакциялық мәлімдемемен, «Революционная Россияның» 7—11-номерлеріндегі «программалық» мақалалармен және социалист-революционерлер партиясына қосылды деп жақында ғана «Революционная Россияда» хабарланған «Россияны саяси азат ететін жұмысшы партиясы»[25] дегеннің басып шығарған «Бостандық» деген кітапшасымен салыстырып көріңіздер.

ларының арасындағы қатынастай болады деп үйретеді. «Партиялар» түрлі-түрлі болады ғой. Мысалы, «Россияны саяси азат ететін жұмысшы партиясы» деген болды ғой, бірақ, оның екі жыл сүрген өмірі де, оның жойылып кеткені секілді, соншалық ізсіз өтті ғой.

«Искра» № 27, 1 ноябрь, 1902 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЭСЕРЛЕРГЕ ҚАРСЫ НЕГІЗГІ ТЕЗИС

Менің социалист-революционерлерге қарсы және бұл бағыт қызметінің (бүкіл мазмұнының да) *барлық* жақтарына баға беру үшін ұсынатын негізгі тезисім мынадай: *социалист-революционерлердің барлық бағыты және олардың бүкіл партиясы — ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның біздің жұмысшы қозғалысымызды, ал олай болса, Россиядағы барлық социалистік және барлық революциялық қозғалысты эскамотаждауға оқталуынан басқа түк те емес.*

Мен үшін осыншама маңызды бұл тезисте, аз қолданылатын және оқушылардың көпшілігіне сөзсіз түсініксіз шетел сөзін қолданбай тұра алмағандығымның себебін түсіндіруге асығулымын. Эскамотаждау деген сөздің мәнісі шынында алдау, алдау жолымен бөтеннің еңбегінің нәтижелерін өзіне иемдену, сөйтіп ол еңбекті түгелдей еш қылу, адастыру, орға жығу, т. с. деген сөз. Осындай орыс сөздерін былай қойып, менің шетел сөзін таңдауға тиісті болғандығымның себебін көру қиын емес. «Адастыру, орға жығу, алдау» деген сөздер бізде қалай да қасақана, біле тұра өтірік айтқандық туралы түсінік тудырады, бұл бір, ал 2-ден, бұл өтірікті қолданушы адамның оны айтуына себеп — бас пайдасын ойлауы, арамзалығы деген түсінік туады. Оның бер жағында, социалист-революционерлерді осындай біле тұра өтірік айтады, немесе арамзалық себептермен әрекет етеді деп айыптаудан аулақпын. Тіпті де олай емес. Социалист-революционерлер өздеріне сөзсіз революция-

шыл ниғылдағы, тіпті қаһармандықпен жан қиюға әзір адамдарды, бостандық мүдделері үшін, халық мүдделері үшін шын ықыласымен жанын салғысы келетін адамдарды тартты, *тұтастай алғанда* тек осының арқасында социалист-революционерлер бағыт ретінде, «партия» ретінде туа алды (немесе халық ерікшілдігі [26] заманынан бері сақталып қала алды), соңғы уақытта өсіп, біраз нығая алды: бұған мен күмәнданбаймын. Бірақ адамдардың шын ықылас, шын сеніммен белгілі әлеуметтік-саяси позицияны ұстайтындығы бұл позиция сөзсіз жалған емес пе және ішкі қайшылыққа толы емес пе? деген мәселені әлі титтей де алдын ала шешіп бермейді. Осы позициядан істелген ең жақсы жұмыстың нәтижелері (істеушілердің сапасынан тыс және олардың ықтиярына қарсы болса да) жұмысшы қозғалысын сөзсіз «эскамотаждау», оны дұрыс жолдан тайдыру, оны тұйыққа апарып тіреу, т. т. болып шығуға тиісті емес пе?

Өз ойымды мысалмен түсіндіруге тырысып көрейін. Біз аса үлкен, қараңғы және дымқыл, қалың және адам аяғы онша баспаған ну орманның ішінде екенбіз делік. Осы орман алып жатқан немесе айналасып сол орман қоршап тұрған жердің мәдени өркендеуі үшін сол орманды өртеп, құрту арқылы ғана жол салуға болады және бұл орманның ішінде отты табу, оны өршіту өте-мөте қиын екен деп ойлаңыз. Осындай қалың орманда кез келген жерде кездесетін, бірақ бықсық-дымқыл ауа жағдайында зорға тұтанып, оп-оңай қайта-қайта сөніп қала беретін сол ағаш материалын құрғату керек. Тұтанып кете алатын материалды бір жерге жинау керек. Отты (оттың жануын) өршітіп, оны демеп отыру керек, жаңадан жарқ еткен әрбір ұшқынды тұтандыру керек, жалынды лаулату керек және үздіксіз, тынбастан жалпы өртті әзірлеу керек, онсыз дымқыл, қараңғы орман орман болып қала береді. Ал бұл өте қиын жұмыс, бұған сыртқы, ауа райы жағдайлары ғана емес, сонымен қатар шын тұтанса болды, ешбір реттерде тоқтамай үздіксіз жалын атып жана беретін, бұрын да біраз жанып барып сөніп қалу үшін ғана жиі тұтанған әр жерден көрінетін ішкі қуаты жоқ көптеген ұшқын-

дарға ұқсамайтын, жануға бірден-бір әбден жарамды материалдың өте аздығы да себеп болып отыр. Енді, осы негізгі жанар материалдың лаулап жанғандығынан температура жалпы көтерілген кезде, сөйтіп ол әр жерден көрінетін барлық басқа көптеген ұшқындарға қуат беріп, лаулата түскен кезде, кенеттен бір адамдар келеді де, кеудесін қағып: бірден-бір негізгі, бірден-бір сөзсіз сенімді жанар материал жайындағы ескірген догмаға сену — неткен өресіздік!— дейді. Қалған оттардың бәрін тек қосалқы құрал ғана, көмекші элементтер ғана деп қарау және қалай да болса, қайткен күнде де, бәрінен де гөрі, бәрінен де бұрын тек *бір* материалға жармасу міндет деп санау — қандай бір қалыптан жазбаушылық! Нағыз жалпы өртті мәңгі әзірлеп, әзірлеп, әзірлеп келіп, әлгі өрескел бұзықтардың ағаш бастарының дымқылдық пен қараңғылықты бүркеп, сақтауына мүмкіндік беру — неткен біржақтылық. Ағаштың бастарын қырқып түсетін, оларды күйдіретін, барлық қараңғы күштерді қорқытып, соншалықты сенсация жасайтын, соншалықты толқытатын, шиырататын, өзіне назар аудартатын ракеталар жіберу керек, дейді. Сөйтеді де бұл адамдар іске батыл кіріседі. Сәл тыныстайды да олар қайдағы бір негізгі жанар материал жайындағы ескірген соқыр сенімдерді аулақ лақтыра бастайды. Барлық және қандай да болса адамдарды олар жайма-шуақ көңілмен өз қатарына ала береді, бұлардың көзқарасы мен пікірі, сенімі мен арман-тілегі қандай екенін талғамайды: біз — қимылдың партиясымыз, сондықтан біздің кейбіріміз тіпті өртті сөндіруге бейім пікірлерге жармасса да,— бізге бәрібір, дейді. Олар өткеннің сабақтарынан менсінбей сырт айналып, оттың қандайына болса да және ракета жіберуге талғаусыз қарауға батыл шақырады: енді жанар материал әлдеқайда көп, сондықтан барып тұрған жеңілтектікке жол беруге болады-мыс!.. дейді. Сөйтіп, мұндай адамдар қозғалысқа соншама зиян келтіріп отырғанда, оларды жай алдаушылар деп ойлауға бола ма? Ешбір болмайды. Олар әсте де алдаушылар емес, олар бар болғаны — пиротехниктер.

Айта кетелік, авантюрист деген терминді алаяқ деп (Женевада Рафаилов мырза), жүлік деп (Бернде Житловский мырза)[27] аудара салған социалист-революционерлерге менің берген жауабымның мәнісі осы. Мен оларға: бәрін бірдей қалай да жазалау заңы мағынасында ұға беруге болмайды, мырзалар! — деп жауап қайырдым. Іштей қайшылықтағы, принципсіз, солқылдақ, мазмұнсыздықты даурықпамен бүркейтін, сондықтан да банкроттыққа ұшырамай қоймайтын революциялық бағыттағы авантюраны қылмыс ретінде жазаланатын іс істеп жатқанын, сонымен алаяқтығының әшкерелену қаупі бар екенін жақсы білетін сұрқиялардың авантюрасымен шатастыруға болмайды. Турасынан, дәл айтқанда, біз сіздерді авантюрашыл деп айыптадық (қараңыз: «Искра» №№ 23 және 24 *), бұл халықаралық социализмнің барлық негізгі мәселелерінде сіздердің толық принципсіздіктеріңізден, дүмбілездеу дайындап, дәмді тұздықпен «тұтынушыға» әкеп ұсынған аграрлық программаңыздағы көзқарастарыңыздың адам айтқысыз шатасқандығынан, сіздердің террорлық тактикаңыздың солқылдақтығынан және негізсіздігінен туады дедік. Ал сіздер: көрдіңіздер ме, бізге авантюрист-жүлік-алаяқ деп ұрысады, бізді сөгеді, бізді жәбірлейді! — деп жауап қайырасыздар. Бұл зар қаққан үндеріңіз, затында, сіздердің түк қарсылық айта алмайтыныңызға өте ұқсайды-ау, аса құрметті мырзалар.

Енді мен ұсынған тезистің дұрыстығына дәлел қандай болуға тиіс? — деген сұрау туады. Социалист-революционерлердің барлық бағытына осы тезисте берілген бағаны ақтау үшін мен олардың барлық бағытындағы қандай өзгеше, ерекше белгілерді көрсетуге тиістімін? Егер бұл баға дұрыс болса, мұндай бағытқа қарсы батыл және аяусыз күресу керектігін, оның күллі зияндылығын халықтың мүмкіндігінше неғұрлым қалың жіктерінің алдында толық әшкерелеу керектігін бірдебір (деп сену керек) қандай да болсын ар-ұяты бар, байсалды социалист бекер дей алмайды. Сондықтан бұл мәселені барлық жағынан және мән-мағынасы жағынан

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 408—431-беттер. *Ред.*

талдай алатын болуымыз үшін, мен ең алдымен және бәрінен де гөрі бұл мәселеге берілетін *жауаптар* неден құралуға тиіс екеніне назар аударуды ұсынамын. Бағаның дұрыстығын теріске шығарғысы келген адамдар «шағымдармен» немесе «түзетулермен» тынбасын, ұсынылған тезистің дұрыстығын қуаттау үшін *олар* қандай пункттерді дәлелдеу керек деп санар еді? — деген сұраққа да тура жауап қайтарсын.

Бұл тезистің өзекті пункті эскамотаждау фактісі (ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның жұмысшы қозғалысын эскамотаждауы), басқаша айтқанда: «партияның» принциптері, программасымен және қазіргі қоғамның революцияшылдану процесіне оның іс жүзіндегі көзқарасының арасындағы түбірлі қайшылық фактісі болып табылады. Қайшылық мынада: халықаралық мәселелер де, орыс қозғалысының мәселелерінде де «социалист-революционерлер» партиясы іс жүзінде әсте ғылыми революциялық социализмнің (=марксизмнің) көзқарасында тұрған жоқ. Іс жүзінде «партия» қазіргі заманғы социализмнің барлық өте маңызды принципті мәселелерінде толық принципсіздігімен сипатталады...*

1902 ж 3(16) ноябрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1936 ж. «Пролетарская Революция» журналының 7-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қолжазба осы арада үзіледі. *Ред.*

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Жұмысшы табына да, «заңды» оппозицияға да екіжүзділікпен жалбақтау Валь немесе Оболенский сияқты ашу-ызаға бөккен сұрқиялар тобырының бой көрсетуімен жұбын жазбай жүріп отырған болса, мұның мәнісі мынадай: үкімет өзі қаусатуға күші жетпеген халық бұқарасын немесе халық жіктерін аздырып, бытыратқысы келеді, ал өз міндетін оңайлату үшін саны аз революциялық күштерді әлгіндей сұрқиялардың әрқайсысын жеке-жеке қудалауға аударғысы келеді. Үкімет өкілдерінің қай-қайсысы да мұны жалпы түсіне ме, жоқ па немесе қаншалықты айқын түсінеді, бұл маңызды емес. Маңыздысы сол — үкіметтің барлық зор саяси тәжірибесі мен полицейлік инстинкті осыған итермелейтін тактиканың *іс жүзінде* нақ осындай мәнісі бар. Революциялық қозғалыс халықтың нағыз революциялық таптарына көктей жайылған кезде, мұның үстіне ол тереңінен ғана емес, кеңінен ұлғайып, көп ұзамай жеңілмес күшке айналуға үміттендірген кезде,— сол кезде ең өрескел зорлықтың қарабайыр басшыларына таңдаулы революциялық күштерді айдап салу үкіметке тиімді болады. Бірақ біз өзімізді арандатуға жол бермеуге тиіспіз. Нағыз халықтық-революциялық найзағай алғаш рет шатырлағанда біз дегбірімізден жаңылуға тиісті емеспіз, ақыл-ойымызды, ар-ұятымызды жеңілдетуге бола жамандыққа бой ұруға, Европаның күллі тәжірибесі мен Россияның тәжірибесін, қандай да болса тиянақты социалистік сенімдерді, авантюристік тактиканы емес, принципті ұстамды тактиканы қандай да болса талап етушілікті аулақ лақтырып тастауға тиіс-

ті емеспіз. Бір сөзбен айтқанда, біз халық ерікшілдігін қайтадан жаңғыртуға және оның барлық теориялық қателері мен практикалық қателерін қайталауға тырысқан әрекеттің жүзеге асырылуына жол беруге тиісті емеспіз; ал социалист-революционерлер бұл әрекетті қолданып, барған сайын үдетіп отыр. Бұқараны аздыруға, революционерлерді арандатуға жауап бергенде біз ең зиянды ескі қателерге және ой-пікірдің жаңадан бұлталақтауына есікті шалқасынан ашып тастайтын «программамен» жауап беруге тиісті емеспіз, біздің әлсіздігіміздің, батыл күресті қазірден-ақ бастауға қабілетсіздігіміздің басты себебі болып табылатын — революционерлердің бұқарадан қол үзгендігін күшейтетін тактикамен жауап беруге тиіс емеспіз. Біз революционерлер мен халықтың арасындағы байланысты нығайтумен жауап беруге тиіспіз, ал біздің заманымызда мұндай байланысты социал-демократиялық жұмысшы қозғалысын дамытып, нығайту арқылы ғана орнатуға болады; бұдан басқаша мүмкін емес. Тек жұмысшы қозғалысы ғана нағыз революциялық және алдыңғы қатарлы тапты көтереді, бұл таптың қазіргі замандағы саяси және әлеуметтік тәртіптердің күйреуінен жоғалтар ештеңесі жоқ, бұл — сол тәртіптердің ақырғы және сөзсіз жемісі болып табылатын тап, бұл — сол тәртіптерге бір өзі ғана сөзсіз және бітіспес жау тап. Революциялық марксизмнің теориясына, халықаралық социал-демократияның тәжірибесіне сүйеніп қана біз революциялық қозғалысымызды жұмысшы қозғалысымен біріктіре аламыз, жеңілмес социал-демократиялық қозғалыс жасай аламыз. Өз сеніміміэге адалдығымызды жоғалтпай, біз іс жүзінде жұмысшы партиясы бола білген партияның атынан ғана революциялық жұмысқа елдің барлық прогресшіл элементтерін шақыра аламыз, социализмді қолдауға барлық еңбекшілерді, барлық азап, ауыртпалық шегушілерді шақыра аламыз.

1902 ж. ноябрьдің аяғында жазылған

Бірінші рет 1939 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖАҢА ОҚИҒАЛАР ЖӘНЕ ЕСКІ МӘСЕЛЕЛЕР

Біздің революциялық қозғалысымыздың бұдан бұрынғы тез және қаулап өркендеуімен салыстырғанда, оның соңғы жарты жыл немесе тоғыз айына тән қысқа мерзімді «тыныштық» аяқтала бастаса керек. Бұл «тыныштық» қаншама қысқа болса да, жұмысшылардың жаппай наразылықтарының ашық белгілерінің (осындай аз уақыт ішінде) болмауы — бұл наразылықтың тереңдей де, кеңейе де осуінің тоқтағандығы болып табылмайтындығы әрбір байыпты, мұқият байқаушыға айқын болса да,— осыған қарамастан, революциялық пиғылдағы, бірақ көбінесе жұмысшы табымен берік байланысы да жоқ, белгілі бір социалистік сенімінің берік тіректері де жоқ интеллигенциямыздың арасында, бір жағынан, сары уайымға салынушылық және бұқаралық жұмысшы қозғалысына сенбеушілік дауыстары, ал екінші жағынан, саяси күрестің қазіргі уақыттағы қажетті және міндетті тәсілі ретінде жеке саяси кісі өлтірушіліктің ескі тактикасын қайталау керек деген дауыстар жиі естіле бастады. Былтырғы маусымның демонстрацияларынан бері өткен бірнеше айдың ішінде бізде «соц.-революционерлер» «партиясы» құрылып үлгірді, ол демонстрациялардың күдер үздірерлік әсері болды деп, «әттең, халық әлі тез арада көтеріле қоймайды» деп, бұқараны каруландыру жайында, *әрине*, айту және жазу оңай, ал қазір «жеке-дара тойтарысты» қолға алу керек деп, пролетариат бұқарасы арасында үгіт жүргізу және бұқаралық қысым ұйымдастыру деген

баяғы бір (жұмысшы қозғалысына «догмалық» сенуден аулақ интеллигентті зеріктіретін және «қызықсыз»!) міндетті қайта-қайта айтып, жеке террордың өте-мөте қажеттігінен жалтармау керек деп естірте айтып жүр.

Бірақ міне Дондағы Ростовта, былайынша қарағанда, ең дағдылы, «күнделікті» стачкалардың[28] бірі бұрқ ете түсіп, соц.-революционерлердің халық ерікшілдігін, оның барлық теориялық және тактикалық қателерімен бірге қайта жаңғыртпақ болған әрекетінің күллі жөнсіздігін, күллі зиянын айқын көрсететін оқиғаларға әкеліп соқтырды. Таза экономикалық сипаттағы талаптардан басталған стачка көптеген мың жұмысшыларды қамтып, оған ұйымдасқан революциялық күштердің қатынасуы өте жеткіліксіз екеніне қарамастан, тез арада саяси оқиғаға айналды. Кейбір қатынасушылардың айтуына қарағанда, 20—30 мың адамға дейін жеткен халық топтары өзінің елеулілігі мен ұйымшылдығы жағынан таң қалдыратын саяси жиналыстар өткізеді, бұл жиналыстарда зор ынтамен социал-демократиялық прокламациялар оқылып, оларға түсінік беріледі, саяси сөздер сөйленеді, еңбекші халықтың ең кездейсоқ және даярлығы жоқ өкілдеріне социализм мен саяси күрестің ең қарапайым ақиқаттары түсіндіріледі, солдаттармен қарым-қатынас жасаудың, солдаттарға үндеу тастаудың практикалық және «көрнекі» сабақтары беріледі. Әкімшілік орындары мен полиция сасып қалып (бәлкім, ішінара әскерлердің сенімсіздігімен шығар?), бірнеше күн бойына ашық далада бұрын Русьте болып көрмеген бұқаралық саяси жиындардың өткізілуіне кедергі жасауға күші жетпеді. Ақырында, бұл іске әскери күш араласқан кезде, халық әскери күшке қажырлы тойтарыс береді, бір жолдастың өлімі келесі күні оның бейітінің басында саяси демонстрация жасауға себеп болады... Ал соц.-революционерлерге істің жайы басқа түрде көрінсе керек, олардың көзқарасы бойынша, Ростовта өлтірілген алты адам қайсы бір полицей жауыздарға қастандық жасау жолында өз өмірлерін қиған болса, соның өзі «тиімдірек» болған болар ма еді?

Ал біз былай деп ойлаймыз: жұмысшы табының саяси сана-сезімі мен революциялық белсенділігінің өскен-

дігін барлық жұрттың алдында айқын көрсететін осындай бұқаралық қозғалыстар ғана *нағыз революциялық* шаралар деп аталуға лайық және бұлар орыс революциясы жолында күресушілерді шын қайраттандыра алады. Біз бұл арада бұқарамен байланыстылығы тек қана сөз жүзінде мәлімдеме жасауда, үкім бастырып шығаруда, тағы сондайларда болатын аты шулы «дара тойтарысты» көріп отырғанымыз жоқ. Біз іс жүзінде топтың нағыз тойтарысын көріп отырмыз және бұл тойтарыстың ұйымдаспағандығы, даярлықсыздығы, стихиялылығы бізге өзіміздің революциялық күштерімізді асыра бағалаудың қаншалықты ақылсыздық екенін, біздің көз алдымызда шынымен күресіп жатқан осы топқа ұйымшылдық пен даярлықты барған сайын көбірек енгізу міндетін елемеудің қандай қылмыс екенін ескертеді. Толқуға оқ ату арқылы сылтау туғызбау керек, үгіт жүргізуге, саяси ой туғызуға да оқ ату материал бермеуі керек, қайта орыс өмірі өте мол етіп беріп отырған материалды өңдеуге, пайдалануға, қолға алуға үйрену керек,— революционерге бірден-бір лайық міндет міне осы. Либералдық қонақ үй бөлмелерінде де, жай халық баратын шарапханада да соншалықты көп пыш-пыш сөз болып жүрген саяси кісі өлтірушіліктердің «үгіттік» ықпалы зор деп соц.-революционерлер көп мақтанады. Пролетариатқа саяси тәрбие беруді саяси *сенсация* жасаумен алмастырудың (немесе тіпті ең болмағанда толықтырудың) оларға түк қиындығы жоқ (олар, әйтеуір, белгілі бір тиянақты социалистік теорияның тар шеңберлі догмаларының қандайынан болса да аман ғой!). Белгілі бір ұйым «арнаулы мақсатпен» дайындай салған емес, қатынасушысы бұқараның өзі болатын сол бұқараның көңіл әуенінен туған оқиғаның *ғана* шын және елеулі «үгіттік» (толқытушылық), және тек толқытушылық қана емес, сонымен бірге (бұл бәрінен де маңызды) тәрбиелік ықпалы бола алады деп есептейміз. Біз былай ойлаймыз: патша өлтірушіліктің жүзі де,— өздерінің көкейтесті мүдделерін, саясаттың осы мүдделермен байланысын талқылайтын жиналыстарға ондаған мың жұмысшы халықтың бір рет қатынасуындай, пролетариаттың барған сайын жаңа «ұшан-теңіз»

жіктерін неғұрлым саналы өмірге, неғұрлым кең революциялық күреске іс жүзінде *көтеретін* күреске қатынасуындай еш уақытта да толқытушы және тәрбиелік ықпал жасай алмайды. Бізге үкіметтің берекесі қаша бастауы туралы айтады (Сипягин мырзаларды Плеве мырзалармен ауыстыруға және ең жексұрын сұрқияларды «іріктеп», қызметке алуға мәжбүр болған үкіметтің), ал біздің мынаған көзіміз жеткен: тіпті он сұрқия үшін бір революционерді *беру* — тек өз қатарыңның ғана берекесін қашыру деген сөз, ал біздің қатарымыз онсыз да сирек, сиректігі соншалық — жұмысшылардың олардан «сұрап отырған» жұмысының бәрін істеп үлгірмей жатыр. Біз былай ойлаймыз: күрес арқылы шын ұйымдасқан қалың бұқара үкіметті састырса, жұмысшы табының алдыңғы қатарлы адамдары қойған талаптардың заңдылығы көшедегі жұртқа айқын болса, тіпті «жуасыту» үшін шақырылатын әскердің бір бөлегіне де айқын бола бастаса, өкімет орындары ондаған мың халыққа қарсы әскери қимылдарды қолданбастан бұрын, бұл әскери қимылдардың неге әкеліп соқтыратынын анықтауға ешбір нақты мүмкіндігі болмай қобалжыса,— азамат соғысының майданында өлгендерді жұрт көріп, оларды өз жолдастарымыз, өз мүшелеріміз деп біліп, жауға өшпенділігін күшейте түсіп, ол жаумен неғұрлым батыл шайқасуға бекінетін болса,— осындай, тек осындай оқиғалар ғана шын мәнінде үкіметтің берекесін қашырғандық болып табылады. Сөйтіп бұл арада жеке сұрқия емес, бүкіл осы заманғы құрылыс халықтың жауы болып шығады; қандай да болсын халық көтерілістерін әрқашан толықтырып, аяқтап шығатын жандармдар мен соттарды былай қойғанда, жергілікті және Петербург өкімет орындары, полиция, казактар, әскерлер сол халыққа қарсы шүйіледі.

Иә, көтерілістер. Алыс провинциялық қаладағы бұл қозғалыс, сірә, стачкалық қозғалыс болуы керек; бұл қозғалыстың басы «нағыз» көтерілістен қаншама алыс жатқанымен, оның жалғасы мен соңы нақ көтеріліс туралы еріксіз ой тудырады. Стачка жасауға сылтаудың күнделікті болып тұратыны, жұмысшылардың қойған талаптарының ұсақ сипатта болуы темір жол жұмысшы-

ларының күресін бірден-ақ өзінің ортақ ісі деп білген пролетариаттың қуатты ынтымақ күшін де, пролетариаттың саяси идеяларды, саяси уағызды ұғынғыштығын да, барлық саналы жұмысшылардың ең керекті, ортақ игілігі болып алған еркін өмір, еркін даму праволарын әскермен ашық шайқаста кеудесін тосеп қорғауға әзірлігін де өте айқын көрсетеді. Сондықтан Дон комитетінің біз төменде толық келтірген прокламациясында: Ростов стачкасы орыс жұмысшыларының саяси бостандықты талап етіп, жаппай өрлеуге бет алғандығының бір белгісі деп «барлық азаматтарға» айтуы мың мәртебе дұрыс[29]. Осы сияқты оқиғалардан біз іс жүзінде мынаны айқын көреміз: бүкіл халықтың самодержавиелік үкіметке қарсы қарулы көтерілісі революционерлердің ойындағы және программаларындағы идея ретінде ғана емес, сонымен бірге қозғалыстың өзінің болмай қоймайтын, практикалық-табиғи, *келесі* қадамы ретінде, бұқараның артып отырған ызасының, молығып отырған тәжірибесінің, өсіп отырған батылдығының нәтижесі ретінде де пісіп жетілуде; ал бұл бұқара орыстың өмір шындығынан соншама бағалы сабақ, сондайлық тамаша тәрбие алып отыр.

Болмай қоймайтын және табиғи қадам, дедім мен,— мұны айтумен бірге мынаны ескертуге асығамын: *егер* біз өзімізге таяу тұрған, төніп тұрған міндеттен — көтеріліске шығып жатқан осы бұқараның батыл, бірауызды көтерілуіне көмектесу, оларға өкеу емес, ондаған көше шешендері мен басшылар беру, ұстатпайтын адамдарды жіберетін (егер жіберсе) «жауынгерлік ұйым» дейтінді емес, бұқараға бағыт сілтеуге қабілетті нағыз жауынгерлік ұйымды құру міндетінен бір адым ауытқымасақ *қана* осылай болады. Несін айтасыз, бұл — қиын міндет, бірақ біз Маркстің соңғы уақытта соншама жиі, соншама сәтсіз келтіріліп жүрген сөздерін сәл өзгертіп, былай деуге толық праволымыз: «*нағыз* қозғалыстың әрбір қадамы» жеке қастандық жасаулар мен тойтарыстардың «бір дюжинасынан маңыздырақ», бірыңғай-интеллигенттік ұйымдар мен «партиялардың» жүзінен маңыздырақ [30].

Соңғы уақыттағы саяси фактілерден демонстранттарды каторгаға жіберуге үкім шығару Ростов шайқасымен қатар бірінші орынға қойылады. Үкімет дүре соғудан каторгаға жіберуге дейін қолданып, барынша қорқытуға ұйғарды. Оған жұмысшылар тамаша жауап берді, олардың соттағы сөздерін біз төменде келтіріп отырмыз[31], бұрынғы бағытпен одан әрі жұмыс істеуге ынталандыру мақсатын емес, аты шулы жеке тойтарысты уағыздау мақсатын көздеп, демонстрациялардың күдер үздірерлік ықпалы жөнінде даурығып шу көтергендердің бәрі үшін бұл жауап — ғибрат боларлық жауап! Бұл сөздер — Ростов оқиғалары сияқты оқиғалар жөнінде пролетариаттың қалың ортасынан шыққан тамаша түсінік сөздер, сонымен бірге, қозғалыстың «шын» қадам басуы жолындағы ұзақ, қиын жұмысқа шексіз сергектік енгізетін тамаша мәлімдеме («жұрт алдында бой көрсеткендік», дер едім мен, егер бұл — арнаулы полицейлік термин болмаса). Бұл сөздердің тамаша жері сол — бұларда қазіргі қоғамда жұмысшылардың «езілушілігінің, қайыршылығынын, құлдығының, кемсітілуінің, қаналуының» күнбе-күнгі, *он миллиондап, жүз миллиондап* қайталанатын фактілерінен олардың санасезімі оянуына, олардың «ызасы» артуына, бұл ызаның революциялық жолмен жарыққа шығуына қалай көшкендікті дәлме-дәл анық, түсінікті суреттейді (мен Нижегород жұмысшыларының сөздерін сипаттау үшін қолдануыма *тура келген* сөздерді тырнақшаға алдым, өйткені бұл — «Капиталдың» бірінші томының соңғы беттерінен алынған Маркстің ең әйгілі сөздері, бұл сөздерді бекерге шығармақ болып, соц.-демократтар өтірік айтады деп әйгілемек болып «сыншылар», оппортунистер, ревизионистер және т. с. сонша көп шу көтеріп, сәтсіз әрекеттер істеп бақты[32]).

Бұл сөздерді өздерінің кемелдену дәрежесі жағынан әсте де алдыңғы қатарлы емес, қарапайым жұмысшылар айтқандықтан, тіпті қандай да болсын ұйымның мүшелері ретінде емес, жұрт ортасынан шыққан адамдар ретінде айтқандықтан ғана, олар өздерінің жеке бастарының сеніміне емес, Россиядағы әрбір пролетардың немесе жартылай пролетардың тұрмысынан алынған

фактілерге сүйенгендіктен ғана, олардың: «міне сондықтан да самодержавиелік үкіметке қарсы демонстрацияға біз сапалы түрде шықтық» деген қорытындысы сергітерлік әсер етеді. Оларды бұл қорытындыға келтірген фактілердің күнделіктілігі және «бұқаралық түрделігі» мынаның кепілі: егер біз оларга үздіксіз, принципті ұстамды және барлық жағынан бірдей революциялық (социал-демократиялық) ықпалды жалгастырып, кеңейтіп, ныгайта білсек, мыңдаған, он мыңдаған, жүз мыңдаган адам осы қорытындыға келе алады және осы қорытындыға келмей қоймайды. Біз бостандықтың лебін сезген екенбіз — енді саяси және экономикалық құлдыққа қарсы күрескеніміз үшін каторгаға баруға әзірміз,— деді Нижегородтың төрт жұмысшысы. Саяси жиын бостандығын өздеріне бірнеше күнге ұрыспен жеңіп ала отырып, қарусыз жұртқа жасалған көптеген әскери шабуылдарды тойтара отырып, Ростовта мыңдаған адамдар: біз өлімге баруға әзірміз — деп бұлардың сөзін қайталағандай болды.

Көрер көзі, естір құлағы барларға біздің: осымен жеңесің деп айтуымыз ғана қалып отыр.

«Искра» № 29, 1 декабрь, 1902 ж. *«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр*

НИЖЕГОРОД ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ СОТТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗДЕРІНЕ АЛҒЫ СӨЗ

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Нижегород комитеті басып шығарған литографиялық листогынан Нижегород жұмысшыларының сөздерін көшіріп басып отырмыз. Бұл сөздерге қандай да бір қосымша жасау жұмысшылардың күйзелуі жөніндегі, олардың арасында ашу-ызаның өсуі және күреске әзірліктің күшеюі жөніндегі осынау қарапайым әңгіменің әсерін әлсірету ғана болар еді. Біздің ендігі парызымыз — бұл сөздерді ондаған мың орыс жұмысшыларының оқып шығуына барлық күшті жұмылдыру. Заломовтың, Быковтың, Самылиннің, Михайловтың және олардың жолдастарының сотта өздерінің «Самодержавие жойылсын» деген жауынгерлік ұрандарын ерлерше қорғаған өнегесі Россияның бүкіл жұмысшы табын барша халықтың бостандығы үшін, жарқын социалистік болашаққа ұмтылған үздіксіз жұмысшы қозғалысының бостандығы үшін нақ осындай ерлік әрі батыл күреске жігерлендіреді.

1902 ж. 25 ноябрьде (8 декабрьде) жазылған

1902 ж. 1 декабрьде «Искра» газетінің 29-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ОРТА МЕКТЕПТЕРДІҢ ОҚУШЫЛАРЫНА[33]

Оқушылардың жігерлі бастамасын шын жүректен құттықтай отырып, біз өз тарапымыздан оларға мынадай жолдастық кеңес береміз. Өз беттеріңмен білім алуды, өздеріңді кәміл сенімді, табанды әрі ұстамды социал-демократ етіп шығаруды өз ұйымдарыңның басты мақсаты етуге тырысыңдар. Осындай өте маңызды және керекті әзірлік жұмысын тікелей практикалық қызметтең мүмкіндігіне қарай неғұрлым қатаң бөлектеңдер. Майдандағы армияның қатарына кірерде (кірерден *бұрын* да) жергілікті және жалпы орыстық социал-демократиялық ұйымдармен ең тығыз (және ең астыртын) қатынас жасауға тырысыңдар, сөйтіп сендердің іске жалғыз-жарым кірісулеріңе тура келмесін, сендер бәрін қайтадан бастамай, бұрын істелген істі жалғастыра алатын болыңдар, бірден сапқа, қатарға тұрып, қозғалысты ілгері бастырып, оны жоғары сатыға көтере алатын болыңдар.

«Искра» № 29, 1 декабрь, 1902 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

«БОСТАНДЫҚ» ТОБЫ[34] ТУРАЛЫ

Алауыздықтарды байыбына барып талдауға «революционер-социалист» мырзалардың қалай қарайтыны мынадан көрінеді. «Не істеу керек?» деген кітапшасында Ленин «Бостандықты» ашық айтысқа шақырды, «революционерлердің ұйымы» *бұқара арасында жұмысты тарату, нығайту* үшін керек деген қағиданы теріске шығаруды ұсынды. Нақ сол кітапшада Надеждин мырзаға, теориялық жеңілтектіктің, программалық тұрақсыздықтың («революционер-социалист», ал сонымен бірге социал-демократ деп санасаң да болады!), революционизм мен «экономизм»[35] арасындағы, терроризм мен пролетариаттың тап күресі арасындағы тактикалық бұлтақтың күллі зияны мен лайықсыздығы толық түсіндірілді. Онда «Бостандық» *демагогияға дейін құлдырап отыр* деп тура атап көрсетілді және дәлелденді*. Надеждин мырза ашық айтыстан жалтарғанды артық көрді. Пердені көтеріп тастап, ашық ұрысқа шығудың орнына бұл ақсаусақ жауынгер ұйымдық дау-шардың тасасында тұрып әрекет еткенді артық көрді. «Жұмысшыларға арналған журналда» (??) «Бостандық» тобы өз көзқарастарын түсіндірмей, «бұқараны» «революционерлер ұйымына» айдап салып, «Искра» «экономизмнің»[36] «сау тамырына» балта шабады деп сендіріп, тек қана шыжылдайды. Мәселенің байыбына барып айтысу — тек интеллигенттердің ғана әуре-сарсаңы ғой. Ал «бұқара» үшін «коман-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 122—140-беттер. *Ред.*

дирлікке» қарсы күңкілдеу және «аш қарын мен әулие рух» туралы, «шегесі бар зиянды етік» туралы, «шошқалар мен мыс маңдайлар» туралы, «босаңсыған ми қалталары» туралы, «шошқаның тұмсығы мен танаулары» туралы, «түйгіштеу, тіс сындыру өнерлері» туралы және т. т. деген әзіл сөздер де жеткілікті. (Қараңыз: «Отклики», 30—55-беттер.) «Бұқаралық» әдебиетті біздің революционер-социалист және социалист-революционер мырзалар қара дүрсін алабажақ әдебиет дәрежесіне дейін төмендетіп, өздерінің осы еңбегі үшін олар барлық елеулі партиялық мәселелерде бытыраңқылық пен бұзықтық ұрығын себуге өздеріне право берілуін талап етеді. Программа — екі жақты бухгалтерия, тактика — екі жақты бухгалтерия, практикалық қызмет — демагогия,— міне сізге керек болса «революциялық-социалистік» «Бостандық» тобының бейнесі.

«Искра» № 30, 15 декабрь, 1902 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«БҮКІЛ РОССИЯ АЗАМАТТАРЫНА» ДЕГЕН ПРОКЛАМАЦИЯҒА КІРІСПЕ [37]

Дон комитетінің біз көшіріп басып отырған прокламациясы тамаша оқиғаларға қорытынды жасайды, бұларға жоғары дәрежеде айқын да дұрыс баға беріп, социал-демократия ешқашан жалықпай қайталайтын практикалық қорытындылар жасайды. Бұл прокламация 6500 дана болып басылып, декабрьде Россияның әр түрлі қалаларына жіберілген.

1902 ж. 20 декабрьде (1903 ж. 2 январьда) жазылған

1903 ж. 1 январьда «Искра» газетінің 31-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЭСЕРЛЕРГЕ ҚАРСЫ ЖАЗЫЛҒАН МАҚАЛАДАН ҮЗІНДІ

Социализмді жұмысшы қозғалысымен қосу (берік және шын революциялық қозғалыстың бұл *бірден-бір* кепілі) оңай іс емес, сондықтан оны белгілегенде әр түрлі ауытқудың қосарлана жүретініне таңқалуға болмайды — деп жаздық біз бұдан дәл екі жыл бұрын «Искраның» бірінші номерінің бірінші мақаласында *. Ал егер дұрыс жолды таңдап ала біліп, бірақ сол жолдағы міндеттерін дұрыс белгілемеген бағытқа (ағымға) қарсы күресу қажет болса, қандай да болсын тұтас және ой елегінен өткізілген социализмді жұмысшы қозғалысына қосуды ойға да алмайтын бағытқа қарсы күресу одан да гөрі қажет болып отыр. Әлеуметтік негізінен айрылған, қандай да болсын белгілі бір қоғамдық таппен ешқандай байланысы жоқ бұл бағыт өзінің ішкі дәрменсіздігін екпінінің күштілігімен, программаның «кеңдігімен», *яғни* мейлінше әр түрлі және қарама-қарсы программаларды,—нақ осы қасиеттерінің арқасында интеллигенцияға да, пролетариатқа да, шаруаларға да бірдей қолдануға болатын программаларды принципсіз ұштастырумен (деп оқыңыз) бүркеуге тырысады. Бұл арада en masse ** интеллигенцияның соңында, сол сияқты либералдық оппозицияның соңында ешқандай қоғамдық тапты көре алмайсыз (оның үстіне ескі орыс социализмі сын көзімен қарай алмаған, осы заманғы соц.-революционерлер де сын көзімен қарай алмай отыр-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 403-бет. *Ред.*
** — бұқара ішінде. *Ред.*

ған либералдық-халықшылдық бағыт өзін таптық емес деп жариялайды). Шаруаларға көзқарасты олардың тұрмысының негіздері туралы, олардың Россияның және бүкіл дүние жүзінің қоғамдық-экономикалық эволюциясындағы орны туралы «қаргыс атқан» мәселелерді ешбір шешпей-ақ белгілеуге болады, шаруа мәселесінің орныққан және жария болған шешімдерінің біреуіне де мүмкіндігінше қайшы келмейтіндей жалпылама революциялық және социалистік (бір қарағанда социалистік болып көрінетін) құрғақ сөздермен белгілеуге болады. Біресе ол, біресе бұл жерде күрес бұрқ ете түсіп жатқан, біз бастан өткеріп отырған қызу кезең осы күресті «сылтау етіп», оның барлық көріністеріне тілектестік қолдау көрсетумен және сәл тыныштық уақытында «жеке-дара тойтарысты» ойлап табумен тынып, барлық және қандай да болсын принципті мәселелерді орағытып өтуге мүмкіндік береді. Сонда сөзіне қарағанда өте революцияшыл, іс жүзіндегі көзқарастарына және революциялық таппен байланыстарына қарағанда мүлдем революцияшыл емес,— үкіметке шабуылының өткірлігі жағынан революцияшыл және сонымен бірге осы үкіметтің жалпы тактикасын дұрыс бағалауға және бұл тактикаға дұрыс жауап беруге мүлдем қабілетсіз бағыт келіп шығады. Шынында, мынаны көру қиын емес: барлық секірістері мен ауытқуларына қарамастан, қайсыбір жеке реттерде үкіметтің барлық абыржығанына қарамастан, жалпы және тұтас алғанда оның тактикасы оның өзін өзі қорғауының басты екі бағытын айқын білдіреді.

1902 ж. декабрьде жазылған

Бірінші рет 1939 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП КОМИТЕТТЕРІ МЕН ТОПТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ПАРТИЯЛЫҚ СЪЕЗГЕ ЖАСАЙТЫН БАЯНДАМАЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ


Ұйымдастыру комитеті[38] мүшелерінің бірі маған хат жазып, партияның II съезінде партиямыздың комитеттері мен топтары жасайтын баяндамалардағы жауап берілуі қажет болатын мәселелердің тізімін жіберуді сұрады. Төменде сондай мәселелердің жобалы тізімін келтіріп отырмын, бірақ бұл тізімнің ұзындығы жөнінде алдын ала біраз сөз айтпақпын. Баяндамалардың социал-демократиялық жұмыстың *барлық* салалары бойынша жасалуы *қажетті* екені, сондықтан мінсіз баяндаманың қамтитын мәселелерінің ұшы-қиыры жоқ болуы ықтимал екені өзінен-өзі түсінікті. Мұндай толық баяндамалар табыс етілуі мүмкін деп үміттенуге, әрине, болмайды. Солай бола тұрса да, мен мынаны өте маңызды және қажетті деп санаймын: Ұйымдастыру комитеті әрбір комитетті немесе топты съезд үшін қызықты (және керекті) мәселелердің *барлық көлемімен* таныстыруға тырысуы қажет. Біздің II съезіміз бірінші съезден де горі *құрылтайлық* сипат алады, сондықтан баяндамалардың неғұрлым толық және байыптырақ болуына барынша күш салу керек: әрбір топ баяндаманың мінсіз программасының неғұрлым үлкен *үлесін* атқарып шықса, біздің съезімізде барлық қозғалыс тұтас алғанда соғұрлым толығырақ, соғұрлым дәлірек баяндалады, съездің нәтижелері де соғұрлым баяндырақ болады.

Баяндамаларды съезден мүмкіндігінше көп уақыт бұрын әзірлей бастау керек, ол баяндамаларды комитет-

тер мен топтарда талқылай бастау керек, т. т. Бұл арада комитеттер мен топтардың, 1-ден, баяндаманы жазу жөніндегі жұмысты көптеген мүшелерге бөліп беруі; 2-ден, баяндаманың *әрбір* бөлімі біткеннен кейін *(барлық* баяндаманың бітуін күтпей-ақ) оның көшірмесін *дереу* шетелге, яғни қауіпсіз орынға жіберуі; 3-ден, олардың бұл жұмысқа қазіргі мүшелерді ғана емес, бұрынғы мүшелерді де, белсенді мүшелерді ғана емес, отставкадағы мүшелерді де, яғни айдауда және шетелде жүрген адамдарды да қатынастыруға тырысуы өте маңызды болар еді. Мұндай адамдарға не мәселелердің белгілі бір тобы жөнінде, не ол адамдар комитетте яки топта жұмыс істеген уақыттағы белгілі бір кезең жөнінде баяндама жазуды тапсыруға болады. Мұндай баяндамалар немесе баяндаманың бөлімдері делегаттардың съездегі міндетін өте-мөте жеңілдетер еді. Мына жағдай да өзінен-өзі түсінікті: делегаттар баяндаманың мәселелеріне көптеген жауаптар беретін партия әдебиетін де пайдаланулары керек, яғни бұл әдебиетті бірыңғай біріктіруге, оның ішіндегі ең маңыздыларының жиынтығын жасауға, қателерін түзетіп, толықтыруға, астыртын жұмыс жағдайлары, т. т. себепті басуға болмаған нәрселерді қосуға тырысулары керек (бұл жұмысқа да комитеттер мен топтардың уақытша шетелде жүрген бұрынғы мүшелерін тартудың үлкен маңызы бар). Астыртындық жөнінде мынаны қосымша айта кетелік: кейбір мәселелерге жауапты жазып беруге болмайды және жазылмауға тиіс, өйткені бұл — құпия сырды ашқандық болар еді. Дегенмен бұл мәселелерге берілетін жауаптар қалай да ойластырылуға, даярлануға, комитеттер мен топтарда талқылануға тиіс, өйткені партия съезінде бұл мәселелер жөнінде баяндама *міндетті түрде* жасалады (егер съезд in pleno * болмаса, онда айрықша комиссияның алдында, Орталық Комитеттің алдында және т. т.).

Есептерді әзірлеуге адамдарды мүмкіндігінше көбірек қатыстыру мақсатымен мәселелер *тізімінің өзін* (жеке комитеттердің, топтардың немесе жолдастардың қосым-

* — толық құрамында, пленумда. *Ред.*


К вопросу о докладах комитетов и групп Р.С.Д.Р.П. общепартийному съезду.

В. И. Лениннің
«РСДРП комитеттері мен топтарының жалпы партиялық съезге жасайтын баяндамалары туралы мәселе жөнінде» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1902 ж. декабрь — 1903 ж. январь

Кішірейтілген

шаларымен бірге) *мүмкіндігіне қарай кеңірек* таратқан қолайлы болар еді; ал социал-демократтардың қалың тобынан бұл мәселелер мен баяндамалардың екінші партия съезіне арналатындығы ғана жасырылуға тиіс.

Ақырында: қай кезең үшін есеп беру талап етіледі? — деген сұрау туады. Формальды айтқанда: I съезден II съезге дейінгі кезең үшін, яғни 1898 жылдан 1903 жылға дейін есеп беру керек. Бірақ бірінші съездің әрі толық болмағандығы, әрі қысқа мерзім ішінде, әрі өте қолайсыз жағдайларда өткендігі себепті баяндамаларда 1898 жылдан бұрынғы кезеңді де қамтыған жөн болар еді.

Бәлкім, тағы мынаны ескертіп өту артық болмас: баяндамада айтылуға тиісті мәселелердің барынша толық тізімінің болуып қозғалыстың тарихымен өте жақсы таныс немесе жалпы осы мәселелердің бәріне жауап беруге аса қабілетті жолдас съездегі ең жақсы делегат болып сапалады екен деп түсінуге әсте болмайды. Қозғалысты біріктіру үшін және оны күшті серпінмен алға бастыру үшін съездің практикалық маңызы болуға тиіс, сондықтан жаңа келгендігіне қарамастан өте жігерлі, ықпалды, өздерін революциялық жұмысқа барынша арнаған жолдастар ең жақсы делегат болуға тиіс. Ал баяндамаларды көп адамның еңбектерінен құрауға болады, мұның үстіне, кейбір реттерде делегат етіп бір адам емес, бірнеше адам жіберуге мүмкіндік болуы ықтимал: съезде әсіресе *жұмысшы делегаттардың көбірек* болуына мүмкіндік берген жақсы болар еді.

Енді сегіз бөлімге немесе топқа бөлінген мәселелердің тізімін келтіремін (жеке мәселелерді және топ-топ мәселелерді бөлудің өзі көбінесе шолуға қолайлы болуы үшін ғана істелген, өйткені барлық мәселелер өзара өте тығыз байланысты).

I. ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ, ОНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАЙЫ

1. Өнеркәсіптің жағдайлары мен жайының қысқаша сипаттамасы. Жергілікті (өнеркәсіптік, саудалық, майдагерлік және т. т., мүмкін, сондай-ақ егіншілік) пролетариаттың саны, құрамы, бөлінуі және басқа ерекшеліктері.

2. Жұмысшылар социалистік үгітпен қаншалықты кең қамтылған? Қандай аудандар? заводтар? фабрикалар? үйдегі жұмысшылар және басқалары. Қозғалыстың басталған уақытынан бері жұмысшылардың осы тобының ұлғаюын мүмкіндігінше толығырақ суреттеу керек.

3. Бұрын болған стачкалардың мүмкіндігінше неғұрлым толық тізімі және ірі деген әрбір стачканы толық суреттеу. Жиынтық мәліметтердің болғаны жөн.

4. Жұмысшылардың стачкадан басқа, бойкот жариялау және басқа коллективтік қимылы* сияқты көрнекті оқиғалар болды ма? Олар жөніндегі толық мәліметтер.

5. Қандай жұмысшы үйірмелері?— кассалар?— өздігінен білім алу қоғамдары?— жұмысшы ұйымдары?— кәсіпшілер одақтары? болды және қандайлары бар? Бұл сияқты барлық құрамаларды, олардың құрылу типін, олардың басым құрамын, санын, өмір сүру уақытын, қызмет атқару сипатын, бұл жөніндегі тәжірибенің нәтижелерін және т. т. мүмкіндігінше неғұрлым толық суреттеу.

6. Жария жұмысшы қоғамдарын құруға әрекет істелді ме? Мұндай әрбір әрекет туралы, оның нәтижелері, оның ықпалы, оның тағдыры, оның қазіргі жайы және маңызы туралы толық мәлімет келтіру. Зубатовшылдық қоғамдар туралы да осыны істеу. Жария қоғамдарды социал-демократияның мақсатына пайдалану тәжірибелері болды ма?

7. Қазіргі дағдарыстың әсері? Оны көбінесе жұмыс-

* коллективтік арыздар? жұртшылық жиналыстары? жұрт алдында «қыр көрсетуге» қатынасу? және басқалары, т. т.

шылардың мәліметтері бойынша сипаттау. Жұмыссыздар, олардың көңіл күйі, олардың арасындағы үгіт және т. т.

II. ЖЕРГІЛІКТІ СОЦИАЛИСТІК ҮЙІРМЕЛЕРДІҢ ТАРИХЫ, СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ, ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕГІ БАҒЫТТАРДЫҢ КҮРЕСІ

8. Социал-демократтар пайда болған кезде ескі социалистік ұйымдардан белгі қалды ма? Қалса ол белгілердің мәні қандай болды және қалай әсер етті? Жұмысшы табының ішінде насихат пен үгітті қашан, кім бастады? Халық ерікшілері? Олардың социал-демократтарға көзқарасы?

9. Жеке социал-демократтар немесе социал-демократиялық үйірмелер қашан, қандай жағдайда пайда болды? *Әрбір* үйірмені (осы программаға лайықтап), оның маңызын және кейінгі үйірмелерге ықпалын мүмкіндігінше неғұрлым толық суреттеу керек.

10. Жергілікті үйірмелерде социал-демократиялық көзқарастар қалай қалыптасып, дамыды? Басқа (қалалардың) жерлердің ықпалы?— шетел әдебиетінің ықпалы?— жария маркстік әдебиеттің (және «марксизм сынының») ықпалы? Біріншісінің, екіншісінің және үшіншісінің ықпалын мүмкіндігінше толығырақ суреттеу керек.

11. Социал-демократтардың ішіндегі алауыздықтар. 1898 ж. Манифест [39] шыққанға дейін бұл алауыздықтар болды ма? Бұл алауыздықтар атап айтқанда неден көрінді? Олар жайында документтер қалған жоқ па? Манифест қалай қарсы алынды? Оған кімнің тарапынан және нақ қандай қарсылықтар немесе наразылықтар туды? «Экономистік» көзқарас дейтіндер нақ қалай пайда болды? ол көзқарастар қалай дамып, қалай тарады? Жергілікті қозғалыстағы әрбір экономикалық «кезең» жөнінде мұны дәлірек және документті түрде суреттеу өте маңызды. Әр түрлі партия органдарына — «Рабочая Газетаға» [40] (1897 ж.), шетелдік «Работникке» және оның «Листоктарына» [41], «Рабочая Мысльға», «Рабочее Делоға», «Искраға», «Заряға» , «Борьбаға», «Жизньге»[42] және тағысын тағы, тағы басқаларына баға беру-

дегі және олардың жақтаушыларының күресіндегі алауыздықтар қандай болды?

11 *bis*. Социал-демократтар ішінде жұмысшылар мен «интеллигенцияның» арасында жікке бөліну және ұрыс-керіс болды ма? Олардың себебі мен ықпалын анықтау өте маңызды.

12. Жергілікті үйірмелерде бағыттардың күресі нақ қалай жүргізілді? Тек социал-демократ интеллигенттердің ғана арасында ма? — немесе жұмысшылардың арасында да ма? — студенттердің араласып жүрген топтарының арасында да ма? — жікке бөліну белгілері болды ма? — сепараттық топтар құру әрекеті болды ма? — бұл күрес жалпы принципті мәселелерге бола өрші ме? — әлде листоктардың мазмұнына бола ма? — демонстрациялар туралы мәселеге бола ма? — студенттер қозғалысына көзқарас туралы мәселеге бола ма? — май талаптары туралы мәселеге бола ма?

Бағыттардың күресінің барысы, зардабы және бұл жөнінде істің қазіргі жағдайы неғұрлым егжей-тегжейлі баяндалсын.

III. ЖЕРГІЛІКТІ КОМИТЕТТІҢ, ЖЕРГІЛІКТІ ТОПТАР МЕН ҮЙІРМЕЛЕРДІҢ ҰЙЫМДАСУЫ

13. Комитеттің (resp. * топтың, үйірменің, егер бұлар көп болса, әрқайсысының жеке-жеке) басым құрамы? — студенттер ме? — жұмысшылар ма? Сайлаумен толықтырыла ма (атап айтқанда қалай?) немесе басқаша толықтырыла ма? Айрықша интеллигенттер және жұмысшылар комитеті бар ма? айрықша техникалық, насихаттық, үгіттік топтар бар ма? әдеби, орталық, аудандық, жергілікті, атқарушы топтар бар ма? олардың «устав» бойынша (егер ондайы бар болса) және іс жүзіндегі өзара қарым-қатынастары? Жалпы жиналыстар, олардың қарайтын істері, жиілігі, көлемі? Басқа қалалармен және шетелмен қатынастың ұйымдастырылуы (яғни айрықша адамдар, топтар немесе топтан тыс тұрған-

* respective — немесе. *Ред.*

дар және т. с.)? Әдебиетті бөлу ісінің ұйымдастырылуы? Жүріп тұру ісінің ұйымдастырылуы?

Ұйымдастыру жөніндегі тәжірибенің қорытындылары және ұйымдастыру принциптеріне комитеттердегі, интеллигенттердегі, жұмысшылардағы басым көзқарастар?

Айрықша интеллигенттік және жұмысшы (заводтық, қолөнершілік және т. т.) комитеттердің құрылған себептері мен *нәтижелерін* толық анықтау өте маңызды.

14. Жұмыстың көршілес және басқа жерлерге таралуы? Ол қандай формада болды: ұйымдық жағынан ба, әлде кездейсоқ па? *Аудандық* ұйымдар құруға немесе оларға қатынасуға әрекет істелді ме?

Басқа жерлермен байланыстардың сипаты.

Аудандық ұйымдардың құрылу және қызмет ету тарихы. Орталық аудандық комитеттің құрамы? жергілікті комитеттерге көзқарас? ақша жинау? аудандық кассалар? әдебиет қоймалары? Жұмыстың көлеміне, оның тұрақтылығына аудандық ұйымдардың ықпалы, комитеттер арасындағы байланыс және басқалары, т. т.

15. Комитеттің қаражаты? Құрылғаннан бергі уақыттың ішіндегі кірістер мен шығындар туралы жиынтық мәліметтер (егер бар болса, есептер бойынша)? Кәдімгі және орта бюджет, қаражат көздерінің сипаты, жұмысшылардан жиналатын қаражат, мүшелерге салық салу, әдебиетке ақы төлеу, сауық кештер, қаражат жинау және т. т. (бұл жөнінде «Освобожденниенің» және социалист-революционерлердің ықпалы).

Шығындардың мөлшері мен сипаты: техника? адамдарға ақыға жұмсалатын шығындар? ел аралау? және басқалары.

IV. ЖЕРГІЛІКТІ ЖҰМЫСТЫҢ СИПАТЫ, МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ КЕҢДІГІ

16. Насихат. Насихатшылардың (үйірмелердің) құрамы, олардың саны, қызмет ету түрі? Олардың арасында жұмысшылар бар ма? Студенттер басым ба? Неғұрлым тәжірибелі жолдастар бақылай ма, бағыт сілтей ме? Лекциялардың дағдылы программалары және олар-

дың уақытқа қарай өзгертілуі? Жұмысшылардың құлақ қойғыштығы және олардың белгілі бір пәндер жөніндегі талап-тілектері? Референттерді жақсы рефераттармен әр түрлі қалаларға, әр түрлі аудандарға және т. т. жіберу тәжірибесі бар ма? Рефераттар оқу үшін шақырылатын жиналыстардың құрамы мен саны, жиілігі мен жағдайы?

17. Экономикалық үгіт. Листоктарды шығару қашаннан бері басталды? Барлық шығарылған листоктардың санын және неше дана екенін (шамамен?) есептеуге бола ма? Бұл үгітпен қандай аудандар, заводтар, еңбек салалары қамтылды? Листоктарды жазудың және бекітудің тәртібі? Бұған жұмысшылардың қатысуы? Басып шығару және *т а р а т у* техникасы? Жұртқа таратып беруші жұмысшылар бар ма? Листоктар жөніндегі тілек қаншалықты қанағаттандырылады?

18. Саяси үгіт. Экономикалық үгіттен саяси үгітке көшу? ол қашан басталды? қарсылықтар болды ма? бірінші саяси листоктар қашан шықты? *бір ғана* экономикалық листоктар шығарылған кез болды ма? мәселенің қойылысы және саяси үгіттің дәлелдері? Листоктардың сипаты жағынан да, таратылу салалары жағынан да үгіттің кеңеюін мүмкіндігінше толығырақ суреттеу керек. Документтер болғаны жөн, өйткені саяси үгіттің *барлық жағдайларын* және оның барлық салаларын білу маңызды. Тек жұмысшылардың арасында ғана жүргізілді ме немесе басқа таптардың арасында да (төмендегімен салыстырыңыз) жүргізілді ме? Листоктарды жазудың тәсілдері мен тәртібі, оларға деген сұраным, олар қаншалықты қанағаттандырылады? Жергілікті листоктар көбірек керек пе әлде жалпы листоктар көбірек керек пе?

19. Әдебиет. Қандай астыртын басылымдар таратылады? Оларды тізіп шығу керек, таратылу дәрежесін, комитеттің және жұмысшылардың (resp. жалпы жұрттың) *әрбір* басылымға (кітапшаға және басқаларына) көзқарасын, таратылу уақытын көрсету керек, қандай жіктер көбінесе қандай әдебиетті керексінеді?

Үлестіру, шашып тарату, үйірмелерде бірігіп оқу? Қандай нәрселер интеллигенцияның түсіндіруін керек

қылды? — оқи отырып түсіндіру көп қолданыла ма? — нақ қандай шығармалар жөнінде осылай етіледі?

20. Жергілкті және жалпы партиялық органдар. Жергілікті органның тарихы: шығуының жиілігі? неше дана? әдебиет бөлімі қандай жағдайда болды? материалдардың жиналуы және сақталуы (жоғалуы?)? Жергілікті және жалпы органдарға қатысу ісінің ұйымдастырылуы? айрықша әдебиет топтары? «репортерлер»? әдебиетшілер арасындағы байланыстар? Хат-хабарларды жіберу әдістері? — комитет арқылы ма? жеке адамдар арқылы ма және кең түрде ме? Студенттерді пайдалану әрекеттері? айдаудағыларды пайдалану әрекеттері? Органдар жөніндегі қорытындылар мен тілектер.

21. Маевкалар. Әрбір маевканың тарихы және болашаққа қалдырған сабақтары.

22. Демонстрациялар. Әрбір демонстрация жөніндегі мәліметтердің жинағы. Жалпы демонстрация ұйымдастыру әрекеттері? — атап айтқанда тойтарыс беру әрекеттері? — қарулану әрекеттері? Бұл жөнінде жұмысшылардың және жалпы «практиктердің» көзқарастары? Демонстрациялар туралы партия әдебиетін толықтыру және тексеру.

Бұл мәселеге қазіргі кездегі көзқарас.

V. БАСҚА НӘСІЛДЕР МЕН ҰЛТТАРДЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ (ӘСІРЕСЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ) ТОПТАРЫНА КӨЗҚАРАС

23. Басқа ұлттар мен нәсілдердің жұмысшылары бар ма? Олардың арасындағы жұмыс? ұйымдасқан түрде жүргізіле ме немесе кездейсоқ па? қай тілде? Жанында басқа тілде жұмыс істейтін социал-демократ топтарына көзқарас? Бұл көзқарасты дәл және толық сипаттаған жөн. Алауыздықтар бар ма? — ұлтшылдық программа туралы принципті мәселе жөнінде ме? — тактикалық алауыздықтар? — ұйымдық алауыздықтар? Бірлесіп жұмыс істеу үшін керекті қатынастар. Партиялық *бір* органның болу мүмкіндігі? Федерация, қолайлы ма және қандай типті федерация қолайлы?

VI. БАСПАХАНАЛАР, ТРАНСПОРТТАР ЖӘНЕ ЖҰМЫСТЫҢ АСТЫРТЫН ЖАБДЫҚТАРЫ

24. Баспаханалар. Олардың құрылу тәжірибесі. Ақша шығындары және адам қажеттігі. Өнімділік. Көптеген қалалар үшін жергілікті баспаханалардың (листоктар басуға?) және жалпы баспаханалардың керектігі? Бұл істің техникалық, ұйымдық, финанстық, астыртын жақтары.

25. Транспорттар. Бұл жағынан байланыс болды ма? — кәсіпорындар? — олардың әрқайсысының тарихы және істің жолға қойылуы, барысы, нәтижелері, болашағы туралы толық мәліметтер. Қалай ұйымдастырылуы қажет.

26. Астыртын жолға қою. Астыртын пәтерлер? Белгілер? Жария еместері бар ма? — паспорттардың жеткізілуі? — бұл жөніндегі тәжірибе? — бұл үшін байланыс бар ма?

Жолығысуды ұйымдастыру?

Тыңшыларды аңду? Тыңшылар мен арандатушыларға қарсы күрес? Оның формалары, бұрынғы және керекті формалары?

Шифрлар. Қалалар арасында, қала ішінде, шетелдермен хат-хабар алысу?

«Тергеуде өзіңді қалай ұстау керек» деген мәселе жөніндегі оқу? Осындай және осы сияқты кітапшалардың керегі бар ма?

Комитеттің архивтері? Бұрын болды ма және сақталды ма? қазір ше?

VII. ХАЛЫҚТЫҢ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНАН БАСҚА ЖІКТЕРІНДЕГІ БАЙЛАНЫСТАР МЕН ЖҰМЫСТАР

27. Шаруалар арасындағы жұмыс? Жеке байланыстар бар ма? — ол байланыстар туралы толық мәліметтер? — байланыс қалай басталды және қалай жасалып отыр, қандай шаруалармен? — ауыл шаруашылық жұмысшыларымен? Деревняға кетіп жатқан жұмысшылардың ролі?

Насихаттау әрекеттері? — кітапшалар тарату әрекеттері? — листоктар тарату әрекеттері? — нақ қандайларын, нәтижесі қандай?

Қазіргі жағдайы және болашағы.

28. Студенттер. Кездейсоқ және жеке ықпал ма немесе ұйымдасқан ықпал ма? Студенттер арасынан социал-демократ көп шыға ма? Студенттердің үйірмелерімен, жерлестердің ұйымдарымен, одақтық советтермен байланыс бар ма? Бұл қатынастар қалай жүргізіледі? — әдебиет оқу? — әдебиет тарату? Студенттер арасындағы басым көңіл күйі және әр түрлі көңіл күйлерінің ауысу тарихы.

Студенттердің толқуларына көзқарас?

Студенттердің демонстрацияларға қатысуы? Бұл жайында күні бұрын келісім қою әрекеттері?

Насихатшы студенттер, оларды даярлау?

29. Орта оқу орындары, гимназиялар, семинариялар және басқалары, сауда және коммерция училищелері? Оқушылармен байланыстың сипаты? Олардың арасында қозғалыстың өрлеуінің жаңа кезеңіне көзқарас? Үйірмелер ашу, сабақ өткізу әрекеттері? Оқуды жаңа ғана бітірген (немесе бітірмеген) гимназистерден социал-демократтар болды ма (және жиі ме)? Үйірмелер, әдебиет оқу? әдебиет тарату?

30. «Қоғаммен» байланыс? Бұрын болды ма, қазір бар ма? қандай жіктердің арасында? Ақша жинау негізінде ме? — әдебиет тарату негізінде ме? — жария кітапханалар ашу үшін бе? — деректер мен хат-хабарлар жинау үшін бе? «Қоғамның» социал-демократтарға көзқарасындағы өзгерістер? Социал-демократиялық әдебиетті керексіну? Байланыстар: чиновниктер дүниесіндегі? почта-телеграф, темір жол қызметшілері арасындағы? фабрика инспекциясы арасындағы? полиция қызметшілері арасындағы? — дін қызметшілері арасындағы? және т. б.?

Комитеттің жеке мүшелерінің әр түрлі жіктердегі жеке байланыстарының тәжірибесімен де таныстырған жөн.

31. Әскери қызметкерлер арасындағы байланыс? Әскер міндетін атқарған интеллигенттер мен жұмысшы

социал-демократтардың ролі? Офицерлер мен төменгі шендегілердің арасындағы байланыстар? Бұл байланыстар қалай жүзеге асырылады және қалай пайдаланылады? Бұл байланыстардың үгіттік, насихаттық, ұйымдық және басқа қатынастардағы маңызы.

Мәселе тың болғандықтан және көптеген бытыраңқы шараларды қорытып, байланыстыру керек болғандықтан, бұл мәселе жөнінде де, бұдан бұрынғы мәселелер жөнінде де өте-мөте толық мәліметтер болғаны жөн.

VIII. СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЕМЕС РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ОППОЗИЦИЯЛЫҚ АҒЫМДАРДЫҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ ОЛАРҒА КӨЗҚАРАС

32. Либералдық бағыттар. Либералдық-халықшылдық бағыттар. Қоғам ішінде? — студенттер арасында? «Освобождение», оның таратылуы (студенттер арасында? жұмысшылар арасында?) және ықпалы? «Освобождениешілдердің» үйірмелері бар ма? Олардың социал-демократтарға көзқарасы.

Социал-демократиялық топтарда «Освобождениеге» назар аударушылық және оған көзқарас. Насихат пен үгіт үшін пайдаланыла ма?

Айтыс болатын жалпы жиналыстар?

33. Социалист-революционерлер. Олардың белгілі бір жерде пайда болуының толық тарихы? — қашан? — халық ерікшілерінен бе? — социалист-революционерлікке көшуі? — «экономизмнің» ықпалы? Олардың байланыстарының және үйірмелерінің сипаты мен құрамы?—ардагерлер? — студенттер? — жұмысшылар? Социал-демократтармен күрес, ол күрестің барысы және жүргізілу әдістері?

Социал-демократтар мен социалист-революционерлердің біріккен топтары. Олардың толық тарихы, жұмысы туралы, *листоктар,* топтардың қарарлары және басқалары туралы мәліметтер.

Социалист-революционерлердің әлсіздігінің немесе күштілігінің айрықша жағдайлары? Террормен әуестену — студенттер арасында? — жұмысшылар ортасында?

Социалист-революционерлердің шаруалар арасындағы жұмысы? Олардың ондағы байланыстарының және жұмысының сипаты? Олардың «аграрлық программасының» ықпалы?

34. Қалған топтар мен бағыттар. «Свобода», «Россияның саяси азаттығының жұмысшы партиясы», махайшылдар [43], рабоче-знамяшылдар [44] және т. т. Көзқарастардың сипаттамасы, социал-демократтарға көзқарас, олардың байланыстары және жұмысы туралы мәліметтер.

1902 ж. декабрьде — 1903 ж. январьда жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГТЕГІ МОСКВАЛЫҚ ЗУБАТОВШЫЛДАР

«Московские Ведомостиде»[45] (№ 345, 1902 ж. 15 декабрь) жұмысшы Ф. А. Слепевтың «Басып шығарушыға хаты» басылды, бұл хатты біз төменде *толық* көшіріп басып отырмыз. Біріншіден, біз өзіміздің аса ардақты «қаламдас әріптесімізді», «Московские Ведомостидің» редакторы, осынша қызықты документті басып шығарып отырған Грингмут мырзаны демегіміз келеді. Ал Грингмут мырза демеуді, сөзсіз, керек етіп отыр, өйткені революциялық үгіт үшін материал жеткізу (және жазу) жөніндегі оның аса пайдалы қызметі соңғы кезде біраз әлсіреп, көмескіленіңкіреп қалды... албырттығы азайып кетті. Көбірек тырысу керек, әріптес! Екіншіден, қазіргі кезде Петербург жұмысшыларына өте қажет нәрсе: зубатовшылдықтың әрбір қадамын аңду, тыңшылармен ауыз жаласқан жұмысшылардың бұрынғы, қазіргі және болашақ генералдармен, бекзада ханымдармен, «нағыз орыс» интеллигенттерімен қалай әңгімелесетіні жайындағы деректерді ұдайы жинастырып, кең тарату, барша жұртқа және әрбір адамға неғұрлым толық түсіндіру болып отыр.

Ол хат мынау; бұған біз жақшаға алып кейбір ескертулер жазып отырмыз:

«Қайырымды тақсыр. Нағыз орыс адамдары қадірлейтін «Московские Ведомостиде» мынаны басып шығаруды мүмкін деп таппас па екенсіз:

Үстіміздегі айдың 10-ы күні Петербургте, «Орыс жиыны» үйінде, аталған «Орыс жиыны» советі мүшеле-

рінің мәжілісі болды, мәжіліс тек завод-фабрикалардағы орыс жұмысшыларының тұрмысына қатысы бар мәселелерге ғана арналды.— Петербург қоғамының неғұрлым көрнекті өкілдерінен мына адамдар болды: Варшава генерал-губернаторының бұрынғы көмекшісі генерал К. В. Комаров, бақылаушы-генерал А. В. Васильев, полковник А. П. Веретенников, граф Апраксин, Киевтің бұрынғы генерал-губернаторы, граф А. П. Игнатьев, граф П. А. Голенищев-Кутузов, генерал Забудский, адмирал Назимов, Николай Вячеславич фон-Плеве, Халық ағарту министрлігінің жанындағы советтің мүшесі И. П. Хрущов, Бас штабтың профессоры Золотарев, В. С. Кривенко, граф Н. Ф. Гейден, генерал Демьяненков, протоиерей Орнатский және шіркеудің басқа да өкілдері; сондай-ақ Петербург ақсүйектер қоғамының ханымдары, сол сияқты қала басқармасынан — қала бастығы Лелянов және басқарма мүшесі Дехтерев болды. Баспасөз өкілдерінен — «Светтің» редакторы В. В. Комаров, «Русский Вестниктің» редакторы В. Л. Величко, «Новое Времяның» қызметкері Сыромятников, «Правительственный Вестниктің» бұрынғы редакторы К. К. Случевский, «Осколки» журналының редактор-шығарушысы Лейкин, суретші Каразин және басқалар болды.— Мәжіліс завод-фабрика өнеркәсібі жұмысшыларының жағдайы жөніндегі баяндаманы оқудан басталды, баяндаманы жұмысшы И. С. Соколов оқыды (бұл туралы «Искраның» 30-нөмерінен қараңыз, онда, «Светтің» сөздерінен алынып, Петербургтің зубатовшыл-жұмысшыларының тізімі неғұрлым толық берілген. *Ред.*[46]). Баяндамашы көбінесе өнеркәсіпті қалалардағы жұмысшы табының қазіргі жағдайын, олардың материалдық және рухани мұқтаждықтарын, олардың білімге деген талпынысын анықтады, т. т. (Соколов мырзаның баяндамасының басылмағаны өкінішті-ақ! Жұмысшылардың білімге деген талпынысын полицияның қуғынға ұшыратып отырғанын айтпағанның өзінде, бұл талпынысты оның қалай «анықтағанын» көрер ме едік. *Ред.)*. Одан соң Москва жұмысшыларының өкілдері (Москва охранка бөлімінің өкілдері деп айтқан дұрысырақ болмас па еді? Питерге Сіз өзіңіздің жолдастарыңызбен бірге поли-

цияның ақшасымен барып келген жоқсыз ба, Слепов мырза? *Ред.)*, олардың ішінде мен де болдым, «Орыс жиынының» мәжілісіне қатысып, құрметті жиынға Москваның жұмысшылар дүниесіндегі істердің жағдайы туралы баяндама жасау құрметіне ие болдық. Өзіміздің баяндамамызда біз, ең алдымен, орыс жұмысшыларының өкілдеріне Россия жұмысшы табының қазіргі кездегі жағдайын анықтауға рұқсат бергендері үшін «Орыс жиынының» мүшелеріне орыс жұмысшыларының атынан зор алғыс айттық. Одан соң біз орыстың жоғары қауымының өкілдерінен орыс жұмысшыларының білім алуына дұрыс көңіл бөлуді сұрадық (не айтқаныңыз! Жұмысшы білімді нақ осы жоғары таптардан күтуі керек — қамшының күшімен шығар, сірә! *Ред.*), жұмысшыларға білім беру өте қанағаттанғысыз халде, мұны арам ойлы адамдар социалистік насихат жүргізу үшін тиімді пайдаланып жүр (егер *социалистерге* білімнің кемдігі тиімді болса, онда бұл *үкімет* жұмысшыларға арналған мектептерді неге жабады, оқу үйлерін неге жабады? осы арасы үйлеспей жатыр, Слепов мырза! *Ред.*), сөйтіп тек жұмысшыларға ғана емес, сонымен қатар бүкіл Орыс Мемлекетіне зиян тигізіп отыр.— Біз бұдан соң жұмысшылардың еңсесін басып отырған мұқтаждықтан құтылуда соншалықты зор маңызы бар өзара жәрдем кассаларын құру үшін Москва жұмысшыларының біртұтас семья болып бірігу жөніндегі пікірін москвалық фабриканттар мен завод иелерінің қостамай отырғанына құрметті жиынның назарын аударуға тырысып бақтық. Осыған байланысты біз құрметті жиынның мүшелерінен жұмысшылардың өзара жәрдем кассаларына кредит беру мәселесін үкімет алдына қоюды өтіндік («Искраның» 29-нөмерінен Нижегород жұмысшысы Самылиннің экономикалық үйірмеге қатысқаны үшін өзін қалай қамауға алғаны туралы сотта сөйлеген сөзін қараңыз. Міне сізге білім, міне сізге кассалар! *Ред.)*. Әрине, жұмысшылардың материалдық мұқтаждығын өтеуге жәрдемдесу олардың арасындағы арам ойлы насихатқа жол бермеудің ең жақсы әдісі болар еді (Слепов мырза — фамилияның сәтімен табылғанын қараңызшы! — саналы жұмысшы жартымсыз қайыр-сада-

қаға бола бостандыққа ұмтылудан бас тартады деп шынымен ойлай ма екен? Ал санасы төмен, қараңғы *бұқараның* «материалдық мұқтаждығын өтеуге жәрдемдесу» зубатовшылдардың тіпті ең жоғары дәрежелі қамқоршыларының да қолынан келмейді, өйткені мұндай жәрдем көрсету үшін ең алдымен бұқараны тонауға негізделіп отырған бүкіл қоғамдық құрылысты өзгерту керек. *Ред.*).— Жұмысшылардың бұл жалған *«қамқоршылары»* әдетте: тұрмысты біз тек бүлік шығару, ашуыза білдіру, өкіметке қарсылық көрсету, т. б. арқылы ғана жақсарта аламыз, дейді. Біздің сорымызға, бұл сияқты айдап салу әрекеті кейде нәтижелі болып жүр, мұны жұрттың бәрі біледі. Жұмысшылардың тұрмысын бейбіт жолмен жақсарту үгітшілердің жолын бөгейтін ең жақсы әдіс.— Одан соң біз құрметті жиынға, Москвада, жұмыссыздықтың өте күшейіп отырғанына қарамастан, соңғы кезде социалистік насихаттың ешқандай әсер етпей отырғанын баяндау құрметіне ие болдық (ал біз жақында ғана Москвада орасан көп адамның қамауға алынғанын естідік! Егер насихаттың ешқандай әсері болмаса, неліктен және кімді қамауға алуға болар еді?? *Ред.*), мұның себебі: жұмысшылар қазірдің өзінде-ақ ұйымдаса бастады, олардың өздерінің Өзара жәрдемдесу қоғамы, Тұтынушылар қоғамы бар, тағы бір себебі — өкімет орындары жұмысшылардың мұқтаждықтарына тілеулестікпен көңіл бөліп, олар үшін жалпы білім беретін кітаптар оқуды, т. б. ұйымдастыруға мүмкіндік берді.— Осы барлық жоғарыда айтылғандардың үстіне біз жиынға Москвада болған оқиғаларды да баяндадық, бұл оқиғаларға біз жұмысшыларды завод иелерімен келісімге келтіруші делдал ретінде қатыстық және бұрқ ете түсуі мүмкін тәртіпсіздіктерді жойып қана қоймай, олардан сақтандырдық та, мысалы, Гакенталь заводында, ағайынды Бромлейлердің заводында, Добров-Набгольц заводында осылай болды. Біз Гужон металлургия заводы жұмысшыларының стачкасы туралы да айттық, онда прокат және шеге бөлімшелерінің жұмысшылары жұмысты тоқтатқанымен, біздің араласуымыздың арқасында ғана тәртіпсіздік жасауға дейін барған жоқ, сөйтіп біздің жолдастық кеңесімізді тың-

дап, жұмысшылар қайтадан жұмысқа кірісті (бұл сияқты «жолдастық» кеңестерді жұмысшылар әрбір стачка кезінде полициядан да, фабрика инспекторларынан да жеткілікті мөлшерде естіп келеді, олар ылғи «жұмысқа қайта кірісуді» өтінеді. Бұл — жолдастық кеңес емес, полицейлік кеңес. *Ред.*).

«Орыс жиынының» мүшелері біздің баяндамаларымызды көңіл қойып тыңдады (полицияның ісіне жәрдемдесіп отырған жұмысшыларды көңіл қойып тыңдамағанда қайтсін! *Ред.*) және көп адам мына мағынада: жұмысшылар туралы мәселе жөнінде мықтап ойлану керек, жұмысшылардың социалистік ілім ықпалынан құтылуына мүмкіндік беріп, оның әдістерін көрсету керек (қызғылықты көрініс: генералдар мен поптар, зубатовтық тыңшылар мен полицейлік рухқа берілген жазушылар жұмысшылардың социалистік ілім ықпалынан құтылуына «жәрдем беруге» жиналыпты! — ал сонымен қатар, айта кетелік, қармаққа ілігетін аңқау жұмысшыларды қолға түсіруге жәрдемдескісі келіпті. *Ред.*), үкімет заңдарының бақылауымен және оз отанын шын сүйетін, оның игілікке жетіп, гүлдене беруі үшін тырысатын интеллигенттер тобының басшылығымен жұмысшылардың өзіндік әрекетіне жол беру керек деген мағынада сөйледі (полицияның бақылауымен болатын жақсы-ақ өзіндік әрекет екен! Жоқ, қазір жұмысшылар полициядан азат жағдайдағы, өздеріне басшы етуге, жұмысшылардың өздері сенетін интеллигенттерді таңдауға бостандық берілетін жағдайдағы өзіндік әрекетті ғана керек етіп отыр. *Ред.*).— В. В. Комаров, А. В. Васильев, полковник Веретенников, Дехтерев мырза, суретші Каразин, князь Д. П. Голицын және толып жатқан басқалары жұмысшылар туралы мәселеге өте-мотс коңіл болді. Жұмысшылардан орталық совет басқаратын ерекше советтер құру қажет, жұмысшылар мен завод иелерінің арасында болып отыратын түсініспеушіліктердің алдын алу мағынасында бұл советтер игілікті роль атқарған болар еді деген пікірлер айтылды. Дехтерев мырзаның айтуынша, бұған жол беруге болатын себебі: қара бұқара еш уақытта санамен әрекет жасай алмайды және жұмысшылар тобырына жұрттың

бәрінен де жақсы әсер ете алатындар жұмысшылардың өздері, ол мысал үшін Францияда бұл сияқты мекемелердің бар екенін және олардың жоғарыда айтылған міндеттерді ойдағыдай орындап отырғанын айтты. (Иә, жұмысшылардан құрылған советтер Францияда да, бүкіл Европада да табысқа жетіп отыр. Бұл рас. Бірақ олардың табысқа жетуінің себебі: онда жұмысшылар саяси бостандықпен пайдаланады, өздерінің одақтары, өздерінің газеттері бар, парламенттерде өздерінің сайлаған адамдары бар. Сонда Дехтерев мырза Петербург жұмысшыларының бәрі бірдей мұны білмейтін аңқау деп ойлай ма екен? *Ред.*).— Жұмысшылардың өзара жәрдемдесу кассаларына үкімет тарапынан кредит беру туралы мәселені де «Орыс жиынының» мүшелері қуаттап қарсы алды. Мәжіліс осы мәселе жөніндегі шараларды талқылау үшін ерекше комиссия сайлансын деп қаулы алумен аяқталды.— Сіз, редактор мырза, нағыз орыс адамы ретінде бізге, жұмысшыларға, осы сияқты тілектестік білдіріп, жоғарыда келтірілгендерді өзіңіздің газет арқылы хабарлауға рұқсат етерсіз деп сенеміз; бұл халық бұқарасының арасына лаң салатын, өзара жауласудың ұрығын себетін, ғасырлар бойы қасиеттеліп келе жатқан ескілік өсиеттеріне берілгендікті әлсірететін, жоғарғы өкіметті құрметтеп, оған бас июшілікті бәсеңсітетін біздің отанымыздың дұшпандарына қарсы біздің жақсы адамдарымыздың бәрінің бірігіп күресуі үшін керек.— Өздерінің күштерін отанға қызмет етуге жұмсауға әзір тұрған, соның жолына өздерінің күш, қабілетін құрбан етуге бел байлаған және ынтымақпен бірлесе отырып, Русьтегі арамдық пен қырсыққа қарсы мызғымас тосқауыл қоя алатын адамдар Русьте де бар екеніне біз кәміл сенеміз.

Жұмысшы Ф. А. Слепов».

Ақыр аяғында Слепов мырза байқамай сырын ашып алды! Жұмысшылардың мұқтаждықтарына жәрдем берудің бәрі, үкімет тарапынан тілектестік білдірудің бәрі бір-ақ нәрсеге: социализмге қарсы күресу үшін жұмысшылардың өздерінен топтар құруға келіп тірелді. Міне бұл шындық. «Жоғарғы өкіметті құрметтеп, оған

бас июшілікті» жұмысшыларға қамшы мен түрмеден басқа, жер аудару мен түрмеден басқа тағы да зубатовшыл жұмысшы мырзалардың ұғындыратынын жұмысшылардың білуі өте қызықты болады. Ашық жиналыстарда есі бар жұмысшылардың бірде біреуі ойындағысын айтпақ емес,— айту деген тура полицияның қолына барып түскендік болар еді. Ал *өзіміздің* газеттеріміз, *өзіміздің* листоктарымыз және *өзіміздің* жиналыстарымыз арқылы біз зубатовшылдардың жаңа жорығын бүтіндей социализмнің пайдасына қызмет ететін қыламыз және мұны істеуге тиіспіз.

«Искра» № 31, 1 январь, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

««ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ»[47] ҚҰРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ХАБАРҒА» СОҢҒЫ СӨЗ

«Бұдан төрт жыл бұрын бірнеше орыс социал-демократиялық ұйымдары «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы» болып бірікті, олар ұйымның бірсыпыра жоспарын және қызметінің жалпы принциптерін белгілеп, мұны партия бастырып шығарған «Манифесте» баяндаған болатын. Амал қанша, бұл бастапқы әрекет табысты болмады: пролетариатты езушілік пен қанаудың барлық түрінен азат ету жолында тайсалмай күресетін біртұтас, күшті социал-демократиялық партия құру үшін керекті элементтер әлі де жоқ еді. Бір жағынан, орыс социал-демократиясының практикалық қызметі формаларының өзі енді-енді ғана қалыптасып келе жатқан болатын; күрес жолына таяуда түскен социал-демократия өзінің теориялық көзқарастарын жақсылап жүзеге асыру жолдарын іздестіруде еді, ол әлі қадамын сенімсіздікпен, абайлап басатын. Оның қызметінің негізі болып табылатын жұмысшы қозғалысы орасан зор стачкаларға ұласып, кенеттен жарық сәулесін шашты да, көп адамдардың көзін шағып, революциялық социал-демократияның сондайлық айқын және тиянақты міндеттері мен мақсаттарын оларға көмескілеп жіберді, сөйтіп оларды өрісі тар кәсіптік күреспен көбірек айналысуға мәжбүр етті. Екінші жағынан, әлі буыны бекімеген, әлі терең тамыр жайып үлгірмеген социал-демократиялық ұйымдарға үкімет тарапынан жасалған үздіксіз жазалау шаралары сабақтастық атаулының бәрін бұзып, қызмет жүзіндегі дәстүр атаулының бәрін жойып отырды.

Дегенмен, сәтсіздікке ұшыраған бұл әрекет із қалдырмай кеткен жоқ. Біздің ізашарларымыз басшылыққа алған пролетариаттың ұйымдасқан саяси партиясы жөніндегі идеяның өзі содан бері барлық саналы социал-демократ қайраткерлердің жол сілтейтін жұлдызы, көксеген мақсаты болды. Алғашқы социал-демократ қайраткерлер бізге өсиет етіп қалдырып кеткен бұл идеяны іске асыру жөнінде осы төрт жыл бойына талай рет әрекет істелді. Бірақ бұдан төрт жыл бұрын біз өзіміздің арамызда қандай береке бұзушылыққа кездескен болсақ, осы уақытқа дейін сондай жағдайға кездесіп отырмыз.

Ал оның бер жағында өмір біздің алдымызға барған сайын үлкен талаптар қойып отыр. Егер партияның алғашқы қайраткерлері жұмысшы бұқарасының ішіндегі ұйқыда жатқан революциялық күштерді оятуды мақсат еткен болса, біздің алдымызда одан әлдеқайда неғұрлым күрделі міндет — оянып келе жатқан күшті керек жеріне жұмсау, осы күштерге жетекші болу және оларға басшылық ету міндеті тұр. «Бізді, өздеріңіздің шақырған істеріңізге бастаңыздар!» деген ұранды бүгін болмаса ертең естіп қалуға біз әзір отыруымыз керек, ал егер осы бір сәт бізге қазіргі кездегідей соншама бытыраңқы, соншама әзірліксіз отырған жағдайда кенеттен кезігетін болса,— бұл өте қорқынышты. Бізге кезеңнің қиындығын асырып айтасыздар демей-ақ қойсын. Кімде-кім су бетіндегі ұсақ дірілден әрірекке көз жіберe алатын болса, кімде-кім тереңіректе болып жатқан процесті айыра білетін болса, ол адам бізді асыра айтып отыр деп шүбәланбайды.

Ал жағдайдың қиындығы тағы басқа себептермен ауырлай түседі. Біз елеулі тарихи кезеңді бастан кешіріп отырмыз. Орыс өмірінің жалпы ағынымен байланысты жұмысшы табының оянуы қоғамның әр түрлі жіктеріне әрекет етуге қозғау салды. Олар дәурені өткен тәртіпке қарсы күреске қалай болса да қосылу мақсатын көздеп, азды-көпті саналылықпен ұйымдасуға тырысып отыр. Іске сәт! Мұндай күреске қосылушылардың қайқайсысын да социал-демократия тек құттықтайды. Бірақ ол мынаны қатты қадағалауға тиіс: бұл сияқты одақтастар оны өзіне қол шоқпар етіп кетіп жүрмесін, оны жұмыстың негізгі майданынан кейін шегіндіріп тастамасын, самодержавиеге қарсы күресте басшылық роль атқарудан айырмасын және, ең бастысы, оны дұрыс жолдан тайдырып, революциялық күрестің қарыштап алға басуына зиянын тигізбесін. Мұндай қауіптің қиялдан туған елес емес екендігі соңғы жылдардағы революциялық күресті мұқият қадағалап келген адамдардың бәріне де айқын.

Сонымен, қазіргі кезеңде орыс социал-демократиясының алдында өте зор міндет тұр, бұл ешқандай жергілікті комитеттердің және тіпті ешқандай аудандық ұйымдардың да қолынан келмейтін міндет. Жергілікті ұйымдар қаншама кемеліне келген болса да, бұл міндетті атқара алмайды, өйткені бұл міндет қазірдің өзінде жергілікті шеңберден асып кетіп отыр. Мұны бір орталыққа бағынатын, тәртіпті бір армия болып топтасқан барлық орыс социал-демократтарының коллективтік күштері ғана орындай алады. Бірақ біріктіру инициативасын кім өз мойнына алуға тиіс?

Бұл мәселе өткен жылы Петербургтің «Күрес одағының», оңтүстіктің біріккен комитеттері мен ұйымдарының Орталық комитетінің, «Искра» ұйымының, Бундтың Орталық комитеттерінің (Россиядағы және шетелдегі), «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» және басқа кейбір ұйымдар өкілдерінің конференциясында талқыланды. Конференция кейбір ұйымдардың өкілдеріне Россия социал-демократиялық жұмысшы партия-

сын іс жүзінде қайта құру міндетін өз мойнына алатын Ұйымдастыру комитетін құруды тапсырды.

Осы қаулыны орындау мақсатымен Петербургтің «Күрес одағының», «Искра» ұйымының және «Южный рабочий» тобының өкілдері* Ұйымдастыру комитетін құрды, бұл комитет *партия съезін шақыру үшін керекті жағдайларды әзірлеуді* өзінің алдына бірінші және басты міндет етіп қойып отыр.

Бірақ съезд шақыру өте-мөте күрделі іс болғандықтан және оны жүзеге асыру едәуір көп уақытты қажет ететіндіктен Ұйымдастыру комитеті партияның орталық ұйымы қалпына келтірілгенге дейін кейбір жалпы міндеттерді атқаруды өз мойнына алады (жалпы орыстық листоктар шығару, жалпы транспорт және техника, комитеттердің арасында байланыс орнату және тағы басқалар).

Кейбір ұйымдардың жеке инициативасы бойынша құрылып отырған Ұйымдастыру комитетінің өздері өкілдік берген не болмаса өкілдігін енді беретін ұйымдармен ғана міндетті қарымқатынаста болатыны өзінен-өзі түсінікті. Ал барлық басқа комитеттер мен топтар үшін ол өзінің қызметін ұсынатын жеке ұйым болып табылады.

Ұйымдастыру комитетінің өз мойнына алғалы отырған міндеті өте үлкен және жауапты міндет, ал сонда да ол осыны істеуге бел байлап отырған болса, оның себебі тек мынада ғана: бірігу өте қажет болып отыр, бытыраңқылық тым қатты сезіліп отыр, бұдан әрі ұйымшылдықтың болмауы ортақ іске өте қауіпті болғалы отыр. Ұйымдастыру комитеті іске кірісе отырып, бұл қызметтің нәтижелі болуы едәуір дәрежеде оған социал-демократиялық комитеттер мен ұйымдардың козқарасына байланысты деп санайды және осы көзқарастың өзі қазіргі кезеңге оның қапшалықты дұрыс баға бергендігінің өлшемі болады деп біледі.

Ұйымдастыру комитеті».

Декабрь, 1902 ж.

* *
*

Партиямыздың жаңадан құрылып отырған Ұйымдастыру комитетінің мәлімдемесінен-ақ оның мәні айқын көрініп отыр, сондықтан бізге бұл жасалған қадамның маңызының зор екені жайында көп соз айтып жатудың қажеті жоқ. Бірігу, партияның тұтастығын қалпына келтіру — орыс социал-демократтарының дереу шешуді керек етіп отырған ең кокейтесті міндеті. Бұл өте қиын міндет, өйткені бізге керегі революциялық ниеттегі бір-

---

* Ұйымдастыру комитетіне өзінің өкілін жіберу жөнінде Бундқа да ұсынылып еді, бірақ бізге белгісіз себептермен Бунд бұл шақыруға жауап берген жоқ. Мұның өзі тек кездейсоқ себептер шығар, сөйтіп Бунд өзінің өкілін тоқтаусыз жіберер деп сенеміз.

неше топ интеллигенттерді біріктіру емес, бізге керегі — өздігінен дербес өмір сүруге және күрес жүргізуге халықтың бүкіл бір қалың табын көтеріп отырған жұмысшы қозғалысының барлық басшыларын біріктіру. Бізге өте қатаң принципті бірлік негізінде бірігу керек, әр жерде әр түрлі жағдайларда әрекет істеп отырған, өздерінің социал-демократиялық сенімдеріне кейде мейлінше әр түрлі жолдармен жеткен комитеттердің, ұйымдар мен топтардың, интеллигенттер мен жұмысшылардың бәрі немесе олардың орасан көпшілігі саналы түрде және берік сеніммен жеткен бірігу керек. Мұндай бірігуді декретпен орнатуға болмайтыны былай тұрсын, тіпті оны жиналған делегаттардың шығарған қарарларымен де бірден құруға болмайды, оны үздіксіз және бірте-бірте даярлау арқылы барып жасап шығару керек, сөйтіп бүкіл партияның съезі сол істеліп қойған істі баянды етіп және түзетіп отыратын болсын, басталған істі алға қарай апаратын болсын, бұдан былайғы, көлемі анағұрлым кең, мазмұны терең жұмыстың берік негізін салуды аяқтап, оны ресми түрде бекітіп отыратын болсын. Міне біз сондықтан Ұйымдастыру комитетінің өз жұмысына байсалды әрі сақтықпен және кішіпейілділікпен кірісуін айрықша құттықтап отырмыз. Орыс социал-демократтарының барша бұқарасымен міндетті қарым-қатынаста болу жөнінде ешқандай талап қоймай-ақ, Ұйымдастыру комитеті солардың бәріне *өзінің қызметін ұсынумен* тынып отыр. Міне сондықтан барлық орыс социал-демократтары түгелімен, комитеттер мен үйірмелер, ұйымдар мен топтар, іс жүзінде қызметте жүргендер мен уақытша отставкадағы адамдар (айдаудағылар және т. с.) бұл шақыруға жауап беруге асығатын болсын, Ұйымдастыру комитетімен тікелей және жанды байланыс жасауға тырысатын болсын, бірігу жөніндегі орасан зор жұмыстың бәріне белсене көмектесуге бар жігерімен кірісетін болсын. Біз Ұйымдастыру комитетімен байланыспаған, онымен жолдастық бірлікте жұмыс істемейтін орыс социал-демократтарының *бірде-бір* тобы болмауына жетуіміз керек. Одан соң, жалпы партиялық съезге әзірлік жүргізуді және оны шақыруды өзінің бірінші және басты міндеті деп санап, Ұйымдастыру ко-

митеті *қозғалысқа қызмет ету жөніндегі* кейбір ортақ міндеттерді де өз мойнына алып отыр. Ұйымдастыру комитетінің міндеттерін осылай кеңейтудің өте-мөте керек екендігін мойындамайтын бірде-бір социал-демократ болмайтынына біздің сеніміміз толық, өйткені бұл *қызмет көрсетуді* кең түрде *ұсынғандық* қана — бұл ұсыныс мың-мың мәртебе айтылып келе жатқан тілектерге сай келеді, бұл қандай да болса «праволардан» бас тарту ұсынысы емес, қайта практика жүзінде оқшаулықтан тезірек бас тартып, бірқатар ортақ істерді жолға қоюға бірлесіп кірісу үшін жасалып отырған ұсыныс. Ақырында, Ұйымдастыру комитетінің: съезд шақыру өте-мөте күрделі іс және оны жүзеге асыру едәуір көп уақытты қажет етеді деген батыл мәлімдемесін де біз өте дұрыс және орынды деп санаймыз. Бұдан, әрине, съездің шақырылуы кешеуілдетіле беру керек деген ұғым әсте тумайды. Тіпті де олай емес. Съезд шақыру өте қажет екенін айтатын болсақ, онда біз съезді шақыру үшін айлық мерзімді де тым «ұзақ» деп тапқан болар едік. Бірақ біздің жұмыс жағдайларымыз және съезге бүкіл қозғалыс өкілдерінің толық қатынасуы керек екені ескерілетін болса, онда мерзімнің бес рет, он рет ұзақ болуы да азды-көпті тәжірибесі бар қызметкердің бірде-бірін сары уайымға түсіре алмайды.

Партияны тезірек біріктіру және қалпына келтіру ісінің барынша табысты болуын тілейік, өзіміздің тілектестігімізді сөзбен ғана емес, барлығымыздың және әрқайсымыздың дереу іске кірісуімізбен дәлелдейік, орыстың революциялық социал-демократиясы жасасын, халықаралық революциялық социал-демократия жасасын!

«Искра» № 32, 15 январь, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ОРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ ЛИГАҒА, ОДАҚҚА ЖӘНЕ БУНДТЫҢ ШЕТЕЛДІК КОМИТЕТІНЕ АРНАЛҒАН ҮНДЕУІНІҢ ЖОБАСЫ [48]

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының көктемде болған (1902 ж.) конференциясының [49] қаулысын орындау мақсатымен *Ұйымдастыру комитеті* Орыс революциялық социал-демократиясының лигасына [50], Шетелдік «Орыс социал-демократтарының одағына» [51] және Бундтың шетелдік комитетіне [52] Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімін құруды ұсынады.

Орыс Ұйымдастыру комитетінің бұл шетелдік бөлімінің міндеттері мынадай болуға тиіс:

1) шетелдік социал-демократиялық ұйымдардың съезге өкілдігі туралы мәселені дайындау. Бұл мәселенің түпкілікті шешілуі орыс Ұйымдастыру комитетіне және одан соң съездің өзіне байланысты; 2) съезді ұйымдастыруға шетелден көмектесу (мысалы, ақша, паспорттар және т. с.) және 3) шетелдік социал-демократиялық ұйымдардың бірігуіне әзірлік жасау; партияның және Россиядағы бүкіл социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының мүдделері үшін бұл бірігу өте-мөте қажет.

1903 ж. 22 немесе 23 январьда (4 немесе 5 февральда) жазылған

Бірінші рет 1946 ж. В. И. Ленин Шығармалары 4-басылуының 6-томында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БУНДТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ ЖӨНІНДЕ

Біз жаңа ғана Бундтың «Последние Известиясының»[53] 106-номерін алдық (3 февральда (21 январьда) шыққан), мұнда Бундтың төтенше маңызды, батыл және өте өкінішті қадамы туралы хабар басылған. Сөйтсек, Ұйымдастыру комитетінің хабары жөнінде Россияда Бундтың Орталық Комитетінің мәлімдемесі шығыпты. Дұрысырақ айтқанда, сірә, Ұйымдастыру комитетінің хабарындағы *ескерту* жөніндегі мәлімдеме деуге болар еді, өйткені Бунд өзінің мәлімдемесінде *негізінен алғанда* сол ескертудің бір өзі жөнінде сөз қозғайды.

Істің мәнісі мынада. Біздің оқушыларымызға мәлім, Ұйымдастыру комитетінің дау-шар туғызған (туғыздымыс деп отырған!) бұл жап түршігерлік «ескертуінде» сөзбе-сөз былай делінген:

«Ұйымдастыру комитетіне өзінің өкілін жіберу жөнінде Бундқа да ұсынылып еді, бірақ бізге белгісіз себептермен Бунд біздің шақыруымызға жауап берген жоқ. Мұның өзі тек кездейсоқ себептер шығар, сондықтан Бунд өзінің өкілін тоқтаусыз жіберер деп сенеміз».

Бұл ескертуден қарапайым және бейкүнә не болуы мүмкін? — деген сұрақ туады. Ұйымдастыру комитеті бұдан өзгеше не істей алар еді? Бунд туралы үндемей қалу әділетсіздік болар еді, өйткені Ұйымдастыру комитеті оны елемей өткен жоқ және, 1898 жылы болған партия съезінің шешімі бойынша Бунд Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының құрамына кіріп отырғанда, оны елемей өте алмайтын да еді. Ал егер

үндемей қалуға болмайтын болса, онда біз шақырдық деп айту керек. Бұл түсінікті шығар? Егер Бундтың үндемеуінің себептері Ұйымдастыру комитетіне белгісіз болса, онда ол «бізге белгісіз себептермен» деп ашық айтуға *тиісті болды*; бұл одан бетер түсінікті шығар. Мұның өзі тек *кездейсоқ себептер* шығар, сондықтан Бунд өзінің өкілін тоқтаусыз жіберер деп сенеміз — деген сөздерді қосу арқылы Ұйымдастыру комитеті съезді ұйымдастыру және партияны қалпына келтіру жолында *Бундпен бірігіп* жұмыс істегісі келетіндігін ашық және тура мәлімдеді.

Әрине, егер Бунд та осыны тілейтін болса, онда оған астыртын жолмен де, баспасөз бетінде мәлімдеме жасау арқылы да *шақырылған* өз өкілін жіберу ғана қалған еді. Мұның орнына, Бунд ескертуге қарсы (!!) *айтысқа түсіп отыр* және баспасөз бетінде жарияланған мәлімдемесінде Ұйымдастыру комитетінің міндеттері жөнінде, съезді шақырудың шарттары жөнінде *жекелей* және *ерекше* түрде өз пікірлері мен өз көзқарастарын ұсынып отыр. Бундтың «айтысын» қараудан бұрын, оның көзқарастарын талдаудан бұрын, Бундтың баспасөз бетінде ерекше мәлімдеме жасауына мейлінше батыл *наразылық* білдіруіміз керек, өйткені бұл әрекет революциялық істі, әсіресе ұйымдық істі *бірігіп* жүргізудің ең қарапайым ережелерін бұзады. Екінің бірі, мырзалар: не сіздердің *ортақ бір* Ұйымдастыру комитетінде жұмыс істегілеріңіз *келмейді,* онда сіздердің жеке әрекеттеріңізге, әрине, ешкім де ренжімейді. Не сіздердің бірлесіп жұмыс істегілеріңіз келеді, онда сіздер өздеріңіздің пікірлеріңізді жұртшылық алдында бөлек айтпай, Ұйымдастыру комитетіндегі жолдастарыңыздың алдында мәлімдеуге *міндеттісіздер,* тек содан кейін ғана Ұйымдастыру комитеті біртұтас болып жұртшылық алдына шыға алады.

Өзінің әрекеті *ортақ* істі жолдастықпен жүргізудің барлық ережелеріне дақ салатынын Бундтың өзі, әрине, өте жақсы біліп отыр, сондықтан ол мынадай өте әлсіз дәлелмен ақталуға тырысады: «Кеңеске өзіміз қатынасу жолымен болсын, немесе «Хабарды» редакциялауға қатынасу жолымен болсын, алдағы съездің мін-

деттері жөнінде өзіміздің көзқарастарымызды білдіруге мүмкіндігіміз болмағандықтан, біз сол олқылықты осы мәлімдемеде аздап болса да толықтыруға мәжбүр болып отырмыз». Мынадай сұрақ туады: Бунд Ұйымдастыру комитетіне хат жіберуге өзінің «мүмкіндігі болмады» немесе С.-Петербург комитетіне, «Искра» ұйымына [54], «Южный рабочийге» [55] хат жіберуге «мүмкіндігі болмады» деп шынымен-ақ сендірмек пе екен? Осы ұйымдардың біреуіне өзінің делегатын жіберуге де мүмкіндік болмап па? Осы «қолдан келмес» қиын әрекеттердің ең болмағанда біреуін істеуге Бунд тырысып көрді ме екен? бұл әрекеттер Бунд сияқты әлсіз, тәжірибесіз және ешбір байланысы жоқ ұйым үшін ерекше қиын-ақ болған шығар?

Жасырынбақ ойнаудың керегі жоқ, мырзалар! Бұл орынсыз да, лайықсыз да. Сіздер жеке мәлімдеме жасадыңыздар, өйткені жеке мәлімдеме жасауды *тiледiңiздер.* Ал сiздердiң жеке шығуды тілеген себебіңiз — орыс жолдастармен қарым-қатынасты *жаңа* негізге салу жөніндегі өздеріңіздің *шешiмiңiздi:* 1898 ж. устав негізінде Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының қатарына *кірмей,* онымен *федерациялық* одақта болуды [56] бірден көрсетіп, өткізіп алу болды. Федерациялық немесе ұлттық [57] туралы мәселе жөнінде *өзіміз бастаған айтысты жалғастыруды көптен бері тоқтатып келген* біздер бұл мәселені бүкіл съезд алдында мұқият және жан-жақты *талқылауды* тілеген едік — орыс жолдастардың бәрі немесе басым көпшілігі де, сөз жоқ, осыны тілеген еді,— міне осыны істеудің орнына сіздер бірлесіп талқылауды *болғызбай* отырсыздар. Сіздер Петербургтің, Оңтүстіктің, «Искраның» жолдасы болмай отырсыздар, өйткені қарым-қатынастардың ең жақсы формасын олармен бірлесіп талқылауды (*съезден бұрын* да, *съездiң өзiнде* де) жақтамайсыздар,— сіздер бүкіл партияға *өзiнiң шарттарын* ұсынатын тура екінші *жақ* ретінде, РСДРП-ның барлық мүшелерінен оқшау шығып отырсыздар.

Күштеп сүйкімді бола алмайсың, дейді орыс мақалы. Егер Бунд Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясымен 1898 жылғы съезд дұрыс белгілегеніндей

тығыз байланыста болуды тілемейтін болса, онда, әрине, ол ескі қарым-қатынаста қалмайды. Біз оның оз пікірін, өз тілегін өткізу «правосын» теріс демейміз (жалпы айтқанда, біз аса қажет болмаса, революциялық істе «праволар» туралы сөз қозғамаймыз). Бірақ Бунд өзін ортақ ұйымға (Ұйымдастыру комитетіне) шақырып отырған кезде, *бұл ұйым бұл мәселе жөнінде алдын ала ешқандай үзілді-кесілді пікір айтпай отырған кезде* және ол ұйым атап айтқанда барлық және әр түрлі пікірлерді талқылау үшін съезд шақырып отырған кезде, Бундтың жұртшылыққа жеке мәлімдеме жасау жолымен оз пікірін өткізуді ниеттепіп, әдеп дегеннен жұрдай болғанына қатты окінеміз.

Бундтың мақсаты мәселеге басқаша қарайтындардың бәрін оз пікірін дерсу мәлімдеуге *арандату болды.* Солай-ақ болсын! Бұдан біз, әрине, бас тартпаймыз. Бундтың қазіргі көсемдері үлкен саяси қате жасап отыр, бұл қатені, сөзсіз, уақыт түзейді, тәжірибе түзейді, қозғалыстың өсуі түзейді деп біз орыс пролетариатына айтамыз және еврей пролетариатына әдейі қайталап айтамыз. Бір кезде Бунд «экономизмді» қолдады, шетелдегілердің жікке бөлінуіне көмектесті, экономикалық күрес саяси үгіттің *ең жақсы* құралы деп шешімдер қабылдады. Біз бұған қарсы шығып, күрес жүргізіп отырдық. Сөйтіп күрес ескі қателерді түзеуге көмектесті, ол қателерден қазір, тегі, із де қалмаған шығар. Біз террормен әуестенушілікке де қарсы күрестік, бұл әуестенушілік, сірә, ұзаққа бармай, тез өте шықса керек. Ұлтшылдықпен әуестенушіліктің де өте шығатынына біз сенеміз. Еврей пролетариаты ақыр аяғында мынаны түсінетін болады: орыстармен бір партияға *оте тығыз* бірігуді оның өзінің ең кокейтесті мүдделері талап етіп отыр, еврейлердің еркін Россиядағы эволюциясының оның еркін Европадағы эволюциясынан айырмасы болатын-болмайтынын күні бұрын шешу барып тұрған ақылсыздық, Бунд еврей пролетариатына қатысы бар істерде толық автономия (Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы ішінде) талап етуден әрі бармауға тиіс, бұл автономияны 1898 жылғы съезд толық таныды және еш уақытта ешкім оны теріс деген емес.

Бірақ Бундтың мәлімдемесіне қайта оралайық. Ұйымдастыру комитетінің «Хабарында» берілген ескертуді ол «екіұшты» деп атайды. Бұл — жалақорлықпен шектесіп жатқан өтірік. Бұдан бір-екі жол кейін «кеңесте біздің өкіліміздің болмауы тек кездейсоқ себептерден еді» деп, Бундтың Орталық Комитетінің өзі мойындайды. Ал Ұйымдастыру комитеті не деді? Ол Бундтың өкілі кездейсоқ себеппен келмей қалған шығар деген сенім білдірді. Оны өздеріңіз қуаттайсыздар да, өздеріңіз ашуланасыздар. Не үшін? Одан соң. Кездейсоқ нәрсені алдын ала болжау ешкімге жазылмаған. Олай болса, Бундтың шетелдік комитетінің өкілдің келуіне кедергі болған себептерді Ұйымдастыру комитеті *білді*-мыс деген сөздері мүлдем дәлелсіз. Бундтың шетелдік комитеті жалпы бұл оқиғада мейлінше лайықсыз роль атқарып отыр: Бундтың шетелдік комитеті Бундтың Орталық Комитетінің мәлімдемесіне өзінің ойынан шығарған нәрселерді қосып отыр, бұлары тіпті Орталық Комитеттің өзінің сөздеріне де тікелей қайшы келеді! Ұйымдастыру комитеті Бундтың келмей қалу себебін *білгендігін* Бундтың шетелдік комитеті қалай білді екен, өйткені шақырылған Бундтың Орталық Комитеті (шетелдік комитеті емес) гой? оның үстіне Бундтың Орталық Комитетінің өзі келмей қалу себептерін мүлдем кездейсоқ деп атап отырған жоқ па??

«Кеңестің инициаторлары,— дейді Бундтың Орталық Комитеті,— біршама көбірек күш-жігер жұмсаса, бұл кездейсоқ себептер бізге үн қатуға бөгет жасай алмаған болар еді деген сенімдеміз...» Біз кез келген бейтарап әділ адамнан былай деп сұраған болар едік: егер, Ұйымдастыру комитетінде жолығысуды ұйғарған екі жолдас кездесуге бөгет болған себептер «мүлдем кездейсоқ» болды деп бірауыздан мойындап отырса, келмей қалуға кім көбірек кінәлы деп *жұрт алдында айтыс ашу* орынды ма, лайықты ма? Өз тарапымыздан біз мынаны ескертеміз: Бундтың болмағанына өкінгендігімізді біз әлдеқашан-ақ білдірген болатынбыз (әрине, баспасөзде емес, хат арқылы) және біз, Бунд *екі рет:* біріншіден, хат арқылы және, екіншіден, Бундтың ...дік комитетіне

тікелей хабарлау арқылы шақырылды деген хабар алдық.

Делегат кеңестен кейін *бір ай дерлік уақыт* өткенде келді, деп шағым етеді Бунд. Иә, бұл, әрине, баспасөз бетінде айыптауға тұрарлық сұмдық қылмыс, өйткені бұл, тіпті екі ай уақыт өткеннен кейін де делегат жіберуді ойламаған Бундтың ұқыптылығын ерекше айқын көрсетеді!

Делегат Ұйымдастыру комитетінің «Хабарын» қолжазба күйінде немесе басылған түрін *міндетті түрде* таратылмай тұрып жіберемін деген «өзінің уәдесін орындамады»... Біз өзіміздің орыс жолдастарымызға кейбір адамдармен протоколсыз сөйлеспеуге кеңес береміз. Кезінде «Искра» ұйымы да «Хабардың» қолжазбасын, сондай-ақ басылып шыққан данасын жібермек болып бізге уәде берген еді, бірақ соған қарамастан, қолжазбаны біз мүлдем алғанымыз жоқ, ал басылып шыққан дананы «Искра» ұйымымен байланысы жоқ ұйымдардың мүшелерінен *анағұрлым кейін* көрдік. Бундшылдар мына мәселені шешіп алсын: егер біз уәдені бұзды деп «Искра» ұйымын баспасөз бетінде айыптай бастасақ, біздің тарапымыздан бұл лайықты болар ма еді? Ұйымдастыру комитетінің делегаты «Хабарды» бастыру ісін басқарып отырған жолдасқа бастыруды тоқтату туралы дереу хат жазбақ болып, Бундтың Орталық Комитетіне уәде берген: міне, *шын мәнісіндегі* уәде осындай болған (біздің мәліметтерге қарап осыны ғана айта аламыз). Бұл уәде орындалған, бірақ бастыруды тоқтатуға енді мүмкіндік болмай қалған, өйткені техника жағымен байланысуға уақыт қалмаған.

Қорытайық: Ұйымдастыру комитетінің инициаторлары хаттар жазған ... дік комитет арқылы тікелей хабар еткен, Бундтың Орталық Комитетіне делегат жіберген, ал Бунд делегат жіберу туралы айтпағанның өзінде, айлар бойына *бірде-бір хат* жібермеген! Сөйте тұрып Бунд баспасөз арқылы айып тағып, кінәлайды! Бундтың шетелдік комитеті де кеңестің инициаторлары өздерін «таңданарлықтай» ұстады, олардың істері көздеген мақсаттарына тікелей қайшы жатыр, олар «асығыстық» жасады (Бундтың Орталық Комитеті, керісінше,

баяулық істеді деп айыптайды!), олардың ойлары бейне бір Бунд «селқос қарады» деген «пікір туғызу болды»!! деп сендірмек болады.

Бізге енді Ұйымдастыру комитеті «бірден-бір дұрыс қорытындыны» жасамады деп оған тағылып отырған айып жөнінде төмендегідей бірнеше сөз айтуға тура келеді: «Іс жүзінде партия жоқ екен, онда алдағы съезд құрылтай съезі сипатында болуға тиіс, демек Россияда өмір сүріп отырған орыс, сондай-ақ басқа ұлттардың барлық социал-демократиялық ұйымдары да оған қатынасуға праволы болуға тиіс». Бунд өзіне жағымсыз бір фактіге соқпай өткісі келеді, ол мынау: бір орталығы болмағандықтан, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы бірқатар комитеттер мен органдарда өмір сүріп келеді, қолында «Манифесі» және бірінші съездің шешімдері бар, айта кету керек, ол съезде еврей пролетариатының атынан да экономикалық, террорлық және ұлтшылдық ауытқуларда әлі оншама табысқа ие болмаған адамдар әрекет жасаған. Әлдеқашан құрылған Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын құруға «барлық» ұлттардың қатысу «правосын» формальды түрде ұсынып отырған Бунд осынысымен нақ атышулы «федерация» мәселесіне бола барлық әңгімені қайта қозғап отырғандығын айқын дәлелдейді. Бірақ бұл мәселе туралы сөз қозғау Бундтың ісі емес еді және бұл арада байсалды революционерлер арасында әңгіме «праволар» туралы болуға тиіс емес. Кезекте тұрған мәселе — Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының негізгі ұйтқысын топтастыру және біріктіру екені жұрттың бәріне мәлім. Съезге «барлық» ұлттардың өкілдері қатынасуына тілектестік білдірмеуге болмайды, бірақ мынаны да ұмытпау керек: ұйтқыны *кеңейту* туралы немесе оның басқа ұйымдармен одағы туралы *сол ұйтқыны құру ісін аяқтағаннан кейін ғана* (немесе, ең болмағанда, оны сөзсіз нығайтқаннан кейін ғана) ойлауға болады. Біз өзіміз ұйымдық жағынан әлі бірлікте болмай отырғанда және дұрыс жолға берік түспей отырғанда, бізге келіп қосылу «барлық басқа» ұлттарға еш нәрсе де бермейді! Сондықтан біздің съезімізде «барлық басқа» ұлттардың өкілдерінің болу *мүмкіндігі* ту-

ралы («правосы» туралы емес, мырзалар!) мәселенің шешілуі — Ұйымдастыру комитетінің және орыс комитеттерінің толып жатқан тактикалық және ұйымдастыру шараларына байланысты, қысқасы, Ұйымдастыру комитетінің ісінің нәтижелі болуына байланысты. Ал Бундтың әуел бастан-ақ Ұйымдастыру комитетінің аяғына оралғы жасауға тырысқаны, бұл — тарихи факт.

«Искра» № 33, 1 февраль, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«АРМЯН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫ ОДАҒЫНЫҢ» МАНИФЕСІ ТУРАЛЫ

Кавказда *«Армян социал-демократтарының одағы»* [58] деген жаңа социал-демократиялық ұйым пайда болды. Біздің білуімізше, бұл одақтың өзінің практикалық қызметін бастағанына жарты жылдан астам уақыт өткеп және армян тілінде шығатын өзінің органы да бар. Біз «Пролетариат» [59] деп аталатын бұл органның 1-номерін алдық, оның бас жағына: «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы» деп жазылған. Газетте «Армян социал-демократтарының одағын» құруға себеп болған қоғамдық және саяси жағдайларды анықтайтын жәпе, жалпылама түрде, оның атқаратын қызметінің программасын көрсететін бірсыпыра мақалалар, заметкалар мен корреспонденциялар басылған.

«Армян социал-демократтарының манифесі» деп аталған бас мақаладан біз мынаны оқимыз: «Бүкіл Россияға тамырын кең жайып отырған Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының бір бұтағы бола отырып, «Армяп социал-демократтарының одағы» өзінің қызметінде оған толық қосылады және жалпы Россия пролетариатының мүдделері үшін, оның ішінде армяп пролетариатының мүдделері үшін онымен бірлесе отырып күрес жүргізеді». Одан соң, Кавказда капитализмнің тез дамып отырғанын және осы процеспен бірге өзінің күші мен сан қилылығы жағынан жан түршігерлік нәтижелер туып отырғанын көрсете келіп, авторлар Кавказдағы жұмысшы қозғалысының қазіргі кездегі жағдайы туралы мәселеге көшеді. Ірі капиталистік кә-

сіпорындары және көптеген фабрикалық пролетариаты бар Баку, Тифлис және Батум сияқты Кавказдың өнеркәсіп орталықтарында бұл қозғалыс қазірдің өзінде терең тамыр жайған. Бірақ Кавказ жұмысшыларының мәдени дәрежесі аса төмен болғандықтан, олардың қожайындарға қарсы күресі, әрине, осы уақытқа дейін азды-көпті санасыз, стихиялық сипатта болып келді. Жұмысшылардың бытыраңқы күштерін біріктіре алатын, олардың талаптарына айқын форма бере алатын және олардың таптық сана-сезімін қалыптастыра алатын күш қажет болды. Ондай күш социализм болып табылады.— Одан соң ғылыми социализмнің негізгі қағидаларын қысқаша баяндай келіп, Одақ халықаралық социал-демократияның және атап айтқанда орыс социал-демократиясының ішіндегі қазіргі кездегі ағымдар жөнінде өзінің позициясын айқындайды. «Социалистік мұратты,— делінген Манифесте,—біздің ойымызша, жұмысшы табының өз күшімен экономикалық әрекет етуімен де, бірен-саран саяси және әлеуметтік реформалармен де жүзеге асыру мүмкін емес; оны осы күнгі бүкіл құрылысты түбірінен қирату арқылы ғана, әлеуметтік революция арқылы ғана жүзеге асыруға болады; бұл әлеуметтік революцияға пролетариаттың саяси диктатурасы қажетті пролог болуға тиіс». Одан соң, Россияда өмір сүріп отырған саяси құрылысты қоғамдық қозғалыс атаулыға, әсіресе жұмысшы қозғалысына жау құрылыс деп айта келіп, Одақ өзінің ең таяудағы міндеті армян пролетариатына саяси тәрбие беру және оны бүкіл Россия пролетариатының патша самодержавиесін құлату жолындағы күресіне тарту екенін мәлімдейді. Жұмысшылардың қожайындарға қарсы бірен-саран экономикалық күресінің қажет екендігін толық теріс деп таппаса да, Одақ оған, алайда, дербес маңыз бермейді. Одақ бұл күресті жұмысшылардың материалдық жағдайын жақсартатындықтан және олардың саяси санасы мен таптық ынтымағын қалыптастыруға себепші болатындықтан ғана таниды.

Біз үшін Одақтың ұлт мәселесіне көзқарасы өте қызғылықты болып табылады. «Орыс мемлекетінің құрамына,— делінген Манифесте,— мәдени дамудың әр түрлі

сатысында тұрған көптеген әр түрлі шағын халықтардың кіретіндігін еске ала отырып және, осы әртекті элементтердің мүдделерін жергілікті өзін өзі басқарудың кең түрде дамуы ғана қамтамасыз ете алады деп ұйғарып, біз болашақ еркін Россияда *федерациялық* (курсив біздікі) республика құруды қажет деп санаймыз. Ал Кавказды алатын болсақ, оның халқы сан түрлі тайпалардан құралғанын еске ала отырып, біз түрлі ұлттардың барлық жергілікті социалистік элементтерін және барлық жұмысшыларын біріктіруге тырысамыз; біз самодержавиеге қарсы неғұрлым нәтижелі күрес жүргізу үшін біртұтас берік социал-демократиялық ұйым құруға тырысамыз. Болашақ Россияда біз барлық ұлттардың өзін өзі еркін билеу правосын танимыз, өйткені біз ұлт бостандығын жалпы азаматтық бостандықтың тек бір түрі ғана деп білеміз. Осы жағдайды негізге ала отырып және, біз жоғарыда атап көрсеткендей, Кавказдың түрлі тайпалардан құралғандығымен және әрбір жеке тайпалардың арасында географиялық бөлініс жоқтығымен санаса отырып, біз Кавказ халықтары үшін саяси автономия беру талабын өзіміздің программамызға енгізуді мүмкін деп таппаймыз; біз мәдени өмірге ғана қатысы бар автономияны, яғни тіл, мектеп, білім алу және т. с. бостандығын талап етеміз».

Біз «Армян социал-демократтары одағының» Манифесін және әсіресе оның ұлт мәселесін дұрыс қоюға тырысқан тамаша әрекетін шын жүректен құттықтаймыз. Бұл әрекет аяғына дейін жеткізілсе өте жақсы болған болар еді. Россияның барлық социал-демократтары ұлт мәселесінде басшылыққа алуға тиісті болып отырған негізгі екі принципті Одақ әбден дұрыс *белгілеп* отыр. Бұл, біріншіден, ұлт автономиясын емес, саяси және азаматтық бостандық пен толық тең праволылықты талап ету; бұл, екіншіден, мемлекет құрамына енетін әрбір ұлт үшін өзін өзі билеу правосын талап ету. Бірақ осы екі принциптің екеуін де «Армян социал-демократтарының одағы» әлі толық дәйекті түрде жүргізе алмай отыр. Шынында да, *олардың көзқарасы тұрғысынан федерациялық* республиканы талап ету туралы айтуға бола ма? Федерация автономиялық ұлттық саяси тұтастық

болуын *көздейді,* ал Одақ ұлттық автономияны талап етуден бас тартып отыр. Толық дәйекті болу үшін, Одақ жалпы демократиялық республика талабымен шектеліп, *федерациялық* республика жөніндегі талабын өзінің программасынан алып тастауы тиіс. Федерализмді және ұлт автономиясын *уағыздау* пролетариаттың ісі емес, автономиялы *таптық* мемлекет құру талабына апарып соқтырмай қоймайтын мұндай талаптарды ұсыну пролетариаттың ісі емес. Пролетариаттың ісі — барлық және әр түрлі ұлттардың жұмысшыларының неғұрлым қалың *бұқарасын барынша тығыз* топтастыру, демократиялық республика жолында және социализм жолында *мүмкіндігінше кең майданда* күрес жүргізуге топтастыру. Ал егер қазіргі біздің заманымыздағы мемлекеттік майдан көптеген жаптүршігерлік зорлықтар жасау арқылы құрылып отырған болса және солар арқылы күш алып, етек жайып отырған болса, онда біз қанаудың және езушіліктің барлық түрлеріне қарсы барынша нәтижелі күрес жүргізу үшін езгіні неғұрлым көп көріп отырған және күреске неғұрлым қабілетті *жұмысшы табының* күштерін бытыратпай, біріктіруге тиіспіз. Әрбір ұлттың өзін өзі билеу правосын тануды талап етудің мәнісі тек мынау: біз, пролетариат партиясы, халықтың *өзін өзі* билеуіне *зорлықпен немесе әділетсіздікпен* сырттан қол сұғу *әрекетінің қандайына да* болса әрқашан және сөзсіз *қарсы* болуға тиіспіз. Өзіміздің осы теріс борышымызды (зорлықпен күресу және оған қарсы болу) орындай отырып, біз өз тарапымыздан халықтар мен ұлттардың емес, әрбір ұлттың ішіндегі *пролетариаттың* өз билігі өзінде болуына қамқорлық істейміз. Сонымен, Россия социал-демократиясының жалпы, негізгі және әрқашан міндетті программасы — азаматтардың (жынысына, тіліне, дініне, нәсіліне, ұлтына және т. с. қарамастан) толық тең праволылығын және олардың ерікті түрде демократиялық жолмен *өзін өзі* билеу правосын талап ету ғана болуға тиіс. Ал *ұлт* автономиясын *қолдау* талабына келетін болсақ, онда бұл қолдау әсте де пролетариаттың тұрақты, программалық міндеті болып табылмайды. Мұндай қолдау оған кейбір, ерекше реттерде ғана қажет болуы мүмкін. Армян социал-де-

мократтарына келетін болсақ, бұл сияқты ерекше жағдайлардың жоқ екендігін «Армян социал-демократтары одағының» өзі мойындап отыр.

Федерациялық және ұлттық туралы мәселеге біздің тағы да оралуға үмітіміз бар *. Ал қазір Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының жаңа мүшесі— «Армян социал-демократтары одағын» тағы бір рет құттықтаумен аяқтаймыз.

«Искра» № 33, 1 февраль, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 258—268-беттер. *Ред.*

ЕВРОПАДА ЖӘНЕ РОССИЯДА АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕГЕ МАРКСТІК КӨЗҚАРАСТАР [60]

«Лекциялар программасы» 1903 ж. 10(23) февральдан ертерек;
«Бірінші лекцияның конспектісі» 1903 ж. 10 және 13 (23 және 26) февральдың аралығында жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XIX жинағында басылған

«Лекциялар программасы» — қолжазба бойынша; «Бірінші лекцияның конспектісі» — қоғамдық ғылымдардың Париждегі орыс жоғары мектебі тыңдаушысының В. И. Ленин қарап түзеткен конспектісі бойынша басылып отыр

ЛЕКЦИЯЛАР ПРОГРАММАСЫ

I лекция. *Аграрлық мәселенің жалпы теориясы.* Капиталистік егіншіліктің құрылуы. Сауда егіншілігі өсуінің түрлі формалары және ауыл шаруашылық жалдама жұмысшылар табының құрылуы. Маркстің рента теориясы. Жер иелерінің қоғамнан алым-салықтар алуының себебін табиғи заңдармен (топырақ құнарлылығының кеми беру заңы сияқты атышулы заңмен) түсіндіруге тырысатын сын мектебі дейтіннің (Булгаков, Герц, Давид, Чернов, ішінара Маслов мырзалар және басқалар) ілімдерінің буржуазиялық сипаты. Капитализмнің егіншіліктегі қайшылықтары.

II лекция. *Егіншіліктегі ұсақ және ірі өндіріс.*

Сын мектебі дейтіннің қазіргі қоғамдағы ұсақ өндірушінің құлдық халін бүркемелеуге тырысуы. Бұл мектеп мүлдем теріс түсінген монографиялық зерттеулерді (М. Гехт, К. Клавки, Аугаген) талдау.

III лекция. *Жалғасы.* Баден анкетасы. Оның нәтижелерінің маркстік көзқарастарды толық дәлелдеуі. Герман аграрлық статистикасының жалпы мәліметтері. Ірі капиталдың латифундиялық азғындауы туралы ертегі. Егіншіліктегі машиналар. Жұмыс көлігінің орта шаруа шаруашылығында өте нашарлауы. Егіншіліктегі кооперациялар; сүт серіктіктері туралы немістердің 1895 жылғы жалпылама мәліметтері. Егіншіліктегі кооперациялар мен өнеркәсіптегі трестердің арасындағы форма жөніндегі айырмашылықтар, яғни бұл екеуінің қоғамдық-экономикалық мазмұны жағынан толық біртектес

екендігін сын мектебі дейтіннің ұғуына бөгет болған айырмашылықтар.

IV лекция. *Россияда аграрлық мәселенің қойылысы.* Аграрлық демократияның қарапайым формалары болып табылатын халықшылдық көзқарастың негіздері және оның тарихи маңызы. Шаруалар туралы мәселенің (қауым және халықтық өндіріс) негізгі маңызы. Шаруалардың село буржуазиясы және село пролетариаты болып жіктелуі. Бұл процесті зерттеу әдістері және оның маңызы. Барщиналық шаруашылықтың орнын капиталистік шаруашылықтың басуы. Халықшылдық көзқарастардың реакциялық сипаты. Қазіргі заманғы тарихи кезеңнің тілектері: крепостниктік правоның қалдықтарын жою және деревняда тап күресін еркін дамыту.

БІРІНШІ ЛЕКЦИЯНЫҢ КОНСПЕКТІСІ

ЖАЛПЫ ТЕОРИЯ

Капиталистік өндіріс әдісінің дамуы туралы Маркс теориясының өнеркәсіпке қандай қатысы болса, егіншілікке де сондай қатысы бар. Капитализмнің негізгі белгілерін және оның егіншілік пен өнеркәсіптегі әр түрлі формаларын шатастырмау керек.

Егіншілікте капиталистік құрылысты туғызып отырған процестің негізгі белгілерін және оның ерекше формаларын талдап көрейік. Бұл процесті туғызып отырған себеп екеу: 1) товар өндірісі және 2) товар болып отырған өнім емес, жұмыс күші екендігі. Осы жұмыс күші айырбасқа тартылған кезде, бүкіл өндіріс капиталистік өндіріске айналады, ерекше пролетариат табы пайда болады. Егіншілікте товар өндірісінің өсуі және жалдама еңбектің өркендеуі өнеркәсіптегіден гөрі басқа формада болады, сондықтан Маркстің теориясын бұған қолдану дұрыс көрінбеуі мүмкін, бірақ егіншіліктің қандай формада капиталистік егіншілікке айналатындығын білу керек. Бұл үшін ең алдымен 2 құбылысты анықтап алу керек:

I. Сауда егіншілігі қалай өсіп отыр? және

II. Жұмысшы табының құрылуы қалай көрініп отыр?

I. Бұл процестің негізгі көрінісі — индустрия халқының тез өсуі және өндіріс бұйымдарының рынокқа шығарылуы. Демек, товарлы егіншіліктің кеңінен дамуы үшін егінші емес халықтың кең түрде дамуы қажет. Бұл процесс әр түрлі формаларда көрінеді және шеттен астық әкелін, шетке астық шығарушы елдерде

байқалып отырады. Ал индустрия халқының тез өсуі өнеркәсіпті елдерде астықтың тапшылығын туғызады, яғни техника жүйесі өзгермейтін жағдайда бөтен елдерден астық алмайынша болмайды. Барлық жер жеке меншікте болып отырған жағдайда астықты керексінудің артуы монополиялық бағаның тууына апарып соғады.

Рентаны түсіндіру үшін бұл маңызды.

Сауда егіншілігінің құрылу процесінің өзі фабрикалы өнеркәсіптегідей емес, басқаша жағдайда болады: өнеркәсіпте бұл процесс жай және төте формада өтеді, ал егіншілікте біз басқа жағдайды көреміз; онда сауда егіншілігі мен саудалық емес егіншіліктің араласып кетуі басым. Мұнда әр түрлі формалар қосылып отыр. Әрбір жердің өзінде рынокқа негізінен белгілі *бір* өнім шығарылып отырады. Бір жағынан, помещиктің, әсіресе шаруаның өндірісі товар өндірісі болады, ал екінші жағынан, ол өзінің тұтынушылық сипатын сақтайды.

Ақшаның керектігі натуралды шаруашылықтан сауда шаруашылығына көшу қажеттігін туғызады. Ақшаның күші Батыс Европада ғана емес, Россияда да шаруаларға өктемдігін жүргізеді. Земство статистикасына қарағанда, патриархтық шаруашылықтың қалдықтары өте күшті жерлердің өзінде де шаруалардың рынокқа бағыныштылығы орасан күшті.

II. Жалдама жұмысшылар табының құрылу процесі шаруалардың 2 жікке ыдырауынан келіп шығады: 1) фермерлер, бұлар егіншілікке өнеркәсіп ретінде қарайды, және 2) жалдама жұмысшылар. Бұл процесті көбінесе шаруалардың жіктелуі деп атайды. Бұл процесс, әсіресе, Россияда көзге өте айқын түсті. Оны феодалдық системаның заманында-ақ экономистер байқаған болатын.

Құрылу ерекшеліктері.

Бұл процесс бірқалыпты болып отырмайды. Жалдама жұмысшылар табының құрылу процесімен қатар біз патриархтық системаның өмір сүріп отырғандығын және жаңа, капиталистік системаның пайда болуын көреміз. Жалдама жұмысшы табы қайткен күнде де жермен байланысты: демек, процесс формалары мейлінше сан алуан түрлі болмақ.

КАПИТАЛИСТІК ЕГІНШІЛІКТІҢ ҮСТЕМДІГІ ТУРАЛЫ

Рента

Капиталистік елдің халқы 3 тапқа бөлінеді: 1) жалдама жұмысшылар, 2) жер иеленушілер және 3) капиталистер. Системаны зерттеген кезде, мұндай анық бөліну әлі қалыптасып жетпеген жерлердегі ерекше жағдайларды ескермеуге тура келеді.

Маркстің айтуынша, өнім қажетті өнім және қосымша өнім болып негізгі екі бөлімге бөлінеді. Міне осы қосымша өнімнің белгілі бір бөлігі, атап айтқанда, сол өнімнен капиталға келетін орташа пайданы шегеріп тастағаннан қалатын бөлігі жер рентасы болып табылады. Ал дамыған капиталистік қоғамда орташа пайда бәсекенің әсерімен құралып отырады, бұл бәсеке капиталистер арасында қосымша өнімді жұмысшылардың санына пропорциялы бөлмейді, кәсіпорынға жұмсалған барлық капиталдың мөлшеріне пропорциялы етіп бөледі.

Орташа пайданың жасалуын Маркс «Капиталдың» III томында талдайды. Құнарлылығы әр түрлі учаскелерде капитал әр түрлі пайда береді: нашар жер пайданы аз береді, жақсы жер пайданы көп береді, үстеме пайда береді. (Рикардо Маркске дейін-ақ рента теориясының негізін салған болатын.) Астық рыногында баға монополиясы болуы және астықтың жалпы мөлшерінің тапшылығы себепті, астықтың бағасын жердің нашар учаскесі белгілеп отырады. Нашар және рыноктан негұрлым алыс жатқан жермен салыстырғанда сапалы жерден немесе рынокқа жақын жерден алынатын пайданың артығы, Маркстің айтуынша, *дифференциалдық* рента деп аталады.

Рентаны жер иеленушілер фермерлерден тартып алып отырады.

Қосымша пайданың түрліше мөлшері 2 түрлі болуы мүмкін: 1) жердің құнарлылығының түрліше болуынан туатын мөлшер және 2) капиталды түрліше қолданудан туатын мөлшер. Сонан соң. Жерде жеке меншік шаруашылық монополиясынан басқа жерге жеке меншік монополиясы тағы бар: жер иеленуші астықтың бағасы

көтерілгенге дейін жерді фермерге бермеуі мүмкін, сонда ол *абсолюттік* рента алып отырады, бұл элементарлық монополия болып саналады. Бұл монополияның: 1) таза түрдегі монополия болуы мүмкін (онда, жете талдау жасайтын болсақ, бұл монополия рента деп аталуға тиіс емес). 2-ден, төмендегі жағдайға байланысты абсолюттік рента егіншілікке жұмсалған капиталдан түсетін қосымша пайдадан алынуы мүмкін. Егіншілікте техника төмен, сондықтан мұнда өзгермелі капиталдың (=пайда туғызатын капиталдың) үлесі өнеркәсіптегіден жоғары. Сондықтан егіншілікте пайданың үлесі де өнеркәсіптегіден жоғары болуға тиіс. Ал енді жер иелену монополиясы егіншіліктегі жоғары пайданы және өнеркәсіптегі төмен пайданы теңгеруге бөгет жасап отырады. Сөздің дәл мағынасында, абсолюттік рента егіншіліктегі неғұрлым жоғары, теңгерілмеген пайдадан алынып отырады. Оның шығар көзі — астықтың бағасын арттыру. Ал дифференциалдық рента өніммен алынады. Саудаға жаңа елдердің келіп қосылуымен сипатталып отырған соңғы жылдар дағдарысқа әкеп соқтырды.

Жердің бағасы есепке алынған, алдын ала болжанған рента болып табылады. Сондықтан оған белгілі бір мөлшердегі капиталдан түсетін кіріс деп қарайды. Жерді сатып алғанда орташа рента бере алатын кіріс мөлшерінде капитал жұмсау керек болады. Сондықтан индустрияның жылдам дамуы Европада рентаны қатты көтеріп, оны тұрақтандырды.

Масловтың жақында шыққан «Россиядағы ауыл шаруашылығы дамуының жағдайлары» деген кітабының көпшілік бөлімі рента теориясына арналған, ал бұл мәселеде Маслов Маркстің «сыншылары» деп аталатын Булгаков мырза және басқалар сияқты буржуазияшыл «сыншылардың» дәлелдерін қайталап, мүлдем қате көзқараста болып отыр. Маркс ағылшынның ескі саяси экономиясының бұл мәселеге өте үстірт қарағандығын: мұны ерекше тарихи жағдайларды тудыратын процесс деп қарамай, табиғи жағдайларды тудыратын процесс деп қарағандығын көрсетті, сондықтан саяси экономия: рента жердің жақсы участкесінен нашар участкесіне кө-

шу қажеттігіне байланысты пайда болады деп пайымдады. Бірақ мұның керісінше көшуі де болады, өйткені жерді өңдеп жетілдіру болып отырады. Сыншылар Маркстен шегініп, буржуазиялық экономияға қарай кетіп отыр.

Рента теориясын таяз ұғынудың тағы бір түрі — ол дифференциалдық рентаның пайда болу заңын топырақ құнарлылығының кеми беру заңымен біріктіру болып табылады, осының салдарынан жердің белгілі бір учаскесінен түсетін пайда кеміп отырады-мыс деу. Жақсы жерлерден нашар жерлерге көшудің себебін Рикардо капиталды үсті-үстіне көптеп жұмсаудың *мүмкін еместігінен* деп түсіндіреді.— Орыс «сыншыларының» бәрі де топырақ құнарлылығының кеми беру теориясын қорғау жағына шықты; басқа мәселелерде марксист болып қалғысы келетін Маслов та осы теорияны жақтады. Бірақ бұл теорияны жақтаудың дәлелдері: егер бұл теорияны танымайтын болсақ, онда алақандай жердің өнімімен бүкіл бір мемлекетті асырауға болады деп мойындау керек қой деген сияқты шымшыма сөзден әрі ұзап кете қойған жоқ.

Маркс бұл теорияға қарсы күресті. Бұл теория капиталдың шығынына арифметикалық тұрғыдан қарайды және жалпы шаруашылықтың жағдайларын ескермей, қатеге ұрынады. Егер үсті-үстіне көп капитал жұмсау әрқашан мүмкін деп ұйғарсақ, онда бұл теория дұрыс болар еді, бірақ мұндай жағдай системалардың қайта құрылуын көздейді, ал егіншіліктегі системалар ғасырлар бойы сақталады, ал мұның өзі капиталды жұмсауға белгілі шектер қойып отырады. Егер техника өзгермейтін болса, онда капиталды одан әрі жұмсау мүмкін болмайды немесе өте тар шеңберде ғана мүмкін болады. Маркс өнеркәсіпте де белгілі бір көлемдегі жерде өндірісті шексіз өркендете беру мүмкін емес деп көрсетеді: егер кәсіпорын белгілі бір көлемдегі жерді алып отырған болса, өндірісті өркендету үшін жер көлемін кеңейтуге тура келеді. *Егер* жер тиімді жолмен өңделетін болса, онда бұл өндірісті тек жақсартуы ғана тиіс, сөйтіп, жерді осылай күтіп өңдегенде оның пайдасыз емес екені былай тұрсын, қайта керісінше деп қорытынды

шығарады Маркс. Маркстің теориясына қарсы адамдар міне осы *«егер»* дегенді елемей кетіп отыр. Сонымен Маслов, бейне марксист болып, бұл мәселе жөніндегі өзінің көзқарастарымен көп адамды шатастыруы мүмкін. Оның кітабы біздің заманымызда сансыз көп кездесетін мысалдардың бірін — алға қарай жүрудің орнына кейін қарай жүргендікті көрсетеді.

Егінші халық абсолютті азаюда, бірақ егіншілік өндірісі алға басуда. XIX ғасыр бойында бұл прогресс товарлы егіншіліктің өсуімен тығыз байланысты болды. Бұл прогресс қазіргі капиталистік құрылыстың негізгі белгілерінің бірін сипаттайды; ол белгі егіншілікте бәсекенің туып отырғандығынан, егіншілік үшін рынок туып отырғандығынан және халықтың жіктелуінен байқалады. Бұл прогресс егіншіліктің дамуына күшті серпін болды, бірақ прогрестің әрбір қадамы жаңа, ғылыми егіншіліктің барлық өндіргіш күштерін түгел пайдалануға мүмкіндік бермейтін қайшылықтардың туумен ұштасып отырды. Капитализм жердің өндіргіш күштерін ысырап етумен қатар жүріп отыратын ірі өндірісті, бәсекені туғызады. Халықтың қалаға шоғырлануынан бос қалған жерлер пайда болады, зат алмасу тәртібі бұзылады. Жерді өңдеу жақсартылмайды, не жақсартылса да, тиісті дәрежеде жақсартылмайды.

Социалистік сын бұған көптен-ақ назар аударды (Маркс). Герц мырза, одан соң бізде Россияда Булгаков, Чернов, Струве мырзалар Либихқа сүйенген Маркстің теориясы ескірді дегенді айтты. «Сыншылардың» бұл пікірі мүлдем қате. Капитализмнің жерді пайдалану мен жерді тыңайтудың арасындағы теңбе-теңдікті бұзып отырғандығы күмәнсыз (қаланың деревнядан бөлінуінің ролі). Маркстік теорияға емес, оны «сынаушыларға» тілектес көп жазушылардың өздерінің келтіретін мәліметтері олардың өздеріне қарсы дәлел болады. Мәселен, Носсиг (Nossig). Оның мәліметтері бойынша, жердің өндіргіш күштерінің орны толтырылып отырмайтын көрінеді, жерден қанша алынатын болса, оған сонша қайтып берілмейтін көрінеді. Жерді малдың қиымен, жасанды тыңайтқыштармен тыңайтып отыру керек. Орта есеппен алғанда бір гектар жерге жұмсала-

тын 60 000 килограмм тыңайтқыштың $^{1}/_{3}$-і табиғи тыңайтқыштар болу керек екен, бірақ егіншіліктің қазіргі системасы мұны бере алмайды.

Сонымен, капитализмнің егіншілікке жасайтын ықпалы мыналардан көрінеді:

Ол жалдама жұмысшының ерікті болуып талап етеді және ескі кіріптарлықтың барлық формаларын ығыстырып шығарады. Бірақ ауыл шаруашылығындағы жалдама жұмысшылар езгіден құтылмай келеді. Езушілік күшейді және ол үлкен күресті керек етіп отыр.

Капитализм жер иеленушілер алатын алымдардың мөлшерін, дифференциалдық және абсолюттік рентаның көлемін орасан көбейтті. Шамадан тыс көп рента егіншіліктің онан әрі өсуіне кедергі туғызады.

ЕВРЕЙ ПРОЛЕТАРИАТЫНА «ДЕРБЕС САЯСИ ПАРТИЯ» КЕРЕК ПЕ

«Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағының шетелдік комитеті» шығарып тұратын «Последние Известияның» 105-номеріндегі (1903 ж. 28/15 январьдағы) «Бір прокламация жөнінде» (атап айтқанда Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Екатеринослав комитетінің прокламациясы жөнінде) деген шағын мақаладан қаншалықты маңызды және шынында «күтпеген жағдайға соқтыруы ықтимал» болса, соншалықты таңқаларлық мынадай тұжырымды табамыз: «еврей пролетариаты өз алдына дербес (sic! *) Бунд саяси партиясы болып қалыптасты» (sic!).

Біз мұны осы кезге дейін білмеуші едік. Бұл жаңалық.

Осыған дейін Бунд Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының құрамдас бір бөлігі еді, ал «Последние Известияның» 106-номерінде Бундтың Орталық комитетінің мәлімдемесін, бас жағында: «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы» деп жазылған мәлімдемесін тағы да (тағы да!) кездестіреміз. Рас, Бунд өзінің соңғы, IV съезінде өзінің атын өзгертуге (Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының қандай да болса бір бөлігінің аты туралы мәселе жөнінде орыс жолдастардың пікірін тыңдағысы келетіндігін ескертпестен) және Россия партиясының уставына жа-

* — солай! *Ред.*

ңа *федерациялық* қатынастарды «өткізуге» қаулы шығарды. Егер Бундтың шетелдік «Орыс социал-демократтары одағынан» шығуын және сол Одақпен федерациялық шарт жасасуын осы сөзбен атауға болады десек, ол тіпті бұл қатынастарды іс жүзінде «өткізіп те» қойды.

Бірақ Бундтың өзі, оның IV съезінің шешімдеріне қарсы «Искра» айтыс ашқанда, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясында тек *өзіміздің тілектерімiз бен шешімдерімізді* ғана *өткізгіміз* келеді деп тіпті айқын мәлімдеді, яғни қашан бұл партияның жаңа уставы қабылданғанша, қашан ол Бунд жөнінде қатынастардың жаңа формаларын жасағанша РСДРП-ның бөлігі болып қала береміз деп турадан-тура және үзілді-кесілді мойындады.

Ал енді тосыннан келіп, еврей пролетариаты өз алдына *дербес* саяси партияға *қалыптасқан* болып шығып отыр! Тағы қайталап айтамыз: бұл жаңалық.

Осы сияқты тағы бір жаңалық — Бундтың шетелдік комитетінің Екатеринослав комитетіне айбат шегіп, жөнсіз тиісуі. Біз, ақыры *(амал қанша, көп кешігіп болса да)*, бұл прокламацияны алдық, ал енді *осындай* прокламацияға тиісу, Бунд тарапынан, *күмәнсыз*, ірі саяси қадам болып табылатынын * біз ешбір тайсалмай айта аламыз. Бұл қадам Бундты дербес саяси партия деп жариялағандыққа бүтіндей сәйкес келіп отыр және, өз тарапынан, бұл жаңа партияның бет-бейпесі мен қызмет түрі қандай екенін айқындап береді.

Әттең, бізге Екатеринослав прокламациясын түгелімен келтіруге орынның тарлығы кедергі болып отыр (ол «Искраның» екі бағанадай жерін алып тұрар еді **), сонымен біз енді бұл аса жақсы прокламация *Екатеринослав қаласының* (бұл сөздердің неліктен астын сызып отырғанымызды біз қазір түсіндіреміз) еврей жұмысшыларына сионизм [62] мен антисемитизмге социал-демократиялық көзқарасты тамаша түсіндіретіндігін ескертумен шектелмекпіз. Бұл арада прокламацияның еврей

* Егер, әрине, Бундтың шетелдік комитеті бұл мәселеде бүкіл Бундтың пікірін білдіріп отырған болса.

** Біз баспаға әзірлеп жатқан кітапшамызда бұл прокламацияны түгелімен және оған Бундтың шетелдік комитетінің тиісуін қайта басып шығармақпыз [61].

жұмысшыларының сезіміне, көңіл-күйлеріне және тілектеріне қамқорлықпен, жолдастық қамқорлықпен карауы соншалық — *«тіпті сіздердің* (прокламация еврей жұмысшыларға арнап айтады) *ұлттық мәдениеттеріңізді сақтап, онан әрі дамыту үшін», «тіпті таза ұлттық мүддeлер үшін»* (прокламацияның өзінде асты сызылып, курсивпен терілген) Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының туы астында күресу керек деп айрықша ескертіп, баса көрсетеді.

Бірақ соған қарамастан Бундтың шетелдік комитеті (жаңа партияның Орталық Комитеті деп айта жаздадық-ау) бұл прокламация *Бунд туралы бір ауыз сөз де айтпады* деп оған дүрсе қоя берді. Міне, прокламацияның жалғыз ғана, әйтсе де кешіргісіз, сұмдық қылмысы осы. Міне Екатеринослав комитетіне «саяси мағынасы» жеткіліксіз деп айып тағылатын себебі де осы. Екатеринославтық жолдастар «еврей пролетариатының күштерін (!!) бөлек ұйымдастыру керектігі жайындағы пікірді (бұл бір терең және маңызды пікір екен!) әлі күнге ұқпағаны» үшін, «әлі күнге онан (Бундтан) үйтіп-бүйтіп құтылу жөніндегі мағынасыз қиялмен болып жүргендері» үшін, антисемитизм жұмысшы топтарымен және сол топтардың мүдделерімен емес, буржуазиялық топтармен байланысты деген «зияны кем емес (сионистіктен гөрі) ертегіні» таратып жүргені үшін жазғырылады. Міне сондықтан да «өз алдына дербес еврей жұмысшы қозғалысын бүркеу сияқты зиянды әдетті тастау керек», сөйтіп «Бундтың өмір сүріп отырған фактісіне көну керек» деп Екатеринослав комитетіне кеңес береді.

Енді: Екатеринослав комитетінің бұл арада шынымен қылмысы бар ма? шынында да оның Бунд туралы сөзсіз ауызға алуы керек пе еді? деген сұрақ туады. Бұл сұрақтарға тек жоқ деп жауап беруге болады, оның себебі мынау ғана: прокламация жалпы «еврей-жұмысшыларына» емес (Бундтың шетелдік комитетінің бүтіндей қате айтқаны секілді), *«Екатеринослав қаласының* еврей жұмысшыларына» арналған (Бундтың шетелдік комитеті соңғы екі сөзді цитатқа алуды ұмытып кетіпті!). Екатеринославта *Бундтың ешқандай ұйымы*

жоқ. (Оның бер жағында, Бундтың IV съезі Россияның оңтүстігі жайында: еврей ұйымдары партия комитеттерінің құрамына кіріп отырған қалаларда, олардың мұқтаждары бұл комитеттерден бөлініп шықпай-ақ толық қанағаттандырылатын болғандықтан, *бөлек Бунд комитеттері құрылмасын* деп қаулы етті.) Ал енді Екатеринославта еврей-жұмысшылар ерекше комитет болып ұйымдаспаған соң, олардың қозғалысын (сол жердің барлық жұмысшы қозғалысынан бөлместен) бүтіндей Екатеринослав комитеті басқарып отырады; бұл Екатеринослав комитеті оларды Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясына *тікелей* қоса бағындырады, демек, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы оларды партияның тек бір жеке бөліктеріне емес, *бүкіл партияға* жұмыс істеуге шақырып отыруға *тиіс*. Мұндай жағдайларда Екатеринослав комитетінің Бундты ауызға алуы міндетті емес екені былай тұрсын, қайта, егер ол «еврей пролетариатының күштерін бөлек ұйымдастыру (бұл дұрысында жәпе мүмкіндігіне келгенде *дәрменсіздікті* ұйымдастыру болып шығар еді) * керектігін» (бундшылдардың тілеуінше) уағыздауды ойлаған болса, онда бұл оның тарапынан аса зор қателік болатындығы жәпе партияның уставып ғана емес, пролетарлық тап күресі бірлігінің мүдделерін де тікелей бұзғандық болатындығы айқын.

Содан соң. Екатеринослав комитеті антисемитизм мәселесін «айыра білуі» кем деп айыпталады. Бундтың шетелдік комитеті ірі әлеуметтік қозғалыстарға нағыз балаша қарайтынын көрсетіп отыр. Екатеринослав комитеті *соңғы ондаған жылдар бойындағы халықаралық* антисемиттік қозғалысты әңгіме етеді және «бұл қозғалыс Германиядан басқа елдерге көшті, сөйтіп барлық жерде халықтың жұмысшы топтарының арасында емес,

---

* Мысалы, «христиандық жұмысшы ұйымдарынан» шыққан біздің жолдастарымыз деген сөзді қолданып, Бунд нақ осындай «дәрменсіздікті ұйымдастыру» ісіне қызмет етеді. Екатеринослав комитетіне қарсы істеген барлық қылықтары сияқты, мұнысы да сондай өрескел. Біз ешқандай «христиандық» жұмысшылар ұйымдарын білмейміз. Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясына жататын ұйымдар ешқашан да өз мүшелерін олардың дініне қарай айырып көрген емес, ешқашан да олардың діндерін сұрап көрген емес — және тіпті Бунд *шынымен-ақ* «дербес саяси партия болып қалыптасқан» заманда да — мұндайды ешқашан *істемейді*.

нақ буржуазиялық топтары арасында өздеріне жақтаушылар тапты» дейді.— «Бұл ертегінің» (сионистік ертегілерден гөрі) «зияны кем емес»,— деп Бундтың шетелдік комитеті қатты ашуланып айтып салады. Антисемитизм «жұмысшы бұқарасы арасында тамыр жайды» деп, оны дәлелдеу үшін «айыра білуші» Бунд екі факті келтіреді: 1) жұмысшылардың Ченстохов ойранына араласуы және 2) Житомирде 12 *(он екі!)* христиан жұмысшының стачкашылардың орнына тұрып, «барлық жидтерді қырамыз» деп қорқытуы. Шындығында, дәлелдері, әсіресе соңғысы, салмақты-ақ! «Последние Известияның» редакциясы 5 немесе 10 адам қатысқан ірі стачкалармен айналысып дағдыланғаны соншалық, халықаралық антисемитизмнің белгілі бір «халық топтарымен» байланысына баға беру үшін Житомирдегі 12 қараңғы жұмысшының қылығын көлденең тартады. Рас, бұл бір керемет екен! Егер бундшылдар Екатеринослав комитетіне орынсыз және кісі күлерлік ашу шақырудың орнына бұл мәселені біраз ойластырған болса және ең болмағанда өздері жуықта жаргонмен шығарған әлеуметтік революция жайындағы Каутскийдің кітапшасын қарап шыққан болса, онда олар антисемитизмнің халықтың жұмысшы топтарының мүдделерімен емес, нақ буржуазиялық топтардың мүдделерімен *сөзсіз* байланысты екенін ұққан болар еді. Тағы да біраз ойлап қараса, олар ондаған жұмысшылар түгіл, тіпті жүздеген-ақ ұйымдаспаған және оннан тоғызы әлі мүлдем қараңғы жұмысшылардың қайсыбір ойранға қатынасқандығынан қазіргі заманғы антисемитизмнің қоғамдық сипаты өзгермейтінін де аңғарған болар еді.

Екатеринослав комитеті антисемитизмді мәңгілік деген сионистердің ертегілеріне қарсы көтерілді (және заңды түрде көтерілді), ал Бундқа келсек, ол өзінің ашушаң түзетуімен мәселені тек шатастырып алды, сөйтіп еврей жұмысшылары арасына олардың таптық сана-сезімін *күңгірттендіруге* бастайтын идеяларды таратты.

Россияның бүкіл жұмысшы табының саяси бостандық пен социализм жолындағы күресі тұрғысынан алып қарағанда Бундтың Екатеринослав комитетіне қарсы қы-

лығы жөнсіздіктің барып тұрған шегі. «Дербес саяси Бунд партиясы» тұрғысынан қарағанда бұл қылық түсінікті болып шығады: ол — «еврей» жұмысшыларын христиандармен бірге, бөлместен, ешбір жерде ұйымдастырамын деуші болмаңдар! Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы атынан немесе оның комитеттері атынан еврей жұмысшыларына Бунд арқылы болмаса, Бундтың атын айтып болмаса, туралай, «коктей өтіп» сөз тастаушы болмаңдар!

Бұл тым аянышты факт — кездейсоқтық емес. Еврей пролетариатына қатысты істер жөнінде автономияның орнына сіздер «федерацияны» талап еттіңіздер, содан соң — енді сол федерацияны *қалай да болса әйтеуір* өткізуге мүмкіндік табу үшін, сіздерге Бундты «дербес саяси партия» деп жариялау *керек болды*. Бірақ Бундты дербес саяси партия деп жариялаушылық ұлт мәселесіндегі негізгі қатені өрескелдікке дейін жеткізу болады, еврей пролетариатының және жалпы еврей социал-демократтарының көзқарастарындағы өзгерістің сөзсіз және лажсыз басталатын жері осы болады. 1898 жылғы устав беретін «автономия» еврей жұмысшы қозғалысына не керек болса, соның бәрін де қамтамасыз етеді: жаргонда насихат және үгіт жүргізуді, әдебиет пен съездерді, ортақ бір социал-демократиялық программаны дамыту бағытында айрықша талаптар қоюды және еврей тұрмысының озгешелігінен туатын жергілікті мұқтаждар мен тілектердің қанағаттандырылуын қамтамасыз етеді. Бұдан басқа реттердің бәрінде де орыс пролетариатымен бүтіндей және өте тығыз бірігу керек, Россияның бүкіл пролетариатының күрес мүдделері үшін бірігуі керек. Істің нағыз шын мәніне келгенде, осындай біріккен жағдайда қандай да болса «майорландырудан» қорқушылық негізсіз, өйткені *еврей* қозғалысының айрықша мәселелерінде майорландырудан сол автономияның өзі-ақ сақтайды, ал самодержавиемен күресу, бүкіл Россия буржуазиясымен күресу мәселелерінде біз біртұтас, орталықтанған, жауынгер ұйым ретінде шығуға тиістіміз, біз тіл және ұлт өзгешелігіне қарамай, теория және практика мәселелерін, тактика және ұйымдастыру мәселелерін ұдайы бірге шешумен топтас-

қан бүкіл пролетариатқа сүйенуге тиістіміз, ал әрқайсысы өз жолымен, бөлек жүретін ұйымдар құрмауымыз керек, өз тегеуріпіміздің күшін толып жатқан дербес саяси партияларға бөлшектеп, әлсіретпеуіміз керек, өзіңе-өзің қолдап еккен ауруды соңынан атышулы «федерация» дегеннің пластырымен емдеп жүрмеу үшін, оқшаулық және даралапып бөлінушілікті енгізбеуіміз керек.

«Искра» № 34, 15 февраль, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

САМОДЕРЖАВИЕ ҚОБАЛЖУДА...

Самодержавие қобалжуда. Құдіреті күшті патшаның өзі мұны халық алдында ашықтап-ашық мойындап отыр. 26 февральдағы патша манифесінің орасан зор маңызы осындай, сөйтіп манифестің іші екі ұшты сөздерге, ескертулер мен сылтауларға лық толы, бірақ оның ешқайсысы да басталған істің тарихи маңызын өзгерте алмайды.

Патша бастауын ескіше — *әзірге* ескіше: «тәңірінің шапағатымен...» деп бастайды да, аяқтауын — *қоғам сеніміне* бөленген адамдарды жәрдемге шақырып, жартылай қорқақтық, жартылай екіжүзділік сөздермен аяқтайды. Русь жерінде үкіметтің тәңірінің шапағатымен өмір сүре алатын заманының қайта айналмастай болып өтіп бара жатқанын, Россияда бұдан былай бірден-бір мықты үкімет *халықтың еркімен* құрылатын үкімет болатындығын патшаның өзі де сезеді.

Патша Россия державасының ғасырлар бойы келе жатқан негіздерін сақтаймыз деп берген қасиетті антын қуаттап отыр. Ресми тілден орыс тіліне аударғанда, мұның мәнісі: самодержавиені сақтау деген сөз. Бір кезде, революциялық қозғалыс бәсеңдеп, төмендей бастаған кезде,— мұны III Александр тайсалмастан тіке айтып салған болатын (1881 жылғы 29 апрельдегі манифесте). Қазір, «самодержавие жойылсын» деген айбынды ұран барған сайын күш алып, одан әрі қаттырақ естіліп отырған кезде, II Николай өзінің сөзіне кішкене бет перде жабуды және қаймыққансып, ұмытылмас әке-

сіне арқа сүйегенді артық көріп отыр. Мағынасыз және жексұрын айла! Мәселе тікесінен және жария қойылып отыр: самодержавие сақтала ма, жоқ па? Самодержавиені сақтаймын деп уәде етуден басталатын «реформалар»,— бұл тек айтуға ғана «реформалар»!— жайындағы уәденің қандайы да барып тұрған өтірік және орыс халқын қорлағандық. Бірақ бүкіл халық болып үкіметтің өктемдік бет пердесін жұлу үшін сол өкіметтің өзінің бүкіл халыққа жариялап отырған екіжүзді және жалған уәделерінен артық дәлел жоқ.

Патша революциялық қозғалыс туралы айтып (тағы да бет пердемен бүркеп), «ылаң» халықтың әл-ауқатын жақсарту жұмысына кедергі болып отыр, ол жұрттың ақыл-ойын толқытып отыр, ол халықты өнімді еңбектен қол үздіріп отыр, ол патшаның жүрегіне сондай ардақты күштерді апат қылады, туған ел үшін керекті жас күштерді апат қылады деп шағым етеді. Ал революциялық қозғалысқа қатысып, апат болып жатқан адамдар патшаның жүрегіне ардақты *болғандықтан*, патша *сол себепті* қоғамдық өмірдің қалыпты жолынан ауытқудың қандайына болса да қатаң тыйым салуға, яғни сөз бостандығын, жұмысшылардың стачкаларын, халық демонстрацияларын аяусыз қуғындауға жалмажан уәде беріп отыр.

Осы жетер. Бұл әбден жетерлік. Екіжүзділік сөз өзін өзі әшкерелеп отыр. Бұл «патша сөзі» Россияның барлық аймақтары мен меңіреу түкпірлеріне тарап, революциялық талаптардың пайдасы үшін ең жақсы үгіт болады, бұған біздің сеніміміз бар деп айта аламыз. Кімде-кімнің титтей де намысы қалған болса, оның патша сөзіне қайтаратын жауабы біреу-ақ болады: саяси және діни істер бойынша және стачкалар туралы, өкіметке қарсыласу туралы істері бойынша соттың кесімімен немесе сотсыз, үкімнен кейін немесе үкімге дейін түрмеде отырғандарды, айдауда жүргендерді немесе қамауға алынғандарды *түгелдей* сөзсіз және дереу босату *талабы* болады.

Біз патшаның қандай алдамшы тілмен сөйлегенін көрдік. Енді оның *не туралы* сөйлеп отырғанын көрейік.

Негізінде, үш нәрсе туралы сөйледі. Біріншіден, дін еріктілігі туралы. Қандай дінді болса да ұстаушыларға еріктілікті қамтамасыз ететін негізгі заңдарымыз қуатталып, баянды етілуі керек. Бірақ православие діні үстем болуға тиіс. Екіншіден, патша селоның жағдайына қатынасы бар заңдарды қайта қарау туралы, бұл қайта қарау ісіне қоғамның алдында сенімі бар адамдардың қатысулары туралы, патшаның қол астындағы барлық адамдардың семьяда, мектепте және қоғам тіршілігінде адамгершіліктің негіздерін нығайту жолында бірлесіп жұмыс істеулері туралы сөйледі. Үшіншіден, шаруалардың өз қоғамдарынан шығуын оңайлату туралы, шаруаларды қысымшылықта ұстап келген жаппай кепілдіктен босату туралы сөйледі.

II Николайдың үш мәлімдемесіне, уәдесіне, ұсынысына орыс социал-демократиясы үш талап қоюмен жауап қайырады, бұл талаптарды ол көптен бері қойып, әрқашан қорғап, барлық күшімен таратып келеді және бұл талаптарды қазір патша манифесіне байланысты барынша растап және соған жауап ретінде ерекше қатты қоюымыз керек.

Біріншіден, біз жиын бостандығының, баспасөз бостандығының дереу және сөзсіз заң жүзінде танылуын, барлық «саясатшылар» мен барлық сектанттарға амнистия берілуін талап етеміз. Бұл істелмейінше, дін ұстау еріктілігі туралы, дін бостандығы туралы сөздердің бәрі бейшаралық айла, лайықсыз өтірік болып қана қалады. Жиын бостандығы, сөз және баспасөз бостандығы жарияланбайынша,— міне, соған дейін ресми емес дін ұстауды, ресми емес пікірлерді, ресми емес ілімдерді қуғындаушы масқаралық орыс инквизициясы жойылмақ емес. Цензура жойылсын! «Үстем» шіркеудің полицейлік және жандармдық күзеті жойылсын! Осы талаптар үшін орыстың саналы пролетариаты қасық қаны қалғанша күреседі.

Екіншіден, біз бүкіл халықтық Құрылтай жиналысын шақыруды талап етеміз, бұл жиналысты ешкім шетке қағылмай, барлық азаматтар сайлауға тиіс және ол Россияда басқарудың сайлау арқылы болатын формасын орнатуға тиіс. Жергілікті адамдардың кеңестері, губер-

наторлардың жанындағы помещиктік парламенттер, дворяндарға жетекші мырзалардың (бәлкім, тағы делегаттарының да шығар?) өкілдік басқармасы дегендерді бетке ұстау енді жетер! Құдіретті чиновниктер әрқилы земстволарды жетерліктей ермек етті; тышқанмен ойнаған мысықтай оларды биязы жұмсақ аяғымен біресе босатып жіберіп, біресе сипалап тәлкек етті! Депутаттардың бүкіл халықтық жиналысы шақырылмайынша,— міне соған дейін қоғамға сену туралы, қоғам тіршілігінің адамгершілік негіздері туралы сөздердің қандайы болса да өтірік және өтірік болып қала береді. Соған дейін орыс жұмысшы табының орыс самодержавиесіне қарсы революциялық күресі баяуламақ емес.

Үшіншіден, біз шаруалардың барлық басқа сословиелермен толық тең праволылығының заң жүзінде дереу және сөзсіз танылуын, деревняда крепостниктік правоның барлық қалдықтарын құрту үшін, шаруалардың жағдайын жақсартуға бағытталған елеулі шаралар қабылдау үшін *шаруалар комитеттерінің* шақырылуын талап етеміз.

Россия халқының оннан тоғызы болып отырған шаруалардың правосыздығына бұдан әрі бір күн де төзуге болмайды. Бұл правосыздықтан бүкіл жұмысшы табы да, бүкіл ел де жапа шегіп отыр; орыс өміріндегі бүкіл азиатшылдықтың тірегі осы правосыздық болып отыр; осы правосыздықтан барлық және әр түрлі кеңестер мен комиссиялар із қалдырмай *(не болмаса шаруаларға зиян тигізіп)* өтіп жатыр. Патша қазір де чиновниктер мен дворяндардың сол бұрынғы «кеңестерімен» құтылмақшы болып отыр, патша тіпті жергілікті адамдардың еңбектеріне басшылық ету үшін «күшті өкіметтің» керектігі туралы айтып отыр. Бұл «күшті өкіметтің» не нәрсе екенін шаруалар земство бастықтарының мысалынан өте жақсы біледі. Дворяндар комитеттерінің қайырымынан кейін шаруалардың қырық жыл бойы мұқтаждық, қайыршылық және үздіксіз ашаршылық көргені тегін емес. «Реформалардың» және жақсартулардың қандайы болса да оларды *шаруалардың өздері* жүзеге асырмаған күнде, алдау ғана болып қалатындығын қазір шаруалар түсіне алады. Бір ғана жаппай ке-

пілдікті емес, жиырмасыншы ғасырға дейін ондаған миллион халықты езіп отырған барщинаның және крепостниктік правоның қалдықтарын бірін қалдырмай іс жүзінде тегіс құрту тек қана *шаруалар комитеттерінің* қолынан келетіндігін шаруалар түсіне алады,— олардың мұны түсінуіне біз де жәрдемдесеміз. Қала жұмысшыларына жиын бостандығы мен баспасөз бостандығы да толық жеткілікті: бұл бостандықтарды пайдалануды біз білеміз!! Бірақ қараңғы түкпірлерде бытыраңқы жатқан, езілген және тағыланған шаруалар үшін бұл аз,— сондықтан жұмысшылар оларға көмектесулері тиіс, өз тағдырларын өз қолдарына алмайынша, шаруаларды өтірік азат ету емес, шын мағынасында азат етудің бірінші және негізгі қадамы ретінде *шаруалар комитеттерін* құруға қолдары жетпейінше, олардың бейшара құл қалпында қала берулері даусыз және сөзсіз екендігін оларға түсіндірулері тиіс.

Үкімет үшін революциялық дәуірде кеңшілік берудің, қобалжудың басталуынан қатерлі кезең болмайтынын тәжірибелі және ақылды адамдар баяғыда-ақ байқаған. Орыс халқының соңғы жылдар ішіндегі саяси өмірі мұны өте тамаша дәлелдеп отыр. Үкімет жұмысшы қозғалысы туралы мәселеде қобалжып, зубатовшылдыққа жол беріп еді,— масқара жағдайға кез болды, сөйтіп революциялық үгіттің отына май құйды. Үкімет студенттер мәселесінде кеңшілік бергісі келіп еді,— масқара жағдайға кез болды, сөйтіп студенттердің революцияшылдануын алып адыммен алға бастырып жіберді. Үкімет енді ішкі саясаттың барлық мәселелері жөнінде сол әдістің өзін кең көлемде қайталап отыр,— сондықтан ол тағы да масқара жағдайға ұшырамай қоймайды, сөйтіп самодержавиеге қарсы революциялық шабуылды сөзсіз оңайлатады, күшейтеді және дамытады!

* *
*

Біздің енді 26 февральдағы патша манифесін үгіт жұмысы үшін қалай пайдалану керектігі туралы практикалық мәселеге тоқталуымыз қажет. Күрестің құрал-

дары не болу керек деген сұраққа орыс социал-демократтары бұл жауапты көптен бері айтып келеді, ол: ұйымдастыру және үгіт жүргізу; бұл құралдарды «тиянақты емес» деп тауып, тек оқ атуды ғана «тиянақты» құрал деп санаған аңқау адамдардың мазағына олар сасқан да жоқ. Міне, қазіргідей кезеңдерде, біздің алдымыздан ойда жоқ жерден бүкіл халықтық үгіт жүргізуге барлық күшті тегіс жұмсауды өте-мөте керек етіп отырған сондай жақсы себеп кездесіп отырған кезеңде,— міне осындай минуттарда бір кемшілік, сол бұрынғы кемшілік, бәз-баяғы кемшілік ерекше сезіліп отыр; ол: ұйымдасу, үгітті тез өрістету қабілетіндегі кемшілік.

Бірақ біз бұл кемістіктің әлі есесін қайтарамыз және сан есе қайтарамыз!

Біз ең алдымен 26 февральдағы манифеске жалпы орыстық және жергілікті листоктармен жауап беруге тиіспіз. Егер бұрын бүкіл Русьте листоктар он мыңдаған дана шыққан болса, енді миллиондаған дана болып таратылатын болсын, сөйтіп патшаның халыққа арнаған үндеуіне орыстың саналы пролетариатының жауабын бүкіл халық білетін болсын, патшаның сөзімен салыстырғанда *сол тақырыптың өзіне* біздің қойып отырған айқын және практикалық талаптарымызды жұрт көрсін.

Содан соң. 26 февральдағы манифеске тек патшаға ниеттес земствошылдар мен дворяндардың, көпестер мен профессорлардың және тағысын тағы сондайлардың жария жиналыстарының қошеметтеп қуана жауап қайыруларына біз жол бермеуге тиіспіз. Социал-демократиялық ұйымдардың листоктарында берілетін жауаптар да жеткіліксіз. *Жұмысшылардың әрбір үйірмесінде, әрбір жиналысында* өздерінің жауабы белгіленетін болсын, социал-демократияның талаптары ресми түрде және салтанатпен қуатталатын болсын. Жұмысшылардың бұл жиналыстарының (ал егер реті келсе, шаруалар жиналыстарының да) шешімдері жергілікті листоктарда басылатын болсын және біздің газеттерімізге хабарланатын болсын. Жұмысшылар мен шаруалардың өздерінің жауаптарын ғана біз халық жауабы деп санайтынымызды жұрттың бәрі білетін болсын. Біздің негізгі талапта-

рымызды *күшпен* қолдауға барлық үйірмелер осы бастан-ақ әзірленуге кіріссін.

Одан кейін, қандай жиналыстарда болса да патшаға алғыс айтатын хаттардың бөгетсіз жазылуларына біз жол бермеуге тиіспіз. Либерал мырзалар орыс халқының пікірін жетерліктей-ақ сыртынан сатты! Өздерінің ойындағысынан басқаны айтып, халықтың бүкіл ойлы және күреске бел байлаған бөлегінің ойындағысынан басқаны айтып, олар жетерліктей-ақ өтірік соқты! Олардың жиналыстарына қатысуға тырысу керек, ол жиналыстарда да құлшылықпен алғыс айтушылыққа қарсы неғұрлым кең түрде, жұрт алдында және ашықтан-ашық өз пікірлерімізді, қарсылығымызды, патшаға *нағыз* жауабымызды айтуға тырысуымыз керек, листоктар тарату арқылы да, мүмкіндікке қарай, осы сияқты жиналыстардың бәрінде жұрт алдында сөйлеу арқылы да (тіпті председатель мырзалар мұндай сөздерге бөгет жасауға тырысқанның өзінде де) айтуға ұмтылуымыз керек.

Ақырында, біз жұмысшылардың жауабын көшеге де шығаруға тырысуымыз керек, өзіміздің талаптарымызды демонстрациялар арқылы мәлімдеуіміз керек, жұмысшылардың көптігін және күшін, олардың саналылығы мен батылдығын ашық көрсетуге тырысуымыз керек. Алдымыздағы маевка өзіміздің пролетарлық талаптарымызды жалпы мәлімдеумен бірге 26 февральдағы манифеске айрықша, арнаулы, айқын жауабымыз болатын болсын!

«Искра» № 35, 1 март, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДЕРЕВНЯ КЕДЕЙЛЕРІНЕ

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ НЕНІ КӨЗДЕЙТІНІН ШАРУАЛАРҒА ТҮСІНДІРУ[63]

1903 ж. марттың бірінші жартысында жазылған

1903 ж. майда Женевада «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы» жеке кітапша етіп бастырып шығарған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

РОССІЙСКАЯ СОЦІАЛЬДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ РАБОЧАЯ ПАРТІЯ.

Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

Н. ЛЕНИНЪ

Къ деревенской бѣднотѣ.

Объясненіе для крестьянъ, чего хотятъ соціальдемократы.

Съ приложеніемъ Проекта программы Россійской Соціальдемократической Рабочей Партіи.

Изданіе Заграничной Лиги Русск. Революціонной Соціальдемократіи.

ЖЕНЕВА
Типографія Лиги, Route Caroline, 27.
1903

В. И. Лениннің «Деревня кедейлеріне» деген кітапшасының мұқабасы.— 1903 ж.

Кішірейтілген

1. ҚАЛА ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ КҮРЕСІ

Қалалардағы жұмысшылардың толқулары туралы көптеген шаруалар, бәлкім, бұрын да естіген болар. Кейбір шаруалардың өздері де астаналар мен фабрикаларда болды, полиция бүлік деп атайтын, ондағы бүліктерді талай рет көрді. Екінші біреулері толқуларға қатысқаны үшін бастықтардың бұйрығы бойынша деревняға айдалып келген жұмысшыларды біледі. Үшіншілерінің қолына жұмысшы листоктары мен жұмысшылар күресі туралы кітаптар түсіп отырды. Төртіншілері көргені көп адамдардың қалаларда не болып жатқаны туралы айтқан әңгімелерін естіді.

Бұрын бір ғана студенттер бүлік шығаратын, ал енді үлкен қалалардың бәрінде де мыңдаған, он мыңдаған жұмысшылар көтеріліп отыр. Олар көбінесе өздерінің қожайындарымен, фабриканттармен, капиталистермен күресіп отыр. Жұмысшылар стачкалар жасайды, барлығы бірден фабрикадағы жұмысты тоқтатады, сөйтіп жалақыны көбейтуді талап етеді, оларды күніне он бір сағаттан, он сағаттан жұмыс істетпей, тек сегіз сағат жұмыс істетуді талап етеді. Жұмысшылар онымен қатар жұмысшы адамның тұрмысына керекті басқа да жеңілдіктерді талап етеді. Олар шеберханалардың жақсы болып салынуын, машиналардың жұмыс істеушілерді мертіктіруден сақтандыратын айрықша жабдықтармен жарақтандырылуын, өз балаларының мектепке барып оқи алатын болуын, ауруханаларда сырқаттарға дұрыс жәрдем көрсетілуін, жұмысшылардың тұрағы иттің үйшігі сияқты болмай, адам тұратын үй болуын талап етеді.

Полиция жұмысшы күресіне қол сұғады. Полиция жұмысшыларды ұстайды, оларды түрмеге қамайды, сотсыз туған жеріне және тіпті Сибирьге жер аударады. Үкімет жұмысшылар стачкасы мен жиналыстарына заң жүзінде тыйым салады. Бірақ жұмысшылар полициямен де, үкіметпен де күрес жүргізеді. Жұмысшылар былай дейді: біздің, миллиондаған жұмысшы халықтың, осы кезге дейін еңсемізді көтермей келгеніміз жетер! өзіміз қайыршы күйде қалып, байларға біздің осы жұмыс істегендеріміз де жетер енді! біздің өзімізді осынша талауға түсіруге көнгеніміз де жетер енді! біз одақтарға бірігуді, барлық жұмысшыларды бір үлкен жұмысшы одағына (жұмысшы *партиясына)* біріктіруді көздейміз, сөйтіп бірігу арқылы жақсы өмірге жетуді көздейміз. Біз қоғамның жаңаша, жақсы болып құрылуын көздейміз: бұл жаңа, жақсы қоғамда бай да, жарлы да болмауға тиіс, жұрттың бәрі де жұмысқа қатынасуы тиіс. Жалпы жұмыстың жемісін ат төбеліндей байлар емес, барлық еңбекшілер пайдалануға тиіс. Машиналар мен басқа да жетілдірілген құралдар ат төбеліндей адамдарды миллиондаған және он миллиондаған халықтың есесінен байытуға қызмет етпей, барлық адамдардың жұмысын жеңілдетуге тиіс. Бұл жаңа, жақсы қоғам *социалистік қоғам* деп аталады. Ол қоғам жөніндегі ілім *социализм* деп аталады. Қоғамды осындай жақсы етіп құру жолында күресу үшін құрылған жұмысшылар одақтары *социал-демократтар* партиясы деп аталады. Мұндай партиялар барлық елдерде дерлік (Россия мен Түркиядан басқа) ашық өмір сүріп отыр, сондықтан біздің жұмысшыларымыз да білімді адамдардан шыққан социалистермен бірге сондай партияны: *Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын* құрып отыр.

Үкімет бұл партияның соңына түсіп отыр, бірақ партия тыйым салу атаулының барлығына қарамастан, өмір сүріп отыр *, өзінің газеттері мен кітапшаларын

* 1905 жылғы басылымда бұдан кейінгі текст мынадай текстпен алмастырылған: «Енді үкімет сөз бостандығын, жиналыстар бостандығын беруді, адамның жеке басына қол сұғылмауын уәде етіп еді, бірақ бұл уәде жұртты алдау болып шықты. Полиция жиналыстарды тағы да қуғындай бастады. Жұмысшы газеттері тағы да жабылды. Социал-

шығарып, жасырын одақтарын құрып, құпия түрде өмір сүріп отыр. Және жұмысшылар тек жасырын жиналысқа жиналып қана қоймай, тобымен көшеге де шығып, «8 сағаттық жұмыс күні жасасын, бостандық жасасын, социализм жасасын!» деген жазулары бар туларын желбірете көтеріп жүр. Үкімет бұл үшін жұмысшыларды өршелене қуғындап отыр. Ол жұмысшыларға оқ жаудыру үшін тіпті әскер де жібереді. Орыс солдаттары Ярославль мен Петербургте, Ригада, Дондағы-Ростовта, Златоустта орыс жұмысшыларын қырғынға ұшыратты.

Бірақ жұмысшылар тізе бүккен жоқ. Олар күресті жалғастыруда. Олар былай дейді: ешқандай қуғын да, ешқандай түрме де, ешқандай айдау да, ешқандай каторга да, ешқандай өлім де бізді қорқыта алмайды. Біздің ісіміз — әділ іс. Біз еңбек етушілердің барлығының бостандығы мен бақыты үшін күресеміз. Біз ондаған және жүздеген миллион халықты зорлықтан, езгіден, қайыршылықтан құтқару үшін күресеміз. Жұмысшылар барған сайын неғұрлым саналы болып келеді. Социал-демократтардың саны барлық елдерде тез көбейіп келеді. Қуғындау атаулының қандайына болса да қарамастан біз жеңіп шығамыз.

Деревня кедейлері бұл социал-демократтардың кім екенін, олардың нені көздейтінін және олардың халыққа бақытты жеңіп алып беруіне жәрдем көрсету үшін деревняларда қалай қимыл жасау керек екенін анық білулері керек.

2. СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР НЕНІ КӨЗДЕЙДІ?

Орыс социал-демократтары ең алдымен *саяси бостандықты* көздейді. Бостандық оларға қоғамның жаңа, социалистік түрде жақсы құрылуы жолындағы күреске барлық орыс жұмысшыларын кең, ашық түрде біріктіру үшін керек.

Саяси бостандық дегеніміз не?

демократтарды тағы да ұстап, түрмеге отырғыза бастады. Кронштадтта, Севастопольде, Москвада, Кавказда, оңтүстікте және бүкіл Россияда бостандық үшін күрескерлерді атып тастады». *Ред.*

Мұны түсіну үшін шаруа алдымен өзінің қазіргі кездегі бостандығын крепостниктік правомен салыстыруы керек. Крепостниктік правоның тұсында шаруа помещиктің рұқсатынсыз үйлене алмаушы еді. Енді шаруа ешқандай рұқсатсыз-ақ үйленуге ерікті. Крепостниктік правоның тұсында шаруа бурмистрдің айтқан күнінде даусыз өзінің бариніне жұмыс істеуге міндетті еді. Енді шаруа қандай қожайынға, қай күндері, қандай ақымен жұмыс істеуді таңдауға ерікті. Крепостниктік правоның тұсында шаруа бариннің рұқсатынсыз деревнядан басқа еш жаққа кете алмаушы еді. Қазір шаруа, егер оның тұрған қауымы жіберсе, егер оның төленбей қалған салығы болмаса, егер оған паспорт берілсе, егер губернатор немесе исправник қоныс аударуға тыйым салмаса, тілеген жағына кете алады. Демек, тілеген жағына кетудің толық бостандығы, жүріп-тұрудың толық бостандығы, шаруада қазірде де жоқ, шаруа әлі де жартылай крепостной болып қалып отыр. Орыс шаруасының неліктен жартылай крепостной болып қалып отырғаны туралы және бұл күйден оның қалай құтылуы керектігі жөнінде біз кейін егжей-тегжейлі айтамыз.

Крепостниктік правоның тұсында шаруа бариннің рұқсатынсыз мүлік жинай алмаушы еді, жер сатып ала алмаушы еді. Қазір шаруа қандай да болса мүлік жинай алады (тұрған қауымынан кетудің толық бостандығы, өзінің жеріне емін-еркін қалауынша иелік етудің толық бостандығы шаруада қазірде де жоқ). Крепостниктік право тұсында шаруаны помещик сабау жазасына тарта алатын еді. Шаруа әлі күнге дейін сабау жазасынан құтыла қоймаса да, бірақ қазір шаруаны өзінің помещигі жазаға тарта алмайды.

Міне, осы бостандық — семья ісіндегі, жеке басының ісіндегі, мүлік ісіндегі бостандық — *азаматтық* бостандық деп аталады. Өзінің семьялық тұрмысын, өзінің жеке басының ісін құруға, өзінің еңбегін билеуге (өзіне қожайын таңдап алуға), өзінің мүлкіне иелік етуге шаруа мен жұмысшы ерікті (толық болмаса да).

Бірақ орыс жұмысшылары да, бүкіл орыс халқы да әлі күнге дейін өздерінің *жалпы халықтық* ісін меңге-

руге еріксіз болып отыр. Помещиктердің қолында шаруалардың қалай крепостной болғаны сияқты, бүкіл халық, түгелдей чиновниктердің қолында сондай крепостной болып қалып отыр. Орыс халқының чиновниктерді сайлауға, бүкіл мемлекет үшін заң жасап отыратын, сайланып қойылатын адамдарды сайлауға правосы жоқ. Орыс халқының *мемлекеттік* істерді талқылау үшін ең аяғы жиындар өткізуге де правосы жоқ. Бұрынғы кезде бариннің шаруалардың ризалығынсыз бурмистрді тағайындағаны сияқты, біздің ықтиярымызсыз біздің үстімізден бақылауға қойылған чиновниктердің рұқсаты болмаса, біз тіпті газет пен кітап бастыра алмаймыз, біз барлық жұрттың алдында және жұрттың барлығы үшін бүкіл мемлекеттің істері туралы еш нәрсе айта алмаймыз!

Шаруалар помещиктерге қалай құл болып келсе, орыс халқы да әлі күнге дейін чиновниктерге солай құл болып қалып отыр. Крепостниктік право тұсында шаруалардың азаматтық бостандығы болмағаны сияқты, орыс халқының да әлі күнге дейін *саяси* бостандығы болмай отыр. Саяси бостандық дегеніміз — халықтың өзінің жалпы халықтық, мемлекеттік істерін билей алу бостандығы деген сөз. Саяси бостандық дегеніміз — Мемлекеттік думаға * (парламентке) өздерінің өкілдерін (депутаттарын) сайлауға халықтың праволылығы деген сөз. Барлық заңдарды талқылаушы, басып шығарушы, барлық салықтар мен алымдарды тағайындаушы халықтың өзі сайлаған осы Мемлекеттік дума (парламент) ғана болуға тиіс. Саяси бостандық дегеніміз — халықтың барлық чиновниктерді өзі сайлап алуға, барлық мемлекеттік істерді талқылау үшін жиын атаулыны өзі жасауға, қалаған кітаптары мен газеттерін ешқандай рұқсатсыз өзі басып шығаруға праволы болуы деген сөз.

Басқа европалық халықтардың бәрі әлдеқашан-ақ өзіне саяси бостандықты жеңіп алды. Тек Түркия мен Россияда ғана халық сұлтан үкіметі мен патшалық самодержавие үкіметінің саяси құлдығында қалып отыр.

* Бұл жерде және одан төмен, сондай-ақ осы томның 149 және 151-беттерінде «Мемлекеттік дума» деген сөздер 1905 жылғы басылымында «депутаттардың халық жиналысы» деген сөздермен алмастырылған. *Ред.*

Патшалық самодержавие дегеніміз патшаның ешқандай шек қойылмаған билігі деген сөз. Мемлекет құрылысы мен мемлекет басқару ісіне халық мүлде қатыстырылмайды. Өзінің жеке-дара, ешқандай шек қойылмаған, самодержавиелік билігі бойынша патша барлық заңдарды бір өзі шығарады, барлық чиновниктерді бір өзі тағайындайды. Бірақ патша, әрине, барлық орыс заңдары мен барлық орыс чиновниктерін *тіпті біле де алмайды.* Патша тіпті мемлекетте не болып жатқанын да біле бермейді. Патша ондаған ең ірі, ең атақты чиновниктердің дегенін жай ғана бекіте салады. Бір адам қаншама талпынса да, Россия сияқты зор мемлекетті басқара алмас еді. Россияны басқарып отырған патша емес,— мұны тек бір адамның самодержавиесі ретінде ғана айтуға болады!— Россияны ең бай және атақты чиновниктердің ат төбеліндей тобы басқарып отыр. Патша тек осы ат төбеліндей топтың қалауы бойынша оған хабарланған нәрсені ғана біледі. Асыл текті дворяндардың осы ат төбеліндей тобының еркіне қарсы шығуға патшаның ешқандай мүмкіндігі жоқ: патшаның өзі әрі помещик, әрі дворянин; ол бала кезінен-ақ тек осындай атақты адамдардың арасында болды; патшаны тәрбиелеген де, оқытқан да солар; бүкіл орыс халқы жайында патша тек осы атақты дворяндардың, бай помещиктердің және патша ордасына араласып тұруға мүмкіндігі бар аздаған ең бай көпестердің білетінін ғана біледі.

Әрбір болыстық басқармада сіз мынадай суретті көре аласыз: суретте патша (қазіргі патшаның әкесі, III Александр) бейнеленген. Патша өзінің тәж кию салтанатына келген болыстық старшиналар алдында сөз сөйлейді. Патша оларға: *«өздеріңіздің дворян жетекшілеріңіздің айтқанын тыңдаңыздар!»* деп бұйырады. Ал қазіргі II Николай патша да нақ осыны қайталап отыр. Демек, патшалардың өздері де, дворяндардың жәрдемі арқасында, дворяндар арқылы ғана болмаса, мемлекетті өздерінің басқара алмайтынын мойындап отыр. Шаруалардың дворяндарға мойынсұнуы туралы патшаның бұл сөздерін есте қатты сақтау керек. Патшалық басқаруды ең жақсы басқару деп көрсетуге тырысып жүрген адамдардың халыққа қандай өтірік айтатынын айқын түсіну

керек. Басқа елдердегі басқару ісі сайлау арқылы жүреді дейді бұл адамдар; онда бай адамдарды сайлайды, ал байлар басқару ісін әділ жүргізбейді, кедейлерді қысымға алады дейді. Ал Россиядағы басқару ісі сайланып қойылмайды; барлығын самодержавиелік патша басқарады. Патша барлығынан, кедейлерден де, байлардан да жоғары тұрады. Патша әділ, ол барлығына, кедейлерге де, байларға да бірдей қарайды-мыс — дейді.

Мұндай сөздер — тек екіжүзділік қана. Әрбір орыс адамы біздегі басқару ісінің әділдігінің қандай екенін біледі. Бізде қарапайым жұмысшының немесе батырақшаруаның Мемлекеттік советке өте алмайтынын әркім біледі. Ал басқа европалық елдердің бәрінде Мемлекеттік думаларға (парламенттерге) фабрикалардағы жұмысшылар да, соқада жүрген батырақтар да сайланған болатын: және олар бүкіл халықтың алдында жұмысшылардың ауыр тұрмысы туралы емін-еркін сөз сөйлеген, жұмысшыларды бірігуге және жақсы тұрмыс үшін күресуге шақырған болатын. Және халық сайлаған адамдардың мұндай сөздерін тоқтатуға ешкімнің де батылы жетпейтін, бірде-бір полицей бұларға қолының ұшын тигізе алмайтын.

Россияда сайланып қойылған басқарушылық жоқ, ал басқарып отырғандар тек бай және атақты адамдар ғана емес, олардың ішіндегі ең барып тұрған жамандары. Кімде-кім патша ордасының маңында болып өсек айтқыш болса, кімде-кім біреуді аяқтан шалуға епті болса, кімде-кім патшаға келіп басқалардың үстінен өсек-өтірік айтқыш, жала жапқыш келсе, кімде-кім жылмаң және жағымпаз келсе, солар билеп отыр. Елді олар жасырын түрде басқарып отыр, қандай заңдардың даярланып жатқанын, олардың қандай соғыстар жүргізгелі жатқанын, қандай жаңа салықтар енгізіліп жатқанын, қандай чиновниктерге және не үшін наград беріліп жатқанын, қандайының ауыстырылатынын халық білмейді және біле алмайды да *. Россиядағыдай

* 1905 жылғы басылымында будан кейін мынадай текст қосылған: «Жапондарға қарсы соғыс ашқан кім? Үкімет. Халықтан Маньчжурия жері үшін соғысқың келе ме деп сұрады ма? Жоқ, сұраған жоқ, өйткені мемлекет басшысы халықты өзінің чиновниктері арқылы басқарып отыр. Міне енді халық үкіметтің кінәсынан ауыр соғыстан күй-

чиновниктердің көптігі бірде-бір елде жоқ. Ал бұл чиновниктер үн шығаруға қақы жоқ халықтың үстінен қара ормандай басып тұр,— қарапайым жұмысшы адам бұл орманның арасынан еш уақытта өте алмайды, еш уақытта шындыққа жете алмайды. Пара алғаны үшін, тонағаны үшін, зорлық жасағаны үшін чиновниктердің үстінен берілген шағымның бірде-бірі жалғанның жарығына шықпайды: шағым атаулыны қазыналық төрешілдік жоққа шығарады. Жалғыз-жарым адамның үні еш уақытта бүкіл халыққа жете алмайды, чиновниктердің осы қараңғы ну орманы ішінде жоғалып, полиция қапасында тұншығып бітеді. Халық сайламаған және халық алдында есеп беруге міндетті емес чиновниктер армиясы қалың тор құрып алған, осы торға түскен адамдар шыбын сияқты безек қағуда *.

Патшалық самодержавие дегеніміз — чиновниктердің самодержавиесі. Патшалық самодержавие дегеніміз — халықты чиновниктерге, көбінесе полицияға крепостниктік тәуелді ету деген сөз. Патшалық самодержавие дегеніміз — полицияның самодержавиесі.

Міне сондықтан да жұмысшылар көшеге шығып, өздерінің туларына: «Жойылсын самодержавие!», «Жасасын саяси бостандық!» деп жазып жүр. Міне сондықтан да ондаған миллион деревня кедейлері де қала жұмысшыларының осы айбынды ұранын қолдап, іліп әкетуге тиіс. Солар сияқты, деревня жұмысшылары мен кедей шаруалар қуғындаудан қорықпастан, жаудың ешқандай қоқан-лоққысы мен зорлығынан қорықпастан, алғашқы кездегі сәтсіздіктерге абыржымастан, бүкіл орыс халқының бостандығы үшін шешуші күреске шығып, ең алдымен *халық өкілдерін шақыруды* талап етулері тиіс. Бүкіл Россияда өздерінің өкілдерін (депутаттарын) ха-

---

зеліп отыр. Жүздеген мың жас солдат қаза болды, олардың семьялары күйзеліске ұшырады, орыс флоты түгелдей жойылды, орыс әскерлері Маньчжуриядан қуылды; бүкіл соғысқа екі миллиард сомнан астам шығын болды (екі миллиард сом — бұл Россиядағы жиырма миллион семьяға жүз сомнан келеді). Маньчжурия жерінің халыққа керегі жоқ. Халық соғысты тілеген жоқ. Ал чиновниктер үкіметі болса халықты өз дегенінше басқарды және осы масқара, апатты және күйзелісті соғысты жүргізуге мәжбүр етті». *Ред.*

* 1905 жылғы басылымында бұдан кейін бет соңында берілген мынадай ескерту бар: «Чиновниктердің мұндай жүгенсіз билігі бюрократтық басқару деп, ал бүкіл чиновниктер — бюрократия деп аталады». *Ред.*

лық өзі сайлайтын болсын. Бұл өкілдер жоғарғы жиналыс ашсын, ол жиналыс Русьте сайланып қойылатын басқару тәртібін орнататын болсын, халықты чиновниктер мен полицияның алдында крепостниктік тәуелді болудан құтқаратын болсын, халыққа жиын бостандығын, сөз бостандығын және баспасөз бостандығын қамтамасыз ететін болсын!

Социал-демократтардың ең алдымен көздейтіні міне осы. Олардың бірінші талабы — *саяси бостандық талабы* дегеніміздің мәні осындай *.

Саяси бостандықтың, Мемлекеттік думаға (парламентке) сайлау бостандығының, жиын бостандығының, баспасөз бостандығының әлі еңбекші халықты қайыршылық пен езілушіліктен бірден құтқара алмайтынын біз білеміз. Қала мен деревня кедейлерін байларға жұмыс істеуден бірден құтқаратын құрал дүниеде жоқ. Жұмысшы халықтың *өзінен басқа* сенетін, арқа сүйейтін ешкімі жоқ. *Егер ол өзін өзі азат етпесе,* жұмысшы адамды қайыршылықтан ешкім де азат етпейді. Ал өзін азат ету үшін жұмысшылар бүкіл елде, бүкіл Россияда бір одақ болып, бір партия болып бірігуі тиіс. Бірақ

* 1905 жылғы басылымында бұдан кейін мынадай текст кіргізілген: «Үкімет Мемлекеттік думаға халық өкілдерін шақыруға уәде еткен еді. Бірақ үкімет осы уәдесімен халықты тағы да алдады. Ол Мемлекеттік дума деген атпен шын мәніндегі халық депутаттарын емес, қайта іріктеп алынған чиновниктерді, дворяндарды, помещиктерді, көпестерді шақырғысы келіп отыр. Халық депутаттары еркін сайлануы тиіс, ал үкімет болса еркін сайлауға жол бермейді, жұмысшы газеттерін жауып, жиналыстар мен жиындарға тыйым салады, Шаруалар одағын қуғындап, шаруалардан сайланған адамдарды ұстап алып, түрмеге жабады. Полиция мен земство бастықтары жұмысшы мен шаруаны бұрынғысынша қорлап отырғанда шын мәніндегі еркін сайлау болушы ма еді?

Халық депутаттары бүкіл халықтан бірдей мөлшерде сайлануы тиіс, дворяндар, помещиктер мен көпестер жұмысшылар мен шаруалардан асып кетпейтін болуы керек. Дворяндар мен көпестер мыңдап саналса, ал шаруалар миллиондап саналады. Ал үкімет Мемлекеттік дума деген атпен жиналыс шақырып отыр, ал ол тең сайлау жолымен сайланбайды. Үкіметтің сайлауды айла-шарғымен ұйымдастырғаны соншалық, Думадағы орынның бәріне дерлік дворяндар мен көпестер ие болады да, ал жұмысшылар мен шаруаларға тіпті он депутаттық орыннан біреуі де тимейді. Бұл — жасанды Дума. Бұл — полицейлік Дума. Бұл — чиновниктер мен мырзалардың Думасы. Шын мәніндегі халық депутаттарының жиналысы үшін сайлаудың толық еркіндігі, бүкіл халық атынан тең дәрежедегі сайлау керек. Мінеки сондықтан жұмысшы социал-демократтар былай деп мәлімдейді: жойылсын Дума! жойылсын жасанды жиналыс! бізге дворяндар мен көпестерден емес, бүкіл халықтан сайланған депутаттардың нағыз, еркін жиналысы керек! чиновниктер халыққа билік жүргізбей, қайта халық чиновниктердің үстінен толық билік жүргізетін болуы үшін бізге бүкіл халықтық Құрылтай жиналысы керек!». *Ред.*

самодержавиелік полициялық үкімет жиналыс атаулыға, жұмысшы газеті атаулыға, жұмысшылардан депутат сайлау атаулыға тыйым салып отырған кезде, миллиондаған жұмысшылар басын қосып біріге алмайды. Бірігу үшін түрлі-түрлі одақ құруға праволы болу керек, одақтар бостандығы болуы керек, саяси бостандық болуы керек.

Саяси бостандық жұмысшы халықты қайыршылықтан бірден құтқара алмайды, *бірақ ол қайыршылықпен күресу үшін жұмысшыларға қару береді.* Қайыршылықпен күресу үшін *жұмысшылардың өздерінің бірігуінен* басқа құрал жоқ және басқа құрал болмайды да. Егер *саяси бостандық* болмаса, миллиондаған халықтың бірігу мүмкіндігі болмайды.

Халық өзіне саяси бостандықты жеңіп алған европалық елдердің бәрінде жұмысшылар әлдеқашан-ақ біріге бастады. Жері де, шеберханалары да жоқ, бүкіл өмірі бойы басқа адамға жалданып еңбек ететін жұмысшыларды,— мұндай жұмысшыларды бүкіл Европада *пролетарлар* деп атайды. Бұдан елу жылдан астам бұрын жұмысшы халықты бірігуге шақырған үндеу шықты. «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген сөздер соңғы елу жылдың ішінде бүкіл жер жүзін аралап шықты, бұл сөздер жұмысшылардың ондаған және жүздеген мың жиналыстарында қайталанып айтылуда, бұл сөздерді сіз тіл атаулының бәрінде шығатын миллиондаған социал-демократиялық кітапшалар мен газеттерден оқи аласыз.

Әлбетте, миллиондаған жұмысшыларды бір ұйымға, бір партияға біріктіру ісі — уақытты, табандылықты, қажыр-қайрат пен ерлікті қажет ететін өте-мөте ауыр іс. Жұмысшылар мұқтаждықпен, қайыршылықпен әбден жаншылған, капиталистер мен помещиктерге өмір бойы каторгалық жұмыс істеумен әбден езілген, жұмысшылардың көп реттерде өздерінің неліктен өмір бойы қайыршы болып қалып отырғанын, бұдан қайткенде құтылуына болатынын ойлауға уақыты да болмайды. Жұмысшылардың бірігуіне: Россия сияқты саяси бостандық жоқ елдердегі не ашықтан-ашық жүргізіліп отырған айуандық зорлық,— не социализм ілімін

уағыздайтын жұмысшыларды жұмысқа алмаушылық,— не, ақырында, алдау мен сатып алушылық барынша бөгет болып отыр. Бірақ бүкіл жұмысшы халықты қайыршылық пен езушіліктен азат етудің ұлы ісі үшін күресіп жатқан жұмысшы-пролетарларды ешқандай зорлық та, ешқандай қудалау да тоқтата алмайды. Социал-демократ жұмысшылардың саны үнемі өсіп келеді. Мінеки, көрші мемлекетте, Германияда, сайланып қойылатын басқарушылық бар. Бұрын Германияда да ешқандай шек қойылмаған самодержавиелік корольдік басқарушылық болатын. Бірақ герман халқы әлдеқашан, бұдан елу жылдан астам бұрын, самодержавиені қиратып, саяси бостандықты күшпен алды. Германияда заңдарды, Россиядағы сияқты ат төбеліндей чиновниктер емес, *халық сайлағандардың жиналысы,* парламент, немесе немістердің өздері осылай деп атайтын *империялық сейм* шығарады. Бұл сеймге депутаттарды барлық ересек еркектер сайлайды. Сондықтан социал-демократтар үшін қанша дауыс берілгенін есептеп шығаруға болады. 1887 жылы барлық дауыстың *оннан бір бөлігі* социал-демократтарға берілді. 1898 жылы (неміс империялық сейміне соңғы рет сайлау болғанда) социал-демократтарға берілген дауыстардың саны *үш есе дерлік көбейді.* Сонымен, барлық дауыстың *төрттен бір бөлігінен астамы* әлден-ақ социал-демократтарға берілген. *Екі миллионнан астам* ересек еркектер парламентке *социал-демократиялық депутаттарды* сайлаған *. Деревня жұмысшыларының арасында социализмнің тарауы Германияда әлі аз, бірақ ол қазір онда өте-мөте қаулап ілгері басып келеді. Ал батырақтардың, күндікшілердің және кедей, қайыршыланған шаруалардың қалың бұқарасы өздерінің қаладағы бауырластарына қосылған кезде,— неміс жұмысшылары жеңеді және еңбекшілердің қайыршылығы мен қаналуы болмайтын тәртіп орнатады.

Социал-демократ жұмысшылар халықты қайыршылықтан қандай жолдармен құтқарғысы келеді?

---

* 1905 жылғы басылымында бұдан кейін мынадай текст енгізілген: «1903 жылы үш миллион ересек еркектер социал-демократтарды сайлады». *Ред.*

Мұны білу үшін қазіргі қоғамдық тәртіп тұсында халықтың орасан көпшілігінің қайыршылығы неден болатынын жақсы түсіну керек. Бай қалалар өсіп келеді, сән-салтанатты магазиндер мен үйлер салынып жатыр, темір жолдар тартылып жатыр, өнеркәсіпте де және егіншілікте де түрлі машиналар мен жақсартулар енгізіліп жатыр,— ал миллиондаған халық әлі қайыршылықтан шыға алмай отыр, өмір бойы тек семьясын асырау үшін ғана жұмыс істеумен келеді. Ол-ол ма: жұмыссыздар барған сайын көбейе түсуде. Деревняларда да, қалаларда да мүлдем ешқандай жұмыс таба алмай жүрген жұрттың саны күннен күнге көбейіп келеді. Деревняларда олар аштыққа ұшырауда, қалаларда олар жалаңаяқтар мен ішерге асы жоқ, киерге киімі жоқтардың тобын көбейтеді, жабайы аңдар сияқты, қала маңындағы жер төлелерде немесе, Москвадағы Хитров базары сияқты, жан түршігерлік лашықтар мен астыңғы үйлерде тұрады.

Неліктен бұлай болып отыр? Байлық пен сән-салтанат күннен-күнге көбейіп барады, ал өз еңбегімен барлық байлықты жасаушы миллион-миллион адамдар дегенменде кедейлік пен қайыршылықта қалып отыр? Шаруалар аштықтан қырылып жатыр, жұмысшылар жұмыссыз тентіреп жүр,— ал саудагерлер Россиядан шетелге миллиондаған пұт астық шығарып жатыр, фабрикалар мен заводтар тоқтап тұр, өйткені товарларды қоятын, оларды өткізетін жер жоқтықтан ба?

Мұның бұлай болу себебі ең алдымен мынадан: жердің орасан зор көпшілігі, сонымен қатар фабрикалар, заводтар, шеберханалар, машиналар, үйлер, пароходтар — байлардың ат төбеліндей тобының жеке меншігінде болып отыр. Бұл жерлерде, бұл фабрикалар мен шеберханаларда ондаған миллион халық жұмыс істейді, ал олар бірнеше мың немесе бірнеше ондаған мың байлардікі, помещиктердікі, көпестер мен фабриканттардікі. Бұл байларға халық ақыға бола, бір үзім нанға бола жалданып жұмыс істейді. Жұмысшылардың қайыршылық күн көрісінен артылатын өнімнің барлығы, барлық өндірілгені байлардың қолына түседі, бұлардың барлығы осы байлардың пайдасын, олардың «табысын»

құрайды. Машиналардан, жұмысқа енгізілген жақсартулардан түсетін пайданың барлығы жер иелері мен капиталистердің қалтасына түседі: жер иелері мен капиталистер миллиондап байлық жинайды; ал қызметкерлерге бұл байлықтың қалған-құтқан жұқанасы ғана тиеді. Қызметкерлер жұмыс істеу үшін бір жерге бірігеді: ірі имениелер мен үлкен фабрикаларда жүздеген, ал кейде тіпті бірнеше мыңдаған жұмысшылар жұмыс істейді. Барынша сан алуан машиналар қолданылып отырған кезде еңбекті мұндай етіп біріктіруден жұмыс бұрынғыдан анағұрлым өнімді бола бастайды: бір жұмысшы бұрынғы кездегі ешқандай машинасыз, жеке-жеке еңбек еткен ондаған жұмысшыдан анағұрлым артық өнім береді. Бірақ бұл табыстылықты, еңбек өнімділігін еңбекшілердің барлығы бірдей пайдаланбайды, тек ірі жер иелерінің, көпестер мен фабриканттардың ат төбеліндей тобы ғана пайдаланады.

Помещиктер мен көпестер халыққа «жұмыс *береді*», жарлы адамдарға табыс тауып «береді» дегенді жиі естуге болады. Мәселен, жергілікті шаруаларды көрші фабрика немесе көрші экономия *«асырайды»* деседі. Шынына келгенде, жұмысшылар өз еңбегімен өздерін де жәпе өздері жұмыс істемейтіндердің барлығын да *асырайды*. Бірақ помещик жерінде, фабрикада немесе темір жолда жұмыс істеуге *рұқсат бергені үшін* жұмысшы бұлардың иелеріне барлық өндіргенін *тегін береді,* бұдан өзі не бары тапшы тұрмысына қорек болғандай ғана алады. Демек, іс жүзінде жұмысшыларға жұмыс беруші помещиктер мен көпестер емес, қайта жұмысшылар жұмыс істеу арқылы өз еңбегінің көпшілік бөлігін тегін беріп, барлығын асырайды.

Сонан соң. Қазіргі заманғы барлық мемлекеттердегі халықтың қайыршылануы қызметкерлердің сату үшін, рынок үшін түрлі-түрлі зат шығаруынан болып отыр. Фабрикант пен мастеровой, помещик пен ауқатты шаруа *сату үшін, ақша* түсіріп алу үшін әр түрлі бұйымдар өндіреді, мал өсіреді, егін егіп, астық жинайды. Ақша қазір барлық жерде басты күшке айналды. Адам еңбегі арқылы жасалған өнім атаулының бәрі де ақшаға айырбасталады. Ақшаға не тілесең, соның бәрін са-

тып алуға болады. Ақшаға тіпті адамды да сатып алуға болады, яғни кедей адамды кімнің ақшасы болса, соның жұмысын істеуге көндіруге болады. Бұрынғы кезде ең басты күш жер болатын,— крепостниктік правоның тұсында нақ осындай болған; кімнің жері болса, күш те, билік те соның қолында болған. Ал енді басты күш ақша, капитал болды. Ақшаға қанша керек болса, сонша жер сатып алуға болады. Ақша болмаса жермен де онша жарытып еш нәрсе істей алмайсың: плуг немесе басқа саймандар алу, алым-салық төлеу былай тұрсын, мал, киім-кешек және басқа түрлі қала товарларын да сатып ала алмайсың. Ақша үшін помещиктердің бәрі дерлік өздерінің имениелерін банкке кепілге салып қойды. Ақша табу үшін үкімет бүкіл дүние жүзіндегі бай адамдар мен банкирлерден қарыз алып отыр, бұл қарыздар бойынша жылына жүздеген миллион сом процент төлейді.

Ақша үшін қазір бәрі бір-біріне қарсы аяусыз соғыс жүргізіп отыр. Әркім арзан алып, қымбат сатуға тырысады, әркім басқаларды басып озуға, мүмкін қадарынша товарды көп сатуға, бағаны түсіруге, товар өткізудің қолайлы жерін немесе қолайлы зат алатын жерді басқалардан жасыруға тырысады. Ақша үшін жүргізілетін осы жаппай тайталас әлсіз адамдарға, ұсақ қол өнерші мен ұсақ шаруаға барлығынан ауыр тиеді: олар әрқашан да бай көпес пен ауқатты шаруаның соңында қалып қойып отырады. Олардың еш уақытта ешқандай қоры болмайды, күнбе-күнгісін күнде ішіп-жеп отырады, әрбір кездескен қиыншылық тұсында, әрбір бақытсыз оқиға тұсында оларға ең соңғы мүліктерін кепілге салуға немесе жұмыс көлігін болмашы бағаға сатуға тура келеді. Нендей бір кулактың немесе өсімқордың тырнағына бір іліккен соң, олардың енді бұл бұғаудан құтылып шығуы өте сирек кездеседі, көбінесе олар бір жолата күйзеліске ұшырайды. Жыл сайын ондаған және жүздеген мың ұсақ шаруалар мен қолөнершілер өздерінің үйлерін жабады, үлесті жерін қоғамға тегін береді де, жалдама жұмысшы, батырақ, қара жұмысшы, пролетарларға айналады. Ал бай адамдар ақшаға бола жүргізілетін бұл күресте байыған үстіне байи ту-

седі. Бай адамдар ақшаны банктерде миллиондап, жүздеген миллион сомдап жинайды және бұлар тек өз ақшаларынан ғана емес, банкке салынатын басқа жұрттың ақшаларынан да мықтап байиды. Банктерге немесе жинақ кассаларына салған өздерінің ондаған немесе жүздеген сомдарына қарапайым адамдар сомына үш немесе төрт тиыннан процент алады, ал байлар бұл ондаған сомнан миллиондаған қор жасайды, бұл миллиондар арқылы өзінің айналымын көбейтеді, сөйтіп әр сомына он, жиырма тиыннан пайда табады.

Міне сондықтан жұмысшы социал-демократтар халықтың қайыршылығын біржолата жоюдың бірден-бір құралы — бүкіл мемлекетте қазіргі кездегі тәртіпті бастан-аяқ өзгерту, сөйтіп *социалистік тәртіп* орнату, яғни: ірі жер иелерінен олардың имениелерін, фабриканттардан олардың фабрикалары мен заводтарын, банкирлерден олардың ақша капиталдарын тартып алу, олардың *жеке меншігін* жойып, оны бүкіл мемлекетте барлық жұмысшы халықтың қолына өткізу дейді. Сонда жұмысшылардың еңбегін басқаның еңбегімен күн көретін бай адамдар емес, жұмысшылардың өздері және олардың сайлап қойған адамдары билейді. Сонда жалпы еңбектің жемістері және барлық енгізілген жақсартулар мен машиналардан түсетін игілік барлық еңбекшілердің, барлық жұмысшылардың пайдасына жұмсалады. Сонда байлық бұрынғыдан да тез өседі, өйткені жұмысшылар капиталистерге істегенінен гөрі өздері үшін жақсы істейді, жұмыс күні де қысқарады, жұмысшылардың тұрмысы жақсарады, олардың барлық өмірі мүлдем өзгереді.

Бірақ бүкіл мемлекетте барлық тәртіпті озгерту — оңай іс емес. Бұл үшін көп еңбек, ұзақ әрі табанды күрес керек. Барлық бай адамдар, барлық жеке меншіктілер, барлық *буржуазия* * барлық күшін салып өздерінің байлықтарын қорғап бағады. Барлық *бай тапты*

---

* Буржуа — жеке меншікші деген сөз. Буржуазия — барлық жеке меншікшілерді қосып айтқандағысы. Ірі буржуа — ірі жеке меншікші деген сөз. Ұсақ буржуа — ұсақ жеке меншікші деген сөз. Буржуазия мен пролетариат дегеніміз меншікшілер мен жұмысшылар, байлар мен кедейлер, кісі еңбегімен күн көруші адамдар мен ақыға бола басқаларға жұмыс істеуші адамдар деген сөз.

қорғауға чиновниктер мен әскерлер шығады, өйткені үкіметтің өзі бай таптың қолында отыр. Жұмысшылар басқаның еңбегімен күн корушілердің барлығына қарсы күресу үшін бір кісідей болып бірігуі керек; жұмысшылардың өздері бірігуі керек және кедейлердің бәрін бір *жұмысшы табына*, бір *пролетариат табына* біріктіруі керек. Жұмысшы табы үшін бұл күрес оңай болмайды, бірақ бұл күрес сөзсіз жұмысшылардың жеңісімен аяқталады, өйткені буржуазия немесе басқаның еңбегімен күн көруші адамдар халықтың болмашы бөлігі болып табылады. Ал жұмысшы табы — халықтың орасан зор көпшілігі. Жұмысшылардың жеке меншік иелеріне қарсы шығуы дегеніміз — миллиондаған адамның мыңдаған адамға қарсы шығуы деген сөз.

Россиядағы жұмысшылар да қазірдің өзінде-ақ осы ұлы күрес үшін бір социал-демократиялық жұмысшы партиясына біріге бастады. Полициядан бой тасалай отырып, жасырын түрде бірігу қаншама қиын болғанымен, бірігу ісі күшейіп, өсіп келеді. Орыс халқы өзі үшін саяси бостандықты жеңіп алған кезде жұмысшы табын біріктіру ісі, социализм ісі әлдеқайда тез ілгері басады, ол іс неміс жұмысшылары арасындағыдан да гөрі анағұрлым жылдамырақ алға басады.

3. БАЙЛЫҚ ПЕН ҚАЙЫРШЫЛЫҚ, ДЕРЕВНЯДАҒЫ ЖЕКЕ МЕНШІК ИЕЛЕРІ МЕН ЖҰМЫСШЫЛАР

Енді біз социал-демократтардың нені көздеп отырғанын білеміз. Олар халықты қайыршылықтан құтқару үшін бүкіл бай тапқа қарсы күресуді көздейді. Ал біздегі деревнядағы қайыршылық қалалардағы қайыршылықтан кем түспейді, қайта, сірә, тіпті онан анағұрлым асып түседі. Деревня қайыршылығының қаншама зор екені туралы бұл арада біз айтып жатпаймыз, өйткені деревняда болған жұмысшының қайсысы болса да, шаруаның қайсысы болса да деревняның мұқтаждығы, аштығы, жалаңаштығы, күйзелуі туралы өте жақсы біледі.

Бірақ шаруа өзінің *неліктен* жоқшылыққа ұшырайтынын, ашығатынын, күйзелетінін және өзінің бұл мұқтаждықтан *қалай* құтылуы керек екенін білмейді. Мұ-

ны білу үшін ең алдымен қалада да, деревняда да мұқтаждық пен қайыршылық атаулының неден болатынын білу керек. Біз бұл жөнінде жоғарыда қысқаша айттық және кедей шаруалар мен деревня жұмысшыларының қала жұмысшыларымен бірігуінің қажет екенін көрдік. Бірақ бұл жеткіліксіз. Мұнан соң деревнядағы халықтың қайсысы байларға, жеке меншік иелеріне еретінін, ал қайсысы жұмысшыларға, социал-демократтарға еретінін білу керек. Капитал жинауды және басқаның еңбегімен күн көруді помещиктерден кем білмейтін шаруалардың қанша екенін білу керек. Егер мұны әбден анықтап алмаса — онда қайыршылық туралы әңгіменің ешбірі ешқандай нәтиже бермейді, сөйтіп деревня кедейлері деревняда кімнің *өзара* және қала жұмысшыларымен бірігуі керек екенін, мұны нағыз *сенімді* одақ ету үшін, шаруаны помещикке де, өзінің мекендесі — бай мужикке де алдатпау үшін *қалай* ету керек екенін түсіне алмайды.

Мұны анықтау үшін біз енді деревнядағы помещиктердің күші қандай екенін және бай шаруаның күші қандай екенін қарап өтеміз.

Помещиктерден бастайық. Олардың күші туралы ең алдымен олардың жеке меншігіндегі жердің көлеміне қарай байқауға болады. Европалық Россиядағы барлық жер, шаруа үлесіндегіні де, жеке меншік қолындағыны да қосқанда, 240 миллион десятина шамасында * (қазыналық жер бұған кірмейді, ол жөнінде біз айрықша айтамыз) деп есептелінеді. Бұл 240 миллион десятинадан шаруалардың қолындағы, яғни *он миллионнан астам үйлердің* қолындағы үлесті жер 131 миллион болып отыр. Ал жеке меншікшілердің қолында, яғни *жарты миллионға жетпейтін семьялардың* қолында 109 миллион десятина бар. Демек, егер орта есеппен алған күннің өзінде де бір шаруа семьясына 13 десятинадан, ал жеке меншік иелерінің бір семьясына 218 десятинадан кел-

---

* Жердің көлемі туралы осы келтірілген және кейінгі цифрлар да әлдеқашан-ақ өте ескірген. Олар 1877—1878 жылдарға қатысты. Бірақ бұдан жаңарақ цифрлар болмай отыр. Орыс үкіметі тек қараңғыда қармануымен ғана күн кешеді, сондықтан бізде бүкіл мемлекет көлеміндегі халық тұрмысы туралы толық және анық мәліметтер өте сирек жиналады.

ген болар еді! Бірақ жер бөлістегі теңсіздік бұдан анағұрлым күшті, оны біз қазір көреміз.

Жеке меншік иелерінің қолындағы 109 миллион десятина жердің *жеті* миллионы *уделдің* қолында, яғни патша фамилиясындағы адамдардың жеке меншігінде болып отыр. Патша өзінің семьясымен — Русь еліндегі помещиктер ішінен шыққан ең бірінші, ең ірі помещик. *Бір* фамилияның жері *жарты миллион* шаруа семьясының жерінен *көп!* Онан соң, *алты* миллион шамасы десятина жер шіркеулер мен монастырьлардың қолында. Біздің поптар шаруаларға қанағат қарын тойғызады деп уағыз таратқан болады, ал өздері өтірік-шынды сапырылыстырып, орасан көп жерді жинап алып отыр.

Онан кейін екі миллион шамасы десятина қалалар мен посадтардікі деп және дәл соншама жер түрлі сауда және өнеркәсіп қоғамдары мен компанияларынікі деп есептелінеді. 92 миллион десятина жер (дәл цифры — 91 605 845, бірақ біз есептеуге ыңғайлы болуы үшін тұтас цифрды алып отырмыз) *жарты миллионға да жетпейтін* (481 358) жеке меншік иелерінің семьясына тиісті болып отыр. Бұл семьялар санының тең жартысы — мүлдем ұсақ меншік иелері; олардың әрқайсысының жері он десятинадан да кем. Бұлардың барлығының жерін қосып алғанда бір миллион десятинадан да кемірек. Ал *он алты мың* семьяның әрқайсысының жері *мың* десятинадан да *асады;* олардың барлық жері *алпыс бес миллион десятина.* Ірі жер иелерінің қолына қаншалықты ұлан-байтақ жердің жиналғаны тағы да мынадан көрінеді: *мыңға да жетпейтін* (924) *семьяның* әрқайсысы *он мың десятинадан астам жерге* ие болып отыр, бұлардың барлығының жері *жиырма жеті миллион десятина!* Екі миллион шаруа семьясының жері қанша болса, бір мың семьяның жері де сонша болып отыр.

Мұндай ұлан-байтақ жер бірнеше мың байлардың қолында қалып отырғанда, миллиондаған және ондаған миллион халықтың жоқшылыққа ұшырап, ашығып отыруға *тиіс екені* және *әрқашан да* жоқшылыққа ұшырап, ашыға *беретіні* түсінікті. Мұндай жағдайда мемлекеттік өкіметтің де, үкіметтің өзінің де (патша үкіметі

болса да) осы ірі жер иелерінің айтқанын істеп, айдағанына жүретіні түсінікті. Деревня кедейлері бұл помещик табына қарсы табанды түрде, аяусыз күресу үшін өзі бірікпейінше, бір тап болып сап түземейінше, оған ешкімнен де, ешқайдан да көмек келмейтіні түсінікті.

Бұл арада ескертіп өтетін бір нәрсе мынау: бізде өте көп адамдардың (тіпті білімді адамдардың да көбінің) помещик табының күші жөніндегі көзқарасы мүлдем теріс, олар «мемлекеттің» жері одан әлдеқайда көп қой дегенді айтады. «Қазірдің өзінде-ақ,— дейді шаруаның мұндай жаман ақылшылары,— Россия территориясының (яғни барлық жердің) көпшілігі мемлекеттің үлесіне тиіп отыр» (бұл сөздер «Революционная Россия» газетінің 8-номерінің 8-бетінен алынды). Бұл адамдардың қатесі мына себептерден туып отыр. Олар біздің Европалық Россияда *қазынаға* 150 миллион десятина тиеді деп естіген. Бұл шынында да осылай. Бірақ олар бұл жүз елу миллион десятинаның тұтас дерлік *қиыр солтүстіктегі,* Архангельск, Вологда, Олонец, Вятка және Пермь губернияларындағы *қолайсыз жер және орман екенін* ұмытқан. Демек, қазынаға осы кезге дейін тек шаруашылыққа мүлдем жарамай қалған жерлер ғана қалған. Қазынаның барлық жарамды жерлері *төрт миллион десятинадан да кемірек.* Ал осы қазыналық жарамды жердің өзін де (мәселен, жарамды жер өте көп болып отырған Самара губерниясында) байлар өте арзан, болмашы бағаға жалға алып отыр. Байлар бұл жерлерді мың, он мың десятиналап алады да, кейін оларды үш есе қымбат бағамен шаруаларға таратады.

Жоқ, бұлар,— қазынаның жері көп дейтіндер,— шаруаның өте нашар ақылшылары. Шынында, жақсы жердің көбі жеке ірі жер иелерінің (мұның ішінде патшаның өз қара басының да) қолында және бұл ірі помещиктер қазынаның өзін де қолдарында ұстап отыр. Міне сондықтан деревня кедейлері бірікпесе және өзінің осы бірігуі арқылы қаһарлы күшке айналмаса, соған дейін «мемлекет» әрқашан да помещик табының көнбіс малайы болып қала береді. Және тағы да мынаны ұмытпау керек: бұрынғы кезде дворяндар ғана дерлік поме-

щик болған еді. Дворяндардың қазірде де жері толып жатыр (115 мың дворянның 1877—1878 ж. 73 миллион десятина жері бар деп есептелді). Бірақ қазір ақша, капитал басты күш болып отыр. Көпестер мен ауқатты шаруалар өздеріне өте-мөте көп жер сатып алып отыр. Отыз жыл бойында (1863 жылдан 1892 жылға дейін) дворяндар алты жүзден астам миллион сомдық жерден айрылған (яғни сатып алғанынан сатқаны көп) деп саналады. Ал көпестер мен құрметті азаматтар 250 миллион сомға жер сатып алған. Шаруалар, казактар және «басқа селолық тоғышарлар» («ақсүйектер» мен «таза халықтан» айыру үшін қарапайым атағы бар адамдарды біздің үкімет осылай деп атайды) 300 миллион сомға жер сатып алған. Демек, жыл сайын орта есеппен алғанда шаруалар бүкіл Россия көлемінде өзінің жеке меншігіне 10 миллион сомға жер сатып алады.

Олай болса, шаруалардың да шаруалары бар: біреулері күйзеледі, ашығады, басқалары байиды. Олай болса, помещикке бүйрегі бұратын, жұмысшыларға қарсы байлардың жағына шығатын мұндай бай шаруалар барған сайын көбейіп келеді. Сондықтан қала жұмысшыларымен бірігуді көздейтін деревня кедейлері бұл туралы қатты ойлануы керек: мұндай бай шаруалардың қанша екенін, олардың күшінің қандай екенін және бұл күшке қарсы күресу үшін бізге қандай одақтың керек екенін анықтау керек. Біз жаңа ғана шаруалардың нашар ақылшылары туралы ескертіп өттік. Бұл нашар ақылшылар: шаруалардың қазірдің өзінде-ақ одағы бар дегенді айтуды тәуір көреді. Бұл одақ — қауым, қоғам. Қауым — үлкен күш. Қауым болып бірігу шаруаларды тығыз топтастырады; қауымдық шаруаның ұйымы (яғни бірлестігі, одағы) орасан зор (яғни өте зор, ұланбайтақ) дейді.

Бұл — дұрыс емес. Бұл — ертегі. Тегі ең ізгі ниетті адамдар ойлап шығарса да, әйтеуір ертегі. Егер біз ертегілерді тыңдайтын болсақ, біз тек өзіміздің ісімізді, деревня кедейлерінің қала жұмысшыларымен одақ болу ісін бүлдіреміз. Әрбір деревня тұрғыны өз төңірегіне жақсылап қарасын: қауым болып бірігу, шаруалар қоғамы дегеніңіз *барлық* байлармен, басқаның еңбегімен

күн көрушілердің *барлығымен* күресетін кедейлер одағына ұқсай ма? Жоқ, ұқсамайды және ұқсауы мүмкін де емес. Әрбір деревняда, әрбір қоғамда көп батырақтар бар, көптеген қайыршыланған шаруалар бар және әрі өздері батырақ ұстайтын, әрі өзіне жерді «мәңгіге» сатып алатын байлар бар. Бұл байлар да қоғам адамдары болып саналады және олар қоғамда билік жүргізеді, өйткені күш солардың қолында болып отыр. Ал бізге ішінде байлар болатын, оны байлар билейтін осындай одақ керек пе? Жоқ, мүлдем олай емес. Бізге байлармен *күресу үшін* одақ керек. Демек, қауымдық одақ біз үшін мүлдем жарамайды.

Бізге ерікті одақ, өздерінің қала жұмысшыларымен бірігуінің керек екенін түсінген адамдардың ғана одағы керек. Ал қоғам — ерікті одақ емес, қазыналық одақ. Қоғамға кіріп отырғандар байларға еңбек ететін, байларға қарсы бірігіп күресуді көздейтін адамдар емес. Қоғамға қайсыбір адамдар өзінің ықтиярынсыз кіреді, өйткені олардың ата-аналары осы жерде тұрған, осы жердегі помещикке жұмыс істеген, өйткені оларды бастықтар осы қоғамға тіркеп жазып қойған. Қоғамнан кедей шаруалар емін-еркін шыға алмайды; олар қоғамға полиция басқа болысқа тіркеп қойған адамды емін-еркін ала алмайды, ал бұл адамның бізге, біздің одағымыз үшін, дәл осы жерде керек болуы мүмкін. Жоқ, бізге мүлдем басқа одақ керек, басқаның еңбегімен күн көрушілердің барлығымен күрес жүргізу үшін тек қана қызметкерлер мен кедей шаруалардың ерікті одағы керек.

Қауымның күш болған кезі әлдеқашан өтіп кетті. Ол кезең енді еш уақытта да қайта оралып келмейді. Шаруалар арасында батырақтар мен бүкіл Россияны кезіп, табыс іздеп жүрген жұмысшылар мүлдем дерлік болмаған кезде, байлар да мүлдем дерлік болмаған кезде, жұрттың бәрін барин-крепостник бірдей езген кезде, қауым күш болған еді. Ал енді басты күш ақша болып отыр. Ақша үшін бір қоғамдағы адамдар да өзара нағыз жыртқыш аңдардан кем қырқыспайды. Ақшалы мужиктер өзінің қоғамдас адамдарын қысымға алу және талау жағынан кейбір помещиктен анағұрлым асып

түсіп отыр. Енді бізге қауымдық одақ емес, қайта *ақша өктемдігіне* қарсы, капитал өктемдігіне қарсы күресетін одақ, барлық деревня қызметкерлерінің және әр түрлі қоғамдардың кедей шаруаларының одағы, помещиктер мен бай шаруаларға бірдей қарсы күресетін барлық деревня кедейлерінің қала жұмысшыларымен одағы керек.

Помещиктердің күші қандай екенін біз көрдік. Енді бай шаруалар көп пе және олардың күші қандай екенін қарап көруіміз керек.

Помещиктердің күшін біз олардың имениелерінің мөлшеріне қарай, олардың қолындағы жердің көлеміне қарай бағаладық. Помещиктер өз жеріне емін-еркін иелік етеді, оны емін-еркін сатып алады да, сатады да. Сондықтан олардың күшінің қандайлық екенін олардың қолындағы жердің көлеміне қарай өте анық байқауға болады. Ал шаруалар болатын болса, бізде әлі күнге дейін өз жеріне емін-еркін иелік ету правосына ие бола алмай отыр, олар әлі күнге дейін өзінің қоғамына байлаулы, жартылай крепостной күйінде қалып отыр. Сондықтан бай шаруалардың күшін олардың қолындағы үлесті жердің көлеміне қарап бағалауға болмайды. Бай шаруалар өзінің үлесті жерінен байымайды: олар жерді көп етіп *сатып алады*, «мәңгілік» етіп те сатып алады (яғни өзінің жеке меншігіне айналдырады), «бірнеше жылға» да сатып алады (яғни арендаға алады), жерді олар помещиктерден де, өзінің селолас шаруасынан да, жерін тастаушылардан, мұқтаждықтың салдарынан үлесті жерін жалға берушілерден сатып алады. Міне сондықтан байларды, орташаларды және кедей шаруаларды олардың қолындағы жылқының санына қарай айыру барлығынан да дұрыс болар. Көп жылқылы шаруа — әрқашан да дерлік бай шаруа болады; егер оның қолында жұмыс көлігі көп болса — демек, оның егісі де көп, үлесті жерінен басқа да жері болады, жиналған ақшалай қоры да болады. Оның бер жағында бізде бүкіл Россия көлемінде (Европалық Россияда, Сибирьді де, Кавказды да есептемегенде) көп жылқылы шаруалардың қанша екенін білуге мүмкіндік бар. Әрине, бүкіл Россия туралы тек шамамен ғана айтуға бола-

тыпын ұмытпау керек: өйткені жекелеген уездер мен губернияларда айырмашылық өте көп. Мәселен, қалалар төңірегінде жылқысы онша көп емес бай егінші-шаруалар жиі кездеседі. Олардың бірсыпырасы пайдалы огород кәсібімен айналысады, екінші біреулері жылқыны аз ұстап, оның есесіне сиырды көп ұстайды, сүт сатып сауда етеді. Россияның барлық жерлерінде егіншілік арқылы емес, сауда ісі арқылы байитын шаруалар да бар: олар май шайқайтын, жарма жасайтын және басқа заводтар ұстайды. Деревняда тұратындардың әрқайсысы өзінің селосындағы немесе округіндегі бай шаруаны өте жақсы біледі. Бірақ бізге олардың бүкіл Россияда қанша екенін, олардың күшінің қандай екенін білу керек, өйткені кедей шаруа беталды, көз жұмып жүре бермеуі керек, ол өзінің достарының қандай екенін және өзінің жауларының қандай екенін анық білуі керек.

Міне сөйтіп біз жылқысы көп және жылқысы аз шаруалардың қанша екенін қарап көреміз. Біз Россиядағы барлық шаруа үйлерінің саны *он миллион* шамасы деп есептелетінін бұған дейін айттық. Олардың қолындағы барлық жылқы қазір, сірә, *он бес миллион* шамасы болар (бұдан он төрт жылдай бұрын он жеті миллион болған еді, бірақ қазір азайып отыр). Демек, шамамен алғанда әрбір *он* үйге *он бес* жылқыдан келеді. Бірақ істің мәні мынада: біреулерінде, өте азшылық жағында — жылқы орасан көп, ал екіншілерінде, әсіресе көпшілік болып отырған жағында, не мүлде жоқ, не аз. Мүлде аты жоқ шаруалар *үш миллионнан кем емес, ал бір атты* шаруалар үш жарым миллион шамасы. Мұның барлығы не мүлде күйзелген, не кедей шаруалар. Біз оларды деревня кедейлері деп атаймыз. Ондайлар он миллион үйдің *алты жарым* миллионы, яғни *үштен екісі дерлік* болып отыр! Бұлардан кейін орта шаруа келеді, бұлардың әрқайсысының бір пардан жұмыс көлігі бар. Мұндай шаруалар *екі* миллион үй *шамасы*, олардың қолында *төрт* миллион *шамасы* жылқы бар. Бұлардан соң бай шаруалар келеді, бұлардың әрқайсысында бір пардан артық жұмыс көлігі бар. Мұндай шаруалар *бір жарым миллион* үй, бірақ бұлардың қо-

лында *жеті жарым* миллион жылқы бар *. Мұның мәнісі: жылқының барлық санының тең жартысы үйлердің, шамамен, алтыдан бір ғана бөлігінің қолында болып отыр деген сөз.

Мұны білгеннен кейін, біз бай шаруалардың күшін барынша дәл бағалай аламыз. Сан жағынан олар онша көп емес: әр түрлі қоғамдарда, әр түрлі болыстарда олар әрбір жүз үйге он-жиырмадан келеді. Бірақ бұл азғана үйлер — барып тұрған байлар. Сондықтан бүкіл Россия көлемінде олардың қолындағы жылқы, қалған шаруалардың қолындағы барлық жылқы қанша болса, сонша дерлік болып отыр. Демек, олардың егістігі де барлық шаруалар егісінің тең жартысы дерлік болып отыр. Мұндай шаруалар өздерінің семьясына керек астықтан анағұрлым артық астық жинап алады. Олар астықты көп етіп сатады. Оларға астық тек қана тамақ үшін керек емес, көбінесе — сату үшін, ақша табу үшін керек. Мұндай шаруалар ақша жинай алады. Олар ақшаны жинақ кассалары мен банктерге салады. Олар өзінің жеке меншігіне жер сатып алады. Біз бүкіл Россия көлемінде жыл сайын шаруалардың жерді қандай көп сатып алатынын бұған дейін айттық: бұл жерлердің барлығы дерлік дәл осы азғана бай шаруалардың қолына түседі. Деревня кедейлеріне жер сатып алу туралы емес, қалай еткенде тамақ асырауға болатыны туралы ойлауға тура келеді. Олардың жер сатып алу түгіл, көбіне нан сатып алуға да ақшасы жетпейді. Сондықтан жалпы алғанда банк атаулының бәрі және әсіресе шаруа банкісі жерге ие болу ісінде барлық шаруаларға емес (мужиктерді алдаушы немесе барып тұрған

---

* Тағы да ескертіп өтеміз: біз бұл арада цифрларды орта есеппен, шамамен алып отырмыз. Мүмкін, бай шаруалар тура бір жарым миллион емес, миллион бір ширек немесе миллион үш ширек, немесе тіпті екі миллион шығар.. Бұл әрине, үлкен айырмашылық емес. Әңгіме бұл арада әрбір мыңды немесе жүз мыңды артық не кем санауда емес, әңгіме бай шаруалардың күші қандай екенін, олардың жағдайы қандай екенін анық түсінуде болып отыр, мұның өзі өз жауларың мен достарыңды айыра білу үшін, түрлі ертегілер мен бос сөзге алданбай, кедейлердің де халін және әсіресе байлардың халін анық білу үшін керек болып отыр.

Әрбір деревня қызметкері өз болысы мен көрші болыстарға жақсылаңқырап көз салып қарасын. Онда ол біздің есебіміздің дұрыс екенін көреді, шамамен алғанда барлық жерде осындай болып шығады: әрбір жүз үйден оны, көп болғанда жиырмасы бай, жиырмасы орта шаруа, ал қалғандарының барлығы кедейлер болып шығады.

аңқаулар ғана барлығына бірдей жәрдем етеді деп кейде сендірмекші болады), тек шаруалардың ат төбеліндей тобына ғана, байларға ғана көмектеседі. Сондықтан мужиктердің жоғарыда біз айтқан нашар ақылшылары да шаруалардың жер сатып алуы жөнінде өтірік айтып отыр, олардың айтуынша бұл жер капиталдан еңбекке өтеді-мыс. Еңбекке, яғни кедей жұмысшы адамның қолына, жер еш уақытта өтпейді, өйткені жер үшін ақша төленеді. Ал кедейлердің қолында еш уақытта артық ақша өңі түгіл түсінде де болған емес. Жер тек ақшалы бай шаруаларға ғана, капиталға ғана өтеді, деревня кедейлерінің қала жұмысшыларымен одақ жасасып, *күрес* жүргізуіне тура келетін адамдарға ғана өтеді.

Бай шаруалар жерді тек мәңгілік етіп сатып алып қана қоймайды, нақ солардың өзі көбінесе жерді бірнеше жылға жалдайды, арендаға алады. Олар үлкен участкелерді жалдау арқылы деревня кедейлерінен жерді қағып әкетеді. Мәселен, Полтава губерниясының бір уезінде (Константиноградта) бай шаруалардың қанша жерді арендаға алғаны есептелінген. Ал сонда қалай болып шыққан? Үй басына 30 және онан да көп десятина жерді арендаға алған шаруалар мүлде аз болған, әрбір 15 үйден не бары екі үйден ғана болған. Бірақ бұл байлар барлық жалға алынған жердің *тең жартысын* өз қолдарына басып алған, сөйтіп жалға алынған жерден әрбір бай шаруаға *75 десятинадан* келген! Немесе Таврия губерниясын алайық, онда шаруалардың *қауым* болып, қоғам болып қазынадан алған жерінен байлардың қаншалық жерді басып алғаны есептелінген. Онда мынадай болып шыққан: сан жағынан үйлердің *бестен бір* бөлігі ғана болған байлар барлық жалға алынған жердің *төрттен үш* бөлігін өз қолына басып алған. Жерді барлық жерде ақшаға қарай бөледі, ал ақша тек азғана байлардың қолында ғана болады.

Онан соң, көп жерді қазір шаруалардың өздері де жалға беріп жатыр. Үлесті жерін тастап жатыр, өйткені не мал жоқ, не тұқым жоқ, шаруашылықты жүргізетін еш нәрсе жоқ. Қазір ақшасыз бір ғана жермен еш нәрсе істей алмайсың. Мәселен, Самара губерниясының Новоузен уезінде бай шаруалардың әрбір үш үйі-

пен біреуі, ал кейде екеуі, өзінің тұратын қоғамынан немесе бөтен қоғамнан *үлесті жерді жалға алып отыр.* Ал үлесті жерді жалға беретін атсыз және жалғыз атты шаруалар. Таврия губерниясында шаруа үйлерінің тұтас *үштен бір* бөлігі өздерінің үлесті жерін жалға беріп отыр. Шаруалардың барлық үлесті жерінің *төрттен бірі,* ширек миллион десятина жалға беріледі. Ал бұл ширек миллионның ішінен — жүз елу мың десятинасы (бестен үш бөлігі) бай шаруалардың қолына түседі! Бұл арада біз кедейлер үшін қауымдық одақтың, қоғам болудың жарайтын-жарамайтынын тағы да көріп отырмыз. Деревнялық қоғамда кімнің ақшасы болса, күш соның қолында болады. Ал бізге қоғам атаулының бәрінен құрылған кедейлердің одағы керек.

Жерді сатып алу жөнінде алдағаны сияқты плугтарды, жаткаларды және басқа да әр түрлі жетілдірілген құрал-саймандарды арзан сатып алу жөніндегі әңгімелер де шаруаны алдап отыр. Земстволық қоймалар, артельдер құрып: жетілдірілген құрал-саймандар шаруаның халін жақсартады дейді.— Бұл — нағыз алдау. Бұл жақсы құрал-саймандардың бәрі бір ғана байлардың қолына түседі, ал кедейлерге мүлдем дерлік түк те тимейді десе болады. Кедейлердің плугты, жатканы ойлауға шамасы да жоқ, оның ойлайтыны қалтақтап күн көру ғана! Мұндай «шаруаларға көрсетілетін жәрдемнің» барлығы да байларға көрсетілетін жәрдем, одан басқа түк те емес. Ал не жері, не малы, не қоры жоқ кедейлер бұқарасына — жақсы құрал-саймандардың арзандығымен жәрдем бере алмайсың. Міне, мәселен, Самара губерниясының бір уезінде бай шаруалар мен кедей шаруалардың қолындағы барлық жақсартылған құрал-саймандар есептелінген. Барлық жақсартылған құрал-саймандардың *төрттен үші* дерлігі үйлердің *бестен бір* бөлігінің қолында, яғни ең ауқаттылардың қолында болған, ал үйлердің тең *жартысы* болып отырған кедейлердің қолында не бары *отыздан бір бөлігі* ғана болған. Атсыз және жалғыз атты шаруалар бұл уездегі барлық 28 мың үйдің ішінен 10 мың үй болған; ал бүкіл уездегі барлық шаруа үйлерінің қолындағы 5724 жақсартылған құрал-сайманның барлық санынан осы

10 мың үйдің қолында не бары *жеті-ақ* жақсартылған құрал-сайман болған. 5724 құрал-сайманнан жеті құрал-сайман тиген — «барлық шаруаларға» көмек көрсетеді-мыс дейтін барлық осы шаруашылықты жақсартудағы, плуг пен жатканың таралуындағы деревня кедейлерінің үлесі міне осындай! «шаруалар шаруашылығының жақсаруы туралы» әңгіме көтеретін адамдардан деревня кедейлерінің күтетіні міне осы!

Ақырында, бай шаруалардың ең басты өзгешеліктерінің бірі сол — олар *батырақтар мен күндікшілерді жалдайды.* Помещиктер сияқты бай шаруалар да басқаның еңбегімен күн көреді. Помещиктер сияқты олардың байитын себебі сол — шаруалар бұқарасы күйзеледі және қайыршыланады. Помещиктер сияқты олар да өздерінің батырақтарына жұмысты мүмкін болғанынша көп істетіп, оларға ақыны қайткенде де аз төлеуге тырысады. Егер миллиондаған шаруалар мүлде күйзелмесе, сөйтіп басқаның жұмысын істеуге, жалдануға, өзінің жұмыс күшін сатуға мәжбүр болмаса,— онда бай шаруалар өмір сүре алмас еді, шаруашылығын жүргізе алмас еді. Онда олар «бос қалған» үлесті жерді еш жерден жинап ала алмаған болар еді, еш жерден өзіне жұмысшылар таба алмаған болар еді. Ал бүкіл Россиядағы барлық бір жарым миллион бай шаруалардың жалдап отырған батырақтары мен күндікшілері, сірә, *бір миллионнан* кем болмас. Жеке меншікшілер табы мен кедейлер табы арасындағы, қожайындар мен жұмысшылар арасындағы, буржуазия мен пролетариат арасындағы ұлы күресте бай шаруалардың жеке меншікшілер жағында болатыны, жұмысшы табына қарсы шығатыны түсінікті.

Енді біз бай шаруалардың халі мен күшін білдік. Деревня кедейлерінің қалай тұратынын қарап көрелік.

Біз бұған дейін бүкіл Россиядағы барлық шаруалар үйлерінің орасан көпшілігі, үштен екісі дерлігі деревня кедейлері екенін айттық. Ең алдымен, атсыз үйлер *үш миллионнан* ешбір кем емес,— бәлкім, тіпті көбірек, қазіргі кезде тіпті үш жарым миллиондай болар. Әрбір аштық болған жыл, әрбір егін шықпаған жыл ондаған

мың шаруашылықты күйзелтеді. Халық көбейіп келеді, тұрмыс күннен күнге ауырлап барады, ал барлық шұрайлы жерді помещиктер мен бай шаруалар әлден-ақ басып алған. Міне сондықтан жылма-жыл барған сайын орасан көп халық күйзеліске ұшырауда, қалалар мен фабрикаларға кетіп жатыр, батырақ болып жалданып жатыр, қара жұмысшы болып жатыр. Атсыз шаруа дегеніміз осы күннің өзінде-ақ мүлдем кедей адамға айналған. Бұл — пролетарий. Ол жермен емес, шаруашылықпен емес, *жалданып жұмыс істеумен* күн көреді (ал дұрысын айтсақ, күн көріп жүрген жоқ-ау, әйтеуір әрең тірлік етіп жүр). Бұл — қала жұмысшысының бір туған бауыры. Атсыз шаруаға жердің де түкке қажеті жоқ: атсыз үйлердің тең жартысы *өзінің үлесті жерін жалға өткізіп жатыр,* кейде қоғамға тегін беріп жатыр (әйтпесе өздерінің тағы да үстеу төлеп қалуы мүмкін!), өйткені олардың жерді өңдеуге шамасы келмейді. Атсыз шаруа бар болғаны бір десятина, көп болғанда екі десятина егеді. Оған әрқашан да астықты қосымша сатып алуға тура келеді (егер сатып алатын ақшасы болса), өйткені өз астығы еш уақытта тамағына жетпейді. Бүкіл Россиядағы $3^1/_2$ миллионға жуық үй болып отырған жалғыз атты шаруалар да бұдан онша ұзап кете қойған жоқ. Әрине, кейде некен-саяқ кездесіп қалатын өзгешеліктер де болады: кейбір жерлерде орташа тұратын, тіпті ауқатты тұратын да жалғыз атты шаруалар болады, ол жөнінде біз жоғарыда айтқанбыз. Бірақ біз осындай сирек кездесетін өзгешеліктер, жекелеген жерлер туралы айтып отырғанымыз жоқ, бүкіл Россия туралы айтып отырмыз. Егер жалғыз атты шаруалардың барлық бұқарасын алатын болсақ, онда мұның кедейлер мен қайыршылар бұқарасы екені күмәнсыз. Жалғыз атты шаруа тіпті егіншілік губернияларда да үш-төрт десятина, ілуде біреуі бес десятина егеді; оның да өз астығы өзіне жетпейді. Ол тіпті нағыз жақсы жылдарда да атсыз шаруадан тәуір тамақтана алмайды,— демек, үнемі жарым құрсақ болып жүреді, үнемі ашығады. Шаруашылығы мүлдем күйзеледі, малы арық, оның азығы тапшы болады, жерді ойдағыдай күтуге күші

жетпейді. Өзінің барлық шаруашылығына (мал азығынан басқасына) жалғыз атты шаруа,— мәселен, Воронеж губерниясында — *жылына жиырма сомнан* артық жұмсай алмайды! (Бай мужик *он есе көп* жұмсайды.) Жылына жиырма-ақ сом — бұл әрі жер жалдауға, әрі мал сатып алуға, әрі соқа мен басқа құрал-саймандарды жөндеуге, әрі бақташыға, әрі басқа барлық мұқтаждарына жұмсалады! Мұны шаруашылық деп айтуға бола ма? Бұл — бір ғана ұрыс-керіс, каторга, мәңгілік азап. Жалғыз атты шаруалардың арасында да мұндай шаруалардың бар екені және мұндайлардың аз емес екені, *өзінің үлесті жерін жалға өткізетін* шаруалардың аз еместігі өте түсінікті нәрсе. Қайыршыға жерден де түсетін пайда шамалы. Ақша жоқ болса, жерден ақша табу былай тұрсын, ішер асқа да еш нәрсе ала алмайсың. Ал ақша барлығына да: тамаққа да, киім-кешекке де, шаруашылық жүргізуге де және алым-салық төлеуге де қажет. Воронеж губерниясында жалғыз атты шаруадан алынатын алым-салықтардың бір өзі жылына әдетте *он сегіз сом* болып отыр, ал ол *барлық* шығындарына жылына не бары 75 сомнан артық таба алмайды. Бұл арада жер сатып алу туралы, жақсартылған құрал-саймандар туралы, селолық банктер туралы тек келемеж ету үшін ғана айтуға болады: бұлар тіпті де кедейлер үшін ойлап шығарылған нәрсе емес.

Ал ақшаны қайдан алу керек? «Табыс» іздеуге тура келеді. Атсыз шаруа сияқты, жалғыз атты шаруа да тек «табыстар» табумен ғана әзер күн көріп жүр. Ал бұл «табыс» дегеніңіздің мәнісі не? Мұның мәнісі — басқаның жұмысын істеу, жалданып жұмыс істеу деген сөз. Мұның мәнісі — жалғыз атты шаруа өз алдына қожайын болудан жартылай қалды, жалданып істеуші, пролетар болды деген сөз. Міне сол себепті мұндай шаруаларды *жартылай пролетарлар* деп атайды. Бұлар да қала жұмысшысының бір туған бауыры, өйткені бұларды да қожайын атаулының бәрі барлық жағынан тонайды. Бұларға да барлық байларға қарсы, барлық жеке меншік иелеріне қарсы күресу үшін социал-демократтармен қол ұстасып бірігуден басқа ешқандай жол, еш-

қандай амал жоқ. Темір жол салу ісінде кім жұмыс істейді? мердігерлер кімді талап отыр? ағаш кесу мен ағаш ағызу жұмысына кім барып жатыр? батырақ болып жұмыс істейтіндер кім? күндікші болып жұмыс істейтіндер кім? қалалар мен пристаньдардағы қара жұмысты істейтіндер кім? Бұлардың бәрі — деревня кедейлері. Бұлардың бәрі — атсыз шаруалар мен жалғыз атты шаруалар. Бұлардың бәрі — деревня пролетарлары мен жартылай пролетарлар. Ал Русьте мұндай халық қаншама көп десеңізші! Бүкіл Россияда (Кавказ бен Сибирьден басқа) әр жыл сайын сегіз, ал кейде тоғыз *миллион* паспорт берілгені есептеп шығарылған. Бұлардың бәрі — шеткәсіп етуші жұмысшылар. Бұлар — тек аты жағынан ғана шаруалар, ал іс жүзінде жалданушылар, жұмысшылар. Осылардың барлығы қала жұмысшыларымен бірге бір одаққа бірігуі тиіс; білім мен жарық сәуленің деревняға түскен әрбір шапағы бұл одақты күшейтіп, нығайтатын болады.

«Табыс» туралы тағы да бір нәрсені ұмытпау керек. Барлық чиновник атаулылар және чиновниктерше ойлайтын адамдар шаруаға, мужикке екі-ақ нәрсе «керек»: жер (бірақ онша көп емес, — көп алатын жер де жоқ, өйткені байлар әлдеқашан барлық жерді басып алып қойған!) және «табыс» керек деп әңгімелеуді тәуір көреді. Сондықтан халыққа жәрдем көрсету үшін деревняда кәсіпшілікті көбірек ашу керек, көбірек «табыс» «беру» керек-мыс деседі. Мұндай сөздер — барып тұрған екіжүзділік. Кедейлер үшін табыс табу — жалданып жұмыс істеу деген сөз. Шаруаға «табыс тауып беру» — шаруаны жалдама жұмысшыға айналдыру деген сөз. Несін айтасыз, жақсы-ақ жәрдем! Бай шаруалар үшін капиталды қажет ететін,—мәселен, диірмен немесе басқа кәсіпорын салу, молотилка сатып алу, сауда ашу және басқа сол сияқты «табыстар» табылады. Ақшалы адамдардың осы табыстарын кедейлердің *жалданып істейтін жұмысымен* шатастыру — кедейлерді алдау деген сөз. Әрине, мұндай алдаушылық байларға тиімді, барлық «табыстар» бейнебір шаруалардың *бәрінің де* қолынан келеді, күші жетеді деп

көрсету оларға тиімді. Ал кімде-кім кедейлер үшін шын мәнінде қайырымдылық істеймін десе, ол оған *барлық шындықты және тек шындықты ғана* айтады.

Бізге енді орта шаруалар туралы айту қалып отыр. Біз бүкіл Россияда орта шаруа деп шамамен бір пар жұмыс көлігі бар адамдарды санауға болатынын, ал мұндай шаруа үйлері он миллион үйдің ішінен екі миллион шамасы болатынын бұған дейін көрдік. Орта шаруа байлар мен пролетарлардың арасында тұр, сондықтан да ол ортаншы деп аталады. Шынында да ол ортаншы тұрады: жақсы жылдары ол өз шаруашылығымен қалт-құлт күн көре алады, бірақ мұқтаждық әрқашан да оның ныгынан түспейді. Оның не ешқандай жинаған қаражаты болмайды, не мүлдем аз болады. Сондықтан оның шаруашылығы әлжуаз келеді. Ақша табу өте қиын: өз шаруашылығынан ол өзіне керекті, онда да тақыл-тұқыл жетерлік қана ақшаны өте сирек— анда-санда ғана жинап ала алады. Ал табыс табуға бару — шаруашылықты тастау, шаруашылықта азыптозушылық басталады деген сөз. Орта шаруалардың көбі, дегенмен, табыс таппайынша амалдай алмайды: жалданып жұмыс істеуге баруға тура келеді, мұқтаждық помещиктерге кіріптар болуға, борышқа белшесінен батуға мәжбүр етеді. Ал орта шаруаларға еш уақытта дерлік борыштан құтылушылық жоқ: өйткені оның бай мужиктікі сияқты тияпақты табысы жоқ. Сондықтан бір рет борышқа іліну — өзінің мойнына тұзақ ілумен бірдей деген сөз. Сөйтіп, ол әбден жұтап бітпейінше, борыштан шыға алмайды. Орта шаруалар көбінесе помещикке кіріптар болады, өйткені кесімді жұмыс тапсыру үшін помещикке шаруашылығы күйзелмеген, бір пар аты да бар, шаруашылығына сай құралдары да бар мужик керек. Басқа жаққа кету орта шаруаға қиын соғады,— міне сондықтан ол астыққа бола, мал жаятын жерге бола, кесіліп алынған жерді пайдалануға бола, қысқы уақытта ақшалай алған борышына бола өзін помещиктерге кіріптар етеді. Помещик пен құлактан басқа орта шаруаны өзінің бай көршісі де қысады: ол орта шаруаның жерін әрқашан қағып ке-

теді, оны қысымға алатын мүмкіндіктердің бірде-бірін құр жібермейді. Орта шаруаның көретін күні осы: ұшуға қанаты жоқ, жүзуге амалы жоқтың дәл өзі болады. Орта шаруа не нағыз, әлуетті қожайын бола алмайды, не жұмысшы бола алмайды. Орта шаруалардың барлығы қожайындардың соңынан ілескісі келеді, жеке меншікті болғысы келеді, бірақ бұған олардың біреn-сараныныnң ғана қолы жетеді. Олардың арасында тіпті батырақтар немесе күндікші жұмысшылар жалдап, кісі еңбегімен баюға, бөтеннің арқасында баюға тырысатын шаруалар өте аз. Орта шаруалардың көпшілігі кісі жалдау былай тұрсын, өздерінің жалдануына тура келеді.

Байлар мен кедейлердің арасында, жеке меншік иелері мен жұмысшылардың арасында күрес басталған жердің барлығында — орта шаруалар ортада қалады да қайда барарын білмейді. Байлар: сен де өз алдыңа қожайын, жеке меншікті адамсың ғой, саған тақыр жұмысшылармен істес болудың қажеті жоқ деп өз жағына шақырады. Ал жұмысшылар: байлар сені алдайды, сені де талайды, сондықтан барлық байларға қарсы күресте бізге жәрдем беруден басқа саған ешқандай амал жоқ дейді. Орташа мужикке бола туып отырған осы талас барлық жерде, жұмысшы социал-демократтар жұмысшы халықтың азаттығы үшін күресіп отырған елдердің барлығында жүріп жатыр. Россияда бұл талас дәл қазір басталып отыр. Сондықтан бізге әсіресе бұл істі жақсылап қарап, байлардың орташа мужикті қандай алдаулармен арбап отырғанын анық түсіну керек; бұл алдаудың бет пердесін қалай ашу керек екенін, орта шаруаға өзінің нағыз достарын табуға қалай жәрдем беру керек екенін білу керек. Егер орыс жұмысшы социал-демократтары бірден дұрыс жолға түссе, онда біз неміс жұмысшы-жолдастарға қарағанда, деревня жұмысшы халқының қала жұмысшыларымен берік одағын анағұрлым жылдам құрар едік және еңбекшілердің барлық жауын жеңу ісіне жылдам жетер едік.

4. ОРТА ШАРУА ҚАЙДА БАРУЫ КЕРЕК? ЖЕКЕ МЕНШІК ИЕЛЕРІ МЕН БАЙЛАР ЖАҒЫНА МА НЕМЕСЕ ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН КЕДЕЙЛЕР ЖАҒЫНА МА?

Барлық жеке меншік иелері, бүкіл буржуазия орта шаруаны өз жағына тартуға тырысады; оған шаруашылықты жақсарту үшін түрлі шараларды (арзан плугтар, селолық банктер, шөп егісін енгізу, мал мен тыңайтқыштарды арзан сату және басқа сол сияқтыларды) істеуге уәде береді, онымен қатар шаруаны түрлі ауыл шаруашылық одақтарының (кооперациялардың, оларды кітаптарда осылай деп атайды), шаруашылықты жақсарту мақсатымен түрлі қожайындардың арасында құрылған одақтардың мүшелігіне тартпақшы болады. Осындай жолмен буржуазия орта шаруаны, тіпті ұсақ шаруаны да, тіпті жартылай пролетарларды да жұмысшымен одақ болудан айыруға тырысады, буржуазияның жұмысшыларға, пролетариатқа қарсы жүргізетін күресінде оларды байлардың, буржуазияның жағына шығаруға тырысады.

Жұмысшы социал-демократтар бұған былай жауап береді: шаруашылықты жақсарту — жақсы нәрсе. Плугтарды арзан сатып алу — ешқандай айып емес; қазір тіпті әрбір есі бар көпес те сатып алушыларды тарту үшін арзан сатуға тырысады. Бірақ кедей және орта шаруаға: бай адамдарға мүлдем тимей тұрып-ақ шаруашылықты жақсарту, плугтардың арзандауы олардың бәрін мұқтаждықтан құтқарады, шаруашылығын жөндеуге көмектеседі деу — *алдаушылық*. Барлық осы сияқты жақсартулардан, арзандатулардан және кооперациялардан (товарларды сату және сатып алу одақтарынан) *байлар анағұрлым көп пайда көреді*. Байлар барған сайын күшейе береді, кедейлерді де, орта шаруаларды да барған сайын қаттырақ қыса түседі. Байлар бай болып тұрғанда, өз қолдарында жердің де, малдың да, құралдардың да, ақшаның да көпшілік бөлігін ұстап отырғанда,— тек кедейлерге ғана емес, орта шаруаларға да *еш уақытта* мұқтаждықтан шығу жоқ. Бұл жақсартулар мен кооперациялардың жәрдемі арқасында бірді-екілі ғана орташа мужик байлар қата-

рына қосыла алады, ал бүкіл халық және барлық орташа мужиктер бұрынғыдан да гөрі мұқтаждыққа белшесінен бата береді. Орташа мужиктердің *барлығы* бай болу үшін,— мұның үшін байлардың өздерінің көзін жою керек, ал олардың көзін тек қала жұмысшыларының деревня кедейлерімен жасаған одағы ғана жоя алады.

Буржуазия орта шаруаға (және тіпті ұсақ шаруаға да): біз саған арзан жер, арзан плуг сатамыз, ал сен бізге өзіңнің жаныңды сат, сен бұл үшін барлық байларға қарсы күрестен бас тарт дейді.

Жұмысшы социал-демократ: егер шын арзан сататын болса, ақша барда сатып алмайтын несі бар: бұл сауда ісі ғой дейді. Ал өз жаныңды еш уақытта сатудың қажеті жоқ. Қала жұмысшыларымен бірігіп бүкіл буржуазияға қарсы күресуден бас тарту — бұл қайыршылық пен мұқтаждықта мәңгі қалу деген сөз. Товарлардың арзандауынан бай адам бұрынғыдан да гөрі көбірек ұтады, бұрынғыдан да гөрі мықтап байиды. Ал кімде-кімнің жинаған ақшасы болмаса, бұл ақшаларды ол буржуазиядан тартып алмайынша оған ешқандай арзаншылық жәрдем етпейді.

Мысал алайық. Буржуазияның жақтаушылары түрлі кооперацияларды (арзан сатып алу мен пайдалы етіп сату одақтарын) жерден жеті қоян тапқандай мадақтап, лепіреді. Өзін тіпті «социалист-революционерміз» деп атайтындардың ішінен, буржуазияның соңына ілесе отырып, шаруаға барлығынан бұрын кооперация керек деп айқайлайтын адамдар да табылады. Біздің Россияда да түрлі кооперацияларды құра бастап жатыр, бірақ бізде кооперациялар әлі аз, қашан саяси бостандық болмайынша ол аз бола бермек. Ал міне Германияда шаруалар арасында әр түрлі кооперациялар өте көп. Және бұл кооперациялардың көбінесе кімге көмектесіп отырғанын қараңыздар. Бүкіл Германияда 140 мың селолық қожайын сүт және сүт өнімдерін өткізетін серіктіктерге қатысып отыр, ал осы 140 мың қожайынның қолында (түсінікті болу үшін біз цифрды тағы да шамамен ықшамдап алып отырмыз) 1100 мың сиыр бар. Бүкіл Германиядағы кедей шаруалар *төрт милли-*

он болып есептелінеді. Бұлардың ішінен тек 40 мыңы ғана серіктіктерге қатысады: демек, әрбір жүз кедейден тек *біреуі ғана* бұл кооперациялармен пайдаланады. Осы 40 мың кедейдің қолында не бары тек 100 мың ғана сиыр бар. Онан соң, орта қожайындар, орта шаруалар — *бір миллион*; оның 50 мыңы (демек, жүзден бес кісі) кооперацияларға қатысады, ал бұлардың қолында 200 мың сиыр бар. Ақырында, бай қожайындар (яғни помещиктер мен бай шаруаларды қосып есептегенде) *миллионның үштен бірі* болып отыр; бұлардың кооперацияларға қатысатындары 50 мың (демек, әрбір жүзден *он жеті* адам қатысады!), ал бұлардың қолындағы сиырлар 800 мың!

Кооперациялар ең алдымен және көбінесе міне кімге көмектеседі. Арзанға сатып алу мен тиімді етіп сатуға арналған осындай түрлі одақтар арқылы орта шаруаны жарылқаймыз деп айқайлайтын адамдар мужикті осылайша алдарқатып, жел сөзге еліктіріп, алдайды. Кедейлерді де, орта шаруаны да өз жағына шақыратын социал-демократтардан мужиктерді буржуазия тым арзан «сатып алып кеткісі» келеді.

Бізде де түрлі сыр қайнататын артельдер, сүт жинайтын орындар құрылып жатыр. Артель, қауымдық одақ, серіктіктер — мужикке керегі міне осы деп айқайлайтын адамдар бізде де толып жатыр. Ал қараңыздаршы, бұл артельдер де, серіктіктер де, қауымдық арендалар да кімге пайдалы болып отыр. Бізде әрбір жүз үйдің кем дегенде жиырмасында сиыр мүлдем жоқ; отызында бір-бірден ғана сиыр бар: бұлар мұқтаждықтың аса ауырлығынан сүт сатады, балалары сүтсіз қалады, ашығып шыбындай қырылады. Ал бай мужиктердің 3-тен, 4-тен және одан да көп сиырлары бар, шаруалардың барлық сиырларының тең жартысы осы бай мужиктердің қолында. Ал сонда сыр қайнататын артельдер кімге пайдалы? Әрине, ең алдымен помещиктер мен шаруа буржуазиясына пайдалы екені айқын нәрсе. Орта шаруа мен кедейлердің олардың соңына ергені, мұқтаждықтан құтылудың құралы — барлық жұмысшылардың бүкіл буржуазияға қарсы күресі емес, жеке қожайынсымақтардың өз хал-жағдайынан

амалдан құтылып, байлардың қатарына отуге ұмтылуы деп санауы, әрине, *оларға пайдалы* екені айқын нәрсе.

Буржуазияның барлық жақтаушылары ұсақ шаруаның да жақтаушысы және досы болғансып, ондай ұмтылуды қуаттайды және әр саққа жүгіртіп қолпаштайды. Ал қой терісін жамылып жүрген қасқырды тани алмайтын көптеген аңқау адамдар буржуазиялық алдауды қайталап, ұсақ шаруа мен орта шаруаға пайда келтіремін деп ойлайды. Мәселен, кітапшалар мен сөйленген сөздерде ұсақ шаруашылық ең пайдалы, ең табысты, ұсақ шаруашылық гүлденіп келеді деп дәлелдейді; сондықтан да барлық жерде ұсақ шаруалар егіншілікте көп болып отыр-мыс, сондықтан да олар жерден ешбір айрылғысы келмейді-мыс (барлық шұрайлы жерді буржуазияның басып алып қойғанынан, барлық ақшаның да солардың қолында болып отырғанынан емес пе екен, ал сондықтан кедейлер өмір бойы қысылып-қымтырылып, алақандай жерде отырған жоқ па екен!). Ондай көлгірсіген сөзді адамдар ұсақ шаруаға ақшаның көп керегі жоқ дегенді айтады; ұсақ шаруа мен орта шаруа ірі шаруаға қарағанда ұқыптырақ және ынталырақ келеді, оның үстіне ол үнемдеп тұра біледі: малға қосымша пішен сатып алып берудің орнына ол сабанмен амалдай алады; қымбат машина сатып алудың орнына ертерек тұрып, көбірек жұмыс істейді, сөйтіп машинадан қалыспайды; түрлі саймандарды жөндеу үшін басқаға ақша төлеудің орнына ол мейрам күндері қолына балта алады да ұсталық істейді—сөйтіп оған ірі қожайынның жұмсағанынан анағұрлым арзан түседі; қымбат атты немесе өгізді асыраудың орнына ол сиырмен-ақ жер жыртып амалдай алады — немістердің барлық кедей шаруалары жерді сиырмен жыртады, сол сияқты бізде де халықтың қатты күйзелгені соншалық, жерді сиырмен жырту былай тұрсын, адам күшімен де жырта бастауға кірісіп отыр! Бұл қандай пайдалы десеңізші! бұл қандай арзан десеңізші! Бұл қандай мақтанарлық іс десеңізші: орта шаруа мен ұсақ шаруалар соншалық ұқыпты, соншалық шыдамды, соншалық қарапайым тұрады, бейбастақтыққа салынбайды, социализм туралы ойламайды, тек өз ша-

руашылығы туралы ғана ойлайды! Буржуазияға қарсы стачкалар ұйымдастыратын жұмысшыларға ермейді, қайта байларға ереді, тәуір адам болып шығуға тырысады! Егер жұрттың бәрі міне осындай шыдамды, ұқыпты келіп, жұпыны тұратын болса, маскүнемдікке салынбаса, көбірек ақша жинаған болса, шыт атаулы дегенге ақшаны азырақ жұмсаған болса, балаларды азырақ туған болса,— онда жұрттың бәрі жақсы тұрар еді, ешқандай қайыршылық та, ешқандай мұқтаждық та болмаған болар еді!

Мұндай көлгірсіген сөздермен буржуазия орта шаруаның құлағын сарсытады және осы сылдыр сөзге нанып, оны өздері де қайталап айтатын аңқаусымақтар табылады! * Іс жүзінде бұл көлгірсіген сөздер — шылғи алдау, шаруаны бүтіндей қорлау. Бұл көлгірсіген сөзді адамдар орта шаруа мен ұсақ шаруаға таңның атысы мен күннің батысына шейін жұмыс істеттіретін, әрбір жапырақ нанды үнемдеттіретін, көк тиын ақша шығып шығарудан бас тартқызатын мұқтаждықты, ауыр мұқтаждықты арзан және пайдалы шаруашылық деп атайды. Әрине, үш жыл бойына іш киімін ауыстырмаудан, жазды күні етіксіз жүруден, соқаны арқанмен шандып байлаудан, сиырды үйдің төбесіне салынған шіріген сабанмен бағудан «арзан» және «пайдалы» не бар! Осындай «арзан» және «пайдалы» шаруашылыққа кез келген буржуаны немесе бай шаруаны отырғызар ма еді,— өздерінің бұл көлгірсіген сөздерін ә дегенше-ақ ұмытқан болар еді-ау!

Ұсақ шаруашылықты мақтайтын адамдар, кейде шаруаға пайда келтіргісі келгенімен, іс жүзінде оған тек бір ғана зиян келтіреді. *Лотерея* халықты қалай алдайтын болса, олар да өздерінің көлгірсіген сөздерімен мужикті солай етіп алдайды. Мен қазір лотереяның не

* Біздің Россияда мужикке қайырым тілейтін аңқаусымақтар және сөйте тұра оқта-текте болса да осы көлгірсіген сылдыр сөздің шырмауына ілініп сүрінетіндер «халықшылдар» немесе сондай-ақ «ұсақ шаруашылықты жақтаушылар» деп аталады. Бұлардың соңынан ақылға салмай «социалист-революционерлер» де ілбіп еріп жүр. Немістердің де көлгірсіген сөзді адамдары аз емес. Олардың бірі, Эдуард Давид, жақында бір қалың кітап жазды. Бұл кітапта ол ұсақ шаруашылық ірі шаруашылыққа қарағанда анағұрлым пайдалы, өйткені ұсақ шаруа артық шығын жұмсамайды, жер жырту үшін ат ұстамайды, сол бір сауын сиырмен-ақ жер жыртып амалдай береді дейді.

екенін айтып берейін. Мәселен, менің 50 сом тұратын сиырым бар. Бұл сиырды мен лотереяға салып ойнатқым келеді, жұрттың барлығына бір-бір сомдық билет ұсынамын. Сиырды бір сомға алуы мүмкін! Халық қызығады, бір сомдық ақшалар бұршақша жауады. Жүз сом ақша жиналған кезде, мен ойынды бастаймын: кімнің билетіне сиыр шықса, сол бір сомға сиырды алып кете береді, ал қалғандары құр алақан қайтады. Бұл сиыр халыққа «арзан» түсті ме? Жоқ, өте қымбатқа түсті, өйткені бағасы екі есе өсті, өйткені екі адам (лотереяны ұйымдастырған адам және сиырды ұтып алған адам) ешбір еңбексіз пайда тапты, оның үстіне өздерінің ақшасынан айрылған тоқсан тоғыз адамның есесінен пайда тапты. Демек, лотереялар халық үшін пайдалы деген адам көрер көзге халықты алдайды. Сол сияқты түрлі кооперациялар (тиімді етіп сату мен арзанға сатып алу одақтары), шаруашылықты жақсартудың түрлі шаралары, түрлі банк және басқа сондайлар арқылы қайыршылық пен мұқтаждықтан құтқарамыз деп уәде беруші де шаруаларды алдайды. Лотереядағыдай бір кісінің ұтып, басқаларының құр алақан қалатыны сияқты, бұл арада да нақ сол: бір орта шаруа ебін тауып байға айналады, ал оның қалған тоқсан тоғыз жолдастары өмір бойы белін жазбайды, мұқтаждықтан құтыла алмайды, тіпті бұрынғыдан да бетер күйзеле береді. Деревняда тұратын әрбір адам өзінің қоғамына және өзінің барлық маңындағыларға жақсырақ көз салып көрсін: бай шаруаға айналып, мұқтаждықты ұмытып отырған орта шаруалар көп пе? Ал өмір бойы мұқтаждықтан құтыла алмайтындар қаншама? Күйзелушілікке ұшырап, деревнядан кетіп жатқандар қаншама? Жоғарыда көріп өттік, біздің бүкіл Россияда орта шаруа шаруашылықтарын екі миллионнан көп емес деп есептейді. Айталық, арзанға сатып алу мен тиімді етіп сату үшін құрылған түрлі одақтар қазіргіден он есе көп екен делік. Мұның өзі неге әкеліп соғады? Егер жүз мың орта шаруа бай шаруалардың қатарына қосылса, онда тым көп болғаны. Ал мұның мәнісі не? Мұның мәнісі — жүз орта шаруадан бес адам байыды деген сөз. Ал қал-

ған тоқсан бесі ше? Оларға бұрынғыша қиындық төне береді, ал кейбіреулеріне өмір сүру бұрынғыдан да қиындап кетті! Ал кедейлер бұрынғыдан да гөрі қатты күйзеледі деген сөз!

Буржуазияға керегінің өзі де осы екені түсінікті нәрсе, бұл оған орта шаруа мен ұсақ шаруаны байлар соңына мүмкін болғанынша көбірек ерту үшін, оларды буржуазиямен күрессіз-ақ мұқтаждықтан құтылу мүмкіндігіне *сендіру* үшін, оларды деревня және қала жұмысшыларымен одақ жасасуға емес, өзінің күш-жігеріне, өзінің үнемшілдігіне, өзінің баюына *үміттендіру* үшін керек. Буржуазия барлық күшін салып, мужиктің басындағы осы жалған сенім мен үмітті қолдап отыруға, оны түрлі көлгірсіген сөздермен жұбатуға тырысады.

Осы көлгірсіген адамдардың өтірігін әшкерелеу үшін бұларға үш сұрақ қойсақ жеткілікті.

Бірінші сұрақ. Россиядағы екі жүз қырық миллион десятина жарамды жерден жүз миллион десятина жеке меншікті жер иелерінікі болып тұрғанда жұмысшы халық мұқтаждық пен қайыршылықтан құтыла ала ма? Он алты мың ең ірі жер иелерінің қолында алпыс бес миллион десятина жер болып отырғанда жұмысшы халық мұқтаждық пен қайыршылықтан құтыла ала ма?

Екінші сұрақ. Бір жарым миллион бай шаруа үйлері (он миллион шаруа үйлерінің барлық санынан) өз қолына барлық шаруа егістерінің, барлық шаруа жылқыларының, барлық шаруа малдарының тең жартысын басып алып отырғанда және барлық шаруа қорлары мен жинаған ақша қаражатының тең жартысынан анағұрлым артығын басып алып отырғанда жұмысшы халық мұқтаждық пен қайыршылықтан құтыла ала ма? Бұл шаруа буржуазиясы кедейлер мен орта шаруаны қыспаққа алып, батырақтар мен күндікшілердің еңбегінен пайда тауып, күннен-күнге мықтап байып отырғанда жұмысшы халық мұқтаждық пен қайыршылықтан құтыла ала ма? Алты жарым миллион шаруа үйлері — күйзелген кедейлер үнемі ашығып, болмашы

бір жапырақ напды жалданып, түрліше жұмыс істеумен тауып отырғанда құтыла ала ма?

Үшінші сұрақ. Басты күш ақша болып отырғанда, ақшаға барлық нәрсені: фабриканы да, жерді де, тіпті адамдарды да жалдама қызметкер, жалдама құл етіп сатып алуға мүмкін болып отырғанда жұмысшы халық мұқтаждық пен қайыршылықтан құтыла ала ма? Ақшасыз өмір сүруге де, шаруашылық жүргізуге де болмай отырғанда құтыла ала ма? Ұсақ қожайын, кедей, ақша табуға бола ірі қожайынмен күресуге тиісті болып отырғанда құтыла ала ма? Әлденеше мың помещик, көпес, фабрикант және банкир өз қолдарына жүздеген миллион сомды басып алып отырғанда және, оның үстіне, мыңдаған миллион сом жиналып отырған банктердің бәрін билеп отырғанда жұмысшы халық мұқтаждық пен қайыршылықтан құтыла ала ма?

Бұл сұрақтардан ұсақ шаруашылықтың немесе кооперациялардың пайдалылығы туралы ешқандай көлгірсіген сөздермен жалтарып кетуге болмайды. Бұл сұрақтарға жауап біреу ғана болу мүмкін: жұмысшы халықты құтқара алатын нағыз «кооперация» — бүкіл буржуазияға қарсы күресу үшін деревня кедейлерінің қала социал-демократ жұмысшыларымен жасайтын *одағы* болмақ. *Мұндай* одақ неғұрлым тез кеңіп, тез нығайса, орта шаруа буржуазиялық уәделердің барлық өтірігін соғұрлым тез түсінеді, орта шаруа біздің жағымызға соғұрлым тез шығады.

Буржуазия мұны біледі, сондықтан да ол, көлгірсіген сөздермен қатар, социал-демократтар туралы қайқайдағы өтірікті таратады. Социал-демократтар орта шаруа мен ұсақ шаруаның меншігін тартып алуды көздейді дейді ол. *Бұл өтірік.* Социал-демократтар тек ірі қожайындардың ғана, *тек кісі еңбегімен күн көретіндердің ғана* меншігін тартып алуды көздейді. Социал-демократтар *ұсақ және орташа қожайындардың, жұмысшы жалдамайтындардың меншігін еш уақытта тартып алмайды*. Социал-демократтар бүкіл жұмысшы халықтың мүдделерін қорғайды, жақтайды; барлығынан гөрі саналырақ және барлығынан гөрі біріккен қала

жұмысшыларының ғана емес, село жұмысшыларының да мүдделерін қорғайды, жақтайды; онымен қатар егер жұмысшы жалдамайтын болса, байлардың соңына еріп, буржуазияның жағына шықпайтын болса, ұсақ қолөнершілер мен шаруалардың да мүдделерін қорғайды, жақтайды. *Социал-демократтар жұмысшылар мен шаруалардың тұрмысын жақсартудың барлық шаралары үшін күреседі;* қазіргі кезде, буржуазия үстемдігінің әлі де қиратылмаған жағдайында, буржуазияға қарсы бұл күресті жеңілдететін шаралардың бәрін түгел қолданады. Бірақ социал-демократтар шаруаны алдамайды, олар оған *барлық шындықты* айтады, олар буржуазия үстемдік құрып отырғанда халықты мұқтаждық пен қайыршылықтан ешқандай жақсартулармен құтқаруға болмайтынын күн ілгері және ашықтан-ашық айтады. Социал-демократтардың кім екенін және олардың нені көздейтінін *бүкіл халықтың* білуі үшін социал-демократтар өзінің *программасын* * жасады. Программа дегеніміз — *партияның нені көздейтінін және не үшін күресіп отырғанының барлығын* қысқа, айқын әрі дәлме-дәл баяндау деген сөз. Социал-демократиялық партия дегеніміз айқын және дәлме-дәл программа ұсынатын, оны бүкіл халыққа білдіретін және көрсететін, партия қатарында бүкіл жұмысшы халықтың буржуазия езгісінен азат етілуі үшін күресті шын мәнісінде жүргізгісі келетін, оның үстіне мұндай күрес үшін кімнің бірігуінің керек екенін және бұл күресті қалай жүргізу керек екенін дұрыс түсінетін адамдардың ғана болғанын керек ететін бірден-бір партия. Мұнымен қатар, социал-демократтар *жұмысшы халықтың мұқтаждығы мен қайыршылығы неден болып отырғанын* және жұмысшылар одағының неліктен күннен-күнге кеңіп, күннен-күнге күшейіп отырғанын программада тура, ашық және анық *түсіндіру* керек деп есептейді. Тұрмыс жаман деп, бүлік жасауға шақыру жеткіліксіз болады — мұны кез келген айқайшы да істей алады, бірақ бұдан шығатын пайда шамалы. Жұмысшы халық өзінің *не-*

---

* Кейінірек, кітаптың соңындағы, *Қосымшаны* — социал-демократиялық *«Искра»* газеті мен *«Заря»*[61] журналы ұсынған Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының программасын қараңыз.

ліктен күйзеліп отырғанын және мұқтаждықтан азат болу жолындағы күрес үшін *өзінің кіммен бірігуі* керек екенін анық түсінетін болуы керек.

Біз жоғарыда социал-демократтардың нені көздейтінін айттық; жұмысшы халықтың неден мұқтажданатыны мен қайыршыланатынын айттық; деревня кедейлерінің кіммен күресуі керек екенін және мұндай күрес үшін кіммен бірігуі керек екенін айттық.

Енді біз өзіміздің күресіміз арқылы *қазірдің өзінде-ақ қандай жеңілдіктер жеңіп* алатынымызды, жұмысшылардың тұрмысы үшін де, шаруалардың тұрмысы үшін де қандай жеңілдіктер жеңіп алатынымызды айтамыз.

5. СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР БҮКІЛ ХАЛЫҚ ҮШІН ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫЛАР ҮШІН ҚАНДАЙ ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖАСАЛУЫН КӨЗДЕЙДІ?

Социал-демократтар бүкіл жұмысшы халқын тонау атаулыдан, қанау атаулыдан, әділетсіздік атаулыдан азат ету үшін күреседі. Азат болу үшін жұмысшы табы ең алдымен бірігуі керек. Ал бірігу үшін бірігуге ерікті болу керек, бірігуге праволы болу керек, *саяси бостандығы* болу керек. Біз жоғарыда самодержавиелік басқару дегеніміз халықты чиновниктер мен полицияға басы байлы кіріптар ету екенін айттық. Сондықтан саяси бостандық, сарай адамдарының және сарайға еміп-еркін кіре алатын шонжарлар мен сановниктердің ат төбеліндей тобынан басқа, бүкіл халыққа керек. Бәрінен бұрын саяси бостандық жұмысшылар мен шаруаларға керек. Бай адамдар чиновниктер мен полицияның озбырлығынан, бассыздығынан ақшаның күшімен құтыла алады. Бай адамдар өздерінің шығымдарымен ең жоғарғы орындарға жете алады. Сондықтан полиция мен чиновниктер, кедейлерге қарағанда, бай адамдарға өте сирек соқтығады. Жұмысшылар мен шаруалардың полиция мен чиновниктерден құтылатын ешқандай қаражаты жоқ, шағым беретін жері және жоқ, соттасуға күші жетпейді. Мемлекетте *сайланып қойылатын басқарушылық* болмайынша, *депутаттар-*

дың халықтық жиналысы болмайынша жұмысшылар мен шаруаларға алым-салықтан, полиция мен чиновниктердің бассыздығынан және қорлаушылығынан еш уақытта құтылушылық жоқ. Тек депутаттардың халықтық жиналысы ғана халықты чиновниктерге басыбайлы кіріптарлықтан құтқара алады. Әрбір саналы шаруа социал-демократтар жағына шығуы керек, социал-демократтар патша үкіметінен ең алдымен және ең бастысы *депутаттардың халықтық жиналысын шақыруды* талап етеді*. Депутаттарды сословиесінің айырмашылығына қарамай, бай және кедейлігіне қарамай, жұрттың барлығы сайлауы керек. Сайлау еркін болу керек, чиновниктердің ешқандай қысымы болмауға тиіс; сайлаудың тәртібін урядниктер мен земство бастықтары емес, сенімді адамдардың бақылауы тиіс. Сонда бүкіл халықтың сайлаған депутаттары барлық халықтық мұқтаждарды талқылай алады, Русь елінде жақсы тәртіп орната алады**.

Социал-демократтар сотсыз полицияның ешкімді түрмеге қамамауын талап етеді. Өз бетімен қамағаны үшін чиновниктер қатты жазаға тартылуы тиіс. Чиновниктердің бассыздығын тыю үшін былай істеу керек: чиновниктерді халықтың өзі сайлайтын болуы керек, әрбір чиновниктің үстінен әрбір адам тікелей сотқа арыз беруге праволы болу керек. Әйтпесе урядниктің үстінен земствоның бастығына немесе земство бастығының үстінен губернаторға шағым бергеннен не пайда? Әрине, тек земство қызметкері урядникті қолдайды, ал губернатор земство қызметкерін қолдайды, оны-

---

* 1905 жылғы басылымында бұл сөйлем былай берілген: «Әрбір саналы шаруа депутаттардың халықтық жиналысын дереу шақыруды талап етуге қосылуы керек». *Ред.*

** 1905 жылғы басылымында бұдан кейін мынадай текст қосылған:

«Мемлекеттік думаның халық депутаттарының шын мәніндегі жиналысы емес, полициялық алдау екенін біз жоғарыда айттық; өйткені Думаға сайлау тең сайлау емес (дворяндар мен көпестер шаруалар мен жұмысшыларға қарағанда артықшылық алады), еркін сайлау емес, полицияның күштеуімен өтеді. Мемлекеттік дума — депутаттардың халықтық жиналысы емес, дворяндар мен көпестердің полициялық жиналысы. Мемлекеттік дума халық бостандығы мен сайланып қойылатын басқарушылықты қамтамасыз ету үшін емес, жұмысшылар мен шаруаларды алдау үшін, оларды бұрынғыдан да басыбайлы кіріптар ету үшін жиналады. Халыққа қазыналық дума емес, азаматтардың барлығы бірдей және тең еркін сайлаған Құрылтай жиналысы керек». *Ред.*

меп қоймай арыз берушінің сазайын тарттырады. Оны түрмеге отырғызады немесе Сибирьге айдап жібереді. Біздің Россияда (барлық басқа мемлекеттердегі сияқты) әрбір адам халықтық жиналысқа да, сайланып қойылатын сотқа да шағым беруге және өздерінің мұқтаждары туралы емін-еркін айтуға немесе газеттерге жазуға праволы болған кезде ғана чиновниктерге тежеу жасалады.

Орыс халқы осы кезге дейін чиновниктерге крепостниктік тәуелділікте болып отыр. Чиновниктердің рұқсатынсыз халық не жиын өткізуге, не кітап немесе газет басып шығаруға ерікті емес! Бұл крепостниктік тәуелділік емес пе екен? Егер еркін түрде жиын өткізуге болмайтын болса, еркін түрде кітап бастыра алмайтын болса, онда чиновниктер мен бай адамдарды қалай етіп тәртіпке шақырасың? Әлбетте, чиновниктер шындықты жазған әрбір кітапқа тыйым салады, халық мұқтаждығы туралы айтылған әрбір шындық сөзге тыйым салады. Міне сондықтан осынау кітапты да социал-демократиялық партия жасырын түрде бастырып, жасырын түрде таратуға тиіс болды: бұл кітап табылған адамның әрқайсысы не сотқа тартылады, не түрмеге отырғызылады. Бірақ социал-демократ жұмысшылар бұдан қорықпайды: олар шындықты жазған кітаптарды халыққа оқыту үшін бұрынғыдан да көп бастырады, бұрынғыдан да көп таратады. Халық бостандығы жолындағы күресті ешқандай түрме де, ешқандай қудалау да тоқтата алмайды!

Социал-демократтар сословиелердің жойылуын, мемлекеттің барлық азаматтарының толық тең праволы болуын талап етеді. Қазір бізде алым-салық төлемейтін және алым-салық төлейтін сословиелер бар, пұрсаттылар мен пұрсаты жоқтар бар, ақ сүйек пен қара халық бар; тіпті қара халыққа дүре соғушылық та әлі күнге дейін қалған жоқ. Жұмысшылар мен шаруаларды мұндай кемсітушілік ешбір елде жоқ. Түрлі сословиелер үшін түрлі заң шығарушылық Россиядан басқа ешбір елде жоқ. Орыс халқына да дворяндардағы *барлық праволардың* әрбір мужикте де болуын талап ететін уақыт жетті. Крепостниктік право жойылғаннан бері

қырық жылдан астам уақыт өтсе де, әлі күнге дейін дүре соғудың сақталып отырғаны, әлі күнге дейін *алым-салық төлейтін* сословиенің болып отырғаны масқара емес пе?

Социал-демократтар халық үшін қоныс ауыстыру мен кәсіп етудің толық бостандығын талап етеді. *Қоныс ауыстыру бостандығы* дегеніміздің мәнісі не? Мұның мәнісі — шаруа ешкімнен рұқсат сұрамастан қалаған жағына кетуге, қалаған жағына қоныс ауыстыруға, кез келген деревняны немесе кез келген қаланы қалап алуға праволы болу деген сөз. Мұның мәнісі — Россияда да паспорт жойылатын болсын (басқа мемлекеттерде паспорт көптен бері-ақ жоқ), бірде-бір урядник те, бірде-бір земство қызметкері де ешбір шаруаның қалаған жеріне қоныстанып, жұмыс істеуіне кедергі жасамайтын болсын деген сөз. Орыс мужигінің чиновниктерге басыбайлы кіріптар болуы әлі сонша — ол ерікті түрде қалаға ауыса алмайды, ерікті түрде жаңа жерге кете алмайды. *Өз еркімен* қоныс ауыстыруға жол бермеуге министр губернаторларға әмір береді! Мужиктің қайда баратынын губернатор мужиктің өзінен де жақсырақ біледі! Мужик жас бала сияқты, әкімдерсіз орнынан да қозғала алмайды! Мұның өзі крепостниктік тәуелділік емес пе екен? Мұның өзі — дәулетін судай шашып, тақырланған кез келген дворянсымақтың ересек егінші-қожайындардың үстінен әкімдік жүргізуі — халықты қорлағандық емес пе екен?

Қазіргі «егіншілік министрі» Ермолов мырза жазған *«Егіннің шықпай қалуы және халықтың күйзелуі»* (аштық) деген кітапша бар. Бұл кітапшада: жергілікті помещик мырзаларға жұмыс қолы керек болып отырғанда, мужикке қоныс ауыстырудың қажеті жоқ деп ашық айтылады. Министр мұны ашық айтып отыр, ешбір қымсынбайды, өйткені мұндай сөздерді мужик естімейді және мұны түсінбейді деп ойлайды. Помещик мырзаларға арзан жұмысшылар керек болып отырғанда, халықты басқа жаққа жіберудің керегі не? Халық неғұрлым қысылып-қымтырылып тұратын болса, помещиктерге соғұрлым пайдалы болады, неғұрлым мұқ-

таждық күшті болса, соғұрлым арзан жалданады, соғұрлым түрлі қысымшылықты үндемей басынан кешіре береді. Бұрын барииніц пайдасын бурмистрлер қарастыратын, ал енді земство қызметкерлері мен губернаторлар қарастырады. Бұрын бурмистрлер ат қорада жазалауға жарлық беретін еді, ал қазір земство қызметкерлері болыстық басқармада дүре соғуға бұйырады.

Социал-демократтар тұрақты әскерлердің жойылуын, ал оның орнына халық жасағы болуын, бүкіл халықтың қарулануын талап етеді. Тұрақты әскер дегеннің өзі — халықтан бөлектелген және халыққа оқ жаудыруға даярланатын әскер. Егер солдатты бірнеше жылдар бойы казармаға қамамаған болса және оны онда адам айтқысыз қаталдықпен муштраламаған болса, солдат өзінің бауырлары — жұмысшылар мен шаруаларға оқ жаудырар ма еді? Солдат аш отырған мужикке қарсы бара алар ма еді? Мемлекетті жаудың шабуылынан қорғау үшін тұрақты әскерлердің тіпті де керегі жоқ; бұл үшін халық жасағы жеткілікті болады. Егер мемлекеттің әрбір азаматы қаруланатын болса, Россияға ешқандай жау қорқынышты бола алмайды. Ал халық әскери адамдардың езуінен құтылған болар еді: әскер ұстауға *жылына жүздеген миллион сом ақша* жұмсалады, бұл ақшаның бәрі халықтан жиналады, осының салдарынан алым-салықтар да тым ауыр болып отыр, өмір сүру де күннен күнге қиындап бара жатыр. Әскери адамдар чиновниктер мен полицияның халыққа жүргізетін өктемділігін бұрынғыдан да күшейте түседі. Әскери адамдар басқа халықтарды талау үшін, мәселен, қытайлардың жерін тартып алу үшін керек. Бұдан халыққа келетін ешқандай жеңілдік жоқ, қайта жаңадан салық жинау себепті тұрмыс бұрынғыдан да ауырлай түседі. Тұрақты әскердің орнына бүкіл халық қаруландырылса, барлық жұмысшылар мен барлық шаруаларға үлкен жеңілдік жасалған болар еді.

Социал-демократтар талап етіп отырғандай *жанама салықтардың жойылуы да* халық үшін дәл сондай үлкен жеңілдік болған болар еді. Жанама салық дегеніміз жерден немесе шаруашылықтан тікелей алына-

тын салық емес, халықтың *жанама түрде* товарларға қымбат баға төлеу ретінде төлейтін салығы. Қазына қантқа, araққа, керосинге, сіріңкеге және басқа тұтыну заттары атаулының барлығына салық салады; бұл салықты қазынаға саудагер немесе фабрикант төлейді, бірақ мұны, әрине, өз ақшасынан емес, сатып алушылардың оған төлейтін ақшасынан төлейді. Арақтың, қанттың, керосиннің, сіріңкенің бағасы көтеріледі, сөйтіп бір бөтелке арақты немесе бір қадақ қантты әрбір сатып алушы тек товардың бағасын ғана емес, оған салынатын салықты да қоса төлейді. Мәселен, егер сіз, айталық, бір қадақ қантқа он төрт тиын төлейсіз, бірақ мұның төрт (шамамен) тиыны салық болып табылады: қант заводшысы бұл салықты әлдеқашан қазынаға төлеп қойған, сөйтіп енді төленген соманы әрбір сатып алушыдан жинап отыр. Сонымен, *жанама* салық дегеніміз — тұтыну заттарына салынатын салық, сатып алушының товардың көтеріңкі бағасы ретінде төлейтін салығы болып табылады. Кейде, жанама салық — ең әділетті салық: кім қанша сатып алса, сол сонша төлейді дейтіндер бар. Бірақ бұл дұрыс емес. Жанама салық — ең барып тұрған әділетсіз салық, өйткені кедейлерге мұны төлеу, байларға қарағанда, өте ауыр тиеді. Бай адам, шаруаға немесе жұмысшыға қарағанда, табысты он есе көп алады, ал кейде тіпті жүз есе көп алады. Бірақ бай адамға қант жүз есе көп керек пе? Арақ немесе сіріңке он есе көп керек пе? немесе керосин де сондай керек пе? Әрине, жоқ. Бай адамның семьясы, кедей адамның семьясына қарағанда, керосинді, арақты, қантты екі есе немесе, ең мықтағанда, үш есе көп сатып алады. Ал мұның мәнісі — бай адам, кедейлерге қарағанда, салық ретінде өзінің табысынан оның *аз бөлігін* төлейді деген сөз. Айталық, кедей шаруаның жылдық табысы екі жүз сом екен делік; айталық, ол алпыс сомға баж салығы салынған, сондықтан бағасы көтерілген товарларды сатып алады делік (қантқа, сіріңкеге, керосинге салынған *акцизді*, яғни баж салығын фабрикант товарлар рынокқа шығарылмастан анағұрлым бұрын төлейді; қазыналық арақтың бағасын қазына тым көтеріп жіберді; шыттың, темірдің және

басқа товарлардың бағасы қымбаттап кетті, өйткені шетелдің арзан товарлары Россияға көп баж салығын салмай жіберілмейді). Осы алпыс сомнан *жиырма сомы* салық болып табылады. Демек, кедей адам өз табыстарының әрбір сомынан жанама салық ретінде *он тиын* береді (бұған тікелей төленетін салық, сатып алу төлемдері, оброк, жер салығы, земство салығы, болыстық, қауымдық салықтар кірмейді). Ал бай шаруаның табысы — мың сом; баж салығы салынған товарларды ол жүз елу сомға алады; салыққа (жаңағы жүз елу сомның ішінен) *елу сом* төлейді. Демек, бай адам өзінің табыстарының әрбір сомынан жанама салық ретінде тек *бес тиын* ғана береді. Адам неғұрлым бай болса, ол соғұрлым өзінің табыстарынан жанама салықты *аз* төлейді. Сондықтан жанама салық — *ең әділетсіз салық*. Жанама салық, бұл — кедейлерге салынатын салық. Шаруалар мен жұмысшылар қосып есептегенде барлық халықтың $^{9}/_{10}$ бөлігі болып табылады және барлық жанама салықтың $^{9}/_{10}$ немесе $^{8}/_{10}$ бөлігін төлейді. Ал барлық табыстардың шаруалар мен жұмысшылар, бәлкім, $^{4}/_{10}$ бөлігінен көп алмайтын шығар! Міне сондықтан социал-демократтар жанама салықты жоюды және табыс пен мұралық мүлкіне қарай *үстемелі* салық салуды талап етеді. Мұның мәнісі — табыс неғұрлым көп болса, салық та соғұрлым көп болу керек деген сөз. Кімнің мың сом табысы болса, сомына бір тиыннан төлесін, кімнің 2000 сом табысы болса, екі тиыннан төлесін және т. т. Ал ең аз табысы барлар (мәселен, төрт жүз сомнан аспаған табыс) еш нәрсе төлемейтін болсын. Ең ірі байлар ең көп салық төлейтін болсын. Мұндай салық, *табысына* қарай салынған салық немесе, дұрысырағы, *үстемелі-табыс* салығы, жанама салықтан анағұрлым әділірек болған болар еді. Сондықтан да социал-демократтар жанама салықтың жойылуын және үстемелі-табыс салығы болуын талап етеді. Әрине, барлық жеке меншік иелерінің, барлық буржуазияның мұны тілемейтіні және бұған қарсы шығатыны түсінікті нәрсе. Тек деревня кедейлерінің қала жұмысшыларымен жасаған берік одағы ғана буржуазиядан бұл жеңілдікті *жеңіп ала* алады.

Ақырында, социал-демократтар бүкіл халық үшін, әсіресе деревня кедейлері үшін өте маңызды жеңілдік шараларының бірі ретінде балаларды *тегін оқытуды* талап етеді. Қазіргі кезде қалаларға қарағанда, деревняда мектептер өте аз, оның үстіне барлық жерде тек бай таптардың ғана, тек буржуазияның ғана балаларына жақсы білім беруіне мүмкіндігі бар. Тек *барлық балаларды* тегін және міндетті түрде оқыту ғана халықты ең болмағанда ішінара болса да қазіргі қараңғылықтан құтқарады. Ал деревня кедейлері әсіресе қараңғылықтан қорлық көріп отыр, әсіресе білімге мұқтаж болып отыр. Бірақ, әрине, бізге чиновниктер мен поптардың көздеп отырғанындай білім емес, нағыз ерікті білім керек.

Социал-демократтар онан соң әрбір адамның өзінің қалаған дінін мүлдем ерікті түрде ұстауға толық праволы болуын талап етеді. Европалық мемлекеттердің ішінен Түркия мен Россияда ғана православиелік діннен өзге діндегі адамдарға қарсы, раскольниктерге, сектанттарға, еврейлерге қарсы бағытталған және әлі күнге дейін жойылмай отырған масқаралық заңдар бар. Бұл заңдар белгілі бір дінге не тікелей тыйым салады, не оны таратуға тыйым салады, не белгілі бір діннің адамдарын кейбір праволарынан айырады. Бұл заңдардың бәрі — ең әділетсіз, ең зорлықшыл, ең масқаралық заңдар. Әрбір адам қалаған дінін ұстауға толық ерікті болуы былай тұрсын, *сонымен қатар кез келген дінді таратуға және дінін ауыстыруға да* толық ерікті болуы керек. Чиновниктердің бірде-бірі ешкімнен оның діні туралы сұрауға праволы болмауға тиіс: бұл ождандық іс, бұл арада бұған ешкімнің де араласуға хақы жоқ. Ешқандай «үстем» дін немесе шіркеу болмасқа тиіс. Барлық діндер, барлық шіркеулер заң алдында бірдей болуға тиіс. Әр түрлі діннің священниктеріне бұлардың дінін ұстаушы адамдар қаржы бере алады, ал мемлекет қазынаның ақшасынан ешқандай дінге жәрдемдеспеуі керек, ешқандай священниктерге: православиеліктердің де, раскольниктердің де, сектанттардың да, басқалардың да священниктеріне көмек көрсетпеу керек. Социал-демократтар міне осы үшін күресіп отыр, қашан

бұл шаралар ешқандай сылтаусыз және ешқандай шырғалаңсыз іс жүзіне аспайынша, сол кезге дейін халық дін үшін полициялық масқаралық қуғындаудан және бұл масқаралықтан артық болмаса, кем түспейтін — полицияның белгілі бір дінге садақа беруінен құтыла алмайды.

* *
*

Біз социал-демократтардың бүкіл халық үшін және әсіресе кедейлер үшін қандай жеңілдіктер болуын көздеп отырғанын қарап оттік. Енді олардың жұмысшылар үшін, тек фабрикалық және қалалық қана жұмысшылар үшін емес, сонымен қатар селолық жұмысшылар үшін де қандай жеңілдіктерді көздеп отырғанын қарап өтелік. Фабрикалық және заводтық жұмысшылар тығыз, ығы-жығы сығылысып тұрады, олар ірі шеберханаларда жұмыс істейді; оларға білімді адамдар қатарындағы социал-демократтардың жәрдемін пайдалану оңайға түседі. Осы себептерден де қала жұмысшылары өздерінің қожаларына қарсы күресті басқа жұрттың бәрінен анағұрлым бұрын бастады және едәуір жеңілдіктерге қолы жетті, сонымен қатар фабрикалық заңдар шығуына қолы жетті. Бірақ социал-демократтар осы сияқты жеңілдіктер *барлық* жұмысшылар үшін: қожайынның жұмысын алып өз үйлерінде істеуші қаладағы да, селодағы да майдагерлер үшін де,— ұсақ шеберлер мен қолөнершілерге жалданып істеуші жұмысшылар үшін де,— құрылыс жұмысшылары үшін де (балташы, тас қалаушы және басқалар),— орман жұмысшылары үшін де, қара жұмыс істеушілер үшін де,— *және дәл сол сияқты селолық жұмысшылар үшін де* болуы жолында күрес жүргізеді. Осы жұмысшылардың барлығы қазір бүкіл Россия көлемінде фабрикалық жұмысшылардың ізімен, фабрикалық жұмысшылардың жәрдемімен тұрмыстың жақсы жағдайлары үшін, неғұрлым қысқа жұмыс күні үшін, *неғұрлым жоғары ақы үшін* күресуге бірігіп отыр. Сөйтіп социал-демократиялық партия *барлық* жұмысшыларды олардың жақсы тұрмыс үшін күресінде қолдауды, ең табанды және се-

німді жұмысшыларды мықты одақтарға ұйымдастыруда (біріктіруде) олардың барлығына жәрдем беруді, оларға кітапшалар мен листоктарды тарату, жаңа жұмысшыларға тәжірибелі жұмысшыларды жіберу арқылы жәрдем беруді және жалпы алғанда жұрттың бәріне, қолдан келгеннің бәрімен жәрдем беруді өзінің міндеті етіп қояды. Біз саяси бостандық алған кезімізде, депутаттардың халықтық жиналысында да өз адамдарымыз, депутат-жұмысшылар, социал-демократтар болады және олар, басқа елдердегі өз жолдастарының үлгісімен, жұмысшыларға пайдалы заңдар шығарылуын талап ететін болады.

Біз бұл арада социал-демократиялық партияның жұмысшылар үшін көздеп отырған *барлық* жеңілдік шараларын санап жатпаймыз: бұл жеңілдіктер программада аталып айтылған және «Россиядағы жұмысшы ісі» деген кітапшада толық түсіндірілген. Бұл арада бізге осы жеңілдіктердің негізгілерін атап өту жеткілікті болады. Жұмыс күні тәулігіне сегіз сағаттан аспауы тиіс. Аптасында бір күн дем алу үшін жұмыстан әрдайым бос болуы тиіс. Белгілі мерзімнен тысқары жұмыс істеу мүлдем тоқтатылуы тиіс, ал сонымен қатар түнгі жұмыс та тоқтатылуы тиіс. Балалар 16 жасқа дейін тегін оқытылуы керек, сондықтан бұл жасқа дейінгі балалар жалданып жұмыс істеуге жіберілмеуі тиіс. Зиянды өндірістерде әйелдер жұмыс істемеуге тиіс. Жұмыс үстінде алған мүгедектігінің қандайына болса да жұмысшыларға жалдаушы адам айрықша қаржы төлеуге міндетті болуы тиіс, мәселен, молотилкаларда, веялкаларда және сол сияқты жұмыста істеген кезінде мүгедек болғандарға ақша төлеулері тиіс. Барлық жалдама жұмысшыларға жалақы әрқашан да *апта сайын* төленіп тұруы тиіс, селолық жұмысқа жалданғанда жиі-жиі болып тұратыны сияқты, екі айда немесе бір тоқсанда бір рет төлеп тұрушылық болмауға тиіс. Жұмысшылар үшін ақыны әр апта сайын алып тұруының, оның үстіне товармен емес, сөзсіз ақшадай алып тұруының зор маңызы бар. Жалдаушы адамдар жалақының есебіне түрлі жаман товарларды үш есе қымбат бағамен жұмысшыларға күштеп таңуды өте

тәуір көреді; бұл жөнсіздікке тыйым салу үшін жалақыны товармен төлеуге заң бойынша тыйым салу керек. Онан соң, қартайған жұмысшылар мемлекеттен пенсия алатын болулары тиіс. Жұмысшылар өз еңбегімен барлық бай таптарды және бүкіл мемлекетті асырап отыр, сондықтан олардың, пенсия алушы чиновниктерге қарағанда, пенсия алуға правосы ешбір кем емес. Қожайындарға өз жағдайын пайдаланып, жұмысшылардың пайдасына қабылданған ережелерді бұздырмау үшін тек фабрикалардың үстінен ғана емес, сонымен қатар ірі помещик шаруашылықтарының, жалпы алғанда жалдама жұмысшы қолданушы барлық кәсіпорындардың үстінен де бақылаушы инспекторлар тағайындалуы тиіс. Бірақ бұл инспекторлар чиновниктерден болмауы тиіс, оларды министрлер немесе губернаторлар тағайындамауы тиіс, олар полицияның қызметінде болмауы тиіс. Инспекторлар *жұмысшылардан сайланып* қойылуы тиіс; қазына жұмысшылардың өз еркімен сайлаған, жұмысшылардың сеніп қойған адамдарына жалақы беруі керек. Ал мұндай сайланып қойылған жұмысшы депутаттар жұмысшы пәтерлерінің жақсы болуын, қожайындардың жұмысшыларды қайдағы бір ит байласа тұрғысыз үйшіктер мен жер төлелерде (селолық жұмыстарда мұндайлар жиі-жиі болып тұрады) тұруға мәжбүр етпеуін, жұмысшылардың дем алысы туралы ереженің сақталуын және басқа сондайларды қарап отырулары тиіс. Бірақ бұл арада, қашан саяси бостандық болмайынша, полицияның шексіз билігі және халық алдындағы жауапсыздығы жойылмайынша, жұмысшылардан сайланып қойылған ешқандай депутаттардан ешқандай пайда жоқ екенін естен шығармау керек. Полиция қазіргі кезде тек жұмысшы депутаттарды ғана емес, жұрт үшін сөйлеуге, заңдарды бұзушылықты әйгілеп ашуға және жұмысшыларды бірігуге шақыруға батылы барған әрбір жұмысшыны сотсыз қамайды, мұны жұрттың бәрі біледі. Ал бізде саяси бостандық болған кезде, жұмысшылардан сайланған депутаттар орасан көп пайда келтіреді.

Барлық жалдаушылардың (фабриканттардың, помещиктердің, мердігерлердің, бай шаруалардың) жұмыс-

шылар жалақысынан өз бетімен қандай да болса шегеріп ұстауына *мүлдем тыйым салу* керек, мәселен, бракқа шығарылған товар үшін шегеріп ұстап қалу, штраф ретінде шегеріп ұстау, т. т. болмауға тиіс. Жалдаушылардың жалақыдан *өз бетімен* ұстап қалушылығы — заңсыздық және зорлық істегендік болып табылады. Ешқандай сылтаумен және ешқандай шегерулермен қожайын жұмысшының жалақысын кемітпеуі тиіс. Сотты қожайынның өзі құрып, жазаны өзі кеспеуі тиіс (жұмысшылардан шегеріп алынғандарды өз қалтасына салатын судья, жақсы судья екен!), ол *нағыз сотқа* баруы тиіс, бұл сот жұмысшылар мен қожайындардан теңбе-тең сайланған депутаттардан құрылуы тиіс. Тек осындай соттар ғана қожайындардың жұмысшылардың үстінен және жұмысшылардың қожайындардың үстінен берген түрлі наразылықтарын әділдікпен шеше алады.

Социал-демократтар бүкіл жұмысшы табы үшін міне осындай жеңілдіктерді көздейді. Әрбір имениедегі, әрбір экономиядағы, әрбір мердігердің қарамағындағы жұмысшылар өздеріне қандай жеңілдік шараларын көздеудің керек екенін, қандай талаптар (әр түрлі заводтардағы, әр түрлі экономиялардағы, әр түрлі мердігерлердің қарамағындағы жұмысшылардың талаптары, әрине, әр түрлі болады) қою керек екенін сенімді адамдармен бірігіп талқылауға тиіс.

Социал-демократиялық комитеттер бүкіл Россиядағы жұмысшыларға өзінің талаптарын дәлме-дәл және айқын белгілеу ісінде жәрдем етеді, сонымен қатар бұл талаптарды барлық жұмысшыларға және қожайындарға да, бастықтарға да білдіру үшін бұл талаптарды баяндайтын баспаға басылған листоктарды шығару ісіне жәрдем береді. Жұмысшылар, бір кісідей, ынтымақтасып, өздерінің талаптарын табан тіреп қорғаса, қожайындардың жеңілдік беруіне және келісімге келуіне тура келеді. Осындай жолмен қалалардағы жұмысшылар осы күннің өзінде-ақ көптеген жеңілдіктерге ие болды, ал енді майдагерлер де, қолөнерші жұмысшылар да, селолық жұмысшылар да бірігіп (ұйымдасып), өздерінің талаптары үшін күресе бастады. Әзірге бізде саяси бостандық болмай тұрған кезде, біз бұл кү-

ресті жасырын түрде, листок атаулы мен жұмысшылардың бірігуі атаулыға тыйым салатын полициядан жасырынып жүргізіп отырмыз. Ал біз саяси бостандықты жеңіп алған кезде, біз бұл күресті бұдан да гөрі кең түрде және барлық жұрттың алдында ашықтан-ашық жүргіземіз, сойтіп бүкіл Россиядағы барлық жұмысшы халықтың бірігуін, өзін қыспаққа салудан ынтымақтасып қорғанатын болуын көздейміз. *Жұмысшы социал-демократиялық партияға* жұмысшылар неғұрлым көп біріксе, олардың күші соғұрлым көбейеді, олар қанау атаулыдан, жалданып жұмыс істеу атаулыдан, буржуазияға жұмыс істеу атаулыдан жұмысшы табын толық азат етуді де соғұрлым тез іс жүзіне асыра алады.

* *
*

Біз жоғарыда социал-демократиялық жұмысшы партиясының тек жұмысшылар үшін ғана емес, *барлық шаруалар* үшін де жеңілдіктерді көздеп отырғанын айттық. Енді оның бүкіл шаруалар үшін қандай жеңілдіктерді көздеп отырғанын қарап өтелік.

6. СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР БАРЛЫҚ ШАРУАЛАР ҮШІН ҚАНДАЙ ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖАСАЛУЫН КӨЗДЕЙДІ?

Барлық еңбекшілерді толық азат ету үшін деревня кедейлері қала жұмысшыларымен одақтасып, бүкіл буржуазияға қарсы, оның ішінде бай шаруаларға да қарсы күрес жүргізуі тиіс. Бай шаруалар өздерінің батырақтарына арзан ақы төлеуге, оларға ұзақ және ауыр жұмыс істетуге тырысады, ал қала жұмысшылары мен деревня жұмысшылары бай шаруаның қолындағы батырақтардың да тәуір ақы алғанын, жұмысты жеңілірек, демалыспен істеуін көздейді. Демек, деревня кедейлері бай шаруалар болмайтын өздерінің айрықша одақтарын құруы тиіс,— бұл жөнінде біз бұған дейін де айтқанбыз және әрқашан да мұны қайталап айтатын боламыз.

Бірақ Россияда шаруалардың бәрі, байы да, жарлысы да көп мәселелер жөніпен әлі күнге дейін бурынғы-

сынша крепостной болып қалып отыр: олардың бәрі де *төменгі, қара табан, алым-салық төлеуші сословие* болып табылады; олардың бәрі де полициялық чиновниктер мен земство бастықтарына кіріптар болып отыр; олардың бәрі де көбінесе бұрынғыша кесінді жер үшін, малдың суаты үшін, жайылым үшін, шабындық үшін бариннің жұмысын істеп отыр — крепостниктік право тұсында бариннің жұмысын қалай істейтін болса, тура дәл сондай жұмыс істеп отыр. Шаруалардың *бәрі* бұл жаңа түрдегі крепостнойлық халден құтылуды тілейді, *бәрі* тең праволы болуды тілейді, *бәрі* күні бүгінге дейін өздерін *барщинаға баруға* — дворян мырзаға жерін де, жайылымын да, суатын да, шабындығын да «жұмыспен өтеуге», «жерін малы басқаны үшін» де жұмыс істеуге, қатындарын егін орғызуға жіберуді шаруаға «құрмет» деп білуге мәжбүр ететін помещиктерді жек көреді. Осындай жұмыспен өтеудің барлығынан, бай мужиктерге қарағанда, көбінесе кедейлер зәбір шегеді. Бай мужик кейде баринге барып жұмыс істеуінен ақша беріп құтыла алады, бірақ сөйтсе де бай мужикті де көп реттерде помещиктер мықтап қысады. Демек, деревня кедейлері бай шаруалармен бірге өзінің правосыздығына қарсы, барщина атаулыға қарсы, жұмыспен өтеу атаулыға қарсы күресуге тиіс. *Бүкіл* кіріптарлықтан, қайыршылық *атаулыдан* біз тек *бүкіл* буржуазияны (оның ішінде бай шаруаларды да) жеңген күнде ғана құтыла аламыз. Бірақ біз *бұдан бұрын* құтылатын кіріптарлық бар, өйткені бұл кіріптарлық бай мужикке де қолайлы болып тимейді. Бізде Русь елінде шаруалардың барлығы бірдей әлі күнге дейін екінің бірінде тіпті крепостной болып қалып отырған жерлер мен округтер әлі көп. Сондықтан барлық орыс жұмысшылары мен барлық деревня кедейлері *екі қолымен екі жаққа бірдей күрес жүргізулері* керек: барлық жұмысшылармен одақтасып, бір қолымен — *барлық буржуаларға қарсы күрес жүргізулері керек;* барлық шаруалармен одақтасып, екінші қолымен — *деревнядағы чиновниктерге қарсы, помещик-крепостниктерге қарсы күрес жүргізулері керек.* Егер деревня кедейлері бай шаруалардан бөлек, өз алдына ерекше одақ жасамаса,

онда бай шаруалар оларды тақыр мұзға отырғызып, алдап кетеді, өздері помещикке айналып кетеді, ал пақырды пақырлығымен де қалдырып қоймайды, оған керек десе бірігу бостандығын да бермейді. Егер деревня кедейлері бай шаруалармен бірге крепостниктік кіріптарлыққа қарсы күрес жүргізбесе, олар тұрған жеріне маталған, соған басы байлаулы болып қала береді, сонда олардың да қала жұмысшыларымен бірігуге толық бостандығы болмайды.

Деревня кедейлері ең алдымен помещиктерге соққы берулері керек, сөйтіп ең болмаса ең жауыз, ең зиянды бариндік кіріптарлықты иығынан жұлып тастауы керек,— бұл мәселеде бай шаруалардың көбі және буржуазияның жақтаушылары да кедейлер жағында болады, өйткені помещиктік өркөкіректік жұрттың бәрін әбден мезі қылып болды. Бірақ помещик өктемдігінің өрісін біз қалай қысқарттық болды,— бай шаруа да өзінің кім екенін дереу көрсетеді, аранын ашып, қолын салады, ал олардың қолы тым алымды келеді, қазірдің өзінде-ақ көптеген нәрсені басып алды. Демек, құлақты түрік ұстап, қаланың жұмысшы адамымен берік, бұзылмастай одақ жасау керек. Қала жұмысшылары помещикті де ескі бариндік барлық қылығынан айыруға көмектеседі, бай шаруаларды да (өздерінің қожайындары — фабриканттарды қазірдің өзінде-ақ бірсыпыра жуасытқаны сияқты) жуасытып береді. Қала жұмысшыларымен одақ жасамайынша, деревня кедейлері кіріптарлық атаулыдан, мұқтаждық пен қайыршылық атаулыдан *еш уақытта* құтыла алмайды; бұл мәселеде оған қала жұмысшыларынан басқа *ешкім* жәрдем бере алмайды және өзінен басқа ешкімге де үміт артуға болмайды. Бірақ қазірдің өзінде-ақ, осы ұлы күрестің ең алғашқы кезінде-ақ, біздің қолымыз жететін, біздің алуымызға болатын бірсыпыра жеңілдіктер бар. Басқа елдерде әлдеқашан құрып біткен кіріптарлық Россияда әлі көп, міне осындай чиновниктік кіріптарлықтан, осындай бариндік, крепостниктік кіріптарлықтан *бүкіл орыс шаруалары қазірден-ақ* құтыла алады.

Біз енді бүкіл орыс шаруаларын ең болмағанда нағыз жауыздық крепостниктік кіріптарлықтан құтқару үшін

және бүкіл орыс буржуазиясына қарсы күресте деревня кедейлеріне жол ашып беру үшін жұмысшы социал-демократиялық партияның ең алдымен, бірінші ретте, қандай жеңілдіктерді көздеп отырғанып қарап өтеміз.

Жұмысшы социал-демократиялық партияның бірінші талабы: «алым-салық төлеуші» шаруалардың мойнында отырған барлық сатып алу төлемдерін, барлық оброктік алым-салықтарды, барлық міндеткерлікті қазірден бастап-ақ жою керек. Дворяндық комитеттер мен орыс патшасының дворяндық үкіметі шаруаларды крепостниктік тәуелділіктен «босатқанда» шаруаларды *өзінің меншікті жерін сатып алуға,* шаруалардың атам заманнан бері жыртып келген жерін сатып алуға мәжбүр етті! Бұл *нағыз тонау* еді. Патша үкіметінің жәрдемімен дворяндық комитеттер шаруаларды ашықтан-ашық *тонады.* Уставтық грамотаны[65] *күшпен* қолдану үшін, «қайыршылық» кесінді үлесті жерді алғысы келмеген шаруаларды әскер күшімен жазалау үшін патша үкіметі көп жерлерге әскер жіберіп отырды. Дворяндық комитеттер әскерлердің жәрдемінсіз, жұртты азаптап, атқылаусыз, шаруаларды крепостниктік тәуелділіктен құтқару кезінде аса арсыздықпен тонағанындай, еш уақытта тонай алмаған болар еді. Шаруалар өздерін помещиктік, дворяндық комитеттердің қалай алдағанын, қалай етіп тонағанын әрдайым есте ұстаулары керек,— өйткені шаруалар үшін жаңа заңдар шығару жөнінде әңгіме бола қалса, патша үкіметі қазіргі кезде де әрқашан дворяндық немесе чиновниктік комитеттер құрады. Жақында патша манифест шығарды (1903 жылғы 26 февральда): ол манифесте патша шаруалар туралы заңдарды қайта қарауға және жақсартуға уәде беріп отыр. Кім қайта қарайды? кім жақсартады?— Тағы да дворяндар, тағы да чиновниктер! Шаруалар тұрмысын жақсарту үшін *шаруалар комитеттерін* құруға қолы жетпейінше, шаруалар әрқашан да алдана береді. Шаруалардың үстінен помещиктердің, земство бастықтарының және чиновник атаулының билік етуі енді жетер! Урядник атаулының, земство бастығы, исправник немесе губернатор деп аталып жүрген, ішкілікке салынып, азып-тозған дворян баласы атаулының кре-

постниктік тәуелділікте ұстауы жетер! Шаруалар өздерінің істерін *өздері* реттеп отыруға бостандық алуын талап етуге тиіс, жаңа заңдардың қалайша жүргізілуін *өздері* жете ойлап, көрсетуге және өткізуге тиіс. Шаруалар ерікті, сайланып қойылатын *шаруалар комитеттерін* талап етулері тиіс,— шаруалардың қолы бұған жетпейінше, дворяндар мен чиновниктер оларды әрқашан да алдап, тонай беретін болады. Егер мужиктер өзін өзі азат етпесе, өз тағдырын шешуді *өз қолына* алу үшін олар бірікпесе, мужиктерді сүліктей сорып отырған чиновниктерден ешкім де азат ете алмайды.

Социал-демократтар тек сатып алу төлемдерін, оброктік төлемдерді, басқа да түрлі міндеткерліктерді толығынан және дереу жоюды ғана талап етіп отырған жоқ, сонымен қатар олар халықтан алынған төлем ақшаларды *халыққа қайтаруды да* талап етеді. Бүкіл Россия көлемінде мужиктер өздерін дворяндық комитеттердің крепостниктік праводан құтқарғанынан бергі кезде жүздеген миллион сом ақшаны артық төледі. Шаруалар бұл ақшаның қайтадан қайтарылып берілуін талап етулері тиіс. Үкімет ірі дворян-жер иеленушілерге айрықша салық салатын болсын, монастырьлар мен удельдік ведомствоның (яғни патша фамилиясындағылардың) қолындағы жерлер тартып алынатын болсын, депутаттардың халықтық жиналысы бұл ақшаларды шаруалардың пайдасына жұмсайтын болсын. Россиядағыдай шаруалардың қорлапуы, қайыршылануы, миллиондаған шаруалардың мұндай жан түршігерлік аштан қырылуы дүние жүзінің ешбір жерінде жоқ. Шаруаларды бізде аштан өлерлік халге жеткізіп отыр, өйткені оны дворяндық комитеттер әлдеқашан тонаған болатын, оның үстіне сол кезден бері ескі алымдарды ескі крепостник балаларына өндіріп беру арқылы, төлемдер мен оброктік алымдарды өндіру арқылы шаруаны жыл сайын тонап келеді. Кім тонаған болса, бұған сол жауап беретін болсын. Ашығушыларға елеулі түрде жәрдем көрсету үшін дворяндардан, ірі помещиктерден ақша алынатын болсын. Ашығушы мужикке садақаның керегі жоқ, садақа ретінде берілетін қара бақырдың керегі жоқ. Мужик талай-талай жыл-

дар бойы өзі помещиктер мен мемлекетке төлеген ақшаларының өзіне қайтарылып берілуін талап ететін болсын. Тек сол күнде ғана депутаттардың халықтық жиналысы мен шаруалар комитеттері ашығушыларға нағыз, елеулі жәрдем көрсете алады.

Сонан соң. Социал-демократиялық жұмысшы партиясы қазірден бастап-ақ жаппай кепілдікті және *өз жерін пайдалану ісінде шаруаны қысымға алатын барлық заңдарды* толық жоюды талап етеді. 1903 жылғы 26 февральдағы патша манифесі жаппай кепілдікті жоюға уәде беріп еді. Енді оны жою туралы заң шығып та отыр. Бірақ бұл жеткіліксіз. Мұның үстіне өз жеріне иелік ету ісінде шаруаны қысымға алатын *барлық заңдарды* дереу жою керек. Әйтпесе, шаруа жаппай кепілдіксіз де толық ерікті бола алмайды, жартылай крепостной болып қала береді. Шаруа өз жерін пайдалану ісінде *толық бостандық* алуы тиіс: ешкімнен сұрамай-ақ жерін қалаған адамына бере алатын және сата алатын болуы керек. Міне нақ осыған патша указы рұқсат бермей отыр: барлық дворяндар, көпестер және мещандар жерлерін емін-еркін билей алады, ал шаруа оны істей алмайды. Мужик — бейне бір сәби дерсің. Оның ізіне земство қызметкерін салып қою керек көрінеді, ол бала бағушы адам сияқты мужикті қадағалап қарап отырады. Мужиктің үлесті жерін сатуына тыйым салу керек көрінеді, әйтпесе мужик ақшасын ысырап ететін көрінеді! — Крепостниктер міне осылайша ойлайды, бұлардың осы сияқты әңгімелеріне сеніп, мужикке қайыр көрсеткісі келетін сияқтанып, оның жерді сатуына тыйым салу керек деп ойлайтын аңқаулар да табылып қалады. Тіпті халықшылдар да (олар жөнінде біз бұған дейін айтқан болатынбыз) және өздерін «социалист-революционерлерміз» деп атайтын адамдар да соған сеніп, біздің мужиктің аздап крепостной болып қала бергенінің өзі жақсы, ал жерін сатпайтын болсын дейді.

Социал-демократтар былай дейді: бұл — барып тұрған екіжүзділік, бариндік өркөкіректік, құр көлгірсіген сөз! Біз социализмге жеткенде, жұмысшы табы буржуазияны жеңгенде,—сонда бүкіл жер ортақ болады, сол кезде жерді сатуға *ешкімнің* де правосы болмайды. Ал

ол кезге дейін қалай болмақ? Дворяндар мен көпестер сата алады да, шаруалар сата алмай ма!? Дворяндар мен көпестер ерікті болады да, ал шаруа әлі де жартылай крепостной болып қала бермек пе!? шаруа әлі де бұрынғыша бастықтардан рұқсат сұрап отырмақ па!?

Бұл — барып тұрған алдау, көлгірсіген сөздермен бүркеулі болса да, әйтеуір алдау.

Дворянин мен көпеске қашанға дейін жерді сатуға рұқсат беріле беретін болса, сол кезге дейін шаруа да өз жерін сатуға және оған иелік жүргізу ісінде нақ дворянин мен көпес сияқты *мүлдем ерікті* болуға *толық праволы* болуы тиіс.

Жұмысшы табы бүкіл буржуазияны жеңгеннен кейін ол ірі қожайындардың қолындағы жерді тартып алады, сонда ол ірі экономияларда *серіктік шаруашылық* құрады, жұмысшылар жерді бірігіп, көптесіп ұқсататып болады, басқарушыларға ерікті түрде сенімді адамдарды сайлайды, еңбекті жеңілдету үшін алуан түрлі машиналары болады, жұмысты сменамен әрқайсысы күніне сегіз сағаттан (кейде тіпті алты сағаттан да) артық істемейтін болады. Сол кезде әлі де болса бұрынғыша жеке-жеке отырып қожалық етуді тілейтін ұсақ шаруа да рынок үшін істемейді, кез келген адамға сату үшін істемейді, жұмысшылардың серіктігіне істейді: ұсақ шаруа жұмысшылардың серіктігіне астық, ет, овощ жеткізіп тұрады, ал жұмысшылар оған ақшасыз машиналар, мал, тыңайтқыштар, киім-кешек және оған керек нәрсенің барлығын беріп отырады. Сол кезде ірі және ұсақ қожайындардың арасында ақша үшін күрес болмайды, сол кезде бөтен адамдарға жалданып жұмыс істеушілік болмайды, қайта қызметкерлердің бәрі өздері үшін жұмыс істейді, жұмыста болған барлық жеңілдіктер мен машиналар жұмысшылардың өз пайдасына, олардың еңбегін жеңілдетуге, олардың тұрмысын жақсартуға жұмсалады.

Бірақ әрбір парасатты адам социализмге бірден қол жетпейтінін түсінеді: бұл үшін бүкіл буржуазияға қарсы, барлық үкімет атаулыға қарсы кескілескен күрес жүргізу керек, бұл үшін бүкіл Россиядағы барлық қала жұмысшыларын және олармен бірге деревня кедейле-

рін берік, мызғымас одаққа біріктіру керек. Бұл — ұлы іс, мұндай іске барлық өмірді сарп ету де өкінішті емес. Ал біз әзірше социализмге жете алғанымыз жоқ, сол кезге дейін ірі қожайын ұсақ қожайынмен ақша үшін күрес жүргізе береді: олай болса, қалайша ірі шаруа жерді де сатуға ерікті болады, ал ұсақ шаруа — еріксіз болады? Қайталап айтамыз: шаруалар жас бала емес, ешкімге де өзінің үстінен әмір жүргізуге жол бермейді; дворяндар мен көпестерде қандай праволар болатын болса, *сол праволардың барлығын* ешбір шектеусіз шаруалар да алуға тиіс.

Былай деушілер де бар: шаруаның қолындағы жер өзінікі емес, қоғамдікі. Қоғамдық жерді сату үшін әркімге рұқсат беруге болмайды.— Бұл да — нағыз барып тұрған алдаушылық. Әлде дворяндар мен көпестердің сол сияқты қоғамдары жоқ па? әлде дворяндар мен көпестер де түрлі сыбайластыққа бірікпей отыр ма, жер мен фабрикаларды және басқа нені болса да бірігіп сатып алып отырған жоқ па? Дворяндық қоғамдар үшін неге ешқандай қысымдар ойлап шығарылмайды, ал мужик үшін кез келген оңбаған полицей түрлі шек қоюшылық пен тыйым салуды ойлап табуға неге құштар? Шаруалар чиновниктерден еш уақытта ешқандай қайыр көрген емес, қайта тек ұрып-соғуды, алым төлеу мен зәбір шегушілікті көріп келеді. Шаруалар өз істерінің бәрін өз қолына алмайынша, толық тең праволылық пен толық бостандыққа қолы жетпейінше, еш уақытта жақсылықты күте алмайды. Шаруалар жерлерінің қоғамдық болғанын тілейді екен,— оларға ешкім де кедергі бола алмайды, сөйтіп олар ықтиярлы түрде келісуі бойынша қалаған адамдарынан және қалауы бойынша өздеріне қоғам құра алады, өздерінің қалауына қарай, барынша ерікті түрде өздеріне қоғамдық шарт жасап алады. Сөйтіп ешқандай чиновник шаруалардың қоғамдық істеріне тұмсығын сұға алмайтын болуы керек. Сөйтіп ешкімнің де шаруаның үстінен ақылгөйсуге, мужик үшін түрлі қысымдар мен тыйым салуларды ойлап шығаруға батылы бармайтын болуы керек.

* *
*

Ақырында, социал-демократтар шаруалар үшін тағы да бір маңызды жеңілдікті көздеп отыр. Олар мужикті бариндік кіріптарлықта, крепостниктік кіріптарлықта ұстауды қазірден-ақ, дереу тежеуді көздейді. Дүниеде мұқтаждық болып тұрған кезде, әрине, барлық кіріптарлықты біз бірден жоя алмаймыз, ал жер мен фабрикалардың буржуазия қолында тұрған кезінде, дүниедегі басты күш — ақша болып тұрған кезде, *социалистік қоғам* енгізілмей тұрған кезде мұқтаждықтан құтылуға болмайды. Бірақ Россиядағы деревняларда әсіресе аса ауыр кіріптарлықтар әлі күнге дейін көп қалып отыр; басқа елдерде социализм әлі енгізілмесе де, мұндай кіріптарлықтар оларда жоқ. Россияда әлі де толып жатқан *крепостниктік кіріптарлықтар* бар, бұлар барлық шаруаларды жаншып отырған барлық помещиктерге пайдалы болып отыр, мұны қазірден-ақ, дереу, бірінші кезекте жоюға болады және мұның жойылуы да тиіс.

Біз қандай кіріптарлықты крепостниктік кіріптарлық деп атайтынымызды түсіндірейік.

Деревняда тұрушы әрбір адам мынадай жағдайларды жақсы біледі. Помещиктің жері шаруаның жерімен қатар болады. Шаруаларды азат ету тұсында шаруалардың нағыз қажетті жерін кесіп алды, мал өрісін, жайылымын кесіп алды, орманды кесіп алды, суатын кесіп алды. Бұл кесіп алынған жерсіз, жайылымсыз, суатсыз шаруа түк істей алмайды. Тілесең де, тілемесең де, помещикке баруға тура келеді, малды суатқа немесе жайылымға жіберу үшін рұқсат сұрауға және басқа сондайларды сұрауға тура келеді. Ал помещик өз шаруашылығында қара жұмыс істемейді, оның ақшасы да жоқ болуы мүмкін, ол тек шаруаларды кіріптарлыққа салумен ғана күнелтеді. Шаруалар кесіп алған жері үшін помещикке ақшасыз жұмыс істейді, өзінің аттарымен помещиктің жерін жыртады, оның егінін орады, шөбін шабады, астығын бастырады, кей жерлерде тіпті бариннің жеріне өзінің жинаған көңін төгеді, бариннің үйіне матасын да, жұмыртқасын да, құстарын да апарады. Нақ крепостниктік правоның тұсындағы сияқты!

Бұрынғы кезде шаруалар кімнің жерінде тұратын болса, соның жұмысын тегін істейтін, ал қазірде де жиі-жиі баринге тегін жұмыс істейді, дворяндық комитеттер шаруаларды азат етерде шаруалардан кеткен нақ сол жер үшін істейді. Бұл — кәдімгі барщинаның нағыз өзі. Шаруалардың өздері де кейбір губернияларда бұл жұмысты барщина немесе панщина деп атайды. Міне біз нақ осыны крепостниктік кіріптарлық деп атаймыз. Шаруаларды бұрынғыша кіріптарлықта ұстау мүмкін болу үшін помещиктік, дворяндық комитеттер шаруаларды крепостниктік праводан азат ету кезінде әдейі осылай істеген: мужиктің үлесті жерлерін әдейілеп кесіп алған, мужикке тауығын да жіберетін жер қалдырмау үшін помещик жерін оның жеріне сынадай сұғындырып қойған, шаруаларды әдейі жаман жерге көшіріп отырған, суатқа баратын жолды помещик жерімен әдейі бөгеп отырған,— бір сөзбен айтқанда, шаруаларды қоршауда қалдыру үшін, шаруаларды бұрынғыша құр қолмен-ақ торға түсіру үшін осылай істеген. Крепостниктік праводың тұсында қалайша торға түскен болса, шаруалар көрші помещиктердің торына да дәл солай түсіп отырған деревнялар бізде әлі де сонша көп, олардың қанша екенінің есебі де жоқ. Мұндай деревняларда бай мужиктің де, кедей мужиктің де қол-аяғы бірдей матаулы, помещикке басыбайлы. Мұның ауырлығы, бай мужикке қарағанда, кедей мужикке өте қатты батып отыр. Бай мужиктің кейде өзінің де жері болады, барщиналық міндетті атқару үшін өзінің орнына батырағын да жіберіп отырады, ал кедей мужиктің барар жері, басар тауы жоқ, сөйтіп помещик оны жүндей түтеді. Мұндай кіріптарлық тұсында кедей шаруаның тіпті көп реттерде белін жазып, дем алуға да мұршасы келмейді, баринге жұмыс істеуге міндетті болған себепті басқа жаққа кетуіне де болмайды, барлық деревня кедейлерімен және қала жұмысшыларымен бірге ерікті түрде бір одаққа, бір партияға бірігуді ойлауына да болмайды.

Сонымен, енді, қазірден-ақ, мұндай кіріптарлықты бірден жоя алғандай ешқандай құрал жоқ па екен? Социал-демократиялық жұмысшы партиясы бұл мақсат

үшін шаруаларға *екі* құрал ұсынады. Бірақ біз тағы да қайталап айтып өтеміз, барлық кедейлерді барлық кіріптарлық атаулыдан тек бір ғана социализм құтқара алады, өйткені күш байлардың қолында болып отырғанда, олар кедейлерді әрдайым түрліше қысымға алады. Бүкіл кіріптарлықты бірден мүлдем жойып жіберуге болмайды, бірақ кедейлерді де, орташаларды да, тіпті бай шаруаларды да езіп жаншатын ең кеселді, ең зұлым крепостниктік кіріптарлықты қатты қысымға алуға болады, шаруалар үшін қазірден-ақ жеңілдіктер туғызуға болады.

Бұл үшін екі құрал бар.

Бірінші құрал — селолық батырақтар мен аса кедей шаруалардың сенімді адамдарынан, сол сияқты бай шаруалар мен помещиктердің де адамдарынан еркін түрде сайланып қойылатын соттар.

Екінші құрал — еркін түрде сайланып қойылатын *шаруалар комитеттері.* Бұл шаруалар комитеттері барщинаны жою үшін, крепостниктік правоның қалдықтарын жою үшін түрлі шараларды талқылап, қабылдауға праволы болып қана қоймай, сонымен қатар *кесіліп алынған жерлерді қайтарып алуға және оларды шаруаларға қайтаруға да* праволы болулары тиіс *.

Бұл екі құралды біраз толығырақ етіп қарап өтейік. Сенімді адамдардан еркін түрде сайланып қойылған соттар шаруалардың кіріптарлық жөнінде берген шағымдары бойынша барлық істерді қарайтын болады. Егер помещиктер шаруалардың мұқтаждығын пайдаланып, жерге арендалық ақыны тым жоғары белгілеген болса, мұндай соттардың бұл ақыны төмендетуге правосы болады. Мұндай соттар шаруаларды өте ауыр төлемдерден құтқаруға праволы болады,— мәселен, помещик мужикті қысты күні жазғы жұмысқа жарты баға беріп жалдап алған болса, онда сот бұл істі қарап, әділ бағаны белгілейді. Мұндай сот, әрине, чиновниктерден

---

* 1905 жылғы басылымында будан кейін мынадай текст қосылған: «Шаруалар комитеттерінің помещиктерден және жалпы барлық жеке жер иеленушілерден барлық жерді тартып алуға правосы болуы тиіс, ал бүкіл халықтың меншігіне көшіп отырған бұл жерлерді қалай пайдалану керек екенін депутаттардың халықтық жиналысының өзі белгілейтін болсын». *Ред.*

емес, еркін түрде сайланған сенімді адамдардан болуы тиіс, сөйтіп селолық батырақтар мен деревня кедейлерінің міндетті түрде өздерінің сайлап қойған адамдары болуы керек, олардың саны бай шаруалар мен помещиктерден қойылатын адамдардың санынан кем болмауға тиіс. Мұндай соттар жұмысшылар мен қожайындар арасындағы барлық істі де қарап отыратын болады. Мұндай соттар тұсында жұмысшылар мен барлық деревня кедейлеріне өздерінің праволарын қорғау оңайға түседі; өзара бірігуі, кедейлер мен жұмысшылардың мүддесі үшін қандай адамдардың сенімді және адал күресетінін анық білу оңай болады.

Екінші құрал бұдан да маңыздырақ. Бұл — ерікті *шаруалар комитеттері*, бұлар батырақтардың, кедейлердің, орта және бай шаруалардың сенімді адамдарынан әрбір уезд сайын сайланып қойылады (немесе, егер шаруалар керек деп тапса, бір уезде бірнеше комитеттердің құрылуы мүмкін; тіпті шаруалар комитеттерін олар әрбір болыста және әрбір ірі селода құруы да мүмкін). Шаруаларды қандай кіріптарлық жаншып отырғанын шаруалардың өздерінен жақсы ешкім де білмейді. Күні бүгінге дейін крепостниктік кіріптарлық арқасында күнелтіп отырған помещиктерді шаруалардың өздерінен жақсы ешкім де әшкерелей алмайды. Шаруалар комитеттері қандай кесінді жерлердің немесе шабындықтардың, немесе қандай жайылымның және басқа сондайлардың шаруалардан әділетсіз түрде тартылып алынғанын талдап қарайды; бұл жерлерді тегін тартып алудың немесе бұл жерлерді сатып алғандарға ірі дворяндардың есесінен ақы берудің жөн болу-болмауын қарайды. Шаруалар комитеттері, ең болмағанда, шаруаларды толып жатқан дворяндық, помещиктік комиттердің торынан босататын болады. Шаруалар комитеттері шаруаларды чиновниктердің қол сұғуынан құтқарады, шаруалардың өз ісін өзі басқарғысы келетінін және басқара алатынын іс жүзінде көрсетеді, өздерінің мұқтаждықтары туралы сөйлесіп алу ісінде және деревня кедейлері үшін және қала жұмысшыларымен одақ болу үшін табанды түрде күресе алатын адамдарды жақсылап біліп алу ісінде шаруаларға көмек береді.

Шаруалар комитеттері — ең меңіреу түкпірдегі деревняларда да шаруалардың өз жөнімен өзі жүруге және өз тағдырын шешуді өз қолына алуға ұмтылуындағы *бірінші қадам.*

Міне сондықтан жұмысшы социал-демократтар шаруаларға мыналарды ескертеді:

Ешқандай дворяндық комитеттерге, ешқандай чиновниктік комиссияларға сенбеңдер.

Депутаттардың бүкіл халықтық жиналысын талап етіңдер.

Шаруалар комитеттерінің құрылуын талап етіңдер.

Қалаған кітапшалар мен газеттерді бастырудың толық бостандығын талап етіңдер.

Жұрттың барлығы және әрқайсысы өз пікірлері мен өз тілектерін депутаттардың бүкіл халықтық жиналысында да, шаруалар комитеттерінде де, газеттерде де емін-еркін, ешкімнен қорықпастан айтуға праволы болған кезде,— кімнің жұмысшы табы жағына, кімнің буржуазия жағына шығып бара жатқаны өте тез көрінетін болады. Қазіргі кезде жұрттың орасан көпшілігі бұл жөнінде мүлдем еш нәрсе ойламайды, кейбіреулер өздерінің нағыз ойларын жасырады, кейбіреулерінің өздері әлі күнге дейін еш нәрсе білмейді, кейбіреулері әдейі алдайды. Ал жұрттың барлығы осы туралы ойлайтын болған кезде, жасырынудың ешқандай қажеті болмайды, барлық іс дереу анықталады. Біз жоғарыда буржуазияның бай шаруаларды өз жағына тартатынын айттық. Крепостниктік кіріптарлық неғұрлым тез және көбірек жойылса, шаруалар өзіне неғұрлым көп нағыз бостандық алса, деревня кедейлері өзара соғұрлым тез бірігеді, бай шаруалар да бүкіл буржуазиямен соғұрлым тез бірігеді. Мейлі олар біріге-ақ берсін: бай шаруалардың осы бірігу арқасында бұрынғыдан да күшейе түсетінін жақсы біле тұрсақ та, біз бұдан қорықпаймыз. Өйткені біз де бірігеміз ғой және *біздің одағымыз* — деревня кедейлерінің қала жұмысшыларымен одағы — өлшеусіз көп болады, жүздеген мыңдардың одағына ондаған миллиондардың одағы қарсы тұратын болады. Сондай-ақ біз буржуазияның өз жағына орта шаруаларды да, тіпті ұсақ шаруаларды да тартуға

тырысатынын (буржуазия қазірдің өзінде-ақ тырысып отыр!), оларды алдауға тырысатынын, оларды өздеріне еліктіруге, оларды бөлшектеп тастауға тырысатынын, олардың әрқайсысына оларды да бай етіп шығаруға уәде беретінін жақсы білеміз. Буржуазияның орта шаруаны қандай құралдармен, қандай алдаулармен өз жағына тартатынын біз жоғарыда көрдік. Сондықтан біз деревня кедейлерінің көзін күн ілгері ашуымыз керек, бүкіл буржуазияға қарсы бағытталған деревня кедейлерінің қала жұмысшыларымен айрықша одағын күн ілгері нығайтуымыз керек.

Деревняның әрбір тұрғыны өз төңірегіне жақсылап көз салып көрсін. Бай мужиктер мырзаларға қарсы, помещиктерге қарсы қалай жиі-жиі сөйлейді десеңізші! Халықтың қысымға алынып отырғанын, мырзалардың қолындағы жердің бостан бос жатқанын олар қалай шағым етіп айтады десеңізші! Әттең, бұл жерді мужиктердің қолына берер ме еді деп жылмаңдап сөйлеуді (көзбе-көз келгенде) олар қандай тәуір көреді десеңізші!

Бай шаруалардың айтқандарына сенуге бола ма? Жоқ, болмайды. Олар жерді халық үшін емес, өздері үшін алуды көздейді. Олар қазірдің өзінде-ақ сатылған жердің де, жалданылған жердің де бірталайын басып алып отыр, бірақ мұның бәрі де бұларға әлі аз көрініп отыр. *Демек, деревня кедейлері помещиктерге қарсы күресте бай шаруалармен бірге ұзақ уақыт жүре алмайды.* Тек бірінші адымды ғана біз бұлармен бірге баса аламыз, ал одан кейін жеке бөлініп жүруге тура келеді.

Міне сондықтан осы бірінші адымды басқа адымдардан және біздің соңғы, басты адымнан анық айыра білу керек. Деревнядағы бірінші адым — шаруаны толық азат ету, оған толық право беру, кесінді жерлерді қайтару үшін * шаруалар комитеттерін құру. Ал біздің соңғы адымымыз қалада да, деревняда да біреу болады: ** *барлық жерді, барлық фабрикаларды помещик-*

---

* 1905 жылғы басылымында бұдан кейін: «және помещиктерден *барлық* жерді тартып алу үшін» деген сөздер қосылған. *Ред.*

**1905 жылғы басылымында бұдан кейінгі текст мынадай текстпен

тер мен буржуазиядан тартып аламыз да, социалистік қоғам құрамыз. Бірінші адым мен соңғы адымның арасында бізге әлі де көп күресті бастан кешіруге тура келеді, *ал кімде-кім бірінші адымды соңғы адыммен шатастыратын болса, ол адам бұл күреске зиян келтіреді, ол адам, мұны өзі білместен, деревня кедейлерінің көзіне топырақ салады.*

Бірінші адымды деревня кедейлері барлық шаруалармен бірге басады: кейбір кулактардың ғана сырттап қалуы мүмкін, жүз мужиктің біреуіне ғана ешқандай кіріптарлық ауыр тимеуі мүмкін. Ал қалған барлық көпшілігі бұл арада әлі де бір барады: барлық шаруаларға да тең праволар керек. Помещиктік кіріптарлық барлығының да қол-аяғын бірдей байлап отыр. Ал соңғы адымды барлық шаруалар еш уақытта бірге баспайды: бұл арада енді барлық бай шаруалар батырақтарға қарсы тұрады. Бұл арада енді бізге деревня кедейлерінің *қала жұмысшы социал-демократтарымен* жасаған берік одағы керек. Кімде-кім шаруаларға: олар бірінші адымын да, соңғы адымын да бірден баса алады дейтін болса, ол адам мужикті алдайды. Ол адам шаруалардың өздерінің арасындағы ұлы күрес туралы, деревня кедейлері мен бай шаруалардың арасындағы ұлы күрес туралы ұмытады.

Міне сондықтан социал-демократтар шаруаларға *бірден* телегей теңіз молшылыққа жеткіземіз деп уәде бермейді. Міне сондықтан социал-демократтар, ең алдымен, бүкіл жұмысшы табының бүкіл буржуазияға қарсы бағытталған күресі үшін, ұлы, ауқымды, бүкіл халықтық күресі үшін толық бостандық болуын талап етеді. Міне сондықтан социал-демократтар *кішкене, бірақ дұрыс бірінші адым жасауды* көрсетіп отыр.

Кейбір адамдар кіріптарлықты тежеу мен кесінді жерлерді қайтару үшін шаруалар комитеттерін құру жөніндегі біздің талабымызды әлдененедей бір кедергі, әлдененедей бір тосқауыл деп ойлайды. Тұра қалыңдар, бұл арадан ілгері аттауға болмайды-мыс деседі. Мұндай адамдар социал-демократтардың нені көздеп отыр-

алмастырылған: «жер мен фабрикаларға жеке меншікті жою және социалистік қоғам құру». *Ред.*

ғанына жақсылап ой жібермеген. Кіріптарлықты тежеу мен кесінді жерлерді қайтару үшін шаруалар комитеттерін құру талабы тосқауыл емес. Ол — *есік.* Бұл есіктен, ең алдымен, *бұдан да ілгері басу үшін,* бұл ашық, кең жолмен *ең ақырына дейін,* Русь еліндегі барлық еңбекші жұмысшы халықты толық азат еткенге дейін бару үшін шығу керек. Шаруалар бұл есіктен шықпайынша, олар қараңғылықта, кіріптарлықта, толық правосыз, нағыз толық бостандықсыз қалады, олар тіпті жұмысшы адамның досы кім, жауы кім екенін өзара түпкілікті айыра алмайды. Сондықтан социал-демократтар осы есікті көрсетеді, ең алдымен, барлық қауым болып, барлық халық болып осы есікке күш салу керек, осы есіктің дымын қалдырмай қирату керек дейді. Ал өздерін халықшылдар және социалист-революционерлер деп атайтын, мужиктерге қайыр көрсеткісі келетін, шу көтеретін, айқай салатын, қолдарын сермеп, жәрдем көрсеткісі келетін адамдар бар, бірақ олар *бұл есікті көрмейді!* Бұл адамдардың соқырлығы сонша: мужикке өз жерін емін-еркін билеуге мүлдем право бермеу керек дейді! Мужикке қайыр көрсеткісі келеді, ал кейде нағыз крепостниктерше ойлайды! Мұндай достардан жәрдем аз болады. Егер сен сындырып қирату керек ететін ең бірінші есіктің өзін айқын көрмейтін болсаң, сенің мужикке көп жақсылық тілегеніңнен не пайда? Егер сен тек қалада ғана емес, сонымен қатар деревняда да социализм үшін еркін түрдегі халықтық күрестің жолына қалай шығуды, тек помещиктермен ғана емес, сонымен қатар *қоғам ішіндегі, қауым ішіндегі байлармен де* қалай күресуді көрмейтін болсаң, сенің де социализмге ұмтылғаныңнан не пайда?

Міне сондықтан социал-демократтар осы жақын әрі бірінші есікке осынша табанды түрде нұсқайды. Қиыншылық қазір түрлі жақсы тілектерді шұбыртып айтуда емес, дұрыс жолды нұсқай білуде, *ең бірінші адымды қалай басудың керек екенін* анық түсінуде болып отыр. Орыс мужигінің кіріптарлықта езіліп отырғаны, орыс мужигінің жартылай крепостной болып қалып отырғаны туралы,— бұл туралы мужиктің барлық достары қырық жыл бойы айтып та, жазып та келеді. Түрлі кесін-

ді жер атаулы арқылы помещиктердің мужикті қалай орасан қатты тонап, кіріптарлықта ұстап отырғаны да белгілі,— бұл туралы, Русь елінде социал-демократтар пайда болмастан әлдеқашан бұрын, мужиктің барлық достары көп кітаптар жазған болатын. Мужикке қазірден бастап дереу көмек берудің керек екені, аз да болса оны кіріптарлықтан құтқарудың керек екені белгілі,— мұны қазірдің өзінде-ақ барлық адал ниетті адамдар көріп отыр, бұл жөнінде тіпті біздің полициялық үкіметтің чиновниктері де айта бастады. Барлық әңгіме: *іске қалай кірісу керек, бірінші адымды қалай* жасау керек, ең алдымен қай есікке баса көктеп кіру керек деген мәселеде болып отыр.

Бұл сұрауға түрлі адамдар (мужиктерге қайыр көрсеткісі келетін адамдардан) екі түрлі жауап береді. Деревняның әрбір пролетары бұл екі жауаптың екеуін де жақсы түсінуге тырысуы тиіс және өзі анық әрі тиянақты пікірге келуі тиіс. Халықшылдар мен социалист-революционерлер бұған бір түрлі жауап береді. Ең алдымен, дейді олар, шаруалар арасында түрлі серіктіктерді (кооперацияларды) дамыту керек. Қауымдық одақты күшейту керек дейді. Әрбір шаруаға өз жерін емін-еркін билеуге право берудің керегі жоқ дейді. Қауымдық қоғамның правосы көп бола берсін және біртіндеп Россиядағы бүкіл жер қауымдық жер бола берсін дейді *. Жердің капиталдан еңбекке өтуі жеңіл болуы үшін шаруаларға жерді сатып алу жөнінен түрлі жеңілдіктер көрсету керек дейді.

Екінші жауапты социал-демократтар береді. Шаруа, ең алдымен, дворян мен көпестің қолында қандай праволар болатын болса, соның барлығын, еш нәрсе қалдырмастан, өзіне алуы тиіс. Шаруа өз жерін емін-еркін билеуге толық праволы болуы тиіс. Ең барып тұрған жексұрын кіріптарлықты жою үшін кесінді жерлерді қайтаратын шаруалар комитеттері құрылуы тиіс **.

---

* 1905 жылғы басылымында бұдан кейін мынадай текст қосылған: «Помещиктерден барлық жерді тартып алып, оны өзі өңдейтіндерге ғана тепе-тең бөліп беру керек». *Ред.*

** 1905 жылғы басылымында бұдан кейін мынадай текст қосылған: «Шаруалар комитеттері помещиктерден *барлық жерді* тартып алуға праволы болуы тиіс. *Халық жерін* не істеу керек екенін халық депу-

Бізге қауым одағы емес, бүкіл Россиядағы түрлі селолық қоғамдардан шыққан деревня кедейлерінің одағы керек, деревня пролетарларының қала пролетарларымен одағы керек. Түрлі серіктіктер (кооперациялар) мен жерді қауым болып сатып алушылық әрқашан да бай шаруаларға көп пайда келтіреді, ал орта шаруаны алдайды.

Орыс үкіметі шаруаларға жеңілдік берудің керек екенін көрін отыр, бірақ ол болмашы ғана нәрселермен құтыла салғысы келеді, ол барлығын чиновниктер арқылы істегісі келеді. Шаруалар сақ болулары керек, өйткені оларды дворяндық комитеттер қандай алдаған болса, чиновниктік комиссиялар да сондай етіп алдайды. Шаруалар еркін түрде шаруалар комитеттерінің сайлануын талап етуі тиіс. Әңгіме чиновниктерден жеңілдік күтуде емес, шаруалардың өз тағдырын өз қолына алуында болып отыр. Ең алдымен тек бір адым ғана басайық, ең алдымен тек ең нағыз барып тұрған зұлым кіріптарлықтан құтылайық,— сөйтіп шаруалар өзінің күшін сезетін болсын, олар емін-еркін сөз байласып, бірігетін болсын. Кесінді жерлердің көбінесе нағыз масқара, крепостниктік кіріптарлық болып табылатынын ар-ұяты бар бірде-бір адам бекерге шығара алмайды. Крепостниктік кіріптарлық атаулыны жою үшін шаруалар, чиновниктерсіз, *өздерінің* комитеттерін емін-еркін сайласын деген біздің талабымыздың ең бірінші және ең әділ талап екенін ар-ұяты бар бірде-бір адам бекерге шығара алмайды.

Еркін сайланған шаруалар комитеттерінде (және дәл сондай-ақ депутаттардың бүкіл россиялық ерікті жиналысында) социал-демократтар қазірден бастап-ақ және барлық күштерімен деревня пролетарларының қала пролетарларымен айрықша одағын нығайтатын болады. Социал-демократтар деревня пролетарларына пайдасы тиетін барлық шараларды қорғайды, бірінші адымның ізінше мүмкін қадарынша тез және мүмкін

таттары белгілейтін болады. Бірақ біз социалистік қоғамды толық жүзеге асыруға күш салуымыз және ақшаның өктемдігі, капиталдың өктемдігі бар болып отырғанда, жерді ешқандай тепе-тең етіп бөліп беру халықты қайыршылықтан құтқара алмайтынын ұмытпауымыз керек». *Ред.*

қадарынша ынтымақтасқан түрде екінші адымды, үшінші адымды және басқа сондай адымдарды басуға, ең ақырына дейін, *пролетариаттың* толық *жеңіп шыққанына* дейін деревня пролетарларына жәрдем береді. Бірақ екінші адымды басу үшін ертеңгі күні қандай талаптың алға қойылатынын қазірдің өзінде-ақ, бірден айтуға бола ма? Жоқ, мұны айтуға болмайды, өйткені бай шаруалардың, түрлі кооперациялармен және жерді капиталдың қолынан еңбектің қолына түрлі ауыстырумен айналысып жүрген көптеген білімді адамдардың ертеңгі күні өзін қалай ұстайтынын біз білмейміз.

Мүмкін, олар әлі ертеңгі күні-ақ помещиктермен қосылып кете қоюға үлгірмес және помещиктік өктемдікті ақырына дейін құртуды көздер. Өте жақсы. Социал-демократтарға бұл өте қолайлы, сондықтан социал-демократтар деревня мен қала пролетарларына помещиктердің қолынан барлық жерді тартып алуды және оны еркін халықтық мемлекетке беруді талап етуге кеңес береді. Социал-демократтар бұл арада деревня пролетарларының алданып қалмауын, пролетариаттың толық азат болуы жолындағы түпкілікті күреске олардың бұрынғыдан да жақсы нығаюын қатты қадағалап қарап отырады.

Бірақ, мүмкін, мүлдем басқаша болып кетер. Және мұның тіпті басқаша болып кетуі ықтимал нәрсе. Бай шаруалар мен көптеген білімді адамдар ертеңгі күні-ақ, ауыр кіріптарлық тежеліп, қысқартылысымен-ақ, сол күннің ертеңіне-ақ помещиктермен бірігіп кетуі мүмкін, сонда бүкіл деревня пролетариатына бүкіл деревня буржуазиясы қарсы шығады. Ол кезде бізге бір ғана помещиктермен күресу күлкі болған болар еді. Ол кезде біздің барлық буржуазиямен күресуіміз керек, ең алдымен мүмкін болғанынша мұндай күрес үшін бостандық пен кеңшілікті көбірек талап етуіміз керек, жұмысшының күресін жеңілдету үшін оның тұрмысын жеңілдетуді талап етуіміз қажет.

Қайткен күнде де, осылай бола ма немесе басқаша болып шыға ма, біздің бірінші, біздің басты және сөзсіз ісіміз: *деревня пролетарлары мен жартылай пролетарларының қала пролетарларымен одағын нығайту*. Бұл

одақ үшін бізге қазір және дереу *халықтың толық саяси бостандығы болу керек, шаруаның толық тең правалылығы болу керек және крепостниктік кіріптарлықтың жойылуы керек.* Ал бұл одақ құрылып, нығайған кезде,— сонда біз буржуазияның орта шаруаны арбап алатын түрлі алдауларын оп-оңай әшкерелейміз, сонда біз бүкіл буржуазияға қарсы, үкіметтің барлық күштеріне қарсы екінші де, үшінші де, соңғы да адымды жеңіл және тез баса аламыз, сонда біз талмастан жеңіске қарай аттаймыз, сөйтіп *бүкіл жұмысшы халықтың толық азат болуын* тез іс жүзіне асырамыз.

7. ДЕРЕВНЯДАҒЫ ТАП КҮРЕСІ

Тап күресі деген не? Бұл — халықтың бір бөлегінің екінші бөлегіне қарсы күресі, правосыз, езілген бұқараның жәпе еңбекшілердің пұрсаттыларға, езушілер мен арамтамақтарға қарсы күресі, жалдама жұмысшылардың немесе пролетарлардың меншік иелеріне немесе буржуазияға қарсы күресі. Орыс деревнясында да бұл ұлы күрес әрқашан да болып отырды және қазірде де болып отыр, бірақ мұны жұрттың барлығы бірдей көріп отырған жоқ, мұның маңызын жұрттың барлығы бірдей түсініп отырған жоқ. Крепостниктік право болған кезде,— шаруалардың бүкіл бұқарасы патша үкіметі қорғаған, жақтаған және қолдаған езушілерге қарсы, помещиктер табына қарсы күресті. Шаруалар бірігіп ұйымдаса алмады, ол кезде шаруалар мүлдем қараңғылықта езілген болатын, шаруалардың қала жұмысшылары арасында жәрдемшілері мен бауырлары жоқ болатын, бірақ қалай дегенмен де шаруалар білгенінше және қолынан келгенінше күресіп келді. Шаруалар үкіметтің айуандық қуғындауынан қорыққан жоқ, жазалау мен оқтан қорыққан жоқ, крепостниктік право қасиетті кітаптарда жазылған және құдайдың құдіретімен болған іс (Филарет деген митрополит сол кезде тура осылай дейтін!) деп қаратер болып сендіруге тырысатын поптарға шаруалар сенген жоқ, шаруалар біресе ана жерде, біресе мына жерде көтеріліс жасады,

сөйтіп үкімет, ақырында, барлық шаруалардың жаппай көтерілісінен қорқып, жеңілдік жасады.

Крепостниктік правоны жойды, бірақ мүлдем жойған жоқ. Шаруалар правосыз қалды, қайыршы, алым төлеуші, қара сословие болып қалды, крепостниктік кіріптарлықтың шеңгелінде қалды. Сондықтан шаруалар қобалжуларын қоймай отыр, толық, нағыз еркіндікті одан әрі іздестіруде. Ал оның бер жағында, крепостниктік право жойылғаннан кейін жаңа тап күресі, *пролетариаттың буржуазияға қарсы күресі* өсіп үлгірді. Байлық көп бола бастады, темір жолдар мен ірі фабрикалар салынды, қалалардың халқы бұрынғыдан да гөрі өсіп, бұрынғыдан да гөрі сән-салтанатты бола бастады, бірақ бұл байлықтың барлығын мүлдем азғантай адамдар өз қолдарына басып алды, ал халық бірден бірге кедейленс берді, жұтай берді, ашыға берді, кісі есігіне жалданып, жұмыс істеуге кететін болды. Қала жұмысшылары барлық кедейлердің барлық байларға қарсы жаңа, ұлы күресін бастады. Қала жұмысшылары *социал-демократиялық партияға* ұйымдасты, бүкіл халық үшін саяси бостандықты талап ете отырып, ұлы, түпкілікті күреске даярлана отырып, бірден-бірге ілгері басып, өзінің күресін тиянақты, табанды және ынтымақты түрде жүргізіп келеді.

Ақырында, шаруалар да шыдап отыра алмады. Өткен, 1902 жылдың көктемінде Полтава, Харьков және басқа губерниялардың шаруалары көтеріліс жасады, помещиктерге қарсы шықты, олардың астық сақтайтын қамбаларын ашып, олардың дүние-мүлкін өзара бөлісті, мужиктің еккен және жинаған, бірақ помещиктер өз меншігіне басып алған астықты ашығушыларга алып берді, жердің жаңадан бөлінуін талап етті. Шаруалар өлшеусіз ауыр езушілікке шыдай алмады, сөйтіп жақсы тұрмысты іздей бастады. Шаруалар былай деп шешті,— және бұл шешім өте дұрыс еді,— күреспей, аштық өліммен өлгенше, қанаушылармен күресіп өлген жақсы деп шешті. Бірақ шаруалардың жақсы тұрмысқа қолы жете алмады. Патша үкіметі оларды әншейін бүлікшілер және тонаушылар (шаруалардың өздері еккен және жинаған астығын тонаушы помещиктерден тартып

алғаны үшін!) деп жариялады, патша үкіметі, жауға қарсы әскер жібергендей, оларға қарсы әскер жіберді, сөйтіп шаруалар талқандалды, шаруаларға оқ жаудырды, көпшілігін өлтірді, шаруаларды айуандықпен ұрып-сабады, өлімші етіп соққыға жықты, азаптап қинады, түріктер де өзінің жауы — христиандарды еш уақытта мұндай етіп азаптаған емес. Патшаның жіберген адамдары, губернаторлар, жұртты нағыз жендеттерше, бәрінен де көп азаптады. Солдаттар шаруалардың әйелдері мен қыздарын зорлады. Ал осылардың барлығынан соң нақ сол шаруаларды чиновниктердің соты соттады, нақ сол шаруаларды помещиктердің пайдасына сегіз жүз мың сом төлеуге мәжбүр етті, сөйтіп сотта, бұл масқаралық, жасырын, қапастағы сотта, патшаның жіберген адамдарының, губернатор Оболенскийдің және басқа патша малайларының шаруаларды қалай соққыға жығып, азаптағанын шаруалардың қорғаушыларына тіпті айтқызған да жоқ.

Шаруалар әділ іс үшін күресті. Орыс жұмысшы табы патша малайлары оққа ұшырған және өлімші ғып соққыға жыққан азап көргендерді әрқашан да құрметпен есте ұстайтын болады. Бұл азап көргендер жұмысшы халықтың бостандығы мен бақыты жолындағы күрескерлер болды. Шаруалар талқандалды, бірақ олар тағы да талай рет көтеріліске шығады, олардың алғашқы жеңілуден рухы түспейді. Сапалы жұмысшылар барлық күшін мүмкін қадарынша қалалар мен деревнялардағы жұмысшы халықтың көбінің шаруалар күресі туралы білуіне және жаңа, бұрынғыдан да гөрі ойдағыдай күреске дайындалатын болуына жұмсайды. Саналы жұмысшылар барлық күштерін салып шаруаларға *бірінші шаруалар көтерілісінің* (1902 ж.) *не себептен жеңілгенін және жеңістің патша малайлары жағында емес, шаруалар мен жұмысшылар жағында қалуы үшін не істеу керек екенін айқын түсінуі үшін* жәрдем етуге тырысады.

Шаруалар көтерілісі күшпен басылды, өйткені бұл көтеріліс қараңғы, санасы көтерілмеген бұқараның көтерілісі болды, белгілі бір, айқын қойылған *саяси* талаптарсыз, яғни *мемлекеттік* тәртіпті өзгертуді талап

етпеген көтеріліс болды. Шаруалар көтерілісі күшпен басылды, өйткені ол *даярлықсыз* болды. Шаруалар көтерілісі күшпен басылды, өйткені деревня пролетарларының әлі қала пролетарларымен одағы болмады. Шаруалардың бірінші көтерілісінің сәтсіз болуының үш себебі міне осы. Көтерілістің ойдағыдай болып шығуы үшін ол көтеріліс саналы және даярланған түрде болуы керек, ол бүкіл Россияны қамтитын болуы және қала жұмысшыларымен одақтас болуы керек. Сондықтан қалалардағы жұмысшы күресінің әрбір адымы, әрбір социал-демократиялық кітапша немесе газет, саналы жұмысшының деревня пролетарларына арналған әрбір сөзі көтерілістің қайтадан болатын уақытын, оның жеңіп шығатын уақытын бізге жақындататын болады.

Шаруалар көтеріліске санасыз шықты, өйткені олардың төзімі таусылды, олар тіл қатпастан және қарсылықсыз өлгісі келмеді. Талау, езу және азаптау атаулыдан шаруалардың әбден жапа шеккені соншалық, олар патшаның рақымы туралы алып қашты хабарларға ең болмаса бір минут та болса сенбей отыра алмады, астықты аш адамдардың арасында, өзінің барлық өмір бойы басқаға істеген, егін егіп, астық жинаған, ал енді, «мырзалардың» астық қамбаларының іргесінде аштан өлуге айналған адамдар арасында бөлуді әрбір парасатты адам әділдік іс деп табады дегенге сенбей отыра алмады. Шұрайлы жерлерді, барлық фабрикалар мен заводтарды байлардың басып алғанын, атап айтқанда аш халықтың өздеріне келіп жұмыс істеуі үшін помещиктер мен буржуазияның бұларды басып алғанын шаруалар ұмытып кеткен сияқты болды. Бай тапты қорғау үшін тек поптардың ғана уағыздары айтылып қоймай, сонымен қатар бүкіл патша үкіметі өзінің қара құрымдай қаптаған чиновниктері және солдаттарымен аттанатынын шаруалар ұмытты. Патша үкіметі мұны шаруалардың есіне түсірді. Патша үкіметі мемлекеттік өкімет дегеннің не екенін, оның кімге қызмет ететінін, оның кімді қорғайтынын шаруаларға өте қатаң айуандық түрде көрсетті. Біз бұл сабақ туралы шаруалардың жиі-жиі есіне салып тұруымыз керек, сонда олар *мемлекеттік тәртіпті өзгертудің* не себепті қажет

екенін, *саяси бостандықтың* не себепті қажет екенін оңай түсінетін болады. Халықтың барған сайын орасан көпшілігі мұны түсінген кезде, әрбір хат танитын және байсалды мужик ең алдымен күресуге керекті *басты үш талапты* білген кезде шаруалар көтерілістері санасыз түрде болудан қалады. Бірінші талап — *Русь елінде самодержавиелік басқару емес, халықтың сайлаулы басқарушылығын құру үшін депутаттардың бүкіл халықтық жиналысын* шақыру. Екінші талап — *барлық жұртқа және әрбір адамға түрлі кітаптар және газеттер бастыруға бостандық беру*. Үшінші талап — *шаруалардың басқа сословиелермен толық тең праволылығын заң жүзінде мойындау және ең алдымен крепостниктік кіріптарлық атаулыны жою үшін сайланып қойылатын шаруалар комитеттерін шақыру*. Бұл — социал-демократтардың басты негізгі талаптары, сондықтан шаруаларға енді бұл талаптарды түсіну, халық бостандығы үшін күресті *неден бастау керек екенін* түсіну онша қиын болмайды. Ал шаруалар бұл талаптарды түсінген кезде, онда олар сонымен қатар күреске күні бұрын, ұзақ, тынбастан және табанды түрде *дайындалу* керек екенін және күреске жеке-жеке емес, қала жұмысшыларымен — социал-демократтармен бірге дайындалу керек екенін түсінетін болады.

Әрбір саналы жұмысшы мен шаруа өз төңірегіне нағыз ақылды, сенімді және батыл жолдастарды жинай берсін. Социал-демократтардың нені көздейтінін оларға түсіндіруге тырыса берсін, сөйтіп жұрттың бәрі қандай күрес жүргізудің керек екенін және нені талап етудің керек екенін түсінетін болсын. Саналы социал-демократтар шаруаларға өзінің ілімін ақырын, сақтықпен, бірақ үзбей оқып-үйрете берсін, социал-демократиялық кітаптарды оқуға бере берсін, бұл кітаптарды сенімді адамдардың шағын жиындарында түсіндіре берсін.

Бірақ социал-демократиялық ілімді тек кітаппен ғана емес, сонымен қатар өзіміздің жанымыздағы күн сайын көріп отырған езушілік пен әділетсіздіктің әрбір мысалымен, әрбір көрінісімен түсіндіру керек. Социал-демократиялық ілім — қанау атаулыға қарсы, талау

атаулыға қарсы, әділетсіздік атаулыға қарсы жүргізілетін күрес туралы ілім. Қанаудың себептерін білетін және *өзінің барлық өмірі бойына қанаудың әрбір көрінісімен күресетін* адам ғана нағыз социал-демократ болады. Мұны қалай істеу керек? Саналы социал-демократтар өз қаласында, өз деревнясында бірге бас қосып, бүкіл жұмысшы табына көбірек пайда келтіру үшін мұны қалай істеу керек екенін өздері шешуі керек. Мысал үшін, бір немесе екі жағдайды келтірейін. Айталық, жұмысшы социал-демократ өзінің деревнясына уақытша тұруға келді делік немесе қандай да болсын бір қаланың жұмысшы социал-демократы бөтен бір деревняға келді делік. Деревня тұтасынан, өрмекшінің торына түскен шыбындай, көрші помещиктің уысында болады, өмір бойы кіріптарлықтан шыға алмайды және бұл кіріптарлықтан оның кететін жері болмайды. Сол арада шындықты іздейтін және ұшыраса қалатын бірінші полиция төбетінен қорықпайтын ең саналы, ақылды және сенімді шаруаларды дереу іріктеп алып, бұл шаруаларға олардың басындағы қара тұманды кіріптарлықтың қайдан шығып отырғанын түсіндіру керек, шаруаларды помещиктердің қалай алдағанын және дворяндық комитеттерде оларды қалай тонағанын айту керек, байлардың күші туралы және патша үкіметінің оларды қолдайтынын айту керек, жұмысшы социал-демократтардың талаптары туралы айту керек. Шаруалар онша күрделі емес осы айла-шарғыны түсінген кезде, помещикке ынтымақтасып қарсылық көрсетуге болмас па екен, шаруаларға өзінің алғашқы және басты талаптарын (қалалардағы жұмысшылардың фабриканттарға өзінің талаптарын ұсынғаны сияқты) ұсынуға болмас па екен деп бірлесіп жақсырақ ойластыру керек болады. Егер бұл помещик бір үлкен селоны немесе бірнеше деревняны кіріптарлықта ұстап отырған болса, ол кезде сенімді адамдар арқылы жақын жердегі социал-демократиялық комитеттен *листовка* алдыру тіпті жақсы болған болар еді: листовкада социал-демократиялық комитет, алдымен, шаруалардың қандай кіріптарлықтан жапа шегіп отырғанын және олардың алғашқы ретте нені талап ететінін (жалдаған жердің

ақысы арзан болуы үшін бе, немесе қыстыгүні, жалданғанда жарты бағамен емес, нағыз бағасымен есеп беруі үшін бе, немесе егін-шөптің тапталғаны үшін қазіргідей етіп қуғындамауы, қысымға алмауы үшін бе, немесе түрліше басқа талаптар үшін бе) жақсы етіп жазады. Мұндай листовкадан барлық хат танитын шаруалар істің мәнін жақсы түсінеді, сонымен қатар хат танымайтындарға да түсіндіреді. Сонда шаруалар социал-демократтардың оларды жақтайтынын, социал-демократтардың тонау атаулыны айыптайтынын айқын көреді. Сонда шаруалар, егер ынтымақтасып қимылдайтын болса, қандай жеңілдіктерге, мейлі сәл-ақ болсын, қайткенмен де дереу, қазіргі кезде-ақ қолы жететінін түсіне бастайды,— және қаланың жұмысшы социал-демократтарымен қол ұстасып жүргізген ұлы күрес арқылы бүкіл мемлекетте қандай үлкен жеңілдіктерге қолы жетуіне күш салуы керек екенін түсіне бастайды. Сонда шаруалар бұл ұлы күреске барған сайын көбірек дайындалып, сенімді адамдарды қалай табу керек екенін, өз талаптарын қалай бірігіп қорғай білу керек екенін үйрене бастайды. Кейде, қала жұмысшыларының істейтіні сияқты, стачка жасап қалуға да мүмкін болар. Рас, мұны деревняда істеу қиындау, алайда кейде істеуге мүмкін, мәселен, басқа елдерде жұмыстың қызып жатқан кезінде, помещиктер мен егінді көп егетін байлардың жұмысшыларға өте ділгер болып отырған кезінде, сәтті шыққан стачкалар болған. Егер деревня кедейлері стачкаға даяр болса, егер жұрттың барлығы қойылатын жалпы талаптар жөнінде күн ілгері келіскен болса, егер бұл талаптар листовкаларда түсіндірілген немесе кәдуілгі жиындарда анықтап айтылған болса,— онда жұрттың барлығы ынтымақтасып табан тіреп тұра алады, сөйтіп помещиктің амалсыздан жеңілдік беруіне немесе өзінің жұртты тонауын біраз тежеңкіреуіне тура келеді. Егер стачка ынтымақтасқан түрде және жұмыстың қызу үстінде жасалған болса, онда помещикке және ол түгіл әскерлі әкімдерге де бірдеме ойлап табу қиын болады,— оны уақыт күтпейді, помещикке күйзелушілік төніп тұрады, сондықтан ол келісімге келгіш келеді. Әрине,

бұл — жаңа іс. Жаңа іс алғашқы кезде көбінесе қызып кете алмайды. Қалалардағы жұмысшылар да әдепкі кезде ынтымақтасып күрес жүргізуді білмеді, қандай талаптарды бірігіп қоюды білмеді, сондықтан тек машиналарды сындыра берді, фабрикалардың да быт-шытын шығаратын болды. Ал енді міне жұмысшылар ынтымақтасып күрес жүргізуді үйреніп алды. Әрбір жаңа іске алдымен үйрену керек. Енді жұмысшылар, егер ынтымақтасып қимылдайтын болса ғана, бірден жеңілдіктер ала алатынын түсінеді,— ал оның бер жағында халық ынтымақтасқан түрде тойтарыс беруге үйреніп келеді және ұлы, шешуші күреске күннен күнге баса дайындалып келеді. Сол сияқты, шаруалар да ең жауыз тонаушыларға қалай тойтарыс беруді, жеңілдіктерді қалай ынтымақтасып талап етуді және бостандық жолындағы ұлы күреске ақырын, табанды түрде, барлық жерде бірдей қалай дайындалу керек екенін айыра білуді үйренетін болады. Саналы жұмысшылар мен шаруалардың саны күннен күнге көбейе береді, деревня социал-демократтарының одақтары бірте-бірте нығая түседі, сөйтіп помещиктік кіріптарлықтың, поптардың алым-салығының, полициялық айуандықтың және бастықтардың қысымға алуларының әрбір оқиғасы халықтың күннен күнге көбірек көзін ашады, халықты ынтымақтасып қарсылық білдіруге және мемлекеттік тәртіпті күшпен өзгерту қажеттігі туралы ойлауға үйретеді.

Біз осы кітапшаның ең басында-ақ қалалық жұмысшы халықтың қазір көшелер мен алаңдарға шығып жатқанын, барлық жұрттың алдында ашықтан-ашық *бостандықты* талап етіп отырғанын, туларына: «жойылсын самодержавие!» деп жазып, ұран салып отырғанын айтқан болатынбыз. Көп ұзамай-ақ, қалаларда жұмысшы халықтың тек көшелерден ұран салып өте шығу үшін ғана емес, ұлы, түпкілікті күреске бел байлап шығатын күні туады, жұмысшылардың бір кісідей: «біз күресте өлеміз немесе бостандыққа жетеміз!» деп айтатын күні туады, күресте оққа ұшқан және қаза тапқан жүздеген адамның орнына мыңдаған жаңа, олардан да гөрі батыл күрескерлердің шығатын күні туады. Сонда шаруалар да көтеріледі, бүкіл Россия кө-

лемінде көтеріліп, қала жұмысшыларына жәрдемге барады, шаруа мен жұмысшының бостандығы үшін ақырына дейін шайқасуға шығады. Ол кезде патшаның ешқандай қаптаған қолы төтеп бере алмайды. Жеңіс жұмысшы халық жағында болады, сөйтіп жұмысшы табы барлық еңбекшілерді қанау атаулыдан құтқару үшін кең, даңғыл жолмен алға басады, жұмысшы табы бостандықты социализм жолындағы күреске пайдаланады!

«ИСКРА» ГАЗЕТІ «ЗАРЯ» ЖУРНАЛЫМЕН БІРЛЕСІП ҰСЫНҒАН РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ПРОГРАММАСЫ

Біз жоғарыда программа деген не, ол не үшін керек, не себепті бір ғана социал-демократиялық партия белгілі, айқын программамен шығып отыр дегенді айтып өттік. Программаны түпкілікті түрде біздің партияның тек съезі ғана, яғни барлық партия қызметкерлері өкілдерінің жиналысы қабылдай алады. Қазір мұндай съезді Ұйымдастыру комитеті әзірлеп те жатыр. Бірақ біздің партияның өте көптеген комитеттері қазірдің өзінде-ақ «Искраны» қостайтынын, «Искраны» басшы газет деп танитынын ашық айтып отыр. Сондықтан съезге дейін программаның біз ұсынған жобасы (ұсыныс) социал-демократтардың нені көздейтіндігімен анық таныстыра алады, сөйтіп біз бұл жобаны біздің кітапшамызға қосымша етіп толық келтіруді қажет деп есептейміз.

Әрине, түсіндірусіз программада айтылғанның бәрін кез келген жұмысшы ұға қоймайды. Көптеген ұлы социалистер социал-демократиялық ілімді жасау жөнінде еңбек етті, оны Маркс пен Энгельс аяқтады; барлық елдердің жұмысшылары қазір біз пайдаланғалы отырған, қазір біз өз программамыздың негізі етіп алғалы отырған тәжірибені игеру үшін талай нәрсені бастан кешірді. Сондықтан жұмысшы программаның әрбір сөзін, *өзінің* программасын, *өзінің* күрес туын түсіну үшін социал-демократиялық ілімді үйренуі тиіс. Ал жұмысшылар әсіресе социал-демократиялық програм-

маны оңай ұғады, оңай түсінеді, өйткені бұл программа әрбір ақылға салып ойлаушы жұмысшының көзімен көргенін, басынан кешіргенін баяндайды. Программаны бірден түсінудің «қиыншылығы» ешкімді үркітпейтін болсын: әрбір жұмысшы әлі де неғұрлым көп оқитын, көп ойлайтын болса, оның күрестегі тәжірибесі неғұрлым көп болатын болса, программаны ол соғұрлым толығырақ түсінетін болады. Бірақ әрбір адам социал-демократтардың *бүкіл* программасын терең ойластырып, талқылайтын болсын, *социал-демократтардың нені көздейтінінің және олардың* бүкіл жұмысшы халықты *азат ету жөнінде нені ойлайтынының* бәрі әрбір адамның ұдайы есінде болатын болсын. Социал-демократтар барлық жұрттың және әрбір адамның бүкіл шындықты айқын және анық білуін, социал-демократиялық партияның не екенін ақырына дейін білуін көздейді.

Біз бұл арада бүкіл программаны бастан-аяқ түсіндіре алмаймыз. Ол үшін айрықша кітапша керек. Біз тек программаның не туралы айтатынын қысқаша көрсетіп өтеміз, ал оқушыға өзіне көмек ретінде екі кітапшаны тауып алыңыз деп кеңес береміз. Біреуі — неміс социал-демократы Карл Каутскийдің *«Эрфурт программасы»* деп аталатын кітапшасы, ол орыс тіліне аударылған. Екіншісі — орыс социал-демократы Л. Мартовтың *«Россиядағы жұмысшы ісі»* деп аталатын кітапшасы. Бұл кітапшалар біздің бүкіл программамызды түсінуге көмектесе алады.

Енді біздің программамыздың әрбір бөлімін айрықша әріппен (төменде программаны қараңыз) атап өтейік және әрбір бөлімде не туралы айтылатынын корсетіп өтейік.

А) Ең басынан бастап бүкіл дүние жүзінде пролетариат өзінің азаттығы жолында күресетіні туралы, ал орыс пролетариаты барлық елдердегі жұмысшы табының бүкіл дүние жүзілік армиясының тек бір ғана отряды екені туралы айтылады.

Б) Онан әрі дүние жүзінің барлық дерлік елдеріндегі, оның ішінде Россиядағы да, буржуазиялық тәртіптердің қандай екендігі туралы айтылады. Жер иелері мен капиталистерге жұмыс істей отырып, халық көпші-

лігінің қалай қайыршыланып, күйзеліп отырғаны айтылады, ұсақ қолөнершілер мен шаруалардың қалай күйзеліп жүргені, ал ірі фабрикалардың өсуі, капиталдың әрі жұмысшының өзін, әрі оның әйелі мен балаларын қалай жаншып отырғаны, жұмысшы табының жағдайы қалай нашарлап бара жатқаны, жұмыссыздық пен мұқтаждықтың қалай көбейіп келе жатқаны айтылады.

В) Онан кейін жұмысшылардың одағы туралы, олардың күресі туралы, күрестің ұлы мақсаты туралы: барлық езілген адамдарды азат ету керек екендігі, байлардың кедейлерді езу атаулысының бәрін мүлдем жою керек екендігі айтылады. Бұл жерде сонымен қатар жұмысшы табының не себепті барған сайын күшейген үстіне күшейіп келе жатқандығы, оның не себепті өзінің барлық жауларын, буржуазияның барлық жақтаушыларын сөзсіз жеңетіндігі түсіндіріледі.

Г) Бұдан кейін барлық елдерде социал-демократиялық партиялардың не үшін құрылғаны туралы, олардың жұмысшы табына күрес жүргізуге қалай жәрдем етіп отырғаны, жұмысшыларды қалай ұйымдастырып, бағыт сілтейтіні, оларды қалай сауаттандырып, ұлы күреске қалай даярлап отырғаны айтылады.

Д) Онан соң Россиядағы халықтың, басқа елдерге қарағанда, не себепті одан да нашар тұратыны, патша самодержавиесінің қандай зор кесепат екендігі айтылады, оны құлату үшін және Русь елінде сайланып қойылатын халық басқаруын орнату үшін бізге ең алдымен не істеу қажет екені айтылады.

Е) Сайланып қойылатын басқару бүкіл халыққа қандай жеңілдік әкелуі тиіс? Біз бұл жөнінде өзіміздің кітапшамызда айтамыз және бұл жөнінде программада да айтылып отыр.

Ж) Онан кейін программа бүкіл жұмысшы табы үшін, оған өмір сүру жеңілірек болу үшін және социализм жолында еркінірек күресу үшін қазірдің өзінде-ақ қандай жеңілдіктерге жету керек екенін көрсетеді.

З) Барлық шаруалар үшін, деревня кедейлеріне жеңілірек болу үшін және тап күресін деревня буржуазиясына да қарсы, бүкіл орыс буржуазиясына да қарсы еркінірек жүргізу үшін ең бірінші ретте қандай жеңіл-

діктерге жету керек екендігі программада айрықша көрсетілген.

И) Ақырында, социал-демократиялық партия халыққа ешқандай полициялық және чиновниктік уәделер мен көлгірсіген сөздерге сенбеуді, депутаттардың еркін бүкіл халықтық жиналысын дереу шақыру үшін батыл күресуді ескертеді.

ӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРІ ӘШКЕРЕЛЕГЕН СТРУВЕ МЫРЗА

«Освобождениенің» 17-номері жалпы «Искра» үшін және әсіресе осы мақаланы жазып отырған адам үшін көп қуаныш әкелді. «Искра» болса, Струве мырзаны солға қарай жылжытыңқырау жөніндегі әрекеттерінің кейбір нәтижесін көргеніне қуанады, С. С. мырзаның жартыкештігінің қатты сыналғанына қуанады, программаға жалпыға бірдей сайлау правосы талабын енгізе отырып, «освобождениешілдердің» «ашық және батыл түрде конституциялық партия» құрмақ болып отырған ойлары туралы оқығанына қуанады. Осы мақаланы жазып отырған адам болса, «Освобождениенің» 1-номеріндегі ««орыс конституцияшылдарының» мәлімдемесін жазу ісіне аса көрнекті еңбек сіңірген», демек, тіпті жай қызметкер емес, белгілі бір дәрежеде Струве мырзаның *қожайыны* болып отырған С. С. мырзаның *Струве мырзаға қарсы* айтыста ойламаған жерден үлкен қолғабыс тигізіп отырғанына қуанады. Сөзді мен осы, екінші, пункттен бастағалы отырмын. «Заряның» 2—3-номерінде басылған «Земстводы қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» * деген мақалада мен Виттенің белгілі жазбасына жазылған алғы сөздің авторы Р. Н. С. мырзамен айтысқан болатынмын. Онда мен самодержавиеге қарсы күресу туралы Аннибал антын беріп және сонымен бірге қолында билік барларға, кемеңгер консерваторларға бипаздатқан сөз-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 23—76-беттер. *Ред.*

дер айтып отырған, сонымен қатар: «праволар және билігі күшті земство» деген «формуланы», т. т. ұсынып отырған Р. Н. С. мырзаның бүкіл позициясының екіұшты екенін көрсеткен едім. Қазір Р. Н. С. мырза дегеніміз Струве мырза екенін «жазбаның» екінші басылуынан барша жұрт біліп отыр. Менің сынпым Струве мырзаға мүлдем ұнамады, сөйтіп ол сала құлаш әрі аса ашулы «ескертуге ескерту» жасап, маған дүрсе қоя берді.

Струве мырзаның дәлелдерін көрейік.

Менің «айтыстағы сұлу сөздерімнің» «дәлелсіздігі мен әділетсіздігін» көрсететін бірінші мысал мынау көрінеді: мен Струве мырзаның «әбден ашық айтқансыған сөздеріне» қарамастан, оның революционерлерді жек көретіні жайында айтыппын. Бұл мәлімдемені толық келтірейік. «Земствоға бюрократияның өзі беріп отырған аттестаты,— деп жазды Струве мырза,— саяси білімінің жеткіліксіздігінен немесе революциялық сұлу сөздің қызығына түсіп кеткендіктен орыс земствосының және оның жария түрдегі мәдени қызметінің зор саяси маңызын көргісі келмегендердің және көргісі келмей отырғандардың бәріне тамаша жауап». Осы көпірме сөздерге берілген ескертуде Струве мырза былай деп ескертеді: «бұл сөздермен революцияшыл қайраткерлерге тиіселік деген ой бізде мүлдем жоқ, озбырлыққа қарсы күрестегі олардың ең алдымен адамгершілік ерлігін бағаламасқа болмайды».

Сынның негізсіздігі мен әділетсіздігі туралы «іс жөніндегі документтер» осындай. Қайсымыздікі дұрыс: осы мәлімдемені мейлінше ап-айқын деп отырған адамдікі дұрыс па не болмаса одан деген «жалпылама» (кімге қарсы айтылғаны белгісіз) айып тағып қана қоймай, егер мұны олардың «адамгершілік ерліктерін» мойындау арқылы жуып-шайып жіберсе, осы айыптың өзін елең қылмайды-мыс деп шамалауымен революционерлерге *(аттарын дәл атамай)* «тиісіп», Струве мырза бұрынғысынан да бетер масқара болып отыр деген адамдікі дұрыс па,— мұның төрелігін оқушының өзі берсін.

Ал мен, өз тарапымнан, мынаны ғана айтамын: тал-

ғам әр түрлі болады. Көптеген либералдар революционерлердің программасын тек құрғақ сөз, білімнің жеткіліксіздігінің белгісі деп мұқата отырып, олардың көзқарастарын *мазмұн жағынан тіпті талдамай жатып-ақ* оларға ерліктері үшін аттестат беруді әдептілік пен кемеңгерліктің асқан биік дәрежесі деп санайды. Біздің ойымызша, бұл әдептілік те емес, кемеңгерлік те емес, лайықсыз қулық. Әркімнің өз талғамы бар. Орыс Тьерлеріне, әрине, нағыз Тьерлердің салондық-сыпайы, парламенттік-мінсіз *оппортунистік сылдыр сөздері* ұнайды.

Ілгері барайық. Мен, көріп отырсыздар ғой, ««бүкіл россиялық билігі күшті земство» деген формуланың конституцияны талап ету екендігін түсінбегенсіппін», сондықтан менің бұл туралы пікірім «біздің шетелдік әдебиетімізде нағыз революциялық құрғақ сөздердің, оның үстіне ызалы-бір жақты айтылған сөздердің (бұл сүйкімсіз әдеби стиль әсіресе «Искра» мен «Заряның» беттерінде ерекше орын алып отыр) етек жайып отырғанын тағы бір рет дәлелдеді (Струве мырза үшін)», «Жазбаның» екінші басылуының XII беті. Ал ызамен бір жақты айтуға келетін болсақ, бұл жайында бізге Струве мырзамен таласу қиын: бізге қошамет сияқты көрінетін нәрсе оған кекесін сияқты көрінеді. Либералдар мен көптеген радикалдар сенімнің бұлжымас беріктігін бір жақтылық деп атайды, ал қате көзқарастарды қатты сынағанды олар «ыза» дейді. Бұған ештеңе істей алмайсың. Mea culpa, mea maxima culpa! * Струве мырзалар жөнінде «ызалы бір жақты» болғаным рас және боламын да. Ал мына екінші айыптың жаны бар. Мен түсінбегенсідім бе әлде шынымен түсінбедім бе, тіпті түсінуге мүмкін болмады ма? Мәселе осында.

Мен «праволар және билігі күшті земство» деген формула орыс либералдары қалың жұртшылығының саяси соқыр сенімдеріне лайықсыз қылымсу екендігін айттым, ол *«жаулардан одақтастарды айыра білуге көмектесетін... ту емес»* (мұны ескеріңіздер!), қайта ол «қозғалысқа мейлінше сенімсіз адамдардың келіп қыстырылуына жәрдемдесетін... шүберек қана» дедім («За-

---

* — Менің кінәм, менің үлкен кінәм! *Ред.*

рының» 2—3-номері, 95-бет) *. Мен жұрттың бәрінен және әркімнен: бұл арада менің «түсінбегенсуімнің» не қатысы бар?? деп сұраймын. Мен бұл туды шүберек қана деп санаймын деп тура айтып отырмын, ал маған: сіз түсінбегенсіп отырсыз! — деп жауап қайырады. Ал мұның өзі мәселенің *байыбына* барудан, «формула» туға көбірек лайықты ма әлде шүберекке көбірек лайықты ма деген мәселені талдаудан жалтарудың жаңа түріпен басқа ештеңе де емес қой!

Бұл бұл ма. Мен енді С. С. мырзаның жақсылық жәрдемі арқасында, *іс жүзінде* бұдан да гөрі үлкенірек нәрсені *дәлелдей* аламын. Мен «лайықсыз қылымсу» Струве мырзаның тарапынан болғанын және болғанда да өзінің кішіпейілділігімен үкіметтің мейірімін тудырғысы келетін филистерлік доктринерлік мағынада ғана емес, «либералдарды» минимум төңірегіне біріктіру жөніндегі ақылға сыйымсыз тілек мағынасында ғана емес, сонымен қатар *Струве мырзаға мәлім самодержавиені жақтаушылармен* турадан-тура, тікелей *«қылымсу» мағынасында да* болғанын дәлелдей аламын. С. С. мырза Струве мырзаны аяусыз және бұлтартпай әшкерелеп отыр, ол «анық емес және екіұшты (тыңдаңыздар!) славянофильдік «Земство жиыны» ұраны» либерал-конституцияшылдар мен мінсіз самодержавиенің либерал жақтаушыларының арасындағы «ретсіз одақтың» құрылуын қолайлы ету үшін ұсынылады деп отыр. С. С. мырза мұны, артық-кемі жоқ, «саяси эквилибристика» — деп отыр!! Ал Струве мырзаның өзі Земство жиыны деген ұранды «көмескі ұран және *сол көмескілігімен бағалы* (курсив біздікі!), сонымен қабат қауіпті» деп атап.., мұны мойындағанына қол қойып отыр.

Жақсы-ақ емес пе? Социал-демократ *бұдан да гөрі екіұшты* ұранды (билігі күшті земствоны) лайықсыз қылымсу деп атағанында,— Струве мырза нақақтан күйген адам бола қойып, жорта түсінбеген сияқтанып әсем сөздер айта бастады. Ал *сол айтылғанды* либерал, С. С. мырза, *қайталағанда,*— Струве мырза сыпайылықпен бас иіп, мойындайтынына қол қойды! Көмескі

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 71-бет. *Ред.*

ұран нақ сол өзінің көмескілігімен ғана Струве мырзаға *бағалы* болып отыр, *желдің ыңғайына қарай* қауіпті ұранды да пайдалануға әзір екенін ол ешбір шімірікенбей мойындап отыр. Шипов мырза күшті және беделді көрініп еді, либералдық органның редакторы да билігі күшті земство туралы сөйлейтін болды. С. С. мырза күшті және беделді көрініп еді, либералдық органның редакторы да конституция және жалпыға бірдей сайлау правосы туралы сөйлейтін болды! Либералдық лагерьдегі саяси әдет-ғұрыптар мен саяси адамгершіліктің көрінісі жаман емес... Струве мырза осындай сан түрлі құбылуынан кейін оның сөздерінің құны қандай болатынын ойлауды ғана ұмытып отыр: 1901 жылы январьда Струве мырза «праволарды және билігі күшті земстводы» талап етті; 1902 жылы декабрьде — мұның өзі конституцияны талап ету деген сөз екенін түсінбеуді Струве мырза «қулыққа салыну» деп жариялайды; 1903 жылы февральда Струве мырза асылында жалпыға бірдей сайлау правосының әділетті екеніне ешқандай күмәны болмағанын және Земство жиыны деген көмескі ұран өзінің көмескілігімен ғана бағалы екенін мәлімдейді. Мынадай сұрақ туады: *күні ертең Струве мырза «өзінің көмескілігімен бағалы», жаңа ұран ұсынбайды* деп айтуға енді қандай саяси қайраткердің, қандай орыс азаматының *қандай правосы* бар??

Струве мырза жауабының соңғы пунктіне көшейік: «Т. П. мырзаның земствоның маңызы самодержавиені күшейту құралы екенінде деген пікірі революциялық құрғақ сөз емес пе немесе мүлдем өлексе доктринерлік емес пе?» — деп сұрайды ол. Струве мырза мұны әрі славянофильдердің [66] идеяларын ұққандық, әрі Горемыкинмен келісімге келу, әрі өлексе доктринаның шектен асқан мағынасыздығы деп біліп отыр. *Революцияны болдырмау үшін* жасалатын жарым-жарты реформаларға *революциялық* көзқарасты түсінуге Струве мырза мүлдем дәрменсіз. Реформаторлардың жоғарыдан жасайтын екіжүзді әрекеттерін қалай көрсетсеңіз де, Струве мырзаға бұл славянофильдік және реакцияшылдық болып көрінеді,— барлық европалық Ив Гюйолар жеке меншікті социалистік тұрғыдан сынауды қалай

реакциялық деп жариялайтын болса, дәл солай! Әрине, реформатор *болып алғандықтан,* Струве мырзаның реформалардың екі жақты сипатын ұғу және ол реформалардың билеп-төстеушілер үстемдігін нығайтудың құралы ретіндегі, нығайтқанда реформаларды тек ресми түрде мақұлдау арқылы нығайту ретіндегі маңызын түсіну қабілетінен айрылып отырғаны таңқаларлық нәрсе емес. Бірақ... Струве мырзаның осы ғажайып айланы түсінген кезі болған еді. Бұл бұдан көп бұрын болған еді, ол кезде Струве «болар-болмас марксист» болатын және ол кезде біз онымен бірге марқұм «Новое Словоның» [67] бетінде халықшылдарға қарсы күрескен едік. Бұл журналдың 1897 жылғы июльде шыққан кітапшасында Струве мырза Н. В. Водовозов туралы былай деп жазған еді: «Әлі есімде, 1890 жылы менің өзіме сондайлық жаңа және күшті әсер еткен саяхаттан — Германияны аралаған жазғы саяхаттан жаңа ғана қайтқан кезім еді, II Вильгельмнің саясаты және реформаторлық жоспарлары туралы көшеде сөз қозғалды. Водовозов реформаторлық жоспарларға мән беріп, маған қосылмады, мен үшін сол кезде-ақ (қазір одан бетер) «әлеуметтік монархия» деп аталатын нәрсемен байланысты факті мен идеяның маңызы туралы мәселе қабылдамау мағынасында үзілді-кесілді шешілген болатын. Водовозов әлеуметтік реформа *идеясын* сол идеяны туғызып отырған нақты қоғамдық күштерден бөліп алып қарады. Міне, сондықтан католиктік социализмнің ол үшін, негізінен алғанда,— европалық буржуазияның және ішінара европалық феодализм қалдықтарының өсіп келе жатқан жұмысшы қозғалысынан қорғану әрекетінің ерекше бір формасы болмай, әлеуметтік реформаның пайдасын көздейтін өзгеше бір идеялық қозғалыс болып отырғанының себебі осы...». Міне, көріп отырсыздар: бұдан көп уақыт бұрын, жастық әуестену дәуірінде Струве мырза реформалардың қорғану әрекетіне айналып кететіндігін, яғни революцияшыл таптың жағдайын жақсартатын болса да, осы тапқа қарсы бағытталған, билеп-төстеуші тапты құлаудан қорғайтын шара екенін түсінген болатын. Сондықтан мен оқушыдан былай деп сұраймын: кімдікі дұ-

рыс? Земство сияқты реформаға Струве мырзаның көзқарасы сыңаржақ реформистік көзқарас екенін әшкерелеп мен «революциялық құрғақ сөз» айттым ба? әлде Струве мырза *ақылы толып*, бір кезде өзі қорғаған революционердің позициясын үзілді-кесілді (бейне бір үзілді-кесілді) тастап кетіп отыр ма? Мен славянофильдердің және Горемыкиннің жақтасы болып кеттім бе әлде социалистік Германияны аралаған саяхаттың «күшті әсерлері» Струве мырзаға тек бірнеше жылға ғана жетіп отыр ма??

Иә, иә, әсерлердің *күші* жайында, сенімдердің күші жайында, сенімдердің маңызы жайында, саяси адамгершілік пен саяси сенімдерді өзінің көмескілігімен бағалы ұрандарды ұсынумен сыйыстыруға болатындығы жайында көзқарастар әр түрлі болады...

Қорытындыда Струве мырзаның солға таман жылжуының жақсы әсерін едәуір «күңгірттендіріп отырған» кейбір мәлімдемелерін атап көрсетпей өте алмаймын. Бір ғана демократиялық талапты (жалпыға бірдей дауыс беру) ұсынып, Струве мырза іле-шала «либералдық-*демократиялық* партия» туралы айтуға асығады. Ертелеу емес пе екен? *Әуелі* тек аграрлық программа мен жұмысшылар жөніндегі программада ғана емес, сонымен қатар *саяси* программада да партияның қандай *демократиялық* өзгерістерді *сөзсіз* талап ететінін анық көрсетіп, содан соң ғана айдар тағудан, содан соң барып либералдар «дәрежесінен» либерал-демократтар дәрежесіне көтеруден үміттенуге болмас па еді? Жалпыға бірдей дауыс беру дегеннің өзі жалпы сайлау атаулыға көніп отырған (Европада) тіпті кейбір консерваторлардың өздері де таныған демократизм *минимумы* ғой. Ал Струве мырза 17-номерде де, 18-номерде де, неліктен екені белгісіз, осы минимумнан әрі аттап баспайды. Одан соң, либералдық-демократиялық партия социализм проблемасын мүлде шетте қалдыруы керек, оның «ең бірінші себебі: шынында социализм әлі тек проблема ғана» деген Струве мырзаның күлкі келтіретін ескертуін сөз арасында айта кеткіміз келеді. Мұның себебі, аса құрметті Струве мырза, орыс қоғамының «либералдық-демократия-

лық» элементтері пролетариаттың социалистік талаптарына *қарсы* таптардың мүдделерін білдіріп отырғандықтан емес пе екен? Қайталап айтамын, либерал мырзалардың социализмді «теріске шығаруының» жаңа *әдістерін* көрсету үшін мұны тек сөз арасында айта кетіп отырмын. Ал істің шын мәнінде, әрине, Струве мырзанікі дұрыс; либералдық-«демократиялық» партия дегеніміз социалистік партия емес және өзіп сондаймын деп кеуде керуі лайықсыз-ақ болар еді.

Жаңа партияның тактикасы жөнінде Струве мырза барынша бұлтарып сөйлейді. Бұл өте өкінішті. Ал бұдан да өкiніштісі мынау: қимылдың жария және құпия тәсілдерін «шеберлікпен икемді етіп, үздіксіз ұштастыру» мағынасындағы «екі бөлікті біртұтас тактика» керек деп үсті-үстіне қайталап, үсті-үстіне атап көрсетеді. Бұл, ең мықтағанда, *құпия* қимыл әдістері жөніндегі толғағы жетіп отырған мәселелерден бас тарту болып саналады. Ал бұл мәселе толғағы жеткен мәселе, өйткені тек үздіксіз жүргізілетін құпия қызмет қана іс жүзінде *партияның* бет-бейнесін анықтайды. Ал ең болмағанда, бұл — Струве мырзаның, ашық және батыл конституциялық және «демократиялық» партия туралы емес, «праволар және билігі күшті земство» туралы жазып жалтарып кеткен кезіндегі бұлтаруын қайталауы. Жасырын партияның қандайы болса да *мына мағынада* құпия және жария әрекеттерді «ұштастырып отырады»: ол «құпиялылыққа» тікелей қатыспайтын адамдар бұқарасына арқа сүйеп отырады, ол жария наразылықтарды қолдап отырады, насихат, ұйымдастыру және т. т. істердің жария мүмкіндіктерін пайдаланып отырады. Бұл жалпыға мәлім, сондықтан *жасырын партияның* тактикасы туралы айтылған сөз бұл туралы айтылған сөз емес. Сөз болғанда: бұл партияның *күресті* бұлтарусыз мойындау туралы, күрестің әдістерін белгілеу туралы, партия мүшелерінің жария наразылық білдірумен ғана *тынбай, күштің бәрін түгелдей революциялық күрестің* мүдделері мен талаптарына бағындыруға *міндеттілігі* туралы сөз болады. Егер үздіксіз құпия қызмет және революциялық күрес болмаса, онда нағыз *конституциялық* бола алатын (демократиялық бо-

луы туралы айтпай-ақ қойғанда) *партия* да болмайды. Сондықтан қалың бұқараға арқа сүйеп, кең ұйымдарды пайдаланып отырып, жария қайраткерлерді саяси жағынан тәрбиелеуге жәрдемдесіп отыратын революциялық жұмысты жариялық шеңберімен *шектелетін* жұмыспен *шатыстыру* күрес ісіне орасан зор зиян тигізеді.

«Искра» № 37, 1 апрель, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

LES BEAUX ESPRITS SE RENCONTRENT

(ОРЫСШАСЫ: ТҮБІ БІРГЕ ТҮТПЕЙДІ, ТЕГІ БІРГЕ КЕТПЕЙДІ ДЕГЕН ШАМАДА)

Біздің социалист-революционерлердің атақты аграрлық программа-минимумы (кооперация және социализация) 1902 жылы июньде орыс социалистік ой-пікірі мен орыс революциялық қозғалысын бір байытып тастады. Белгілі оппортунист (әрі бернштейншіл[68]) Эдуард Давидтің «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген немісше кітабы 1903 жылы февральда жарыққа шықты. Сірә, оппортунистік ой-пікірдің кейінгі шығармасында «социалист-революционерлік» ойдың алдыңғы тәжірибесінің түпнұсқасынан бірдеңе болатынында ешбір сөз жоқ шығар? Бірақ онда орыстың социалист-революционерлері мен неміс оппортунистері программасының таңқаларлық, көзге ұрарлықтай ұқсастығы мен тіпті принциптік бірдейлігін қалайша түсіндіруге болады? «Революционная Россия» «түпнұсқа» да, ал Давидтің «күрделі» еңбегі («Русские Ведомости»[69] тілшісінің пікірі бойынша) көшірме емес пе екен? Екі негізгі идея және соған сәйкес программаның басты екі пункті Давидтің бүкіл «еңбегінің» негізгі өзегі болып табылады. Ол ауыл шаруашылық кооперацияларын дәріптейді, бар жақсылықты солардан күтеді, олардың дамуына социал-демократияның көмектесуін талап етеді және ұсақ қожайынсымақтардың егіншіліктегі ұсақ және ірі капиталистермен жасайтын бұл одақтарының буржуазиялық сипатын (дәл біздің социалист-революционерлер секілді) көрмейді. Давид ірі егін шаруашылықтарын ұсақ шаруашылықтарға айналдыруды талап

етеді, «des Arbeitsbauern» — орысша айтқанда: «еңбекші шаруа» шаруашылығының пайдалылығы мен тиімділігіне, үнемділігі мен өнімділігіне сүйсінеді, қоғамның жерді меншіктенуге және осы ұсақ «еңбекші шаруалардың» жерін пайдалануға жоғары правосы бар деп ұсынады. Неміс оппортунисі орыс «социалист-революционерлерінің» шығармаларын тура айнытпай келтіріп отыр! Қазіргі қоғамда «еңбекші шаруаның» ұсақ буржуазияшылдығын, оның буржуазия мен пролетариат арасындағы аралық, аумалы жағдайын, оның ұқыптылықпен, ынталылықпен, ашты-тоқты күнелтіп, жанын сала жұмыс істеу арқылы «адам санатына қосылғысы» келетінін (яғни, барып тұрған буржуа болғысы келетінін), оның село «қызметкерлерінің» еңбегін қанауға тырысатынын,— осының бәрін немістің ұсақ буржуа-оппортунисі де, орыстың ұсақ буржуалары — «социал-революционерлер» де, әрине, көрмейді.

Иә, иә, les beaux esprits se rencontrent, бір қарағанда соншалықты қиын тәрізді көрінетін: қайсысы көшірме, қайсысы түпнұсқа деген жұмбақтың шешуі де осында. Белгілі бір таптың тілегін, мүддесін, талабын, мақсатын білдіретін идеялар ауаға толып кеткен, сондықтан бұл идеялардың ұқсастығын сырт киімін қаншама құбылтумен де, бірде оппортунистік, бірде «социалист-революционерлік» жел сөздердің ешқандай түрлерімен де ешбір жасыруға болмайды. Қап түбінде біз жатпас.

Барлық европалық елдерде, соның ішінде Россияда, ұсақ буржуазияның «қысылуы» да, оның құлдырауы да үдеп келеді; мұның белгісі оның тура және тікелей қысым көруінен біліне бермейді, қайта көп ретте оның экономикалық өмірдегі ролін кемітуге, оның тіршілік жағдайларын нашарлатуға, оның мұқтаждыққа ұшырауына апарып соғады. Өнеркәсіп пен егіншіліктегі ірі шаруашылықтардың техникалық прогресі де, ірі магазиндердің дамуы да, кәсіпкерлер одақтарының, картельдер мен трестердің өсуі де, тіпті тұтыну серіктіктері мен муниципиалдық кәсіпорындардың өсуі де,— осының бәрі де оған жаппай қарсы шығып отыр. Ал егіншілік пен өнеркәсіпте ұсақ буржуазияны «қысумен» қатар, «жаңа орташа сословие» туып келеді, немістер айтқан-

дайып, ұсақ буржуазияның жаңа жігі, интеллигенция, өсіп келеді, оған да капиталистік қоғамда тіршілік ету қиындап барады және оның көпшілігі бұл қоғамға ұсақ өндірушінің тұрғысынан қарайды. Осыдан келіп, ұсақ буржуазиялық идеялар мен ілімдер сан алуан формада етек алып, ұдайы қайта туып отырғандығы өте табиғи іс. Ұсақ буржуазиялық халықшылдықтың идеяларымен түгелдей шырмалған орыс «социалист-революционерінің» дәйекті болғысы келгенде қалай да прудонизмге[70] дейін баратын европалық реформист пен оппортуниске «еріксіз туыс» болып шығатыны табиғи іс. Давидтің программасы мен көзқарасын Каутский осы соңғы терминмен өте әділ сипаттап берді.

Біз: «дәйекті болғысы келгенде» дедік, сөйтіп бұл арқылы қазіргі социалист-революционерлердің орыстың ескі халықшылынан да, ең берісі, кейбір европалық оппортунистерден де өзгешелігін көрсететін жайға келдік, ал бұл өзгешелікті авантюризм деп атамай болмайды. Авантюризм дәйектілікті ойламайды, идеясыздықты ақтап, қорғау үшін жағдайды пайдалануға, идеялардың күресін пайдаланып қалуға ғана тырысады. Орыстың ескі халықшылы дәйекті болғысы келді, өзінің ерекше программасын қорғады, уағыздады және таратты. Давидтің дәйекті болғысы келеді де барлық «маркстік аграрлық теорияға» үзілді-кесілді қарсы шығады, ірі шаруашылықтардың ұсақ шаруашылықтарға айналуын батыл уағыздап, ашық жақтайды, ол, ең болмағанда, өз пікірін батыл айтудан, ұсақ шаруашылықтарды ашықтан-ашық жақтаудан қорықпайды. Біздің социалист-революционерлер... мұны қалайша сыпайылап айтсақ екен?... әлдеқайда «естірек». Олар еш уақытта да Маркске батыл қарсы шықпайды,— құдай сақтасын! Олар, қайта, Маркстің де, Энгельстің де сөздерінен жолжөнекей цитат келтіріп отырады, оларға барлық жағынан *дерлік* қосыламыз деп көздерінен сорасын ағызып сендіреді. Олар Либкнехт пен Каутскийге де дүрсе қоя бермейді,— қайта, олар Либкнехттің социалист-революционер,— құдай ақы, социалист-революционер,— болғанына күмәнсыз сенеді. Олар принцип жағынан ұсақ шаруашылықтарды жақтамайды,— қайта, олар

«жерді социализациялауды» барынша жақтайды, бәрін қамтитын осы орыс-голланд социализациясы: әрі жердің қоғам меншігіне де, еңбекшілердің пайдалануына да көшуі (тура Давидтің айтқанындай), әрі жердің шаруалар қолына жай ғана көше салуы, ақырында, «жай ғана» жерді тегін кесіп беру деген сөз деп абайсызда айтып қалады...

Біздің социалист-революционерлердің «естілікпен» істейтін тәсілдері бізге соншама таныс болғандықтан, біз, қорыта келгенде, оларға бір ізгі кеңес берсек дейміз.

Айтып не керек, сіздер ыңғайсыз жағдайда қалып отырсыздар, мырзалар. Батыстың оппортунизмімен де, реформизмімен де, ұсақ шаруашылыққа «тиімді» ұсақ буржуазияшылдық тілеулестікпен де ортақ ештеңеміз жоқ деп сендіріп келіп едіңіздер,— бірақ кенеттен барып тұрған оппортунист және ұсақ шаруашылықты жақтаушының сіздердің «әлеуметтік-революциялық» программаңызды таңқаларлық дәлме-дәлдікпен «көшіріп жазған» кітабы шыға келді! Былайша айтқанда, жағдайларыңыз онша мәз емес. Бірақ саспаңыздар: бұдан сытылып шығу оп-оңай. Тек қана... Каутскийден цитат келтірсе-ақ біткені.

Оқушы мұны жаңылыс жазылған екен деп ұқпасын. Тіпті де олай емес. Каутский прудонист Давидке өршелене қарсы шығады,— *нақ сондықтан* Давидпен пікірлес социалист-революционерлер Энгельстен бір рет цитат алғаны сияқты, Каутскийден де цитат алуға тиіс. «Рев. Россияның» 14-номерін алсаңыз, оның жетінші бетінен: социал-демократтар шаруалар жөніндегі «тактикасының өзгеруін» ғылыми социализмнің аталарының бірі — Энгельс,— тактикасын өзгерткен француз жолдастарға қарсы шыққан Энгельстің өзі «заңдандырды» (!!) дегенді оқисыз! [71] Мұндай керемет жағдайды қалай дәлелдеуге болады? Тіпті оп-оңай. Біріншіден, Энгельстің ұсақ шаруаларды батыл жақтайтын сөздерін «цитатқа алу» керек (барлық еңбекшілерді пролетариат жағына шақыратын орыс социал-демократтары программасының дәл осы пікірді айтатыны жайында үндемеу керек!) Екіншіден, тактикасын өзгерткен француз

жолдастардың «бернштейншілдермен мәмлеге келгені жөнінде: *«бұл мәмлеге келуге берілген тамаша сынды Энгельстің шығармаларынан қараңыз»* деу керек. Социалист-революционер мырзаларға біз қазір де нақ осы, сыннан өткен тәсілді қолданыңыздар деп кеңес береміз. Давидтің кітабы аграрлық мәселеде тактиканы өзгертуді заңдандырды. «Кооперация мен социализацияны» программаға енгізе отырып, социал-демократиялық партияның қатарында қалуға болатынын енді мойындамауға болмайды; оны догматиктер мен ортодокстердің ғана көрмеуі мүмкін. Ал екінші жағынан, Давидтің ізгі социалист-революционерлерден өзгешелігі — оның бернштейншілдікпен кейбір мәмлеге келіп отырғаны екенін мойындамауға болмайды. *«Бұл мәмлеге келуге берілген тамаша сынды Каутскийдің шығармаларынан қараңыз».*

Расында, мырзалар, байқап көріңіздер. Бәлкім, тағы да бірдеңе шығып қалар.

«Искра» № 38, 15 апрель, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПРОГРАММАНЫҢ БІЗ ҰСЫНҒАН ЖОБАСЫН СЫНАУҒА ЖАУАП [72]

Икс жолдас біздің жобаның аграрлық бөлімінің үшінші және төртінші пункттерін теріс деп табады және барлық пункттерді, сондай-ақ аграрлық программаға жалпы кіріспені өзгертіп, өз жобасын ұсынады. Әуелі Икс жолдастың біздің жобамызға қарсылығын, содан соң оның өз жобасын қарап көрейік.

Икс жолдастың үшінші пунктке қарсы шығу себебі, біз ұсынып отырған монастырьлық (біз шіркеулердің де деп қосқан болар едік) және удельдік имениелерді конфискелеу капиталистердің жерді арзан бағамен талап әкетуі болар еді. Шаруаларды тонаушылардың нақ өздері тонап алған ақшасына әлгі жерді сатып алған болар еді, дейді ол. Біз бұл арада Икс жолдастың конфискеленген имениелерді сату туралы айта келіп, біздің программада әлі жоқ қорытындыны өз ойынан шығарып отырғанын айтуға тиіспіз. Конфискелеу — меншікті құнын өтеместен алып қою деген сөз. Бізде де тек осындай алып қою туралы айтылған. Бұл жерлерді сату керек пе, кімге, қалайша, қандай тәртіппен, қандай жағдайда сату керек — бұл жайында программаның біз ұсынған жобасында бір ауыз сөз жоқ. Біз өз қолымызды өзіміз байламаймыз, конфискеге жататын мүліктер конфискеленген кезде, ондай конфискенің барлық әлеуметтік және саяси жағдайы анық белгілі болған кезде ол конфискеленген мүлікті пайдаланудың ең қолайлы жағдайын өзіміз белгілейтін боламыз. Икс жолдастың жобасы бұл жөнінен біздікінен өзгеше, ол тек конфис-

келеуді талап етіп қана қоймайды, конфискеленген жерді «халықтың неғұрлым қолайлы пайдалануы үшін демократиялық мемлекеттің қарауына беруді» талап етеді. Демек, Икс жолдас конфискеленген мүлікті пайдаланудың бір формасын (сатуды) ескермей отыр және оны пайдаланудың белгілі бір тиянақты формасын көрсетпей отыр (өйткені «неғұрлым қолайлы» пайдаланудың қандай екені, қандай болатыны немесе қандай болуға тиіс екені және «халықтың» нақты қай таптары, қандай шарттармен пайдалану правосына ие болатыны айқын емес). Сонымен, конфискеленген жерді пайдаланудың тәртібі туралы мәселеде Икс жолдас бәрібір анық ештеңе айтпайды (мұны күні бұрын анықтауға болмайды да), ал жерді сату оны пайдалану әдістерінің бірі екенін бекер ескермейді. Жерді сатуға социал-демократия қандай жағдайда және қашан болса да қарсы болады деу дұрыс болмас еді. Полициялық-таптық мемлекетте, мейлі конституциялық мемлекет болса да, осы мемлекетке тәуелді арендаторлар табынан гөрі кейде меншік иелерінің табы демократияның анағұрлым берік тірегі болады. Бұл — бір жағы. Екінші жағынан, конфискені «капиталистерге сыйлыққа» айналдыру Икс жолдастың жобасынан гөрі біздің жобада көбірек көзделеді (егер программаның тұжырымында мұны көрсету туралы жалпы сөз етуге болса). Шынында да, ең нашарын алайықшы: жұмысшы партиясы қаншама күш-жігер жұмсағанымен капиталистердің жүгенсіздігі мен пайдакүнемдігін ауыздықтай алмады делік *. Бұл жағдайда Икс жолдастың тұжырымы конфискеленген жерлерді «халықтың» капиталистік табының «неғұрлым қолайлы» пайдалануына кең жол ашқан болар еді. Керісінше, біздің тұжырым негізгі талапты жерді сату формасымен байланыстырмайды, алайда жерді сатудан түскен соманың жұмсалатын тиянақты орны болуын көздейді. Икс жолдас «халық өкілдігі өз қолындағы жер қорын нақты қандай түрде пайдаланатынын алдын ала шешуді социал-демократиялық партия өз міндетіне ала алмайды» дегенде, әр түрлі екі нәрсені: жер қорын са-

---

* Ал егер ауыздықтай *алсақ*, онда жерді сату талап әкетуге, капиталистерге сыйлыққа беруге де айналып кетпейді.

ту *әдісін* (басқаша айтқанда: «пайдалану формасын») және сатудан түсетін соманы *өз орнына жұмсауды* шатастырады. Бұл соманың қайда жұмсалатыны туралы мәселені мүлде көмескі қалдырып және жерді сату әдісі туралы мәселеде аз да болса өз қолын өзі байлап, Икс жолдас біздің жобамызды екі жақтан нашарлатып отыр.

Сондай-ақ Икс жолдастың бізге: «дворяндардан сатып алу төлемдерін қайырып алуға да болмайды, өйткені олардың көпшілігі бәрін жоқ қып жіберді» деп қарсы шығуы да, біздің ойымызша, дұрыс емес. Мұны, турасын айтқанда, тіпті қарсылық деуге болмайды, өйткені біз жай «қайырып алуды» ұсынып отырғанымыз жоқ, ерекше салық салуды ұсынып отырмыз. Икс жолдас өзінің мақаласында ірі жер иеленушілер шаруалар жерінің өте көп үлесін өз пайдасына «кесіп алып», кейде шаруалар жерінің *төрттен үш бөлігіне* дейін алып қойды деген мәлімет келтіреді. Сондықтан дәл ірі жер иеленуші дворяндарға ерекше салық салу керек деген талаптың қойылуы өте орынды. Осы жолмен табылған соманы өзіміз талап ететін сондай ерекше мақсатқа жұмсау да өте орынды, өйткені мемлекеттің алатын барлық табысын халыққа қайтару жөніндегі жалпы міндеттің (социализм тұсында ғана толық жүзеге асатын міндеттің) *үстіне* бостандық алған Россияның алдына шаруалардың тұрмыс дәрежесін жақсарту жөнінде, біздің самодержавиелік құрылыстың тұсында шамадан тыс шапшаң көбейіп отырған қайыршылар мен аш-жалаңаштар бұқарасына елеулі көмек көрсету жөнінде өте айрықша және мейлінше шұғыл міндет қалай да қойылмақшы.

Икс жолдас тұтасымен теріске шығарып отырған төртінші пунктке көшейік, бұл арада ол, төртінші пункттің тек қана бірінші бөлімін — кесінді жерлер туралы сөз етіп отырғанымен, крепостниктік правоның мемлекеттің түрлі жерлерінде түрліше болып отырған қалдықтарын жоюды көздейтін екінші бөлім туралы бір ауыз сөз айтпайды. Автордың бір жай ескертуінен бастайық: ол біздің сословиелердің жойылуын және шаруалар комитеттерінің, яғни сословиелік комитеттердің

құрылуын талап еткенімізде қайшылық бар деп біледі. Шынында, бұл жерде қайшылық бар тәрізді ғана: жалпы тап атаулыны, соның ішінде пролетарлар табын да жою үшін пролетариат диктатурасының керек болатыны сияқты, сословиелерді жою үшін төменгі, езілген сословиенің «диктатурасы» керек болады. Біздің бүкіл аграрлық программамыз аграрлық қатынастар саласында крепостниктік және сословиелік дәстүрлерді жою мақсатын көздейді, ал ол дәстүрлерді жою үшін бір ғана төменгі сословиеге, крепостниктік тәртіптің осы қалдықтарынан езгі көргендерге ғана шағым жасауға болады.

Асылында, автордың басты қарсылығы мынада болып отыр: кесінді жерлер жұмыспен өтеу жүйесінің ең басты негізі болып табылады дегенді «дәлелдеуге бола қояр ма екен», өйткені бұл кесінді жерлердің көлемі крепостниктік право тұсында шаруаның оброктық, демек, көп жерлі немесе барщиналық, демек, аз жерлі шаруа болғанына байланысты. «Кесінді жерлердің мөлшері және оның маңызы тарихи жағдайлардың орайласуына байланысты», мәселен, Вольск уезінде шағын имениелерде кесінді жерлер проценті аз да, ірі имениелерде орасан көп. Автор мәселеден ауа жайылып кеткенін аңғармай, осылайша пайымдайды. Кесінді жерлердің мүлдем бірдей бөлінбегеніне және сан алуан жағдайлардың орайласуына байланысты (соның ішінде крепостниктік право тұсында барщинаның немесе оброктың болу-болмауы сияқты жағдайға да байланысты) бөлінгеніне сөз жоқ. Сонда бұл нені дәлелдейді? Жұмыспен өтеу жүйесі де әр жерде әр түрлі емес пе? Мұның болуы да әр алуан тарихи жағдайлардың орайласуымен белгіленбей ме? Автор кесінді жерлер мен жұмыспен өтеу жүйесінің арасындағы *байланысты* теріске шығармақ болады, бірақ бұл байланыс туралы бір ауыз сөз айтпай, кесінді жерлердің болу себебі мен олардың көлемінің өзгешелігі туралы ғана сөз етеді. Өз тезисінің мазмұнына жуықтайтын пікірді автор тек бір рет қана айтады, ал оның нақ осы пікірі *мүлдем дұрыс емес.* «Демек,— дейді ол, оброктың немесе барщинаның ықпалы туралы пікірлерін қорыта келіп,—

шаруалар барщиналық шаруа болған жерде *(негізінен орталық егіншілікауданда) бұл кесінді жерлер өте аз болады,* ал шаруалар оброктық шаруа болған жерде — барлық помещиктік жер «кесінді жерлерден» құралуы мүмкін». Біз астын сызған сөздер — автордың бүкіл дәлелін талқандайтын ірі қате жерлері. Нақ орталық егіншілік ауданда, жұмыспен өтеудің және крепостниктік тәртіптің түрлі қалдықтарының осы басты орталығында кесінді жерлер «өте аз» емес, қайта, барщинадан гөрі оброк басым болып отырған қара топырақты емес алқапқа қарағанда кесінді жерлер анағұрлым көп. Мамандығы статистик бір жолдастың бұл мәселе жөнінде маған әкеп берген мәліметі мынау [73]. Ол реформаға дейінгі помещиктік шаруалардың жер иеленуі туралы «Әскери-статистика жинағының» мәліметтерін 1878 жылғы жер меншіктену жөніндегі статистиканың мәліметтерімен салыстырған, сөйтіп әрбір губерния бойынша кесінді жерлердің мөлшерін анықтаған. Сонда былай болып шыққан: қара топырақты емес тоғыз губернияда * помещиктік шаруалардың реформаға дейін 10 421 мың десятина жері болған, ал 1878 жылы 9746 мың десятинасы қалған, яғни 675 мың десятинасы немесе жердің 6,5 проценті кесіп алынған, әрбір губерниядан орта есеппен 72,8 мың десятина кесіп алынған. Керісінше, қара топырақты 14 губернияда ** шаруалардың 12 795 мың десятина жері болған, ал қалғаны — 9996 мың десятина, яғни 2799 мың десятинасы немесе 21,9 проценті кесіп алынған, әр губерниядан орта есеппен 199,1 мың десятина кесіп алынған. Тек қана үшінші ауданда, далалық ауданда мұндай емес, онда бес губернияда *** шаруалардың 2203 мың десятина жері болған, қалғаны — 1580 мың десятина, яғни 623 мың десятинасы немесе 28,3 проценті кесіп алынған, әр губерниядан орта есеппен 124,6 мың десятинадан ****

---

* Псков, Новгород, Тверь, Москва, Владимир, Смоленск, Калуга. Ярославль және Кострома губерниялары.

** Орел, Тула, Рязань, Курск, Воронеж, Тамбов, Нижний Новгород, Симбирск, Қазан, Пенза, Саратов, Чернигов, Харьков және Полтава губерниялары (жердің 37 проценті кесіп алынған).

*** Херсон, Екатеринослав, Таврия, Дон (есеп шамамен жасалған) және Самара губерниялары.

**** Үш аудандағы кесінді жерлер туралы осы мәліметтерді шаруалардың жалпы санының ішіндегі барщиналық шаруалар проценті ту-

жер кесіп алынған. Бұл аудан өзгеше, өйткені мұнда жұмыспен өтеуге қарағанда капиталистік система үстем, ал кесінді жерлердің проценттік мөлшері мұнда өте үлкен. Бірақ бұл өзгешелік жалпы ережені қуаттай түседі, өйткені мұнда кесінді жерлерге қарамастан, шаруалардың үлкен үлесті жерлерінің болуы, жерді арендаға алу үшін бос жатқан көп жер қорының болуы сияқты ірі жағдайлар кесінді жерлердің ықпалын жойып жіберген. Сонымен, автордың кесінді жерлердің және жұмыспен өтеу жүйесінің арасында байланыс бар екеніне күмән туғызуға тырысуы мүлдем қисынсыз. *Жалпы және тұтас алғанда,* Россияда жұмыспен өтеу жүйесінің орталығы (орталық қара топырақты аудан) әрі кесінді жерлердің орталығы болып табылатынына күмән жоқ. Біз автордың мына бір күмәндануына жауап беру үшін «жалпы және тұтас алғанда» деп баса көрсетіп отырмыз. Біздің программамыздағы кесіліп алынған және кіріптар етудің құралы болып отырған жерді қайырып беру туралы деген сөздерге автор «кіріптар етудің құралы болып отырмаған жерді ше?» деп жақшаға алып сұрақ қояды. Біз оған: программа — кесінді жерлерді қайырып беру туралы заңның жобасы емес қой деп жауап береміз. Біз жекелеген жайттар туралы айтып отырған жоқпыз, қайта кесінді жерлердің жалпы маңызын анықтап, түсіндіріп отырмыз. Жалпы және тұтас алғанда, кесінді жерлер крепостниктік қанаудың құралы екеніне реформадан кейінгі шаруалардың жағдайы туралы барлық халықшылдық әдебиеттен кейін қалайша күмәндануға болады? Біз бұдан соң кесінді жерлердің жұмыспен өтеу жүйесімен байланысы Россияның реформадан кейінгі экономикасының ең негізгі ұғымдарынан туып отырғанда бұл байланыстың бар екенін қалайша теріске шығаруға бола-

ралы мәліметтермен салыстырғанда (редакциялық комиссияның материалдары бойынша: Энциклопедиялық сөздіктің 32-томының 686-бетіндегі «Шаруалар» деген мақаланы қараңыз), мынандай арасалмақты көреміз. Қара топырақты емес аудан (9 губерния): кесінді жер — 6,5%; барщиналық шаруалар — 43,9% (9 губернияның мәліметтері бойынша орта есеп). Орталық қара топырақты аудан (14 губерния): кесінді жер — 21,9%; барщиналық шаруалар — 76,0%. Далалық аудан (5 губерния): кесінді жер — 28,3%; барщиналық шаруалар — 95,3%. Демек, арасалмақ Икс жолдастың анықтағысы келгеніне керісінше болып отыр.

ды?— деп сұраймыз. Жұмыспен өтеу жүйесі дегеніміз барщинаны капитализммен, «ескі режим» мен «қазіргі заманғы» шаруашылықты, жер үлестіріп беру арқылы қанау жүйесі мен жерден айыру арқылы қанау жүйесін біріктіру. Кесінді жерлерде шаруашылық жүргізу жүйесінен (сол баяғы өткен заманда, шаблонды және тар ойлы марксистер туралы сыбыс та жоқ кезде халықшылдық әдебиет кездейсоқ жүйе емес, *өзінше*, ерекше жүйе деп суреттеген жүйеден) артық қазіргі барщинаның қандай айқын мысалы болмақ? Қазіргі заманда шаруалардың жерге матаулы болуы көшіп-қону бостандығы туралы заңның жоқтығынан *ғана*, одан басқа *(және ішінара соның негізінде)* кесінді жерлерде кіріптарлық шаруашылықтың болуынан емес деп қалайша ойлауға болады?

Кесінді жерлер мен кіріптарлықтың арасында байланыс бар екеніне күмәндануын еш нәрсемен дәлелдей алмаған автор одан әрі былайша пайымдайды. Кесінді жерлерді қайырып беру — ұсақ жер учаскелерін беру деген сөз, мұның өзі шаруалар шаруашылығының мұқтажынан гөрі тарихи «аңызға» негізделген. Жерді жеткіліксіз болудің кез келгені сияқты (жеткілікті беру туралы сөз болуы да мүмкін емес), бұл да кіріптарлықты жоймайды, қайта оны туғызады, өйткені жетіспеген жерді арендалауды, мұқтаждықтан арендалауды, азық-түлік арендасын *тудырады,* демек, реакциялық шара болады.

Бұл пайымдау да нысанаға дәл тимей отыр, өйткені біздің программамыз өзінің аграрлық бөлімінде жалпы мұқтаждық атаулыны түгел жоюға «уәде» беріп отырған жоқ (ол бұл уәдені жалпы социалистік бөлімінде ғана береді), крепостниктік праволың қалдықтарын (ең болмаса кейбіреуін) жоюды ғана айтады. Біздің программамыз жалпы алғанда әр түрлі ұсақ учаскелер беру туралы емес, тым болмаса кіріптарлықтың қазірдің өзінде қалыптасып қалған бір түрін жою туралы айтады. Біздің программамыздың негізіне алынған пікірден автор бұлтарып кетеді, сөйтіп оған өз бетінше, теріс мағына берген. Шынында да, оның дәлелдемесіне қарағыздаршы. Ол кесінді жерлерді тек аттамалылық қана

деп түсінуді ысырып тастайды да (бұл жөнінде де, әрине, онық дұрыс): «егер кесінді жер қосымша берілген жер болса, онда кіріптарлық қатынастарды жоюға кесінді жер жеткілікті ме, соны қарау керек, өйткені бұл тұрғыдан қарағанда кіріптарлық қатынастар дегеніміз жердің аз болуының нәтижесі»,— дейді. Кіріптарлықты жою үшін кесінді жер жеткілікті деп біздің программамыздың ешбір жерінде айтылмайды. Кіріптарлық атаулының бәрін және қандайын болса да социалистік революция ғана құрта алады, ал аграрлық программада біз буржуазиялық қатынастардың тұрғысындамыз және крепостниктік правоның қалдықтарын «жою мақсатында» (тіпті бұл толық жою болады деп айтпаймыз да) кейбір шараларды талап етеміз. Біздің аграрлық программамыздың барлық мәні мынада: село пролетариаты бай шаруалармен бірігіп, крепостниктік правоның қалдықтарын жою үшін, кесінді жер үшін күресуі керек. Бұл қағиданың байыбына барған адам: кесінді жерлер жеткіліксіз болған соң *тек* сол үшін күресудің себебі не? деген қарсылықтардың теріс, *орынсыз* және қисынсыз екенін түсінеді. Өйткені *бай шаруалармен бірігіп,* пролетариат крепостниктік құрылысты жоюдан, кесінді жер талап етуден, т. б. әрі *бара алмайды* және әрі *баруға тиісті емес. Бұдан әрі* жалпы пролетариат, әсіресе село пролетариаты *жалғыз барады,* «шаруалармен» бірге емес, бай мужикпен бірге емес, *оған қарсы барады.* Кесінді жерлерден әрі бармайтын себебіміз: мужикке жақсылық ойламағандықтан немесе буржуазияны шошытып аламыз деп қорыққандықтан емес, оның себебі — село пролетарының бай мужикке *керегінен артық,* пролетарға керегінен артық көмектесуін тілемейміз. Крепостниктік кіріптарлықтан пролетар да, бай мужик те зардап шегеді; *бұл* кіріптарлыққа қарсы олар бірге барады және баруға да тиіс, ал *басқа* кіріптарлыққа қарсы пролетариат жалғыз барады. Сондықтан крепостниктік кіріптарлықты басқа кіріптарлық атаулының қайсысынан болса да бөліп шығару біздің программада *пролетариаттың таптық мүдделерін мүлтіксіз жүзеге асырудың* керекті нәтижесі болып табылады. Біздің программада

«шаруалар» (яғни байлар плюс кедейлер) крепостниктік правоның қалдықтарын жоюда бірігіп әрі барады десек, біз ол мүдделерді бұзған болар едік, пролетариаттың таптық тұрғысынан тайған болар едік; мұнымен біз социал-демократтардың тұрғысынан сөзсіз керекті және ең маңызды *село пролетариатының* шаруашылығы бар шаруалардан түпкілікті *бөлектену* процесін, деревняда пролетариаттың таптық сана-сезімі артуының процесін *кідірткен болар едік.* Ескі сенімдегі адамдар, халықшылдар, және ешқандай сенімі, ешқандай өзіндік пікірі жоқ адамдар, социалист-революционерлер, біздің аграрлық программамыз жөнінде таңырқайтын болса, оның себебі мынадан: біздің деревняның шын экономикалық құрылысы мен оның эволюциясы жайында олардың (мәселен, Рудин мырза және $К^0$) түк түсінігі жоқ, қауымның ішінде қалыптасып жатқан және қалыптасып болған дерлік буржуазиялық қатынастар жайында, буржуазиялық шаруалардың күші жайында түк түсінігі жоқ. Біздің аграрлық программамызға олар ескі халықшылдық соқыр сенімдердің тұрғысынан немесе көбінесе сол соқыр сенімдердің қалдықтары тұрғысынан қарайды да, біздің аграрлық программамыздың қандай мақсат көздейтінін, қандай қоғамдық-экономикалық қатынастарға арналғанын түсінбей жатып-ақ, жеке пункттерді немесе ол пункттердің тұжырымдарын сынай бастайды. Оларға біздің аграрлық программамызда буржуазиялық құрылысқа қарсы күресу туралы емес, деревняны буржуазиялық құрылыс жағдайына енгізу туралы айтылады десек, олар өздерінің таңқалғаны халықшылдық дүние таным мен маркстік дүние танымның арасындағы күрестің құр жаңғырығы екенін аңғармай (өзінің бойына сіңген теориялық бейқамдығынан), көздерін сүрте бастайды.

Аграрлық программаны жасауға кіріскен марксист үшін буржуазиялық және капиталистік жолмен дамып келе жатқан орыс деревнясындағы крепостниктік құрылыстың қалдықтары туралы мәселе — қазірдің өзінде шешіліп болған мәселе, сондықтан *байыбына барып* сынау үшін социалист-революционерлер бұл мәселені біздің шешуімізге қисынды, тұтас бір нәрсені қарама-

қарсы қоюға тиіс екенін көруге олардың мүлдем принципсіздігі ғана бөгет болып отыр. Марксистің міндеті екі қатенің екеуінен де сақтану ғана болып отыр: бір жағынан, пролетариаттың көзқарасы бойынша ешбір таяудағы және әзірше пролетарлық емес міндеттерде біздің ешбір шаруамыз жоқ дейтін адамдардың қатесіне ұшырамау, ал екінші жағынан, пролетариаттың таяудағы демократиялық міндеттерді шешуге қатысуы оның таптық сана-сезімінің және таптық ерекшелігінің көмескіленуіне жол бермейтін ету. Тек жер қатынастары жөнінде алғанда бұл міндет мынадай: қазіргі қоғамның негізінде крепостниктік правоның барлық қалдықтарын неғұрлым толық сыпырып тастайтын және село пролетариатын қалың шаруалардың қалың бұқарасынан неғұрлым тез бөлектейтін аграрлық қайта құрылыстың белгілі бір ұранын көтеру керек.

Біздің программамыз бұл міндетті шешті ғой деп ойлаймыз. Егер шаруалар комитеттері кесінді жерлерді емес, барлық жерді түгел талап еткен жағдайда не істеу керек? — деген Икс жолдастың сұрағы бізді ешбір таңдандырмайды. Біз өзіміз барлық жерді түгел талап етеміз, бірақ, әрине, «крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою мақсатымен» емес (біздің программамыздың аграрлық *бөлімі* осы мақсатпен шектеледі), социалистік төңкеріс мақсатымен талап етеміз. Сондықтан біз «деревня кедейлеріне» нақ осы мақсатты әрқашан да және қандай жағдайларда болса да қажымай-талмай көрсетіп келеміз және көрсете береміз. Социал-демократ деревняға өз программасының тек аграрлық бөлімімен ғана бара алады, социал-демократ өзінің социалистік туын бір сәтке болса да жиып тастай алады деп ойлаудан өрескел қате жоқ. Егер барлық жерді түгел талап ету ол жерді национализациялау немесе жердің осы күнгі әлді шаруалардың қолына өтуі жөніндегі талап болатын болса, онда бұл талапты біз, істің жай-жапсарын түгел ескеріп, пролетариаттың мүдделері тұрғысынан бағалаймыз; мәселен, әлді шаруаларды революция саяси өмірге оятқан кезде біздің ол шаруаларымыз демократиялық-революциялық партия ретінде немесе тәртіп партиясы ретінде әрекет жасайтынын біз күні бұрын

айта алмаймыз. Біз өз программамызды жасағанда ең қиын жағдайға дайын болатындай етіп жасауымыз керек, ал ең жақсы қиюластырулардың іске асуы біздің жұмысымызды тек жеңілдетіп, оған жаңа серпін береді.

Бұл мәселе жөнінде біз тағы да Икс жолдастың мына бір пікіріне тоқталуымызға тура келеді. «Бұған,— деп жазады ол өзінің кесінді жерлер бөліп беру азық-түлік арендасын нығайтады деген қағидасы жөнінде,— бұған кесінді жерлер бөліп берудің ұсақ азық-түлік шаруашылығын ұлғайтудың және нығайтудың құралы емес, *сол* кесінді жерлерді арендалаудың кіріптарлық формаларын жоюдың құралы ретінде маңызы бар деп қарсылық айтылуы мүмкін. Алайда бұл қарсылықтың логикалық қайшылығы бар екенін байқау қиын емес. Алақандай аз жер бөліп беру деген сөз — алға басып келе жатқан шаруашылықты жүргізу үшін *жеткіліксіз мөлшерде,* бірақ арендалаушы азық-түлік шаруашылығын нығайтуға жеткілікті *жер бөліп беру* деген сөз. Демек, жеткіліксіз мөлшерде жер бөліп беруден азық-түлік шаруашылығы нығая түседі. Бірақ бұл арқылы аренданың кіріптарлық формалары жойыла ма, жоқ па,— оны әлі дәлелдеу керек. Біз олардың нығая түсетінін, өйткені ұсақ меншік иелерінің — помещик жерін арендаға алуға бәсекелестердің санын көбейтетінін дәлелдеп келгенбіз».

Нағыз «логикалық қайшылықтың» *қай жерде* екенін оқушының оңай түсінуі үшін біз Икс жолдастың осы пікірін түгел жазып отырмыз. Жалпы ереже бойынша, шаруалар қазір кесінді жерді крепостниктік кіріптарлық шартпен пайдаланып отыр. Кесінді жерлер қайырып берілгеннен кейін олар оны еркін меншік иесі ретінде пайдаланбақ. Сонда кесінді жерлерді қайырып беру сол кесінді жерлер арқылы крепостниктік кіріптарлықты *құртатынын* «әлі де дәлелдеу керек» болғаны ма? Әңгіме кіріптарлықтың ерекше формасын туғызған ерекше жер учаскелері туралы болып отыр, ал автор осындай жеке ұғымның орнына «жер мөлшерінің жеткіліксіздігі» деген жалпы категорияны қояды! Мұның өзі мәселеден аттап өту деген сөз. Мұның мәні-

сі — кесінді жерлер қазіргі уақытта ешбір ерекше кіріптарлық тудырмайды деп болжау болады: онда кесінді жерлерді шын қайтару *жай ғана* «жерді жеткіліксіз мөлшерде бөліп беру» болар еді, онда біз шыныпда да бұл шараны жақтай алмас едік. Бірақ мұның бұлай емес екенін әркім-ақ айқын көріп отыр.

Сонан соң. Кесінді жерлерден туған крепостниктік кіріптарлықты (шаруашылықтың жұмыспен өтеу *жүйесін)* азық-түлік арендасымен, жалпы мұқтаждықтан туған арендамен автор бекер шатастырады. Бұл соңғы аренда барлық европалық елдерде бар: капиталистік шаруашылық тұсында *әрқашан және барлық жерде* ұсақ меншік иелері мен ұсақ арендаторлардың бәсекесі жердің сатылатын және арендалық бағасын «кіріптарлық» мөлшерге дейін асқынтады. Капитализмнен құтылғанға дейін біз кіріптарлықтың *бұл түрінен* тіпті де құтыла алмаймыз*. Бірақ бұл — кіріптарлықтың ерекше, таза орыстық түрлерімен күресудің ерекше шараларына қарсы шыққандық бола қояр ма екен? Икс жолдас жұмыс күнін қысқарту еңбек өнімділігін арттырады деген дәлелмен жұмыс күнін қысқартуға қарсы шыққандық тәрізді пікір айтады. Жұмыс күнін қысқарту — кіріптарлықтың бір түрін ғана, атап айтқанда, жұмыс күнін ұзарту арқылы болатын кіріптарлықты құртатын жеке реформа. Кіріптарлықтың басқа түрлері, мәселен, жұмысшыларды «зорлап» жұмыс істету арқылы болатын кіріптарлық *бұл* реформамен жойылмайды, ал кіріптарлықтың жалпы басқа түрлері капитализм негізінде ешбір реформамен жойылмақшы емес.

Автор: «кесінді жер бөліп беру — кіріптарлықты нығайтатын реакциялық шара»,— деп айтқанда, ол реформадан кейінгі шаруалар шаруашылығы туралы барлық мәліметтерге орасан қайшы келетін қағиданы ұсынады — тіпті оның өзі де бұл позицияға табан тірей алмайды. Ол жоғарырақта: «...Капитализмді енгізу, әрине, социал-демократиялық партияның ісі емес. Егер шаруалардың жер пайдалануы кеңейсе, бұл қай партия-

* Соттарға аренда бағасын кеміту правосын беру арқылы ғана бұл кіріптарлықты тежеуге, тізгіндеуге болады,— өз программамызда біз осыны талап етіп отырмыз.

ның болса да тілегіне қарамай болатын іс...»,— деп өзіне өзі қайшы келеді. Бірақ, егер шаруалардың жер пайдалануының кеңеюі жалпы алғанда капитализмнің дамуына жеткізетін болса, арнаулы-крепостниктік кіріптарлықты тудыратын арнаулы учаскелер есебінен шаруалардың жер *иеленуін* кеңейткен *жағдайда* бұл нәтиженің болмай қоймайтыны хақ. Кесінді жерлерді қайырып беру шаруалардың тұрмыс дәрежесін көтереді, ішкі рынокты кеңейтеді, қалаларда жалдама жұмысшыларға сұранымды, сондай-ақ жұмыспен өтеу шаруашылығының кейбір тірегінен айрыла бастаған бай шаруалар мен помещиктердің жалдама жұмысшыларға сұранымын күшейтеді. «Капитализмді *енгізуге»* келсек, мұның өзі мүлдем таңқаларлық қарсылық. Кесінді жерлерді қайтарып беру *тек қана* буржуазияға керек болса, соған пайдалы болса ғана ол капитализмді енгізгендік болар еді. Бірақ бұл олай емес. Кіріптарлықтан және жұмыспен өтеуден азап шегіп отырған деревня кедейлеріне мұның керектігі және пайдалылығы артық болмаса, кем емес. Көбінесе нақ кесінді жерге негізделген крепостниктік кіріптарлықтың зардабын село пролетары село буржуасымен *бірге* көріп отыр. Сондықтан село пролетары бұл кіріптарлықтан *өзімен бірге* село буржуасын да босатпай тұрып, өзін де босата алмайды. Бұған тек Рудин мырзалар және солар сияқты халықшылдармен туыстығын ұмытқан социалист-революционерлер ғана капитализмді «енгізу» деп қарай алады.

Кесінді жерлердің қайтарылуын жүзеге асыру туралы мәселе жөнінде Икс жолдастың пікірі одан да дәлелсіз. Оның Вольск уезі бойынша келтіретін мәліметтері оның өзіне қарсы шығады: имениелердің бестен бір бөлігі дерлік (99-дан 18) бұрынғы иелерінің қолында қалған, яғни кесінді жерлердің тікелей және еш-қандай ақы төлепбей-ақ шаруалардың қолына көшуі мүмкін еді. Имениелердің тағы үштен бірі түгелдей басқа қолға көшкен, яғни бұл арада кесінді жерлерді ірі дворяндардың иелігіндегі жерлердің есебінен сатып алуға тура келер еді. Сөйтіп, 99 жағдайдың 16-сында ғана жерді шаруалардың өздерінен және бөлшектеп са-

тып алған басқа да иелерден сатып алуға тура келер еді. Мұндай жағдайларда кесінді жерлерді қайырып берудің «орындалмастығын» түсінуден біз батыл түрде бас тартамыз. Сол Саратов губерниясы бойынша келтірілген мәліметтерді алайық. Біздің алдымызда ең жаңа мәліметтер — «Саратов губерниясында ауыл шаруашылық өнеркәсібінің мұқтаждары туралы мәселе жайындағы материалдар» (Саратов, 1903 ж.) жатыр. Бұрынғы помещик шаруаларының барлық кесінді жерлерінің көлемі 600 мың десятина немесе 42,7% *. Егер земство статистиктері 1896 жылы кесінді жерлердің мөлшерін уставтық грамоталар және басқа документтер бойынша анықтай алған болса, сол кесінді жерлердің мөлшерін шаруалар комитеттері, айталық, 1906 жылы неге дәлірек анықтамасқа? Егер Вольск уезінің нормасын алып қарасақ, 120 мың десятинаға жуық жерді шаруаларға бірден және ешқандай төлемсіз қайтарып беруге болар еді, одан кейін 200 мың десятинаға жуық жерді басқа қолға көшкен имениелердің құрамынан (дворян жерлерінің есебінен) бірден сатып алуға болар еді, сонда тек қалған біршама жерді сатып алу (дворяндардың иелігіндегі жерлердің есебінен), айырбастау және т. б. біраз қиындау болар еді, бірақ қалай дегенмен де «орындалмастай» қиын болмас еді. Шаруаларға өздерінің 600 мың десятина жерін қайтарып берудің қандай маңызы болатыны, мәселен, Саратов губерниясында 90-жылдардың аяқ шенінде арендаланған барлық жеке меншіктегі жерлер 900 мың десятинадай болғанынан көрініп тұр. Біздің қазіргі уақытта барлық кесінді жер арендаланды деп айтқалы отырмағанымыз, әрине, өзінен-өзі белгілі,— біз тек меншікке қайтарылып берілуге тиісті жердің көлемі мен қазір *барлық жерде бірдей* кіріптарлық және крепостниктік-кіріптарлық шартпен жалға алынып отырған жер көлемінің

* Ескертіп өтейік: жоғарыда аталған статистик жолдастың кесінді жерлер туралы келтірген мәліметтер *тым азайтылып* көрсетілген деген пікірін ең соңғы земство-статистика мәліметтері толық дәлелдейді. *Ол* мәліметтер бойынша Саратов губерниясында кесінді жерлер барлығы 512 мың десятина (=38%). Оның бер жағында 600 мың десятина мөлшері де *кесінді жерлердің нақты көлемінен төмен*, өйткені, біріншіден, бұрынғы помещик шаруаларының барлық қауымдары тегіс қамтылмаған, ал екіншіден, *жарамды жерлер ғана* алынған.

қатынасын айқын көрсеткіміз келеді. Бұл салыстыру кесінді жерлерді қайтарып беру крепостниктік-кіріптарлық қатынастарға қандай қатты соққы беретінін, «шаруалардың» революциялық ынта-жігерінің артуына оның қандай серпін беретінін және,— социал-демократтың тұрғысынан қарағанда бәрінен маңыздысы,— оның село пролетариаты мен шаруа буржуазиясының идеялық және саяси жағынан бөлінуін қаншалықты кең көлемде тездететінін өте айқын дәлелдейді. Өйткені шаруалар комитеттерінің экспроприациялық жұмысының таяудағы және сөзсіз нәтижесі, халықшылдықтың қазіргі эпигондарының көзіне елестеп жүргендей, барлық жерді «жартылай социалистік», «теңгермелік» негізде талап ету арқылы барлық «шаруаларды» біріктіру емес, нақ осы батыл және біржола бөліну болар еді. «Шаруалар» помещиктерге қарсы шыққанда неғұрлым революцияшыл болса, бұл бөлініс соғұрлым тез, соғұрлым терең болады, ол маркстік зерттеудің статистикалық мәліметтерінен тумай, шаруалар буржуазиясының саяси қимылдарынан, шаруалар комитеттерінің ішіндегі партиялар мен таптардың күресінен туар еді.

Және мынаны ескеріңіздер: кесінді жерлерді қайтару талабын қойғанда біз біле-тұра өз мақсатымызды қазіргі құрылыстың шеңберімен шектейміз: егер біз программа-minimum туралы сөз ететін болсақ, егер біз, бір жағынан, кооперацияны, екінші жағынан, социализацияны «бірінші қатарға» ұсынып, дүмшелікпен шектесетін жөнсіз сәуегейлікке түскіміз келмесе, осыны істеуге *міндеттіміз*. Біз өзіміз қоймаған * мәселеге, жа-

* Қазіргі құрылыстың негізінде аграрлық реформа жүргізу туралы мәселені қаншалықты «біз қоймағанымызды», мәселен, мына төмендегі цитаттан көруге болады, мұны біз халықшылдықтың *аса көрнекті* теоретиктерінің бірі В. В. мырзадан және мұның үстіне оның өз қызметінің ең жақсы дәуірінде жазған мақаласынан алып отырмыз («Отечественные Записки»[74], 1882, № 8 және 9). «Қаралып отырған тәртіптер,— деп жазды онда В. В. мырза біздің егіншілігіміздің құрылысы туралы,— бізге крепостниктік праводан мұра болып қалған... Крепостниктік право жойылды, бірақ өзірге заңдық жағынан және кейбір басқа жағынан құлады, ал ауыл шаруашылық тәртіптер бұрынғыша, реформаға дейінгі қалпында қалып қойды... Шаруалар өздеріне кесіліп берілген үлесті жерде ғана кәсіп ете алмады; олардың бөлініп әкетілген жарамды жерлерді қалай да пайдалануы қажет болды... Ұсақ егіншілік кәсіптің дұрыс жүргізілуін қамтамасыз ету үшін шаруаның, ең болмағанда... қалай болса да крепостниктік право кезінде қарамағында болған жерлерін пайдалануына беру керек еді. Бұл — ұсақ мәдениетті егіншілік үшін қойылатын minimum тілектер». Ха-

сырын баспасөзде де, «қоғамда» да, земствода да, бәлкім, тіпті үкіметте де талқыланып жатқан күні ертеңгі реформа туралы мәселеге жауап береміз. Егер біз Россияның реформадан кейінгі күллі тарихы ұсынған осындай өте керекті, бірақ тіпті де социалистік емес мәселеден бойымызды аулақ салған болсақ, анархист немесе жай мылжың болар едік. Біз өзіміз қоймаған осы мәселені социал-демократиялық тұрғыдан *дұрыс* шешуге тиістіміз, барлық либералдық қоғам талап еткен және әрбір есті адам онсыз Россияның саяси азат болуы мүмкін емес деп санайтын аграрлық реформалар жөнінде өз позициямызды анықтап алуға тиістіміз. Сондықтан біз осы либералдық (ғылыми, яғни сөздің маркстік мағынасында либералдық) реформада *өз* позициямызды анықтаймыз, бірақ пролетариаттың таптық сана-сезімін қажымай-талмай және үздіксіз арттырумен қатар нағыз демократиялық қозғалысты қолдау жөніндегі өз принципімізге сөзсіз адал болып қала береміз. Біз үкімет немесе либералдар бүгін-ертең жасағалы отырмаған реформаны жүргізуде өзін қалай ұстауға практикалық бағыт береміз. Біз бұлдыр, адамгершілігі бар Allerwelts *-социализмнің қиялынан туған емес, өмірдің нағыз өзі ұсынған реформаны революциялық қорытындымен шешуге итермелейтін ұран көтереміз.

Икс жолдастың программасы жобасының нақ осындай шалалығы бар. Аграрлық қатынастардың болашақтағы либералдық өзгерістерінде әркім өзін қалай ұстау керек деген мәселеге ешқандай жауап берілмеген. Оның орнына жерді национализациялау талабының на-

---

лықшылдыққа сенген, оны ашық түрде насихаттаған, социалист-революционерлер сияқты лайықсыз түрде жасырынбақ ойнамаған адамдардың мәселе қойысы, міне, осылай. Сондықтан социал-демократия буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық талаптарды маңызына қарай қалай бағалайтын болса, мәселенің бұлай қойылуын солай бағалады. Талаптардың дұрыс және прогресшіл жағын (крепостниктік правоның барлық қалдықтарына қарсы күресу) ол толық қабыл алды, мещандық құрғақ қиялды ысырып тастады, сөйтіп крепостниктік тәртіптің қалдықтарын құрту басқа бір дамуды емес, нақ капиталистік дамуды тазартып, тездететінін көрсетті. Кесінді жерлерді қайтару талабын біз «ұсақ мәдениетті егіншілік үшін» емес, нақ қоғамдық даму, пролетарды шырмаудан босату мақсаттары үшін қоямыз, «ұсақ» *шаруалар буржуазиясының* крепостниктік правоға гана емес, ірі буржуазияға да қарсы күресуіне көмектесуге әсте міндеттенбейміз.

* — жұрттың бәріне қолайлы. *Ред.*

шарлатылған, қарама-қайшы тұжырымын береді (5 және 7-пункттерінде). Қарама-қайшы тұжырым, өйткені рентаны жою біресе салық салу жолымен, біресе жерді қоғамға беру жолымен жобаланады. Нашарлатылған тұжырым, өйткені салық салумен рентаны жоюға болмайды, ал жерді (жалпы айтқанда) *ұсақ* қоғамдық ұйымдардың (қазіргі немесе болашақтағы земство сияқты) емес, демократиялық мемлекеттің қолына берген жөн. Жерді национализациялау талабын біздің программамызға енгізуге қарсы дәлелдер сан рет келтірілді, сондықтан біз ол дәлелдерді қайталап жатпаймыз.

Программаның практикалық бөліміне сегізінші пункттің ешқандай қатысы жоқ, ал 6-пунктті Икс жолдас онда «аграрлық» еш нәрсе қалмайтындай етіп тұжырымдаған. Оның соттарды және аренда төлемінің кемітілуін неліктен жоятыны мәлімсіз болып қала береді.

Бірінші пунктті автор біздің жобамызда айтылғаннан әлдеқайда көмескі тұжырымдайды, ал «ұсақ меншік иелерін қорғау мақсатымен (ұсақ меншікті дамыту мақсатымен емес)» деп қосуы да «аграрлық» емес, дәл емес (жұмысшы жалдайтын ұсақ меншік иесін қорғаудың керегі де жоқ) және басы артық сөз, өйткені біз ұсақ буржуазияның меншігін емес, *өзін* қорғаймыз, біз мұны дәл белгіленген әлеуметтік, финанстық және басқа реформаларды талап ету арқылы істейміз.

1903 ж. июньде — 15(28) июльден ертерек жазылған

1903 ж. июльде мына кітапшада басылған: Икс. Аграрлық программа туралы. Ленин, Н. Программаның біз ұсынған жобасын сынауға жауап. Женева, «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасының» басылымы

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ ПРОГРАММАМЫЗДАҒЫ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Біз партия программасының жобасында, басқасын былай қойғанда, «мемлекет құрамына кіретін барлық ұлттардың өзін өзі билеу правосын тануды» қамтамасыз ететін демократиялық конституциясы бар республиканы талап етуді ұсынғанбыз. Мұндай программалық талап жұрттың көбіне жеткілікті түрде айқын болмаған көрінеді, сондықтан біз 33-номерде, армян социал-демократтарының Манифесі туралы айтқанымызда, бұл пункттің маңызын былайша түсіндіргенбіз. Социал-демократия ұлттардың өзін өзі билеуіне күш жұмсап немесе қандай да болса әділетсіз жолмен сырттан ықпал жүргізуге тырысушылық атаулының бәріне қарсы әрқашан күрес жүргізеді. Бірақ өзін өзі билеу бостандығы жолындағы күресті сөзсіз мойындау бізді ұлттардың өзін өзі билеуі жөніндегі кез келген талаптарын қуаттауға тіпті де міндетті ете алмайды. Социал-демократия, пролетариат партиясы ретінде, халықтар мен ұлттардың өзін өзі билеуіне жәрдемдесуді емес, әрбір ұлттың ішіндегі пролетариаттың өзін өзі билеуіне жәрдемдесуді өзінің басты және игілікті міндеті етіп қояды. Біз барлық ұлттар пролетариатының *мейлінше тығыз* бірігуіне әрқашан және сөзсіз тырысып отыруымыз керек, тек кейбір, ерекше жағдайларда ғана жаңа таптық мемлекет құруды немесе мемлекеттің толық саяси бірлігін одан осалырақ федерациялық бірлікке және т. с. ауыстыруға бейімдейтін талаптарды ұсынып, белсенді түрде қолдай аламыз *.

* Қараңыз: осы том, 109—113-беттер. *Ред.*

Біздің ұлт мәселесі жөніндегі программамызды бұлайша түсіндіру Поляк социалистік партиясы (ППС)[75] тарапынан мейлінше қатты қарсылық тудырды. «Россия социал-демократиясының ұлт мәселесіне көзқарасы» деген мақалада («Przedświt» [76], 1903 ж. март) Поляк социалистік партиясы біздің «ғажайып» өзін өзі билеудің осы «таңданарлық» түсіндірілуіне және «көмескілігіне» ызаланады, бізді доктринер деп те, «анархистік» көзқараста деп те айыптайды, «жұмысшылардың капитализмді мүлдем құртудан басқа еш нәрсемен ісі жоқ» сияқты, «өйткені тіл, ұлт, мәдениет және сондайлар тек буржуазияның ғана ойлап шығарғаны сықылды», т. т. дейді. Ұлт мәселесі жөнінде социалистердің арасында сондайлық дағдылы болып алған, сондайлық етек алған десе боларлық ұғынысп аушылықтардың бетін ашатын бұл дәлелдемелерге толығырақ тоқталған жөн.

Біздің түсіндіруіміз неліктен сондай «таңданарлық»? бұл түсіндіруде неліктен «сөзбе-сөз» мағынасынан шегінушілік бар екені аңғарылады? Ұлттардың өзін өзі билеу *правосын* мойындау қандай ұлттың болса да өзін өзі билеу жөніндегі кез келген талабын *қолдауды* қалайша талап етеді? Барлық азаматтардың ерікті одақ құру *правосын* мойындау біздің, социал-демократтардың, қандай да болса жаңа одақ құрылуын *қолдауымызды* тіпті де міндеттеп отырған жоқ қой, пәлендей жаңа одақ құру идеясының қолайсыздығын және ақылға сыйымсыздығын айтуымызға, оған қарсы үгіт жүргізуімізге тіпті де кедергі келтіріп отырған жоқ қой. Біз тіпті иезуиттардың да еркін үгіт жүргізу *правосын* мойындаймыз, бірақ біз иезуиттар мен пролетарлардың одақтасуына қарсы күресеміз (әрине, полицияша күреспейміз). Сондықтан, «Przedświt»: «егер ерікті түрде өзін өзі билеудің осы талабы сөзбе-сөз түсінілуі керек болса (біз оған осы кезге дейін осындай мән беріп келдік), онда бұл бізді қанағаттандырар еді» деп отырғанда,— онда программаның сөзбе-сөз мағынасынан бас тартып отырған нақ Поляк социалистік партиясының өзі екені айдан анық. Формальдық жағынан алып қара-

ғанда оның қорытындысының қисынсыздығына күмән жоқ.

Бірақ біз өз түсіндіруіміздің формальдық жағынан ғана тексерілуімен шектелгіміз келмейді. Мәселені мәніне қарай, ашық қоялық: социал-демократия ұлт тәуелсіздігін әрқашан да сөзсіз талап етіп отыруы керек пе немесе тек белгілі бір жағдайларда ғана талап ете ме және атап айтқанда қандай жағдайларда талап етеді? Поляк социалистік партиясы бұл мәселені шешкенде әрқашан осыны сөзсіз мойындау керек деп шешін келді, сондықтан «ұлттың өзін өзі билеу правосын толық және сөзсіз мойындауды» («Революционная Россия», № 18, «Ұлттық езгі және революциялық социализм» деген мақала) жақтап, федерациялық мемлекеттік тәртіптерді талап ететін орыс социалист-революционерлеріне Поляк социалистік партиясының ілтипат білдіруі бізді ешбір таңырқата алмайды. Өкінішке орай, мұның өзі социалист-революционер деп аталатындардың партиясы дейтіннің шын жаратылысын жүздеген, мыңдаған рет көрсететін буржуазиялық-демократиялық сылдыр сөздердің бірінен басқа ештеңе де емес. Осы сылдыр сөздердің қызығына түсіп, осы айқай-шуға елігіп, Поляк социалистік партиясы осы арқылы өзінің теориялық сана-сезімінде және саяси қызметінде пролетариаттың тап күресімен байланысының қандай нашар екенін көрсетіп отыр. Ұлттың өзін өзі билеу талабын біз нақ осы күрестің мүдделеріне *бағындыруымыз* керек. Біздің ұлт мәселесін қоюымыздың оны буржуазиялық-демократиялық тұрғыдан қоюдан айырмашылығы да нақ осында. Буржуазияшыл демократ (және соның ізінен ерген қазіргі заманғы социалистік оппортунист те) демократия тап күресін жояды деп ойлайды, сондықтан да өзінің бүкіл саяси талаптарын абстрактілі түрде, бет алды, «сөзсіз», «бүкіл халық» мүдделерінің тұрғысынан немесе тіпті мәңгі адамгершілік принцип-абсолюттің тұрғысынан қояды. Социал-демократ мұндай буржуазиялық құр елесті, мейлі ол дерексіз идеалистік философияда көріне ме немесе ұлт тәуелсіздігін сөзсіз талап етуде бола ма, әрқашан да және қай жерде болса да аяусыз әшкерелейді.

Егер марксистің ұлт тәуелсіздігін талап етуді шартты түрде қоятынын, атап айтқанда, жоғарыда көрсетілген шарттардан басқа жағдайда мойындай алмайтынын тағы да дәлелдеу керек болса, онда біз поляк пролетарларының Польшаның тәуелсіздігін талап етуін маркстік көзқарас тұрғысынан *қорғаған* жазушының сөзін келтірейік. Карл Каутский 1896 жылы «Finis Poloniae?» * деген мақаласында былай деп жазды: «Польша мәселесімен тек поляк пролетариаты шұғылданады екен, ол Польшаның тәуелсіздігін жақтамай тұра алмайды, демек, поляк пролетариаты енді осы бағытта жасалатын әрбір қадамды құттықтамай тұра алмайды, өйткені мұндай қадам күресіп жатқан халықаралық пролетариаттың таптық мүдделерімен жалпы алғанда сәйкес келеді.

Мұндай ескертуді,— дейді одан әрі Каутский,— қалай болғанда да жасау қажет. *Ұлттық тәуелсіздіктің күресуші пролетариатпен байланысы оған сөзсіз, қандай жағдайларда болса да ұмтылуға боларлық пәлендей тығыз байланысты емес* **. Маркс пен Энгельс Италияның бірігуін және оның бостандық алуын асқан батылдықпен қуаттады, бірақ бұл олардың 1859 жылы Италияның Наполеонмен одақтасуына қарсы шығуларына кедергі болған жоқ» («Neue Zeit» [77] XIV, 2, S. 520).

Көріп отырсыздар: Каутский ұлттық тәуелсіздікті *сөзсіз* талап етуге үзілді-кесілді қарсы шығып отыр, мәселені жалпы тарихи негізде ғана емес, нақ таптық негізде қоюды қатты талап етіп отыр. Егер біз поляк мәселесін Маркс пен Энгельстің қалай қойғанына көңіл аударсақ, онда біз мұны олардың да әуел бастан тек осылай қойғанын көреміз. «Жаңа Рейн Газеті» [78] поляк мәселесіне көп орын берді және Польшаның тәуелсіздігін ғана емес, сонымен қатар Польшаның бостандығы үшін Германияның Россиямен соғысуын да батыл талап етті. Алайда, тап сол уақыттың өзінде поляк мәселесін тек қана «масқара әділетсіздік» жөніндегі буржуазиялық-демократиялық сылдыр сөздің жәрдемімен, ешбір тарихи талдау жасамастан шешпекші болып,

---

* — «Польшаның құрығаны ма?». *Ред.*

** Курсив біздікі.

Франкфурт парламентінде [79] Польшаның бостандығын жақтап сөйлеген Ругені Маркс қатты айыптаған болатын. Маркс революциялық тарихи кезеңдерде бәрінен гөрі «айтыстан» қорқатын және революцияны тоқіректеген педанттар мен филистерлердің қатарына жатпайтын. Демократия мен пролетариаттың тұрғысынан қарағанда ұлттық езгі атаулының бәрі және барлық уақытта бірдей тәуелсіздікке заңды талпынушылықты туғыза бермейтінін оңтүстік Францияны солтүстік Францияның езуі тәжірибесінен көрсете отырып, Маркс «адамгершіл» азамат Ругені аяусыз мысқылдаған болатын. Маркс ерекше әлеуметтік жағдайларға сүйенеді; бұл жағдайлардың әсерінен «Польша Россияның, Австрияның және Пруссияның революциялық бөлігіне айналды... Тіпті, бір бөлігі әлі де феодалдық негізде тұрған поляк дворяндары да шекіз ерлікпен демократиялық-аграрлық революцияға қосылды. Германия барып тұрған дөрекі конституциялық және сырты сұлу көпірме философиялық идеологияға малтығып отырған кездің өзінде-ақ Польша европалық демократияның ошағы болды... Біз (немістер) Польшаны езуге жәрдемдесіп отырғанымызда, Польшаның бір бөлігін Германияға байлап қойып отырғанымызда,— Россияға және орыс саясатына өзіміздің басымыз байлаулы болып қала береді, біз өз үйімізде патриархтық-феодалдық абсолютизмнен біржола босана алмаймыз. Демократиялық Польшаны құру — демократиялық Германияны құрудың бірінші шарты» [80].

Бұл сөздерді біз цитат етіп толық келтіріп отырмыз, өйткені бұл сөздер XIX ғасырдың екінші жартысы бойына дерлік поляк мәселесінің халықаралық социал-демократияда қойылуы қандай тарихи жағдайда қалыптасқанын айқын көрсетеді. Содан бергі өзгерген жағдайларға көңіл аудармау, марксизмнің ескі ұйғарындыларын қуаттау дегеніміз марксизм ілімінің рухына емес, әрпіне ғана адал болғандық, жаңа саяси жағдайларды талдауға маркстік зерттеу әдісін пайдалана білмей, бұрынғы қорытындыларды жаттап алып қайталай бергендік болады. Ол кез бен бұл кез,— соңғы буржуазиялық революциялық қозғалыстар заманы мен жанта-

ласқан реакцияның, пролетарлық революция қарсаңында барлық күштердің өте-мөте шиеленісуінің заманы, бұл екеуінің арасындағы айырмашылық өте айқын. *Ол кезде,* атап айтқанда, тұтас Польша революцияшыл болды, тек қана шаруалар емес, дворяндар бұқарасы да революцияшыл болды. Ұлт азаттығы жолындағы күрес дәстүрінің күшті әрі терең болғаны соншалық, Польшаның маңдайалды ұлдары өздерінің отанында жеңіліп қалғаннан кейін де барлық жердегі революцияшыл таптарға жәрдемге барды; Домбровский мен Врублевскийдің есімдері XIX ғасырдағы пролетариаттың аса ұлы қозғалысымен — Париж жұмысшыларының соңғы,— соңғы сәтсіздік шығар деп сенеміз,— көтерілісімен тығыз байланысты. *Ол кезде* Польшаны қалпына келтірмейінше Европада демократияның толық жеңіп шығуы шынында мүмкін емес еді. *Ол кезде* Польша цивилизацияның патша өкіметіне қарсы шын тірегі, демократияның алдыңғы қатарлы отряды болатын. *Қазір* Польшаның билеуші таптары, Германия мен Австриядағы шляхта, Россиядағы өнеркәсіп пен финанс шонжарлары Польшаны езіп отырған елдердегі үстем таптардың жақтаушысы болып жүр, ал бұрынғы революцияшыл Польшаның ұлы дәстүрлерін ерлікпен қабылдаған поляк пролетариатымен бір сапта өз бостандығы жолында неміс пролетариаты мен орыс пролетариаты күресіп жатыр. *Қазір* Европаның саяси дамуын зер сала қадағалап, поляктардың ерлік күресіне толық тілектестік білдіріп отырған көрші елдердегі алдыңғы қатарлы марксизм өкілдері мынаны ашықтан-ашық мойындап отыр: «Қазіргі уақытта Петербург Варшавадан анағұрлым маңызды революциялық орталыққа айналды, орыс революциялық қозғалысының халықаралық маңызы поляк қозғалысының маңызынан осы күннің өзінде анағұрлым зор». Поляк социал-демократтарының программасында Польшаны қалпына келтіруді талап етуге болатынын қорғай келіп, 1896 жылдың өзінде-ақ Каутский осылай деген болатын. Ал поляк мәселесінің 1848 жылдан бастап осы күнге дейінгі эволюциясын зерттей келіп, 1902 жылы Меринг мынадай қорытындыға келді: «Егер үстем таптардың өздері мүлдем естігісі келмей

отырған жағдайды — поляктың таптық мемлекетін қайта орнатуды поляк пролетариаты өзінің туына жазуды тілесе, онда ол тарихи күлдіргі комедияны ойнап шыққан болар еді: дәулетті таптарда ондай оқиғалар болып тұрады (мысалы, 1791 жылы поляк дворяндарының басында болған сияқты), бірақ жұмысшы табы мұншалықты құлдырамауға тиіс. Егер араларында ұлттық үгітке әлі де белгілі дәрежеде үн қосатындары бар интеллигенция мен ұсақ буржуазияның топтарын пролетариат үгітінің жағына тарту үшін осы реакциялық утопия жарық дүниеге шығарылып отырған болса, онда бұл утопияны жұмысшы табының түбегейлі мүдделерін болмашы және арзан қолды уақытша табыстарға құрбан ететін оңбаған оппортунизмнің көрінісі ретінде екі есе айыптауға болады.

Бұл мүдделер поляк жұмысшыларының Польшаны бөліп алған үш мемлекеттің барлығында да табы бір жолдастарымен, ешбір теріс пиғыл ойламай, тізе қосып күресуін мейлінше қатты талап етеді. Буржуазиялық революция еркін Польша құра алатындай заман өткен; қазіргі уақытта осы заманғы пролетариаттың өз бұғауларын талқандайтын әлеуметтік революция арқылы ғана Польшаны қайта өркендетуге болады».

Мерингтің мұндай қорытындысына біз толығынан қол қоямыз. Тек қана дәлелдемеде біз Мерингтей тым алысқа ұзамаған жағдайда да бұл қорытындының мінсіз дұрыс болып қалатынын ескертеміз. Поляк мәселесінің қазіргі жағдайы мұнан 50 жыл бұрын болған жағдайдан мүлде өзгеше екеніне күмән жоқ. Бірақ бұл қазіргі жағдайды мәңгілік деп санауға болмайды. Қазір таптық антагонизмнің ұлт мәселелерін әлдеқайда кейінге ығыстырып тастағаны күмәнсыз, бірақ доктринерлікке ұшырауға тәуекел етпейінше, саяси драма авансценасында және белгілі бір ұлт мәселесінде уақытша шығуы мүмкін емес деп үзілді-кесілді айтуға болмайды. Капитализм құлағанға дейін Польшаны қалпына келтіру ешбір мүмкін емес екені күмәнсыз, бірақ бұл мүлдем мүмкін емес, белгілі бір әрекеттер тұсында поляк буржуазиясы тәуелсіздіктің жағына шыға алмайды және т. б. деп айтуға болмайды. Сондықтан орыс социал-

демократиясы өз қолын өзі байлап отырмайды. Орыс социал-демократиясы өзінің программасында ұлттардың өзін өзі билеу правосын мойындауды қойғанда *барлық* мүмкіндіктермен, тіпті жалпы *ақылға сыйымды* эрекеттердің бәрімен де есептеседі. Бұл программа ерікті және тәуелсіз поляк республикасын құрудың социализмге дейін жүзеге асу мүмкіндігі мүлдем болмашы болса да, мұны поляк пролетариатының өздерінің ұраны етіп қоюын теріс деп таппайды. Бұл программа нағыз социалистік партияның пролетариаттың сана-сезімін аздырмауын, тап күресін көмескілемеуін, жұмысшы табын буржуазиялық-демократиялық сылдыр сөздермен қызықтырып алдамауын, пролетариаттың қазіргі саяси күресінің бірлігін бұзбауын ғана талап етеді. Біз өзін өзі билеуді тек осы шарттармен ғана мойындаймыз, әңгіменің барлық маңызы осында. Поляк социалистік партиясының неміс немесе орыс социал-демократтары ұлттардың өзін өзі билеу правосына, тәуелсіз ерікті республикаға талпыну правосына қарсы, бізді олардан бөлетін жағдай осы деп түсіндірмек болуы бекершілік. Бізге Поляк социалистік партиясын нағыз социал-демократиялық жұмысшы партиясы деп есептеуге мүмкіндік бермей отырған бұл емес, оның таптық көзқарасты ұмытқандығы, оны шовинизммен көмескілеуі, болып жатқан саяси күрестің бірлігін бұзуы. Мәселен, Поляк социалистік партиясы әдетте мәселені былай қояды: «...біз Польшаны бөліп әкетумен патша өкіметін тек әлсірете аламыз, ал ол өкіметті орыс жолдастар құлатуға тиіс». Немесе тағы да: «...самодержавиені құлатқан соң, біз өз тағдырымызды өзіміз шешер едік, Россиядан бөлінер едік». Қараңыздаршы, тіпті Польшаны қалпына келтіру жөніндегі программалық талаптың тұрғысынан қарағанның өзінде де бұл сорақы логика қандай сорақы қорытындыларға әкеліп соғады. Демократиялық эволюцияның ықтимал (бірақ буржуазия үстемдігі тұсында, сірә, сөзсіз қамтамасыз етілмеген) нәтижелерінің бірі Польшаның қалпына келтірілуі *болғандықтан,* поляк пролетариаты орыс пролетариатымен бірігіп патша өкіметін құлату жолында күресуге тиіс емес, «тек қана» Польшаны бөліп әкету жолымен оны әлсі-

рету үшін күресуге тиіс көрінеді. Поляк пролетариаты қазір орыс, неміс және басқа ел пролетариатымен бірлесіп *бір ғана* езгіге қарсы күресіп отырғанда, орыстың патша өкіметі неміс, австрия және т. б. ел буржуазиясымен және үкіметтерімен барған сайын тығыз одақ жасап отыр, *сондықтан* поляк пролетариаты әлгі елдердің пролетариатымен одағын әлсіретуге тиіс көрінеді. Бұл — пролетариаттың нағыз көкейтесті мүдделерін ұлт тәуелсіздігін буржуазиялық-демократиялық тұрғыдан ұғынуға құрбан етуден басқа еш нәрсе де емес. Экономикалық даму бір саяси тұтас нәрсенің әр түрлі бөліктерін тығыз топтастырып отырғанда, барлық елдердің буржуазиясы өздерінің ортақ жауы — пролетариатқа қарсы, өздерінің ортақ одақтасы — патшаны жақтап барған сайын тығыз бірігіп отырғанда, самодержавиені құлату жөніндегі біздің мақсатымыздан *өзгеше* мақсат көздеп, Поляк социалистік партиясының Россияны ыдыратуға тырысуы жай құрғақ сөз болып қалып отыр және солай болып қала да бермек. Ал оның есесіне, осы самодержавиенің езгісінен азап көріп отырған *пролетариат күштерінің ыдырауы* өкінішті шындық болып отыр, Поляк социалистік партиясы қателерінің тікелей нәтижесі, оның буржуазиялық-демократиялық формуланың алдында бас июінің тікелей нәтижесі болып отыр. Пролетариаттың бұл ыдырауына көзді жұмып қарау үшін Поляк социалистік партиясының шовинизмге дейін құлдырауына тура келеді, орыс социал-демократтарының көзқарасын, мысалы, мына түрде баяндауына тура келеді: «біз (поляктар) әлеуметтік революцияны күтуіміз керек, ал ол уақытқа дейін ұлттық езгіге шыдап бағуымыз керек». Бұл мүлдем дұрыс емес. Орыс социал-демократтары ешқашан да мұндай кеңес берген жоқ, қайта олардың өздері Россиядағы ұлттық езгінің қандайына болса да қарсы күреседі және бүкіл орыс пролетариатын осы күреске шақырады, олар *өздерінің* программасына тек тілдің, ұлттың және басқалардың толық тең праволылығын ғана емес, әрбір ұлттың өз тағдырын өзі шешу правосын мойындауды да қойып отыр. Егер біз осы правоны мойындай отырып, ұлт тәуелсіздігі талаптарын қол-

дауымызды пролетариат күресінің мүддесіне *бағындырып отырған болсақ,* біздің позициямызды орыстың бұратаналарға сенбеушілігі деп тек шовинист қана айта алады, өйткені, шындығында, бұл позиция қалайда саналы пролетардың буржуазияға сенбеушілігінен туууы тиіс. Поляк социалистік партиясы ұлт мәселесін, «біз» (поляктар), «олар» (немістер, орыстар, тағы басқалар) деп қарама-қарсы қоюмен *бітеді* деп қарайды. Ал социал-демократ бірінші орынға: «біз» — пролетарлар, «олар» — буржуазия деген қарама-қарсылықты қояды. Революцияшыл пролетариатпен бетпе-бет келгенде бостандықтың, отанның, тілдің және ұлттың мүдделерін буржуазияның *сатып кеткенін* «біз», пролетарлар, онДаған рет көргенбіз. Француз ұлты аса күшті езгі көріп, аса күшті қорлыққа тап болған кезінде француз буржуазиясының пруссактарға сатылып кеткенін, ұлттық қорғаныс үкіметінің халыққа опасыздық жасаушы үкіметке айналғанын, өкімет билігіне қол созуға батылы барған отандас-пролетарларын басып жаныштау үшін езілуші ұлттың буржуазиясы езуші ұлттың солдаттарын жәрдемге шақырғанын біз көргенбіз. Міне, сондықтан да біз шовинистік және оппортунистік байбаламдардан ешбір тайсалмастан, поляк жұмысшысына әрқашан да мынаны айтамыз: орыс пролетариатымен мейлінше толық, мейлінше тығыз одақтасу ғана самодержавиеге қарсы осы кезеңдегі, осы күнгі саяси күрестің талаптарын қанағаттандыра алады, тек осындай одақ қана толық саяси және экономикалық азаттық алуға кепілдік береді.

Поляк мәселесі туралы біздің айтқанымыздың бәрін ұлт мәселесінің қай-қайсысына болса да толығынан қолдануға болады. Самодержавиенің қарғыс атқан тарихы осы самодержавиенің өзі езіп отырған әр алуан халықтардың жұмысшы таптарының бір-бірінен өте-мөте *оқшаулануын* бізге мирас етіп қалдырды. Мұндай оқшаулану — самодержавиеге қарсы күресте ең үлкен қырсық, аса зор кедергі, сондықтан бұл қырсықты біз заңдандырмауға тиіспіз, мұндай сорақылықты партиялық дербестіктің немесе партиялық «федерацияның» ешқандай «принциптерімен» ақтамауға тиіспіз. Әрине,

ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүріп, әркім «сен тимесең, мен тимен» дегендей, күнелтіп жүре беру әрі жеңіл, әрі оңай, Бундтың да қазір осылай күнелткісі келеді. Біз бірліктің қажеттілігін неғұрлым көбірек түсінсек, толық бірліксіз самодержавиеге жалпы тегеурін көрсету мүмкін емес екеніне неғұрлым толығырақ сенсек, біздің саяси тәртіптер тұсында күресті бір орталыққа бағындыра ұйымдастырудың міндеттілігі неғұрлым айқын көрінсе,— мәселені тек сыртынан қарағанда «жай», бірақ шын мәнінде мейлінше жалған етіп шешумен қанағаттануға соғұрлым азырақ бой ұратын боламыз. Егер оқшауланудың зияндылығын түсінушілік болмаса, егер пролетарлық партия лагеріндегі бұл оқшаулануды қалай да және батыл құртуға ынта болмаса,— онда «федерация» деп көлгірсу де керек емес, онда бір «жақ» шынында да шешкісі келмей отырған мәселені шешуге кірісудің де қажеті жоқ, онда самодержавие езіп-жаншып отырған әрбір халықтың пролетарларының сол самодержавиеге қарсы және барған сайын тығызырақ бірігіп отырған халықаралық буржуазияға қарсы күресінің нәтижелі болуы үшін централизмнің қажеттілігіне сендіруді өмір тәжірибесі мен шынайы қозғалыс тағлымының сыбағасына қалдырғанымыз жөн.

«Искра» № 44, 15 июль, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП II СЪЕЗІНЕ АРНАЛҒАН ҚАРАРЛАРДЫҢ ЖОБАЛАРЫ [81]

1903 ж. июньде — кеш
дегенде 17(30) июльде жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің
VI жинағында басылған; оқушы
жастарға көзқарас туралы
қарардың жобасы — 1904 ж.
«РСДРП-ның кезекті екінші съезі.
Протоколдардың толық тексті»
деген кітапта басылған. Женева,
Орталық Комитет басылымы

Қолжазба бойынша
басылып отыр

1

БУНДТЫҢ РСДРП-дағы ОРНЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Бунд

Күресіп жатқан пролетариаттың ең толық және ең берік бірлігі оның түбегейлі мақсатына тезірек жету мүдделері үшін де, қазіргі қоғамның өзінде саяси және экономикалық күресті ұдайы жүргізу мүдделері үшін де сөзсіз керек екенін еске ала отырып;

— атап айтқанда, еврей және еврей емес пролетариаттың толық бірлігі оның үстіне үкімет пен қанаушы таптар жексұрындықпен қоздырып отырған нәсіл ерекшелігінің және ұлт алакөздігінің белгісі болып табылатын антисемитизмге қарсы ойдағыдай күрес жүргізу үшін де керек екенін еске ала отырып;

— еврей және еврей емес пролетариаттың социал-демократиялық ұйымдарының толық қосылуы қай тілде болса да насихат пен үгіт жүргізуде, белгілі бір жергілікті және ұлттық қозғалыстың тілегіне сай әдебиет шығаруда, толық тең праволылық және толық тіл бостандығы, ұлт мәдениетінің және тағысын тағылардың толық бостандығы туралы социал-демократиялық программаның жалпы және негізгі ережелерін қолдағандық, дамытқандық болатындай етіп үгіт ұрандарын көтеріп, қолма-қол саяси күрес жүргізуде еврей жолдастарымыздың дербестігіне ешқандай және ешбір қысым жасамайтынын еске ала отырып;

— съезд Россиялық партия құрудың федерациялық принципіне үзілді-кесілді қарсы шығады және 1898 ж. уставтың негізіне алынған ұйымдық принципті, яғни ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың мынадай істер жөнінен автономиясын қуаттайды, ол істер...*

* Осы арада қолжазба үзіледі. *Ред.*

2

ЭКОНОМИКАЛЫҚ КҮРЕС ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Экономикалық күрес

Съезд жұмысшылардың экономикалық күресін және олардың кәсіпшілік (ең алдымен жалпы орыстық) одақтарын әрқашанда барлық шаралармен қолдап, дамытуды, Россиядағы экономикалық күрес пен жұмысшылардың кәсіпшілік қозғалысының социал-демократиялық сипатын әуел бастан-ақ баянды етуді сөзсіз керек деп таниды.

3

1 МАЙ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

1 Май

Съезд Бірінші майдың мейрамдалуы қазірдің өзінде әдетке айналғанын қуаттайды, пролетариаттың азаттық күресінің халықаралық мейрамын мерекелеудің біздің жағдайымыздағы ең қолайлы уақыты мен әдісін таңдай білуге партияның барлық ұйымдарының назарын аударады.

4

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСС ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Халықаралық конгресс

Съезд халықаралық социалистік секретариатта Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясынан өкіл болуды Плеханов жолдасқа тапсырады (Плеханов пен Кричевскийдің бірлесіп өкіл болуы туралы Париж қаулысының орнына [82]).

Съезд Орталық Орган редакциясына және Орталық Комитетке олардың өзара келісуі бойынша (немесе партия Советінің шешімі бойынша) 1904 ж. Амстердамда болатын халықаралық социалистік конгреске Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясынан өкілдер жіберілуін ұйымдастыруды тапсырады.

5

ДЕМОНСТРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Демонстрациялар

Съезд самодержавиеге қарсы ашық демонстрациялар жасауды жұмысшылар бұқарасына саяси тәрбие берудің өте маңызды құралы деп санайды. Съезд сонымен бірге мынаны ұсынады: біріншіден, патша өкіметінің қандай да болса жүгенсіздігі халықтың өте-мөте қалың топтарының қатты ашу-ызасын туғызған кезеңдер мен жағдайларды демонстрациялар жасауға барынша пайдалануға тырысу керек; екіншіден, демонстрацияларға жұмысшы табының қалың *бұқарасын* қатыстыруға және демонстрацияларға әзірлену жөнінде де, демонстрация кезінде басқару ісі жөнінде де, демонстранттардың әскерге және полицияға тойтарыс беруіне басшылық ету жөнінде де демонстрацияларды мүмкіндігінше жақсы *ұйымдастыруға* бәрінен де гөрі көбірек күш жұмсау қажет; үшіншіден, қарулы демонстрациялар жасауға әзірлік жұмысын бастау және бұл жұмысты Орталық Комитеттің нұсқауларына толық сәйкес жүргізу керек.

Сонымен бірге съезд партияның барлық комитеттері мен басқа да ұйымдарына қарулы көтеріліске әзірлену туралы мәселені барлық жағынан талқыға салуды және көтерілістің керектігіне, оның болмай қоймайтындығына жұмысшылар бұқарасы арасында сенім тудыруға барынша күш жұмсауды ұсынады. Көтеріліске әзірлену жөнінде қазірдің өзінде-ақ істеуге болатын практикалық шараларды съезд тек қана және түгелдей Орталық Комитетке жүктейді.

6

ТЕРРОР ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Террор

Съезд террорды, яғни саяси тұрғыдан жекелеген кісі өлтірушілікті қазіргі уақытта өте-мөте қолайсыз, ең таңдаулы күштерді өте маңызды әрі аса қажет ұйымдастыру және үгіт жұмысынан алаңдататын, халықтың революцияшыл таптары бұқарасы мен революционерлердің байланысын бұзатын, революционерлердің өз арасында да, жалпы халықтың арасында да самодержавиеге қарсы күрестің міндеттері мен әдістері туралы теріс ұғым туғызатын саяси күрес әдісі деп тауып, үзілді-кесілді теріске шығарады.

7

НАСИХАТ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Насихат

Съезд насихатшылардың теориялық дәрежесін арттырудың және насихат жұмысын біріктіру үшін жүріп тұратын жалпы орыстық лекторлар топтарын құрудың маңыздылығына барлық партия мүшелерінің назарын аударады.

8

ОҚУШЫ ЖАСТАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ [83]

Оқушылар

Съезд оқушы жастардың арасында революциялық іс-әрекеттің жандануын құттықтайды, партияның барлық ұйымдарына осы жастардың ұйымдасуға талпынған талабына барынша көмек көрсетуді тапсырады және оқушылардың барлық ұйымдарына, топтары мен үйірмелеріне мыналарды ұсынады: 1-ден, бір жағынан, өз мүшелері арасында біртұтас және дәйекті революциялық дүние танымды қалыптастыру, марксизммен шындап таныстыру, ал, екінші жағынан, қазіргі күресіп жатқан алдыңғы қатарлы бағыттардың арасындағы негізгі ағымдар саналатын орыс халықшылдығымен және батыс европалық оппортунизммен мықтап таныстыру өз жұмысында бірінші кезекке қойылсын; 2-ден, революциялық немесе идеалистік құр сылдыр сөзбен, революциялық және оппозициялық бағыттардың арасындағы қызу да қатты айтыстың зияндылығы, керексіздігі жайындағы филистерлік уайымшылдығымен жастарды байсалды революциялық тәрбие алудан алаңдататын жастардың жалған достарынан сақ болу керек, өйткені бұл жалған достар іс жүзінде революциялық жұмысқа принципсіздікті, жеңіл-желпі қарауды ғана таратады; 3-ден, социал-демократиялық ұйымдардың нұсқауларымен пайдаланып, жұмыста әуел бастан-ақ үлкен қателерден мүмкіндігінше аулақ болу үшін практикалық жұмысқа кірісерде олармен алдын ала байланыс жасауға тырысу керек.

9

КҮШТЕРДІ БӨЛУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Күштерді бөлу

Съезд шетелден Россияға немесе айдаудан босап қызмет орнына бара жатқан барлық жолдастарға, әсіресе, егер олардың белгілі бір комитетпен әбден берік байланысы болмаса, Орталық Комитеттің революциялық күштерді Россия бойынша дұрыс және уақытында бөліп отыруы үшін оларға Орталық Комитетпен немесе оның агенттерімен күн ілгері хабарласып алуды ұсынады.

10

ПАРТИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Әдебиет

Съезд халықтың барлық топтары үшін, әсіресе жұмысшы табы бұқарасы үшін көпшілікке түсінікті социал-демократиялық әдебиет шығару сөзсіз және өте-мөте керекті іс деп таниды.

Партия программасының әрбір (теориялық және практикалық) пункті жөнінде бұл пункттердің маңызы егжей-тегжейлі баяндалып, түсіндірілетін бірқатар кітапшалар (1—5 баспа табақ),—ал одан соң қалалар мен деревняларда жаппай тарату және үлестіріп беру үшін сол тақырыптарға бірқатар листовкалар (1—8 беттен) жазуды съезд бірінші кезекке қояды. Съезд Орталық Органның редакциясына осы міндетті орындауға барлық шараларды дереу қолдануды жүктейді.

Халық үшін немесе жұмысшы табының қалың топтары үшін ерекше, жұртқа түсінікті газет шығаруға келетін болсақ, съезд бұл жоспарды принцип жүзінде теріске шығармайды, бірақ оны дереу жүзеге асыруға мезгіл жеткен жоқ деп санайды.

РСДРП УСТАВЫНЫҢ ЖОБАСЫ [84]

1. Партияның мүшесі болып оның программасын танитын және материалдық қаражатпен де, партия ұйымдарының біріне өзінің қатынасуымен де партияны қолдайтын әрбір адам саналады.

2. Партияның жоғарғы органы — партия съезі. Оны Орталық Комитет шақырады (мүмкіндігіне қарай екі жылда кемінде бір рет). Егер соңғы съезде бәрі бірігіп барлық дауыстың $^1/_3$-не ие болған партия комитеттері немесе партия комитеттерінің одақтары талап етсе, не болмаса партия Советі талап етсе, Орталық Комитет съезд шақыруға міндетті. Съезд қарсаңында іс жүзінде бар (правоға ие) барлық партия комитеттерінің $^1/_2$ бөлігінен артығы қатысса, съезд толық күшіндегі съезд болып саналады.

3. Съезге өкіл жіберетіндер: а) Орталық Комитет, б) Орталық Органның редакциясы, в) айрықша одақтарға кірмейтін барлық жергілікті комитеттер, г) партия таныған барлық комитеттердің одақтары, д) Шетелдік лига. Аталған ұйымдардың әрқайсысының съезде екі-екіден шешуші даусы болады. Жаңа комитеттер мен комитеттердің одақтары съезден кемінде $^1/_2$ жыл бұрын бекітілген жағдайда ғана съезге өкілдік ала алады.

4. Партия съезі Орталық Комитетті, Орталық Орган редакциясын және партия Советін тағайындайды.

5. Орталық Комитет партияның бүкіл практикалық қызметін біріктіріп, оған бағыт беріп отырады және

партияның орталық кассасын, сол сияқты жалпы партиялық техникалық жұмыс мекемелерінің бәрін басқарады. Ол партияның түрлі ұйымдары мен мекемелерінің арасындағы, сол сияқты бұлардың ішіндегі тартыстарды да шешіп отырады.

6. Орталық Органның редакциясы партияға идеялық басшылық етеді, партияның Орталық Органын, ғылыми органды және жеке кітапшаларды редакциялайды.

7. Партия Советін Орталық Орган мен Орталық Комитетке мүше бес адамнан съезд тағайындайды. Совет жалпы ұйымдық және тактикалық мәселелер жөнінде Орталық Орган редакциясы мен Орталық Комитеттің арасындағы талас немесе алауыздық жайындағы істерді шешеді. Орталық Комитет толық сәтсіздікке ұшыраған жағдайда партия Советі оны қайтадан құрады.

8. Жаңа комитеттер мен комитеттердің одақтарын Орталық Комитет бекітеді. Партия таныған әрбір комитет, одақ, ұйым немесе топ арнайы және тек қана белгілі жерге, белгілі ауданға, белгілі ұлттық қозғалысқа қатысы бар немесе сол топқа айрықша тапсырылған міндетке қатысы бар істерді басқарады, бірақ Орталық Комитет пен Орталық Органның қаулыларына бағынуға және Орталық Комитет белгілеген мөлшерде партияның орталық кассасына қаржы беріп тұруға міндеттенеді.

9. Партияның әрбір мүшесі және партиямен қандай да болса ісі бар әрбір адам өз арызының түпнұсқа түрінде Орталық Комитетке немесе Орталық Органға немесе партия съезіне жеткізілуін талап етуге праволы.

10. Өзінің барлық жұмысымен және бүкіл адам құрамымен танысуы үшін әрбір партия ұйымы керекті құралдардың бәрін Орталық Комитетке де, Орталық Орган редакциясына да жеткізіп беруге міндетті.

11. Барлық партия ұйымдары және партияның барлық коллегиялы мекемелері істі жай көпшілік дауыспен шешеді және кооптациялауға праволы. Жаңа мүшелерді кооптациялау және мүшеліктен шығару үшін дауыстың $^2/_3$ бөлігі керек.

12. «Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» мақсаты — шетелде насихат және

үгіт жүргізу, сонымен қатар орыс қозғалысына көмектесу. Лига комитеттерге берілген барлық праволармен пайдаланады; мұндағы айырмашылық тек мынау: орыс қозғалысына көмектескенде лига Орталық Комитеттің айрықша тағайындаған адамдары немесе топтары арқылы ғана көмектеседі.

1903 ж. июньнің аяғы — июльдің басында жазылған

1904 ж. мына кітапта басылған: «РСДРП-ның кезекті екінші съезі. Протоколдардың толық тексті». Женева, Орталық Комитет басылымы

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

РСДРП II СЪЕЗІ[86]

17(30) ИЮЛЬ—10(23) АВГУСТ, 1903 ж.

Сөйленген сөздер, партия уставы жобасының 12-параграфына қосымша және сектанттар үшін орган шығару туралы қарардың жобасы 1904 ж. мына кітапта басылған: «РСДРП-ның кезекті екінші съезі. Протоколдардың толық тексті». Женева, Орталық Комитет басылымы

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр; документтердің бір бөлегі қолжазба бойынша басылып отыр

1

СЪЕЗДІҢ ТАЛҚЫЛАУЫНА ЖАТАТЫН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ТІЗІМІ ҚАРАЛҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР [86]

17 (30) июль

1

Жоспар бойынша программа туралы мәселе екінші орынға қойылған. Ұлт мәселесі программаға кіреді, сондықтан программаны талқылаған кезде шешіледі. Жалпы алғанда аудандық және ұлттық ұйымдар туралы мәселе — ұйымдастыру мәселесі. Ал ұлттарға көзқарас туралы мәселе, атап айтқанда, тактикалық мәселе және жалпы принциптерімізді практикалық қызметке қолдану болып табылады.

2

Тізімнің бірінші пунктінің Бундтың ұйымына арнайы қатысы бар. Ал алтыншы пункт партияны ұйымдастыруға қатысты. Жергілікті, аудандық, ұлттық және басқа ұйымдарға көзқарас жөнінде жалпы заңның белгілеуі бойынша арнаулы сұрақ туады: атап айтқанда, қандай ұйымдар және қандай шарттармен партияға тартылады?

2

СЪЕЗДІҢ КҮН ТӘРТІБІ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР [87]

18 (31) июль

1

Менің бір ескерту жасағым келеді. Бунд туралы мәселені бірінші орынға қою дұрыс емес, өйткені бірінші орында баяндамалар, екінші орында программа, ал үшінші орында Бунд болуға тиіс деседі. Бұл тәртіпті жақтайтын пікірлер сын көтермейді. Бұл пікірлердің мәнісі — тұтас алғанда партия программа туралы әлі келісімге келмеді деуде: нақ программа туралы мәселе жөнінде біздің пікірлерімізде алалық болуы мүмкін. Бұл сөздерге мен таң қалдым. Рас, қазір бізде қабылданған программа жоқ, бірақ программа туралы мәселе жөнінде бөліну болады деп болжау — барып тұрған құрғақ жорамал. Мәселе соңғы уақытта партияның пікірлерін мейлінше толық білдіріп отырған партиялық әдебиет жайында болса, партия ішінде ондай ағымдар байқалған емес. Бунд туралы мәселені бірінші орынға қоюға ресми дәлелдер де, моральдық дәлелдер де бар. Ресми жағынан біз 1898 жылғы Манифестің негізін жақтап отырмыз, ал Бунд біздің партиямыздың ұйымын түбегейлі өзгертуге тілек білдірді. Моральдық жағынан көптеген басқа ұйымдар бұл мәселе жөнінде Бундпен келіспейтінін білдірді; сонымен, тіпті айтыс тудырған қатты алауыздықтар пайда болды. Сондықтан, осы алауыздықтарды жоймайынша, съездің ынтымақты жұмысқа кірісуіне болмайды. Делегаттардың баяндамаларына келетін болсақ, ол баяндамалардың іп

plеno * мүлдем оқылмауы да мүмкін. Сондықтан мен Ұйымдастыру комитеті мақұлдаған мәселелер тәртібін қолдаймын.

2

Съезд біздің күн тәртібіміздің *бірінші* пункті туралы мәселені шешкеннен кейін бұдан кейінгі пункттердің тәртібі жөніндегі бір ғана *даулы* мәселе — үшінші пункт туралы мәселе. Бұл пунктте: «Партияның Орталық Органын құру немесе оны бекіту» делінген. Кейбір жолдастар бұл пунктті әрірек ығыстырған жөн, өйткені, біріншіден, жалпы алғанда партияны, соның ішінде оның орталығын құру туралы және т. с. мәселелер шешілмей тұрып, Орталық Орган жайында сөз етуге болмайды, екіншіден, бұл мәселенің мазмұны жөнінде көп комитеттер пікірін айтып та үлгірді дейді. Мен соңғы дәлелді дұрыс емес деп табамын, өйткені комитеттердің мәлімдемелері съезд үшін міндетті емес және ресми жағынан съезде шешуші даусы жоқ. Екінші қарсылық дұрыс емес, өйткені ұйымдастыру тетіктері туралы, партияның уставы және басқалары туралы мәселені шешіп алмастан бұрын орыс социал-демократиясының бағыты туралы мәселені біржола шешіп алу керек. Нақ осы мәселе жөнінде ұзақ уақыт біздің арамыз ашылып келді, сондықтан бұл мәселе жөнінде біздің *арамызды ашатын* алауыздықтардың бәрін программаны бекітумен ғана жоюға болмайды: бұған программа туралы мәселеден кейін іле-шала партияның қандай Орталық Органын жаңадан құруға тиістіміз немесе нақ қандай ескі органды белгілі өзгерістермен бекітуге тиістіміз деген мәселені дереу шешу арқылы *ғана* жетуге болады.

Міне, сондықтан да мен Ұйымдастыру комитеті бекіткен күн тәртібін қолдаймын.

Қолжазбамен салыстырылған

---

* — толық құрамында, пленумда. *Ред.*

3

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ ІСТЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР[88]

18 (31) июль

1

Мен Егоров жолдаспен келісе алмаймын. Съездің уставын бұзған нақ сол, императивтік мандаттар туралы пунктті[89] теріс деп отырған нақ сол. Мен «Искра» ұйымының өмір сүріп отырғанына күмәнданбағаным сияқты, Ұйымдастыру комитетінің өмір сүріп отырғанына да күмәнданбаймын. «Искраның» да өз ұйымы мен өз уставы бар. Бірақ, съездің уставы баяндалған соң-ақ, «Искра» тарапынан оның делегаттарына съезде олардың әрекет жасауға толық еріктері бар деп мәлімденді. Күні кеше Ұйымдастыру комитетінің екі мүшесінің, Штейн мен Павлович жолдастардың, ұсынысын тыңдаған, ал бүгін мүлдем жаңа ұсынысты тыңдап отырған біздің, съезд құрамын тексеру жөніндегі комиссия мүшелерінің, жағдайы қандай болмақ. Мұнда халықаралық конгрестерге талай қатынасқан тәжірибелі жолдастар бар. Адамдардың комиссияда бір түрлі сөйлеп, съезде басқаша сөйлегені сияқты оқиғаның әрқашан қандай кернеген ыза тудырғанын бұл жолдастардың бәрі сіздерге айтып бере алар еді.

2

Ұйымдастыру комитетінің жиналыс жасауына болады, бірақ съездің ісіне ықпал ететін коллегия ретінде жиналыс жасауына болмайды. Ұйымдастыру комитетінің практикалық қызметі тоқталмайды, оның съезге комиссиядан тыс ықпал етуі ғана тоқталады.

4

ПОЛЯК СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ СЪЕЗГЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР [90]

18 (31) ИЮЛЬ

1

Комиссия өзінің баяндамасында поляк жолдастардың съезге қатысуын, қатысқанда кеңесші дауыс правосымен қатысуын қажетті деп табады. Меніңше, бұл әбден дұрыс, сондықтан, менің байқауымша, комиссияның қарарын нақ осы мәлімдемеден бастау әбден лайықты болады. Латыштар мен литвандардың қатысуы да өте қажетті болар еді, бірақ, амал не, мұны жүзеге асыру мүмкін емес. Поляк жолдастар бірігу жөніндегі өз шарттарын әрқашан айта алатын еді, бірақ олар мұны істемеді. Сондықтан Ұйымдастыру комитетінің бұларға ұстамды қарауы дұрыс болды. Поляк социал-демократиясының осында оқылған хаты мәселені тағы да анықтап отырған жоқ. Осы себептен, поляк жолдастарды мейман ретінде шақыруды ұсынамын.

2

Мен шақыруға қарсы орынды айтылған дәлелдерді көрмей тұрмын. Ұйымдастыру комитеті поляк жолдастарды орыстармен жақындастыру жөнінде бірінші адым жасады. Оларды съезге шақырсақ, біз бұл жолда екінші адым жасаймыз. Мен бұдан ешқандай шиеленіс көрмей тұрмын.

5

БУНДТЫҢ РСДРП-дағы ОРНЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

20 ИЮЛЬ (2 АВГУСТ)

Мен ең алдымен Гофманның сөзіне және оның «тұтас көпшілік» [91] дегеніне тоқтаймын. Гофман жолдас бұл сөздерді айтқанда кінә таға сөйлейді. Меніңше, съезде тұтас көпшілік болып отырғанына біз ұялмауымыз керек, қайта мақтануымыз керек. Егер біздің партиямыз түгелдей тұтас және ең тұтас 90 процент көпшілік болса, тіпті де қуана түсеміз. (Қол шапалақтау.) Бундтың партия ішіндегі орны туралы мәселені бірінші орынға қойып, көпшілік дұрыс істеді: мұның дұрыстығын бундшылдар сол сәтте-ақ дәлелдеді, олар өздерінің устав дейтінін енгізді, ал шынында *федерацияны* ұсынды[92]. Партияның ішінде федерацияны ұсынатын мүшелер мен оны қабылдамай тастайтын мүшелер бар екен, онда Бунд туралы мәселені бірінші орынға қоймай, басқаша істеуге болмады. Зорлап сүйкімді бола алмайсың, сондықтан бірге жүргіміз келе ме, жоқ па деген мәселені тиянақтап, берік шешіп алмай тұрып, партияның ішкі істері туралы айтуға да болмайды.

Даулы мәселенің мәні жарыс сөзде кейде оншама дұрыс баяндалмады. Әңгіме мынада: партияның көптеген мүшелерінің пікірінше, федерация *зиянды,* федерация социал-демократияның принциптеріне, ол принциптердің нақты орыс өміріне қолданылуына қайшы келеді. Федерация зиянды, өйткені ол ерекшелену мен бөлінушілікті *заңдандырады,* бұларды принцип, заң дәрежесіне көтереді. Біздің арамызда толық бөлінушілік бар

екені анық, ал біз оны заңдандыруға, ұят нәрсе деп бүркеуге тиісті емеспіз, қайта онымен күресуге тиістіміз, біз *өте тығыз* бірлікке қарай үздіксіз, нық аяқ басу керектігін батыл мойындап, мәлімдеуге тиістіміз. Міне, сондықтан біз принципінде федерацияны қабылдамаймыз, босағадан (белгілі латын сөзімен айтқанда) қаратпаймыз, біздің арамызға міндетті түрде кедергі қоюдың *қандайын болса да* қабылдамаймыз. Партия ішінде әр түрлі топтар, программа мәселелерінде де, тактика мәселелерінде де, ұйымдық мәселелерде де толық бір пікірдегі емес жолдастардың топтары онсыз да әрдайым болып тұрады, бірақ бүкіл партияның ішінде топтарға бөліну тек *біреу* болсын, яғни бірдей ойлаушылардың бәрі бір топқа бірігетін болсын, әуелі топтар партияның *бір бөлігінде,* партияның екінші бөлігіндегі топтардан оқшау құрылып, содан соң барып өзара әр алуан көзқарастар мен көзқарас түрлерінің топтары бірікпей, партияның түрлі топтарды біріктіретін бөліктері бірігетін болып жүрмесін. Қайталап айтамын: біз ешқандай *міндетті түрдегі* кедергілерді танымаймыз және сондықтан принципінде федерацияны қабылдамаймыз.

Автономия туралы мәселеге көшемін. Либер жолдас федерация дегеніміз централизм, ал автономия дегеніміз децентрализм деді. Либер жолдас съездің мүшелерін осындай софизмдермен алдастыруға болатын бес жасар бала деп қалайша санайды екен? Централизмнің партия орталығы мен партияның ең шеткері, ең түкпірдегі бөлімдерінің арасында қандай да болса кедергінің *болмауын* талап ететіні қалай ғана айқын емес? Біздің орталығымыз тікелей партияның әрбір жеке мүшесіне дейін жетуге сөзсіз право алады. Бундтың Орталық Комитеті Ковно топтарымен, ондағы жолдастармен Ковно комитеті арқылы болмаса *басқа* жолмен қатынас жасай алмайтындай «централизмді». Бундтың *ішінде* біреу ұсына қалса, бундшылдар оны күлкі қылған болар еді. Айтпақшы, комитеттер жайында. Либер жолдас: «бір орталыққа бағынатын ұйым болып табылатын Бундтың автономиясы туралы айтудың не керегі бар? Сіздер қайдағы бір Тула комитетіне автономия бермейсіздер гой?» — деп лепіре сойледі. Қателесесіз, Либер жолдас:

біз «қайдағы бір» Тула комитетіне де сөзсіз және қалай да автономия береміз, автономия болғанда орталықтың уақ-түйек араласуынан босау мағынасында автономия береміз, бірақ, әрине, орталыққа бағыну міндеті сол қалпында қалады. Мен «уақ-түйек араласу» деген сөздерді Бундтың «Автономия ма әлде федерация ма?» деген листогынан алдым.— Бунд осы «уақ-түйек араласудан» босауды партияға қоятын *шартының* пункті етіп, партияға қоятын *талабы* етіп ұсынды. Осындай ерсі талаптар ұсынудың өзінен Бундқа даулы мәселенің қаншалықты шатасқан болып көрінетіндігі байқалады. Бунд партияның *қандай да* ұйымының немесе тобының істеріне *«уақ-түйек»* араласып отыратын орталықтың болуына партия жол береді деп қалайша ойлайды екен? Сонда мұның мәнісі — съезде сөз болған «ұйымдасқан түрдегі сенбестіктің» нақ өзі емес пе? Мұндай сенбестік бундшылдардың барлық ұсыныстары мен барлық пікірлерінен сезіледі. Шынында да, мәселен, *толық* тең праволылық жолындағы және тіпті ұлттардың өзін өзі билеу правосын *мойындау* жолындағы күрес біздің бүкіл партиямыздың *міндеті* емес пе? Демек, егер партиямыздың қандай да болса бір бөлігі осы міндетті орындамаса, онда ол біздің принциптеріміз негізінде сөзсіз айыпталуға тиісті болар еді, бұған партияның орталық органдары тарапынан сөзсіз *түзету* берілуге тиісті болар еді. Ал егер бұл міндетті орындауға толық мүмкіндік болғанына қарамастан, бұл міндет әдейі, біле тұра орындалмаса, онда мұны орындамау *опасыздық* болар еді.

Сонан соң, Либер жолдас: автономия еврей жұмысшылары үшін сөзсіз керекті дербестікті еврей жұмысшыларының қозғалысына қамтамасыз ете алатынын *қалай дәлелдеу керек?* — деп серпіле сұрады. Таңқаларлық сұрақ! Ұсынылған жолдардың бірі дұрыс екенін қалай дәлелдеуге болады? Бірден бір амалы — осы жолмен жүріп, оны іс жүзінде сынап көру. Либер жолдастың сұрағына мен былай деп жауап беремін: *б і з - б е н б і р г е ж ү р і ң і з д е р,* сонда біз дербестік жөніндегі заңды талаптардың бәрі толық қанағаттандырылатынын сіздерге іс жүзінде дәлелдеуді міндетімізге аламыз.

Бундтың орны туралы талас болған кезде әрқашан менің есіме ағылшынның көмір қазушылары түседі. Олар тамаша ұйымдасқан, жағдайлары басқа жұмысшылардан жақсы. Сондықтан олар *осы үшін* барлық пролетарлар ұсынған 8 сағаттық жұмыс күні туралы ортақ талапты сәтсіздікке ұшыратқысы келеді [93]. Көмір қазушылар пролетариаттың бірлігін, нақ біздің бундшылдар сияқты, тар мағынада түсінеді. Көмір қазушылардың өкінішті үлгісі Бундтағы жолдастарды сақтандыратын сабақ болғай!

Қолжазбамен салыстырылған

6

ПАРТИЯНЫҢ ПРОГРАММАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [94]

22 ИЮЛЬ (4 АВГУСТ)

Ең алдымен, мен өте-мөте көзге түсетін нәрсені — Либер жолдастың дворяндар жетекшісін еңбекші және қаналушы топтармен шатастырғанын атап көрсетуге тиістімін [95]. Бұл шатастыру барлық айтыстарда маңызды орын алды. Барлық жерде біздің айтысымыздың жеке көріністерін принципті базистер жасаумен шатастыру бар. Еңбекші және қаналушы халық (белгілі бір) *топтарының* да пролетариат жағына өтуі мүмкін екенін Либер жолдас сияқты теріске шығаруға болмайды. 1852 жылы француз шаруаларының көтерілісі жөнінде айта келіп, Маркстің шаруалар біресе өткен дәуірдің өкілі, біресе болашақтың өкілі болады; шаруаларға өтініш жасағанда, олардың соқыр сенімдерін ғана емес, сонымен бірге зейін-зердесін де еске алып, өтініш жасауға болады[96] деп жазғанын («18-брюмерде») еске түсіріңіздерші. Сонан соң мынаны естеріңізге түсіріңіздер: Маркс кейін коммунарлардың Коммуна ісі сондай-ақ шаруалардың да ісі деп айтуы әбден дұрыс деп таныды [97]. Қайталап айтамын, белгілі бір жағдайларда, еңбекшілердің белгілі бір тобының пролетариат жағына өтуі әбден мүмкін екендігіне күмәндануға болмайды. Бар әңгіме осы жағдайларды дәлме-дәл анықтауда. Ал «пролетариаттың көзқарасына көшеді» деген сөздерде осы айтылып отырған жағдай толық дәлме-дәл көрсетілген. Бізді, социал-демократтарды, жалпы алғанда қандай да болса жалған социалистік ағымдардан, әсі-

ресе социалист-революционер дейтіндерден үзілді-кесілді бөлектеп отырған нақ осы сөздер.

Менің «Не істеу керек?» деген кітапшамның даулы жеріне көшемін; ол жөнінде осында көптеген пікірлер айтылды [98]. Осы пікірлердің бәрінен кейін мәселенің айқындалғап тәрізді көрінетіні соншалық, тіпті менің көп нәрсе қосуыма тура келмейтін сияқты. Анығында, мұнда ірі теориялық мәселенің принциптік шешімі (идеологияны жасап шығару) «экономизмге» қарсы күрестің бір көрінісімен ғана шатастырылған. Соның өзінде ол көрініс мүлдем теріс көрсетілді.

Осы соңғы жағдайды дәлелдеу үшін мен ең алдымен осында сөйлеген Акимов пен Мартынов жолдастардың сөздерін келтіре аламын. Бұл арада *«экономизммен» күрестің* бір көрінісі туралы ғана сөз болып отырғанын олар айқын көрсетті. Олар қазірдің өзінде оппортунизм деп аталған (және әділетті аталған) көзқараста болды. Олар қайыршылану теориясын «бекерге шығаруға» дейін де, пролетариат диктатурасы жөнінде «таласуға» дейін де және тіпті, Акимов жолдас айтқандай, «Erfüllungstheorie»-ге [99] дейін де барды. Рас, мұның мәнісі не екенін мен білмеймін. Акимов жолдастың «Aushöhlungstheorie» туралы, капитализмнің «босау теориясы» [100] туралы, яғни бернштейншілдік теорияның ең көп тараған, көп айтылып жүрген идеяларының бірі туралы айтқысы келмеді ме екен. Экономизмнің ескі базистерін қорғауда Акимов біздің программада пролетариат деген сөз бірде-бір рет атау септікте айтылмаған деу сияқты тіпті елден ерек ғажайып дәлел келтірді. Ең мықтағанда, дейді Акимов жолдас, пролетариат оларда ілік септікте тұрады. Сонымен, атау септік ең құрметті орын көрінеді де, ілік септік құрметтілігі жағынан екінші орында тұратын көрінеді. Бұл пікірді — бәлкім, айрықша комиссия арқылы — Рязанов жолдасқа тапсыру ғана қалады, ол әріптер туралы тұңғыш ғылыми еңбегін септіктер туралы екінші ғылыми трактатпен толықтырсын... [101]

Ал менің «Не істеу керек?» деген кітапшама тікелей сілтеме жасалған жайларға келсек, бір-бірімен байланысы жоқ үзінділер алынғанын дәлелдеу маған оншама

қиын емес. Ленин бір-бірімен күресуші ешқандай тенденциялар туралы ескертпейді, қайта жұмысшы қозғалысы әрқашан буржуазиялық идеологияға бағынуға қарай *«барады»* деп кесіп айтады деседі. Ал шынында ше? Жұмысшы қозғалысы *Шульце-Деличтердің және солар сияқтылардың мақұлдап қатысуы арқасында* буржуазияшылдыққа ілесіп барады деп айтылған емес пе менде? * Сонда осы арада «солар сияқтылар» деп айтылып отырған кімдер? Экономистерден басқа ешкім де емес, ол кезде, мәселен, Россияда буржуазиялық демократия дегеніңіз елес деп айтқан адамдардан басқа ешкім де емес. Қазір, буржуазиялық радикализм мен либерализмнің үлгілерін жұрттың бәрі көріп отырғанда, бұлар туралы соншама арзан сөздерді айту оп-оңай. Бұрын мұндай болып па еді?

Идеологияны жасап шығаруға жұмысшылардың да қатысатынын Ленин мүлдем еске алмайды.— Ал шынында ше? Біздің қозғалысымыздың нақ аса зор кемшілігі — мейлінше саналы жұмысшылардың, жұмысшы-басшылардың, жұмысшы-революционерлердің тапшылығы деп менде қайта-қайта айтылған емес пе? Осындай жұмысшы-революционерлерді даярлап шығару біздің кезекті міндетіміз болуға тиіс деп айтылмай ма онда? Онда кәсіпшілік қозғалысты дамытудың және арнаулы кәсіпшілік әдебиет шығарудың маңыздылығы көрсетілмей ме? Онда алдыңғы қатарлы жұмысшылардың дәрежесін бұқараның дәрежесіне дейін немесе орташалардың дәрежесіне дейін төмендетуге тырысатын қандай әрекетке болса да қарсы аса қажырлы күрес жүргізілмей ме?

Аяқтайын. Экономистердің таяқты бір жағына қарай игенін қазір біздің бәріміз біліп отырмыз. Таяқты түзету үшін оны екінші жағына қарай ию керек еді, мен соны істедім де. Қандай да болса оппортунизм иген таяқты орыс социал-демократиясының әрқашан қажырлылықпен түзеп отыратынына, сондықтан біздің таяғымыз әрқашан түзу және әрқашан іске жарамды болатынына мен сенемін.

Қолжазбамен салыстырылған

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 44-бет. *Ред.*

7

ПАРТИЯ УСТАВЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

29 ИЮЛЬ (11 АВГУСТ)

Ленин (баяндамашы) уставтың өзі ұсынған жобасы жөнінде түсінік береді. Уставтың негізгі идеясы *функцияларды* бөлу. Сондықтан, мәселен, екі орталыққа бөлу жер ыңғайына қарай (Россия мен шетел) бөлудің нәтижесі емес, функцияларға қарай бөлудің логикалық нәтижесі. Орталық Комитетке — практикалық басшылық ету функциясы, Орталық Органға идеялық басшылық ету функциясы жүктеледі. Міне, осы екі орталықтың жұмысын біріктіру үшін, екеуінің арасында алшақтық болдырмау үшін, бір жағынан, таласты шешіп отыру үшін Совет құру керек, бірақ ол тек қана аралық мекеме сипатында болуға тиісті емес. Уставтың Орталық Комитет пен жергілікті комитеттер арасындағы қатынас жөніндегі және Орталық Комитет қызметінің өрісі белгіленген параграфтары Орталық Комитеттің қандай істерге праволы болатынының бәрін тізіп айта алмайды және айтып жатуға тиісті де емес. Бұлай тізіп жатуға болмайды және ыңғайсыз, өйткені болуы ықтимал жағдайлардың бәрін алдын ала болжау мүмкін емес, оның үстіне, тізімде аталмаған пункттер Орталық Комитеттің қызметіне кірмейтін сияқты болып көрінбек. Орталық Комитеттің өз қызметінің орісін өзі белгілеуіне мүмкіндік беру керек, өйткені қандай жергілікті жұмыстың болса да жалпы партиялық мүдделерді қозғауы мүмкін, сондықтан Орталық Комитеттің кейде, бәлкім, жергілікті мүдделерге қарамай, жалпы партиялық мақсатта, жергілікті істерге араласуына мүмкіндік беру керек.

8

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ БӨЛІМІ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

29 ИЮЛЬ (11 АВГУСТ)

Бұл қосымша нашарлата түседі [102]. Ол сана-сезім стихиялы түрде өседі деген ұғым туғызады. Ал халықаралық социал-демократияда социал-демократияның ықпалынан тыс жұмысшылардың саналы қызметі жоқ.

9

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ САЯСИ ТАЛАПТАРЫ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

30 ИЮЛЬ (12 АВГУСТ)

1

Ленин Страховтың түзетуін қисынсыз деп біледі, өйткені комиссияның тұжырымы нақ *халық еркін* баса көрсетеді [103].

2

Ленин «облыстық» деген сөзге қарсы, өйткені мұның өзі мүлдем айқын емес және социал-демократия бүкіл мемлекетті ұсақ облыстарға бөлуді талап етеді деген мағынада түсінілуі мүмкін [104].

3

Ленин «шетелдікке» деген сөздің қосылуын артық деп біледі, өйткені социал-демократиялық партияның бұл параграфтың шетелдіктерге де қолданылуын талап ететіні өзінен-өзі түсінікті [105].

10

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ САЯСИ ТАЛАПТАРЫ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

31 ИЮЛЬ (13 АВГУСТ)

«Милиция» деген сөз жаңа ештеңе бермейді, қайта шатастырады. «Халықты жаппай қаруландыру» деген сөздер — айқын және нағыз орысша сөздер. Мен Либер жолдастың түзетуін артық нәрсе деп білемін [106].

11

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ САЯСИ ТАЛАПТАРЫНЫҢ ПУНКТТЕРІНЕ ЖАСАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР [107]

1) 6-пункттің аяғында «және тілді» дегенді қалдыру керек.

2) Мынадай жаңа пункт енгізілсін:

«Халықтың өз ана тілінде білім алуына правосы болсын, жиналыстарда, қоғамдық және мемлекеттік мекемелерде әрбір азаматтың өз ана тілінде түсінісуіне правосы болсын».

3) 11-пункттегі тіл туралы сөз сызылып тасталсын.

1903 ж. 30 июль мен 1 августың (12 және 14 августың) аралығында жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

12

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ҚОРҒАУҒА ҚАТЫСТЫ БӨЛІМІ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

31 ИЮЛЬ (13 АВГУСТ)

1

Ленин 42 сағаттық демалысқа ешқандай қарсылық білдірмейді, ал Либерге программада барлық өндірістерді бақылау туралы айтылады деп ескертеді. Егер мөлшері көрсетілсе, онда мұның өзі тек қана мағынасын тарылтады. Біздің программамыз заң жобасы болған кезде егжей-тегжейін де енгіземіз [108].

2

Лядов жолдастың түзетуіне қарсы шығамын [109]. Оның алғашқы екі түзетуі керек емес, өйткені программамызда біз шаруашылықтың *барлық* салалары үшін, демек, оның ішінде село шаруашылығы үшін де еңбек қорғауды талап етеміз. Ал үшінші түзетуіне келетін болсақ, бұл түгелдей программаның аграрлық бөліміне қатысты, сондықтан біз бұған аграрлық программамыздың жобасын талқылаған кезде қайтып ораламыз.

В. И. Лениннің
РСДРП II съезінде
аграрлық программа
талқыланғанда
1903 ж. 31 июльде
(13 августа)
сөйленген сөзі
қолжазбасының
бірінші беті

Ленинъ. Укажу прежде всего на одну частность, всплывшую въ дебатахъ. Тов. ~~[illegible]~~ выразилъ сожалѣніе по поводу того, что нѣтъ доклада, который могъ бы систематически освѣтить и направить всѣ наши дебаты. Докладчикомъ былъ предназначенъ я и по поводу отсутствія доклада мнѣ приходится какъ-бы оправдываться. И я скажу въ защиту свою, что докладъ у меня есть: это мой отвѣтъ тов. Иксу, который отвѣчаетъ какъ разъ на самыя распространенныя возраженія и недоразумѣнія, вызываемыя нашей аграрной программой, и который былъ розданъ всѣмъ делегатамъ съѣзда. Докладъ не перестаетъ быть докладомъ отъ того, что онъ печатается и раздается делегатамъ, а не читается передъ ними.

Перейду къ ~~существу возраженій~~ содержанію рѣчей ораторовъ, которые, къ сожалѣнію, не принимали во вниманіе именно этого моего доклада. Тов. Масловъ, напр., не принялъ во вниманіе даже болѣе ранней литературы о нашей аграрной программѣ, когда онъ опять и опять говорилъ объ исправленіи исторической несправедливости, о напрасномъ возвращеніи за 40 лѣтъ назадъ, объ уничтоженіи феодализма не современнаго, а феодализма, бывшаго въ 60-хъ

13

АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММА ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

31 ИЮЛЬ (13 АВГУСТ)

Ең алдымен айтыстарда туған бір жеке жағдайды көрсетемін. Біздің барлық айтыстарымызды біраз жеңілдетіп, оған бағыт сілтейтін баяндаманың болмауы жөнінде Егоров жолдас өкініш білдірді. Баяндамашы болып мен белгіленген едім, сондықтан баяндаманың болмауы жөнінде менің қорғану тәрізді әрекет етуіме тура келеді. Сонымен, мен өзімді қорғап, менде баяндама бар екенін айтуға тиістімін: ол менің Икс жолдасқа жауабым *, ол біздің аграрлық программамыз тудырған, ең көп тараған қарсылықтар мен түсініспеушіліктердің өзіне жауап береді және ол съездің барлық делегаттарына таратылып берілді. Баяндама делегаттардың алдында оқылмай, басылып, делегаттарға таратылғанынан баяндама болудан қалмайды.

Шешендер сөздерінің мазмұнына көшемін; амал не, ол шешендер менің нақ осы баяндамамды ескермеді. Мартынов жолдас, мәселен, тарихи әділетсіздікті түзету туралы [110], бұдан 40 жыл кейінге оралудың керексіздігі туралы, қазіргі замандағы феодализмді емес, 60-жылдарда болған феодализмді жою туралы және т. т. қайта-қайта айтқанында біздің аграрлық программамыз жайындағы тіпті ертедегі әдебиетті де еске алған жоқ. Бұл дәлелдерге жауап бере келіп, қайталауға тура келеді. Егер біз *т е к қ а н а* «тарихи әділетсіздікті түзету» принципіне сүйенген болсақ,— біз бір ғана де-

---

* Қараңыз: осы том, 241—257-беттер. *Ред.*

мократиялық сылдыр сөзді басшылыққа алған болар едік. Бірақ біз крепостниктік тәртіптің төңірегімізде *орын алып отырған* сарқыншақтарын, қазіргі өмір шындығын, қазір пролетариаттың азаттық күресін құрсаулап, бөгеп отырған нәрселерді дәлел етеміз. Бізді көне заманға қайта оралады деп кінәлайды. Бұл кінә барлық елдердің социал-демократтарының қызметі туралы жалпыға мәлім фактілерді білмегендікті ғана көрсетеді. Барлық жерде және қайда болмасын олар: *буржуазияның істеп бітірмегенін аяқтап шығу* міндетін алға қойып, жүзеге асырып жатыр. Біз нақ осыны істеп отырмыз. Ал мұны істеу үшін өткен уақытқа қалай да қайта оралуға тура келеді, сондықтан әрбір елдің социал-демократтары әрқашан *өздерінің* 1789 жылына, *өздерінің* 1848 жылына қайта оралып, осыны істейді. Нақ сол сияқты, орыс социал-демократтары *өздерінің* 1861 жылына да *қайта оралмай тұра алмайды* және біздің, былайша айтқанда, шаруалар «реформасы» демократиялық өзгерістерді неғұрлым аз жасаған болса, соғұрлым жігерлі, соғұрлым жиі қайта оралады.

Ал Горин жолдас болса, ол нақтылы бар крепостниктік кіріптарлықты ұмытып, осындай дағдылы қате жасап отыр. Горин жолдас: «кесінді жерлерге үміт арту ұсақ шаруаны антипролетарлық идеологияда күшпен ұстайды»,— дейді. Бірақ іс жүзінде кесінді жерлерге «үміт арту» емес, қайта *қазіргі* кесінді жерлер крепостниктік кіріптарлықты күшпен ұстап отыр ғой, сондықтан бұл кіріптарлықтан, бұл крепостниктік арендадан шығудың арендатор-мыс деп аталатындарды ерікті меншік иелеріне айналдырудан басқа жолы жоқ.

Ақырында, Егоров жолдас программа авторларына оның маңызы туралы сұрақ қойды. Программа Россияның экономикалық эволюциясы туралы біздің негізгі ұғымдарымыздың қорытындысы болып табыла ма, саяси өзгерістердің мүмкін болатын және болмай қоймайтын нәтижесінің алдын ала ғылыми болжауы болып табыла ма, деп сұрады ол. (Бұл ретте Егоров жолдас бізбен келісе алар еді.) *Не болмаса* біздің программамыз іс жүзінде үгіт ұраны болып шығады, сөйтіп ол жағдайда біз социалист-революционерлердің рекордын жақ-

сарта алмаймыз, ондай жағдайда бұл программа теріс деп танылуға тиіс. Мен Егоров жолдас қойып отырған осы айырмашылықты түсінбейтінімді айтуға тиіспін. Егер біздің программамыз бірінші шартқа сай келмесе, ол дұрыс болмас еді, сөйтіп біз оны қабылдай алмаған болар едік. Ал егер программа дұрыс болса, онда ол үгіт жүргізу үшін іс жүзінде жарамды ұран бермей тұра алмайды. Егоров жолдастың екі дилеммасының арасында қайшылық бар тәрізді ғана болып көрінеді: ол қайшылықтың іс жүзінде болуы мүмкін емес, өйткені дұрыс теориялық шешім үгіт жұмысында ойдағыдай табысқа жетуді *қамтамасыз етеді*. Ал біз нақ ойдағыдай табысқа жетуге тырысамыз және уақытша сәтсіздіктерге мүлдем қыңжылмаймыз.

Либер жолдас біздің программамыздың «болымсыздығына» таңқалып, аграрлық салада да «түбегейлі реформаларды» талап етіп, әлдеқашан теріс деп қабылданбай тасталған қарсылықтарды сол күйінде қайталады. Либер жолдас программаның демократиялық бөлігі мен социалистік бөлігінің арасындағы айырмашылықты ұмытып кетті: ол демократиялық программада социалистік ештеңе болмауын «болымсыздық» деп түсінді. Біздің аграрлық программамыздың социалистік бөлігі басқа жерде, атап айтқанда, ауыл шаруашылығына да қатысы бар жұмыстың бөлімінде екенін байқамады. Тек социалист-революционерлер ғана өздеріне тән принципсіздікпен демократиялық талаптар мен социалистік талаптарды әрдайым шатастырып келді және шатастырып отыр, ал пролетариаттың партиясы бұларды өте қатаң бөле білуге және ажырата білуге міндетті.

Қолжазбамен салыстырылған

14

АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММА ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

1 (14) АВГУСТ

1

Әңгіменің егжей-тегжейіне кіріспестен бұрын кейбір жалпы қағидаларға, ең алдымен Мартынов жолдастың қағидаларына қарсылық білдіргім келеді. Мартынов жолдас біз бұрын болған феодализммен емес, қазіргі бар феодализммен күресуге тиіспіз дейді. Бұл дұрыс, бірақ мен өзімнің Иксқе берген жауабымды еске сала кетейін. Ол Саратов губерниясын мысалға алды, мен де сол Саратов губерниясының мәліметтерін алдым, сонда былай болып шықты: кесінді жерлер көлемі онда 600 000 десятинаға тең, яғни крепостниктік право тұсында шаруалардың қарамағында болған барлық жердің $^2/_5$ бөлігі, ал аренда 900 000 десятинаға тең; олай болса, барлық аренда жерінің $^2/_3$ бөлігі — кесінді жерлер. Демек, біз жер пайдаланушылықтың $^2/_3$ бөлігін қалпына келтіреміз. Демек, біз құр елеспен күресіп отырғанымыз жоқ, іс жүзінде бар зұлымдықпен күресіп отырмыз. Біз фермерлерді ұсақ меншік иелеріне айналдыратын қазіргі заманғы шаруалар реформасын керек еткен Ирландиядағы жағдайға жеткен болар едік. Ирландия мен Россия арасындағы ұқсастық халықшылдардың экономикалық әдебиетінде де көрсетілген болатын. Горин жолдас менің ұсынып отырған шарамды ең жақсы шара емес, одан да еркін арендаторлар жағдайына көшірген жақсы дейді. Бірақ ол жартылай еркін арендаторларды толық еркін еткен жақсы деп ойлап қателеседі. Біз бұл өткелді ойдан шығарып отырғанымыз жоқ, қайта заң жүзіндегі жер пайдалануды іс жү-

зінде жер пайдалануға сәйкестендіруді ұсынамыз, осы арқылы қазіргі кіріптарлық қатынастарды жоямыз. Мартынов біздің талаптарымыз болымсыз емес, сол талаптар шығатын принциптің өзі болымсыз дейді. Бірақ мұның өзі бізге қарсы социалист-революционерлердің айтып жүрген дәлелдеріне ұқсас. Деревняда біз сапа жағынан әр түрлі екі мақсатты көздейміз: біріншіден, біз буржуазиялық қатынастардың еркіндігін орнатқымыз келеді, екіншіден, пролетариаттың күресін жүргізгіміз келеді. Социалист-революционерлердің соқыр сенімдері қандай болса да, біздің міндетіміз — шаруалар пролетариатының революциялық-пролетарлық міндеті қай жерден басталатынын шаруаларға көрсетіп беру. Сондықтан Костров жолдастың қарсылықтары негізсіз. Бізге: шаруалар біздің программамызбен қанағаттанбайды, олар одан әрі барады дейді; бірақ біз бұдан қорықпаймыз, мұның үшін біздің социалистік программамыз бар, сондықтан біз Махов пен Костров жолдастарды соншалықты үрейлендіретін жерді қайта бөлуден де қорықпаймыз.

Аяқтаймын. Егоров жолдас біздің шаруаларға үміт артуымызды құрғақ қиял деп атады. Жоқ! Біз тым әуестенбейміз, біз жеткілікті дәрежеде скептиктерміз, сондықтан да біз шаруа пролетарына: «Сен қазір шаруа буржуазиясымен бірігіп күресіп отырсың, бірақ сен сол буржуазияның өзіне қарсы күресуге әрқашан әзір тұруға тиістісің және ол күресті сен қаланың өнеркәсіп пролетарларымен бірігіп жүргізесің»,— дейміз.

1852 жылы Маркс шаруалардың соқыр сенімі ғана емес, зейін-зердесі де бар деді. Сондықтан, қазір шаруа кедейлеріне оның кедейлігінің себептерін айтқанда, біз табысқа жетеміз деп есептей аламыз. Біз мынаған сенеміз: социал-демократия енді шаруалардың мүдделерін жақтап күреске шыққандығы себепті, шаруалар бұқарасының социал-демократияға сол шаруалар бұқарасының мүдделерін қорғаушы деп қарауға дағдыланатындығының фактісімен біз ілгеріде есептесетін боламыз.

2

Ленин *«мынаған қол жеткізетін болады»* дегеннің орнына *«ең алдымен мынаны талап етеді»* дегенді қою керек деген түзету енгізеді [111]. Айтыстар кезіндегі рефераттарда: «мынаған қол жеткізетін болады» деп жобада әдейі айтылғаны, оңдағымыз мұнымен біздің оны қазір емес, болашақта істеуге ойымыз барлығын баса көрсету екені көрсетілді. Мұндай түсініспеушіліктерге негіз қалдырмау үшін, осы түзетуді енгіземін. Мен «ең алдымен» деген сөздермен аграрлық программадан басқа, біздің *тағы да* талаптарымыз бар дегенді айтқым келеді.

3

Мен Лядов жолдастың ұсынысына қарсымын [112]. Біз заң жобасын жазып отырған жоқпыз, ортақ белгілерді көрсетіп қана отырмыз. Бізде қала тұрғындары арасында алым-салық төлеуші сословиелерге жататындар да бар; оның үстіне, посадтықтар және басқалар бар, ал осының бәрін программамызға сыйғызу үшін, біз заңдар жинағының IX томының тілімен айтуға тиіс болар едік.

4

Мартыновтың сұрағы, меніңше, қажеті жоқ сұрақ [113]. Жалпы принциптерді қоюдың орнына біздерді уақ-түйек мәселелермен әуестенуге мәжбүр етеді. Егер біз бұлай істейтін болсақ, онда съезді ешқашан бітіре алмаған болар едік. Принцип әбден айқын: әрбір шаруаның өз жерін өзі билеуіне правосы бар, ол *қауымдық* жер ме немесе *жеке меншікті* жер ме бәрі бір. Бұл тек шаруаның өз жерін өзі билеуіне праволы болуын талап ету ғана. Біз шаруалар үшін ерекше заңдардың болмауын талап етеміз; біз қауымнан шығу правосын ғана талап етіп отырған жоқпыз. Мұны жүзеге асыруда керек болатын уақ-түйектердің бәрін біз қазір шеше алмаймыз. Мен Ланге жолдастың толықтыруына қарсымын; біз жерді пайдалану туралы заңдардың бәрін жоюды талап ете алмаймыз. Мұның өзі тым ағаттық болады.

5

Мартынов, сірә, қате түсінген болу керек. Біз жалпы заңның — қазір барлық буржуазиялық мемлекеттерде қабылданған, атап айтқанда, Рим правосының негіздерінен шығатын, ортақ меншікті де, жеке меншікті де мойындайтын заңның біркелкі қолданылуына күш саламыз. Қауымдық жер иелігін біз ортақ меншік ретінде қарастырғымыз келеді.

6

Бізде төртінші пункттің Кавказ жөніндегі қосымшаларын редакциялау туралы мәселе болып отыр. Бұл қосымшаларды а) пунктінен кейін енгізген дұрыс болар еді. Қарарлардың екі жобасы бар. Егер біз Карский жолдастың түзетуін қабылдасақ, онда пункт өзінің нақтылылығын тым көп жоғалтады. Мысалы, Уралда қалдықтардан көз тұнады; ол — крепостниктік тәртіптің нағыз ұясы. Латыштар жөнінде мынаны айтуға болады: олар «мемлекеттің басқа облыстарында да» деген тұжырымға жақын. Костров жолдастың ұсынысын қолдаймын, атап айтқанда: жердің хизандардың, уақытша міндеттілердің және басқалардың меншігіне көшуі туралы талапты енгізу қажет [114].

7

Либер жолдас бекерге таңданады. Ол бізден ортақ өлшемді талап етеді, бірақ ондай өлшем жоқ. Бір жолы біреуін, екінші жолы екіншісін ұсынуға тура келеді. Бізде өзгермейтін үлгі жоқ. Крепостниктікті жою туралы біздің талабымыз либералдардың талабына сәйкес келеді дейді. Бірақ либералдар бұл талаптың қалай жүзеге асырылатынын айтпайды. Ал біз болсақ, бұл талапты бюрократия емес, қайта езілген таптар жүзеге асыруға тиіс, ал мұның өзі революцияның жолы дейміз. Өзгерістер мен реформалар туралы пікірлерімен халықтың сана-сезімін «аздырып жүрген» либералдардан біздің негізгі айырмашылығымыз осы. Егер біз крепост-

никтікті жою туралы барлық талаптарды нақтылайтын болсақ, онда бізде тұтас томдар шығар еді. Сондықтан да біз азаттық алудың өте маңызды формалары мен түрлерін ғана нұсқаймыз. Ал біздің әр жердегі комитеттеріміз жалпы программаны дамытып, өздерінің жеке-дара талаптарын белгілеп ұсынады. Троцкийдің біз жергілікті талаптарға тоқтай алмаймыз дегені дұрыс емес, дұрыс болмайтын себебі — низапдар меп уақытша міндеттілер туралы мәселе — тек жергілікті мәселе ғана емес. Оның үстіне, мұның өзі аграрлық әдебиеттен мәлім.

8

Либер жолдас кесінді жерлер туралы пунктті жоюды ұсынады, сондағы бір ғана дәлел — оған шаруалар комитеттерінің ұнамайтындығы. Бұл — таңқаларлық нәрсе. Біз кесінді жерлер шаруаларды құлдыққа түсіреді деген негізгі мәселеде бір пікірге келген соң, комитеттің құрылуы содан туатын жұмыс, бұған бола барлық пунктті теріске шығарудың қисыны жоқ. Сондай-ақ, біз шаруалар комитеттеріне қалай ықпал жүргіземіз деген мәселе де таңқаларлық. Сол кезде социал-демократтар съездерін көп қиналмай өткізе алады және әрбір жеке жағдайда қалай қимылдау керек екені жөнінде келісе алады деп сенемін.

9

5-параграф жұмыс программасының 16-параграфымен байланысты; мұның өзі, атап айтқанда, жартысы жұмысшылардан, жартысы кәсіпкерлерден тұратын соттардың болуын көздейді; біз батырақтардан және кедей шаруалардан ерекше өкілдік болуын талап етуге тиіспіз [115].

10

Меніңше, мұның өзі тым артық сияқты, өйткені соттардың міндеті шамадан тыс кеңейіп кетер еді [116]. Біздің көздейтін мақсатымыз — аренда ақысын кеміту, ал

такса қою белгілі бір фактілерге сүйеніп, өз әрекетінің дұрыстығын дәлелдеу жөнінде жер иеленушілерге мүмкіндік берген болар еді. Аренда бағаларының кемуі ол бағаларды арттыру туралы ой атаулыны жояды. Каутский Ирландия туралы сөз етіп, онда кәсіптік соттардың енгізілуі кейбір нәтижелер берді деп көрсетеді.

15

ПАРТИЯНЫҢ УСТАВЫ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

2 (15) АВГУСТ

1

Ленин қысқаша өз тұжырымын қорғап, бұл тұжырым: «ұйымдасыңдар!» деген стимул береді дегенді баса айтады[117]. Партия ұйымдары тек профессионал революционерлерден тұруға тиіс деп ойламау керек. Бізге өте-мөте тар көлемді және құпия ұйымдардан бастап, аса кең, еркін, lose Organisationen-ге дейін сан алуан ұйымдардың барлық түрлері, сатылары, тараулары керек. Партия ұйымының қажетті белгісі — оны Орталық Комитеттің бекітуі.

2

Мен ең алдымен мәселеге қатысы аздау екі ескерту айтайын деп едім. Біріншіден, Аксельродтың «келісу керек» деген сыпайы (мұны кекесінсіз айтып отырмын) ұсынысы жөнінде. Оның бұл шақыруына мен ықыласыммен қосылар-ақ едім, өйткені біздің арамыздағы пікір алалығын — партияның өмір сүру не өлу тағдырын шешерліктей өте елеулі алалық деп тіпті санамаймын. Уставтың жаман пунктінен біз құрып кетпейміз! Бірақ іс *екі* тұжырымның бірін таңдауға тірелген соң, мен Мартовтың тұжырымы — алғашқы жобаны *нашарлату* болады, нашарлату болғанда — партияға, белгілі жағдайларда, көп зиян келтіре *алатын* нашарлату болады деген өзімнің берік тұжырымымнан бас тарта алмаймын. Екінші ескертуім Брукэр жолдасқа қатысты. Брукэр жолдастың барлық жерлерде сайлау принципін қолдану ниетімен, менің партия *мүшесі* деген ұғымды бір

өзі ғана азды-көпті дәл анықтайтын тұжырымымды қабыл алғаны әбден табиғи нәрсе. Сондықтан Брукэр жолдастың менімен келісуі жөнінде Мартов жолдастың мәз болуы маған түсініксіз. Брукэрдің себептері мен дәлелдерін талдамастан, оның айтқанына қарама-қарсы келетін пікірді Мартов жолдас шынымен-ақ қалайша өзіне *басшылық* деп таныды екен?

Шын мәніне келгенде, менің айтарым: Троцкий жолдас Плеханов жолдастың негізгі пікірін мүлдем түсінбеген, сондықтан өзінің пікірінде мәселенің бүкіл мәніне көңіл аудармайды. Ол интеллигенттер мен жұмысшылар туралы, таптық көзқарас туралы және бұқаралық қозғалыс туралы айтты, бірақ менің тұжырымым партия мүшесі деген ұғымды тарылта ма әлде кеңейте ме? деген негізгі сұрақты байқамады. Егер ол өзіне осы сұрақты қойған болса, ол менің тұжырымымның бұл ұғымды тарылтатынын, ал Мартовтың тұжырымы кеңейтетінін, оның тұжырымының айырмасы (Мартовтың өзінің дұрыс айтқанындай) «икемділігінде» екенін оп-оңай аңғарар еді. Ал партия тұрмысының қазір басымыздан кешіріп отырған кезі сияқты кезеңінде нақ осы «икемділік» алауыздықтың, солқылдақтықтың, оппортунизмнің барлық элементтеріне есік ашатыны сөзсіз. Бұл қарапайым да айқын қорытындыны теріске шығару үшін ондай элементтердің жоқ екенін дәлелдеу керек, ал Троцкий жолдас бұлай істеуді ойлаған да жоқ. Иә, мұны дәлелдеуге болмайды да, өйткені ондай элементтердің аз емес екенін, олардың жұмысшы табы ішінде де бар екенін жұрттың бәрі біледі. Партияның ұстаған жолының беріктігін, принциптерінің тазалығын сақтау нақ қазір өте-мөте қажет болып отыр, өйткені бірлігі жөнінен қалпына келтірілген партия өз қатарына толып жатқан тұрлаусыз элементтерді қабылдайды, партия өскен сайын бұл элементтердің саны да өсе береді. Партия заговорлық ұйым емес дегенде (көптеген басқа адамдар да маған осылай қарсы болған) Троцкий менің «Не істеу керек?» деген кітабымның негізгі пікірін мүлдем теріс түсінген. Ол менің өз кітабымда ең құпия, ең тар өрісті ұйымдардан бастап, біршама кең, «еркін» (lose) ұйымдарға дейін, ұйымның толып жатқан тұтас

типтерін ұсынғанымды ұмытқан *. Ол — партия жұмысшы табының орасан зор бұқарасының алдыңғы қатардағы отряды, басшысы ғана болуға тиіс екенін, бұл жұмысшы табының бәрі (немесе бәрі дерлік) партия ұйымдарының «бақылауымен және басшылығымен» жұмыс істейтінін, бірақ «партияға» бәрі бірдей кірмейтінін және бәрі бірдей кіруге тиіс емес екенін ұмытқан. Шынында да, өзінің негізгі қатесінің салдарынан Троцкий жолдастың қандай қорытындыға келетінін қараңыздар. Ол осында бізге: егер жұмысшылар лек-легімен тұтқынға алынып, жұмысшылардың бәрі де партияда жоқпыз десе, онда біздің партия таңданарлықтай болар еді! — деді. Керісінше емес пе? Троцкий жолдастың пікірі таңданарлық емес пе? Ол азды-көпті тәжірибесі бар революционер атаулының бәрін тек қуандыратын нәрсені қайғыратын нәрсе деп санайды. Егер стачкалар, демонстрациялар жасағаны үшін тұтқынға алынатын жүздеген, мыңдаған жұмысшылар партия ұйымдарының мүшесі болмай шықса, онда бұл ұйымдарымыздың жақсы екендігін ғана, біздің өз міндетімізді — басшылардың азды-көпті шағын тобын астыртын жағдайда сақтап, қозғалысқа мүмкіндігінше қалың бұқараны қатыстыру міндетін орындап отырғанымызды дәлелдер еді.

Мартовтың тұжырымын жақтайтындардың қателерінің түп-тамыры мынада: олар біздің партия тұрмысының негізгі қырсығының бірін елемейтіні былай тұрсын, қайта тіпті ол қырсықты дәріптейді. Ол қырсық мынау: жалпыға бірдей дерлік саяси наразылық болып отырған жағдайда, жұмыс мүлдем жасырын жүргізіліп отырған жағдайда, қызметтің көбін өте шағын құпия үйірмелерге, тіпті жеке кездесулерге шоғырландырып отырған жағдайларда бізге мылжыңдаушылар мен жұмыс істеушілерді айыра білу өте-мөте қиын, мүмкін емес дерлік. Және Россия сияқты, осы екі категорияның шатастырылуы дағдыға айналып, көп былық және зиян жасаған басқа ел табыла қояр ма екен. Біз интеллигенция арасында ғана емес, жұмысшы табы арасын-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 131-бет. *Ред.*

да да осы қырсықтан қатты зиян көріп отырмыз, ал Мартов жолдастың тұжырымы осы қырсықты заңдандырады. Бұл тұжырым *жұрттың бәрін, әрбір адамды* партия мүшесі етуге сөзсіз тырысады; мұны Мартов жолдастың өзі де еріксіз мойындауға тиіс еді — «тілесеңіздер, солай» деді ол. Біздің тілемейтініміздің өзі нақ осы! Мартовтың тұжырымына біздің мұншалықты үзілді-кесілді қарсы шығып отырғанымыз да нақ сондықтан. Бір мылжыңның партия мүшесі болуға правосы және мүмкіншілігі болғанша, жұмыс істеуші он адамның өздерін партия мүшесіміз деп атамағаны жақсы (шын қызметкер шен қумайды!). Маған ешбір даусыз болып көрінетін, мені Мартовқа қарсы күресуге мәжбүр етіп отырған принцип осы. Маған: біз партия мүшелеріне ешқандай право бермейміз ғой, сондықтан қиянат жасалуы да мүмкін емес деп қарсы шыққандар болды. Мұндай қарсылық мүлдем негізсіз: егер бізде партия мүшесінің дәл қандай ерекше право алатыны көрсетілмеген болса, бізде партия мүшелерінің праволарын шектеу туралы да ешқандай нұсқау берілмегендігін ескеріңіздер. Бұл — біріншіден. Ал екіншіден, бұл — бастысы, тіпті правоны былай қойғанда да, партияның әрбір мүшесі партия үшін жауапты, *партия әрбір мүшесі үшін жауапты* екенін ұмытуға болмайды. Ал саяси қызметтің біздегі жағдайында, жаңа ғана нағыз саяси ұйымдаса бастаған жағдайында ұйымға мүше еместерге мүшелік право беру, ұйымға кірмейтін (және, мүмкін, әдейі кірмейтін) адамдар үшін жауапты болуды партияға жүктеу мүлде қауіпті, тіпті зиянды іс болар еді. Партия ұйымының мүшесі емес адамның жігерлі жұмыс істеуіне қарамастан, сотта өзін партия мүшесімін деп атауына правосы жоқ деген сөзді естігенде, Мартов жолдастың төбе шашы тік тұрды. Бұл мені шошытпайды. Қайта, партия ұйымдарының ешбірінде жоқ бола тұрып, өзін партия мүшесімін деп атайтын адам сотта өзін қолайсыз жақтан көрсетсе, бұл үлкен зиян болар еді. Ондай адам ұйымның бақылауымен және басшылығымен жұмыс істеді дегенді теріске шығару мүмкін емес, нақ сол терминнің екі ұштылығынан мүмкін емес. Іс жүзінде «бақылауымен және басшылығы-

мен» деген сөздер *бақылаудың да, басшылықтың да болмауына* әкеліп соқтырады, бұған күмән болмасқа тиіс. Орталық Комитеттің жұмыс істейтін, бірақ ұйымға кірмейтін адамдардың бәріне бірдей, нағыз бақылау жүргізіп отыруға еш уақытта шамасы келмейді. Біздің міндетіміз — *іс жүзіндегі* бақылауды Орталық Комитеттің қолына беру. Біздің міндетіміз — партиямыздың беріктігін, ұстамдылығын, тазалығын сақтау. Біз партия мүшесінің атағы мен маңызын жоғары көтерген үстіне көтере түсуге тиіспіз,— міне, сондықтан мен Мартовтың тұжырымына қарсымын.

Қолжазбамен салыстырылған

3

Ленин партия өз мүшелерінің қаржысынан өмір сүруге тиіс екенін жұрттың бәрі мойындайтындықтан, материалдық жағынан қолдау туралы сөздерді енгізуді талап етеді. Саяси партияны құру туралы мәселеде моральдық пікірлерге сүйенуге болмайды.

16

ПАРТИЯ УСТАВЫ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

4 (17) АВГУСТ

1

Ленин бірінші тұжырымның Советке аралық сипат беретіндігінен оны қолайсыз деп табады[118]. Ал Совет тек аралық мекеме ғана емес, сонымен қатар Орталық Комитет пен Орталық Орган қызметін үйлестіріп отырушы да мекеме болуға тиіс. Оның үстіне бесінші мүшені съездің тағайындағанын жақтайды. Советтің төрт мүшесі бесінші мүшені сайлай алмайтын жағдай болуы мүмкін; онда біз қажетті мекемесіз қаламыз.

2

Ленин Засулич жолдастың дәлелдерін орынсыз деп біледі[119]. Оның келтірген оқиғасы бұл ретте енді күрес болып табылады; ал бұл жағдайда ешқандай уставтың көмегі жоқ. Бесінші мүшені сайлау жөнінде Советтің төрт мүшесіне рұқсат беріп, біз мұнымызбен күресті уставқа енгіземіз. Советтің ымыраластыру мекемесінің сипатында ғана болмайтынын: мысалы, Советтің екі мүшесінің устав бойынша оны шақыруға правосы бар екенін атап көрсетуді қажет деп санайды.

3

Ленин бұл жерін сақтап қалуды жақтайды; орталыққа дейін арыз жазып баруы жөнінде ешкімге тыйым салуға болмайды. Мұның өзі бір орталыққа бағындырудың қажетті шарты[120].

4[121]

Бұл жерде екі мәселе бар. Бірінші мәселе беделді көпшілік туралы, мұны $^{4}/_{5}$-тен $^{2}/_{3}$-ге дейін кеміту керек деген ұсынысқа мен де қарсымын. Дәлелденген наразылықты енгізу пайдалы емес, бұған мен де қарсымын [122]. Екінші мәселенің — Орталық Комитет пен Орталық Органның кооптацияны өзара бақылау правосы туралы мәселенің маңызы анағұрлым зор. Екі орталық орынның — бір-бірімен келісіп отыруы үйлесімді жұмыстың керекті шарты. Бұл арада мәселе екі орталық орынның ажырасуы туралы болып отыр. Кімде-кім жікке бөлінуді тілемесе, ол үйлесім болуын ойлауға тиіс. Жік туғызған адамдардың болғаны партияның өмірінен мәлім. Бұл — принципті мәселе, маңызды мәселе, партияның келешектегі бүкіл тағдырының осыған байланысты болуы мүмкін.

5

Егер устав бір аяғынан ақсап отырған болса, Егоров жолдас оны екі аяғынан бірдей ақсатып отыр [123]. Совет ерекше жағдайларда ғана кооптациялайды. Мұның өзі күрделі механизм болғандықтан да, екі жақ үшін, екі орталық үшін толық сенімнің болуы қажет; өзара толық сенім болмайынша, бірлесіп істеген жұмыстың жемісті болуы мүмкін емес. Сондықтан бірлесіп дұрыс жұмыс істеу жайындағы бүкіл мәселе кооптациялау правосымен тығыз байланысты. Дейч жолдас техникалық қиыншылықтар жайындағы мәселені бостан-босқа тым артық бағалап жіберген.

17

ПАРТИЯ УСТАВЫ ЖОБАСЫНЫҢ 12-ПАРАГРАФЫНА ҚОСЫМША

Орталық Комитеттің және Орталық Орган редакциясының мүшелерін кооптациялауға партия Советінің барлық мүшелерінің келісімімен ғана жол беріледі.

5(18) августа енгізілген

18

ПАРТИЯ УСТАВЫ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

5 (18) АВГУСТ

1

Екі қарсылықтың екеуіне де қысқаша жауап беремін [124]. Мартов жолдас мені мүшелерді кооптациялағанда екі коллегияның бірауыздылығын ұсынады дейді; бұл — дұрыс емес. Съезд екі мүшенің әрқайсысына veto правосын бермеуді ұйғарды, бәлкім, кең коллегиялар жеткілікті болар, бірақ мұның өзі екі орталықтың бірлесіп істейтін жұмысының бүкіл қызметін үйлестіріп отыратын мекемеге осы билікті біз бере алмаймыз деген сөз емес. Екі орталықтың бірлесіп жұмыс істеуі толық бірауыздылық болуын және тіпті жеке адамның ынтымақты болуын талап етеді, ал мұның өзі бірауызды кооптация болғанда ғана мүмкін нәрсе. Өйткені екі мүше кооптация қажет деп тапса, онда олар Советті шақыра алады ғой.

2

Мартовтың түзетуі Орталық Комитет пен Орталық Органда кооптацияның бірауызды болуы туралы бұрын қабылданған пунктке қайшы келеді [125].

3

Мартов жолдастың түсіндіруі дұрыс емес, өйткені жою бірауыздылыққа қайшы келеді [126]. Мен съезден Мартов жолдастың түзетуін дауысқа қоюдың керегі бар ма, жоқ па — осыны шешуді сұраймын.

4

Шынына келгенде мен Глебов пен Дейч жолдастармен дауласып жатпас едім, бірақ мен Лига туралы уставта айтуды қажет деп санаймын, себебі, біріншіден, Лиганың бар екені туралы жұрттың бәрі білсін, екіншіден, Лиганың партиядағы өкілдігін ескі уставтар бойынша атап өту үшін, үшіншіден, мұның себебі басқа ұйымдардың бәрі комитеттердің жағдайында болып отыр, ал Лига оның ерекше жағдайын айқындап көрсетуі үшін енгізілуде [127].

19

МАРТЫНОВ ПЕН АКИМОВТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ [128]

Мартынов пен Акимов жолдастардың мәлімдемесін съездің мүшелері туралы және тіпті партияның мүшелері туралы түсінігімізге қайшы келетін мәлімдеме деп танып, съезд Акимов пен Мартынов жолдастарға не өздерінің мәлімдемесін қайтып алуды, не өздерінің партиядан шығуы туралы айқын айтуды ұсынады. Протоколдарға келетін болсақ, съезд олардың протоколдар бекітілетін кездегі ерекше мәжіліске қатысуына қалай да мүмкіндік береді.

1903 ж. 5(18) августа жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

20

МАРТЫНОВ ПЕН АКИМОВТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

5 (18) АВГУСТ

1

Бюро Мартынов пен Акимов жолдастардың таңертеңгі мәжілісте берген мәлімдемесін талқылады. Көрсетілген дәлел теріс және мейлінше таңданарлық бола тұрса да, мен оған тоқтамаймын. Одақты жабу туралы ешкім еш жерде мәлімдеме жасаған жоқ, Мартынов пен Акимов жолдастар съездің Лига туралы шешіміне жапама түрде теріс қорытынды жасады. Бірақ тіпті Одақтың жабылуы да съезд жұмысына делегаттардың қатысу правосын жоя алмайды. Дәл сол сияқты съезд дауыс беруге қатысудан бас тартуға жол бере алмайды. Съездің мүшесі тек протоколдарды ғана бекітіп, оның басқа жұмыстарына қатыспай отыра алмайды. Бюро әзірше ешқандай қарар ұсынбайды және бұл мәселені съездің талқылауына қояды. Мартынов пен Акимовтың мәлімдемесі барынша дұрыс емес және съезд мүшесінің атағына қайшы келеді.

2

Мұнда қайдағы бір қисынсыз және қолайсыз жағдай туып отыр. Бір жағынан, бізге съездің шешімдеріне бағынамыз дейді, екінші жағынан, устав жөніндегі шешімге бола кеткісі келеді. Осында Ұйымдастыру комитеті таныған ұйымның делегаты ретінде келген біздің қай-қайсымыз да съездің мүшесі болдық. Ұйымның ешқандай таратылуы бұл атақты жоймайды. Біздің, бюроның, дауыс беру кезінде қалай етуіміз керек? Мүл-

де кеткендерді есептемеуге болмайды, өйткені съезд өз құрамын бекітіп қойды. Бұл арада бір логикалық қорытынды бар — партияның қатарынан біржола кету керек. Ал протоколдарды Одақтағы жолдастарды да арнайы шақырып бекітуге болады, ал съезд өз протоколдарын оларсыз да бекітуге праволы.

21

БУНДТЫҢ РСДРП-дан ШЫҒУЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ [129]

Бундтың шығуы

Съезд Бунд делегаттарының съезд көпшілігінің шешіміне бағынудан бас тартуын Бундтың РСДРП-дан шығуы деп қарайды [130].

Съезд бұл қадамға өте өкінеді, съезд мұны «еврей жұмысшы одағының» қазіргі басшыларының үлкен саяси қатесі, бұл қате еврей пролетариатының және жұмысшы қозғалысының мүдделеріне зиянды әсерін тигізбей қоймайды деп біледі. Бунд делегаттарының өз қадамын ақтайтын дәлелдерін съезд практикалық жағынан алғанда орыс социал-демократтарының социал-демократиялық сенімдерінің шын еместігі, дәйексіздігі жөніндегі мүлдем дәлелсіз қауіптенушіліктер мен құр күдіктенушіліктер деп, ал теориялық жағынан Бундтың социал-демократиялық қозғалысына ұлтшылдықтың еніп кетуінің өкінішті нәтижесі деп таниды.

Съезд Россиядағы еврей және орыс жұмысшы қозғалысының толық және өте тығыз байланысы, тек принциптік жағынан ғана емес, ұйымдық жағынан да болуын тілеп, оның керектігіне берік сенім білдіреді және съездің осы қаулысымен де, орыс социал-демократиясының қандай бір ұлт қозғалысына жалпы көзқарасымен де еврей пролетариатын толық таныстырудың барлық шараларын қолдануға қаулы етеді.

1903 ж. 5(18) августа жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

22

БУНДТЫҢ РСДРП-дан ШЫҒУЫ ТУРАЛЫ МАРТОВТЫҢ ҚАРАРЫНА ҚОСЫМША

Еврей жұмысшы қозғалысы мен еврей емес жұмысшы қозғалысының бірлігін қалпына келтіру жөнінде және орыс социал-демократиясының ұлт мәселесін қалай қоятынын еврей жұмысшыларының мүмкіндігінше неғұрлым қалың бұқарасына түсіндіру жөнінде съезд барлық шараны қолдануға қаулы етеді.

1903 ж. 5(18) августа жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

23

ЖЕКЕ ТОПТАР ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Жеке топтар

Съезд социал-демократтардың «Күрес», «Өмір», «Ерік»[131] сияқты топтарының жеке-жеке өмір сүретініне өзінің өкінішін білдіреді. Олардың бұл оқшаулануы, бір жағынан, партия ішінде жол беруге болмайтын шырыш бұзушылықты тугызбай қоймайды, ал екінші жағынан, социал-демократиялық көзқарастар мен социал-демократиялық тактикадан социал-революционизм дейтіннің жағына қарай («Ерікте» және ішінара «Күрестің» аграрлық программасында) немесе христиан социализмі мен анархизмнің жағына қарай («Өмірде») өкінішті ауытқушылықтарды туғызбай қоймайды. Съезд осы айтылған топтар да, өздерін социал-демократия қатарында санап жүрген барлық адамдардың топтары да бірыңғай және ұйымдасқан орыс социал-демократиясының қатарына кірулерін тілейтіндігін білдіреді. Съезд Орталық Комитетке керекті мәліметтер жинауды және аталған топтар мен тағы басқа жеке топтардың партия ішіндегі орны туралы немесе оларға партиямыздың көзқарасы туралы түпкілікті қаулы алуды тапсырады.

1903 ж. 5 немесе 6 (18 немесе 19) августа жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

24

ӘСКЕРДЕГІ ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Әскер

Съезд әскер арасындағы социал-демократиялық насихат пен үгіттің маңыздылығына барлық партия ұйымдарының назарын аударады және офицерлер мен төменгі қызметкерлердің арасындағы барлық байланыстарды тезірек нығайтып, қалыптастыруга бар күшті жұмсауды ұсынады. Съезд әскерде қызмет ететін социал-демократтардың айрықша топтары құрылуын, сөйтіп ол топтар жергілікті комитеттерде (комитет ұйымының тармағы ретінде) немесе орталық ұйымда (тура Орталық Комитет құрған және қолма-қол соған бағынатын мекемелер ретінде) белгілі бір жағдайда болуын қажетті деп таниды.

1903 ж. 5—10 (18—23) августа жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

25

ШАРУАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Шаруалар

Съезд шаруалар арасындағы жұмысты күшейтіп, нығайтудың маңыздылығына барлық партия мүшелерінің айрықша назарын аударады. Шаруаларға (әсіресе деревня пролетариатына) барлық социал-демократиялық программаны тұтас алып түсіндіріп отыру керек, аграрлық программаның маңызын қазіргі құрылыс негізіндегі бірінші және таяудағы талаптар екенін түсіндіріп отыру керек. Деревняда саналы шаруалар мен интеллигент қызметкерлерден партия комитеттерімен үзбей хабарласып отыратын социал-демократтардың берік ұйымдасқан топтарын құруға тырысу керек. Принципсіздік және реакцияшыл халықшылдық соқыр сенімдер таратушы социалист-революционерлердің насихатына шаруалардың өз ортасында қарсы әрекет жасау керек.

1903 ж. 5—10 (18—23) августа жазылған

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

26

«ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫ САЙЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [132]

7 (20) АВГУСТ

Жолдастар! Мартовтың сөзі таңқаларлық болғаны соншалық, мен оның мәселе қоюына үзілді-кесілді қарсы шығуға өзімді мәжбүр болып отырмын деп білемін. Мен ең алдымен мынаны ескертемін: редакцияны сайлаудың өзіне Мартовтың қарсылығы, оның өзінің және жолдастарының сайланбақшы редакцияға қатысудан бас тартуы «Искра» партиялық орган болып таныларда біздің бәріміздің (соның ішінде Мартовтың да) айтқандарымызға өрескел қайшы келеді. Онда бізге мұны мойындаудың түк мағынасы жоқ, өйткені редакцияны бекітпей тұрып, газеттің атын бекітуге болмайды деп қарсы шыққандар болды, сонда бұл қарсы шыққандарға Мартов жолдастың өзі: *бұларың дұрыс емес,* анық саяси бағыт бекітілгелі отыр, редакцияның құрамы еш нәрсемен *алдын ала шешілмейді,* редакторлардың сайлауы әлі алда, біздің Tagesordnung-тың [133] 24-пунктінде деп түсінік берген болатын. Сондықтан «Искраны» тануға шек қою жөнінде айтуға Мартов жолдастың қазір ***мүлдем ешқандай правосы*** жоқ еді. Сондықтан Мартовтың: редакцияда бірге болған ескі жолдастарымнан қалып, үштікке жалғыз кіруім барлық саяси атағыма дақ түсірер еді деген сөзі *саяси ұғымдарды адам айтқысыз шатастырғандықты* ғана көрсетеді. Бұл көзқарасты жақтап шығу деген сөз — жаңа сайлау жүргізуге, қызмет адамдарын қандай да болса өзгертуге, съездің өзі уәкіл еткен коллегияларды қайта қарастыруға съездің правосы бар екенін теріске шығару деген

соз. Мәселені бұлайша қоюдың істі қаншалық шатастыратыны Ұйымдастыру комитетінің мысалынан-ақ көрініп тұр. Ұйымдастыру комитетіне біз съездің толық сенетінін және алғыс айтатынын білдірдік, бірақ, сонымен қатар, біз Ұйымдастыру комитетінің ішкі қатынастарын білуге съездің правосы жоқ деген ойды келемеж еттік, сонымен қатар, біз Ұйымдастыру комитетінің бұрынғы құрамы бұл құрамды «жолдастыққа жатпайтын» жолмен қайта іріктеуімізге, қандай элементтерден болса да *жаңа* Орталық Комитет құруымызға қысым жасайды-ау деген жорамалдың қандайын болса да тастадық. Тағы да қайталап айтамын: Мартов жолдастың бұрынғы коллегияның *бір бөлігін* сайлауға болады деген көзқарасында саяси ұғымдарды орасан зор шатастырғандық байқалады.

Енді мен «екі үштік» [134] мәселесіне келейін. Мартов жолдас «екі үштік» жобасы редакцияның бір мүшесінің, бір-ақ адамның жобасы (атап айтқанда менің жобам), ол жобаға содан басқа ешкім жауапты емес деді. Бұлай дегенге мен *үзілді-кесілді қарсылық білдіремін* және *мүлдем теріс* деп мәлімдеймін. Съезде редакцияның *еркін сайлануын талап етемін* деп мен съезд ашылудан бірнеше апта бұрын Мартов жолдас пен редакцияның тағы бір мүшесіне ашық айтқанымды Мартов жолдастың есіне саламын. Мен ол жоспардан *«екі үштікті»* сайлау жөнінде *Мартов жолдастың өзі* маған одан неғұрлым қолайлырақ жоспар ұсынғандықтан бас тарттым. Мен сол кезде бұл жоспарды тұжырымдап, қағаз бетіне түсіріп, *ең алдымен* Мартов жолдастың өзіне жібердім, Мартов жолдас оны түзетіп, өзіме қайтарды,— міне, нақ сол түзетілген данасы қолымда тұр, Мартовтың түзетулері қызыл сиямен жазылған [135]. Бұл жобаны бірталай жолдастар кейін әлденеше рет көрген болатын, редакцияның барлық мүшелері де көрді, бірақ бұған *ешкім еш уақытта* ресми қарсылық білдірген жоқ. «Ресми» деп отырмын, өйткені жаңылмасам, Аксельрод жолдас бірде, жай сөз арасында, бұл жобаны қолдамайтынын айтқан болатын. Бірақ редакцияның қолдамайтынын жай ескертумен ғана білдіру жеткіліксіз екендігі өзінен-өзі түсінікті. Редакцияның съезд

алдында-ақ *жетінші* адамды шақыру туралы ресми шешім қабылдауы да тегін емес-ті, мұны керек бола қалған жағдайда съезде коллективтік бір пікір айту, бұлжымас шешім қабылдау үшін істеген болатын, алты кісілік коллегиямызда мұны істеуге көбінесе мүмкіндік болмайтын. Алтылықты редакцияның тұрақты жетінші мүшесімен толықтыру біздің көптен ойланып жүрген ісіміз екенін *редакция мүшелерінің бәрі де* біледі. Сөйтіп, қайталап айтамын, «екі үштікті» сайлау сияқты жол өте табиғи жол болды, мен оны өзімнің жобама Мартов жолдасқа *айтып,* оның *ризашылығымен* кіргіздім. Екі үштік сайлау жүйесінің болуы керек екендігін «искрашылдардың» жеке жиналыстарында Мартов жолдас Троцкий жолдаспен және тағы басқаларымен бірге одан кейін әлденеше рет жақтаған болатын.

Мартов жолдастың екі үштік жобасы жеке сипатта жасалды деген сөздерін түзете отырып, мен, алайда, бұрынғы редакцияны бекітпеу жөнінде біздің жасаған шарамызға сол Мартовтың өзінің қандай «саяси маңыз» бергенін сөз етпекші емеспін. Қайта, Мартов жолдастың бұл қадамымыздың үлкен саяси маңызы бар дегеніне даусыз толық қосыламын, бірақ саяси маңызы болғанда Мартов айтқандай емес. Ол мұны — Россияда Орталық Комитетке ықпал жүргізу үшін күресу әрекеті дейді. Мен Мартовтан да әрірек барамын. «Искраның» жеке топ ретінде осы күнге дейінгі істеп келген жұмысының барлығы да өзінің ықпалын жүргізу үшін *күрес* болған, ал енді әңгіме ықпал үшін күресу туралы ғана емес, үлкенірек мәселе туралы, ықпалды *ұйымдастыру жағынан нығайту* туралы болып отыр. *Саяси* жағынан Мартов жолдаспен екеуміздің арамыз бұл жерде қаншалықты қашықтап отырғанын мынадан көруге болады: ол маған Орталық Комитетке ықпал жүргіздіртпек болады деп *кінә* тағады, ал мен мұны өзімнің сіңірген *еңбегім* деп білемін, мен бұл ықпалды ұйымдастыру жолымен нығайтуға талпынып келдім және бұдан былай да соған талпына бермекпін. Бақсақ, екеуміз тіпті екі түрлі сөйлеп отыр екенбіз! Егер біздің бүкіл жұмысымыздың, біздің бүкіл күш-жігеріміздің мақсаты ықпалды толық жүргізу және нығайту үшін

күрес болмай, бұрынғыша ықпал жүргізу үшін күрес болып қала беретін болса, біздің бұл жұмысымыз бен күш-жігеріміздің не қажеті болар еді. Иә, Мартов жолдас әбден дұрыс айтады: жасалған қадамымыздың *ірі саяси маңызы бар* екені сөзсіз, мұның өзі партиямыздың ілгергі істері үшін қазір белгілі екі бағыттың бірін таңдап алғанымызды көрсетеді. «Партия ішіндегі қоршау жағдайы» туралы, «жеке адамдар мен топтарға қарсы айрықша заңдар» туралы және т. с. қорқынышты сөздер мені титтей де қорқытпайды. Тиянақсыз, солқылдақ элементтерге «қоршау жағдайын» жасайтынымыз былай тұрсын, оны жасауға міндеттіміз, сондықтан партиямыздың бүкіл уставы, бүгіннен бастап съезде бекітілген централизміміз *саяси тиянақсыздықтың* осыншама көп негізі үшін «қоршау жағдайы» болып табылады. Атап айтқанда, тиянақсыздыққа қарсы ерекше, тіпті айрықша заңдар керек те, сондықтан съезд жасаған қадам *осындай* заңдар мен *осындай* шаралардың берік негізін салып, саяси бағытты дұрыс белгілеп берді.

Қолжазба бойынша басылып отыр

27

ПАРТИЯНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЙЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

7 (20) АВГУСТ

Бізді ынтымақты көпшілік бар деп кінәлады. Мұның ешбір сөкеттігі жоқ. Бұл арада ынтымақты көпшілік құрылған екен [136], онда сайланған Орталық Комитеттің іске қабілетті-қабілетсіз болып шығатындығы қазірдің өзінде ақылға салынып ойланылғаны. Кездейсоқтық туралы сөз етуге болмайды. Толық кепілдік бар. Сайлауды кейінге калдыруға болмайды. Уақыт өте аз қалды. Мартов жолдастың сайлауды кейінге қалдыру жөніндегі ұсынысы — негізсіз. Русов жолдастың ұсынысын қолдаймын [137].

28

СЕКТАНТТАР ҮШІН ОРГАН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ [138]

Россияда сектанттық қозғалыс өзінің көптеген көріністерінде Россиядағы демократиялық ағымдардың бірі болып табылатынын ескере отырып, II съезд партияның барлық мүшелерінің назарын сектанттарды социал-демократияға тарту мақсатымен олардың арасында жұмыс жүргізуге аударады. Тәжірибе ретінде съезд В. Бонч-Бруевичтің Орталық Орган редакциясының бақылауымен көпшілікке арналған *«Среди сектантов»* деген шағын газет шығаруына рұқсат етеді және Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясына бұл басылымның жүзеге асуы мен табысты болуына және оның дұрыс жұмыс атқаруының барлық жағдайларын белгілеуге қажетті шаралар қолдануды тапсырады.

1903 ж. 10(23) августа жазылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

29

ПОТРЕСОВТЫҢ (СТАРОВЕРДІҢ) ЛИБЕРАЛДАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ ҚАРАРЫ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [139]

10 (23) АВГУСТ

Старовердің қарары теріс түсінілетін болады: студенттер қозғалысы мен «Освобождение» — екі түрлі нәрсе. Бұларға бірдей көзқараста болу зиянды. Струвенің есімі әбден белгілі, сондықтан жұмысшылар оны біледі. Старовер жолдас белгілі бір директива беру керек деп ойлайды; меніңше, бізге айқын принципті және тактикалық көзқарас керек.

30

ОҚУШЫ ЖАСТАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

10 (23) АВГУСТ

«Жалған достар» деген тұжырымды тек қана реакционерлер қолданып отырған жоқ, ондай жалған достардың бар екенін біз либералдар мен социалист-революционерлердің мысалынан көріп отырмыз. Нақ осы жалған достар жастардың әр түрлі ағымдарды айыра білуінің керегі жоқ деп азғырады. Ал біз біртұтас революциялық дүние танымды үйретіп шығаруды басты мақсат етіп алға қоямыз, ал бұдан былайғы практикалық міндет — жастардың ұйымдасып, біздің комитеттерімізге келуінде.

РЕФОРМАЛАР ЗАМАНЫ

Иә, біз, сөзсіз, реформалар заманын бастан кешіріп отырмыз; қазіргі Россияға қолданғанда бұл сөздер қаншалықты құлаққа жат естілсе де, осылай болып отыр. Ішкі саясаттың барлық саласында, ішкі жауға қарсы күресу саласынан басқаларында, тоқыраушылық, бірақ осыған қарамастан,— дәлірек айтқанда, нақ осы себептен,— реформалар жасауға әрқашан, үздіксіз әрекеттенушілік, ең көкейтесті, ең айбынды қоғамдық-саяси қатынастар саласында реформаларға дүрсе қоя берушілік байқалады. Саналы-таптық өмірге оянып келе жатқан пролетариаттың біздің полициялық самодержавиеге бірден-бір бітіспес, нағыз, басты жау ретінде қарсы күреске шыққанына көп болды. Ал алдыңғы қатарлы қоғамдық тап сияқты жаумен бір ғана күштеу арқылы, тіпті ең аяусыз, ең ұйымдасқан, ең жан-жақты күштеу арқылы да күресуге болмайды. Мұндай жау өзімен санасуға, өзіне жеңілдік беруге мәжбүр етеді; бұл жеңілдіктер әрқашан ықыласcыздықпен істелген, әрқашан жарым-жарты, көбінесе мүлдем алдамшы, әдетте азды-көпті шебер бүркемелеп тор құрған жеңілдіктер, бірақ әйтеуір жеңілдіктер, тұтас заманды қамтитын реформалар. Дағдарыс бітіп, дауыл басылған соң, сөйтіп үстем жағдайда қалғандар өздерінің программасын жүзеге асыруға немесе өздерінің дұшпандары қалдырған программаны жүзеге асыруға кірісетін (бұлай да болады) кезінде саяси дамудың құлдыраған бағытын білдіретін реформалар болады; ал бұлар, әрине,

ондай реформалар емес. Жоқ, бұлар — өрлеу бағытының реформалары, бұл реформалар тұсында қалың бұқара күреске барған сайын кең тартылады, дағдарыс енді ғана жақындап келе жатады, әрбір шайқас, ұрыс майданынан жүздеген күрескерлерді әкеткенімен, бұрынғыдан да ызалы, бұрынғыдан да батыл, бұрынғыдан да жетік мыңдаған жаңа күрескерлерді тудырады.

Мұндай реформалар әрқашан революцияның жаршысы, оның табалдырығы болады. Патша үкіметінің бір бөлігі жүзеге асырылған, бір бөлігі енді ғана белгіленген соңғы шаралары, сөзсіз, осындай реформаларға жатады; ол шаралар: жұмысшылардың өзара көмек қоғамдары туралы заңның жобасы (үкімет жарияламаған, либералдық-буржуазиялық «Освобождениенің» хабарларынан ғана мәлім болған жоба) және жарақаттанып қалған жұмысшыларға ақы төлеу туралы заң мен фабрика старосталары туралы заң. Біз енді осы соңғы заңға толығырақ тоқталмақшымыз.

Жаңа заңның мәні мынада: белгілі жағдайларда жұмысшылар кәсіпкерлермен өздерінің қарым-қатынасында өкілдік правосын, біршама бастапқы ұйым правосын ала алады. Бұл правоны алу үшін адам айтқысыз көп полициялық рұқсаттар керек, шек қоюшылық, қысымшылық орасан көп. Шынында да. Ең алдымен мынаны ескеру керек: жаңа заң бойынша жұмысшылардың өкілдік правосына завод басқармаларының келісімі, инициативасы болуы, фабрика және тау-кен заводы істері мекемесінің рұқсаты болуы керек. Жұмысшыларға өкілдік правосын заводтардың қожайындары бере *алады*, бірақ оларды бұған заң ешбір міндеттемейді, оның үстіне фабрикант тарапынан өкілдік туралы өтініш болған күннің өзінде фабрика мекемесі ол өкілдікті өткізбей тастай алады, қандай сылтаумен болса да және ешбір сылтаусыз-ақ өткізбей тастай алады. Сонымен, әуел бастан-ақ *жұмысшылардың* өкілдігі түгелдей және сөзсіз, үзілді-кесілді *қожайындар мен полицияның* қарауына берілген. Қожайындар мен полицияға қолайлы және қажет болғанында олар жұмысшы өкілдігін құра алады (өте тар шеңберде) — міне, реформаның мәні осындай. Қазыналық заводтарда өкілдік болуы туралы,

жақшаның ішінде айталық, заңда бір ауыз сөз жоқ: жеке меншік заводтарда жұмысшылардың өкілдерін полицияның қолындағы жаңа агент етуге, фабриканың жаңа аула сыпырушысы етуге *болады*, ал қазыналық заводтарда агенттер мен аула сыпырушылар әрқашан жеткілікті! Полиция бұл салада реформаларды талап етпейді екен,— ендеше, реформаның бұл арада кергі де жоқ.

Сонан соң. Жұмысшылар өкілдігінің өзі оңі айналдырылған өрескел формаға келтірілген. Жұмысшылар *разрядтарға* бөлшектелініп, бытыратылады; жұмысшыларды разрядтарға нақ қалай бөлу туралы ережені *губернатор* бекітеді, жаңа заң бойынша өкілдік ұйымдастыруға қатысты *барлық ережелерді де* сол бекітеді. Фабриканттар мен полиция разрядтарды белгілегенде, әрине, жұмысшылардың ынтымақтасуын, бірігуін барынша қиындататындай етіп, кәсіптердің арасында, цехтардың арасында ғана емес, ұлты әр түрлі, жынысы әр түрлі, жасы әр түрлі, үйрену дәрежесі әр түрлі, жалақы мөлшері әр түрлі және т. с. жұмысшылардың арасында алакөздік туғызып, оны өршітетіндей етіп белгілейді. Жұмысшылардың өкілдігі жұмысшылар үшін жұмысшылар біртұтас бұқараға бірігуімен пайдалы болуы мүмкін және осынысымен пайдалы болмақ, өйткені біздің цивилизацияның жұмыс титығына жеткен, қаналған, жаншылған жалдама құлдарының бірден-бір күш алар жері — олардың бірлігі, олардың ұйымшылдығы, олардың ынтымағы. Патша самодержавиесі жұмысшыларға *мұндай* өкілдікті олардың арасын барынша *ажырататын* және осы арқылы жұмысшыларды әлсірететін жағдайларда, *осындай* жағдайларда ғана бергісі келеді.

Полициялық әдіспен жасалған разрядтар, егжей-тегжейлі полициялық ережелер негізінде, старосталыққа *кандидаттарды* іріктеп алуға тиісті болады, іріктегенде полиция қанша керек деп бұйырса, сонша іріктеп алуға тиісті болады. Бұл кандидаттардың біреуін, өзінің қалауы бойынша, завод басқармасы бекітеді, ал заңда айтылғанындай, «өз қызметіне сай келмейтін» старос-

таны қызметінен аластауға губернатордың әрқашан да правосы бар.

Бұл полициялық айланың сырын ашу тіпті де қиын емес! Старосталардың «қызметі», сірә, полицияға пайдалы болуда, соған жағымды болуда болса керек; заңда бұл туралы ештеңе айтылмаған, өйткені мұндай жағдайлар туралы ештеңе делінбейді: оларды *жанастыра салады.* Жергілікті полицияның бастығы, губернатор, өзіне жағымсыз старостаны ешбір бақылаусыз ауыстыру правосына ие болып отырған соң, ондай шартты жанастыра салу оп-оңай. Тағы да айтайық: мұндай фабрика старостасын фабриканың аула сыпырушысы деп атаған дұрысырақ болмас па еді? Полиция көптеген кандидат іріктеуді белгілей алады, ал олардың тек біреуі ғана бекітіледі, мәселен, 100 немесе 50 адамнан құралған әрбір разрядқа он немесе бес кандидат іріктеп алуға әмір берілді делік. Осы іріктеп алынған кандидаттардың тізімін кейде айрықша бақылауға жататын, әйтпесе тіпті тұтқынға алуға жататын адамдардың тізіміне айналдыруға болмай ма? Бұрын мұндай тізімдерді тек шпиондар жасайтын, ал енді бұл тізімдерді кейде, *бәлкім,* жұмысшылардың өздері жасайтын болар? Ал кандидаттар тізімі полиция үшін қауіпті немесе тіпті қолайсыз нәрсе емес, өйткені қашан да болса жаман адамды бекітеді немесе ешкімді бекітпей тастап, қайтадан іріктеп алуды талап етеді.

Фабрика старосталарын полициялық «қызметке» лайықты етем деп тырысып, жаңа заң (орыс заңдарының көбі сияқты) асыра сілтеп жіберген. Кандидаттар 25-тен жас болмауға тиіс. Бастапқы заң жобасы ең кем дегенде 21 жас болсын деп белгілеген еді, жоғарғы үкімет топтары «фабрика халқының неғұрлым тынышсыз элементін» алдын ала жолатпау үшін тағы да 4 жас қосуды сақтық деп, мемлекет басқарудың данышпандығы деп тапты, ал ондай «элемент» — «полиция департаментінің мәліметтері бойынша, 17-ден 20 жасқа дейінгі адамдар болып табылады» (финанс министрлігінің «Вестник Финансовында»[140] қысқартылып басылған, ал «Освобожденеде» қысқартылмай басылған түсіндіру дәлелдемелерінен). Бұл бұл ма. Завод басқармасы мен

полиция әрбір жеке ретте, яғни әрбір жеке кәсіп орын үшін, біріншіден, үлкенірек жас белгіленуін және, екіншіден, жұмысшының кәсіпорында ұзақ уақыт қызмет еткен адам болуын талап етуі мүмкін. Мәселен, старосталық орынға кандидат болып сайлану правосына ие болу үшін жұмысшының жасы кемінде 40-та болуын, заводта кемінде 15 жыл жұмыс істеген болуын талап етулері мүмкін! Полицияның мүдделерін соншама жанын сала қорғайтын заң шығарушылар бір нәрсені ойламаған сияқты: мұндай жағдайларда бұл старосталық «орынға» жұмысшылар ықыласпен бара қояр ма екен? Қайсыбір деревня десятнигі тәрізді, староста да полиция озбырлығының құрбандығы ғой. Староста-ның жұмысшыларға фабрика басшыларының бұйрықтары мен түсініктерін жеткізуші жай шабарманға айналдырылуы мүмкін ғой. Старосталардан, сөз жоқ, таза шпиондық қызмет атқаруды және старосталар шақырып, тәртіпті старосталар бақылайтын разрядтар жиналыстарының есебін беріп отыруды талап етеді ғой. Ал оның бер жағында, старосталардың өз міндеттерін атқаруы үшін жұмыстан олардың қолын босату туралы ереже болуын көздейтін заңда старосталардың ақы алатын-алмайтыны, алса, кімнен алатыны жөнінде ештеңе айтылмайды. Сонда, заң шығарушылар жұмыстан қолы босатылған старосталар сол «бос» уақыты үшін заводтан ақы талап етпейді деп ойлай ма екен? Олар, заводшылар мен губернаторлардың қалауымен, жұмысшы халықтың әлгі сенімді достарының тек жылтыраған түріне бола старосталық қызмет атқара қояр ма екен?

Старосталарды фабрикалардың аула сыпырушыларына айналдыруға тырысу жаңа заңның үшінші пунктінен де айрықша көрінеді: старосталар тек жалдау шарттарының *орындалуына* қатысты істер жөнінде ғана мәлімдейтін разрядтардың уәкілдері болып танылады. Жалдау шарттарын *өзгерту* туралы старосталардың *сөз етуге де правосы жоқ!* Жұмысшылардың «уәкілі-ақ» екен, не айтатыны бар. «Наразылықтар мен толқулар шығып қалған кезде әсіресе» «жұмысшылардың шын тілектері мен мұқтаждарын анықтауды» оңайлатқысы келген заң шығарушылардың өздерінің тұрғысынан да

бұл қаулы қандай қисынсыз. Он толқудың тоғызы нақ жалдау шарттарын *өзгерту* талабынан туады, сондықтан старосталарды бұл іске қатынасудан аулақтату — олардың ролін жоққа шығару деген сөз. Заң шығарушылар самодержавиенің сансыз көп қайшылықтарының біріне шырмалып шатасқан, өйткені жұмысшылардың өкілдеріне (полицияның рұқсатымен қойылғандарына емес, нағыз өкілдеріне) жалдау шарттарын өзгертуді талап ету правосын беру — сөз бостандығын беру және адамның жеке басына ешкімнің тимеуін қамтамасыз ету деген сөз болар еді.

Жалпы алғанда фабрика старосталарын нағыз жұмысшы уәкілдері деп тану туралы сөз болуы да мүмкін емес. Уәкілді полицияның ешбір бекітуінсіз, жұмысшылар ғана сайлауға тиіс. Уәкілді сайлаған жұмысшылар оған сенімсіздік білдірсе, ол уәкіл дереу орнынан алынуға тиіс. Уәкіл жұмысшылардың әрбір талабы бойынша есеп беру үшін олардың жиналыстарына баратын болуға тиіс. Ал біздің заңымыз бойынша старостаны сайлаған жұмысшыларды жинау старостаға ғана тапсырылады және жиналыс кәсіпорын басқармасының көрсеткен жерінде, көрсеткен уақытында шақырылады. Демек, старостаның жиналысты шақырмауына да болады, ал басқарманың орын да бермей, уақытын да белгілемеуі мүмкін. Жұмысшыларды мұндай өкілдікпен алдамсыратып, мазақ қылғанша, жұмысшы өкілдігі туралы мүлдем сөз қозғамағанның өзі дұрыс болатын еді.

Жұмысшылардың жиналыстарынан самодержавие қатты қорқады (қорқуы орынды да), сондықтан ол түрлі разрядтардың бірігіп жиналуларына сөзсіз тыйым салады. «Бірнеше разрядқа қатысты істерді қарау үшін,— деп ұйғарады жаңа заң,— сол разрядтардың старосталары ғана жиналады». Капиталистер үшін және оларды қорғайтын полициялық үкімет үшін: мастерлерден, қызметшілерден, жоғары ақы алатын жұмысшылардан мүше саны аз кішкентай разрядтар құру, қара жұмысшылар мен жай жұмысшылардан қатынасушысы көп үлкен разрядтар құру, содан соң түрлі разрядтардың старосталарының ғана жиналыстарына жол беру, шынында да, өте тиімді болар еді. Бірақ мұн-

дай есеп жасалғанда *қожайынның өзі болмаған:* өз тағдырының қожайыны саналы пролетариат болып табылады, ол өзін іліктірмек болатын жексұрын полициялық торды жиіркенішпен лақтырып тастайды. Қандай тыйым салынған болса да, жұмысшылар өздерінің істерін талқылау үшін бас қосып жиналады, өздерінің нағыз социал-демократ старосталарының жасырын жиналыстарын өткізеді.

Ал осы жексұрын реформа жұмысшы өкілдігінің алғашқы ұйытқысын полициялық-шпиондық рухпен осыншалықты уландыратын болса, онда саналы жұмысшылардың фабрика старосталарын сайлауға немесе «разрядтардың» жиналыстарына қатысудың қайсысынан болса да мүлдем бас тартқаны жөн емес пе? Біз жөн емес деп ойлаймыз. Қазіргі саяси өмір шындығы қаншалықты жексұрын болса да, оған белсене қатысудан бас тарту — социал-демократтардың емес, анархистердің тактикасы. Біз жаңа заңның әрбір жексұрын пәле-жаласына қарсы, жаңа заңның жәрдемімен істелмекші әрбір шпиондық әрекетке қарсы жұмысшылардың күресін кеңінен өрістете аламыз, өрістетуге тиістіміз,— ал бұл күрес ең артта қалған жұмысшыларды оятады, россиялық полициялық-жандармдық-шпиондық жұмысшы «өкілдігіне» қатысушылардың бәрінің саяси саналылығын күшейтеді. Зубатовшылдық жиналыстар жұмысшыларды өкімет алдында құрдай жорғалайтын старостаның аздыруынан гөрі анағұрлым көп, анағұрлым ашық аздырды, алайда біз ол жиналыстарға саналы жұмысшыларды жіберіп отырдық, олардың өздері де үйреніп, басқаларды да үйретті, сонымен бұл күллі зубатовшылдық эпопея оңбай күйреп тынды, сойтіп самодержавиенің пайдасынан гөрі социал-демократияның пайдасына анағұрлым көп қызмет етті: Одесса оқиғалары [141] бұл жөнінде титтей де күмән қалдырған жоқ.

Самодержавие жұмысшы жиналыстары туралы сөз ете бастады. Мұны жиналыстар мен жиындардың толық бостандығы жөнінде социал-демократиялық талапты мейлінше кең насихаттап, үгіттеу үшін пайдаланайық. Самодержавие сайлау туралы сөз ете бастады; мұ-

пы жұмысшылар бұқарасын сайлаудың маңызымен, бүкіл сайлау системаларымен, полицияның сайлау кезіндегі барлық қулық-сұмдықтарымен таныстыру үшін пайдаланайық. Ал мұның өзі кітаптар, әңгімелер арқылы таныстыру ғана болмасын, сонымен қабат іс жүзінде таныстыру болсын: полициялық қоршаумен шырмалған россиялық сайлауды мысал ете отырып, бұл сайлауға * қатыса отырып, саналы жұмысшылар сайлау үгітін жүргізуге, жиналыстар өткізуге, жиналыстардың алдында да, старосталардың алдында да өз талаптарын қорғауға, старосталардың қызметін үздіксіз бақылауды ұйымдастыруға қалың бұқараны барған сайын әзірлейтін болады. Самодержавие жұмысшы өкілдігі туралы сөз ете бастады. Мұны нағыз шын өкілдік туралы дұрыс идеяларды тарату үшін пайдаланайық. Көп фабрикалар мен көп қалаларды қамтитын еркін *жұмысшы одағы* ғана жұмысшылардың өкілі бола алады. Фабрикалық өкілдік, әрбір жеке фабрикадағы жұмысшылар өкілдігі тіпті Батыста да, тіпті ерікті мемлекеттерде де жұмысшыларды қанағаттандыра алмайды. Социал-демократиялық жұмысшы партиясының көсемдері, мәселен, Германияда фабрикалық өкілдікке талай рет қарсы шықты. Мұның өзі түсінікті де, өйткені капиталдың езгісі тым күшті, сондықтан капиталистік қоғамның еркін шартының қасиетті правосы, яғни жұмысшыларды жұмыстан шығару правосы әрбір жеке фабрикадағы жұмысшылар өкілдігін *әрқашан* әлсіретін отырады. Көп фабрикалар мен көп мекемдердің жұмысшыларын біріктіретін жұмысшы одағы ғана жұмысшылар өкілдерінің жеке фабриканттқа тәуелді болуын жояды. Капиталистік қоғамда жалпы мүмкін болатын күрес құралдарының бәрін тек жұмысшы одағы ғана қамтамасыз етеді. Ал ерікті жұмысшы одақтары тек *саяси бостандық* болған жағдайда, адамның жеке басының дербес праволылығы, жиындар мен жиналыстар бостандығы, халық жиналысына депутаттарды еркін сайлау жағдайында өмір сүре алады.

---

* Әрине, ұйымдасқан жұмысшыларды старосталыққа ешбір жағдайда сайлауға болмайды; кандидаттыққа ұйымдаспаған бұқара арасынан қолайлы адамдарды ұсыну керек.

Саяси бостандық болмайынша жұмысшы өкілдігінің қандай формасы болса да жексұрын алдау болып қала береді, пролетариат өзінің толық азаттық алуы жолында күресуі үшін керекті жарық сәулені, еркіндікті, кеңшілікті көре алмай, бұрынғыша түрмеде қала береді. Үкімет енді бұл түрмеге терезе салудың орнына титтей саңылау жасап отыр, ол саңылаудың өзін тұтқындағы адамнан гөрі тұтқындағыны күзетуші жандармдар мен шпиондарға көбірек пайда келтіретін етіп жасап отыр. Ал осындай реформаны орыс халқының жендеттері патша үкіметінің ізгілігі деп көрсеткісі келеді-ау! Бірақ орыс жұмысшы табы осы саңылау арқылы күреске жаңа күш жинай алады, ол қарғыс атқан бүкіл россиялық түрменің барлық қабырғаларын жермен жексен етеді және буржуазиялық демократиялық мемлекетте еркті таптық өкілдігін орнатуға жетеді.

«Искра» № 46, 15 август, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БУНД ҰЛТШЫЛДЫҒЫНЫҢ СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҒЫ

Бундтың Шетелдік комитеті жақын арада ғана Бундтың бесінші съезі туралы есеп жазылған листок шығарды. Съезд июньде (ескіше) болды. Оның шешімдері ішінде Бундтың партия ішіндегі жағдайы туралы «уставтың жобасы» басты орын алады. Бұл жоба өте-мөте ғибрат аларлық және тиянақтылығы мен «кесіп айтар» мазмұны тұрғысынан бұдан жақсы болуы мүмкін емес. Асылында, жобаның бірінші параграфының өте айқындығы соншалық, қалған параграфтары не жай түсінік, не тіпті мүлдем керексіз қоқыс. «Бунд,— дейді § 1,— Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының *федерациялық* (курсив біздікі) бөлігі». Федерация жеке, мүлдем дербес, тұтас ұйымдардың арасында *шарт* болуын көздейді, олар өздерінің арақатынастарын екі жақтың өз еріктерімен келісуі бойынша белгілейді. Сондықтан «устав жобасының» *«келісімге келуші жақтар»* жайында әлденеше рет айтқанына (§§ 3, 8, 12) таңырқауға болмайды. Бұл жоба бойынша *партияның съезіне* партияның *бір бөлігі* жөнінде уставты өзгертуге, толықтыруға немесе бұзуға право берілмейтіні таңырқарлық нәрсе емес. Партияның Орталық Комитетінде Бундтың өз «өкілдігі» болсын деп отырғаны және партияның осы Орталық Комитетінің еврей пролетариатына сөз салып, Бундтың жеке ұйымдарымен хабарласуына *«Бундтың Орталық Комитетінің ризашылығынан кейін ғана»* рұқсат беретіні таңырқарлық нәрсе емес. Осының бәрі «федерация» деген ұғымнан, «келісімге келуші жақтар» деген ұғымнан амалсыз туып отыр, ал егер Бундтың бесінші съезі Бунд дербес соци-

ал-демократиялық ұлттық партиясын (немесе, бәлкім, ұлтшыл-социал-демократиялық партияны шығар?) құрады деп қаулы етсе, өзінің де (басқалардың да) көп уақытын, көп еңбегін, көп қағазын ысырап етпес еді. Бір жағынан, дербес, жеке партияның басқа партиялармен қарым-қатынасын белгілегенде «келісімге келісуші жақ» болып қана, «өзара келісім» негізінде ғана белгілей алатыны ешбір түсіпалсыз бірден айқын болар еді. Мұндай келісім талап етілетін жеке жағдайлардың бәрін тізіп жатудың қажеті болмас еді (шын мәнісіне келгенде, мұндай жағдайлардың *бәрін* тізіп жату мүмкін де емес, ал Бундтың істеп отырғанындай, жарым-жартылап тізіп шығу — толып жатқан түсініспеушілікке есікті айқара ашу деген сөз). Дербес екі жақтың шартын партияның бір бөлігінің жағдайы туралы устав деп атап, логика мен ожданға зорлық істеудің керегі болмас еді. Бұл сыпайы, әсем атақтың («Бундтың партиядағы жағдайы туралы устав») мазмұны жағынан жалған болатын тағы бір себебі: бүкіл партия өзінің толық ұйымдық бірлігін іс жүзінде қалпына келтіріп болған жоқ, сондықтан Бунд топтасқан бөлік ретінде бой көрсетіп, осы тұтастықтан әрірек ығысу үшін, *осы тұтастықты біржола ұсақ бөліктерге бөлшектеп көру үшін* жалпы ұйымдастыру кемшіліктерін пайдаланбақшы болып отыр.

Екінші жағынан, мәселе турасынан қойылған болса, уставтың аты шулы жобасын жасаушылар партияның *әрбір* ұйымдасқан бөлігінде, әрбір аудандық ұйым, әрбір комитет, әрбір топта болатын праволарды, мәселен, партия съездері қарар шығармаған жалпы мәселелерді партияның программасына сүйене отырып шешу правосын көздейтін пункттерді жазу міндетінен құтылған болар еді. Мұндай пункттері бар устав жазу жай ғана күлкі келтіреді.

Енді Бундтың ұстап отырған позициясына маңызы жағынан баға беруге кірісейік. Ұлтшылдықтың қыңыр жолына бір түскен соң, Бунд (егер ол өзінің негізгі қатесінен бас тартқысы келмеген болса) ерекше еврей партиясын құруға қалайда және сөзсіз келуге тиіс болды. Уставтың Бундқа еврей пролетариатының өкілдігі

жөнінде *монополия* беретін екінші параграфы нақ осыған сәйкес келеді де. Бунд, делінген бұл параграфта, партияға оның (еврей пролетариатының) *бірден бір* (курсив біздікі) өкілі болып кіреді. Бундтың қызметі және Бундтың ұйымы ешқандай аудандық шеңбермен шектелмеуге тиіс. Сонымен, Россияның еврей пролетариаты мен еврей емес пролетариатын толық бөліп, межесін айыру бұл арада сөзсіз дәйектілікпен *ақырына дейін* жеткізіліп қана қоймайды, былайша айтқанда, нотариалдық шартпен, «уставпен», «негізгі» заңмен бекітіледі (жобаның 12-параграфын қараңыз). Партияның Екатеринослав комитетінің Бундқа айтпастан (ол кезде Екатеринославта ешбір ерекше ұйымы болмаған!) еврей жұмысшыларына үндеу жазуға батылы барғаны сияқты «өрескел» жағдайлар, жаңа жобаның айтуынша, бұдан былай мүмкін болмауға тиіс. Белгілі бір жерде еврей жұмысшылары қаншама аз болса да, бұл жер Бунд ұйымының орталықтарынан қаншама қашықта болса да,— Бундтың Орталық комитетімен келісіп алмай еврей пролетариатына партияның ешбір бөлегі, тіпті партияның Орталық Комитеті де ештеңе айта алмайды! Мұндай ұсыныстың жасалуы мүмкін деп сену қиын,— әсіресе біздің орыс жағдайларында мұндай монополияны талап ету соншалықты керемет нәрсе,— бірақ устав жобасының 2 және 8-параграфтары (ескертулер) шүбәлануға ешбір мүмкіндік қалдырмайды. Бундтың орыс жолдастардан бұрынғыдан да әрірек ажырасқысы келетіндігі жобаның әрбір пунктінің өн бойынан ғана көрініп тұрған жоқ, бұл съездің басқа қарарларында да білдірілген. Бесінші съезд, мәселен, «Бундтың программалық және тактикалық позициясын анықтайтын газет түрінде» айына бір рет «Последние Известия» шығарып тұруға (Бунд Шетелдік комитетінің басылымы) қаулы етті. Бұл позицияның анықталуын зер салып, асыға күтеміз. Съезд оңтүстіктегі жұмыс туралы IV съездің шешімін *бұзды*. Бундтың IV съезі еврей ұйымдары партия комитеттерінің құрамына кіретін оңтүстік қалаларда *«Бундтың жеке комитеттері құрылмасын»* (курсив Бундтікі) деп қаулы қабылдағаны мәлім. Бұл қаулыны бұзу — бұрынғыдан да гөрі оқшау-

лануға қарай басқан үлкен бір қадам, *барлық* жергілікті пролетариатпен үздіксіз байланысты бола отырып, еврей пролетариатының арасында жұмыс істеген және жұмыс істегісі келетін оңтүстіктегі жолдастарды тартысқа шақырғандық. «А деп айтқан адам Б деп те айтуға тиіс» — ұлтшылдық жолына түскен адам, сөз жоқ, өзінің ұлтын, өзінің ұлттық жұмысшы қозғалысын қытай қорғанымен қоршап алу тілегіне дейін барады, ондай адамды әрбір қалада, мекенде, селода жеке қорғандар салуға тура келетіндігі қынжылдырмайды, ондай адамды *ол* өзінің бөлшектеу және ыдырату тактикасымен барлық ұлттардың, барлық нәсілдердің, барлық тілдердің пролетарларын жақындату және біріктіру деген ұлы өсиетті *түкке асырмай тастайтыны* қынжылдырмайды. Осыдан соң Бундтың нақ сол V съезінің ойраптар туралы қарары мысқыл күлкі болып естіледі, бұл қарарда «Кишиневте болған оқиғалар сияқты оқиғаларды туғызатын жағдайларды барлық ұлттардың пролетарларының *бірлескен күресі ғана* түп-тамырымен құрта алатынына сенім» білдіріледі (курсив біздікі). Бірлескен күрескерлерді бір-бірінен *аулақтататыны* былай тұрсын, сол аулақтануды және бөлектенуді ұйымдастыру жолымен бекітетін «устав» іле-шала ұсынылып отырғанда, бірлесіп күресу туралы бұл сөздер — қандай жалған сөздер! Бунд ұлтшылдарына мынадай кеңес бергіміз келеді-ақ: еврей ұлтына үндеу салуға әуелі Бунд Орталық комитетінің «келісімін» сұрамай-ақ (ой, жүрек жұтқандар-ай!), жалпы стачка, жалпы жиналыс, жалпы демонстрация жасаған, «қорықпаңдар, бұл сіздерге Кишинев емес, біздің тілейтініміз мүлдем басқа, біздің арамызда жойт те жоқ, орыс та жоқ, біздің *бәріміз жұмысшымыз,* біздің бәрімізге бірдей қиын» деп (қараңыз: «Искра» № 45) саудагерлерді тыныштандырған Одесса жұмысшыларынан үйреніңдер. Әзір кеш болмаса, Бундтағы жолдастар осы сөздердің мәнін ойлап көрсін, өздерінің қайда бара жатқандарын жақсылап ойлап көрсін!

«Искра» № 46, 15 август, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БАҚЫТСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДАН МҮГЕДЕК БОЛҒАН ЖҰМЫСШЫЛАРҒА АҚЫ ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ ЗАҢ

Мазмұны мақаланың бас тақырыбында көрсетілген, таяуда шыққан жаңа заң және мұның алдындағы номерде біз талдаған, фабрика старосталары туралы заң * заман рухына сай белгілі бір жеңілдік жасаушылықты білдіретін отандық жұмысшы заңдарының екі тармағының айтарлықтай ерекше бір үлгісымақтары болып табылады. Бізде өте-мөте мол және бюрократтық қиыншылықтардың бәрінен айрықша тез өтіп кететін, оның бер жағында мейлінше тыңғылықты жасалып, ерекше пәрменділікпен қолданылатын батыл реакциялық заңдардан басқа,— жұмысшы табына қатысты басқа россиялық заңдардың бәрі өздерінің саяси сипаты жағынан екі топқа бөлінуі мүмкін. Бұлар — не бір нәрсе жөнінде болса да, тырнақтай болса да жұмысшылардың дербестігін, өз бетімен әрекет етуін, правосын кеңейтетін заңдар,— ал онда бұл заңдар жүздеген-мың дағап алып тастаулармен, ескертулермен, нұсқау түсініктермен, шектеулермен шырмалады, бұлардың бәрі, біздің программа жобасының тілімен айтқанда,— «еңбекші таптарға полициялық-чиновниктік бақылауды кеңейтуге немесе ығайтуға» әкеп соғады. Фабрика старосталары туралы, фабрика инспекциясы туралы және т. с. заңдар жалпы алғанда осындай. Не болмаса бұл заңдар азаматтардың дербестігіне, өз бетімен әрекет етуіне ешбір қатысы жоқ жеңілдік жасау болып табы

* Қараңыз: осы том, 340—348-беттер. *Ред.*

лады,— ал онда самодержавиелік үкімет барынша зор жомарттық жасайды. Самодержавиенің жалпы тактикасы тұрғысынан, «дұрыс түсінілген» полициялық мүдделер тұрғысынан, әрине, осылай болуға да тиіс. Полициялық мемлекетке қарсы күрес жөнінен тәжірибе алып, әбден төселіп қалған батыс европалық демократтар оның саясатына әлдеқашан-ақ пряник пен қамшы деген сөздермен ат қойып алды. Пряник — бұл революциялық таптарға беретін қайыр-садақа, бұл — революциялық таптарға іріткі салу, олардың бір бөлігін өз жағына тарту, буржуазиялық үкіметтің пролетариатқа адалдығы мен достығына иландыруға мәжбүр ету мақсатымен жасалатын экономикалық жеңілдіктер. Қамшы — өзінің үкіметке сенімі жоқ және бұдан әрі сенімсіздік туғызатын адамдардың бәрін полицияның қуғын-сүргінге салуы, қамшы — жұмысшы табының, оның одақтарының, оның жиналыстарының, оның газеттерінің, оның саяси-мекемелері мен органдарының толық бостандығы мен дербестігіне ұмтылатын адамдардың бәрін ауыздықтау.

Фабрика старосталары туралы заң жұмысшыларға өкілдік береді, бұл өкілдік оларға буржуазия мен үкіметке қарсы қызмет еткен *болар еді*. Сондықтан өкілдік беру одан тек тыңшылар ғана немесе ең болмағанда негізінен тыңшылар пайда көре алатындай етіп бұрмалапады және шектеледі. Сондықтан заң жариялаған жұмысшы өкілдігінің, шынында, практикада қолданғанда, Тришкин шекпенінен қалған жаға сияқты, тек жағасы ғана қалады. Ал бұл жаға «старостаны» «жағасынан» жұлқылап, учаскеге сүйреу үшін керек. Мұның керісінше, жұмысшыларға ақы төлеу туралы заңның олардың саяси дербестігіне титтей де қатысы жоқ, демек, бұл арада жомарттау болуға да болады. Мұнда қауіптенбей-ақ «реформатор» ролінде көрініп қалуға болады, ал бұлай ету *керек*, өйткені өсіп келе жатқан жұмысшы қозғалысының қаһары барған сайын күшейе түсуде. Бюрократтық машина кәсіпкерлердің жауапкершілігі туралы заң жобасын жасауды осыдан *жиырма жыл* бұрын қолға алды. Бұл заң жобасын он жыл бойы жасады; ақырында, оны ерекше комиссия мақұлдады,

сөйтіп 1893 жылы жоба жарияланып, Мемлекеттік советке ұсынылды... тағы бір он жылға қайтадан басып тастау үшін ұсынылды! «Жайырақ асығуға», сірә, енді болмай қалса керек, егер Россияның жұмысшы табы өз тегеурінімен бүкіл самодержавиені дүр сілкіндірмесе, заң жобасы, бәлкім, әлі де бірер он жыл министрліктер мен кеңселерде кезіп жүрген болар ма еді, қайтер еді.

Сөйтіп бірдеңелер жөнінен нашарлатылған үстіне нашарлатыла түскен бұл заң жобасы, ақырында, заңға айналды. Бұл заңға баға беру үшін оны біздің партия программасының жобасында талап етілген нәрсемен салыстыралық: бұл программаның «жұмыс бөлімі» насихат пен үгіт ісінде біздер үшін нақ басшылық болуға тиіс. Сондықтан программамыздың жекелеген пункттері мен талаптарын қазіргі өмір шындығымен және билеп-төстеуші таптардың ешкімді ренжітпей осы шындық өмірді реформалау әрекеттерімен салыстыра отырып қана,— біз, бір жағынан, біздің программамыздың мағынасы мен маңызын өзімізге және бұқараға барынша толық және нақты түрде түсіндіре аламыз; екінші жағынан, қолданылып отырған заңдардың кемшіліктерін анықтай аламыз; үшінші жағынан, буржуазиялық құрылыстың негіздерін сақтап қалған жағдайда, барлық реформалар мен реформа атаулының нәтижелері мардымсыз болуына қандай дәрежеде душар етілгенін іс жүзінде, фактілер арқылы түсініп аламыз.

Біздің программамыздың жобасы («жұмыс бөлімінің» 7-параграфы) жалпы жұмысшы *жалдаушылардың*, яғни жұмысшыларды жалдайтындардың бәрінің, басқалардың жұмыс күшін пайдаланып, бұл *товардың* (жұмыс күшінің) құрып кетуіне немесе бүлінуіне жауап бермей, олардың ақы төленбеген еңбегінен пайда табатындардың бәрінің азаматтық жауапкершілігін (жұмысшылардың мертігуіне және ауру-сырқауына жауапкершілігін) заңмен белгілеуді талап етеді. Оның бер жағында жаңа заң «фабрика-завод, тау-кен және тау-кен заводы өнеркәсіп орындарындағы» жұмысшылар мен қызметшілерге ғана қатысты. Демек, село, қолөнер, құрылыс жұмысшылары, майдагерлер және т. т. шығарылып тасталған. Көбінесе ең нашар және неғұр-

лым қауіпті жағдайларда еңбек ететін жалдама жұмысшылардың орасан көпшілігі шығарылып тасталған; мәселен, құрылыс жұмысшылары мен ауыл шаруашылығы жұмысшылары машиналармен жұмыс істеген кезде мертігуден фабрика жұмысшыларынан артық болмаса, кем зардап шекпейді. Бұл шығарып тастаушылықты қалай түсіндіруге болады? Мұның себебі, фабрика-завод өнеркәсібінен тыс жерде етік аяқты әлі де онша қысып отырған жоқ: жұмысшы қозғалысы пролетариаттың алдыңғы қатарлы топтарының арасынан ғана айбынды көрінді, сондықтан үкімет осы саланың ғана «қамын ойлады» (әрине, жұмысшылар туралы емес, жұмысшыларды басып-жаншу туралы ойлады). Бірақ пролетариат, өзі қозғалысқа қатысып отырғандықтан, яғни саналы пролетариат болғандықтан, жұмысшылардың белгілі бір *разрядының* пайдалары мен олжалары үшін емес, бүкіл тап үшін, капиталистік құрылыс езген бүкіл таптар үшін күреседі. Пролетариат жеңіп алатын реформалар мен үкімет қайыр-садақа ретінде беріп отырған реформалардың арасындағы айырмашылық бұл жерде өте айқын көрініп отыр.

Сонан соң. Жаңа заң кәсіпорын иелерін: «кәсіпорынның өндірісінде жұмыс істеудің себебінен немесе осындай жұмыстардың салдарынан жұмысшылар *денесінің зақымданғандығынан»* еңбек ету қабілетінен айрылғаны үшін ғана жұмысшыларға ақы төлеуге міндеттейді. Біздің программамыз бақытсыздық жағдайларының салдарынан ғана емес, оның үстіне *өндірістің зиянды жағдайларының* салдарынан да еңбек ету қабілетінен айрылғаны үшін жауапкершілік болуын талап етеді. Демек, жаңа заң жұмысқа жалдаушылардың жауапкершілігін бұл арада да азайтып отыр. Бақытсыздық жағдайлардан ғана емес, дененің зақымданғанынан ғана емес, өндірістің зиянды жағдайлары туғызған аурулардан қаншама жұмысшы бұқарасының еңбек ету қабілетінен айрылатыны жұрттың бәріне белгілі. Егер қожайындар жұмысшылардың ауру-сырқаудан еңбек ету қабілетінен айрылғаны үшін жауап бермейтін болса, онда осы зиянды жағдайларға қарсы әр түрлі ережелер мен жарлықтар беру арқылы жүргізілетін күрестің қай-

қайсысы да нәтиже бермейді. Сондықтан: жұмысшының аяғын машина кесіп кететін жағдай мен фосфордың, қорғасынның, бояудың және т. т. уымен жұмысшының уланатын жағдайының арасында шын мәнісіне келгенде қандай айырмашылық бар?— деген сұрақ туады. Қазірдің өзінде медицина ғылымы кәсіптік аурулардың, зиянды жағдайларда жұмыс істеуден туатыны анықталған және екі жерде екінің — төрт екені сияқты дәлелденген аурулардың тұтас бөлімін жасап отырған жоқ па? Бірақ буржуазия мен буржуазиялық үкімет логиканы емес, дұрыс ойды емес, дөрекі пайдакүнемдікті: зиянды жағдайдан туатын жарымжандық пен аурулықтан гөрі, бақытсыздық жағдайларға аз төлеуге тура келер деген пайдакүнемдікті басшылыққа алады. Ал мәселенің барлық түйіні жұмысшыларды «қамсыздандыруда» емес, азырақ төлеуде болып отыр.

Жаңа заң жұмысшыны еңбек ету қабілетінен капиталистің кінәсынан айрылғандығын дәлелдеу міндетінен босатады. Бұл — өткендегімен салыстырғанда, күмән жоқ, бір адым ілгері басқандық. Бірақ — орыс үкіметі «бірақ» демейінше еш нәрсе жөнінде бір адым да ілгері баспайды!— мұның есесіне жұмысқа жалдаушыларға зақымданған адамның өзінің арам ниеті болғандығын ғана емес, сонымен қатар «ол адамның (зақымданушының) өндіріс жұмыстарының шарттары мен жағдайы жағынан ақтауға болмайтын өрескел абайсыздығын» дәлелдеуге де мүмкіндік берілген. Бұл қосымша *нағыз* жауапкершілікті анықтауды едәуір дәрежеде қиындатады, ал біздің соттардың чиновниктерден, мансапқорлар мен буржуазияшыл дүмшелерден құралған белгілі құрамы жағдайында,— заңның қолданылуын мүлде тоқтатып тастай алады. «Өрескел абайсыздық» дегеніміз не,— бұл мүлде анық емес және анықталуы мүмкін емес нәрсе. Өрескел абайсыздықты қандай шарттардың ақтайтыны және қандай дәрежеде ақтауға болатыны және қандайларын ақтауға болмайтыны жайында төрелік айтудың билігі түгелдей чиновниктерге берілген. Капиталистер жұмысшының әрбір «абайсыздығын» әрқашан да өрескел және ақтауға болмайтын абайсыздық деп санайды және солай санай-

тын болады, ал мұндай пікірді дәлелдеу үшін капиталист әрқашан куәлар мен «ғалым» қорғаушыларды жұмысшылардан гөрі он есе артық табады (тұрақты юрисконсульттар бәрібір қазір жылдық ақысын заводтардан алады!) Өрескел абайсыздық туралы осы пунктті түгелдей заңға енгізу дегеніміз фабриканттық пайдакүнемдікке өрескел жеңілдік жасағандық: жұмысшылар машинаның астына өз еркімен түспейді, әрқашан да абайламай түседі, бірақ мәселе мынада: жаман қоршалған машиналардың арасында, жарығы нашар шеберханада, шу мен тарсыл-гүрсілдің ішінде, жұмыстан мең-зең болып, шамадан тыс күш жұмсаудан жүйкесі құрып, титықтаған жағдайда 10—11 сағат жұмыс үстінде *абай болу мүмкін емес.* Іс жағдайы осылай болып отырғанда мүгедек жұмысшыны өрескел абайсыздық жасағаны үшін құралақан қалдыру — жұмысшыны өзін капиталистің арсыздықпен қанауына мүмкіндік бергені үшін тағы да ерекше жазалау деген сөз.

Бұл көрсетілген пункттер жаңа заңның түбегейлі және ең басты анықтамалары, оның мәнін толық баяндайтын анықтамалары болып табылады. Біз бұл арада оның барлық егжей-тегжейіне, әрине, тоқтала алмаймыз,— бұлардың ішінен бұл заңға неғұрлым тән анықтамаларды ғана көрсетеміз. Төленетін ақының мөлшері жарақаттанушының жылдық табысының белгілі бір бөлегі шамасында белгіленеді, атап айтқанда, пенсия жарақаттанушының (өлген немесе еңбек ету қабілетін толық жоғалтқан жағдайда) жылдық табысының $^{2}/_{3}$ бөлігінен артпауға тиіс. Ал жылдық табыс 260 күнге көбейтілген бір күндік орташа табысына (немесе *қара жұмысшыға* төленетін бір күндік орташа ақыға) сүйеніп белгіленеді. Бұл қаулының өзінде ақы төлеудің мөлшерін тағы да тұтас үш қысқарту, кәсіпкерлердің пайдакүнемдігіне жасалған *үш* қамқорлық бар. Біріншіден, егер жұмысшы жылына 300 күн жұмыс істегеннің өзінде оның жылдық табысы 260 күнге дейін қысқартылады,— ешқандай негізсіз, тек заң қысқартуды талап еткендіктен ғана қысқартыла салады! Екіншіден, егер жұмысшы қара жұмысшыдан гөрі жақсы табыс

тапқанның өзінде, бәрібір есептеуге келгенде — мысалы, жұмысты жыл бойы істемейтін кәсіпорындарда,— қара жұмысшының табысы ғана негізге алынады. Үкімет барлық жұмысшыны қара жұмысшылардың дәрежесіне дейін түсіруді өте-мөте тілер еді,— саналы пролетариат үшін осыдан келіп туатын сабақ мынадай: барлық жұмысшылар мен барлық қара жұмысшылардың тығыз бірлігі ғана капиталдың пайдакүнемдігін күйрете алатын күш құра алады. Үшіншіден, қара жұмысшыға төленетін күндік орташа ақының мөлшерін фабрика және тау-кен заводы істері жөніндегі мекемелер әр үш жылға белгілейді (!), бұған жұмысшылардың ешқандай қатыстырылмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Жұмысшыларға мұның қатысы жоқ, ал губерниялық және жандармдық кеңселердің жұмысшы өмірі мен жұмысшы жалақыларын тамаша білетіндігіне күмән жоқ.

Сондай-ақ заңның кәсіпорын иелерін заң қолдануға болатын бақытсыздық жағдайлар туралы ғана дереу полицияға білдіруді міндеттейтінін де атап өткен жөн. Ал бұл қандай жағдайлар? Бұл — еңбек қабілетінің үш күннен аса уақытқа жойылатын жағдайлары. Бірақ жұмысшының еңбек ету қабілетінің неше күнге жойылатынын бақытсыздық жағдайдан *кейін іле шала* кім біле қояды? Бұл ереже адам күлерліктей қисынсыз және фабриканттардың әрбір бақытсыздық жағдай туралы өкімет орнына хабарлап отыру міндетінен өзін көп жағдайда босатуына (және соттар босататып болады) қайтсе де амал-айла табуына мүмкіндік береді. Рас, заңда былай деп көрсетілген: *заңның қолданылуына жатпайтын болса да*, денеге зақым келген *барлық* жағдайлар туралы полицияға *сөзсіз* хабарлауды зақымданған адам талап ете алады: мұның өзі «зақымданған жұмысшыларға ақы төлеу туралы ережелердің» 20-параграфында ашық айтылған, сондықтан біз осы параграфты үнемі және міндетті түрде қолдану үшін жұмысшылардың бәріне бар күшті салып үгіт жүргізу жөнінде барынша кеңес береміз. Әрбір зақымданған адамның әрбір бақытсыздық жағдай туралы фабрика инспекторына хабарлауды 20-параграф негізінде әрқашан және сөзсіз талап етуіне жұмысшылар күш сала-

тын болсын; тек сонда ғана бақытсыздық жағдайлардың санын азды-көпті болса да дәл анықтау және олардың себептерін зерттеу мүмкін болады. Саналы жұмысшылардың бұл правоны пайдаланатынына, бірақ қалың бұқараның өздерінде мұндай правоның бар екенін тіпті білмейтініне біздің көзіміз жетеді.

Бақытсыздық жағдайлар туралы полицияға хабарланбағаны үшін және жалпы алғанда жаңа заңның ережелерін бұзғандығы үшін кәсіпорын иелеріне 25 сомнан 100 сомға дейінгі мөлшерде ақшалай айып қана салынады. Бұл штраф, әрине, мүлдем болмашы, ірі заводтар (бұлар фабрика жұмысшыларының орасан көпшілігін қамтиды) үшін тіпті де қорқынышты емес. Бұл жағдайда біздің программа жобасының 14-параграфын жүзеге асырудың қаншалық қажет екені айрықша айқын көрініп отыр, бұл параграф «еңбек қорғау жөніндегі заңдарды бұзғаны үшін жұмысшыны жалдаушылардың қылмысты ретінде жауапқа тартылуын» талап етеді. Бүкіл өмір бойына жарымжан болып қалған жұмысшыны қамсыздандыруға байланысты заңды орындамағаны үшін миллионерлерді жүз сомдық штрафпен қорқыту — жұмысшыны қорлау деген сөз.

Жаңа заңның неғұрлым зиянды және неғұрлым сұрқиялық түрде жазылған пункттерінің бірі 31-пункт болып табылады, бұл пункт зақымданған жұмысшыларға және олардың семья мүшелеріне өздеріне тиісті ақының түрі мен мөлшері туралы кәсіпорынның иесімен келісімге келуіне жол береді. Бұл келісімдердің қымбатшылықты, жөнсіздікті және орыс соттарының әділетсіздігін ғана жақсы білетін неғұрлым қараңғы жұмысшыларды тым көп жағдайларда үнемі алдау және қорқыту болатынын айтпаса да болады. Осы келісімдерді (соттың бітістіру келісіміне пара-пар келісімдерді) куәландыруға тиісті фабрика инспекторлары бұл жағдайда кімнің мүддесін қорғаса да, әйтеуір жұмысшылардың мүдделерін қорғамайды.

Бұл бұл ма, қазір барған сайын полицияның көнбіс көмекшісіне айналып отырған фабрика инспекторларына «бітістірушілердің» ролі беріліп отыр. Заң тіпті бұларды әлде қандай ерекше сотқа айналдырғысы келеді.

Заң екі жақтың әрқайсысына олардың праволары мен міндеттерін түсіндіру үшін қожайындар мен жұмысшылардың фабрика инспекторларына өтініш жасауын қолдайды, оның бер жағында фабрика инспекторларының «барлық қажетті мәліметтерді» жинауға да, екі жаққа бұл мәліметтерді көрсетуді талап етуге де, куәлік беру үшін дәрігерлерді шақыруға да правосы бар. Мұның өзі губернаторға бағынатын чиновниктерге тапсырылатын нағыз сот ісі! Бұл сот үшін ешқандай тәртіп, ешқандай ережелер белгіленбеген: инспектор мәліметтерді қалай жинайтын болады, бұл мәліметтерді екі жаққа ол қалай көрсететін болады — көрсете ме, жоқ па — мәселені ол қалай талдап шешетін болады,— осының бәрі оның өзінің қарап шешуіне берілген. Мұның өзі реформаға дейінгі полициялық сот тәрізді нәрсе жөнінде орынды сияқты. Ал фабрика уряднигіне (судья ретінде) өтініш жасамағаны үшін заң тіпті белгілі дәрежеде зиян тартасың деп қорқытады: кімде-кім сотқа дейін фабрика инспекторына өтініш жасамаса, ол жауапкерден сот шығындарын және істі жүргізу шығындарын алу правосынан айрылады.

Бізге бұл арада тек мынаны ескерту ғана қалады: социал-демократиялық жұмысшы партиясы мұндай соттарды емес, чиновниктердің делдалдығын емес; жұмысшылар мен қожайындардан теңбе-тең өкілдер болатын кәсіпшілік соттарын құруды талап етеді. Тек осындай соттар ғана, мемлекеттің саяси жағынан еркін құрылысы жағдайында екі жақтың праволары мен міндеттерін түсіндіру ісінде, мүгедектерге ақы төлеу жөніндегі шағымдар мен талаптарды алдын ала қарау ісінде жұмысшылар азды-көпті қанағаттанарлықтай делдалдық жасай алады. Мұндай соттар барлық цивилизациялы мемлекеттерде бар, орыс чиновниктерінің өзі де Россияда мұндай соттар енгізуді *бұдан 40 жыл бұрын-ақ* ұсынған-ды. Бұдан қырық жыл бұрын фабрика және қолөнер уставтарын қайта қарау үшін комиссия тағайындалған болатын. Комиссия бүтіндей бес том «еңбек» бастырып шығарды, комиссия жаңа уставтардың жобаларын жазды, комиссия сайланып қойылатын өкілдер-

ден кәсіпшілік соттарын құруды жақтады,— сөйтіп... сөйтіп осының бәрі тығып тасталды! Толып жатқан жақсы тілектер Россияның есепсіз көп кеңселерінің архивтерін толтырып жатыр және жұмысшы табы осы қоқыстың бәрін сілкіп тазартқанға дейін толтыра бермек.

«Искра» № 47, 1 сентябрь, 1903 ж

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДЕГЕНІ БОЛМАДЫ!..[142]

— Ал, егер сіздің даурыға, әсемдеп және көпіртіп айтқан сөздеріңіз өзіңіз бар сипатымен-ақ сенімсіздік туғызса қалай болады?

— Менің сөздеріме күдіктенуге батылы барған адамды көргім-ақ келеді!

— Ал егер, дегенмен, күдіктенсе ше?

— Қайталап айтам, революционердің сөзіне күдіктенуге жол бермеймін, мен еш пәрседен де тайсалмаймын, мен ақырына дейін барам, мен не тура сенімсіздік білдіруді, не тура кейін шегінуді талап етемін, мен...

— Ал егер сіздің тура сенімсіздік білдіру жөніндегі талабыңыз орындалса ше?

— Не дейсіз?

— Егер сізге сенбейміз деп тура және ашып айтса ше?

— Мұны айтуға батылы барған адамды жексұрын өсекші деп атаймын, мен оның бұрын-соңды болып көрмеген қылығын бүкіл әлем алдында масқаралаймын...

— Ал егер, бұған жауап ретінде, сізге өзіңіздің бүкіл қылығыңыз сізге сенім білдіруге жол бермейді деп үнемі дәлелдей бастаса қалай болады?

— Мен онда барлық жерден бұл қиян-кескі айтысқа қарсы наразылық жинаймын, мен шындық-ақиқат туралы және шындық-әділдік туралы, кір қолмен былғанған кіршіксіз тазалық туралы, ұсақ өзімшілдіктің өрескел және былғаныш қабығы туралы, менің кеудемді шексіз ынта-жігермен толтырып отырған тазартқыш

жалын туралы бүкіл жұртшылыққа әсерлі сөз айтамын, мен өзімнің жауларымды Понтий Пилатына теңеймін...

— Ал егер мұндай сөздеріңізге қарап сізді Тартюфпен теңесе ше?

— Онда мен аралық сотқа жүгінемін!

— Қыр көрсетуіңіз ықыласпен қабыл алынды және сіздің арыздарыңыздың дұрыстығына дұшпанның күмәндануға қақы бар ма, жоқ па деген мәселені соттың қарауы үшін, соған ең алдымен ризалық беріңіз деп, сізге дереу жауап береді.

— Онда... онда ма... онда мен *«осы болып өткендерден кейін»* қайдағы бір *«кісілермен»* қайдағы бір *«келісім»* туралы айтудың өзі күлкі деп мәлімдеймін!

* *
*

«Революционная Россияның» айтуы бойынша, «екінші апрель ісі туралы тарихта бұрын болмаған науқан», міне, осындай болды. Құрметті газет, өте түсінікті себептер бойынша, осы тарихты шынында да солай болды деп мойындағысы келмейді. Аса құрметті газет біздің егжей-тегжейлі қарап көруімізге тура келіп отырған бірсыпыра сылтауларды бетке ұстайды.

Біріншіден, «Революционная Россия» Балмашевтің жолдастарының сұрағына «ұйымдасқан орыс социал-демократиясының орнына» «Искра» редакциясы неге жауап береді деп таңырқайды. Балмашевтің жолдастары,— дейді бізге,— «айқын адрес бойынша жіберген, өте айқын ұсыныстарына жауап алған жоқ».

Мырзалар, бұл дұрыс емес. Ұйымдасқан орыс социал-демократиясының не екені, біздің *барлық* ұйымдардың қандай екені, жұрттың бәріне де және әркімге де мәлім екені сияқты, сізге де әбден мәлім. Кейбір адамдардың ойлайтынындай, бізде бір түннің ішінде жаңа ұйым өсіп шықпайды. Бізде партия комитеттері бар, «Искра» бар, көптен бері партияның екінші съезін дайындап келе жатқан Ұйымдастыру комитеті бар. Сіздер қандай «айқын адрестен» сұрадыңыздар? Екінші съездің адресінен сұрадыңыздар ма? Ұйымдастыру комитетінің адресінен сұрадыңыздар ма? Жоқ, сіздер, *бел-*

гілі адрес туралы айтсаңыздар да, бұл адресті *мүлде еш нәрсемен* анықтаған жоқсыздар. «Искраны» комитеттердің көпшілігі мойындады деп өздеріңіз айттыңыздар ғой, сондықтан сіздерге «Искрадан» басқа ешкім де жауап бере алмайтын еді. Егер біздің партияның екінші съезі «Искраны» партияның органы деп мойындаса, онда «Искраның» жауабы партияның жауабы болып шығады. Егер олай болмаса,— онда сіздер басқа органмен істес боласыздар. Мұның қарапайым нәрсе екендігі соншалық, оны алты жасар бала да түсіне алады.

«Революционная Россия» «Балмашевтің жолдастары жасаған айқын ұсынысқа» (екінші апрель ісінің шын мәнімен танысуына социал-демократияға мүмкіндік беру керек болыпты-мыс деген ұсынысқа) «айқын жауап берудің орнына, олар өздері мен «Искраны» осы болып өткендердің бәрінен кейін олардың арасында мәселенің қойылысы туралы алдын ала қандай да болса бір келіссөз бен «келісім» жасай алатын екі жақ ретінде мойындауды бізге ұсынатыны несі деп таңырқайды». Сонымен, «Рев. Рос.» енді: бізге аралық сот болсын деп ұсынған жоқ, тек танысуға мүмкіндік беруді ғана ұсынды дейді. Бұл дұрыс емес. «Р. Р-ның» 27-нөміріндегі «мәлімдеме» «өтірік-өсек тарату жөнінде мүлде тексерілмеген айып» («Искраны» айыптау) туралы, айыпты *тексеру* туралы, «адалдығы мен құпия сақтайтындығына біздер де және орыс социал-демократиясының Орталық Органы да (бұл есіңізде болсын!) сене алатын бір адамға бірсыпыра дәлелдерді» *тапсыру* туралы айтады. Айыптаушы мен айыпталушы сенетін адамның «айыпты тексеруі», «дәлелдерді қарауы»,—аралық сот дегеніміз осы емес пе? Бұл тек танысу жөніндегі ұсыныс болып қала ма?? Мырзалар, сіздер күлдіргі адамсыздар. Адал адамды сайлау туралы ризалық білдіріп өздеріңіз ұсыныс жасағаннан кейін, сіздер енді ешқандай келісім мүмкін емес деп, ұсталып қалған Ноздрев сықылды айрықша менмендікпен мәлімдейсіздер!

«Революционная Россия»: «мәселенің қойылуындағы келісім туралы айтқанда, сонымен қатар өзінің мәселе қоюын дәлелдегенде және мәселенің басқаша қойылуы

мүмкін емес деп үзілді-кесілді мәлімдеме жасағанда «Искра» кімді келемеждейді деп сұрайды». Сот алдында кім-кім де өз пікірін үзілді-кесілді мәлімдейді және оның бірден-бір дұрыс пікір екенін дәлелдейді. Өзінің мәселені *айқын* қоюы туралы айтудың орнына, біздің менмен қарсыласымыз айбат шеге бастайды да, ізгі сөздер айтады!

Алайда, «Рев. Рос.» айбат шегіп алады да, біздің мәселе қойысымыз туралы да бірнеше ескерту айтады. Оның пікірінше, «Искра» қулық-сұмдыққа жүгіреді және кейін шегінеді. Мәселе «Жауынгер ұйымның «Искраның» еркін ойлау (!) правосына, саяси фактілерді барлық тұрғыдан қарап бағалауына, ал тіпті (sic! *) не нәрсеге болса да іштей күдіктенуіне» тіреліп тұрған жоқ сияқты-ақ. «Осы іштей күдіктенушілік», шындығында, ғажап нәрсе. «Жауынгер ұйымның» әдеттен тыс либералдығы соншалық, ол бізге (қазір, жылдан аса уақыт күрестен кейін!) *тіпті* күдіктенуге де рұқсат беруге дайын,— бірақ тек іштей ғана күдіктенуге, яғни, сірә, күдіктенуші адамның өзінен басқа ешкім бұл туралы білмейтін болса ғана рұқсат етуге дайын... Мүмкін, «еркін бағалауды» да бұл жауынгер адамдар бізге тек іштей ойлауға рұқсат ететін шығар?

««Искраның» мұндай талапқа бағынудан бас тартқандығы ғана,— дейді «Рев. Рос.»,— оны өтірік-өсекте айыптауға сылтау болды деп ойлауға болады». Содан кейін «Революциялық моральдың Тартюфтері» деген мақаладан цитаттар келтіреді және «мұнда қайдағы бір сыпайы және белгісіз күдіктер туралы айтылып отырған жоқ, өте дөрекі және мүлде айқын айыптар туралы айтылып отыр» деп ескертеді.

Оқушыны жалпыға мәлім кейбір фактілерді есіне түсіруге шақырамыз. Біз «Искраның» 20-номерінде (1 май, 1902 ж.) ешқандай жауынгер ұйым туралы ұғымымыз болмай тұрып, Балмашевтің актісін бағалаймыз. Балмашевтің ұйғарындыларының дәлелін өзінің ресми мәлімдемелерінен іздеуді талап етіп, осы жауынгер ұйым бізге хат жазады. Біз белгісіз ұйымның осы

* — солай! *Ред.*

хатын үндемей ғана апарып, керексіз қағаз салатын себетке тастаймыз. Хат «Рев. Рос-ның» 7-номерінде (июнь, 1902 ж.) басылып шығады, оның редакциясы біздің тек бір ғана үндемегеніміз жөнінде моральға кір келтіргендік туралы, актінің маңызын кеміткендік туралы, т. т. туралы байбалам салады. Біз «Лажсыз айтыс» деген мақалада жауап береміз («Искраның» 23-номері, 1 август, 1902 ж.), бұл мақалада ашулы Юпитерді келемеж қыламыз, 2 апрель актісіне берген өзіміздің бағамызды қорғаймыз және Балмашевтің «жауынгерлік ұйымға» жатуының біз үшін «күдіктен де жаманырақ екенін» мәлімдейміз. Сол кезде соц.-рев. мырзалар, бізге ішкі күдігіміздің сыртқы көрінісін айтқызып алып, «бұрын-соңды болып көрмеген қылық» туралы құтырына байбалам салады және енді артық-кемі жоқ «былғаныштық» туралы және «инсинуация» туралы айтады («Рев. Рос.» № 11, сентябрь, 1902 ж.).

Біздің әдеби таласымыздың негізгі мәселелері, ең қысқа түрде алғанда, міне, осындай. Өз сөзіне қарсыласы үндемей сенімсіздік білдіретінін өте жақсы білетін адам жұрт алдында кеңірдекке пышақ тақайды, сөйтеді де не сенетініңді, не сенбейтініңді ашып айт деп талап етеді, ал сенбейміз деген сөзді естіген кезде өз кеудесін өзі ұрып, urbi et orbi-ға * шағынады, қандай ғана парасатты жан еді, қандай жаман зәбір көрді десеңізші. Бұл не, ноздревшілдік емес пе? революцияшыл бреттерлік емес пе? мұндай адамға Тартюф деп ат тағу лайықты емес пе?

Бізді мақалаға және Тартюфтер туралы мақалаларға жауап беруден бас тартты дегенді «Рев. Рос.» қайдан алып отыр? Бұл мақалалардың тезисі біздің мәселе қоюымызға енгізілмегендіктен алып отыр ма? «Соц.-рев. партиясының» көзқарасы жайындағы «Искраның» барлық қатынасы жөнінде емес, қандай да болса белгілі бір мақалалар жөнінде бізге сот ұсыныс жасады ма? Балмашевтің жолдастары мәлімдемесінің ең басында «Рев. Рос-ның» 27-номерінде барлық таластың шыққан

* — бүкіл дүние жүзіне. *Ред.*

жері,— Балмашевтің «жауынгер ұйымда» тұруы күдіктен де жаман деген «Искраның» 23-номеріндегі сөзі цитатқа алынбады ма? Өзіміздің барлық мақалаларымызға жауаптымыз, «Искраның» *қай* номеріне болса да сүйеніп, сот алдында барлық мәселелерімізді толықтыруға дайынбыз, өзінің сөздерінің дұрыстығы туралы біздің қаймықпай күмән келтіретіндігіміз жөнінде жоғарыда айтқан сөздерімізге дейін барған «Рев. Рос.» публицистерін Тартюфтер деп сипаттауға біздің толық адамгершілік правомыздың және орынды дәлеліміздің бар екендігін кімнің алдында болса да дәлелдеуге дайынбыз деп «Рев. Рос-ны» сендіре аламыз.

Дұрысында, «кейін шегіну мен жылпостық» кімнің жағынан болып отыр? Біздің еркін бағалап, іштей күдіктену правомызды *енді* кеңпейілдікпен мойындауға әзір отырғандардың және «Искра» үнемі күдіктеніп келді деп көпірме тақпақпен *жылдан артық* жаттығып, әрбір байсалды адамның революциялық беллетристикаға күдіктену міндетін дәлелдегендердің тарапынан болып отырған жоқ па екен. Жоғары дәрежелі адалдық туралы нәзік сөздер, шынында, аудиторияны жылатудың орнына тек күлкі тудыратынын көрген кезде,— сіздерге жаңа сенсация керек болды, сондықтан сіздер сотты талап етіп шыға келдіңіздер. Шетелде жүрген жұрттың жанжал құмар бір тобы: «ақыры... олар аналарды сотқа шақырды! Енді біз көреміз» деп қуанғаннан алақандарын ысқылап, сыбырласа жөнелді. Енді олар водевильдің ақырғы сахнасын көрді, оның кейіпкері парасатты адамның айтып жеткізгісіз өкпелі кейпімен «болып өткен оқиғалардың бәрінен соң» сот үшін мәселенің қойылысы туралы ешбір келісімнің болуы мүмкін еместігін мәлімдеді.

Осы жайбарақат қалыптарыңыздан танбаңыздар, мырзалар! Бірақ естеріңізде болсын, түкке тұрғысыз сөздердің ешқандай тасқыны бізге өз міндетімізді: сөзуарлық пен адастырушылықты әшкерелеу міндетімізді орындауға кедергі жасай алмайды; оларды қай жерде көрінсе, сол жерде көрінсін — революцияшыл авантюристердің «программаларында» ма, олардың жылтырақ

беллетристикасында ма немесе шындық-ақиқаттық туралы, тазартқыш жалын туралы, кіршіксіз тазалық туралы және басқалар туралы көпірме предиктерде * көріне ме — бәрібір әшкерелей береміз.

«Искра» № 48, 15 сентябрь, 1903 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

* — уағыздарда. *Ред.*

РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ЖАСТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ [143]

БІРІНШІ ХАТ

«Студент» [144] газетінің редакциялық мәлімдемесі, біз қателеспесек, ең бірінші рет «Освобождениенің» 4(28)-номерінде басылып шыққан және сонымен қатар «Искра» алған мәлімдемесі, біздің пікірімізше, «Студенттің» 1-номері шыққаннан кейін редакцияның көзқарасындағы едәуір алға басқандықты дәлелдейді. Мәлімдемеде баяндалған көзқарастарға өзінің наразылығын білдіруге асыққан Струве мырза қателескен жоқ: бұл көзқарастар, шынында, либерал-буржуазиялық орган мейлінше дәйекті түрде, ынтамен жақтап отырған оппортунистік бағытпен мүлде үйлеспейді. *«Тек* революциялық сезім ғана студенттердің идеялық бірлігін туғыза алмайтынын», «бұл үшін белгілі бір социалистік дүние танымға сүйенетін социалистік мұраттың болуы керек екенін» және оның үстіне «белгілі, сындарлы» дүние танымға сүйенетін болуын мойындап, «Студенттің» редакциясы студенттерді революцияшылдандыру құралы туралы мәселені дұрыс негізге қойып, идеялық талғамсыздық пен теориялық оппортунизмнен қазірдің өзінде-ақ қол үзді.

Рас, тұрпайы «революционизмнің» жұртқа тарап жүрген көзқарасы тұрғысынан қарағанда, студенттердің идеялық бірлігі дүниеге сындарлы көзқарасты талап етпейді, оны керек етпейді, идеялық бірлік әр түрлі революциялық идеяларға «шыдамдылықпен» қарау болып табылады, белгілі бір идеялар шеңберін батыл мойындаудан қалыс қалуды көздейді, қысқасы, осы саяси аярлық данышпандарының көзқарасы тұрғысынан,

идеялық бірігу кейбір идеясыздықты көздейді (әрине, мұны көзқарастың кеңдігі туралы, қалай да және дереу бірлесудің маңыздылығы туралы, т. т. және т. с. туралы тозығы жеткен формуламен азды-көпті шебер бүркемелейді). Мәселенің бұлай қойылуының тым көрнекі және, бір қарағанда, өте сенімді дәлелі әрқашан саяси-әлеуметтік көзқарасы жағынан алып қарағанда студенттердің арасында әр түрлі топтардың бар екендігі және болмауы мүмкін еместігі, ал сондықтан дүниеге көзқарастың сындарлылығы мен айқындығын талап ету кейбіреулерді осы топтардан итермелеп шығаратындығы,— демек, бірігуге кедергі жасайтындығы, демек, ауызбірлікпен жұмыс істеудің орнына араздық туғызатындығы, демек, жалпы саяси тегеурінді әлсірететіндігі, т. т. көп нәрселер жөніндегі жалпыға мәлім әрі даусыз фактіні көрсетіп отыру болып табылады.

Осы көрнекі пікірді қарап көрелік. Мәселен, «Студенттің» 1-номерінен студенттерді топқа бөлуді алайық — осы бірінші номерде дүниеге көзқарастың айқындығын және сындарлылығын редакция әлі ұсынған жоқ еді, сондықтан социал-демократиялық «тар өрістілікке» құмартады деп редакцияға күдіктену қиын еді. «Студенттің» 1-номеріндегі редакциялық мақала қазіргі замангы студенттердің ірі төрт тобы бар екенін айырып көрсетеді: 1) «енжар тобыр» — «студенттер қозғалысына мүлде селқос қарайтын адамдар»; 2) «академистер» — бұлар студенттер қозғалысын тек қана академиялық негізде жақтайтындар; 3) «жалпы студенттер қозғалысына қарсылар — ұлтшылдар, антисемиттер, т. т.»; 4) «саясатшылар» — патшалық деспотизмді құлату жолындағы күресті жақтаушылар. «Бұл топтың өзі де бір-біріне қарама-қарсы екі элементтен тұрады — революциялық пиғылдағы таза буржуазиялық саяси оппозициядан және — соңғы күндері пайда болған (тек қана соңғы күндерде ме? *Н. Ленин*) — социалистік пиғылдағы революцияшыл интеллигент пролетариатынан құралады». Егер осы соңғы кіші топтың өзі, жұрттың бәріне мәлім болып отырғанындай, социалист-революционер студенттерге және социал-демократ студенттерге бөлінетінін еске алсақ, онда қазіргі замангы студент-

терде *алты* саяси топ: реакционерлер, енжарлар, академистер, либералдар, социалист-революционерлер және социал-демократтар бар болып шығады.

Осы топқа бөліну кездейсоқ нәрсе емес пе? бұл көңіл күйінің уақытша бөлінуі емес пе? деген сұрақ туады. Аздап болса да іспен таныстығы бар адамның қай-қайсысынан да бұл сұраққа олай емес деген жауап алу үшін бұл сұрақтың тура қойылуының өзі-ақ жеткілікті. Иә, біздің студенттерімізде топқа бұдан басқаша бөліну мүмкін де болмас еді, өйткені студенттер интеллигенцияның белсенді бөлігі болып табылады, ал интеллигенцияның интеллигенция болып аталатын себебі — ол бүкіл қоғамдағы таптық мүдделер мен саяси топтардың дамуын бәрінен де саналырақ, бәрінен де батылырақ және бәрінен де дәлірек етіп бейнелеп көрсетеді. Егер студенттердің саяси топтарға бөлінуі бүкіл қоғамдағы саяси топтарға сәйкес келмеген болса, онда студенттер нақ қазіргісіндей болмас еді,— «сәйкес» дегеніміз студенттік және қоғамдық топтар өздерінің күші мен саны жағынан толық пропорциялы болуға тиіс деген мағынада емес, қоғамда қандай топтар болса, студенттерде де нақ сондай топтар болуы қажет және болуы сөзсіз деген мағынада болады. Таптық антагонизмнің дамуы (біршама) жаңа ғана басталып келе жатқан, саяси жағы тың жатқан, халқының орасан зор қалың бұқарасы полициялық қысымның тепкісінде езіліп-жаншылып отырған барлық орыс қоғамына мынадай алты топ мейлінше тән: реакционерлер, енжарлар, *мәдениетшілер,* либералдар, социалист-революционерлер және социал-демократтар. «Академистердің» орнына мен бұл жерде «мәдениетшілерді», яғни саяси күрессіз жария прогресті, самодержавие негізіндегі прогресті жақтаушыларды қойдым. Мұндай мәдениетшілер орыс қоғамының барлық тобында бар, сондықтан олар барлық жерде, «академист» студенттер сияқты, кәсіптік мүдделердің тар шеңберімен, халық шаруашылығының немесе мемлекеттік және жергілікті басқарудың белгілі бір салаларын жақсартумен шектеліп отырады, олар барлық жерде қорқақтықпен «саясаттан» тайсақтайды, түрлі бағыттағы «саясатшыларды» (академистердің айыра

білмейтініндей) айыра білмейді және басқару формасына... жататынның бәрін түгелдей саясат деп атайды. Мәдениетшілер тобы біздегі либерализмнің кең негізі болып келді және қазірде де солай болып отыр: «бейбіт» уақыттарда (яғни, «орыс» тіліне аударғанда, саяси реакция кезінде) мәдениетші және либерал деген ұғым мүлде дерлік қосылып кетіп отырады, тіпті соғыс кездерінде де, қоғамдық пиғылдың өрлеген кездерінде де, самодержавиеге тегеуріп жасау күшейіп отырған кезде де бұл ұғымдардың арасындағы айырмашылықтар көбінесе көмескі болып қала береді. Орыс либералы патша үкіметіне қарсы тура және ашықтан-ашық наразылық білдіріп, шетелдік еркін баспасөз арқылы жұртшылық алдында сөйлегеннің өзінде де өздерін тек қана мәдениетшілерміз деп сезеді, сондықтан құлдарша немесе, егер білгіңіз келсе, жария түрде, адалдықпен, шын берілгендікпен пікір айтуын қоймайды: «Освобождениені» қараңыз.

Либералдар мен мәдениетшілердің арасында анық және айқын көзге түсетін белгінің жоқтығы — жалпы орыс қоғамының барлық саяси топтарына тән нәрсе. Жоғарыда келтірілген алты топқа бөлу дұрыс емес, өйткені ол орыс қоғамының таптық бөлінісіне сәйкес келмейді деп бізге, сірә, айта алар еді. Бірақ олай деу негізсіз болар еді. Тапқа бөліну, әрине, саяси топтардың ең терең негізі болып табылады; ол *сайып келгенде* осы топты, әрине, әрқашан да айқындап отырады. Бірақ бұл терең негіз тек тарихи дамудың барысына қарай және бұл дамуды жасаушылардың және оған қатысушылардың санасына қарай ашылады. Бұл «сайып келгенде» саяси күрес арқылы,— кейде ұзаққа созылатын, табанды, жылдап, он жылдап өлшенетін күрестің, кейде түрліше саяси дағдарыстарда қаулап, кейде мүлде әлсіреп және уақытша тоқырап қалған сияқты болып көрінетін күрестің нәтижесінде жүзеге асады. Мәселен, саяси күрес ерекше күшті формада болып отырған, әсіресе алдыңғы қатарлы тап — пролетариат табы саналы түрде майданға шығып отырған Германияда, өзінің әр түрлі (жалпы алғанда сөзсіз антипролетарлық) таптық мазмұнын діни айырмашылық белгілермен бүркемелеп

отырған центр сияқты партияның (және қуатты партия) әлі күнге дейін өмір сүруі тегін емес. Оның бер жағында Россиядағы қазіргі уақыттағы саяси топтардың таптық тегі өте күшті дәрежеде бүкіл халықтың саяси правосыздығымен бүркемеленіп отырғандығына, халыққа тамаша ұйымдасқан, идеялық жағынан топтасқан, томаға-тұйық дәстүрі бар бюрократияның үстемдік етіп отырғандығына таңырқауға болмайды. Дұрысында, азиаттық саяси құрылысына қарамастан Россияның европалық-капиталистік дамуы қоғамның саяси тобына қандай күшті із салып үлгіргеніне таңдануға болады.

Әрбір капиталистік елдегі алдыңғы қатарлы тап, өнеркәсіп пролетариаты, қазірдің өзінде-ақ бізде де социал-демократияның басшылығымен, бүкіл халықаралық саналы пролетариаттың әлдеқашаннан бері программасы болып отырған программаның туы астында бұқаралық, ұйымдасқан қозғалыс жолына түсті. Басқа европалық елдерге қарағанда, саясатқа немқұрайды қараушы разряд, әрине, Россияда қисапсыз көп, бірақ осы разрядтың тұрпайылығы және қаймағы бұзылмаған жабайылығы туралы бізде де сөз болуы мүмкін емес: санасыз жұмысшылардың — ішінара шаруалардың да — енжарлығы саяси қобалжулар мен белсенді наразылықтардың бұрқ ете қалуымен барған сайын жиі-жиі алмасып келеді, сөйтіп *бұл* енжарлықтың қарны тоқ буржуаның және ұсақ буржуаның енжарлығымен ешбір ұқсастығы жоқ екенін айқын дәлелдеп келеді. Капитализмнің дамуы әлі де болса біршама нашар болып отырған Россияда өте-мөте көбірек болып отырған осы соңғы тап, бір жағынан, қазірдің өзінде-ақ, сөз жоқ, саналы және дәйекті реакционерлерді туғызып келеді,— екінші жағынан, оның өзі «еңбекші халықтың» езіліп-жаншылған қара бұқарасынан өте жиі, бірақ әлі де нашар ерекшеленіп отыр, дүниеге көзқарасы мүлде қалыптаспаған, демократиялық және қарапайым социалистік идеяны надандықпен шатастырып отырған әр текті интеллигенцияның қалың топтарынан өзіне идеологтар тауып келеді. Орыстың ескі интеллигенциясына, оның оң қанаты болып отырған либерал-халықшыл бөлігіне

де, мейлінше сол қанаты: «социалист-революционерлерге» де нақ осы идеология тән болып отыр.

Мен орыстың «ескі» интеллигенциясы дедім. Бізде либерализмі тұрпайы халықшылдықтан, солқылдақ социализмнен мүлде дерлік тазарған (әрине, орыс марксизмінің көмегінсіз емес) *жаңа* интеллигенция да қазірдің өзінде-ақ пайда болып келеді. Бізде нағыз буржуазиялық-либералдық интеллигенцияның құрылуы әсіресе бұл процеске өте икемді және оппортунизмнің түрлі модадағы лебіне елгезектік көрсететін Струве, Бердяев, Булгаков мырзалар мен олардың сыбайластары сияқты адамдардың қатысуы арқасында қарышты қадаммен алға басуда. Ақырында, орыс қоғамының интеллигенцияға жатпайтын либералдық және реакциялық топтарына келетін болсақ, олардың біздегі буржуазия мен жер иеленушілердің белгілі бір тобының таптық мүдделерімен байланысы бар екені, мәселен, біздің земстволардың, думалардың, биржа, жәрмеңке комитеттерінің және т. б. қызметімен аз да болса таныстығы бар адамдардың бәріне де жеткілікті дәрежеде айқын.

Сонымен, біз өз студенттеріміздің саяси топтарға бөлінуі кездейсоқ нәрсе емес, «Студент» газетінің 1-номеріндегіні қостап, біздің жоғарыда суреттегеніміздей, қажетті және сөзсіз болатын құбылыс деген күмәнсыз қорытындыға келдік. Осы фактіні анықтап, біз енді «студенттердің идеялық бірігуі», оның «революцияшылдануы», т. т. деп нені түсінуге тиістіміз деген талас мәселені оп-оңай түсіне аламыз. Бір қарағанда, осындай оңай мәселенің талас мәселе болып шығатынының өзі тым оғаш көрінеді. Егер студенттердің саяси топтарға бөлінуі қоғамның саяси топтарға бөлінуіне сәйкес келетін болса, онда тек екінің бірін ғана: студенттердің әлеуметтік-саяси идеялардың толық айқындалған шеңбері жағына мейлінше көп тартылуы немесе белгілі бір саяси топтағы студенттер мен осы топтың студенттерден тыс өкілдерінің арасында болатын мейлінше тығыз жақындасуы — студенттердің «идеялық бірлігі» деп ұғынылатыны өзінен-өзі белгілі емес пе? Студенттердің

революцияшылдануы туралы осы революцияшылданудың мазмұны мен сипаты жөніндегі мейлінше айқындалған көзқарас тұрғысынан қарап қана айтуға болатыны өзінен-өзі белгілі емес пе? Социал-демократ үшін, мәселен, ол революцияшылдандыру дегеніміз, біріншіден, студенттер арасына социал-демократиялық сенімді тарату және «социалистік-революциялық» деп аталғанымен, революциялық социализммен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын көзқарастарға қарсы күресу, ал екіншіден, студенттер арасындағы демократиялық қозғалыс атаулының бәрін, соның ішінде академиялық қозғалысты да ұлғайтуға, оны анағұрлым саналы және анағұрлым батыл ете түсуге тырысу болып табылады.

Осынша оп-оңай және айқын мәселенің қалайша шатастырылып және таласты болып шыққаны — өте қызық, өте ерекше оқиға. Талас бірлескен жерлестіктер мен студенттік ұйымдардың Киев одақтық советінің «ашық хаты» («Революционная Россияның» 13-номері мен «Студенттің» 1-номерінде басылып шықты) жөнінде «Революционная Россия» (№№ 13 және 17) мен «Искраның» (№№ 31 және 35) арасында болды. Киев одақтық советі студенттердің 1902 жылы болып өткен Бүкіл россиялық II съезінің студенттер ұйымы Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының комитеттерімен қарым-қатынас жасап отыруы туралы қаулысын «тар өрісті» қаулы деп тапты, ал оның үстіне кейбір жерлердегі студенттердің кейбір бөліктері «социалист-революционерлер партиясына» тілектестік білдіргені жөніндегі айқын фактіні: «студенттер, осы қалпында, социалист-революционерлер партиясына да, социал-демократтар партиясына да бүтіндей қосыла алмайды» деген мейлінше «бейтарап» және мейлінше дәлелсіз пікірлер арқылы сыпайы түрде бүркемеленді. «Искра» бұл пікірдің негізсіз екенін көрсетті, ал «Революционная Россия», әрине, искрашыл «бөлу мен жікке бөліну фанатиктерін» «әдепсіздік» істеді, саяси жағынан жетілмегендік көрсетті деп айыптап, ол пікірді жап сала қорғады.

Жоғарыдағы айтылғандардан кейін, мұндай пікірдің ерсілігі мейлінше айқын. Әңгіме студенттердің белгілі

бір саяси ролі туралы болып отыр. Міне, сондықтан әуелі, көресіздер ме, студенттердің басқа қоғамнан бөлініп қалмағандығына, сондықтан да ол қоғамның бүкіл саяси топтарын әрқашан және сөзсіз бейнелеп отыратынына көзді жұмып қарау керек. Сонан кейін, көзді жұмып алып, сондай студенттер туралы немесе жалпы студенттер туралы көкиді. Бұдан... белгілі бір саяси партияға қосылуға байланысты бөліну мен жікке бөлінудің зияндылығы туралы қорытынды шығады. Мұндай сорақы пікірді ақырына дейін жеткізу үшін саяси негізден кәсіптік немесе оқу негізіне секіріп түсу керек болғандығы айдан анық. Сондықтан «Революционная Россия» «Студенттер және революция» деген мақалада (№ 17) нақ осылай шиыршық атып секіреді: мұны, біріншіден, жалпы студенттік мүдделерге, жалпы студенттік күреске сілтейді, ал екіншіден, студенттердің оқу мақсатына, болашақ әлеуметтік іске дайындалу міндетіне, саналы саяси күрескер дайындап шығару міндетіне сілтейді. Осы екі сілтеудің екеуі де дұрыс,— бірақ іске олардың қатысы жоқ, сондықтан мәселені тек қана шатастырады. Мәселе өзінің нағыз шын мәнінде партияның күресіне тығыз байланысты және белгілі бір партияны *қалап алуды* сөзсіз талап ететін *саяси* қызмет туралы қойылып отыр. *Әрбір* саяси қызметке елеулі ғылыми дайындық керектігін, берік сенім «болудың» керектігін айтумен немесе *әрбір* саяси жұмыс тек қана осы бағыттағы саясатшылардың бір ғана үйірмелерімен шектеле алмайды, қайта халықтың қалың бұқарасына бірден-бірге бағыттала беруге тиіс, әрбір топтың кәсіптік мүдделерімен қосылып отыруға тиіс, кәсіпшілік қозғалысты саяси қозғалыспен біріктіруге тиіс, біріншісін екіншісінің дәрежесіне жеткізуге тиіс деу арқылы бұл қалаудан қайтіп құтылуға болады?? Өз бағытын қорғау үшін адамдарға осы сияқты сылтауларға жармасуға тура келетіні фактісінің бір өзі олардың өзінде айқын ғылыми сенімнің де, берік саяси бағыттың да қаншалықты жетпейтінін мейлінше айқын көрсетеді! Іске қай жағынан қарасаңыздар да, социалист-революционерлердің, бір жағынан, марксизм, екінші жағынан, батыс европалық «сыншыл» оппортунизм, ал үшін-

ші жағынан, орыстың ұсақ буржуазияшыл халықшылдары арасындағы ептілігінен ғылыми-теориялық жағынан да, практикалық-саяси жағынан да жаңылмай, социал-демократтар көптен бері уағыздап келе жатқан ежелгі ақиқатты үсті-үстіне дәлелдейтін жаңа пікірлерді көресіздер *.

Шынында азын-аулақ болса да дамыған бір саяси қатынастарды ойлап көріңіздер де, біздің «талас мәселеміздің» іс жүзінде қалай қойылып отырғанына қараңызшы. Біздің алдымызда клерикалдар, либералдар және социал-демократтар партиялары бар делік. Олар белгілі бір жерлерде, айталық, студенттердің кейбір топтарының арасында, тіпті жұмысшы табының арасында әрекет жасайды делік. Олар екі жақтың да ең ықпалды өкілдерін өздерінің жағына мүмкін қадарынша көбірек тартуға тырысады делік. Осы өкілдердің белгілі бір партияны қалап алуына бүкіл студенттердің және бүкіл жұмысшы табының белгілі бір жалпы оқу және кәсіптік мүдделері бар дегенді дәлел етіп, олар көтеріліс жасай бастады деу ақылға сыйымды ма? деген сұрақ туады. Егер партия күресінің қажеттігін партия атаулының барлығына пайда келтіретін кітап басып шығару өнерін сылтау етіп айтысса, онда ол да дәл осындай болар еді. Цивилизациялы елдерде, мүмкіндігінше кең және берік түрде қойылған оқу және кәсіп одақтарының орасан зор пайдасын түсінбейтін бірде-бір партия жоқ, бірақ олардың әрқайсысы сол одақтардың ішінде өз ықпалының басым болуына тырысады. Кейбір мекемелердің бейпартиялығына сілтеме жасау, әдетте, өмір сүріп отырған жүз мекеменің 99-да нағыз барып тұрған айқын саяси рухтың сіңгендігін бүркемелеуге тырысатын билеуші таптардың аузындағы екіжүзділік сөзден басқа еш нәрсе емес екенін кім білмейді? Ал біздің социалист-революционер мырзалар, шынында, нақ осы «бейпартиялықтың» құрметіне мақтау өлең айтып жүр. Мәселен, «Революционная Россияның»

* Социалист-революционерлердің программасы мен тактикасының дәйексіздігі және ішкі қайшылықтары туралы қағида ерекше егжей-тегжейлі түсінік беруді талап ететіні өзінен-өзі түсінікті. Келешектегі хаттарымыздың бірінде біз осы мәселеге толық тоқталамыз ғой деп сенеміз.

(№ 17) мынадай әсерлі тирадасын алыңыз: «Революциялық ұйым басқа бір дербес, өзіне бағынбайтын ұйым атаулының бәрін өзінің *бәсекелесі* деп қарайтын кезде, ал ол бәсекелес жойылуға тиіс болып отырған кезде, оның ішіне қайткенде де бөлінушілік, ажырасушылық, іріткі салушылық енгізу керек болып отырған кезде мұның өзі неткен тар өрісті тактика?» Мұның өзі Москва социал-демократиялық ұйымының 1896 жылғы үндеуі[145] туралы айтылған, ол ұйым соңғы жылдарда студенттер өзінің тар өрісті университеттік мүдделерін ғана көздеп, томаға-тұйықтыққа салынды деп кінәлаған болатын, ал «Революционная Россия» ол ұйымды «революциялық жағынан айқындалып болғандардың» өз күшін жұмысшы табының ісіне жұмсауына студенттер ұйымының өмір сүруі еш уақытта кедергі жасамайды деп үйретеді.

Қараңызшы, бұл арада қаншама шым-шытырық бар. Бәсеке тек қана саяси ұйым мен саяси ұйымның арасында, саяси талап пен саяси талаптың арасында болуы мүмкін (және болуы сөзсіз). Өзара көмек қоғамы мен революциялық үйірме арасында бәсекенің болуы мүмкін емес, сондықтан революциялық үйірме өзара көмек қоғамын қалай да жойғысы келеді деп, «Революционная Россия» түкке тұрғысыз нәрсені айтады. Ал егер осы өзара көмек қоғамында белгілі бір саяси талаптар пайда болса,— мәселен, революционерлерге көмек көрсетпеу керек немесе кітапханалардан жасырын шығатын кітаптарды жою керек деген талап туса,— онда бәсеке мен ашық күрес адал «саясатшы» атаулының бәріне *міндетті* болып табылады. Егер үйірмелерді тар өрісті университеттік мүдделермен тұмшалайтын адамдар болса (ал ондай адамдардың бар екендігі күмәнсыз, 1896 жылы да олар өте көп еді!), онда олар мен мүдделердің өрісін тарылтпай, қайта кеңейте беруді уағыздаушы адамдардың арасындағы *күрес* тап сондай қажетті және міндетті болып табылады. «Рев. Россия» мен «Искраның» арасында айтыс туғызған Киев советінің ашық хатында әңгіме студенттік ұйым *мен* революциялық ұйымның бірін қалау туралы емес, әр түрлі бағыттағы революциялық ұйымдардың бірін қалау ту-

ралы болды ғой. Демек, атап айтқанда: *кімді қалауды* «революциялық жағынан айқындалып болғандар» бастады, ал біздің «социалист-революционер» революциялық ұйымдар мен таза студенттік ұйымдардың арасындағы бәсекенің өрісі тар деп, оларды *кері* қарай тартқылайды... Мырзалар, мұның өзі тым байланысы жоқ нәрсе!

Студенттердің *революцияшыл* бөлігі екі революциялық партияның бірін таңдай бастады, ал оған: «бұл ықпалға», яғни студенттердің социалистік бөлігінің басқаларына ететін ықпалына «белгілі бір» (белгісіздігі, әрине, артығырақ...) «партияның ат-айдарын» (біреуге — ат-айдар, біреуге — ту) «тақпаумен», «студент — жолдастардың ақыл-ой ожданына зорлық жасамаумен» (социал-демократияның өсуін барлық елдердің бүкіл буржуазиялық баспасөзі әрқашан да жетекшілердің және айдап салушылардың бейбіт жолдастардың ар-ожданына жасаған зорлығы деп түсіндіріп келеді...) «қол жетті»,— деген уағыз айтады. Әрбір ақылды студент социалистердің: айдар «тағу», «ар-ожданға зорлық жасау» деген бұл айыбына лайықты баға берер деп ойлаймыз. Осындай былжыраған, сылбыр және принципсіз сөздер партия ұйымы, партиялық ұстамдылық пен намыс, партия туы жөніндегі ұғымдар әлі де өте-мөте нашар болып отырған Россияда айтылып жүр!

Революцияшыл студенттерге біздің «социалист-революционерлер» бұрынғы студенттер съездерін үлгі етіп қояды, ол съездер «революциялық лагерьдегі фракциялық таластарға мүлде көңіл бөлмей, жалпы саяси қозғалысқа» өзінің «тілектестігін» жариялаған болатын. «Жалпы саяси» қозғалыс дегеніміз не? Социалистік қозғалыс пен либералдық қозғалыстың қосындысы. Бұл айырмашылықты ескермеу — тікелей және жақын маңайдағы, яғни нақ либералдық қозғалыс жағына шығу деген сөз. Сондықтан да «социалист-революционерлер» осыған шақырады! Өздерін *ерекше* партиямыз деп атайтын адамдар партия күресінен бас тартуға шақырады! Мұндай партия өзінің саяси товарын өз туымен алып өте алмай, контрабанда тәсілін қолдануға мәжбүр болатынын осының өзі көрсетіп отырған жоқ па? Осы

партияның қандай болса да *өзінің* белгілі бір программалық негізінің жоқтығы осыдан-ақ көрінбей ме? Біз мұны қазір көретін боламыз.

Социалист-революционерлердің студенттер мен революция туралы пікіріндегі қателіктерді бір ғана қисынсыздықпен түсіндіруге болмайтынын жоғарыда дәлелдеуге тырысқанбыз. Белгілі бір мағынада керісінше дәлелдеуге болады: олардың пікірінің қисынсыздығы өздерінің негізгі қатесінен туып отыр. Олар «партия» ретінде ең әуелден-ақ сондай ішкі қайшылығы бар, сондай тиянақсыз бағыт ұстады, сондықтан өте адал және саяси ой-пікірге толық қабілетті адамдар да әрдайым солқылдақтық көрсетпей, құлдырамай тұра алмады. Социал-демократия «социалист-революционерлердің» социализм ісіне тигізген зиянын белгілі бір жазушылардың немесе белгілі бір қайраткерлердің әр түрлі қателіктерінен болды деп түсіндірмейді, керісінше, бұл қателіктердің бәрін ол жалған программалық және саяси бағыттың сөзсіз болатын нәтижесі деп санайды, мұны еш уақытта естен шығармау керек. Студенттік мәселе сияқты мәселеде бұл өтірік өте-мөте айқын көрінеді, сөйтіп *буржуазиялық-демократиялық* көзқарас пен революциялық социализм жамылған жалтырауық перде арасындағы айырма анықтала түседі. Шынында, «Революционная Россияның» «Студенттер және революция» деген программалық мақаласы пікірінің барысына қараңыздаршы. Автор «жас буындағы» «талаптың адалдығы мен тазалығын», оның «идеялық дәлелдерінің күшін» негізге алады. Атап айтқанда, ол оның «жаңашыл» саяси талабының себебін осыдан іздейді, сөйтіп, бір жағынан, самодержавие мен халықтың өте кең және сан алуан топтарының арасында келісімге келмейтін қайшылық туғызып отырған, екінші жағынан, саяси наразылықтың университеттер арқылы болатын басқа көрінісін қиындатып отырған (көп кешікпей-ақ қиындатты деу керек) Россияның қоғамдық тұрмысының нақтылы жағдайларынан іздемейді.

Автор содан кейін социал-демократтардың студенттер ішіндегі саяси топтардың айырмашылықтарына саналылықпен қарау, біртектес саяси топтарды тығызырақ топтастыру және саяси жағынан әртектес топтарды ажырату жөніндегі әрекеттеріне шүйлігеді. Әңгіме осы әрекеттердің кейбіреуін автордың сынағанында емес,— осы әрекеттердің бәрі әрқашан да орынды болды десек күлкілі болар еді. Жоқ, саяси мүдделердің айырмашылығы саяси топтарға да сөзсіз әсер етуге тиіс, студенттер өзінің барлық адалдығына, тазалығына, ізгілігіне және басқаларына қарамастан, бүкіл қоғамнан тыс қала алмайды, социалистің міндеті бұл айырмашылықты бүркемелеу емес, қайта оны мүмкін қадарынша қалың бұқараға түсіндіру және оны саяси ұйымда нығайту деген идеяның өзі авторға мүлдем жат нәрсе. Автор дүниеге социал-демократтың материалистік көзқарасы тұрғысынан емес, буржуазиялық демократтың идеалистік көзқарасы тұрғысынан қарайды.

Автор сондықтан революцияшыл студенттердің «жалпы саяси қозғалысқа» шақыруын ұсынудан және оны қайталаудан ұялмайды. Ол үшін салмақтың басым жағы жалпы саяси, яғни жалпы демократиялық қозғалыста жатыр, бұл қозғалыс бірыңғай қозғалыс болуға тиіс. Мұның бірлігі «жалпы студенттік қозғалыспен қатар» топталуға тиісті болатын «таза революциялық үйірмелерді» бұзуға тиіс емес. Осы кең өрісті және бірыңғай демократиялық қозғалыстың мүдделері тұрғысынан қарағанда, партия айдарын «тағу» және жолдастардың ақыл-ой ожданына зорлық жасау, әрине, қылмыс болып табылады. Буржуазиялық демократия 1848 жылы да, буржуазия мен пролетариаттың таптық мүдделерінің қайшылығын көрсету әрекеті «бөліну мен жікке бөліну фанатиктерінің» «жалпыға бірдей» қарсылығын туғызған кезде де, нақ осылай қараған болатын. Буржуазиялық демократияның ең жаңа түрі — реформа жолымен, таптардың ынтымақтасу жолымен бейбіт жұмыс істейтін бірыңғай ұлы демократиялық партияны көксеп отырған оппортунистер мен ревизионистер де нақ осылай қарап отыр. Олар әрқашан да «фракциялық» таластардың жауы және «жалпы саяси» қозғалыс-

тың жақтаушысы болып келді, солай болмай тұра да алмайды.

Көріп отырсыздар: социалистің көзқарасы тұрғысынан қарағанда, социалист-революционерлердің өрескел және кісі күлерліктей қайшылыққа толы пікірлері буржуазиялық-демократиялық көзқарас тұрғысынан қарағанда әбден түсінікті және тиянақты бола бастайды. Мұның бұлай болатын себебі — социалист-революционерлер партиясы шын мәнінде буржуазиялық демократияның *фракциясынан* басқа еш нәрсе емес; құрамы жағынан көпшілігі интеллигенттік, көзқарасы жағынан көпшілігі ұсақ буржуазияшыл, өзінің теориялық туы жағынан ең соңғы оппортунизм мен атам заманғы халықшылдықты эклектикалық жолмен біріктіріп отыратын фракция болып табылады.

Буржуазиялық демократтың біріктіру жөніндегі көпірме сөздерін саяси даму мен саяси күрес барысының өзі-ақ ойдағыдай өтірікке шығарады. Шын қозғалыстың өсуі қазірдің өзінде-ақ Россияда да *осындай* әшкерелеуге әкеліп үлгірді. Мен студенттердің ерекше тобы ретінде «академистердің» бөлінуін айтып отырмын. Нағыз күрес болмай тұрған кезде академистер «жалпы студенттік» бұқарадан бөлініп шыққан жоқ еді, сондықтан студенттердің барлық «ойлай білетін бөлігінің бірлігі» бұзылмаған сияқты болып көрінетін. Ал мәселе *іске* тірелісімен-ақ,— әртектес элементтердің ажырасуы сөзсіз болып шықты *.

Самодержавиеге қарсы саяси қозғалыстың және тікелей тегеурін көрсетудің прогресі тез арада,— жұрттың бәрін және әрбір адамды біріктіру жөніндегі бос сөздердің қандайына болса да қарамастан,— саяси топтардағы айқындықтың прогресіне айналды. Академистер мен саясатшыларды бөлудің ілгері қарай басқан ірі қадам екеніне бірде-бір адам күмәндана қояр ма екен. Бірақ бұл бөліну социал-демократ студенттердің ака-

* Егер кейбір хабарларға сенетін болсақ, соңғы кездерде студенттердің әртектес элементтерінің ажырасуы күшейген үстіне күшейе түскендігі анықталып отыр, атап айтқанда: социалистердің социализм туралы есіткісі келмейтін саясатшы-*революционерлерден* бөлініп шығуы айқындалып отыр. Сибирьге жер аударылған студенттердің арасында осы соңғы бағыт өте айқын күшейді деседі. Бұл хабардың дұрыс-бұрыстығын көре жатармыз.

демистерден «байланысын үзгенін» білдіре ме? «Революционная Россияға» осылай көрінетін тәрізді (қараңыз: № 17, 3-бет).

Бірақ оған жоғарыда біз ашқан шатасулардың салдарынан осылай болып көрінді. Саяси бағыттардың толық ажырасуы тіпті де кәсіп және оқу одақтарының «ажырасуын» білдірмейді. Студенттер арасында жұмыс жүргізуді өзіне мақсат етіп отырған социал-демократ өзі немесе өзінің агенттері арқылы «таза студенттік» және өз бетімен білім алатын үйірмелердің арасына мейлінше көбірек және кеңірек қатысуға *сөзсіз* тырысады, тек қана академиялық бостандықты талап ететіндердің ой-өрісін кеңейтуге тырысады, әлі де қандай да болса бір программа іздейтіндердің арасында нақ социал-демократиялық программаны насихаттауға тырысады.

Қорыталық. Студенттердің белгілі бір бөлігі өзіне дүние танудың айқын және сындарлы социалистік көзқарасын жасап шығарғысы келеді. Осы дайындық жұмысының түпкі мақсаты — революциялық қозғалысқа іс жүзінде қатысқысы келетін студенттер үшін,— қазіргі уақытта революцияшыл ортада қалыптасқан екі бағыттың бірін саналы түрде және бұлжымастай болып таңдап алу болар. Кімде-кім студенттердің идеялық жағынан бірігуі үшін, жалпы алғанда оның революцияшылдануы, т. т. үшін осындай таңдап алуға қарсы наразылық білдірсе,— ол адам социалистік сана-сезімді көмескілейді, ол адам іс жүзінде тек идеясыздықты уағыздайды. Студенттердің саяси топтарға бөлінуі бүкіл қоғамның саяси топтарға бөліпуін бейнелемей тұра алмайды, сондықтан әрбір социалистің парызы — саяси жағынан әртектес топтарды мүмкін қадарынша анағұрлым саналы және тиянақты түрде ажыратуға тырысу. Социалист-революционерлер партиясының студенттерге арнаған — «жалпы саяси қозғалысқа өзінің тілектестігін жариялау және революциялық лагерьдегі фракциялық алауыздықтардан мүлде аулақ болу» деген үндеуі, өзінің шын мәні жағынан, *кері* қарай, социалистік көзқарастан буржуазиялық-демократиялық көзқарасқа қарай шақыру болып табылады, одан басқа еш нәрсе де

емес. Мұнда таңырқарлық ештеңе де жоқ, өйткені «социалист-революционерлер партиясы» дегеніміз Россиядағы буржуазиялық демократияның фракциясы ғана. Социал-демократ студенттің революционерлермен және басқа бағыттағы барлық саясатшылармен ажырасуы жалпы студенттік және білім беретін ұйымдармен ажырасқандық болып табылмайды; керісінше, толық айқындалған программа тұрғысында болып, академиялық ой-өрісін кеңейту және ғылыми социализмді, яғни марксизмді насихаттау үшін студенттердің қалың ортасында жұмыс істеуге болады және істеуге тиісті де.

P. S. Мен келесі хаттарымда «Студенттің» оқушыларымен дүниеге сындарлы көзқарасты жасап шығарудағы марксизмнің маңызы туралы, социал-демократиялық партия мен социалист-революционерлер партиясының принциптік және тактикалық айырмашылықтары туралы, студенттер ұйымының мәселелері туралы және студенттердің жалпы алғанда жұмысшы табына көзқарастары туралы әңгімелескім келер еді.

1903 ж. сентябрьде «Студент» газетінің 2—3-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

«ЖАҢА ОҚИҒАЛАР ЖӘНЕ ЕСКІ МӘСЕЛЕЛЕР» * ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ НОБАЙЛАРЫ МЕН КОНСПЕКТІЛЕРІ

Қыс және саясат «маусымы» (қоғамдық қозғалыстағы жарты жылдық тыныштықтан кейін, жеке-дара саяси қастандықтар толқыта алмаған тыныштықтан кейін).

А. { I. Демонстранттарды соттау.
II. Ростов күресі. }

Б. { және III. Либералдық қозғалыстың жандануы.
IV. Студенттер және тіпті гимназистер арасындағы толқулардың жандануы. }

Айрықша V. Үкімет ішіндегі айла-шарғы мен абыржушылық.

Тыныштық — үмітсіздік пен сенімсіздіктің үдей түсуі — террор — оның *нақты* маңызы — оның тыныштықты толқыту ісінде табыссыз болуы.

Енді біздің алдымызда саяси «маусымның» бастамасы және революциялық қозғалыстың жандануы тұр.

Демонстрациялардан кейінгі кейбір тыныштық. Сары уайымшылдар қазірдің өзінде-ақ «жекпе-жек» туралы, «әттең, халық әлі тез емес» деп және социалист-революционер терроршыларының басқа да жауыр болған әрекеттері туралы айқайлап айта бастады. Бірақ террорлық қастандықтар тыныштықты толқыта алмайтын еді және толқыта алмады да. «Революционная Россия» террор туралы

---

* Қараңыз: осы том, 61—67-беттер. *Ред.*

in 2 Worten * мәселені осы негізге қоюға өзінің келіспейтіндігі туралы не айтса да, бұл қастандықтар *шындығында* жекпе-жектен басқа еш нәрсе емес еді: террор туралы мәселені орыс өмірінің шындығы *осылай* қойған болатын.

Ендігі жерде, қыстың жақындауы саяси өмірде тағы да жандапу туғызған кезде, Ростовтағы үлкен стачка сияқты оқиға бұрқ ете қалған кезде,**

Сірә, мыналар аяқтала бастаса керек

α — уақытша тыныштық

β — террор және «халық ерікшілдігі» оның туындысы ретінде әттең, халық тез емес

қарулы демонстрациялар туралы айту оңай

жеке-дара тойтарыспен жауап беру керек

γ — Ростов күресі

жұмысшылар бұқарасының революциялық күш-жігерін үсті-үстіне көрсетеді

шынында да жігерлендіреді

шынында да үкіметтің берекесін кетіреді, ондаған мың адамдарды еліктіреді, революционерлер қызметінің мәнін ашып көрсетеді, «іріткі туғызады»

шынында да тура халықтық көтеріліске өту деген сөз.

Ростов оқиғаларының шын мәніндегі «жігерлендіруші» маңызы.

Сірә, халықтық-революциялық қозғалыстағы тыныштық (кейбір, уақытша) аяқталып, жандапудың жаңа толқыны басталып келе жатса керек.

Тыныштықпен бірге оның туындысы — принципсіздік, оның масайрауы, халық ерікшілдігінің қайта тууы, үмітсіздік etc. террор әлде нендей бір шығапға кетіп барады

— жеке-дара тойтарыс

— халық әлі тез емес

— үкіметтің (революционерлердің емес пе?)

---

* — екі сөзбен айтқанда *Ред.*

** Осы жерден сөйлем үзіледі. *Ред.*

берекесін кетіру
— қарулы демонстрациялар туралы айту оңай
etc. etc.

Ростов күресі
оның шын мәніндегі *жігерлендіруші* қимылы
{жеке оқ атудан жігерлендіретін = емес}
» » » *үгіттік* маңызы
» » » *іріткі салушылық* »
» » » революционерлер қызметінің мәнін ондаған мың адамға түсіндіруі
» шын мәнінде бұқаралық көтеріліске ұласуы.

Жұмысшылар бұқарасында революциялық ашу-ызаның осындай жанартаулары бар болып және атқылап жатқанда,— оқ ату арқылы etc. *жасанды* еліктіру, үгіт, берекесіздік туғызу туралы бос сөздер қандай мағынасыз әрі өрескел күлкілі болып шығады десеңізші?

Мұның өзі тікелей міндеттен: қазірдің өзінде-ақ *көтеріліп келе жатқан* осы бұқараға *көмектесуден,* олардың басшыларын ұйымдастырудан etc. қандай көрер көзге жалтару десеңізші.

Сөйтіп, демонстрациялардың абыржытушылық әрекеті туралы бос сөздерге қарамастан,— біз бұл демонстрацияларға қатысушы Нижегород жұмысшыларының сөздерінен жігер алып шығамыз.

Мұнда да жұмысшылар бұқарасындағы терең тамырлар
қатты ашу-ыза және
күреске және құрбан болуға тас түйін әзірлік бар.

Қозғалыстың осы «тамырлары» мен оның «қаңқасы» туралы еске салу жұмысшы қозғалысынан іргені аулақ салу, әлеуметтік-таптық көзқарасты халықшылдықтың бұлыңғыр елесімен алмастыру теориялары мен әрекеттерінің қандай үлкен қателік екенін көрсетуге тиіс etc.

с.-д.

жұмысшы қозғалысынсыз (+ $\overset{=}{+}$ социализм)

жоғарыда

{ земство, интеллиген- — әлеуметтік базис жоқ
ция және шаруалар — принциптік негіз жоқ

{ негіз
дұрыс тактика — ұстамды тактика жоқ

«Социализмді жұмысшы қозғалысымен ұластыру».
«Искраның» * 1-номері
— «экономистерге» contra
— социалист-революционерлерге мейлінше contra

Жұмысшы қозғалысымен қосылу = әлсіреу мен тар өрістілікке әкеліп соқтырмайды. Керісінше, осы *абсолюттік* берік негізде отырып біз қалған барлығын да өзімізге тартып ала аламыз және тартуға тиіспіз.

Нақ жұмысшы қозғалысы басқа топтарда жандану туғызды, енді ол өсіп те келеді: земстволық оппозиция кейбір жерде «әрекетке» де көше *бастады.*

{ Воронеж туралы бір-екі сөз }[146]

— студенттер және гимназистер қозғалысы
— шаруалар қозғалысы

{ социализация туралы ақымақтық және принципсіз өтіріктер }

Үкімет тактикасының жалпы *aspect*-і:
— бұқараны бөлшектеу, назарын басқа жаққа аудару, жылмаңдау

{ мәңгілік қателіктер мен *мәңгілік* қайталау }

— революционерлер «ит» ((бір либералдың Вальдерді, Оболенскийлерді және К^0-ны осылай деп атағанындай. Біз, мүмкін, бұл либералға әлі қайта оралармыз)) *қуумен* әуестеніп кетті.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 403-бет. *Ред.*

Өзіңді арандатуға жол бермеу керек.

Өзіңнің принциптік негізіңді жоғалтпау керек.

Өзіңнің жұмысшы бұқарасымен байланысыңды нығайтып, сонымен бірге жүріп отыру керек, Ростов оқиғасы сияқты оқиғаларға қатысып, оларды халықтық көтеріліс деңгейіне дейін *к ө т е р у г е* тырысу керек.

1902 ж. ноябрьдің аяғында жазылған

Бірінші рет 1939 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«РСДРП КОМИТЕТТЕРІ МЕН ТОПТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ПАРТИЯЛЫҚ СЪЕЗГЕ ЖАСАЙТЫН БАЯНДАМАЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ» * ДЕГЕН ХАТТЫҢ ЖОСПАРЫ

I. Жұмысшы қозғалысы, оның тарихы және қазіргі жағдайы.
(1.3—7.36)

II. Социал-демократиялық қозғалыстың тарихы, бағыттардың күресі және осы заманғы теориялық мәселелер.
(*2*. 13)

III. Социал-демократияның комитеттері мен топтары. Олардың құрамы мен қызметі. Аудандық ұйымдар.
(*2*. 9+26. 35)

IV. Жергілікті жұмыстың мазмұны, ауқымы мен сипаты.
(10—12. 14—19. 30)

V. Басқа нәсілдер мен ұлттардың революциялық (әсіресе социал-демократиялық) топтарына көзқарас.
(31)

VI. Практикалық кәсіпорындар және конспирациялық жабдық.
(32—34)

VII. Жұмысшы табын қоспағанда, халықтың басқа топтарындағы байланыс пен жұмыс.
(20—25)

---

* Қараңыз: осы том, 75—87-беттер. *Ред.*

VIII. Социал-демократиялық емес революциялық және оппозициялық ағымдардың жайы және оларға көзқарас.
(27—29)

1902 ж. декабрьде — 1903 ж. январьда жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

«ДЕРЕВНЯ КЕДЕЙЛЕРІНЕ» ДЕГЕН КІТАПШАҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

1

КІТАПШАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ

1

1. Қалалардағы жұмысшы күресі, ол туралы қазірдің өзінде-ақ өте көп адамдар естіген.
2. Жұмысшылар нені көксейді? (Социал-демократиялық партия. Социализм.)

   Қанау атаулыны жою.
   {Қоғамдастырылған (социалистік) өндіріс.
   {Ұсақ және ірі өндіріс.

   Жұмысшы (социал-демократия) қозғалысының халықаралық сипаты.
3. Шаруалар үшін де idem *. Салықтардың, жерсіздіктің, капиталдың езгісі etc.
4. Кедей шаруаларды жұмысшылармен біріктіру.
5. Аграрлық құрылыс.

   {«қауымдық негіздің» бос елестері}
6. $6^1/_2$ миллионды қалалардағы жұмысшылармен біріктіру (және өз жағына 2 миллион тарту) [147]
7. *Жеке бастың* ыждағаттығынан, ептілігінен etc. еңбек сүйгіштігінен, құнттылығынан үміт күтудің алдамшы екені etc.
8. Осы $6^1/_2$ миллионның бірігуіне кедергілер:
9. Саяси правосыздық. Жұмысшылармен бірге саяси бостандық жолында күресу.
10. — Әсіресе шаруаның азаматтық правосыздығы. Жаппай кепілдік, жүріп-тұру бостандығының болмауы, қауымға маталу, жұмыспен өтеу арқылы по-

* — Нақ сол. *Ред.*

мещик шаруашылығына байлану, кіріптарлық, кесінді жерлер etc. Σ* = крепостниктік правоның қалдықтары.

11. Кедейлердің социализм жолында күрес жүргізуі *үшін* оларды азат ету мақсатында *барлық* шаруаларды (орташа және буржуазиялық) азат ету қажеттігі.
12. Біздің аграрлық программамыздың талаптарын талдау.

{ *12* а. Село жұмысшыларының пайдасына деген программа.
12 б. «Аграрлық» (=шаруалар) программа. }

13. Ауқатты шаруаларға деген сенімсіздік: ілгері бара ма, әлде жоқ па.
14. Басқа елдердегі шаруалардың тәжірибесі: ауқатты және орта шаруалардың саяси және аграрлық реформадан кейінгі опасыздығы.
15. Бұл тәжірибені Россия үшін қолдану, *яғни* $6^1/_2$ миллионды *күн ілгері* қала жұмысшысымен, социал-демократиялық партиямен біріктіру.
16. Бұл біріктіру қазір Европада да басталып отыр. Біз Россияда осы байланысты бірден баянды етуіміз және осы арқылы өзімізге *социализм* жолындағы *бүкіл* күресті жеңілдетуіміз қажет.

2

1. Қалалардағы жұмысшы күресі. Үкіметке қарсы күрес.
   Оның таралуы және шиеленісуі.
2. Жұмысшылар нені көксейді? Олар мынау үшін күреседі
   а) *саяси бостандық үшін* (қысқаша баяндау)
   б) социализм үшін (idem).

{ аа Шаруаларға тарату бб ~ „ ~ }

* — Summa — жиынтық. *Ред.*

3. Кедей шаруаларды қала жұмысшыларымен біріктіру қажеттігі. [Мүмкін, *аа* мен *бб*-ны осында әкелсе?]

3а. Орта шаруа қайда баруы керек? меншік иелері мен байлар жағына ма немесе жұмысшылар мен жарлылар жағына ма?

4. Россияның аграрлық құрылысы (4 горизонталь полоса [148]) «қауымдық негіздің» бос елестері etc. $6^1/_2(+2)$ against *. { Ұсақ шаруаны екі жаққа тартады }

   (1) Жер еңбекке өтеді
   (2) Қауымдық шаруалардың орасан зор ұйымы.
   (3) Кооперациялар.

5. Ұсақ буржуазиялық бос елестер (еңбек сүйгіштік etc.) туралы егжей-тегжейлі көрсету. Басқыш бойынша *жоғарыға* алдамшылық еліктіру = *лотерея.*

6. Село пролетары мен жартылай пролетарын социал-демократқа айналдыру = саяси бостандық жолындағы және социализм жолындағы күреске (партия қатарында) қатысуы. { *1902 жылғы шаруалар қозғалысы.* Революциялық мазмұн мен бос елестер }

7. Түпкілікті мақсат (және ең таяудағы талаптар)
   α — саяси қайта өзгерістер
   β — *село пролетары үшін* жұмысшылар заңы | ең таяудағы жұмысшы программасы
   γ — шаруалардың *крепостниктік правоның қалдықтарынан* азат етілуіне көмектесу | » шаруалар »

8. Крепостниктік правоның қандай қалдықтары? Аграрлық программаның талаптарын талдау.

---

* — қарсы. *Ред.*

Кесінді жерлер туралы *с о ң ы н д а.* мынадай тәртіппен:

(1) сатып алу төлемдерін жою
(2) жерге иелік ету еркіндігі
(3) сатып алу төлемдерін қайтару
(4) қарыздар
(5) кесінді жерлер *.

} Социалист-революционерлердің өтірігі (қауымдық бастаманың шабуылы)

Ауқатты шаруаны *да,* орта шаруаны *да,* пролетарды *да к р е п о с т н и к т і к* езгіден азат ету, социализм жолындағы еркін күрес *ү ш і н* азат ету.

9. Шаруалар ішіндегі тап күресі. Буржуазиялық (және орта) шаруалардың позициясы. Оның мүмкін (және ықтимал) опасыздығы (Батыс Европаның тәжірибесі).

{ «экспроприация» оның шарттары }

Социализм жолындағы күресте қала жұмысшыларымен бірігу үшін *пролетар* шаруалардың ерекше ұйымы.

→ 9. (1) Егер кесінді жерлер болса, кейін де солай ма?
(2) Бай шаруалар? Олардың позициясы?
(3) Батыс Европаның тәжірибесі
(4) Деревня қауымы ішіндегі тап күресі.

NB *1 9 0 2 ж. ш а р у а л а р қ о з ғ а л ы с ы:* NB

3

(1) *1.* Қалалардағы жұмысшылар күресі.
(2) *2.* Социал-демократтар нені көздейді?
(3—6) *3.* Деревнядағы байлық пен қайыршылық.
(7) *4.* Деревня кедейлерінің жұмысшылар күресіне қатысуы.

---

* 1—5-пункттерді Ленин сызып тастаған. *Ред.*

Деревня жұмысшыларын қала жұмысшыларымен біріктіру.

(8) *5.* Крепостниктік правоның қалдықтарын жою.

(9) *6.* Деревнядағы тап күресі.

I қосымша (программаның жобасы)

II қосымша.

4

I. Қала жұмысшыларының күресі.

II. Социал-демократтар нені көздейді?

III. Деревнядағы байлық пен қайыршылық, меншік иелері мен жұмысшылар.

IV. Орта шаруа қайда баруы керек?

V. Деревня жұмысшыларын қала жұмысшыларымен біріктіру.

VI. Крепостниктік правоның қалдықтарын жою.

VII. Деревнядағы тап күресі.

2

КІТАПШАНЫҢ ЖЕКЕ ТАРАУЛАРЫНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ МЕН НОБАЙЛАРЫ

Балық та емес құс та емес
жақсартылған құралдар, плугты және жанын сату
кооперациялар
«жоғары табыстылық»
алдау = лотерея

4 сұрақ

4 сұрақ:

помещиктер
бай шаруалар { 1888—1891 : 16.5% — 46.6%
1893—1894 : 16.5 — 48.6 [149]

$3^1/_2 + 3$ миллион кедейлер
ақша үшін күрес.

Кооперациялар
«жоғары табыстылық»
ұсақ өндіріс *үшін*
ұқыптылық пен ыждағаттылық
алдау = лотерея, жоғарыға еліктіру
4 сұрақ

IV. Жалпы: шаруашылықты жақсарту және бұл үшін байлармен «бірігу»
кооперациялар {несиелік және сүттік}
(неміс мәліметтері)

1 «жоғары табыстылық»
2 «ыждағаттылық», ұқыптылық, еңбек сүйгіштік — басқышпен жоғарыға көтереді
3 біреуін көтереді, 10-ын алдайды. Лотерея...
4 ұсақ өндіріс *үшін* { Социализм және ұсақ өндіріс }*

V. Социал-демократтар шаруалар өміріндегі қандай жеңілдіктер үшін күреседі?

(α) 1. Социал-демократтар бүкіл буржуазияға, басқаның еңбегімен күн көрушілердің бәріне қарсы.
2. Шаруаның өмірінде қандай болсын қол жетуі мүмкін жеңілдіктердің бәрі үшін, помещиктердің, мемлекеттің, чиновниктердің, полицияның, поптардың езгісінен қандай да болсын азат ету үшін күреседі.

(β) 3. *Саяси бостандық.*

| бәріне керек, ал жұмысшылар мен шаруаларға **әсіресе** |

4. Адамның дербес праволылығы, сөз, одақтар бостандығы.
5. Жүріп-тұру бостандығы.
6. Сословиелерді жою.
7. Чиновниктердің сайланып қойылуы және сот арқылы қудалау.
8. Әскери қызметшілер.
9. Шіркеуді мемлекеттен бөлу. Тегін оқыту.
10. Үдемелі салық **.

(γ) **Деревнядағы фабрикалық заңдар**

жұмыс күні
әр апта сайынғы демалыс
түнгі еңбек
мертіккені үшін жауапкершілік
қартайғандарға пенсия
ақыдан ұстап қалуға тыйым салу

* IV бөлімді Ленин сызып тастаған. *Ред.*
** 4—10-пункттерді Ленин сызып тастаған. *Ред.*

жұмысшылардан сайланып қойылған өкілдері бар фабрикалық инспекцияны қолдану *

Оның үстіне, тек село жұмысшыларына ғана емес, шаруаларға да: § VI.

Халықшылдардың, **социалист-революционерлердің**, *социал-демократтардың* жауаптары.

§ VI in fine **:

α. 3 талап — β. байлар мен кедейлердің мүдделерін біріктіру — γ. кесінді жерден әрмен не? байларға байланысты — δ. социалистік революция — ε: көп нәрсені дәме қылу емес, қайта шаруаларды *біріктіруге* қарай қадам жасау маңызды

1) Сөз байласу байлар мен кедейлердің мүдделерін ашып береді.
2) Бірінші қадам: ең қарапайым талаптар үшін бай шаруалармен бірге.
3) Комитеттердің көмегімен деревня кедейлерін біріктіру.
4) Одан әрі: социализм үшін күрес.
5) Кейбіреулер былай дейді: кесінді жерлерді емес, қайта помещиктердің қолындағы *барлық* жерді.
   Кедейлер — социализм.
   Бай шаруалар??
6) Бай шаруаларға үміт артуға болмайды ***.

VII. *Деревнядағы тап күресі*

1. Тап күресі дегеніміз не? Халықтың езілген бөлегінің езушілерге қарсы күресі. Крепостниктік правоға қарсы күрес. — Кедейлердің байларға қарсы күресі.
2. 1902 жылғы шаруалар қозғалысы. Күрескерлердің ерлігі: олардың ұлы бастамасы. Біз одан әрі жалғастыра беруге тиіспіз. Бірақ мынаны анықтап алу керек: олар неліктен жеңілді?

* «Жұмыс күні» деген сөзден бастап «қолдану» деген сөзге дейінгі текстi Ленин сызып тастаған. *Ред.*
** — аяғында. *Ред.*
*** 1—6-пункттерді Ленин сызып тастаған. *Ред.*

3. Санасыздықтан, әзірленбегендіктен жеңілді. Шаруалар нені талап ету керек екенін білмеді. Шаруалар өздерінің жауы кім екенін білмеді. Шаруалар помещиктер мен үкіметтің байланысты екенін білмеді. Шаруалар *әділетті, инабатты* өмір сүруді қалады; бірақ мұны *қ а л а й* істеу керек екенін білмеді.

| сенімсіздік |

4. Біздің жауап. Тағы да: қала мен деревняның Одағы... қарсы

3 талап *б і р г е.*

5. *Бірігу* мен күрестің практикалық тәсілдері. Үгіт. Үйірмелер. Қала жұмысшыларын қолдау.

§ VII.

1) 1902 жылғы шаруалар қозғалысы.
2) Ерлік. Жазалау.
3) Жеңіп шығу үшін қалай істеу керек?
4) Айқын түсіну керек. *Қ ұ д а й д ы ң* емес,— қайта адамның.
3 т а л а п.
5) Қала жұмысшыларымен одақтасуды әзірлеу керек.
социал-демократияның үйірмелері.
үгіт (листоктар, кітаптар).
Д е р е в н я д а ғ ы т а п к ү р е с і (бай шаруаларға сенімсіздік).
6) Жұмысшылар қалаларда бастаған кезде, соларды қолдау.

3

БРОКГАУЗ БЕН ЕФРОННЫҢ «ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ СӨЗДІГІНЕН» КӨШІРМЕЛЕР ЖӘНЕ РОССИЯДАҒЫ ЖЕР ИЕЛЕНУ ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН ЕСЕПТЕР

|| *12* том «Жер иелену» ||

Россиядағы *ж е р и е л е н у* (Энциклопедиялық Сөздік)

Европалық Россияның 49 губерниясында (Дон Әскерлері облысын қоспағанда)

1877—1878 жж.

				%	
қазынанікі — —	150.4	млн. дес.	=	38.5	
удельдікі — — —	7.4	» »	=	1.9	
мекемелер мен юридикалық орындардікі (шіркеулердікі, монастырьлардікі, қалалардікі, посадтардікі және басқалардікі)	8.5	» »	=	2.2	қалалар мен посадтардікі — 1 929 367 дес.
шаруалардікі (қауымдық)	131.4	» »	=	33.6	

{ үлестік
жарамды 116.8
жарамсыз 13.7
қоғамдар қосымша сатып алған 0.7 }

{84.6% қауымдық
15.4% үй басындық}
жеке меншік иелерінікі — — — — 93.4 млн. дес. = 23.8 %

{санатта бар жандардікі = 91.6
қоғамдар мен компаниялардікі = 1.8}

Σ = 391.1 100.0

Σ = 7/8/2 (7.5 / 8.5)

− 150.4 92
240.7 109

{131.4 шаруалардың үлесті жері
+ 109.3 жеке иеліктегі}

Қазынаның қолындағы жердің 69.3% ормандар (100 млн. дес. Архангельск, Вологда, Олонец және Пермь губернияларында). 28.1% жарамсыз жер және 2.6% **жарамды жер** {4 млн. дес. кем}

Үш солтүстік губерния (Архангельск, Олонец, Вологда) тұтасынан дерлік қазынанікі (губерниялар жерінің 97, 93 және 83%). 2 шығыс (Пермь және Вятка) губернияларда — жарым-жартылай (51 және 48%). Бұл *бес* губернияда 133½ млн. дес. қазыналық жер бар (= 88½% мемлекеттік жер).

49 губерниядағы шаруа қауымдары — 140 мыңға жуық	ревизиялық жаны —	22 396 069 —	116 854 855 дес.
бұрынғы иеліктегі . . .	10 шамасы	»	33 755 759 »
бұрынғы удельдік	900 486	»	4 333 261 »
бұрынғы мемлекеттік . . .	9 643 606	»	57 130 141 »
қалғандары . .	1.8 шамасы	»	21 635 694 »

Жеке меншікке жер иелену

	Иелердің саны	%	Σ=	%	Жер десятина	%	Σ=	%
Ұсақ								
< 10 дес.	244 376	50.8	404 881	84.1	959 450	1.0	6 280 668	6.8
10–100 »	160 505	33.3			5 321 218	5.8		

	Иелердің саны	%	Σ =	%	жер десятина	%	Σ =	%
Орташа								
100—500 дес.	47 482	9.9	60 651	12.6	11 325 987	12.4	20 657 864	22.6
500—1000 »	13 169	2.7			9 331 877	10.2		
Ірі								
1000—5000 дес.	13 458	2.8			27 559 544	30.1		
5—10 мың »	1 444	0.3	15 826	3.3	9 876 615	10.8	64 667 313	70.6
>10 мың дес.	924	0.2			27 231 154	29.7		
Σ =	481 358	100	481 358	100	91 605 845		91 605 845	100

Сословиелер бойынша:		мың адам	%	млн дес.	%
дворяндар — — — — — —	—	114.7	23.8	73.2	79.8
көпестер мен құрметті азаматтар — — — — — —	—	12.6	2.6	9.8	10.7
мещандар — — — — — —	—	58.0	12.1	1.9	2.1
шаруалар — — — — — —	—	273.0	56.7	5.0	5.5
қалғандары (дін басылары, солдаттар, шетелдіктер etc.) — — — — —	—	22.9	4.8	1.7	1.9
	Σ =	481.4	100	91.6	100

Ergo *:

шаруашылықтар:

131 + 93 = 224

0.1 млн.	— 100	60
1.5 »	— 60	100
2.5 »	— 30	50
6.5 »	— 50	40
	240	
	10	

76 мың *ірі* жер иеленуші — 85.2 млн. дес. жер + 7.4 млн. дес. удел = 93 млн.

* — Демек. *Ред.*

4

СЕЛОЛЫҚ ҚОҒАМДАРДАҒЫ ШАРУАЛАРДА АТТАРДЫҢ БӨЛІНУІ

1888 және 1891. Европалық Россияның 49 губерниясы [150]

	Үйлер			Аттар			
0-ден бастап	— 2 777 485	— 27.3		—	—		— —
1	— 2 909 042	— 28.6		— 2 909 042	— 17.2		1
2	— 2 247 827	— 22.1		— 4 495 654	— 26.5		2
3	— 1 072 298	— 10.6	} 22.0	— 3 216 894	— 18.9	} 56.3	3
4 және >	1 155 907	— 11.4		— 6 339 198	— 37.4		5.4
	10 162 559	100		16 960 788	100		1.6

1893/94 38 губ.: 8 288 987 шаруалар үйі — 11 560 358 ат.

атсыздар	— 2 641 754 =	31.9%	22.5	— 1 аты барларда
1 аты барлар —		31.4	28.9	— 2 аты барларда
2		20.2	18.8	— 3 аты барларда
3	—	8.7		
4 және >		7.8	29.8	— көп аты барларда
		100	100	

1900 ж.

NB Европалық Россияның 50 губерниясында *19 681 769* ат бар, олардың ішінен 15.3% жеке иелердің қолында.

| 19 681 769×0.153=3 011 310 657 |

Лохтин, с. 280:
50 губ. аттар

1846—16 056 000
1861—15 300 000
1870—15 611 400
1882—20 015 000
1888—19 663 000
1898—17 004 300

5

ДЕРЕВНЯДАҒЫ ТАПТЫҚ ТОПТАРДЫ ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН ЕСЕПТЕР МЕН ГРАФИКАЛЫҚ СУРЕТТЕР


1

«Шаруалардың» аграрлық құрылысы

10 млн. шаруалар үйі
14 млн. ат

үйлер				
$1\frac{1}{2}$ млн.	*ауқатты*	—	$6\frac{1}{2}$ млн. ат	$7\frac{1}{2}$
2 »	орташа	—	4 » »	4
$6\frac{1}{2}$ »	кедей	—	$3\frac{1}{2}$ » »	$3\frac{1}{2}$
10-ға жуық			14-ке жуық	15

2 [151]




$$6\frac{1}{2} + 4 + 3\frac{1}{2} = 14.$$


Россияда барлығы 21 млн. шамасындай ат бар

3

Шаруашылықтар	Аттар	Меншіктегі жер	Пайдаланудағы жер (+ аренда — беру)
0.1	3	100	60
1.5	7.5	50	90
2	4	35	55
6.5	$3\frac{1}{2}$	55	45
10.1 млн.	18 млн.	240	250
		+ 10 қазыналық	
		250 млн. дес.	

Жерге меншіктілік (барлығы 250 млн. дес. жуық)






1% помещиктер (0.1 млн. семья)

15% бай шаруалар (1 1/2 млн. семья)

20% орта шаруалар (2 млн. семья)

64% село пролетарлары мен жартылай пролетарлар (6 1/2 млн. семья)

Барлығы 10.1 миллионға жуық семья немесе шаруашылық.



24% жер помещиктердің пайдалануында (60 млн. дес. жуық)

36% жер бай шаруалардың пайдалануында (90 млн. дес. жуық)

22% жер орта шаруалардың пайдалануында (55 млн. дес. жуық)

18% жер деревня кедейлерінің пайдалануында (45 млн. дес. жуық)

Пайдаланудағы барлық жер 250 млн. дес. жуық.

1903 ж март — апрельде жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XIX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЭСЕРЛЕРГЕ ҚАРСЫ КІТАПШАНЫҢ ЖОСПАРЫ [152]

Соғыс фактісі. Ол енді ғана басталып келеді. Әдеби айтыс.

Неге? Соғысты сөзсіз туғызатын себептерді ашу.

Теориялық, принциптік алауыздықтарға ерекше назар аударылуға тиіс.

A) *Революциялық марксизм мен оппортунистік сынның арасындағы жартыкеш әрі принципсіз позиция.*

1. «Вестник Русской Революциидің» 2-номеріндегі мақала (редакторлық). Оны талдап қарау.
2. *Күйреу теориясы. Цитат* 55—56-*беттер* = социализмнің экономикалық қажеттілігін теріске шығару. (Трестер ұмытылған.)
3. Аграрлық мәселе. Цитат *57*-бет («тіпті»).
4. *Құн* теориясы. Цитат *64*-бет. *«Тұрақсыздандырған»!*
   66-бет (тағы «тіпті»!)
   {67 және 48-беттер = *бүкіл* социализмнің дағдарысы}
5. *«Өткір және бірден-бір марксизм тарих саласына ойысып бара жатыр» (75)!!* NB
6. *Житловский «Sozialistische Monatshefte»-де...*
7. «Кезекті мәселе». Герцтің мақтауы (8-бет, ескерту).

«Жаңа көзқарас» = кооперация арқылы социализмге ad B. 3.*

8. «Вестник Русской Революции» № 2, 82 және 87-беттер. «Түзетулер», «қайта қарау» etc.**
9. Σ *** = барып тұрған принципсіздік. Болғысы келгеннің бәрі с.-р. бола алады.
10. Халықаралық социализмнен толық шеттеу: «өзіншелік».

B) *Орыс марксизмі мен халық ерікшілдігі, дұрысырағы: либералдық-халықшылдық бағыт арасындағы жартыкеш және принципсіз позиция.*

1. Жаңа революциялық қозғалыс ескі теория мен жаңа теорияның күресімен қатар жүріп отырады. Орыс социализмінің қалдықтары (либералдық-халықшылдық бағыт) және орыс марксизмі. С.-р. қалай қарайды? «Революция қарсаңы» осыған тән нәрсе. (Теориялық таластардың мәнін мүлдем түсінбегендік.)

Ескі орыс социализмінің либералдық-халықшылдық бағытқа айналып азғындауы.

2. «Еңбек шаруашылығы» (с.-р. теориясы) («Революционная Россияның» 11-номерінен, 7-бет). *Тұрпайы социализм* + *халықшылдық*. [Салыстырыңыз: «Вестник Русской Революции» № 2, 100—101-беттер: *тап ку-*

* — В. 3 пунктіне. *Ред.*
** Қолжазбада Ленин 8-пунктті 6-пункттің алдына ауыстырып қою белгісін салған. *Ред.*
*** — Summa — жиынтық. *Ред.*

ресі = барлық езілгендердің күресі!!]	
3. Капитализмнің прогрестік және теріс жақтары. «Революционная Россияның» 9-номері, 4-бет.	Contra: *Шет кәсіпке кетушілік пен кезбеліктің прогрестік мәні:* № 8, 8-бет, 2-бағана [153]

| Айрықша листок, 2-бет, аяғында |

Салыстырыңыз: «Кезекті мәселе» (8-бет): «*Жаңа* көзқарас»: *«Кооперация арқылы социализмге»*. Салыстырыңыз: А 7.	Неміс статистикасынан: кооперациялар = буржуазияның басымдығы

4. Σ = «сынның» көмегімен халықшылдық пен марксизмнің таза эклектикалық қосылуы.

C) *Тап күресі мен жұмысшы қозғалысына жартыкештік көзқарас.*

1. Позицияның теориялық күнәларынан практика жүзіндегі күнәларына көшуде. *Тап күресі* мен *жұмысшы қозғалысына* олардың көзқарасы. Олар мәселені қалай қояды?
2. «Вестник Русской Революциидің» 2-номерінен цитат, *224-бет. Партия* және *тап*. Шатасушылық, оның мәні біреу: пролетариаттың тап күресінен қашықтау, мүлде әрі-сәрі және тұрақсыз интеллигенцияға есік ашу.
3. *Интеллигенция + пролетариат+шаруалар* (№ 8, 6-бет, 2-бағана) («тайыз» ортодокстерге қарсы). Мұның мәнісі = тап күресін түгелдей теріске шығару. Түрлі топтардың араласуы. Интеллигенттік әлеуметтік реформизмді де, тек қана демократиялық революционаризмді де — пролетарлық социализмді де — шаруалардың мешеу талаптарын да бір жерге үйіп-төгу.
4. *Интеллигенция* және *пролетариат*. Халық еріктілері де!!! «Вестник Русской Революции» № 3, 9—11-беттер. *Айрықша листок.*

5. Олардың практика жүзіндегі көзқарасы? «Экономизммен» суреттелінеді. «Искра»: жұмыстың, қайта иландырудың, тәрбиелеудің ұзақ процесі. «Искраның» бірлік елестерінен бас тартуы.
Салыстырыңыз: Табалаушылық
+ Революциялық марксизмнің жолын кес-кестеу.
Σ = корермендік-үстірттік.
6. Олар өздерінің с.-д.-дан өзгешелігін қалай түсіндіреді? № 9, 4-бет, 2-бағана.
Әңгіме «болғылары келетіндігінде» емес, *жұмысшы қозғалысының* барлығында.
Жалпы еңбек дегеніміз мағынасыздық.
Жалдама жұмысшылар ма әлде дербес жұмысшылар ма, бәрібір деу = ұсақ буржуазиялық элементтер арқылы социализмнің өңін айналдыру және халықшылдармен екі арадағы шекті толық жою.
Бір принциптің «таза идеялық өкілі». *Ешқандай* принцип *болмасын!*

D) *Олардың еркіне қарамастан, жұмысшы табын буржуазиялық демократияға бағындыруға бастап отыр.*
1. Біз с.-р.-дің теориялық позициясын және олардың жұмысшы қозғалысына көзқарасын қарастырдық.
Σ = жартыкештік, эклектизм.
Олардың орыс буржуазиялық демократиясына көзқарасы.
2. Ол жоқ! «Вестник Русской Революции» *№ 2, 132-бет!!* Тіпті «экономистермен» талас-тартыс кезінде-ақ с.-р. мұны байқады.
Салыстырыңыз: «Осы заманғы весталка»[154].
3. Ал Струве мырза ше? Ал либералдық-халықшылдық бағыт ше? Олар нақ соның алдында бас иеді!!! Ал мұның мәнісі буржуазиялық демократия алдында бас иеді деген сөз, жұмысшыларға таптық қарама-қарсылықтарды түсіндірмейді, *дербес* социалистік *идеологияны* талдап жасамайды деген сөз.

4. Ал *интеллигенция* + *пролетариат* + *шаруалар* дегеннің мәнісі не? Практика жүзінде *интеллигенция* мен *шаруалар буржуазиялық* демократиядан басқа ештеме болып табылмайды!!

5. Ал олардың либералдарға көзқарасы ше? + және — капитализмнің деген формулаға қайтып оралыңыз (№ 9, 4-бет).

Либералдардың негізінде тап жоқ (№ 9, 4-бет).

Сіздердегіден әлдеқайда көп!

Либералдарға қарсы сіздерден гөрі біз қатаңырақ шайқасып келеміз.

Адам күлерлік нәрсе: *либералдардың сөзіне иланған!!*

№ 9, 3—4-беттер.

(В. В. варианттары.)

Бізде *шайқас*, бір жағынан, екінші жағынан дегендей, көке мылжың емес.

Бірақ біз либералдардың тап өкілі екенін, олардың жаны сірі екенін, оларда *қоғамдық*, *халықтық* қозғалыс *бар* екенін, ал с.-р.-де мұның жоқ екенін түсінеміз!!

6. Л. М. «Заряда» дұрыс айтқан еді (№ 2—3): с.-р.-дің қосарланған дақбырт есім алып жүрген себебі: олардың социализмі әсте революцияшыл емес, ал олардың революцияшылдығының социализмге үш қайнаса сорпасы қосылмайды. *Міне мұның өзі = буржуазиялық демократия алдында жеңіліске ұшырауға әкеліп соқтырады.*

С.-р.-дің *бүкіл позициясын* принципті түрде сынау осымен бітеді. Біз олардың (аграрлық) программадағы қателерін *ғана емес*, тактикадағы (террор) қателерін *ғана емес*, нақ бүкіл позициясын теріске шығаратынымызға көңіл аудару керек.

Ұсақ буржуазиялық социализмнен, революционаризм мен бұлталақтаудан сақтандыру.

Е) *Аграрлық мәселе.*

1. Қарадүрсін тұрпайы социализм. Сөзге илanaды. Қозғалысқа талдау жасалмайды. Крепостниктік тәртіптің қалдықтарына қарсы күресті түсінбейді (№ 8, 4-бет: 1861 ж. реформалар капитализмге кең өріс ашып берді!!).
2. Шаруалардың «теңгермешілік принципі» etc. — *демократиялық* талаптарға қызығушылық қана. Социалистік ештеме жоқ. Демагогияға салынбай, шындықты айту керек.

NB

«Вестник Русской Революциидің» «Искраға» қарсы әзірліксіздігі. «Кезекті мәселе» (Герц). «Революционная Россия» № 4, февраль, 2-бет (inf.*): мужик туралы айтыс [1] және де *№ 8 (июнь): «Шаруалар одағының»* үндеуі etc. Иә, сіздердің әзірліктеріңіз с.-д.-дан гөрі шамалы!

[1] Қазіргі заманғы деревня үкіметке қысым жасауды қолдап, күшейте алады «және бұл қысымды, үкімет қолданған шпиондық пен езгінің салдарынан міне бірнеше жыл бойы көп реттерде мужиктен мүлде қол үзіп қалған біздердің ойлағанымыздан гөрі, бәлкім, жігерлірек жасай алады». «Революционная Россия» № 4 (февраль, 1902), 2-бет.

3. «Жерді социализациялау». Буржуазиялық национализация? (ал оның таптық мемлекеттегі мәні?) «Жерді социализациялау» — бос *уәде* (minimum!).

   Мұның өзі = халық ерікшілдігінше *«халық революция үшін әзір» de facto.*
4. *Кооперациялар* (тап күресінің орнына!) таза (буржуазиялық-) *мещандық* талап.
5. Қауымды жақтау. Еркін билеуге қарсы.
6. «Народное Дело» [155] № 2, 18—19-беттер. Шаруа-

* — in fine — аяғында. *Ред.*

лар күресі мен жұмысшы күресін қалай ұштастыру керек?

«Народное Дело» № 2, 51-бет: «жай халықтық».

Қолайсыз.

«Народное Дело» № 2, 63-бет: «кез келген жерде не болса сонымен ақымақ ете беріңдер»!!

Ақымақ етудің мысалдары: «Революционная Россия» № 11, 6-бет: қанмен тамақтану және ішу, қалақай ұрығы және сондайлар, т. с.

Ғ) *Террор.*

1. Балмашев жөніндегі айтыс. Төтенше нәрсе.
   Ал немістерді сынау төтенше нәрсе емес?
   (Сіз наразылық туғызасыз, ал содан соң оны мәлімдеуді керек етесіз!!)
2. *3 апрельдегі прокламация жөніндегі айтыс. Цитат (№ 11, 25-бет inf.)* [156] және *жалған* қорытынды.
3. *«Вперед» № 5.* Цитат, № 5, 7—8-беттер
   | жол жөнекей 9-бет | [157]
4. Террор. 7-номерден цитат (idem *, сол 3 апрельдегі прокламациядағы сияқты: бізге маңыздысы сөз емес). № 7, 4-бет: «Террор адамдарды *саяси тұрғыдан ойлауға* мәжбүр етеді».
   — «дұрысырақ айтқанда, насихат жүргізген айлардан гөрі»
   — «сасқалақтағандарға күш береді» [158].

Террор логикасы: 1-қатарда сол, одан кейін қалғандарының бәрі. Дәлел: 1902 ж. *февральда*-ақ «Революционная Россия» (№ 4) жауынгерлік ұйымды 1-қатарға қойған жоқ-ты.

Сыртқы бетін қараңыз (α) **.

* — бұл да. *Ред.*

** (α) арқылы белгіленген текст қолжазбада беттің сыртқы жағына орналастырылған. *Ред.*

5. «Орнына емес, бірге». Іс жүзінде бұқарамен байланыс *жоқ*.	*Террор қауіпті емес, өйткені бұқаралық қозғалыс бар.* «Көңіл күйі». Соған берілуге ме?
Сеңбеушілік, ұстамсыздық. *4 жыл* (1897—1901), ал қазір демократиялық кезең енді ғана басталып келеді.	*Сыртқы бетін қараңыз* (β) *.
Шұғыл, тікелей міндеттерден көңілді басқа жаққа аудару. *Басшылар бұқарадан кейін қалған.*	*№ 12,* 3-бет, 1-бағана («сатылар теориясы»). Сонда: түрмеге түсуге асығуға болмайды [159].

(α) «Революциялық техниканың барлық мәселелері, әскерлерге қарсы көше ұрыстарының тәсілдері, *анағұрлым жексұрын патша малайларының көзін жою* (курсив менікі) және т. с., ең толғағы жеткен, ең бір кезегі жеткен және шұғыл мәселеден: орталық революциялық ұйым құру мәселесінен *кейінгі қатарға ығысуда»* («Революционная Россия», 1902, № 4, февраль, 3-бет). } ал қазір ше?

(β) «...Кітапшылдар сия арқылы күрес жүргізіп жатқан кезде...» (терророға эксцитативтік қана маңыз беруге бола ма немесе үрейлендіруші де маңыз беруге бола ма)

«...*өмір* террористік құралдардың *соншалықты қажеттілігін бірінші кезекке қойды; оның алдын-*

* (β) арқылы белгіленген текст қолжазбада беттің сыртқы жағына орналастырылған. *Ред.*

да бұрынғы қарсылықтардың бәрінің үні өшуге тиіс болды. Террористік әрекеттер өзін өзі қорғау үшін қажеттілікке айналды...» «Революционная Россия» № 7, 2-бет (июнь, 1902).

(G) *Қорытынды.*

Осы заманғы революционерлердің міндеттері:

α) Революциялық марксизмді теория жағынан қорғау және дамыту.

β) Халықаралық идеялық күреске барынша қатысу.

γ) Орыс марксизмін дамыту, оны қолдану, либералдық-халықшылдық бағытқа қарсы күрес, оның буржуазияшылдығы мен ұсақ буржуазияшылдығын жұмысшы табына әшкерелеп беру.

δ) Пролетариатты ұйымдастыру. Кемшіліктер ұшан-теңіз. Батыл талаптар.

ε) «Адамдар көп және адамдар жоқ». Басшылар бұқараны *көтеріліске* әзірлеуге тиіс.

1903 ж. көктемде жазылған

Бірінші рет 1939 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЭСЕРЛЕРГЕ ҚАРСЫ МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ [160]

Социалист-революционерлер туралы
(программасы жоқ партия).

Теориялық принципсіздік: халықшылдық соқыр сенімдер + батыс европалық оппортунистік буржуазиялық «сын». Credo *-ның жоқтығы, сана-сезімнің күңгірттенуі. Жасырынбақ ойнау...

Ұсақ буржуазиялық идеология: пролетариаттың таптық санасын аздырады, оны буржуазиялық демократия жөнінде дербес позиция ұстауға жарамсыз етеді (өйткені социалист-революционерлер әлеуметтік және буржуазиялық демократияны қосып жіберуге және шатастыруға тырысады; олар, асылында, осы соцғысының бір тармағы).

Теориядағы және тактикадағы сылдыр сөз: революциялық жұмысқа жеңіл-желпі қараушылық, асырып айту, көпсіту, «беллетристика»... («халықтық» әдебиетте түкке тұрғысыз нәрселермен коректендіру),

(«айтысқа» қарсы күрес, принциптердің жоқтығы).

Тактикалық өте өрескел қате: террор, соны уағыздау, бұқаралық қозғалыспен байланысты әлсірету.

α) принципсіздік

β) ұсақ буржуазиялық идеология

γ) сылдыр сөз бен бос қауесет

δ) террор

ε) құр елес туғызу

* — программаның, дүние танымды баяндаудың. *Ред.*

?

+ програманың халықшылдар жайындағы бөлімінің реакцияшылдығы

+ идеялық, саяси, практикалық зиян

ΣΣ *: Европаның барлық буржуазиялық революцияларынан жұмысшы табы түңіліп шықты, өйткені бұл революцияларға буржуазиялық-демократиялық елестермен кірді. Социалист-революционерлер осы оқиғаны күш сала «қайталауда»; біздің борышымыз: бұған қарсы батыл күресу, сойтіп алдағы революциядан орыс пролетариаты түңіліп шықпай, өз күшіне жаңадан сенімін арттырып, алдында тұрған анағұрлым зор күрес үшін серпіле сергектеніп, берік таза пролетарлық ұйымның ұйтқысын құратын ету.

1903 ж. июльдің бірінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1939 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Summa summarum — жалпы жиынтығы. *Ред.*

РСДРП II СЪЕЗІНЕ АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

1

«ИСКРА» ҰЙЫМЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ РСДРП II СЪЕЗІНДЕГІ БАЯНДАМАҒА ЗАМЕТКАЛАР [161]

Credo-ға қарсы наразылық — [162]
әдеби топтың құрылуы — [163]
партия съезіне қатысуға әрекеттену — [164]
әдеби топ мүшелерінің Россияны аралауы — Петербургтегі, Псковтағы, Москвадағы, Нижнийдегі, Қазандағы, Самарадағы, Полтавадағы, Харьковтегі, Уфадағы, Қырымдағы, Киевтегі кездесулер.

«Искра» + «Заря» жөнінде Россиядан жұмыс жүргізу.

1) февраль 1900 — декабрь 1900 [165].
2) декабрь 1900 — февраль 1902.

((Акимнің, Любаның, Крохмальдің, Дементьевтің, Грачтың, Коняганың, Яковтың сәтсіздікке ұшырауы))

((январь 1902 ж. («Искра» ұйымы негізінің салынуы).

Кавказ,— «лошади» [166].

| Питердегі «агент» дерліктер: Александра Михайловна мен Варенька, Степан |

3) февраль 1902 ж.—

агенттер *комитеттер* *транспорт*

декабрь 1900 Грач латыштар
Москва поляктар
Полтава (Люба) *чемодандар*[167]
Киев (Крохмаль)
Харьков (Цюрупа)
Воронеж (және *Борис Николаевич*)
(искряктар тобы және опың...*)

1903 ж. майда — кеш дегенде 17(30) июльде жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Сөйлемнің соңғы сөздері жазылған қолжазба бетінің төменгі шеті жыртылып қалған. *Ред.*

2

РСДРП КЕЗЕКТІ II СЪЕЗІНІҢ ПРОГРАММАСЫ [168]

А. Съездің регламенті және оны белгілеу.

Б. Съезде талқыланып, шешілуге тиісті мәселелердің тізімі мен *тәртібі.*

А. *Съездің регламенті.*

1. Ұйымдастыру комитеті өкілдік берген жолдас съезді ашады.

2. Съезд 1 председатель, председательдің 2 көмекшісін (және орынбасарларын) және 9 секретарь сайлайды. Бұл 9 * адам бюроны құрап, бір стол басында мәжіліс өткізеді.

Ұйымдастыру комитетінің баяндамасы

3. Делегаттардың өкілдігін тексеру үшін және съездің құрамына қатысты барлық өтініштерді, шағымдар мен наразылықтарды қарау үшін комиссия сайлау.

{ Жақшаның ішінде *қажетті* толықтырулар, түсіндірулер, кеңестер және *жеке* мәні бар басқадай ескертулер жазылсын.

(Бұл комиссия Ұйымдастыру комитетінің *пәлендей бір* адамдарды кеңесші дауыспен съезге өзінің шақыратыны туралы мәлімдемесін де қабылдайды.) **

* Қолжазбада, сірә, байқаусыздан қате кеткен болуы керек: бюро мүшелерінің Ленин белгілеген жалпы саны 12. *Ред.*

** Жақша ішіндегі текстті Ленин сызып тастаған. *Ред.*

В. И. Лениннің
«РСДРП кезекті
II съезінің
программасы»
деген қолжазбасының
бірінші беті.— 1903 ж.

Программа II очередного съѣзда Росс. С.Д.Р.П.

А. Регламентъ съѣзда и конституированіе его.
Б. Списокъ и порядокъ вопросовъ, подлежащихъ обсужденію и рѣшенію на съѣздѣ.

А. Регламентъ съѣзда.

(Въ скобкахъ заключены дополненія, поясненія, совѣты и проч. замѣчанія частнаго характера.)

1. Товарищъ, уполномоченный на то Орг. К-том, открываетъ съѣздъ.

2. Съѣздъ выбираетъ 1 председателя, 2-х помощниковъ (и заместителей председателя) и 2-х (или 4-х) секретарей. Эти 5 (или 7) лицъ составляютъ бюро и заседаютъ за однимъ столомъ.

Докладъ ОК

3. Выборъ комиссіи для провѣрки делегатскихъ полномочій и разбора всѣхъ заявленій и протестовъ, относящихся къ составу съѣзда.

(Эта комиссія принимаетъ и заявленіе О.К. о приглашеніи имъ на съѣздъ съ совѣщательнымъ голосомъ такихъ-то лицъ.)

4. Рѣшеніе вопроса о допущеніи польскихъ с.-д.

5. Порядокъ заседаній съѣзда: два раза въ день съ 9 ч. у. до 12? 1 часа и съ 3 ч. до 7 ч. в. (приблизительно).

6. Ограниченіе рѣчей делегатовъ: докладчики не болѣе ½ часа на рѣчь, остальные не болѣе 10 минутъ. По каждому вопросу никто не имѣетъ права говорить болѣе 2-хъ разъ. По вопросамъ о порядкѣ заседанія говорятъ не болѣе 2-х ораторовъ за и двухъ противъ всякаго предложенія.

ad 3

4. Поляк социал-демократтарын съезге қатыстыру туралы мәселені шешу.

ad 3 *

5. Съезд мәжілістерінің тәртібі: күніне екі рет: таңертеңгі сағат 9-дан сағат 1-ге дейін және сағат 3-тен кешкі сағат 7-ге дейін (шамамен).

6. Делегаттардың сөздерін шектеу: баяндамашылар $^1/_2$ сағаттан артық сөйлемеуі, қалғандары 10 минуттан артық сөйлемеуі керек. Әрбір мәселе бойынша 2 реттен артық сөйлеуге ешкімнің правосы жоқ. Мәжілістің тәртібі туралы мәселе бойынша жақтап 2 шешеннен артық сөйлемейді және қандай ұсынысқа болсын қарсы екі шешеннен артық сөйлемейді.

7. Съездің протоколдарын председательдің немесе оның көмекшілерінің біреуінің қатысуымен секретарьлар жазады. Съездің әрбір мәжілісі өткен мәжілістің протоколын бекітуден басталады. *Әрбір шешен жиналыс біткеннен кейін 2 сағаттан кешіктір-*

* Б бөліміндегі («Мәселелердің тізімі мен тәртібі») 11-пункт сияқты 4-пунктті де Ленин қосымша кіргізген. Осыдан келіп, сондай-ақ пункттердің орналасу тәртібінің өзгеруіне байланысты, олардың номерленуін Ленин өзгерткен. Бұл жерде пункттер номерленуінің соңғы нұсқасы беріліп отыр.

Кейін Ленин 4-пунктті сызып тастап, одан кейін: «ad 3» (3-пунктке) деп жазған. *Ред.*

мей съездің бюросына өзінің әрбір сөзінің конспектісін тапсыруға міндетті.

8. Қызмет адамдарын сайлаудан басқа мәселелердің бәрі бойынша дауыс беру ашық болуға тиіс. 10 дауыстың талап етуі бойынша, атап дауысқа қою жолымен жүргізіліп, барлық берілген дауыстар протоколға жазылып отыруы тиіс.

(Атап дауысқа қою жолымен дауыс беруді тездету және қателерге ұрынбау үшін съездің бюросы шешуші дауыс правосы бар съезд мүшелерінің бәріне әрбір мәселе бойынша дауыс беру үшін билеттер таратып бергені жөн. Әрбір билетте делегат өз есімін (қараңыз: § 8 *) және өз вотумын (иә, жоқ, қалыс қаламын), сондай-ақ, өз вотумының қай мәселеге қатысты екенін көрсетеді. Мәселелерді ықшам түрде, немесе тіпті цифрмен, әріппен, т. с. көрсетуге болады. Съездің бюросы бұл билеттерді әрбір мәселе бойынша съезд біткенше бөлек-бөлек сақтайды.) **

9. Съезге әрбір қатысушының есімін жасырын белгілеу (немесе есімін атамай: пәлендей партия ұйымынан бірінші және екінші делегат, т. с.) **.

10. Съезд Росс. СДРП-ның кезекті II съезі ретінде біржолата белгіленді, *демек,* бұл съездің шешімдері кезекті I съездің жә-

(Бунд туралы мәселені осы пунктке орай қозғау *жөн емес:* оны съезд мәселелерінің тізіміне бірін-

* § 9 айтылып отыр (алғашқы номерлеу бойынша § 8). *Ред.*

** Жақша ішіндегі текстi Ленин сызып тастаған. *Ред.*

не жеке съездердің өзіне қайшы келетін бұрынғы шешімдерінің бәрін бұзады,— *демек,* бұл съездің шешімдері бүкіл Росс. СДР Партиясы үшін *сөзсіз* міндетті, деп председательдің мәлімдеме жасауы.

11. Мәселелердің тізімі мен тәртібін талқылау.

шi орынға *тура* енгізген жақсы.)

Б. Мәселелердің тізімі мен тәртібі.

1. *Бундтың Росс. СДРП-дағы орны.* (Росс. СДРП партия ұйымының Бунд ұсынған федерациялық принципін қабылдай ма?) *

(Бұл мәселе жөнінде *қарардың жобасы* алдын ала жасалып, оның қабылдануына тырысу *қажет.*)

NB: Бұл мәселені бірінші орынға ұсынудың себептері: формальды (Бундтың мәлімдемелері, съездің *құрамы,* көпшілікке бағыну) және моральдық (түбегейлі мәселе жөнінде жікке бөліну мен алауыздықты толық жою) жағынан.

2. Росс. СДРП *программасының текстін бекіту.*

Бірінші оқылуы: қолда бар жобалардың біреуін *тұтас* алып, егжей-тегжейлі талқылаудың *негізіне* алу.

Екінші оқылуы: про-

(α. Программа жобаларының нешеуін съездің қарауына жатады деп есептеу керек? («Искранікін», «Күрестікін», «Жизньдікін»?)

β. Жобалардың бәрін қарау керек пе әлде біреуін негізге алу керек пе? Не-

* Жақша ішіндегі тексті Ленин сызып тастаған. *Ред.*

грамманың әрбір пункті мен әрбір параграфын қабылдау.

3. *Партияның орталық органын (газетін) құру немесе соны бекіту.*

α) Съезд жаңа орган құрғысы келе ме?

β) Құрғысы келмейтін болса, съезд қазіргі бар органдардың қайсысын партияның орталық органына *айналдырғысы* келеді?

4. *Комитеттердің* (соның ішінде Ұйымдастыру комитетінің өз мүшелерінің біреуі арқылы баяндамасы) *және партияның басқа ұйымдары мен оның жеке мүшелерінің баяндамалары* **.

5. *Партияны ұйымдастыру.* Росс. СДРП-ның жалпы ұйымдық уставын бекіту.

немесе басқаша: ұсынылған жобалардың бірін *бірінші оқылуында* қабылдау керек пе.)

(Бұл мәселені жеке қоюдың қажеттігі: *социал-демократиядағы бағыттар күресін аяқтау.*) *

α) Неше баяндама бар?

β) *Баяндамалардың бәрін оқу керек пе* әлде комиссияға өткізу керек пе?

γ) әрбір баяндаманы жеке талқылау керек пе немесе бәрін бірге талқылау керек пе?

(жеке талқылаған жақсы)

δ) Баяндамаларды оқу тәртібі.

Бірінші оқылуы: тұтас алғанда жобалардың бірін таңдап алу.

Екінші оқылуы: жобалардың бірін пункт-пункт бойынша талқылау ***.

---

* Жақша ішіндегі тексті Ленин сызып тастаған. *Ред.*

** 4-пункт сызылып тасталған. Жоғарғы жағына белгісіз бір қолмен «Делегат баяндамалары» деп жазылған. *Ред.*

*** Тексттегі «Росс. СДРП-ның» деген сөзден бастап «талқылау» деген сөзге дейін Ленин сызып тастаған. *Ред.*

6. *Аудандық және ұлттық ұйымдар.*

(Бұл ұйымдардың әрқайсысын жеке-жеке пәлендей бір құрамда және партияның жалпы уставынан пәлендей бір (мүмкін) ерекшеліктермен мойындау немесе мойындамау.) *

7. *Партияның жеке топтары.*

«Күрес» «Өмір» «Ерік» *«Еңбекті азат ету» тобы* «Искраның» орыс ұйымы «Южный рабочий» және т. т.**	Әрбір жеке топ пен жеке ұйым туралы қарарлардың жобалары *қажет*.***

Барлық партия комитеттерінің, ұйымдарының, топтарының және басқаларының тізімін біржолата бекіту (немесе алдын ала бекіту, яғни Орталық Комитетке әлі де болса керекті анықтамалар жинап, түпкілікті шешім алуға пұрсат беру ****).

8. *Ұлт мәселесі.*

Жалпы ұлт мәселесі туралы қарар қажет («өзін өзі билеуді» түсіндіру және өз түсіндірмемізден шығатын *тактикалық* қорытындылар).

---

* Жақша ішіндегі текстi Ленин сызып тастаған. *Ред*

** Текстідегі «Күрес» деген сөзден бастап «және т. т.» деген сөздерге дейін Ленин сызып тастаған. *Ред.*

*** Абзацты Ленин сызып тастаған. *Ред.*

**** Тексте «яғни» деген сөзден бастап «пұрсат беру» деген сөздерге дейін Ленин сызып тастаған. *Ред.*

	(Мүмкін, поляк социалистері партиясына қарсы тағы ерекше қарар керек болар?)	
9. *Экономикалық күрес және кәсіподақ қозғалысы.*	(Партияның әрі көкейтесті міндеттері туралы әрі принципті қарар *қажет)*	
10. *1 Майды мейрамдау.*	*Бұл жөнінде де.*	
11. *1904 ж. Амстердамда болатын Халықаралық социалистік конгресс.*	*Бұл жөнінде де.*	
12. *Демонстрациялар және көтеріліс.*	*Бұл жөнінде де.*	
13. *Террор.*	*Бұл жөнінде де.*	
21. *Росс. СДРП-ның «социалист-революционерлерге» көзқарасы.* [және рев.-соц.-ге?? etc.?]	*Бұл жөнінде де.*	Бұл екі мәселе 7-номерден кейін келтірілсін **.
22. *Росс. СДРП-ның орыс либералдық ағымдарына көзқарасы* *.	*Бұл жөнінде де.*	

14. *Партия жұмысының ішкі мәселелері: насихатты жолға қою.*				*Қарарлар* болғаны жөн
15. *үгітті*	»	»		
16. **партиялық** *әдебиетті*	»	»	»	
17. *шаруалар арасындағы жұмысты*	»	»		
18. *әскер арасындағы*	»	»	»	
19. **оқушылар** *арасындағы*	»	»	»	
20. **сектанттар** *арасындағы*	»	»	»	

24. *Партияның Орталық Комитетін және Орталық Органының редакциясын сайлау.*	Съезд *3* адамды Орталық Органның редакциясына және *3* адамды Орталық Комитетке сайлайды. Бұл алты адам *бірле-*

* Бұл пункттің жанына белгісіз қолмен былай деп жазылған: «23. Россиядағы қазіргі бар басқа да революциялық және оппозициялық партиялар мен ағымдарға РСДРП-ның көзқарасы». Пункттің номері алдына Лениннің қолымен «23» деп жазылған. *Ред.*

** Тексті Ленин сызып тастаған. *Ред.*

с і п, $^2/_3$ көпшілікпен, бұл қажет болған күнде, Орталық Орган редакциясы мен Орталық Комитет құрамын кооптация арқылы толықтырып, съезге тиісті баяндама жасайды. Съезд бұл баяндаманы бекіткеннен кейін, бұдан былайғы кооптациялауды Орталық Органның редакциясы мен Орталық Комитет жеке-жеке жүргізеді.

24. *Партия Советін сайлау.*

25. *Съезд шешімдері мен протоколдарын жариялау тәртібі, сондай-ақ сайланған қызмет адамдары мен мекемелердің өз міндеттерін орындауға кірісу тәртібі.*

1903 ж июньнің екінші жартысында — июльдің бірінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

3

РСДРП II СЪЕЗІНІҢ ҚҰРАМЫ [169]

	Дауыстар саны	Келгені:	+ ? —	пп. + ?
1. С.-Петербург	2	(1) [2]	1+0+1	1
Москва	2	2	1+1+0	1
Солтүстік одақ	2	2	2+0+0	1+1
Тверь	[?0 *] [170]			
Нижний	[2] [171]	? (дөңгелек ішінде)	0+2+0	0+1
5. Уфа	2	2	1+1+0	1+1
Киев	2	2	2+0+0	2
Харьков	2	(1) [2]	0+2+0	
Екатеринослав	2	(1) [2]	2+0+0	2
Одесса	2	2	1+1+0	1+1
10. Тула	2	2	2+0+0	2
Кавказ	[2] 6	[2] 3	[0]6+2+0 [172]	0+1
Тау-кен завод одағы	2	(1) [2]	0+2+0	
Сибирь	2	2	2+0+0	2
Дондағы Ростов	2	2	2+0+0	0+1

* Ленин сызып тастаған цифрлар шаршы жақшаларда петитпен берілген. *Ред.*

Жалғасы

	Дауыстар саны	Келгені:	+ ? —	пп. + ?
15. Николаев	2	(1) [2]	0+2+0	
Саратов	2	(1) [2]	2+0+0	0+1
	[32] 36[173]			
Қырым одағы	2			
«Искраның» орыс ұйымы	2	(?)[174]	2+0+0	2
«Южный рабочий»	2	(1) [2]	(2)[175]+0+0	
Лига	2	2	2+0+0	2
«Еңбекті азат ету» тобы	2	2	2+0+0	
Орыс социал-демократтарының одағы	2	2	0+0+2	
	10			
Бунд	5	5	0+0+5	
	5			
Σa Σa*	47[176]	36[177]	26+13+8	17
айрықша шақырылғандар	3—4		26+21 = 47	+7 (?) =24

1903 ж. 17(30) июльден ертерек жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Summa summarum — жалпы жиынтығы. *Ред.*

4

РСДРП II СЪЕЗІ МӘЖІЛІСТЕРІНІҢ КҮНДЕЛІГІ

2 с. 55 м. Росс. СДРП Ұйымдастыру комитетінің тапсыруы бойынша Плехановтың съезді ашуы (бұрынғы «Еңбекті азат ету» тобының атынан)

3 с. бюроны сайлау. Көпшілік ашық сайлауды жақтады.

Тізімдер:

1. Плеханов Ленин 34 дауыс Игнат 18 дауыс	2. Плеханов Ленин Мартов	3. Плеханов Ленин Мартын 12 дауыс
4. Плеханов Абрамов Мартын	5. Плеханов Ленин Николай Петрович [178]	6. Плеханов +Ұйымдастыру Комитетінің 2 мүшесі

Председатель — par acclamation *
2 председатель — записка бойынша (Ленин + Игнат)

3 с. 40 — — 4 сағат.
Съезді шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің баяндамасы.
4 с. СПБ «Күрес одағы»...

* — жалпы жұрттың мақұлдауымен, дауысқа қоймай. *Ред.*

1. *Акимов* {Ұйымдастыру комитетіне шетелдіктерді де шақыру керек еді, «өкінерлік ағаттық».

Орыс социал-демократтарының одағы Ұйымдастыру комитеті туралы хабарды алмаған.

Воронеж комитеті мынаған көмектесуді өтінген еді: ұйымдардың тізімін алмаған. Осыдан келіп Воронеж комитеті қатыспай отыр [179]. Мен Воронеж комитеті жағындамын.

4 с. 05.

2. Акимовтың қарындасы (Петербургтің Күрес одағынан).

Ұйымдастыру комитетінде СПБ комитетінен делегат болған жоқ. (Біз нағыз комитетпіз, ал бізден делегат болған жоқ.)

Мен бұрын Воронеж комитетінің мүшесі болдым. «Жарасымсыз» айтыс дегенге қарсы батыл наразылық білдіремін.

Комитеттегі оппозиция «жеке бастың ісі емес» — қарсылық білдіремін...

Комиссия сайланды [180] ((4 с. 40 м.))

баяндамашыға $^1/_2$ (3 рет 10 минуттан)

24 дауыспен Лениннің ұсынысы қабылданды (Мартовты жақтаған 15 дауыс) [181].

7 с. (бес минутсыз). Липин ұсынған тәртіп [182]:

1. Баяндамалар.
2. Программа.
3. Жалпы ұйымдық мәселелер (*соның ішінде* Бундтың партиядағы жағдайы).

31 июль. 2-мәжіліс.

9 с. 30 м. ашылды.

Ленин — Бундқа жауап *.

Акимов — Бунд жағында.

---

* Қараңыз: осы том, 288-бет. *Ред.*

Липов — Ленин мәселені теріс баяндады:
2 бағыт емес («күн ілгері шешкендік»)
[Ленинде мәселені күн ілгері шешкендік бар]

Троцкий	біздің тәртіпке қарсы (1-орынға
Мартов	Бунд)
Левицкий	Левицкий
Мицов	Николаевец (Мицов)
Плеханов	Московский
Мицов	(қалыс қалғаны 3)

10 с. 30 м.
11 с. Кольцовтың баяндамасы (11. 30 аяқталды).
Бакудің атынан мәлімдеме (олардың «Күресті» ешқашан жақтамағаны жөніндегі наразылығы) [183].
Юрийдің тілегі бойынша үзіліс...
12 с.— Мартынов «Күреске» съезге қатысуға рұқсат беруді жақтап сөйлейді.
Плеханов
Акимов
3 с. 30 м. 3 с. 50 м. дейін. 1-мәжілістің протоколы.
4 с. 5 м.— Мартынның мәлімдемесі: «Ұйымдастыру комитеті съезге Рязановты кеңесші дауыс правосымен шақыруды ұсынады»...
4 с. 10 м.— Игнат. (Күшін жоюға праволары бар ма?)
4 с. 22 м. — Плеханов.
Юрьев және басқалар.
4 с. 40 м. — Мартов.

Мартов пен Кольцовтың қарарлары қабылданды}

Поляк мәселесі. Бундшылдар қызу қарсы: Липов (bis) және Бергман.

7 с. *Воронеждің сұрауы.*

1 август.

Үшінші күн

Төртінші мәжіліс

9 с. 30 ашылуы.
9 с. 55. Липовтың баяндамасы [184]

NB || «Біз шынында өзгеріс енгізбейміз, қайта бұрын болмаған уставты ғана жасаймыз»
— устав **алғаш рет**

Автономия ұғымы әлі еш нәрсені білдірмейді: «дербестілік» — не нәрседе?

(1) автономия *кім жөнінде? не нәрседе?*
(2) » субъект —
(3) — объект —

| Ad 2* | аудан? —
тіл? —

Жоқ: «еврей **ұлты**».

|| *Еврей ұлтының ішіндегі қоғамдық күштердің өзара қарым-қатынасы* — орыс, поляк ұлты және басқалар арасындағыдан басқаша (дворяндар, жер иеленушілер жоқ).

|| тіл үшін — автономияның керегі жоқ.
Тула комитетінің автономиясы туралы айтпайды: өйткені олар тек *техникалық жағынан* ғана автономиялы.

||| Еврей пролетариатының өкілі
сол және тек қана сол

Не нәрседе автономия? *Не нәрседе* екенін шектеуге, тізіп шығуға бола ма?
Біз — орталықшылдармыз.
Автономия — орталықтандырылмаған.
«Устав» [185].

§§ § 1. Кел **.
2. Ауданмен *шектелмеген* — (еврей пролетариатының *бірден-бір өкілі*)
3. Бунд *өз өкілдерін* Орталық Комитетке, Шетелдік комитетке және съезге сайлайды.

---

* — 2 пунктке. *Ред.*
** «Кел.» деген қысқартылған сөз «Келесі пункттер» дегенді білдіреді. *Ред.*

(Аудандық ұйымдар
жеке бөліктерімен танылмайды)

4. Компетенция: программа — нақ сол
|| *өзі үшін* қайшы келмейтінмен
|| *толықтырады*[186].
5. Өз съездері, өз Орталық Комитеті
6. Жалпы съездерге дейін өз қарарлары
7. Өз істеріндегі еркіндік
8. Евр.* *және басқа тілдерде* ешқандай кедергісіз бастырып шығару.
(Бунд Орталық Комитетінің келісімінсіз еврейлерге үн қатуға болмайды)
9. (а) Революциялық ұйымдармен уақытша келісімдерді *(егер арнайы «тыйым салу» болмаса)* — партияның Орталық Комитетінің *назарына* жеткізеді.
((Тек практикалық істер үшін ғана.
(б) *Партияның* Орталық Комитетінің ерекше рұқсатымен *тұрақты* келісімдер де
10. Партия съезінің, осы конституция негізінде қабылданған шешімдерді қоспағанда, Бунд съездерінің барлық шешімдерін қабылдамай тастауға правосы бар
11. Партияның Орталық Комитеті Бунд бөліктерімен Бунд Орталық Комитетінің келісімімен ғана қатынас жасайды
12. Атап көрсетілген пункттердің бәрі — негізгілері. Партия бөліктерінің өзара келісімімен ғана өзгертіледі
(жергілікті және аудандық ұйымдар бөліктер болып есептелмейді).

{жиі қайталайды: **шарт**}

||| (егер съездер жай көпшілік дауыспен ғана жоя алатын болса, онда бұл уставты әрбір ретте жоя береді ғой).

* «Евр.» деген қысқартылған жазу «еврей әдебиетін» дегенді білдіреді. *Ред.*

11 с. 15 м. Мартов.

5-мәжіліс.

Сенбі 1 август. 3 с. 10 м.

2-мәжілістің протоколы.

6-мәжіліс.

9 с. 35 м. Исари
Рашид-Бек
Бергман

7-мәжіліс.

9 с. 40 м.
12 с. Мартов (үзілістен кейін).

8-мәжіліс.

3 с. 20 м.
4 с. 20 м. бундшылдардың өтініші бойынша, солар үшін жасалған үзілістен кейін.
4 с. 45 күн тәртібінің бірінші пункті аяқталды.

Программа

5 с.— Мартынов программа туралы сөйлейді.

Лениннің пікірі бойынша, жұмысшы табының идеологияны жасауға *қатысуы туралы* сөз болуы да мүмкін емес; пролетариат буржуазиялық идеологияға стихиялы түрде ұмтылады («Не істеу керектен?» цитат келтіреді).

Стихиялық қозғалыс пен интеллигенция арасындағы антагонизм: бұл тұжырымның Маркс пен Энгельстің сөздерімен антагонизмі.

Жұмысшы табы стихиялы түрде буржуазиялық идеологияға ұмтылмайды, *қайта ғылыми социализмге* ұмтылады.

{ Пролетариат демократиядан бөлініп шықты және оның барлық идеяларын etc. пролетарлық рухта қайта өзгертті.

. . . .
. . . .
. . . .

5 с. 52 м. Мартынов әлі сөйлеп тұр.

Лениннің әсіреленген тұжырымы басқа қателіктерге жол ашады.

|| «Экономикалық күреске ынта қоюшылық әлсіреп барады» (сөзбе-сөз мағынасында — қазіргі ахуал туралы).

|| Қозғалыс радикализмнен және пролетариаттың тап күресінен қол үзгендіктен зардап шегуде.

((— келесі кезеңнің кемшіліктеріне қарсы күрес құралдары жоқ. }

Мартов. **6.-12.**

Николай Николаевич.

9-мәжіліс.

9 с. 40 м. *4*-мәжілістің протоколдары бекітіледі.

10 с. 10 м.

Николай Николаевич.

+ *осы заманғы* буржуазиялық қоғамның (жоғарыдан 9-жол) [187].

+ капиталистік өндіріс қатынастарының *үстемдігі* негізінде (жоғарыдан 12-жол)

4-абзац: + техниканы жетілдірудің **сөзсіз** өсе беруі

|| + және *сонымен бір мезгілде қоғамдық капиталдың нақ сондай сөзсіз өсуі,* бұл әрбір ретте оның жұмсалатын бұрынғы салаларын тарылта түседі

қанау дәрежесінің артуы сұранымның кемуінен *ғана емес.*

+ жұмыс күші өндірісінің арзандауына тәуелді тікелей осы тенденциядан басқа

10. 23 Мартынов Мартов пен Николай Николаевичке жауап берді.

...«Әр нәрсені бір шалып, қарманумен»...

Ленинде біріне-бірі қарама-қарсы тұрған тенденциялар туралы әңгіме жоқ: «буржуазиялық идеологияға қарай *келе жатыр*».

|жұмысшы қозғалысы|

келе жатқан жоқ, қайта *сүйенеді.*

Плеханов: 10 с. 40 м.

|| ...Ленин теорияның философиялық негіздері туралы айтқан жоқ, қайта «экономистерге» қарсы айтыс жүргізді (бацилла)...

(Исусты екінші рет дарға асу жайында)

{ (Лениннің) тіпті бұл сөзінде де ешқандай күнәкарлық жоқ [188].

Акимов.

Лениннің көзқарасы бүкіл *программадан*, оның кітабының да [189], программаның да әрбір жолынан өзекті арқау болып көрінеді.

Лениннің ой-пікірі Плехановтан «мейлінше айқын» алшақ...

Социализм ілімі Россияда *мүлде тәуелсіз түрде өсіп шықты*, ... пайда болды (Россиядағы социализм ілімі)

— — жұмысшыларда бітіспес қарама-қарсылық сана-сезім болған жоқ, *тіпті болуы да мүмкін емес еді.*

тек біздің ғана емес, Европадағы да айтыс,

Erfüllungstheorie *???

тек қатарласа жүрмей ғана отырған жоқ, қайта қарама-қарсы жаққа тартуда

——— *буржуазияның қанаты астына.*

және Ленин жолдастың тіпті жеке шығармасында ғана емес...

— — — — —

және бүкіл программада «пролетариаттың молекулярлық қозғалыстары» теріс көрсетілген.

Қайыршылану теориясы

||| егер қайыршыланса, онда күнбе-күнге күрес кемсітіледі.

---

* — толу теориясы. *Ред.*

< Программаны құрастырушылар бұл сұраққа бұлтара жауап берді.

Саналы қозғалыс *бір де рет* айтылмаған.

‖ *Пролетариат бір де рет бастауыш болып қойылмаған*

< ең жақсы дегенде:

пролетариаттың тенденциялары.

Партияның барынша *таптық* болғаны керек **пролетариат диктатурасы** (менің жолдастарым менімен келіспейді).

Біздің партиямыз қазірдің өзінде-ақ пролетариат партиясына емес, қайта барлық еңбекшілер мен езілушілер партиясына айналып барады.

Мартов.

Мартынов жұмысшы табының социалистік идеологияны жасауға көзқарасы жөнінде Акимовпен бірдей пікірде болып отыр.

12. 35 — 12. 45 Ленин және оның пункттері *.

12 с. 50 м. Плеханов...

10-мәжіліс.

Поляктар және басқалары.

Сәрсенбі 5. VIII.

11-мәжіліс.

9 с. 30 м. Бундтың баяндамасы.
Ол туралы сұрақтар және жарыс сөз.

Орталық Комитеттің Бундтың жергілікті комитеттеріне мүшелер енгізуіне (және шығаруына) правосы бар.	Бундта табыстың 40 процентін жергілікті комитеттер Орталық Комитетке береді.

* Қараңыз: осы том, 296—298-беттер. *Ред.*

Бунд комитеттерінен Бунд съездеріне делегаттар сайлау кезінде Орталық Комитеттің veto правосы бар.

Түстен кейінгі мәжіліс:

12-мәжіліс:

3 с. 30 м.	*Бакуліктің* баяндамасы.
4 с. 15 м.	*саратовтықтың* баяндамасы.
4. 45	саратовтықтың баяндамасының аяқталуы...
4 с. 47 м.	Тау-кен заводынікі (50 мыңға дейін листок).
5 с. 19 м.	«Южный рабочийдің» баяндамасы.
5 с. 50 м.	Үзіліс.
6 с. 10 м.	Мартовтың баяндамасы [190].

13-мәжіліс. Түстен кейін.

3 с. 10 м.	Дон комитетінің баяндамасы		
3 с. 42.	Екатеринослав	»	»
4 с.	Тула	»	»
4 с. 20	Тверь	»	»
4 с. 32	Москва	»	»

14-мәжіліс (Лондонда).

Мәжілістерді алдағы уақытта жүргізу тәртібі туралы айтыстар.

Поляк мәлімдемесін оқу

(кезекті істерге жай көшу).

Ұйымдық мәселе қойылды.

11. 00. Партияны ұйымдастыру уставы туралы менің баяндамам.

Мартын. Сөз орайында өзін Акимовпен шатастырмау керек деп түсінік береді.

Редакция Орталық Комитеттің істеріне араласып жүруге тиіс (керісінше емес) — Мартынның негізгі идеясы осындай.

(Орталық Орган редакциясына «варварлардың шапқыншылығынан» қорқуға болады-мыс: Орталық Комитет оны толықтырады.)

Мартын Советтің съезд алдындағы және орталықтардың Совет алдындағы жауапкершілігін көрсетуді ұсынады. Мартын нақ сол жоспарды ұсынады, бірақ тек Советтен ғана бастап, оны *іс жүзінде* бірден-бір және толық билігі бар Орталық Комитет ету керек дейді (бірақ Орталық Комитеттің кейбір аса маңызды функцияларын белгілеуге тырысқан өзінің ескі әрекетімен).

Юрьев Мартынның пікірінің өзіндік ерекшелігін ескерте келе, редакцияның Советте басым болуы жөнінде онымен келіспейді, оның бесінші мүшесі Орталық Орган редакциясынан да, Орталық Комитеттен *де болмауын* талап етеді.

Көпшілік орган редакциясына орын берілмеген. Оның (органның) орны және съезге қатысуы көзделетін болуы қажет.

Ұйымдарды таратудың арнаулы (маңызды) шарттарын белгілеу керек.

Липов мені бұл арада да тым *«асыра сілтеді»* дегеннен бастайды және ол мұны Бундтың тарихымен дәлелдегісі келеді. Бұл — жергілікті қайраткерлерге деген «ұйымдасқан сенбеушілік» etc. (олар ықпал ете де, құра да алмайды деп ұйғарылады). Бұл — *дербестенудің* көрінісі (3 орталық).

Әсіресе ол Орталық Орган редакциясының келісімінсіз Орталық Комитетке мүшелер кооптацияланбауына риза емес.

((Бізде Бундта 2 орталық жоқ: Шетелдік комитетті түгелдей Орталық комитет тағайындайды.))

Идеялық және практикалық басшылықта бөле-жара қарау зиянды. *Орталық Комитетте* қандай бедел бол-

мақ? (Олар ең болмағанда 1/3 Россиядан көмексіз істеді деп «Искра» қалайынша айта алар екен.)

Устав Орталық Комитет табиғи түрде өссін деп көздемейді.

Акимов жергілікті ұйымдар құрамының тәртібі туралы сұрақ қояды.

12 с. 10. *Мартов* Мартынға жауап береді.

Советті тағайындау жөнінде Ленинмен келіспейді, Юрьевпен келісуге *жуық:* басымдылықты күн ілгері анықтау жөн емес.

Советтің құрамы *формальды тең праволылықты* болғызбауы қажет: 2-ден және *бір ауыздан* бесіншіні.

Орталық Комитеттің *функцияларын* анықтау жөніндегі қосымшалар туралы мәселеде *Юрьев жағында.*

7-параграфтан *«және Орталық Органды»* дегенді сызып тастау керек.

Акимов — 2 түрлі себептен жобаны «мүлдем қанағаттанғысыз» деп есептейді:

1) жергілікті комитеттерді ұйымдастыру }
2) жергілікті комитеттердің компетенция } анықталмаған

5-еудің 3-еуі Орталық Орган редакциясынан болуы мүлде жарамайды.

Ха-ха!! | Орталық Комитетпен келісу үшін редакция «ұшқалақ» әрекет жасамайды.

Бүкіл *басшылық* Орталық Органның қолына барып түседі, тек әрбір ұйымға ғана емес, тіпті әрбір жеке мүшеге басшылық жасайды.

Акимов Юлий жағында: бесіншіні кооптациялау керек.

Троцкий.

Борис Николаевич.

Акимов. Мұның нәтижесінде партиядан кейбір ұйымдар және *әсіресе Бунд* дереу бөлінетін болады.

15-мәжіліс (түстен кейін).

Исари.

Дмитриев. 3. 27

Гринберг. 3. 29

| Орталықтандыру емес, «казарма» |

Липов. 3. 48

Юрьев | 4. 15 |

Программалық комиссияның баяндамашысы.

Программалық комиссияға [191]

Жұмысшы жалдаушыларға арнаулы салық салу жолымен жиналатын және жұмысшы ұйымдарының қарамағында болатын ерекше қордың есебінен қартайған, сондай-ақ бақытсыздық оқиғалардың немесе өндірістің зиянды жағдайлары салдарынан еңбекке жарамай қалған жұмысшыларды мемлекеттік қауіпсіздендіру.

| ...қартайғанда, сондай-ақ... салдарынан еңбекке толық немесе ішінара жарамай қалған ретте... |

16-мәжіліс:

«Тілдер» [192].

17-мәжіліс (түстен кейін).

7 және 8-мәжілістердің протоколдарын оқу.

13. VIII. 03.

18-мәжіліс.

Михаил Ивановичтің мәлімдемесі.

Программаның 9-параграфы.

Липовтың түзетуі (милиция) қабылданбай тасталды.

10-параграф.

11-параграф. Троцкийдің түзетуі.

19-мәжіліс.

Жұмысшы бөлімінің аяқталуы.

4. 15.

Аграрлық программа.

Мартынов.

de facto

«Тарихи әділетсіздікті *түзету»*

|| буржуазияның ісін *тәмамдау* ||

((Жұмыспен өтеу жүйесі мен кесінді жерлер арасында параллелизм жоқ.

NB ||| 1861 жылға оралмау қажет.

Сиротинин.

«Кесінді жерге деген үміт антипролетарлық атмосферада күштеп ұстайды...»

(идеологияны)

«Жер иеленушілердің қолындағы қызметтік жерлер (солардың қолында болуы) крепостниктік правоға немесе осы күнгі жағдайларға қаншалықты тәуелді болып отырғанын мен талдап жатпаймын»

Юрьев.

Баяндама жоқ.

Нендей бір жаңа нәрсе.

Non liquet *: бірнеше сұрақ:

1) оның маңызы?— *біздер* үшін?

шаруалар үшін.

(Бұл мәселені ешкім орағытып өте алмайды: шаруалар революцияға қатысатын *болуға тиіс.*

келісуіне болатын еді ғой — *Тарихи-философиялық* шешім бе бұл: революцияның ақыры *шаруаларға не бере алады*

Alias **: *практикалық үгіт*

қайта бөліс көкейге қонымдырақ

(рекорд жасай алмайсың)

---

* — Айқын емес. *Ред.*

** — Басқаша айтқанда. *Ред.*

«кесінді жерлер» — себеп пе?
(жердің аздығы).

Л и п о в. «Талаптың мардымсыздығы».

Крепостниктік правоның қалдықтарын жоюмен *шектелмеу керек.*

Липов бірқатар *т ү б е г е й л і р е ф о р м а л а р* болғанын тілейді.

{ түрліше жерлерді еске алуға тура келеді }
немесе: «басты бағытты белгілеу керек»
немесе: нақтылау керек.

Троцкий.

Ленин.*

Сиротинин. Мен оған жауап берген жоқпын.
Мұның өзі ең таңдаулы тәсіл емес (кесінді жерлер).

Бұған мен жауап берген жоқпын:

Егер тіпті кесінді жерлер себеп болса,— *онда оларды ж о ю жақсы әдіс пе?*

|| түпкілікті жоймайды: бәрі де тағы соған қайтып оралады.

М а р т ы н о в. Феодализмді бұрынғы болған күйінде емес, қазір қандай болып отырған күйінде алу керек?

«Параллелизм» бар ма осы? Принцип ондай болған жоқ:

шұрайлы жерлер > кесінді жерлерден
құнарсыз » < » »

Новороссияда *н е ғ ұ р л ы м к ө п...*

Принципті параллелизм жоқ.

Мардымсыз болатын себебі сол, біз *т а з а р е в о л ю ц и я л ы қ* принципті емес, «мардымсыз» принципті негізге аламыз

NB ||| (тарихи әділетсіздікті қалпына келтіру)

Ю р ь е в.

|| Сіздің дұрыс ұраныңыз практикалық-үгіт ұраны болудан мүлдем қалады.

* Қараңыз: осы том, 305—307-беттер. *Ред.*

Джордж. Жеке меншікке қол сұғылмайды дейміз бе? (егер бүкіл жерді тартып алатын болса).

Плеханов. «Людовик XVI және *18...*»

Липов.

Мицов.

‖«Ойластырылмаған демагогтық-авантюристік шара» — сатып алу төлемдерін қайтару.

NB ||| ∫ Барлық шаруаларды феодализмге қарсы күреске біріктіру = нашар саясат
∫ өтетін болғандықтан да шақырып отыр.

Мартов.

Лебедев — программаны оның социалистік бөліміне сүйеніп қорғайды.

Плеханов.

Джордж. Шаруалар былай дейді: бізге жер керек. Не

NB ||| істеу керек? Қолдау керек пе?— *кеш қалу!!* Мәселе теория туралы емес, ал *ұлы революция кезінде қалай болу керек?*

Дмитриев. Солтүстік-батыста кесінді жерлер жоқ, бірақ *қаптаған кіріптарлық бар.*

Сүйсінудің керегі жоқ: бұқаралық маңызға ие бола алмайды.

Юрьев. Мені редакциядан ажыратып отырған не? Шаруалар қозғалысына байланысты туған елігушіліктің *жоқтығы.*

Біз Батыс Европа жайында ұмытып кетеміз.

{{ Шаруалардың ахуалы оңды болған сайын Батыстағы шаруалар арасында социалистік қозғалыс соғұрлым әлсіздеу. Мұқтаждық пен кедейлік — нашар серік.

Өз шаруаларымыз арасында социалистік қозғалыс зор табысқа жетеді деп үміт арту — *бос қиял.*

Мицов.

NB { «Тартып алып, бөліп беру» = ұсақ буржуазиялық принцип.

< «Село пролетары бізді онша жақсы түсінбей қалады»

{ жерді бөлу реакциялық болып шығар еді.

20-мәжіліс.

Исари аграрлық программаны *жақтайды.*
Грузия үшін кіріптарлыққа қарсы ерекше талаптар.

Троцкий.

Ленин *.

Сиротинин. Егер Ленин жолдас менің тәсілімнің (капитализмге *аренда* арқылы, ұсақ аренда арқылы өту) *жарамсыз екенін* маған дәлелдеп берсе, онда мен *оның* тәсіліне, кесінді жерлерге (ұсақ меншік арқылы өту) қосыламын. (3-тәсіл: капиталистік аренда арқылы.)

21-мәжіліс.

Липов.

NB ||| (а) Езілушілік революцияшылдықтың кепілі емес (мен бұл екеуі бірдей нәрсе-мыс деп айтқандай) (не барлық жеке талаптар не біреуі де емес)

(б) социал-демократия қайда? байлар мен кедейлер кесінді жерлерді қалай бөледі?

Мартын. Кіріптарлық Германияда да бар (капитализм негізінде).

22-мәжіліс.

Уставтық комиссия.
«Мүшелік» туралы айтыс.

---

* Қараңыз: осы том, 308—309-беттер. *Ред.*

23-мәжіліс:

Партияға *«мүшелік»* туралы айтыстар.

24-(жексенбінің кешінде).

Дүйсенбі:

25-мәжіліс (таңертең).

26- —»—(кешке).

Кооптация туралы мәселе *6 с. 30 минутта.*

Сейсенбі

27-мәжіліс.

(Кооптация қабылданбады).

Бунд 27-мәжілісте кетіп қалды *.

19 август.

29-мәжіліс (таңертең, *сәрсенбі).*

17-мәжілістің протоколдары. }}
20-мәжілістің протоколдары. }}

30-мәжіліс.

Рубен.

31-мәжіліс { бейсенбі, 20 август }.

Таңертең — Орталық Орган мен Орталық Комитетке сайлау.

31-мәжіліс (20. VIII. бейсенбі таңертең).

Мартовтың редакциядан бас тартатыны туралы сөзі:

{{ «Искраны» танудың шектелуі

{ бұл әрекеттің саяси маңызы айқын.

Төрт жолдастың бірде-бірі редакцияға кіруге келіспейді.

---

* Бұл сөйлем, сондай-ақ күнделіктің аяғында басылған кестеде Лениннің қолымен кейіннен, съездің 25, 26 және 27-мәжілістеріне қатысты жазулар бар күнделік бетінің бос жеріне жазылған. *Ред.*

Жеке бастық емес, ал саяси сипаты бар.
{ Менің бүкіл саяси беделіме дақ салды.

Осының бәрі болған.

Россияда Орталық Комитетке ықпал жасау үшін күрес әрекеті.

«Партиядағы қоршау жағдайы»...

— жекелеген топтар мен адамдарға қарсы төтенше заңдар.

{Post factum жазбасының жоспары:} [193]

1) таң қаларлық
2) бұрын сайлауды жақтап сөйлеген еді
3) коллегияларды іріктеу
4) 1-адамның жобасы. *Үзілді-кесілді қарсымын*
5) сайлау еркіндігі. Редакция мүшелері білді (Мартов көрді және түзетті)
6) ешкім қарсы болған жоқ (егер Аксельрод болмаса) бірнеше апта бойы жұрт арасына барып жүрген
7) «Искра» редакциясы 7-ні сайлауды ұйғарды
8) Мартовтың мәселе қоюысы саяси былық туғызады
9) қоршау жағдайы
10) «Орталық Комитетке ықпал жасау жолындағы күрес».

||| 25 дауыс жақтады, 1 дауыс қарсы болды 17 дауыс қалыс қалды { жасырын запискалар беру } [194]
2

(Исари және Базиленков) 3 дауыс жақтады, 17 дауыс қарсы болды 1 Мицов ((10)) [195]

{ 22 дауыс қарсы
3 дауыс жақтады
19 дауыс қалыс қалды } [196]

32-мәжіліс (бейсенбі, түстен кейін).

Партия Советіне 5-ні сайлау.
Кешкі $5^1/_2$ с. аяқталды.

Август				
10		16 жексенбі	24	23
		17 дүйсенбі	25—26	24
11		18 сейсенбі	Бунд кетіп	
			қалды 27—28	25
12	Ergo *	19 сәрсенбі	29—30	26
13	18	20 бейсенбі	31—32	
14		21 жұма	33—34	
15	22—23	22 сенбі	35—36	

Ergo жиналыс (жеке) 18 августа 28-мәжілістен кейін болды [197].

1903 ж. 17(30) июль — 7(20) августа жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — Демек. *Ред.*

5

ПРОГРАММА КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЗАМЕТКАЛАР

Программа комиссиясы[198]

Абзацтар: 15 + 11 + 2 + 17 + 1 + 5 + 2 = 53

1 абзац: Мартынов: (Акимов шағын варианттармен қосылады).

Цивилизациялы дүниенің капиталистік елдері арасындағы тығыз байланыс пен бұл елдердегі пролетариат мүдделерінің ортақтығы істеуі керек еді etc.

Мен мұның өзін *тым нашарлатқандық* деп есептеймін. Плеханов *idem* * басқадай формада.

Мицов өз тұжырымын ұсынып, Акимов пен Мартыновты қолдайды.

---

2. Плеханов Рязановтың ыждағаттылығын дәріптеп: тексті «өзін» және «россиялық» деп түзетуді ұсынады. Бірауыздан қабылданды [199].

Акимов: «нақ сол принциптерді басшылыққа алады» деген түзету енгізеді.

---

3. Акимов алғашқы 2 жолды өзгертіп, «революциялық қозғалыс ісін жалғастырады» (осыған ұқсас) деп ұсынады. Абрамов пен Мартынов қарсы болып сөйлейді. Бірауыздан қабылданбай тасталды.

---

* — ол да. *Ред.*

Қалған пункт (товарлардың — Акимовтың қосымшасы: *және жер)* + орнына қанап отырған жоғарғылардың, капиталистер мен жер иеленушілердің
және бұл ерекшелік езілушілік, «рухани күйзеліс пен саяси правосыздық» туғызады деген қосымша.

Біз бұл таптарды жоғары таптар деп танымаймыз.

Плеханов қарсы болып сөз сойлейді. Мартынов Плехановқа қосылады.

Сиротинин: + *«осы заманғы»* буржуазиялық қоғамның + капиталистік қатынастардың *үстемдігі* негізінде.

4. *«Басты ерекшеліктен»* бастап [200].

5. Сиротининнің түзетулері қабылданбады.

6—13. 2-мәжіліс менсіз өтті.

Үшінші мәжіліс.

14. Екі стилистикалық өзгеріс.

15. 16.

Мәселелерде кең көлемді жергілікті өзін озі басқару және т. с. [201]

(Кавказдың ұсынысы.)

‖ 6. п.— — — *жынысына, дініне, нәсіліне, ұлты мен тіліне қарамастан* — — — —[202].

Кешкі мәжіліс:

7. п.: *Поляктар* **мынаны ұсынады:**

«Мемлекет құрамына енетін барлық ұлттардың мәдени дамуының толық еркіндігіне кепілдік беретін мекемелер».

Поляктардың ұсынғаны:

1896

Лондон қарары:

«Конгресс барлық ұлттарға толық өзін өзі билеу правосын беруді жақтайтынын және қазір әскери, ұлттық

немесе басқадай деспотизмнің тепкісінде азап шегуші кез келген елдің жұмысшыларына тілектес екенін жариялайды, ол барлық осы елдердің жұмысшыларын бүкіл дүние жүзінің өздерінің таптық мүдделерін сезінетін жұмысшыларының сапына тұруға және солармен бірге халықаралық капитализмге қарсы және халықаралық социал-демократияның мақсаттарын жүзеге асыру жолында күресуге шақырады».

Contra дәлелдер:

{1) моральдық
{2) практикалық (үгіт) [203].

1903 ж. 21 және 29 июль (3 және 11 август) аралығында жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

6

БУНДТЫҢ РСДРП-дағы ОРНЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ *

1) Федерация неліктен *зиянды?*
2) Автономия неліктен *жеткілікті?*
{ Тула комитеті }

2) Жалғыз бір орталыққа *толық* бағынған күнде жемісті жұмыстың бұдан кем болмайтыны мүмкін екенін қалай *дәлелдеу керек?*

«болжай білу»

| Мәселенің орны және тұтас көпшілік |

а {{ пролетариат күшінің ыдырауы
ерекшеленуді *заңдастыру* }
жекелеген топтарды жинақтау немесе
бір топ?

{{ автономия дегеніміз *де*централизм!!??
| Шварцман: «Бунд *ортақ істерге тікелей араласпауға тиіс»* |

б {{ Тула комитетінің автономиясы
|| «Уақ-түйек араласу» және кім шешеді
автономия дегеніміз сенімсіздік деген сөз: *біз өз* міндетімізді орындамадық.

{{ *Қалай дәлелдеу керек?* Қайда бару керек? *ағылшын көмір қазушыларымен салыстыру.*

1903 ж. 19—20 июльде (1—2 августа) жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* Қараңыз: осы том, 292—295-беттер. *Ред.*

7

ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ *

А. Мен *«Не істеу керекте?»* ** күрес жүргізген «экономизм» бой көрсетті.

— пролетариат диктатурасы
— қайыршылану
— {{ **пролетариат атау септігінде емес**}
|| пролетариат партиясы емес, ||
|| ал барлық еңбекшілер партиясы ||

Erfüllungstheorie.

Б. ал *жұмысшы-басшыларды* даярлап шығару?
ал *бұқараға дейін* және *орташаға дейін төмендетуге қарсы* күрес?
((ал кәсіпшілік қозғалысын дамыту талабы ше?
ал Шульце-Деличтер және солар сияқтылар деген ескертпе ше?

|| ал фантом — буржуазиялық демократия?

В. **А с ы р а с і л т е у.**

1903 ж. 22 июльде (4 августа) жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 296—298-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер. *Ред.*

8

ПАРТИЯ УСТАВЫН ТАЛҚЫЛАУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ БУНД ДЕЛЕГАТТАРЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫ БОЙЫНША ЖАРЫС СӨЗ ТУРАЛЫ ЗАМЕТКАЛАР

1. *«Тек сонда ғана»* біз пункттерді талдай аламыз.
2. Автономия кімге қолданылады — бұл *принципті* мәселе.
3. Құлақ естімеген ұсыныс: тұтастан бұрын бөлік айтылады. Мұның өзі *зығырданды қайнатарлық* * болмаған болса, «күлкілі» нәрсе болған болар еді.

1903 ж. 2(15) августа жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* «Зығырданды қайнатарлық» деген сөзді Ленин сызып тастаған. *Ред.*

9

УСТАВТЫҢ 1-ПАРАГРАФЫ ЖӨНІНДЕГІ ЖАРЫС СӨЗ ТУРАЛЫ ЗАМЕТКАЛАР [204]

«Партия ұйымы» деген не

=партия таныған және партия мекемелерінің жүйесіне қосылған ұйым.

А к с е л ь р о д:

«Партия ұйыммен бірдей нәрсе деп қаралады»: бұл минус.

«Профессордың» мысалы: партия мүшесі, бірақ ұйым мүшесі емес. Мұндай адамдардың партияға алынуы мүмкін емес.

Мартов: «партия барлық қапалушыларды өз қатарына шақырады».

|| Партия мүшесінің *о р т а л ы қ т а р д ы ң н а з а р ы н а ж е т к і з у д е н* артық правосы жоқ.

Троцкий

Партияны қатаң конспирациялық мағынада түсіну.

Б ю л о в:

Барлық ұйымдар заговор жасаушы ұйым болуға тиіс, ал мұны істеу мүмкін емес.

Дұрыс емес (lose Organisationen *)

С т и м у л=ұйымдасыңдар!

былық: бақылау мүмкін емес,


жойып жіберу мүмкін емес.

Ұйымдарды **қоздату.**

---

* — ерікті, кең ұйымдар. *Ред.*

. И. Лениннің «Уставтың 1-параграфы жөніндегі жарыс сөз туралы заметкалар» деген қолжазбасының бесінші және алтыншы беттері.— 1903 ж.


БЕРЕЗ
кругъ
сужение круга
береза
Ошибочна:
№1
незначительно
твердость и чистота
идейная группировка
БЕРЕЗА
быть
БЕРЕЗА
БЕРЕЗА
береза.
вред
Мартов:
Борьба, литературы
повторяю: сила и власть
Ц.К., твердость и чистота
партии — вот в чем суть
Струве сознание
и войдет в партию
№1
ответственности

Л и п о в — Аксельрод пен Мартов жағында
менде бір ғана *т ү с і н б е у ш і л і к.*

Барлық айтыс — сөздер туралы (Ленин партия деп атағанды олар ұйым деп атайды).

NB ||| *Егер ол бел байласа (қауіп-қатерге), онда ол профессионал революционер болып шығады*

| Ал егер ұйым болып кіргілері келсе, онда бұл арада кедергілер жоқ |
| *мені түсінбеді* |

«Идеялық топталу»
«б і з м ү м к і н е м е с т і т а л а п е т п е й м і з»

Мартын мен енгізген ойлардың *қ о б а л ж у ы н а н* құтқарып қалды

Орталық Комитет — бұл *р у х.*

Аксельрод: бұл жеңіл-желпі қарсылық
ж е р а у д а р ы л ғ а н д а р?
мен Батыс туралы еш нәрсе айтқан жоқпын.

| Сіз оған социал-демократ деп аталуға қандай декретпен тыйым салмақшысыз? |

М а р т ы н о в:

Заговоршылар — агенттер — бұқара |

{ Оншама маңызды емес: Аксельродтың «саудаласу керегі»
Брукэр

Қ а т е: № 1* *(и к е м д і е м е с)*

{моральдық принципті etc. *саяси* уставқа енгізу} шеңберінің тарылуы, аукымы батылдық пен тазалық идеялық топталу

| бұқараның партиясы бұқарадан тыс |

«біздің партия ұйымдары профессионал революционерлер ұйымы болуға тиіс»
соттағы сөз: **зиян** ✱ * **«Күрес»,** әдебиетшілер

---

* Төменде нақ осындай белгілер салынған Мартов сөзінің жазбасының текстін қараңыз. *Ред.*

мылжыңдар мен жұмыс істеушілерді ажырата білу керек: **1 мылжыңды партия мүшесі деп атағаннан, жұмыс істеуші 10 адамды партия мүшесі деп атамаған жақсы.**

Қайталап айтамын: Орталық Комитеттің күші мен билігі, партияның беріктігі мен тазалығы — істің мәні міне осында.

(Струве қоса ұйымдасып, партияға кіреді)

Мартов: Басты қарсылық — *жүзеге аспайтындығы.* Идея (lose Organisationen) дұрыс, ал әдісі жарамсыз.

((*Орталық Комитет төтеп бере алмайды,* сөйтіп іс жүзінде бәрін және әркімді кіргізе бастайды. Сондықтан Брукэр осыны жақтайды.

Тіпті тіркеп отыру мүмкін: листоктарды таратушылар қанша екенін анықтауға болады.

(*немесе* Лениннің *«ұйымдық утопиясы»*
немесе $^{99}/_{100}$ — партиядан тыс.

№ 1 NB ||| *Мен бәрін партия мүшесі етуді тілеймін: тілесеңіздер, солай.*

※ NB |||| Тәуелсіздер одағы кірсе жақсы болар еді *.

№ 1 ||| Лениннің көзқарасы тұрғысынан алғанда, бірінші пункт керек болмас еді.
Партия мүшелерінде *еш қандай право жоқ.*
Жауапкершілік. |||

1903 ж. 2(15) августа жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Бұл сөйлемді Ленин сызып тастаған. *Ред.*

10

«ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫ САЙЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ *

1) Мартовтың айтқаны тым таңқаларлық
2) үзілді-кесілді қарсымын
3) істің жайы дұрыс баяндалмаған
4) 2 үштік Мартов жобаны көргеннен кейін сөзге ілігіп кетті
5) бірнеше апта бойы сөз болды
6) Аксельродтың жеке ескертпесінен басқа («бейнебір» жобаға қарсы) қарсылық болған жоқ
7) «Искраның» редакциясы 7-іншіні сайлауды ұйғарды
8) Мартовтың мәселе қойысы саяси былық туғызады.

Қоршау жағдайы.

1903 ж. 7(20) августа жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 332—335-беттер. *Ред.*

11

СЪЕЗДІҢ ҚҰРАМЫ [205]

Бундшылдар:

1. Абрамов (Айзенштадт)
2. Липов (Гольдман)
3. Бергман (? Ұйымдастыру комитетінің мүшесі)
4. Гринберг (орыс)
5. («Владимир») Шварцман

«Рабочее дело»: 6. Акимов (Маховец) 7. Мартынов (Пикер) *Питер:* 8. Брукэр (Махновецтің қарындасы Жұмысшы ұйымынан)	«Рабочее дело»
«Южный рабочий»: 9. Юрьев 10. Мартын («Южный рабочий»-ден») *Харьков:* 11. Анна Ивановна (Юрийдің әйелі) 12. «Михаил Николаевич»	«Южный рабочий»

9 (6)	Қырым: 13 «Антонов» (2 дауыс) және 14. 15. 16. Мартов («Искра» ұйымынан) 17. Троцкий 18. «Бюлов» (Сибирьден) 19. Дейч («Еңбекті азат ету» тобынан) 20. Загорский (Уфадан)	мартовшылдар
6 (5)	21. Мицов (Николаевтан) 22. 23. «Вейсман» (Москвадан) (бундшыл) 24. «Базиленков» Ростовтан 25. 26. «Левицкий» (Тау-кен завод одағынан) 27. «Константинов» (Одессадан) мартовшыл	батпақ

1. Григорьев (жұмысшы) 2. Андреевский	Тула
3. Дмитриев («Тура») 4. Дядина	Солтүстік одақ
5. Соколовский 6. Леонов	Екатеринослав
7. Землячка	Одесса
8. Берг (жұмысшы)	Питер
9. Игнат 10. Андрей (жұмысшы)	Киев

24 (20)

	11.	Лидин	Саратов
	12.	Сиротинин	Саратов
	13.	Рубен	Баку
және	14.	(армян)	
	15.	Рашид-Бек	Батум
және	16.	(армян)	
	17.	Исари	Тифлис
және	18.	(грузин)	
	19.	Плеханов	«Еңбекті азат ету» тобы
	20.	Ленин	Лига
және	21.		
	22.	Лебедев	Ростов
	23.	«Петухов»	Уфа
	24.	Полетаев	Москва

Кеңесші дауыстар:

1. Наталья Ивановна
2. Костя
3. Аксельрод
4. Засулич
5. Старовер
6. Кольцов
7. Джордж (кавказдық)

8—9. Тарлар, екеу

10. Александр (бундшыл)
11. Борис Николаевич
12. Ленина.

Барлық адам	
43 шешуші дауыспен	Еврейлер — 21 шешуші
12 *	4 * дауыспен
55	25

1.

1 + 2 = 3 — 19 + 3 = 22

(2) (4) (6) — (38) + (5) = (43)

Қазір барлығы 49 дауыс [206]

Толық праволы (*қазір*, яғни съезден кейін) ұйымдар саны: 1. С.-Петербург. 2. Москва. 3. Нижний. 4. Саратов. 5. Уфа. 6. Харьков. 7. Одесса. 8. Киев. 9. Екатеринослав. 10. Баку. 11. Батум. 12. Тифлис. 13. *Солтүстік одағы.* 14. Николаев. 15. *Қырым.* 16. Тау-кен заводы. 17. Дондағы Ростов. 18. *Сибирь.* 19. Лига. 20. Тула.

1903 ж. 10 және 25 август (23 август пен 7 сентябрь) аралығында жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* 12 мен 4 цифрлары кеңесші дауыстар санын көрсетеді. *Ред.*

МАРТОВТЫҢ ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ МЕН БҰЛТАЛАҒЫ

1. Ұйымдастыру комитетін солқылдақтығы және ауытқулары үшін, quasiискрашылдығы * үшін жерден алып, жерден салды,— ал кейін солқылдақтар мен quasiискрашылдарды Орталық Комитетке енгізді.

2. Әрқашан «Искраның» ұйымдастыру идеяларын («Не істеу керек?») қорғап отырды — сөйте тұрып уставтың жорестік бірінші пунктін өткізді.

3. Редакцияны үш адаммен жаңартуға қосылып жүрді,— ал кейін съезде quand même ** алты адам болуы үшін күресті.

4. «Демократизм» дегенге қарсы күресті,— сөйте тұрып орталықтарға кооптация жасағанда «бостандықты» жақтады.

1903 ж. августың аяғында жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — жалған искрашылдық. *Ред.*

** — қалай болған күнде де. *Ред.*

РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ЖАСТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ХАТТАРДЫҢ ЖОСПАРЫ

Революцияшыл жастардың міндеттері туралы хаттарды мына жоспар бойынша бөлуге болар еді:

I. Осы заманғы студенттер дегеніміз не және оны идея жағынан біріктіру міндеті неде?

II. Студенттерді революцияландыру ісіндегі |революциялық қозғалыста| марксизмнің маңызы.

III. Россиядағы социал-демократтар мен социалист-революционерлер. Олардың теориялық және тактикалық айырмашылықтары. Террор.

IV. «Студенттерді революцияландыру» тұрғысынан қарағанда студенттік ұйымның мәселелері.

V. Студенттер мен жұмысшы табы (?).

Идеялық бірігу = кейбір идеясыздық.
Жалпы дәлел — студенттер ішіндегі түрлі топтар.
Талдау, қандай топтар, олардың кездейсоқтығы respective * қажеттігі.

Қоғамның әр түрлі таптарындағы мәдениетшілдер.
Либералдардың базисі ретіндегі »
6 топтың таптық белгілерінің жеткілікті айқындалмауы: самодержавие бәрінен де гөрі көбірек айқындайды (реакционерлер — мәдениетшілдер — либералдар). Ұсақ буржуазия, жұмысшылар, буржуа-

* — тиісінше. *Ред.*

зия — қазірдің өзінде-ақ *т а п т ы қ топтар* * айқындалып келеді.

Таптық (және саяси) жіктелудің прогрестік маңызы. *Мысал: академистер және олардың «либералдардан» бөлінуі.* Бұл бөліну саяси жағынан пайдалануға |дамуға, өсуге| кедергі жасамайды, қайта көмектеседі.

«Идеялық біріктіру». Quid est? ** Кімді кіммен? Академистер + либералдар? Либералдар + социалистер? *Тек* социалист-революционерлер мен социал-демократтар?

Идеялық бірігу = белгілі бір идеяларды тарату, таптық араздықты *ашу,* идеялық жағынан ажырасу.

Идеялық бірігу = *алға бастыруға қабілетті* идеяларды, алдыңғы қатарлы таптың идеяларын тарату.

Революцияшыл марксизм, 1848 жылдың алдында оның Европада бой көрсетуі, оның Батыс Европа мен Россиядағы ролі.

{*М ы н а н ы қ о с у к е р е к:* социализм буржуазиялық студенттердің бойына сіңбейді-мыс деген «super-kluge» *** пайымдау туралы қосу керек.}

1903 ж. август — сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Красная Молодежъ» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* «Соңғы күндердің» емес (социалистік интеллигенцияның құралуы), шамалап айтқанда, петрашевскийшілдер [207] үйірмесінен бастағанда, жарты ғасырдың туындысы.

** — Бұл не өзі? *Ред.*

*** — «тым ақылды». *Ред.*

«ПАРТИЯНЫҢ ЕКІНШІ СЪЕЗІ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ[208]

Партияның екінші съезі

Көптен бері күтілген еді.

Неліктен баяу? (Социалист-революционерлер мен социал-демократтар. Шынайы бұқаралық қозғалыс. Тоғышарлық және саясат.)

Съездің басты жұмысы: ресми қалыптастыру.

1 α Программа. Оның маңызы. «Номад» кезеңінің соңы [209]. Либералдарға, социалист-революционерлерге etc. қарсы күрестегі тірек.

Насихат жұмысындағы басшылық
Үгіт » »

2 β Ұйымдық устав. Оның маңызы. Централизм. Жергілікті автономия (2 орталық.) Басшыларға жолдастық көзқарас. Жеке және саяси қарым-қатынас. Уставты түсіндіру және қолдану әдістерін жасау.

3 γ Қарарлар

либералдар (екеу) социалист-революционерлер	демонстрациялар кәсіпшілік күрес
партиялық әдебиет	

1. Либералдар
2. либералдар
3. социалист-революционерлер
4. партиялық әдебиет
5. демонстрациялар
6. кәсіпшілік күрес

} маңыздылары

7. фабрика старосталары
8. 1904. конгресс
9. Кишинев ойраны
10. сектанттар
11. оқушылар
12. тергеу кезіндегі мінез-құлық

} маңызды еместері

| 4 | | δ | Бундтың шығуы. Жария түрде болғаны артық. Тактика: оқшауланудың зияндылығын түсіндіру. (Бундшылдардың ұлтшылдығы және ұйымдық өсектері.)

| 5 | **Протоколдар.**

1903 ж 9(22) сентябрь мен 1(14) октябрь аралығында жазылған

Бірінші рет 1927 ж. Лениннің VI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(1902 жылғы сентябрь — 1903 жылғы сентябрьдің бірінші жартысы)

1902 ж.

И. Б. БАСОВСКИЙГЕ ХАТ

И. Б. Басовский 1902 жылы 21 сентябрьде (4 октябрьде) В. И. Ленинге «Искраны» Россияға жеткізу ісін ұйымдастыруды өз міндетіне алуды ұсынған хатын алғанын хабарлайды. Басовскийдің хатындағы кейбір сөздердің астын Ленин сызып қойған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архиві).

Е. М. АЛЕКСАНДРОВАҒА ХАТ

Жергілікті социал-демократиялық ұйымдарды біріктіру жоспарына қатысы бар бұл хат жөнінде Ю. О. Мартовтың В. И. Ленинге 1902 жылдың 22 ноябрінде (5 декабрінде) жазған хатынан мәлім болды; бұл хатында Мартов былай деп хабарлаған: «Жаңа сенің Василийге * жазған хатыңды оқыдым. Мен сен қарсы болатын-ақ шығарсың деп күтіп едім, өйткені ол дәл осы жерде мүлде орнында тұрмаған «федерациялық» деген сөзді (ең кемі, менің өз пікірім бойынша) алып тастағысы келмеді» (Лениннің IV жинағы, 177-бет).

И. И. СТАВСКИЙГЕ ХАТ

В. И. Ленин 1902 жылы 5 (18) декабрьде Л. И. Аксельродқа жолдаған хатында былай деп жазды: «Сіздің хатыңызды жаңа ғана алдым, енді Ставский секілді үлкен олжамен құттықтау үшін жауап қайтаруға асығулымын... Сізге «Искраның» 29-номерін қоса салып жіберіп отырмын, оқиғаларды біздің қалайша баяндағанымызды көрсету үшін осы номерді *оған да* жолдаймын. Ростовтағы оқиғалар турәлы кітапша жөнінде оған өтініп жасалған хатты да қоса салып жіберемін» (Лениннің XI жинағы, 339-бет).

---

* Е. М. Александроваға *Ред.*

А. И. УЛЬЯНОВА-ЕЛИЗАРОВАҒА ХАТ

В. И. Ленин 1902 жылы 13(26) декабрьде М. А. Ульяноваға былай деп жазды: «Мына қоса жіберіліп отырған хатты Анютаға салып жіберуіңді сұраймын: менде оның адресі жоқ, жоғалып қалса керек (оған әлі бірде-бір рет жазғаным жоқ), әлде ол Томскіде емес, қазір сендерде шығар» (Шығармалар, 37-том, 292-бет).

Л. И. АКСЕЛЬРОДҚА ХАТ

В. И. Ленин 1902 жылы 28 декабрьде (1903 жылы 10 январьда) Г. В. Плехановқа жолдаған хатында былай деп жазды: «Қоса жіберіліп отырған хатты, рақым етіп, Любовь Исаковнаға табыс етсеңіз екен: ол кісі маған Сіздің адресті берген еді. Хат өте тығыз және маңызды...» (Лениннің IV жинағы, 205-бет).

Лениннің хатында Ростовтағы оқиғалар туралы кітапшаға арналған материалдарды «Искра» редакциясына жіберу ісін тездету жөнінде өтініш жасалған.

1903 ж.

УАЙТЧЕПЕЛДЕГІ (ЛОНДОННЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАР АУДАНЫ) ЖҰМЫСШЫЛАР МИТИНГІСІНДЕ ПАРИЖ КОММУНАСЫ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

5(18) мартта сөйленген бұл сөз туралы Н. А. Алексеев пен И. К. Михайловтың естеліктерінде айтылған (қараңыз: Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім. М., 1956, 252—253-беттер; И. К. Михайлов. Ширек ғасыр астыртын жағдайда, М.— Л., 1928, 77-бет).

РОССИЯДАҒЫ БЕЙМӘЛІМ СТАТИСТИККЕ ХАТ

Беймәлім статистик (қойған қолын ажырату мүмкін болмады) В. И. Ленинге 1903 жылы 29 мартта (11 апрельде), сірә, Лениннің сұрауына жауап ретінде жолдаған, хатында былай деп жазды: «Қымбатты жолдас! Шаруалар қауымдарының үлесті жерлер бойынша топтасуы жайында қазір қолымда барын ғана жіберіп отырмын...» (Лениннің XIX жинағы, 350-бет).

РСДРП II СЪЕЗІНДЕ В. И. ЛЕНИН ҰСЫНҒАН ПАРТИЯ УСТАВЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Съездің уставтық комиссиясына Ленин ұсынған устав жобасының ақырғы тексті устав жобасының осы томда (282—284-беттер) жариялапып отырған нұсқасынан өзгеше болатын.

Оған партия Советінің жоғаргы партия органы ретіндегі анықтамасы, Орталық Комитет пен Орталық Органға кооптация жасағанда бірауыздылық болу талабы, сондай-ақ орталықтарга кооптация жасағанда Орталық Комитет пен Орталық Орган тарапынан өзара бақылау болу талабы енгізілген-ді. РСДРП II съезінің протокол комиссиясы II съезд протоколдарының женевалық басылымының қосымшаларында устав жобасының алдын ала әзірленген вариантын съезге Ленин ұсынған жоба деп қателесіп жариялаган. Ленин өзінің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген еңбегінде протокол комиссиясының осы қателігін көрсете келіп, былай деп жазды: «Попов пен Мартов (154 және 157-беттер) менің шынында съезге ұсынған жобамның тұжырымдарын сынады, ал протокол комиссиясы бастырган *жобада ондай тұжырымдар жоқ* (394-бет, 7 және 11-параграфтарды салыстыр)» (Шығармалар, 7-том, 251-бет).

ГРУЗИН-АРМЯН ГАЗЕТІ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

В. И. Ленин грузин-армян газеті туралы қарардың жобасын РСДРП II съезінің 37-мәжілісінде 1903 жылы 10(23) августа ұсынды. II съезд протоколдарында мынадай жазу бар: «Грузин-армян газеті туралы Лениннің қарары талқыланды» («РСДРП екінші съезі. 1903 жылғы июль — август. Протоколдар». М., 1959, 401-бет).

В. В. ВАКАРМЕН ХАТ-ХАБАР АЛЫСУ

В. В. Вакар өзінің «1905 жылдың қарсаңында Киевте (1903 жылғы июль стачкасы)» деген кітабының екінші басылымының алғы сөзінде былай деп жазды: «Маған «Искраның» тілшісі ретінде, шетелге Женеваға кетпей тұрып, партияның істері жөнінде Ленин жолдасқа хат жазып, одан және Надежда Константиновнадан хаттар алып тұруға тура келді. Бірақ, өкінішке қарай, мен бұл хаттарды сақтай алмадым» (В. Вакар (В. Правдин). «1905 жылдың қарсаңында Киевте (1903 жылғы июль стачкасы)». Книгоспилка, 1925, 8-бет).

В. В. Вакар Женеваға 1903 жылдың октябрінде келген болатын.

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ЕҢБЕКТЕР МЕН БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

К. КАУТСКИЙДІҢ «ӘЛЕУМЕТТІК РЕВОЛЮЦИЯ» ДЕГЕН КІТАПШАСЫНЫҢ ОРЫСША АУДАРМАСЫ

К. Каутскийдің «Әлеуметтік революция» деген кітапшасының орысша аудармасын редакциялау жөніндегі жұмысы туралы В. И. Ленин 1902 жылы 6(19) декабрьде Г. В. Плехановқа және 1903 жылы 26 январьда (8 февральда) В. Д. Бонч-Бруевичке жазған хаттарында айтады (қараңыз: Лениннің IV жинағы, 192-бет және XIII жинағы, 148-бет). Кітапшаны 1903 жылы июньде Женевада «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы» басып шығарған болатын.

«ИСКРА» ГАЗЕТІ

№ 25 — 15 сентябрь 1902 ж.
№ 26 — 15 октябрь 1902 ж.
№ 27 — 1 ноябрь 1902 ж.
№ 28 — 15 ноябрь 1902 ж.
№ 29 — 1 декабрь 1902 ж.
№ 30 — 15 декабрь 1902 ж.
№ 31 — 1 январь 1903 ж.
№ 32 — 15 январь 1903 ж.
№ 33 — 1 февраль 1903 ж.
№ 34 — 15 февраль 1903 ж.
№ 35 — 1 март 1903 ж.
№ 36 — 15 март 1903 ж.
№ 37 — 1 апрель 1903 ж.
№ 38 — 15 апрель 1903 ж.
№ 39 — 1 май 1903 ж.
№ 40 — 15 май 1903 ж.
№ 41 — 1 июнь 1903 ж.
№ 42 — 15 июнь 1903 ж.
№ 43 — 1 июль 1903 ж.
№ 44 — 15 июль 1903 ж.
№ 45 — 1 август 1903 ж.
№ 46 — 15 август 1903 ж.
№ 47 — 1 сентябрь 1903 ж.
№ 48 — 15 сентябрь 1903 ж.

В. И. ЛЕНИН АУДАРҒАН ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

Ф. ЭНГЕЛЬСТІҢ «DIE BAUERNFRAGE IN FRANKREICH UND DEUTSCHLAND» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНЫҢ БІР БӨЛЕГІНІҢ НЕМІСШЕДЕН АУДАРМАСЫ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архивінде Ф. Энгельстің «Die Bauernfrage in Frankreich und Deutschland» («Франция мен Германиядағы шаруа мәселесі») (қараңыз: Лениннің XIX жинағы, 295—300-беттер) деген мақаласының аудармасы қолжазбасының 14 парағы сақталуда.

Бұл аударманы Ленин 1903 жылы 10—13 (23—26) февральда Париждегі Қоғамдық ғылымдар орыс жоғары мектебінде оқыған аграрлық мәселе жөніндегі лекцияларына әзірленген кезде жасаған. Аударманың қалған парақтары табылған жоқ.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *«Біздің ұйымдық міндеттеріміз туралы жолдасқа хат»* петербургтік социал-демократ А. А. Шнеэрсонның (Ереманың) хатына жауап болды; ол Петербургте социал-демократиялық жұмыстың ұйымдастырылуын сынаған болатын.

1895 жылдың декабрінде В. И. Ленин мен оның серіктері тұтқынға алынған соң, Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» басшылық ету ісі біртіндеп «экономистердің» қолына көшті. Революционерлердің мүлде жасырын, орталықтандырылған ұйымын құру жолында күрескен революцияшыл марксистерге қарама-қарсы «экономистер» саяси күрестің маңызын төмендетті, сайлау негізінде құрылатын және бірінші кезектегі міндеті жұмысшылардың экономикалық мүдделерін тікелей қорғау болып табылатын кең көлемді жұмысшы ұйымын құруды, өзара көмек кассаларын және т. т. құруды жақтады. «Күрес одағында» «экономистердің» ұзақ уақыт үстемдік етуі оның ұйымдық құрылымына да әсерін тигізді: оның жұмысшылар бөлігі (Жұмысшы ұйымы деп аталатын) интеллигенттер бөлігінен әдейі бөлініп тасталды; «Одақтың» далиып кеткен ұйымы жұмысшылардың самодержавие мен буржуазияға қарсы бұқаралық революциялық күресіне басшылық етуге емес, қайта кәсіби күреске көбірек икемделген еді. Петербургтік ұйымда искрашылдар мен «экономистер» арасында өрістеген күрес 1902 жылдың жазында РСДРП Петербург комитетінің «Искраның» позициясына көшуімен аяқталды. 1902 жылғы 15 декабрьде «Искраның» 30-номерінде былай деп хабарланды: «...*июнь* айында Петербургте *Жұмысшы ұйымының барлық бес ауданының өкілдері — жұмысшылар* (сол кездегі Жұмысшы ұйымының жоғарғы инстанциясы) қатысқан қала сыртындағы жиналыстардың бірінде екі мәселе: 1) орыс социал-демократиясындағы екі бағыт туралы, осыған дейін Петербургте үстемдік етіп келген ескі (экономикалық) бағыт туралы және «Искра» мен «Заря» өкілі болып саналатын революциялық бағыт туралы және

2) ұйымның принциптері туралы (демократизм деп аталатын ба әлде «революционерлер ұйымы» ма) мәселелер қойылды. Екі мәселе бойынша да *жұмысшылардың бәрі бірауыздан «экономизм» мен «демократизмге» қарсы шығып, «Искраның» бағытын жақтады».*

Петербургтегі «Күрес одағын» искралық ұйымдық принциптер рухында қайта құру үшін комиссия құрылды, оған «Искра» ұйымының, Жұмысшы ұйымының және Петербург комитетінің өкілдері енді. Алайда Токарев бастаған «экономистер» Петербург комитетінің «Искраның» позициясын қолдау туралы шешімімен келіспейтінін мәлімдеп, Жұмысшы ұйымының комитеті деп аталатынды құрып, искрашылдарға қарсы күрес бастады. Жұмысшылардың қолдауымен искрашылдар өздерінің позицияларын ұстап қалды және петербургтік ұйымда бекіпе алды.

Лениннің өзінің партияны ұйымдастыру жоспарын дамытып, нақтылаған «Жолдасқа хаты» Петербургте «экономистерге» қарсы күрес қызып жатқан кезде алынды. Бұл хат гектографта басылып, қолдан көшіріліп, петербургтік социал-демократтар арасында таратылды. 1903 жылғы июньде «Жолдасқа хатты» Сибирь социал-демократиялық одағы «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының ұйымдарындағы революциялық жұмыс туралы (Жолдасқа хат)» деген атпен жасырын түрде басып шығарды. 1904 жылдың январында РСДРП Орталық Комитеті «Жолдасқа хатты» Лениннің алғы сөзімен және соңғы сөзімен жеке кітапша етіп басып шығарды. Кітапшаны баспаға Ленин әзірледі. «Жолдасқа хат» социал-демократиялық ұйымдарда кең тарады. Полиция департаментінің 1902—1905 жылдардағы материалдарынан «Жолдасқа хат» тінткен кездерде Москвада, Ригада, Дондағы Ростовта, Нахичеваньда, Николаевта, Красноярскіде, Иркутскіде және басқа қалаларда табылғаны байқалады.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архивінде «Жолдасқа хаттың» қолжазбасының бірінші беті ғана сақталуда. Онда В. И. Ленин қойған: «Жалпы алғанда СПБ комитетіне, атап айтқанда «Ерема» жолдасқа — (Лениннен)» — деген тақырып бар.— *1.*

2 Бұл жерде «Искра» газетінің жаңа, меньшевиктік редакциясы жөнінде айтылып отыр; 1903 жылдың ноябрінде «Искраны» басып шығару осы редакцияның қолына көшті.— *5.*

3 *«Искра»* («Ұшқын») — жалпы орыстық бірінші жасырын маркстік газет; 1900 жылы Ленин негізін қалаған; газет Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарды.

Полицияның қудалауы салдарынан Россияда революциялық газетті шығару мүмкін болмағандықтан, Ленин ондай

газетті шетелде шығарудың жоспарын барлық егжей-тегжейіне дейін Сибирьде айдауда жүрген кезінің өзінде-ақ ойластырды. Жер аударылу мерзімі біткен соң (1900 жылғы январь) Ленин өзінің жоспарын іске асыруға дереу кірісті. 1900 жылдың февралында Петербургте Ленин шетелден астыртын түрде келген В. И. Засуличпен «Еңбекті азат ету» тобының газетті шығаруға қатысуы туралы келіссөз жүргізді. 1900 жылғы марттың аяғында — апрельдің басында В. И. Лениннің, Л. Мартовтың (Ю. О. Цедербаумның), А. Н. Потресовтың, С. И. Радченконың «жария марксистермен» — П. Б. Струвемен және М. И. Туган-Барановскиймен «Псков кеңесі» деп аталатын кеңесі болды, онда жалпы орыстық газет («Искра») пен ғылыми-саяси журнал («Заря») редакциясының осы басылымдардың программасы мен міндеттері туралы мәлімдемесінің Ленин әзірлеген жобасы талқыланды. 1900 жылдың бірінші жартысында Ленин Россияның бірқатар қалаларында (Москва, Петербург, Рига, Смоленск, Нижний Новгород, Уфа, Самара, Сызрань) болып, социал-демократиялық топтармен және жеке социал-демократтармен байланыс орнатты, болашақ «Искраны» қолдау жөнінде олармен келісті. 1900 жылдың августа, Ленин Швейцарияға келген соң, газет пен журналдың программасы мен міндеттері, болашақ қызметкерлері, редакцияның құрамы және оның орналасатын жері туралы Ленин мен Потресовтың «Еңбекті азат ету» тобының мүшелерімен кеңесі болды; бұл келіссөздер екі жақтың мүлдем ажырасуына жуықтап барып қалды. Алайда келіссөздердің аяғына таман барлық даулы мәселелер жөнінен келісімге қол жетті.

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылдың декабрінде Лейпцигте, онан соңғы номерлері Мюнхенде, ал 1902 жылғы июльден — Лондонда, 1903 жылдың көктемінен — Женевада шықты. Газетті жолға қоюда (астыртын баспахананы ұйымдастыруда, шрифт сатып алуда және т. т.) герман социал-демократтары: Клара Цеткин, Адольф Браун және басқалары, сол кезде Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский, ағылшын Социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі Г. Квелч үлкен көмек көрсетті.

«Искра» редакциясына мыналар кірді: В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич. Редакцияның секретары әуелде И. Г. Смидович-Леман, онан соң, 1901 жылдың көктемінен — Н. К. Крупская болды; Н. К. Крупская сонымен бірге «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен хат-хабар алысып тұру ісінің бәрін басқарды.

«Искра» Россия пролетариаты мен барлық еңбекшілерінің патшалық самодержавиеге қарсы революциялық күресі мәселелеріне, халықаралық өмірдегі аса маңызды оқиғаларға, негізінен халықаралық жұмысшы қозғалысы мәселелеріне баса назар аударды. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас ре-

дакторы әрі басшысы болды, партия құрылысының және Россия пролетариаты таптық күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазып отырды.

«Искра» партияның күштерін біріктіретін, партия кадрларын топтастырып, тәрбиелейтін орталыққа айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара және басқалары) РСДРП-ның лениндік-искралық бағыттағы топтары мен комитеттері құрылды. 1902 жылы январьда искрашылдардың Самарада өткен съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. Искралық ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқаларының тікелей басшылығымен құрылып, жұмыс істеді.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искраның» редакциясы партия программасының жобасын («Искраның» 1902 жылғы 1 июньдегі 21-номерінде жарияланды) әзірледі және 1903 жылғы 17(30) июльде — 10(23) августа өткен РСДРП II съезін даярлады. Съезд шақырылған кезеңге дейін Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искра» жағына шығып, оның тактикасын, программасы мен ұйымдық жоспарын мақұлдады, оны өздерінің басшы органы деп таныды. Съезд арнаулы қаулысында партия жолындағы күресте «Искраның» айрықша ролін атап көрсетіп, оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады. II съезде «Искраның» редакциясы бекітілді, оның құрамына Ленин, Плеханов және Мартов кірді. Бұрынғы алты редактордың бәрін де сақтауды талап еткен Мартов, партия съезінің шешіміне қарамастан, редакция құрамына кіруден бас тартты, сөйтіп «Искраның» 46—51-номерлері Ленин мен Плехановтың редакциялауымен шықты. Көп кешікпей Плеханов меньшевизм позициясына көшіп, съезд мақұлдамай тастаған ескі меньшевик-редакторлардың бәрін «Искра» редакциясының құрамына енгізуді талап етті. Ленин мұнымен келісе алмады, сөйтіп 1903 жылы 19 октябрьде (1 ноябрьде) «Искраның» редакциясынан шығып кетті, сонан соң Орталық Комитетке кооптацияланып, сол жерден оппортунист-меньшевиктермен күрес жүргізді.

«Искраның» 52-номері жалғыз Плехановтың редакциялауымен шықты. 1903 жылы 13(26) ноябрьде Плеханов жеке өзі, съездің ұйғарымын бұзып, «Искра» редакциясының құрамына оның бұрынғы меньшевик-редакторларын кооптациялады. «Искраны» 52-номерінен бастап меньшевиктер өздерінің органына айналдырды.— *6.*

[4] Әңгіме РСДРП II съезі қабылдаған партияның уставы туралы болып отыр.— *6.*

5 В. И. Ленин бұл жерде И. С. Тургеневтің «Дворян ұясы» романындағы өлеңін (қараңыз: И. С. Тургенев. Шығармалар жинағы, 2-т., 1954, 215-бет) өзінше өзгертіп айтып отыр.— *6*.

6 *Рабоче-делошылдар* — «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» органы «Рабочее Дело» журналының төңірегіне топтасқан «экономизмнің» жақтастары. Журнал Женевада 1899 жылдың апрелінен 1902 жылдың февралына дейін Б. Н. Кричевскийдің, П. Ф. Тепловтың (Сибиряктың), В. П. Иваншиннің, одан соң А. С. Мартыновтың да редакциялауымен шығып тұрды. 12 номері (тоғыз кітап) шықты. «Рабочее Дело» марксизмді «сынау бостандығының» бернштейншілдік ұранын қолдады және орыс социал-демократиясының тактикасы мен ұйымдық міндеттері мәселелерінде оппортунистік позицияда болды. Рабоче-делошылдар пролетариаттың саяси күресін экономикалық күреске бағындырудың оппортунистік идеяларын уағыздады, жұмысшы қозғалысының стихиялылығына бас иді, партияның басшылық ролін бекерге шығарды. Рабоче-делошылдар, бастан-аяқ орталықтандырылған астыртын ұйым құрудың лениндік идеясына қарсы шыққанда, Ленин атап көрсеткендей, самодержавие жағдайында «тартымды сөз болғанымен, бос сөз» (Шығармалар толық жинағы, 6-том, 152-бет) болып табылатын «кең көлемді демократизм» принципі деп аталатынды қорғады. «Рабочее Дело» ашық «экономистердің» органы «Рабочая Мысльды» қолдап отырды. «Рабочее Дело» редакторларының бірі (В. П. Иваншин) «Рабочая Мысльды» редакциялауға қатысты. Партияның II съезінде рабоче-делошылдар партияның нағыз оңшыл, оппортунистік қанатының өкілдері болды.—*7*.

7 *«Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің шетелдік өкілінің мәлімдемесі»* — Ф. В. Ленгниктің меньшевиктік «Искраныц» редакциясына жолдаған мәлімдемесі жөнінде айтылып отыр. «Искраның» редакциясы бұл мәлімдемені басудан бас тартқаннан кейін ол ерекше листок етіп шығарылды.— *27*.

8 Әңгіме 1903 жылы 17(30) июль — 10(23) августа болған РСДРП II съезі туралы болып отыр.— *29*

9 1903 жылы 13(26) ноябрьде Плеханов «Искраның» редакциясына оның бұрынғы меньшевик-редакторларын кооптациялады.— *30*.

10 Әңгіме Н. Е. Вилонов туралы болып отыр. В. И. Ленин оның хатына жауапты 1903 жылы декабрьде жіберді (қараңыз: Шығармалар, 34-том, 203—206-беттер).— *31*.

11 *«Демонстрациялар туралы»* деген заметка 1902 жылы 15 сентябрьде «Искраның» 25-номерінде басылған «Не істеу ке-

рек?» атты мақала жөнінде Петербург университетінің студенті А. Овсянниковтың 1902 жылы 6(19) октябрьде «Искраның» редакциясына жолдаған хатына («Демонстрациялар туралы мәселе жайында») жауап болып табылады.

В. И. Лениннің заметкасы «Искраның» 27-номерінде Овсянниковтың хатына редакция атынан берілген соңғы сөз ретінде жариялануға тиісті еді, алайда хат та, заметка да басылмай қалды.— *34.*

12 *«Финляндская Газета»* («Финляндия Газеті») — патша үкіметінің ресми органы; ол Финляндия генерал-губернаторының басқармасы жанынан 1900 жылдан 1917 жылға дейін Гельсингфорста шығып тұрды. Газет патша өкіметінің орыстандыру және ұлы державалық саясатын жүргізді.— *36.*

13 Ленин бұл жерде Сибирьдегі қазыналық жерлерді жеке адамдарға бөліп беру туралы 1901 жылғы 8(21) июньдегі заңды айтып отыр. Бұл заң жер иеленуші-дворяндарға ерекше жеңілдіктер берді. Ленин «Крепостниктер әрекет жасауда» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 92—98-беттер) деген мақаласында бұл заңды егжей-тегжейлі талдап, оған баға берді.— *36.*

14 *Зубатовшылдық* — «полициялық социализм» саясаты; бұл саясат 1901—1903 жылдарда, Москваның охранка бөлімшесінің бастығы жандарм полковнигі С. В. Зубатовтың инициативасы бойынша, жұмысшылардың назарын самодержавиемен саяси күрес жүргізуден басқа жаққа аудару мақсатында жария жұмысшы ұйымдарын құруға бағытталды. Зубатовтың жария жұмысшы ұйымдарын құру жолындағы қызметін ішкі істер министрі В. К. Плеве қолдады. Зубатовшылдар жұмысшы қозғалысын тар көлемді экономикалық талаптардың арнасына түсіруге, үкімет бұл талаптарды қанағаттандыруға әзір отыр деген пікірге жұмысшыларды иландыруға тырысты. Зубатовтық бірінші ұйым Москвада 1901 жылы майда құрылды, ол «Механикалық өндірістегі жұмысшылардың өзара жәрдемдесу қоғамы» деп аталды. Сондай-ақ Минскіде, Одессада, Вильнода, Киевте және басқа қалаларда да зубатовтық ұйымдар құрылды.

РСДРП II съезі «Кәсіпшілік күрес туралы» қарарында зубатовшылдықты «капиталистердің пайдасы үшін жұмысшы табының мүдделеріне ұдайы опасыздық жасау» саясаты деп сипаттап, зубатовшылдыққа қарсы күресу мақсатында партия ұйымдарының жария жұмысшы ұйымдары бастаған стачкаларды қолдап және бағыттап отырғаны дұрыс деп тапты (қараңыз: «РСДРП екінші съезі. 1903 жылғы июль — август. Протоколдар». М., 1959, 433-бет).

Зубатовшылдықтың реакциялық сипатын әшкерелей отырып, революцияшыл социал-демократтар жария жұмыс-

шы ұйымдарын жұмысшы табының қалың топтарын самодержавиемен күреске тарту үшін пайдаланды. Кейіннен Ленин былай деп жазды: «Сонымен, зубатовтық қозғалыс өз шеңберінен асып шығып, полицияның мүдделері үшін, самодержавиені қолдау мүдделері үшін, жұмысшылардың саяси санасын аздыру мүдделері үшін полиция бастаған бұл қозғалыс самодержавиеге қарсы бағытталып, пролетарлық тап күресінің дүмпуіне айналып келеді» (Шығармалар, 8-том, 81-бет).

1903 жылы революциялық қозғалыстың мықтап өрге басуының ықпалымен патша үкіметі зубатовтық ұйымдарды жоюға мәжбүр болды.— *38.*

15 *«Освобождение»* — екі апталық журнал; шетелде 1902 жылдың 18 июнінен (1 июлінен) 1905 жылдың 5(18) октябріне дейін П. Б. Струвенің редакциялауымен шығып тұрды. Журнал орыс либерал буржуазиясының органы болды, баяу-монархиялық либерализм идеяларын дәйекті түрде жүргізді. 1903 жылы журналдың төңірегінде «Азаттық одағы» топтасты (ол 1904 жылдың январында қалыптасып болды); бұл одақ 1905 жылдың октябріне дейін өмір сүрді. Земствошы-конституцияшылармен қатар «освобождениешілдер» 1905 жылдың октябрінде құрылған Россиядағы басты буржуазиялық партия — конституциялық-демократиялық партияның ұйтқысы болды.— *38.*

16 Бұл жерде «Искраның» 1902 жылғы 1 августағы 23-номерінің бас мақаласы — Л. Мартов жазған «Орыс либералдарының программасы» деген бас мақала жөнінде айтылып отыр.— *41.*

17 *«Заря»* («Таң») — маркстік ғылыми-саяси журнал; оны 1901—1902 жылдарда Штутгартта «Искраның» редакциясы жария түрде шығарып тұрды. «Заряның» барлығы төрт номері (үш кітап): 1901 жылдың апрелінде (іс жүзінде жаңаша 23 мартта шықты) — 1-номері, 1901 жылдың декабрінде — 2—3-номері, 1902 жылдың августында — 4-номері шықты. Журналдың міндеттері В. И. Ленин Россияда жазған ««Искра» мен «Заря» редакциялары мәлімдемесінің жобасында» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 349—361-беттер) белгіленген болатын. 1902 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясының ішінде туған алауыздықтар мен жанжалдар кезінде Плеханов журналды газеттен бөлу жобасын ұсынды (ондағы ойы «Заряны» редакциялауды өзіне қалдыру болатын), бірақ бұл ұсыныс қабылданған жоқ, сөйтіп бұл органдардың редакциясы ұдайы екеуіне ортақ күйінде қала берді.

«Заря» журналы халықаралық және орыс ревизионизмін сынап, марксизмнің теориялық негіздерін қорғады. «Заряда» Лениннің мына еңбектері басылды: «Кездейсоқ заметкалар»,

«Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», ««Сыншы» мырзалар аграрлық мәселе жөнінде» («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы), «Ішкі жағдайға шолу», «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы», сондай-ақ Г. В. Плехановтың: «Біздің сыншыларға сын. 1-бөлім. П. Струве мырза Маркстің әлеуметтік даму теориясының сыншысы ролінде», «Cant Кантқа қарсы немесе Бернштейн мырзаның рухани өсиеті» деген еңбектері және басқалары басылды.— *41.*

[18] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 459-бет.— *42.*

[19] Ленин Ф. Энгельстің «Анти-Дюринг» деген кітабынан цитат келтіреді (қараңыз: Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг», 1957, 172—173-беттер).— *43.*

[20] *Социалист-революционерлер* (эсерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», «Социалист-революционерлер партиясы» және т. б.) бірігуі нәтижесінде 1901 жылдың аяғында — 1902 жылдың басында құрылды. «Революционная Россия» газеті (1900—1905) мен «Вестник Русской Революции» журналы (1901—1905) оның ресми органдары болды. Эсерлердің көзқарастары халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қосындысы еді; эсерлер, Лениннің айтуынша, «марксизмді сәнді оппортунистік түрде «сынау» арқылы халықшылдықтың кемістіктерін жамап-жасқап түзетуге тырысады» (Шығармалар, 9-том, 315-бет). Эсерлер пролетариат пен шаруалардың арасындағы таптық айырмашылықтарды көрмеді, шаруалардың арасындағы таптық жіктелуді және қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін бекерге шығарды. Эсерлер самодержавиемен күрестің негізгі әдісі ретінде уағыздаған жеке-дара террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен зиян келтірді, бұқараны революциялық күреске ұйымдастыру ісін қиындатты.

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды, жердің теңгерме негізде пайдалану үшін қауымдардың қарамағына көшуін, сонымен бірге кооперациялардың қандайын болсын дамыта беруді көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» программасы деп көрсетуге тырысқан бұл программада социалистік дегеннен түк те жоқ еді, өйткені тек жерге ғана жеке меншікті жою, Лениннің көрсетіп бергеніндей, капиталдың үстемдігі мен бұқараның қайыршылығын жоя алмайды. Эсерлердің аграрлық программасының нақты, тарихи прогрестік мазмұны помещиктік жер иеленуді жою жолындағы күрес болды; бұл талап объективті түрде

буржуазиялық-демократиялық революция кезеңіндегі шаруалардың мүдделері мен талпыныстарын бейнеледі.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалистер болып көрінгісі келген әрекеттерін әшкерелеп отырды, шаруаларға ықпал жүргізу үшін эсерлермен табанды күрес жүргізді, олардың жеке-дара террор жасау тактикасының жұмысшы қозғалысы үшін зияндылығын ашып беріп отырды. Сонымен бірге большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте эсерлермен белгілі бір шарттармен, уақытша келісім де жасады.

Сайып келгенде, эсерлер партиясындағы идеялық-саяси тұрлаусыздыққа, ұйымдық бытырандылыққа, олардың либерал буржуазия мен пролетариат арасындағы ұдайы ауытқып отыруына шаруалардың таптық жағынан біртектес болмауы себеп болды. Бірінші орыс революциясы жылдарының өзінде-ақ эсерлер партиясынан оң қанаты бөлініп шығып, өзінің көзқарастары жағынан кадеттерге жақын жария «Халықтық-социалистік еңбек партиясын» (энестер) құрды, ал оның сол қанаты жартылай анархистік «максималистер» одағы болып қалыптасты. Столыпин реакциясы кезеңінде эсерлер партиясы идеялық және ұйымдық жағынан толық күйреді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңіп шыққаннан кейін меньшевиктермен және кадеттермен бірге эсерлер контрреволюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) оның құрамына кірді. Эсерлердің сол қанаты 1917 жылғы ноябрьдің аяғында солшыл эсерлердің дербес партиясын құрды. Шаруалар бұқарасы арасындағы өзінің ықпалын сақтауға тырысып, солшыл эсерлер формальды түрде Совет өкіметін таныған болды, большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай олар Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетелдік соғыс интервенциясы және азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық бүлдіру әрекетін жүргізді, интервенттер мен ақгвардияшыларды белсене қолдап отырды, контрреволюциялық қаскүнемдік әрекеттерге қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террор ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер ел ішінде және ақгвардияшыл эмиграция ордасында Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекеттерін одан әрі жүргізе берді.— *43.*

21 *«Революционная Россия»* («Революциялық Россия») — эсерлердің астыртын газеті; оны Россияда 1900 жылдың аяғынан бастап «Социалист-революционерлер одағы» шығарды (1900 жылы деп көрсетілген 1-номері іс жүзінде 1901 жылдың январында шықты). 1902 жылдың январынан 1905 жылдың декабріне дейін эсерлер партиясының ресми органы ретінде шетелде (Женевада) шығып тұрды.— *45.*

[22] *«Рабочая Мысль»* («Жұмысшы Ойы») — газет, «экономистердің» неғұрлым дәйекті органы; 1897 жылдың октябрінен 1902 жылдың декабріне дейін шығып тұрды. 16 номері шықты. Алғашқы екі номері Петербургте мимеографта басылды, 3—11-номерлері шетелде, Берлинде шықты; 12, 13, 14 және 15-номерлерін басу Варшаваға көшірілді; соңғы, 16-номері шетелде шықты. Газетті К. М. Тахтарев және басқалары редакциялады.

«Рабочая Мысльдің» халықаралық оппортунизмнің орыстық түрі ретіндегі көзқарастарын Ленин «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты» деген мақала мен «Не істеу керек?» деген кітабында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 260—297-беттер және 6-том, 1—211-беттер), сондай-ақ «Искра» газетінде жарияланған мақалаларда сынады.— *52.*

[23] Бұл жерде шетелдегі социал-демократиялық «Күрес» тобының басылымдары туралы айтылып отыр; бұл топқа Д. Б. Рязанов, Ю. М. Стеклов(Невзоров) және Э. Л. Гуревич (В. Даневич) кірді. Топ 1900 жылдың жазында Парижде қалыптасып, 1901 жылдың майында «Күрес» деп аталды. Орыс социал-демократиясындағы революциялық және оппортунистік бағыттарды келістіруге тырысып, «Күрес» тобы шетелдегі социал-демократиялық ұйымдар — «Искра» мен «Заря» редакциялары, «Социал-демократ» ұйымы, Бундтың шетелдік комитеті және «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағы» өкілдерінің Женевада конференциясын шақыру (июнь, 1901) инициативасын өзіне алды, РСДРП шетелдік ұйымдары «бірігу» съезінің (октябрь, 1901) жұмысына қатысты. 1901 жылдың ноябрінде топ программалық хабарландыру — ««Күрес» социал-демократиялық тобының басылымдары туралы хабарландыру» жасады. Топ өзінің басылымдарында («Партия программасын жасауға арналған материалдар», I—III кітаптар, ««Күрес» тобының жедел листогы» және басқалары) доктринерлік-схоластикалық рухта баяндауы арқылы марксизмнің революциялық теориясын бұрмалады, партияны құрудың лениндік ұйымдық принциптеріне дұшпандықпен қарады. Социал-демократиялық көзқарастар мен тактикадан тайғаны, іріткі салушы әрекеттері үшін және Россиядағы социал-демократиялық ұйымдармен байланысының жоқтығы себепті топ РСДРП II съезіне қатыстырылмады. II съездің шешімімен «Күрес» тобы таратылып жіберілді (қараңыз: «РСДРП екінші съезі», 1959, 438-бет).— *52.*

[24] *«Вестник Русской Революции. Социально-политическое обозрение»* («Орыс Революциясының Хабаршысы. Әлеуметтік-саяси шолу») — астыртын журнал; 1901—1905 жылдарда шетелде (Париж — Женева) шығарылып тұрды. Төрт номері шықты. 1-номерін Н. С. Русановтың (К. Тарасовтың) редакциялауымен «Ескі халық ерікшілері тобы» шығарды; 2-но

мерінен бастап «Вестник Русской Революции» — эсерлер партиясының теориялық органы. М. Р. Гоц (А. Левицкий), И. А. Рубанович, В. М. Чернов (Ю. Гарденин) және басқалары журналдың қызметкерлері болды.— *52.*

25 *«Россияны саяси азат ету жұмысшы партиясы»* — халықшылдық бағыттағы шағын ұйым; 1899 жылы Минскіде құрылды. Оны Л. М. Клячко (Родионова), Х. А. Гальперин, Г. А. Гершуни, М. А. Сладкопевцев және басқалары басқарды. Сондай-ақ Белостокта, Екатеринославта, Житомирде және кейбір басқа қалаларда ұйымның жеке топтары құрылды.

1900 жылы «Россияны саяси азат етудің жұмысшы партиясы» «Бостандық» атты программалық кітапша шығарып, онда саяси бостандықты, негізінен алғанда, террорлық әрекет жолымен жеңіп алу міндетін қойды. 1900 жылдың көктемінде ұйымды охранка бөлімшесі талқандады; оның жеке топтары бытыраңқы күйінде өмір сүрді. 1902 жылдың жазында олар эсерлер партиясына кірді.— *52.*

26 *Халық ерікшілдігі, халық ерікшілері* — «Жер және ерік» халықшылдық ұйымының жікке бөлінуі нәтижесінде 1879 жылы августа пайда болған террорист-халықшылдардың астыртын саяси ұйымы — «Халық еркінің» мүшелері. «Халық еркін» Атқару комитеті басқарды, оның құрамына А. И. Желябов, А. Д. Михайлов, М. Ф. Фроленко, Н. А. Морозов, В. Н. Фигнер, С. Л. Перовская, А. А. Квятковский және т. б. кірді. Халықшылдардың утопиялық социализмі позициясында қала отырып, халық ерікшілері саяси күрес жолына түсті, самодержавиені құлатып, саяси бостандықты жеңіп алуды ең маңызды міндет деп есептеді. Олардың программасы жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайланған «тұрақты халық өкілдігін» ұйымдастыруды, демократиялық бостандықтар жариялауды, жерді халыққа беруді және заводтар мен фабрикаларды жұмысшылардың қолына көшіру жөніндегі шараларды белгілеуді көздеді. «Халық ерікшілері,— деп жазды В. И. Ленин,— саяси күреске көшу арқылы бір адым алға басты, бірақ олар мұны социализммен байланыстыра алмады» (Шығармалар, 8-том, 61-бет).

Халық ерікшілері патша самодержавиесіне қарсы қаһармандық күрес жүргізді, бірақ «белсенді» батырлар мен «енжар» тобыр туралы қате теорияға сүйенген олар қоғамды қайта құруды халықтың қатынасуынсыз, өз күштерімен, жеке-дара террор жолымен, үкіметті қорқыту және оның берекесін кетіру жолымен іске асырмақшы болды. 1881 жылғы 1 марттан (II Александрдың өлтірілуі) кейін үкімет қатал қудалау, дарға асу, арандату жолымен «Халық еркі» ұйымын талқандады. Халық ерікшілері 80-жылдар бойына «Халық еркі» ұйымын қалпына келтіруге талай рет әрекет жасады, бірақ одан ештеңе шықпады. Мысалы, 1886 жылы

А. И. Ульянов (В. И. Лениннің ағасы) пен П. Я. Шевырев бастаған топ пайда болды; бұл топ «Халық еркінің» дәстүрлерін қолдады. 1887 жылы III Александрды өлтіруге сәтсіз әрекет жасалған соң, топ әшкереленіп, оның белсенді мүшелері дарға асылды.

Халық ерікшілерінің қате, утопиялық программасын сынай отырып, В. И. Ленин «Халық еркі» мүшелерінің патша өкіметімен қажырлы күресі жөнінде зор құрметтеген пікір айтты, олардың астыртын жұмыс тәсілі мен қатаң орталықтандырылған ұйымын жоғары бағалады.— *55.*

27 Бұл жерде В. И. Лениннің эсерлердің программасы мен тактикасы туралы рефераттары бойынша жарыссөзде сөйлеген: М. Р. Гоцтың (Рафаиловтың) — 1902 жылы 31 октябрьде (13 ноябрьде) Женевада және Х. И. Житловскийдің — 1902 жылы 1 немесе 2(14 немесе 15) ноябрьде Бернде сөйлеген сөздері жөнінде айтылып отыр.— *57.*

28 Әңгіме 1902 жылы 2—25 ноябрьде (15 ноябрь — 8 декабрьде) болған Ростовтағы стачка туралы болып отыр.— *62.*

29 Бұл жерде РСДРП Дон комитетінің 1902 жылы 6(19) ноябрьде басылып шығарылған «Барлық азаматтарға» деген прокламациясы жөнінде айтылып отыр. Бұл прокламация «Искраның» 1902 жылғы 1 декабрьдегі 29-номерінде көшіріліп басылды.— *65.*

30 Ленин К. Маркстің 1875 жылы 5 майда В. Браккеге жазған хатындағы: «Саны көп программадан шынайы қозғалыстың әрбір қадамы маңыздырақ» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы. II том, 1955, 7-бет) деген сөздері жөнінде айтып отыр.— *65.*

31 Бұл жерде 1902 жылғы 1 және 5 (14 және 18) май демонстрацияларына қатысқаны үшін сотқа тартылған Нижегород жұмысшылары П. А. Заломовтың, А. И. Быковтың, М. И. Самылиннің және Г. Е. Михайловтың сөздері жөнінде айтылып отыр. Бұл сөздерді олар 1902 жылғы 28—31 октябрьдегі (10—13 ноябрьдегі) сот процесінде сөйлеген болатын. Бұл іс бойынша демонстрацияға қатысушылардан барлығы 23 адам сотқа тартылды; олардың ішінен 13 адам соттың үкімімен Сибирьге өмір бойы тұруға жер аударылды.

Алғашта бұл сөздерді РСДРП Нижегород комитеті литографиялық тәсілмен жеке листок етіп шығарды. «Искра» редакциясына келіп түскен листоктың бір данасына Ленин *«Нижегород жұмысшылары сотта»* деген тақырып қойып, редакциялық алғы сөз (қараңыз: осы том, 68-бет) және әріп терушілерге: «Фельетон, *дереу* жеке оттиск жасалсын» деген т. б. нұсқау жазған. Листоктың тексті Лениннің алғы сөзімен 1902 жылы 1 декабрьде «Искраның»

29-номерінде көшіріліп басылды және осы номерден жеке оттиск ретінде басып шығарылды.— *66.*

32 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 771-бет.— *66.*

33 Бұл заметка орта мектептер оқушыларының Оңтүстік-орыс тобы басып шығарған «Орта мектептердің оқушыларына» атты листовка-үндеуге жазылған редакциялық соңғы сөз. Соңғы сөзді «Искра» редакциясына келіп түскен листовканың бір данасына Ленин жазды; соңғы сөзден басқа, ол «Орта мектептердің оқушыларына» деген тақырыпқа «жуырда оңтүстікте жарық көрген мынадай үндеу арналады» деген кіріспе сөздерді қоса жазған. Осындай түрде листовка 1902 жылы 1 декабрьде «Исkраның» 29-номерінде көшіріліп басылды.

Орта мектептер оқушыларының Оңтүстік-орыс тобы 1902 жылы майда Дондағы Ростовта пайда болды. 1902 жылғы августа топтың I съезі өтті. Съезде жоғарыда аталған үндеу қабылданды, онда топтың міндеттері оқушылар арасында революциялық және мәдени жұмыс жүргізу, астыртын әдебиетті тарату болып табылады деп көрсетілді. Топтың Орталық комитеті барлық оқушыларды кейін, мектеп қабырғасынан шыққан соң, оқушылар «Россия социал-демократиясының асқақ желбіреген қызыл туы астына» тұра алатындай болу үшін топтың бастамаларына жәрдемдесуге шақырды. Топ РСДРП Дон комитетінің басшылығымен жұмыс істеді, социал-демократиялық әдебиетті, оның ішінде «Искраны», «Заряны», К. Маркстің, Ф. Энгельстің, Г. В. Плехановтың және басқаларының жеке шығармаларының басылымдарын алып, таратты. 1902 жылдың октябрінен 1903 жылдың июніне дейін топтың Орталық комитеті 4000 данаға жуық листовка шығарып, таратты. Россияның оңтүстігіндегі он бір қаланың оқушыларымен топ ұдайы байланыс жасады. 1904 жылы топтың Орталық комитеті топты таратылды деп, ал оның барлық ұйымдары РСДРП-ға қосылды деп жариялады.— *69.*

34 *«Бостандық»* тобын 1901 жылдың май айында Е. О. Зеленский (Л. Надеждин) құрды; ол өзін «революциялық-социалистік» топ деп атады. Ленин «Бостандық» тобын «баянды, байсалды идеялары, программасы, тактикасы, ұйымы да жоқ, бұқараға тамыр да жаймаған» (Шығармалар, 20-том, 367, 368-беттер) «негізсіз топсымақтардың» қатарына жатқызды. Топ Швейцарияда «Свобода» журналын шығарып тұрды (екі номері: 1901 жылы 1-номері, 1902 жылы 2-номері шықты). Бұдан басқа, топ: «Революция қарсаңы. Теория мен тактика мәселелеріне мерзімді емес шолудың» 1-номерін, «Отклики» газет-журналының 1-номерін, «Россияда революционизмнің қайта тууы» деген программалық кітапшаны және басқаларын шығарды. «Бостандық» тобы терроризм

мен «экономизм» идеяларын уағыздады, петербургтік «экономистермен» сыбайласып, «Искраға» және РСДРП Петербург комитетіне қарсы шықты. Топ 1903 жылы өмір сүруін тоқтатты.

В. И. Лениннің *««Бостандық» тобы туралы»* заметкасы Л. Мартовтың «Бағыттардың күресі — демагогтарға жем» («Искра» № 30, 15 декабрь, 1902 ж.) деген мақаласына бет соңындағы ескерту болып табылады; Мартовтың мақаласы 1902 жылдың күзінде топтың петербургтік «экономистердің» искралық бағыттағы РСДРП Петербург комитетіне қарсы аттанысы туралы материалдар басылған ««Отклики» жұмысшы социал-демократиялық газет-журналына қосымшаларды» (№ 1, декабрь, 1902) шығаруына байланысты жазылған болатын. «Бостандық» тобының «Қосымшаларды» шығаруы петербургтік «экономистерді» қолдамақшы болған әрекеті еді.— *70.*

35 *«Экономизм»* — XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Россия социал-демократиясындағы оппортунистік ағым, халықаралық оппортунизмнің орыстық түрі. «Экономистердің» баспасөз органдары «Рабочая Мысль» (1897—1902) газеті мен «Рабочее Дело» (1899—1902) журналы болды. 1899 жылы Е. Д. Кускова жазған «Credo» Ленин орыс бернштейншілдері деп атаған «экономистердің» программалық документі болды.

«Экономистер» саяси күрес либерал буржуазияның ісі деп пайымдап, жұмысшы табының міндетін жалақыны арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту және т. б. жолындағы экономикалық күреспен шектеді. Олар жұмысшы табы партиясының басшылық ролін жоққа шығарды, партия қозғалыстың стихиялық процесіне жай ғана сырттай қарап отыруға, оқиғаларды тіркеуші ғана болуға тиіс деп есептеді. Жұмысшы қозғалысының стихиялылығы алдында бас иіп, «экономистер» революциялық теорияның, саналылықтың маңызын төмендетті, социалистік идеология стихиялық жұмысшы қозғалысынан тууы мүмкін деп пайымдады; олар жұмысшы қозғалысына социалистік сананы маркстік партияның сырттан енгізуі қажеттігін бекерге шығарды, сөйтіп бұл арқылы буржуазиялық идеологияға жол ашты. «Экономистер» жұмысшы табының орталықтандырылған партиясын құру қажеттігіне қарсы шығып, социал-демократиялық қозғалыстағы бытыраңқылық пен майдагерлікті қорғады. «Экономизм» жұмысшы табын таптық революциялық жолдан бұрып әкету, сөйтіп оны буржуазияның саяси шылауына айналдыру қаупін тудырды.

«Экономистердің» көзқарастарын кеңінен сынауға Лениннің мына шығармалары арналды: «Россия социал-демократтарының наразылығы» («Credo»-ға қарсы бағытталған,

Сибирьде айдауда жүргенде 1899 жылы жазылған және оған айдаудағы он жеті марксист қол қойған), «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты», ««Profession de foi» жөнінде», «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 260—297, 337—348-беттер, 5-том, 392—400-беттер). Ленин «Не істеу керек?» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер) деген кітабында «экономизмді» идеялық жағынан талқандауды аяқтап шықты. «Экономизмге» қарсы күресте лениндік «Искра» зор роль атқарды.— *70.*

36 Бұл жерде В. И. Ленин ««Отклики» жұмысшы социал-демократиялық газет-журналына қосымшада» (№ 1, декабрь, 1902) басылған «Петербургтен келген хат жөнінде» деген мақаланы айтып отыр.— *70.*

37 *«Бүкіл Россия азаматтарына»* деген прокламацияны РСДРП Дон комитеті 1902 жылы ноябрьде басып шығарды; ол 1902 жылы 2—25 ноябрьде (15 ноябрь — 8 декабрьде) Ростовта болған стачкаға арналды.

Прокламацияда «Правительственный Вестниктің» Ростовтағы оқиғалар туралы ресми хабары теріске шығарылды; бұл хабарда жұмысшылар тек экономикалық сипаты ғана бар-мыс санасыздық талаптар қойған «елірген тобыр» ретінде суреттелген болатын. Прокламацияда саяси сипаты айқын көрінген стачканың шын бейнесі қалпына келтірілді, патша әскерлерінің жұмысшылар мен олардың семьяларын айуандықпен жазалауы баяндалды. «Жұмысшылардың күресі қиын және қажырлы күрес,— делінді прокламацияның қорытынды бөлегінде,— ол көптеген құрбандықтарға және жеңілістерге ұшырауда, бірақ әрбір күн бізді жеңіске жақындата түсіп келеді, жұмысшылар бұқарасындағы революциялық жігердің күшін танытатын фактілер барған сайын көбейіп отыр... Бірнеше күннің ішінде Россияның оңтүстік-шығысында құйындатып өткен оқиғалар дауылы жұмысшы табының оянғанын, оның бойындағы өсіп жетілген таптық ынтымақтастық пен саяси сананың күшін көрсетіп берді... Қозғалыс бірден жарқын саяси сипат алды; бұған дейін насихат аз дарыған мыңдаған жұмысшылар самодержавиелік құрылыстың шын мәнін өз көздерімен көрді, сөйтіп саяси бостандықтың қаншалықты қажеттігін жан-тәнімен сезінді... Ростов оқиғаларының саяси тенденциялары азаттық қозғалысындағы пролетариаттың жетекшілік маңызын атап көрсетуге тағы да бір дәлел, сондықтан да ол барлық жерде тілектестік пен қолдау туғызуға тиіс, сонда бұл оқиғалардың маңызы баянды етіледі және Россияның бүкіл жұмысшы табының ынтымақтастығы көрсетіледі».

Прокламация жұмысшыларды патша үкіметінің зорлық-зомбылығына революциялық аттаныстармен жауап беруге шақырды. Ол мынадай сөздермен аяқталды:

«Донда лап етіп тұтанған өрт онан сайын лаулап күшейе берсін, дүркін-дүркін атылған мылтық гүрсіліне жауап ретінде демонстрациялардың үні жер жаңғырықтыра естілсін, құрбан болғандардың ыңыранған даусын наразылықтың қаһарлы үні күңірентетін болсын, елді қанаушы самодержавиеге барлық жерде, Ростовтағы сияқты бірауыздылықпен, өлім жазасына кесілген үкім шығарылсын!

Самодержавие жойылсын!

Болашақ революция жасасын!»

«Бүкіл Россия азаматтарына» деген прокламация В. И. Лениннің редакциялық кіріспесімен 1903 жылы 1 январьда «Искраның» 31-номерінде жарияланды және осы номерден жеке оттиск болып басылып шықты.

Прокламацияның «Искра» редакциясына келіп түскен данасында, редакциялық кіріспеден басқа, Ленин жазған мынадай сөздер бар: *«Дереу петитпен* теріліп, жеке оттиспен басылсын: *«Искраның» 31-номерінен бөлек оттиск»*, сондай-ақ әріптер санының есебі және терушілерге нұсқаулар да жазылған.— *72.*

38 Бұл жерде РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитеті туралы айтылып отыр. ««Ұйымдастыру комитетінің» құрылуы туралы хабар» Ленин жазған соңғы сөзбен қоса 1903 жылы 15 январьда «Искраның» 32-номерінде жарияланды (қараңыз: осы том, 95—99-беттер).— *75.*

39 Бұл жерде РСДРП I съезінде (март, 1898) қабылданған «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының манифесі» туралы айтылып отыр.— *79.*

40 *«Рабочая Газета»* («Жұмысшы Газеті») — Киевтегі социал-демократтар тобының астыртын органы; Киевте Б. А. Эйдельманның, П. Л. Тучапскийдің, Н. А. Вигдорчиктің және басқаларының редакциялауымен шығып тұрды. Екі номері: 1-номері — 1897 жылы августа, 2-номері сол жылдың декабрінде (ноябрьде шықты деп көрсетілген) шықты. Газет редакциясының мүшесі П. Л. Тучапский шетелге барған кезінде редакцияның тапсырмасы бойынша Г. В. Плехановты және «Еңбекті азат ету» тобының басқа мүшелерін «Рабочая Газетаның» 1-номерімен таныстырды, сөйтіп газетке қатысып тұруға олардың келісімін алды. «Рабочая Газетаның» редакциясы мүшелеріне жазған хатында Плеханов жалпы орыстық социал-демократиялық орган ретіндегі газетке жақсы баға берді және пролетариаттың саяси күресі мәселесіне көбірек көңіл бөлу қажеттігін айтты. 1898 жылы мартта болған РСДРП I съезі «Рабочая Газетаны» партияның ресми органы деп таныды. Алайда полицияның баспахананы талқандауы және съезде сайланған Орталық Комитет мүшелерін тұтқынға алуы салдарынан теруге тапсыруға дайындалып қойған газеттің үшінші номері жарық көрмей қалды.

1899 жылы Бундтың Орталық Комитеті газетті қайта шығара бастауға әрекет жасады, сөйтіп редакторлар тобы Ленинге газетті редакциялау, ал кейінірек оған жазып тұру жөнінде ұсыныс жасады. Ленин бұл ұсынысқа мақұлдаған жауап берді, бірақ ол редакторлар тобына өз тарапынан бірсыпыра шарттар, оның ішінде теориялық мәселелерге негізгі көзқарастар, ең таяудағы практикалық міндеттер және газеттің ұстайтын бағыты жөнінде редакцияның оның пікірімен санасуы жөнінде шарттар қойды. Бұл шарттарды Ленин «Редакторлар тобына хатта» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 193—195-беттер) баяндаған. Ленин «Рабочая Газетада» басқызу үшін жазған өзінің «Біздің программа», «Біздің таяудағы міндетіміз» және «Көкейтесті мәселе» (қараңыз: бұл да сонда, 202—214-беттер) деген мақалаларын осы хатқа қоса редакторлар тобына жіберді. Бірақ газетті шығару қайта басталмады, сөйтіп бұл мақалалар басылмай қалды.— *79.*

41 *«Работник»* («Қызметкер») — мерзімді емес жинақ, оны 1896—1899 жылдары Женевада «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» шығарып тұрды; жинақ «Одаққа» кірген «Еңбекті азат ету» тобының редакциялауымен шықты. Жинақты шығару Россия социал-демократтарының В. И. Ленин, Г. М. Кржижановский, Е. И. Спонти және басқалары қатысқан Петербургтегі кеңесінде (февраль, 1895) «Еңбекті азат ету» тобының алдына оның редакциялауымен жұмысшыларға арналған көпшілік әдебиетін шығару туралы мәселе қойылуымен байланысты қолға алынған болатын. «Работникті» шығару туралы шешімді «Одақ» Ленин шетелде жүрген кезде қабылдады; ол шетелге 1895 жылдың апрелінде жүріп кеткен еді. Жинақты шығару туралы Г. В. Плехановпен және П. Б. Аксельродпен келіскенде, Ленин оны «Еңбекті азат ету» тобының редакциялауы қажеттігін міндетті шарт ретінде қойды. 1895 жылдың сентябрінде Россияға қайтып келген соң, Ленин «Работникті» Россиядан жазылған мақалалармен және корреспонденциялармен қамтамасыз ету, оны басып шығаруға материалдық көмек ұйымдастыру жолында орасан зор жұмыс жүргізді және Вильноға, Москваға, Орехово-Зуевоға барған сапарында жергілікті социал-демократтармен осы басылымға жәрдемдесу жөнінде келісті. Тұтқындалғанына дейін (1895 жылдың декабрінде) Ленин өзінің «Фридрих Энгельс» деген мақала-некрологы (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 1—15-беттер) мен бірнеше корреспонденцияны әзірлеп, «Работниктің» редакциясына жіберді, олардың біразы (А. А. Ванеевтің, М. А. Сильвиннің, С. П. Шестерниннің жазғандары) жинақтың 1—2 және 5—6-номерлерінде жарияланды.

«Работниктің» барлығы 6 номері үш кітап болып шықты.

«Листок «Работника»» — 1896 жылдан 1898 жылға дейін Женевада ара-тұра шығып тұрды. «Листоктың» 10 номері шықты, оның ішінде 1—8-номерлері «Еңбекті азат ету» тобының редакциялауымен шықты. «Одақ» мүшелерінің көпшілігі «экономизмге» бет бұруымен байланысты «Еңбекті азат ету» тобы «Одақтың» басылымдарын редакциялаудан бас тартты, сол себепті «Листоктың» 9—10-номері (ноябрь, 1898) «экономистердің» редакциялауымен шықты.— *79.*

42 *«Жизнь»* («Өмір») — әдеби, ғылыми және саяси журнал; Петербургте 1897 жылдан 1901 жылға дейін шығып тұрды. Журналға «жария марксистер» (М. И. Туган-Барановский, П. Б. Струве және басқалары), алдыңғы қатарлы жазушылар мен сыншылар (А. М. Горький, А. П. Чехов, В. В. Вересаев, С. Г. Скиталец, И. А. Бунин, Е. А. Соловьев (Андреевич)) қатысып тұрды. «Жизнь» журналында К. Маркстің «Жалақы, баға және пайда» деген еңбегі басылды. Сонымен бірге онда В. И. Лениннің «Ауыл шаруашылығындағы капитализм (Каутскийдің кітабы мен Булгаков мырзаның мақаласы туралы)» және «П. Нежданов мырзаға жауап» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 101—162, 167—173-беттер) деген мақалалары да жарияланды.

1901 жылдың июнінде үкімет «Жизньді» жауып тастады; 1902 жылдың апрелінде шетелде «Жизнь» социал-демократиялық тобы (В. Д. Бонч-Бруевич, В. А. Поссе, В. М. Величкина, Г. А. және М. А. Куклиндер және басқалары) журналды қайта шығара бастады. Шетелде журналдың алты кітабы, «Листок «Жизнидің»» он екі номері, ««Жизнь» кітапханасының» жеке басылымдары шығарылды. «Жизнь» тобы социал-демократиялық көзқарастар мен тактикадан христиандық социализм және анархизм жағына ауытқуға жол берді. 1902 жылдың декабрінде топ өмір сүруін тоқтатты, ал баспа таратылып жіберілді.— *79.*

43 *Махайшылдар, махайшылдық* — марксизмге дұшпан анархистік ағым; басшысы — поляк социалисі В. К. Махайский (А. Вольский деген бүркеншік атпен жазып тұрды). Махайшылдардың программасы Махайскийдің «Парасатты жұмысшы» деген кітабында баяндалған (кітап үш бөлімнен құралады: бірінші және екінші бөлімдері 1899 және 1900 жылдарда Сибирьде, автор осында айдауда жүргенде, гектографқа басылып шықты, үшінші бөлімі 1904 жылы Женевада жарық көрді). Махайский арамтамақ тап деп есептеген интеллигенцияға дұшпандықпен қарау, жұмысшы табы мен революциялық интеллигенция арасында қарама-қарсылық тудыру махайшылдыққа тән сипатты белгі еді. Махайшылдардың ұйымдық жағынан қалыптаспаған және бір-бірімен байланысы жоқ жеке топтары Иркутскіде, Одессада, Варшавада, Петербургте және басқа қалаларда болды. Жұмысшы табының арасында махайшылдардың ықпалы мүлде аз еді.— *87.*

44 *Жұмысшы туышылдар* — 1897 жылдың екінші жартысында Петербургте құрылған «Жұмысшы туы» революциялық тобының мүшелері; топтың алғашқы аты — «Жұмысшы-революционерлер тобы» — бұлай деп 1896 жылы Белостокта құрылған топтың атымен аталды; Петербургтегі топтың онымен байланысы болды. 1898 жылы бұл топ өзін «Орыс социал-демократиялық партиясы» деп атады, бірақ РСДРП-ға кірген жоқ. «Экономистерге» қарсы шыға отырып және жұмысшылар арасындағы саяси насихатты бірінші кезекке қойғанымен, жұмысшы туышылдар партияның құрылысы туралы мәселеде теріс позицияда болды, олар дербес ұлттық орыс социал-демократиялық партиясын құру қажет деп есептеді. «Жұмысшы туының» топтары Киевте, Гроднода, Ковнода және басқа қалаларда болды. Жұмысшы туышылдардың саяси көзқарастары біртектес емес еді; олардың біразы халықшылдық бағыт топтарына қарай икемделді. Топ «Рабочее Знамя» деген астыртын газет шығарып тұрды (үш номері: 1-номері — 1898 жылғы майда Белостокта, 2-номері — 1900 жылғы мартта Лондонда, 3-номері — 1901 жылғы 7 февральда Киевте шықты); бірқатар кітапшалар, оның ішінде «Орыс жұмысшы партиясының міндеттері» деген программалық кітапшаны басып шығарды. «Жұмысшы туы» топтарының құрамы жиі өзгеріп отырды, өйткені оның мүшелері жиі тұтқынға алынды. 1901 жылы патша охранкасы бұл топты талқандады. «Жұмысшы туының» көрнекті қайраткерлері — В. П. Ногин, С. В. Андропов және басқалары «Искраның» позициясына көшті, ал топтың екінші бөлігі — Б. В. Савинков, И. П. Каляев және басқалары, сондай-ақ «Жұмысшы туының» Киев комитеті эсерлерге қосылды.— *87.*

45 *«Московские Ведомости»* («Москва Ведомостары») — ежелгі орыс газеттерінің бірі; Москва университеті 1756 жылдан бастап (алғашта шағын листок түрінде) шығарып тұрды. 1863—1887 жылдарда барып тұрған реакционер және шовинист М. Н. Катков «Московские Ведомостидің» бастырушы-редакторы болды. Бұл жылдарда газет помещиктер мен дін басыларының неғұрлым реакцияшыл топтарының көзқарастарын уағыздаған монархиялық-ұлтшыл органға айналды; 1905 жылдан «Московские Ведомости» — қаражүздіктердің басты органдарының бірі. 1917 жылғы Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін шығып тұрды.— *88.*

46 Бұл жерде және одан әрі «Искра» газетінің редакциясы туралы айтылып отыр.— *89.*

47 *РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитеті (ОК)* 1902 жылы 2—3 (15—16) ноябрьде Псковта өткен кеңесте құрылды.

Ұйымдастыру комитетін құруға РСДРП комитеттері мен ұйымдарының Белосток конференциясында (23—28 март (5—

10 апрель), 1902 жыл) алғаш рет әрекет жасалған еді; бұл конференция «экономистер» мен бундшылдардың инициативасы бойынша шақырылды. Оған РСДРП Петербург және Екатеринослав комитеттерінің, РСДРП оңтүстік комитеттері мен ұйымдары одағының, Бунд Орталық Комитетінің және оның Шетелдік комитетінің, «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» және «Искра» ұйымының («Искраның» өкілі Ф. И. Данның «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасының» мандаты болды) өкілдері қатысты. Конференцияда сайланған Ұйымдастыру комитеті: «Искраның» өкілі Ф. И. Дан, «РСДРП оңтүстік комитеттері мен ұйымдары одағының» өкілі О. А. Ерманский және Бунд Орталық Комитетінің өкілі К. Портной жұмысты қолға алып үлгірмеді, өйткені конференциядан кейін көп ұзамай оның екі мүшесі тұтқынға алынды.

В. И. Ленин 1902 жылдың көктемі мен жазында «Искраның» орыс ұйымы мүшелеріне — Петербургтегі И. И. Радченкоға, Самарадағы Ф. В. Ленгникке — жазған хаттарында искрашылдар жетекші роль атқаратын жаңа Ұйымдастыру комитетін құру міндетін қойды. Сонымен бірге Ленин Белосток конференциясының шешімдерімен сабақтастықты сақтау үшін Бундтың өкілін Ұйымдастыру комитетінің құрамына енгізу қажет деп санады, бірақ бұл үшін Бундтың орыс социал-демократиясының істеріне ықпал жүргізуге тырысатын әрекеті бейтараптандырылатын болуы тиіс деген шарт қойды. Ұйымдастыру комитетін құру жөніндегі жұмыс түгелдей искрашылдардың қолында болды. Искрашылдардың 1902 жылы 2(15) августа Лондонда Лениннің басқаруымен өткен кеңесінде (оған В. П. Краснуха, П. А. Красиков және В. А. Носков қатысты) орыс Ұйымдастыру комитетінің ұйтқы тобы құрылды. Ұйымдастыру комитетіне Бундтың және осы кезде «Искрамен» жақындаспақшы ниеті бар екені байқалған «Южный рабочий» тобының өкілдерін шақыруға, сондай-ақ Ұйымдастыру комитетіне жаңа мүшелерді кооптациялау правосын беруге ұйғарылды.

Социал-демократиялық ұйымдар өкілдерінің 2—3 (15—16) ноябрьде Псковта, П. Н. Лепешинскийдің пәтерінде, өткен кеңесінде Ұйымдастыру комитеті құрылды, оның құрамына: РСДРП Петербург комитетінен — В. П. Краснуха, «Искраның» орыс ұйымынан И. И. Радченко және «Южный рабочийден» Е. Я. Левин енгізілді. Сонымен бірге Ұйымдастыру комитетінің құрамына «Искраның» орыс ұйымынан — П. А. Красиков, Ф. В. Ленгник, П. Н. Лепешинский, Г. М. Кржижановский, РСДРП Солтүстік одағынан — А. М. Стопани кооптацияланды. Кеңесте ««Ұйымдастыру комитетінің құрылуы туралы хабардың» тексті қабылданды, ол 1902 жылдың декабрінде Россияда жеке листок болып басылды.

Бундтың өкілі бұл кеңеске келмеді, ал ««Ұйымдастыру комитетінің» хабары» «Искрада» жарияланғаннан кейін көп

кешікпей Бунд өзінің «Последние Известия» атты газетінде Ұйымдастыру комитетіне қарсы шығып, Ұйымдастыру комитетінің міндеттері және съезді шақырудың шарттары жөніндегі өздерінің ерекше көзқарастарын баяндады. Ленин 1903 жылы 1 февральда «Искраның» 33-номерінде жарияланған «Бундтың мәлімдемесі жөнінде» (қараңыз: осы том, 101—108-беттер) деген мақаласында Бундтың позициясын қатты сынға алды. Бұдан кейінгі жерде Бундтың өкілдері Ұйымдастыру комитетінің жұмысына қатысып отырды. Бұған қарамастан, Ленин Ұйымдастыру комитетіне жазған хаттарында Бундпен титтей де ымырашылдыққа жол бермеуді және «съезде Бундпен күресу үшін барлық жерде және барлық жұрттың арасында негіз дайындауды» (Шығармалар, 34-том, 144-бет) талап етті.

Псковтағы кеңестен соң екінші күні Ұйымдастыру комитетінің үш мүшесі — искрашылдар И. И. Радченко, В. П. Краснуха және П. Н. Лепешинский тұтқынға алынды. Бұл жағдай Ұйымдастыру комитетінің одан арғы жұмысына ауыр зардабын тигізді, өйткені Ұйымдастыру комитетінің құрамы әр түрлі болуы себепті оған искрашылдардың ықпалы біршама әлсіреп қалды.

«Хабар» жарияланған соң Петербург, Москва, Киев, Харьков, Екатеринослав, Дон, Тифлис, Баку, Тула, Саратов, Брянск комитеттері, Солтүстік одақ, Сибирь одағы, Тау-кен завод жұмысшылары одағы Ұйымдастыру комитетін оның атқаратын барлық қызметі тұрғысынан таныды. Одесса және Николаев комитеттері Ұйымдастыру комитетін тани отырып, оның Орталық Комитеттің кейбір қызметтерін атқаруды өзі алмағаны дұрыс болады деп тапты. Тек Воронеж комитеті ғана ерекше позицияда болды, ол «Искра» мен Ұйымдастыру комитетіне қарсы бағытталған листок шығарды.

1903 жылы февральдың алғашқы күндерінде Орелда Ұйымдастыру комитетінің екінші кеңесі болды, онда «Искраның» орыс ұйымынан — Р. С. Гальберштадт пен Е. М. Александрова, «Южный рабочийдің» өкілі В. Н. Розанов, Бундтың өкілі К. Портной Ұйымдастыру комитетінің құрамына енгізілді. Искрашылдар Б. И. Гольдман, А. П. Доливо-Добровольский, Р. С. Землячка және бундшыл И. Л. Айзенштадт Ұйымдастыру комитетіне кандидаттар болып бекітілді. Кеңесте съезд уставының жобасы мен съезге қатысуға праволы ұйымдардың тізімі жасалды және қабылданды. Съезд уставының жобасы жергілікті комитеттерге жіберілді, бұдан соң Ұйымдастыру комитетінің мүшелері жергілікті комитеттерді аралап шықты. Ұйымдастыру комитетінің бюросы жергілікті ұйымдарда устав жобасын талқылаудың қорытындысын шығарып, съезге қатысуға правосы барлардың тізіміне Ұйымдастыру комитеті кіргізген 16 ұйымның кемінде үштен екісі устав жобасының әрбір пунктін қабылдауды жақтап дауыс бергенін анықтады. Сонымен, съездің уставы жергілікті

ұйымдарда қабылданды және бекітілді. Осы уставқа сүйене отырып, Ұйымдастыру комитеті партияның II съезін әзірлеу жөніндегі жұмысты одан әрі өрістетті.

Ұйымдастыру комитетінің ойдағыдай жұмыс істеп, съезді шақыруға қол жетуі искрашылдардың жұмысына басшылық еткен В. И. Ленин бастаған «Искра» редакциясы мен ұйымы орыс революциялық социал-демократтарын біріктіру жолында жүргізген орасан зор жұмыстардың нәтижесінде ғана мүмкін болды. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында былай деп жазды: «Ұйымдастыру комитеті *ең алдымен* съезд шақырушы комиссия болды, әдейі, Бундқа дейінгі, түрлі сарындардың өкілдерінен құралған комиссия болды; ал шынында партияның ұйымдық бірлігін *жасау* жөніндегі жұмысты толығынан «Искра» ұйымының бір өзі атқарды» (Шығармалар, 7-том, 288-бет).— *95.*

48 *«Орыс Ұйымдастыру комитетінің Лигаға, Одаққа және Бундтың Шетелдік комитетіне үндеуінің жобасын»* В. И. Ленин мынадай жағдайда жазған. 1903 жылы 22 январьда (4 февральда) Ленин «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына» жіберілген хатын алды; бұл хатта «Одақ» партияның II съезін шақыру жөніндегі орыс Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімшесін құруды қажет деп санайтыны айтылған. Ленин 22 немесе 23 январьда (4 немесе 5 февральда) Лиганың «Одаққа» қайтаратын жауабының жобасын жазды, онда Лиганың «Одақтың» пікірімен келісетіні, бірақ Россиядағы Ұйымдастыру комитетінен шақыру алғанға дейін оның шетелдік бөлімшесін құру тиімді емес және мұның өзі оншама толық дұрыс та бола коймайды деп санайтыны хабарланды (қараңыз: Шығармалар, 34-том, 131—132-беттер). Мұнымен бірге Ленин орыс Ұйымдастыру комитетінің Лигаға, «Одаққа» және Бундтың Шетелдік комитетіне үндеуінің жобасын жазып, Парижге келген орыс Ұйымдастыру комитетінің мүшелері П. А. Красиковпен және В. А. Носковпен бірлесіп талқылауы үшін оны 23 январьда (5 февральда) сонда, Парижге, Мартовқа жіберді. «Искраның» өскен ықпалын әлсірету мақсатында «Одақтың» мүшелері мен бундшылдар Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімшесін құруға және оны орыс Ұйымдастыру комитетімен тең праволы жағдайға қоюға тырысатынын күні бұрын болжаған Ленин 1903 жылы 23 январьда (5 февральда) Мартовқа жолдаған хатында былай деп жазды: «Ұйымдастыру комитеті *өзінің* шетелдік бөлімінің функциясын minimum-ге түсіретін болсын. Шетелдік бөлім (бірігуді дайындау мағынасында) тек болғаны *шетелдік* істерді «басқарып», орыс комитетіне *көмектеседі.* Сәл де болса осы шектен арғы өзге мәселенің бәрінде де Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімі *орыс Ұйымдастыру комитетінің пікірі мен шешімін сұрап отыруға тиіс»* (Шығармалар, 34-том, 134-бет). Ұйымдас-

тыру комитетінің шетелдік бөлімшесі мына құрамда құрылды: «Искраның» редакциясынан — Л. Г. Дейч; Бундтан — А. И. Кремер; «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағынан» — Н. Н. Лохов (Ольхин).— *100.*

49 Бұл арада РСДРП комитеттері мен ұйымдарының 1902 жылы 23—28 мартта (5—10 апрельде) өткен Белосток конференциясы туралы айтылып отыр.— *100.*

50 *«Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы»* В. И. Лениннің инициативасымен 1901 жылы октябрьде құрылды. Лигаға «Искраның» шетелдік ұйымы, «Социал-демократ» ұйымы кірді; «Социал-демократтың» құрамында «Еңбекті азат ету» тобы болды.

Лиганы құрмастан бұрын Женевадағы конференцияда (июнь, 1901) бұл ұйымдарды «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағымен» біріктіруге әрекет жасалған болатын. Конференцияда Россияның барлық социал-демократиялық күштерін топтастыру, атап айтқанда, шетелдік социал-демократиялық ұйымдарды біріктіру қажет деп таныған және қандай түрде көрінсе де оппортунизм атаулыны айыптаған қарар («принципті келісім») қабылданды. Қалыптаса бастаған бұл жақындасу 1901 жылы 21—22 сентябрьде (4—5 октябрьде) болған «бірігу» съезінде ресми түрде баянды етілуі тиіс еді. Съезде «Одақ» бұрынғысынша оппортунистік позицияда қалып отырғаны анықталған соң, съездің революцияшыл бөлігі («Искра» ұйымы мен «Социал-демократ» тобының мүшелері) бірігудің мүмкін еместігі туралы мәлімдеме жариялап, съезді тастап кетті. «Бірігу» съезінен кейін көп кешікпей осы ұйымдар құрған Шетелдік лига, оның уставы бойынша, «Искра» ұйымының шетелдік бөлімі болып табылды. Ол шетелдегі орыс социал-демократтарынан «Искраны» жақтаушылар қатарына кісілер тартты, «Искраны» шығаруға материалдық көмек көрсетті, газеттің Россияға жеткізілуін ұйымдастырды, көпшілікке арналған маркстік әдебиет басып шығарды. Лига бірнеше «Бюллетень» мен кітапша, оның ішінде Лениннің «Деревня кедейлеріне» атты кітапшасын шығарды.

РСДРП II съезі Лиганы комитет правосымен тең правосы бар бірден-бір шетелдік партия ұйымы ретінде бекітті, мұның өзінде Лига орыс социал-демократиялық қозғалысына тек партияның Орталық Комитеті тағайындайтын адамдар мен топтар арқылы ғана жәрдемдесе алады деп көрсетті.

РСДРП II съезінен кейін Шетелдік лигада меньшевиктер орнығып алып, Ленинге қарсы, большевиктерге қарсы күрес ашты. Меньшевиктер 1903 жылы октябрьде өткен Лиганың II съезінде Лиганың жаңа уставын қабылдаттырды. Бұл устав РСДРП II съезінде қабылданған партияның уставына қарсы бағытталды. Осы уақыттан бастап Лига меньшевизмнің тірегіне айналды; ол 1905 жылға дейін өмір сүрді.— *100.*

51 *«Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы»* 1894 жылы «Еңбекті азат ету» тобының инициативасымен одақтың барлық мүшелері осы топтың программасын мойындауы керек деген шартпен құрылды. «Одақтың» басылымдарын редакциялау топқа жүктелді, сөйтіп 1895 жылғы мартта топ өзінің баспаханасын «Одақтың» пайдалануына берді. 1895 жылдың жазында, В. И. Ленин шетелде болған кезде, «Еңбекті азат ету» тобының редакциялауымен «Одақтың» «Работник» жинағын шығаруы туралы шешім қабылданды. «Одақ» «Работниктің» 6 номерін, «Листок «Работниканың»» 10 номерін, В. И. Лениннің «Штрафтар туралы заңды түсіндіру» (1897) деген кітапшасын, Г. В. Плехановтың «Орыс социал-демократиясына қарсы жаңа жорық» (1897) деген еңбегін және басқаларын шығарды.

РСДРП I съезі «Одақты» партияның шетелдегі өкілі деп таныды. Одан әрі «Одақта» оппортунистік элементтер — «экономистер» («жастар» деп аталатындар) басым болды. «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» 1898 жылдың ноябрінде Цюрихте өткен I съезінің оппортунистік көпшілігі РСДРП I съезінің «Манифесімен» ынтымақтастық білдіруден бас тартты. Осымен байланысты «Еңбекті азат ету» тобы съезде мынаны мәлімдеді: «Работниктің» баспаға әзірленіп қойған 5—6-номері мен В. И. Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» және «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапшаларын қоспағанда, топ «Одақтың» басылымдарын редакциялаудан бас тартады. 1899 жылдың апрелінде «Одақ» «Рабочее Дело» журналын шығаруға кірісті, оның редакциясына «экономистер» Б. Н. Кричевский, В. П. Иваншин, П. Ф. Теплов кірді. «Одақ» Э. Бернштейннің, мильераншылдардың және басқаларының атына тілектестік білдірген мәлімдемелер жасады.

«Одақ» ішіндегі күрес оның II съезіне (апрель, 1900) дейін созылды және съезде де тоқтаған жоқ. «Еңбекті азат ету» тобы және оның бір пікірлестері съезді тастап кетіп, дербес «Социал-демократ» ұйымын құрды.

РСДРП II съезінде «Одақтың» өкілдері (рабоче-делошылдар) мейлінше оппортунистік позицияда болып, съезд «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасын» партияның шетелдегі бірден-бір ұйымы деп танығаннан кейін съезді тастап кетті. «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» II съездің шешімімен таратылып жіберілді (қараңыз: «РСДРП екінші съезі», 1959, 438-бет).— *100.*

52 *Бунд* («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы Вильнодағы еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай съезінде құрылды; көбінесе Россияның батыс облыстарындағы еврей қолөнершілерінің жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. РСДРП I съезінде (1898) Бунд РСДРП құрамына «автономиялы ұйым ретінде кіреді, ол тек еврей пролетариатына

қатысы бар мәселелерде ғана дербес ұйым болады» («КПСС съездерінің, конференцияларының, Орталық Комитет пленумдарының қаулылары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет).

Бунд Россияның жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылдың апрелінде Бундтың IV съезі РСДРП-мен ұйымдық қатынастарды өзгертуге қаулы алды, ал бұл қатынастарды РСДРП I съезі белгілеген болатын. Бундтың съезі өзінің қарарында ол РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бірлестігі деп қарайды, ал Бунд оған федерациялық бөлік ретінде кіруге тиіс деп мәлімдеді.

РСДРП II съезінде, Бундтың өзін еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану жөніндегі талабын съезд қабылдамай тастағаннан кейін, Бунд партиядан шықты. 1906 жылы IV («Бірігу») съезінің шешімі негізінде, Бунд қайтадан РСДРП құрамына кірді.

РСДРП-ның ішінде бундшылдар ұдайы партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) қолдап, большевиктер мен большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөніндегі большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия талабын қарсы қойды. Столыпиндік реакция жылдарында Бунд жойымпаздық позицияда болды, антипартиялық Август блогын құруға белсене қатысты. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде бундшылдар социал-шовинизм позициясында тұрды. 1917 жылы Бунд контрреволюциялық Уақытша үкіметті қолдады, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында Бундтың басшылары контрреволюция күштерімен қосылып кетті. Сонымен қатар Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасуды жақтаған бет бұрыс та байқалды. 1921 жылдың мартында Бунд өзін өзі таратты, ал оның мүшелерінің біразы жалпы негізде РКП(б) қатарына қабылданды.— *100.*

53 *«Последние Известия»* («Соңғы Хабарлар»)— Бундтың Шетелдік комитетінің бюллетені; 1901—1906 жылдарда Лондонда және Женевада шығарылып тұрды.— *101.*

54 Бұл жерде «Искраның» Россияда жұмыс жүргізген искрашылдарды біріктірген ұйымы туралы айтылып отыр. «Искраны» шығаруға әзірлік кезінің өзінде-ақ және ол құрылғаннан соңғы алғашқы жылы (1900 жылдың декабрі — 1901 жылдың декабрі) «Искра» агенттерінің жүйесі құрылған болатын, олар — П. Н. және О. Б. Лепешинскийлер, П. А. Красиков, А. М. Стопани, Г. М. және З. П. Кржижановскийлер, С. И. және Л. Н. Радченколар, А. Д. Цюрупа, Н. Э. Бауман, И. В. Бабушкин және басқалары — Россияның түрлі қалаларында жұмыс істеді. Бірқатар қалаларда (Петербургте,

Псковта, Самарада, Полтавада және басқаларында) «Искраға» жәрдемдесу топтары құрылды. Искрашылдардың қызметі «Искраны» шығаруға ақша жинау, «Искра» редакциясына хат-хабарлар жіберіп тұру, газетті жеткізу және тарату, «Искраны» Россияда басып шығару үшін қажетті техниканы табу болды. Бұл кезеңде, жеке агенттер сияқты, искрашыл топтардың да бір-бірімен байланысы әлі аз еді, олар негізінен «Искраның» редакциясымен тікелей байланыс жасады.

Революциялық қозғалыстың өсуі, сондай-ақ практикалық жұмыстың өскелең көлемі искрашылдардың күштерін біріктіру, олардың жұмысына жоспарлылық пен ұйымшылдық енгізу қажеттігін туғызды, бұлай етілген күнде ол басты міндеттің шешілуіне — «экономистер» таратып отырған майдагерлікті жойып, социал-демократиялық комитеттерді «Искра» жағына қаратып алуға жәрдемдескен болар еді. Осымен байланысты Ленин Россияның социал-демократиялық ұйымдарын біртұтас орталықтандырылған маркстік партияға біріктіруді әзірлей алатын жалпы россиялық искралық ұйымды құру жоспарын ұсынған болатын. Ленин бұл жоспарын алғаш рет «Неден бастау керек?» (май, 1901) деген мақаласында баяндады, кейіннен оны «Не істеу керек?» атты кітапшасында (1901 жылдың күзі — 1902 жылдың февралы) (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 1—13-беттер, 6-том, 1—211-беттер) егжей-тегжейлі зерттей отырып жасады.

Россияда біртұтас искралық ұйымды құрудың жоспарын жүзеге асырғанда Ленин мен оның жақтастарына жекелеген практик-искрашылдар арасында кездескен жершілдік (облысшылдық) тенденцияларды жеңуге тура келді. «...Мынаны айтуға тиіспіз,— деп жазды Ленин 1901 жылы июльде С. О. Цедербаумға жолдаған хатында,— затында «Искраның» россиялық ұйымының қандай да болсын аудандық немесе жергілікті орган шығару жөніндегі қандай да болсын жоспарын біз сөзсіз теріс және зиянды жоспар деп есептейміз. «Искра» ұйымы күштерді бұл ұйымсыз да керегінен көп болып отырған *бөлшектеу* үшін емес, «Искраға» көмек етіп, дамыту үшін, осы арқылы партияны *біріктіру* үшін өмір сүреді» (Шығармалар, 34-том, 66-бет).

1902 жылдың январында Самарада искрашылдардың съезі болды, оған Г. М. және З. П. Кржижановскийлер, Ф. В. Ленгник, М. А. Сильвин, В. П. Арцыбушев, Д. И. және М. И. Ульяновтар және басқалары қатысты. Осы съезде «Искраның» россиялық ұйымының бюросы құрылды. Қабылданған шешімдерде «Искра» ұйымы мүшелерінің бір-бірімен және «Искра» редакциясымен байланыс жасауының тәртібі, ақша жинаудың және қаржыны бөлудің тәртібі, социал-демократиялық комитеттер мен жергілікті баспасөз органдары жөнінде искрашылдардың міндеттері белгіленді. Негізгі міндетті жүзеге асыру үшін — комитеттерді «Искра» ұйымына қосып алу, сөйтіп оны жалпы партиялық орган ретінде та-

ныту үшін — Россияның түрлі аудандарына жүріп кетуге ұйғарылды. «...Сіздердің бастамаларыңыз,— деп жазды В. И. Ленин съезді ұйымдастырушыларға,— бізді қатты қуантты. Ура! Нақ осылайша! Кеңінен құлаш сермеңдер! Және де еркінірек, инициативалырақ қимылдаңдар — сіздер бірінші болып осылайша кеңінен бастадыңыздар, демек, одан арғы жалғасы да ойдағыдай болады!» (Лениннің VIII жинағы, 221-бет).

1902 жылдың февралында бірқатар искрашылдардың тұтқынға алынуы съездің шешімдерін жүзеге асыруды қиындатты. Алайда, бұған қарамастан, Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабымен қаруланған искрашылдар партияны құрудың лениндік жоспарын насихаттау және оны іс жүзіне асыру жөнінде жігерлі жұмысты өрістетті. «Искраның» российялық ұйымы революциялық марксизм принциптері негізінде партия ұйымдарының нақты бірлігіне жетуде зор нәтижелерге ие болды. 1902 жылдың аяғына қарай аса маңызды социал-демократиялық комитеттердің барлығы дерлік өздерінің «Искрамен» ынтымақтас екенін мәлімдеді.

1902 жылы 2—3 (15—16) ноябрьде Псковта өткен кеңесте искрашылдардың нағыз белсене қатысуымен партияның II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитеті құрылды және искралық ұйымдар өздерінің барлық байланысын осы комитетке табыс етті. «Искраның» российялық ұйымы партияның II съезіне дейін өмір сүрді және ол Россияда революциялық маркстік партияны құрған съезді әзірлеу және оны шақыру ісінде маңызды роль атқарды.— *103.*

55 *«Южный рабочий»* тобы — 1900 жылдың күзіне таман Россияның оңтүстігінде осы аттас газеттің төңірегінде қалыптасқан социал-демократиялық топ. Газет 1900—1903 жылдарда астыртын түрде шығарылды, оның барлығы он екі номері шықты; бірінші номерін 1900 жылдың январында РСДРП Екатеринослав комитеті шығарды. Топтың құрамына және газеттің редакциясына түрлі уақыттарда И. Х. Лалаянц, А. Виленский, О. А. Коган (Ерманский), Б. С. Цейтлин, Е. Я. және Е. С. Левиндер, В. Н. Розанов және басқалары кірді.

«Южный рабочий» тобы «экономистерге» қарама-қарсы пролетариаттың саяси күресін, самодержавиені құлатуды аса маңызды міндет деп санады, терроризмге қарсы шықты, бұқаралық революциялық қозғалысты өрістетуді жақтады және Россияның оңтүстігінде едәуір революциялық жұмыс жүргізді. Сонымен бірге топ либерал буржуазияның ролін асыра бағалады және шаруалар қозғалысына мән бермеді. Революцияшыл социал-демократтарды «Искраның» төңірегіне біріктіру жолымен орталықтандырылған маркстік партияны құрудың искралық жоспарына «Южный рабочий» тобы облыстық социал-демократиялық бірлестіктерді құру жолымен РСДРП-ны қалпына келтіру жоспарын қарсы

қойды. 1901 жылдың декабрінде Россияның оңтүстігіндегі РСДРП комитеттері мен ұйымдарының съезі шақырылып, онда «РСДРП оңтүстік комитеттері мен ұйымдарының одағы» құрылуы, «Южный Рабочий» газетінің оның органы болуы осы жоспарды жүзеге асырудың нақты әрекеті еді. Бұл әрекет өмірге икемді болмады («Южный рабочий» тобының бүкіл ұйымдық жоспары секілді), сөйтіп жаппай сәтсіздіктерден кейін 1902 жылдың көктемінде «Одақ» тарап кетті. «Южный рабочий» тобының тұтқындалудан аман қалған мүшелері 1902 жылдың августында россиялық социал-демократияның бірлігін қалпына келтіру жөнінде бірлесіп жұмыс істеу туралы «Искраның» редакциясымен келіссөздер жүргізді. Топтың «Искрамен» ынтымақтастық туралы мәлімдемесінің (1902 жылы 1 ноябрьде «Искраның» 27-номерінде және 1902 жылы декабрьде «Южный Рабочийдің» 10-номерінде жарияланды) Россияның социал-демократиялық күштерінің бірігіп нығаюы үшін зор маңызы болды. 1902 жылдың ноябрінде «Южный рабочий» тобының мүшелері партияның II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетін құруға, ал кейіннен оның жұмысына да қатысты. Алайда «Южный рабочий» тобы бұл кезеңде де дәйекті революциялық позицияда болған жоқ; оның қызметінде сепаратистік тенденциялар байқалып отырды, бұл ең алдымен оның «Искрамен» қосарландыра тағы бір жалпы россиялық газет шығару жоспарын ұсынуынан көрінді. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген еңбегінде «Южный рабочий» тобын ««Искраны» басшы орган деп сөзде ғана тапып, іс жүзінде өздерінің ерекше жоспарларын көздеп жүрген, принцип жағынан тұрақсыз болған ұйымдардың» (Шығармалар, 7-том, 213—214-беттер) қатарына жатқызды. Партияның II съезінде «Южный рабочий» тобының делегаттары «центрдің» (Ленин «центрдің» өкілдерін «орташа оппортунистер» деп атады) позициясында болды.

РСДРП II съезі, барлық жекелеген дербес өмір сүрген социал-демократиялық топтар мен ұйымдар сияқты, «Южный рабочий» тобын да таратуға қаулы етті (Қараңыз: «РСДРП екінші съезі», 1959, 439-бет).— *103.*

56 Бұл арада 1901 жылы апрельде өткен Бундтың IV съезінің шешімі туралы айтылып отыр.— *103.*

57 Бұл арада «Искраның» редакциясы мен Бундтың арасындағы айтыс туралы айтылып отыр; айтыс Бундтың IV съезінің ұлт мәселесі жөніндегі және РСДРП-мен қарым-қатынас туралы мәселе жөніндегі шешімдерінен туған болатын. «Искраның» 7-номерінде (август, 1901) жарияланған мақалада съездің еврейлерге ұлттық автономия беру жөніндегі программалық талабы және РСДРП-мен қарым-қатынасты федерациялық принципте орнату жөніндегі шешімі сынға алынды. Бундтың Орталық Комитеті бұл заметкаға жауап

ретінде хат жазды, «Искра» редакциясының жауабына қоса ол хат 1901 жылы 10 сентябрьде «Искраның» 8-номерінде басылды. Осымен айтыс уақытша тоқтады. Кейіннен бундтық ұлтшылдық пен ұйымдық мәселедегі сепаратизмді Ленин «Еврей пролетариатына «дербес саяси партия» керек пе» деген мақаласында, Бундтың РСДРП-дағы орны туралы қарардың жобасында, партияның II съезінде Бундтың РСДРП-дағы орны туралы сөйлеген сөзінде, Бундтың РСДРП-дан шығуы туралы қарардың жобасында, «Бунд ұлтшылдығының соңғы жаңалығы», «Асқан ұятсыздық пен болмашы логика» және «Бундтың партиядағы жағдайы» деген мақалаларда сынады (қараңыз: осы том, 126—132, 271—272, 292—295, 327, 349—352-беттер; Шығармалар, 7-том, 47—53, 82—93-беттер).— *103.*

58 *«Армян социал-демократтары одағын»* 1902 жылдың жазында Тифлисте С. Г. Шаумян, Б. М. Кнунянц, А. Г. Зурабов, А. Хумарян және басқалары құрды. «Одақ» РСДРП Тифлис комитетімен тығыз байланыста қимыл жасады, сөйтіп 1902 жылдың аяғында оның құрамына қосылып кетті.— *109.*

59 *«Пролетариат»* — армян тіліндегі астыртын газет, «Армян социал-демократтары одағының» органы. 1902 жылы октябрьде Тифлисте (конспирациялық мақсатпен газетте ол Женевада басылды деп көрсетілген) не бары бір номері шықты. Газеттің негізін қалаған С. Г. Шаумян, оны шығаруды ұйымдастыруға Б. М. Кнунянц қатысты. «Пролетариаттың» редакциясы «Листок «Пролетариатаның»» 1 және 2-номерлерін шығарды. Кавказ социал-демократиялық ұйымдарының 1903 жылы мартта өткен бірінші съезі «Пролетариат» және «Брдзола» (грузин социал-демократиялық ұйымының органы) газеттерін біріктіріп, оны «Борьба Пролетариата» деп атауға қаулы алды. «Борьба Пролетариата» 1903 жылдың апрель — майынан грузин және армян тілдерінде, ал 1905 жылдың июлінен орыс тілінде де шыға бастады. Газеттің мазмұны үш тілде де бірдей болды.

«Пролетариаттың» 1-номерінде басылган ««Армян социал-демократтары одағының» манифесі» деген мақаланы С. Г. Шаумян жазды.— *109.*

60 Бұл еңбек Ленин 1903 жылы 10—13 (23—26) февральда Парижде Қоғамдық ғылымдар орыс жоғары мектебінде аграрлық мәселе жөнінде оқыған лекциялардың программасы және бірінші лекцияның конспектісі болып табылады.

Мектепті патша үкіметі Россияның жоғары оқу орындарынан қуған бір топ либерал профессорлар 1901 жылы құрды. Оның негізгі ұйымдастырушылары — профессорлар М. М. Ковалевский, Ю. С. Гамбаров және Е. В. де Роберти. Мектеп жария түрде жұмыс істеді. Мектептің тыңдаушылары негізінен Париждегі орыс колониясының революциялық

пиғылдағы эмигрант жастары мен орыс студенттері болды. Мектеп советі 1902 жылға лекторлардың тізімін жасағанда, аграрлық мәселе жөнінде лекция оқуға эсерлер В. М. Чернов пен К. Р. Качоровскийді шақырды. Өздерінің көзқарастарын уағыздауы үшін эсерлерге жария трибуна беріліп жатқанын естіген соң, Париждегі искрашылдар тобы мектепте маркстік көзқарас өкілінің де сөз сөйлеуіне мүмкіндік туғызуға ұйғарды, сөйтіп лекция оқуға В. И. Ленинді шақыруды талап етті, мұның өзінде Вл. Ильин (В. И. Лениннің әдеби бүркеншік аты) белгілі марксист, «Россияда капитализмнің дамуы» және «Экономикалық этюдтер» секілді жария кітаптардың авторы болып табылады деп атап көрсетілді. Париждегі искрашылдар мектепте лекция тыңдаушы социал-демократтардың көмегімен мектеп советіне Ленинді лекция оқуға шақыру туралы шешім қабылдаттырды. 1902 жылы декабрьде мектеп советі Ленинді лекция оқуға ресми түрде шақырып, оның келісімін алды. Кейіннен, Вл. Ильин мен В. И. Ленин бір кісі екенін анықтағаннан соң, мектептің басшылары астыртын жүрген саяси публицистің мектепте сөз сөйлеуіне жол бермеген дұрыс болар деп ойлап, өздерінің әуелгі шешімін бұзуға әрекет істеді, бірақ бұдан ештеңе шықпады. Ленин Орыс жоғары мектебінде төрт лекция оқыды, оның бұл лекциялары орасан зор табысты болды.

Ленин Орыс жоғары мектебінде оқыған лекцияларына зор мән берді. Ол бұл лекцияларға әзірлік үстінде аграрлық мәселе жөнінен толып жатқан әдебиетті зерттеді, Ф. Энгельстің «Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі» деген мақаласын ішінара аударды, К. Маркстің «Капиталынан» және оның «Жаңа Рейн Газетінде» басылған аграрлық мәселе жөніндегі мақалаларынан, сондай-ақ орыс және шетел авторларының (П. П. Масловтың, А. Н. Энгельгардттың, В. П. Воронцовтың, Е. Штумпфенің, Рокиньидің, Л. Грандоның, Л. Носситгің, Г. Бётгердің және басқаларының) кітаптары мен мақалаларынан кейбір нәрселерді жазып алды. Ленин лекцияларының конспект-жоспарының екі нұсқасын жазды (қараңыз: Лениннің XIX жинағы, 225—228, 230—240-беттер).

Осы томға енгізілген бірінші лекцияның конспектісін мектеп тыңдаушыларының бірі лекция кезінде жазып алған, кейін оны Ленин үстінен түзетіп, редакциялаған.— *115.*

61 РСДРП Екатеринослав комитетінің «Екатеринослав қаласының еврей жұмысшыларына» деген прокламациясы мен Бундтың Шетелдік комитетінің «Бір прокламация жөнінде» атты мақаласынан құралуға тиісті кітапшаны «Искра» редакциясы, тегінде, басып шығармаған болуы керек.— *127.*

62 *Сионизм* — XIX ғасырдың аяғында еврей буржуазиясы арасында туған реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық ағым. Сионистер өздерінің ұлтшылдық теорияларында барлық ел-

дердегі еврейлер «біртұтас еврей ұлтын» құрайды-мыс дегенді дәлелдеуге тырысады; сионистер барлық еврейлердің «таптық ынтымағын» жақтайды, сөйтіп, бұл арқылы еңбекші еврейлердің назарын буржуазияға қарсы таптық күрестен, демократиялық бостандықтар мен социализм жолында басқа ұлттардың еңбекшілерімен бірлесіп күресуден басқа жаққа бұрады.— *127.*

63 В. И. Ленин *«Деревня кедейлеріне»* деген кітапшаны 1903 жылы марттың бірінші жартысында жазды. Ленин 1903 жылы 2(15) мартта Г. В. Плехановқа жазған хатында кітапшаны жазу жұмысы жайында былай деп хабарлады: «Қазір мен шаруаларға арнап біздің аграрлық программамыз туралы түсінікті кітапша жазуға отырдым. Деревнядағы тап күресі жөніндегі идеямызды деревня халқының төрт түрлі жігі (помещиктер, шаруа буржуазиясы, орта шаруалар және пролетарлармен қосып жартылай пролетарлар) туралы *нақтылы* мәліметтермен жете түсіндіруге ықыласым қатты ауып жүр. Осындай жоспар туралы Сіздің ойыңыз қалай?

Мен Париждеп қайтқанда кесінділер etc жөніндегі түсініспеушіліктерді тек осындай кітапша арқылы ғана жоюға болады деген пікірмен қайттым» (Шығармалар, 34-том, 142-бет).

Ленин кітапшаны әзірлеу үстінде оның жоспарының бірнеше вариантын жасады, кітапшаның жеке тарауларының жоспарларын даярлады, өзі жинаған материалдар негізінде бірқатар статистикалық есептер жасады (қараңыз: осы том, 396—412-беттер).

«Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы» бұл кітапшаны 1903 жылы майда Женевада басып шығарды. 1904 жылы РСДРП Орталық Комитеті кітапшаны шетелде қайта басып шығарды, сондай-ақ Россиядағы РСДРП жергілікті ұйымдары да оны талай рет қайта басып шығарып отырды. 1905 жылы кітапша Тифлисте Авлабар астыртын партиялық баспаханасында басылды. Кітапша кең таратылды. Ол Россияның түрлі қалаларына астыртын түрде жөнелтілді, одан әрі деревняларға таратылды. Қолда бар толық емес мәліметтерге қарағанда, 1903 жылғы майдан 1905 жылғы декабрьге дейінгі уақыт ішінде ғана кітапша 75 елді мекенге жеткізілген. Оны астыртын социал-демократиялық және жұмысшы үйірмелеріндегілер оқып үйренді, сондай-ақ армия мен флотқа да, студенттер арасына да жетті.

1905 жылы В. И. Ленин кітапшаның жария түрдегі басылымын әзірлеп, РСДРП Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша Петербургтегі «Молот» баспасымен оны шығару жөнінде келісті. 1905 жылдың аяғында «Молот» баспасында кітапша «Деревняның мұқтаждары (Деревня кедейлеріне)» деген атпен басылып шықты; 1906 жылы осы баспа кітапшаның екінші жария басылымын алғашқысының матрицасынан басып шығарды. Жария басылым жаңа тарихи жағдай-

да — бірінші орыс революциясы өрге басқан кезеңде әзірленуі себепті, Ленин кітапшаның текстін түзетіп, толықтырды: орыс-жапон соғысына сипаттама берілді, Мемлекеттік думаның ролі туралы мәселеге тоқталды, партияның аграрлық мәселе жөніндегі талаптары РСДРП III съезінің шешімдері негізінде баяндалды. Жария басылымды Ленин баспасөз цензураның бақылауынан өтетін жағдайда әзірледі, сондықтан кітапша текстінің біраз жерлері (1902 жылғы шаруалар көтерілістерінің жеңіліске ұшырау себептері туралы, 1903 жылғы 26 февральдағы патша манифесі туралы және басқалары) алынып қалды; кейбір жерлері жаңа редакциямен берілді.

Бұл томда кітапша 1903 жылғы басылымның текстімен берілді. Ленин жария басылымды әзірлегенде текстке енгізген аса маңызды өзгерістер бет соңындағы ескертулерде көрсетілді.— *141.*

64 1903 жылғы басылымда «Искра» мен «Заряның» редакциясы әзірлеген программа жобасы Ленин жобаға жазған түсіндірумен бірге басылған болатын (қараңыз: осы том, 223—226-беттер).— *183.*

65 *Уставтық грамоталар* — 1861 жылы крепостниктік правоның жойылуымен байланысты уақытша міндетті шаруалардың помещиктермен жер жөніндегі қарым-қатынасын айқындаған актілер. Уставтық грамотада шаруалардың реформаға дейін пайдаланып келген жерінің мөлшері көрсетілді және шаруаларда реформадан кейін қалған үлесті жердің көлемі белгіленді. Грамотада сонымен бірге помещиктің пайдасына шаруалар атқаруға тиісті міндеткерліктер атап көрсетілді. Шаруалардан алынатын сатып алу төлемдерінің мөлшері уставтық грамота негізінде белгіленді.— *199.*

66 *Славянофилдер* — XIX ғасырдың ортасындағы орыс қоғамдық ойы бағыттары бірінің өкілдері; бұл бағыт крепостниктік құрылыс дағдарысқа ұшыраған жағдайда туды. Славянофилдер Россияның тарихи дамуының өзіне ғана тән ерекше жолы туралы «теорияны» ұсынды. Олардың ойынша, тек славяндарға ғана тән-мыс қауымдық құрылыс пен православие бұл даму жолының негізі болуы керек. Россияның тарихи дамуы революциялық төңкерістерге жол бермейді деп есептеген славянофилдер тек Россиядағы ғана емес, сонымен бірге Батыстағы революциялық қозғалысқа да мүлде теріс қарады. Самодержавиені сақтауды жақтай отырып, славянофилдер монарх жұртшылық пікірімен санасуға тиіс деп есептеді және барлық қоғамдық топтардың сайланып қойылған өкілдерінен Земство жиынын (дума) шақыруды ұсынды, алайда олар конституцияға және самодержавиені формальды шектеуге қарсы болды. Шаруалар мәселесінде славянофилдер шаруаларға жеке бас бостандығын беруді

және помещиктердің пайдасына құнын төлеу арқылы қауымдарға жер бөлінуін жақтады. Славянофилдердің басты өкілдері А. С. Хомяков, ағайынды И. В. және П. В. Киреевскийлер, ағайынды И. С. және К. С. Аксаковтар, Ю. Ф. Самарин және басқалары болды.— *231.*

67 *«Новое Слово»* («Жаңа Сөз») — әрайлық ғылыми-әдеби және саяси журнал; Петербургте 1894 жылдан бастап либерал-халықшылдар, ал 1897 жылдың басынан — «жария марксистер» (П. Б. Струве, М. И. Туган-Барановский және басқалары) шығарып тұрды. Сибирьде айдауда жүрген кезінде Ленин «Новое Слово» журналында «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде» және «Бір газет мақаласы жөнінде» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 131—284, 463—470-беттер) деген мақалаларын жариялады. Сонымен бірге журналда Г. В. Плехановтың, В. И. Засуличтің, Л. Мартовтың, А. М. Горькийдің және басқаларының шығармалары да басылды. Патша үкіметі 1897 жылы декабрьде журналды жауып тастады.— *232.*

68 *Бернштейншілдер* — халықаралық социал-демократиядағы марксизмге дұшпан, оппортунистік ағымның өкілдері; бұл ағым XIX ғасырдың аяғында Германияда пайда болып, ревизионизмнің неғұрлым ашық бейнелеушісі Э. Бернштейннің есімімен аталды.

1896—1898 жылдарда Бернштейн герман социал-демократиясының теориялық органы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалар жариялап, оларда революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ревизия жасады. «Социализмді ғылыми жолмен негіздеу мүмкіндігі және тарихты материалистік жолмен түсіну тұрғысынан қарағанда социализмнің қажеттілігі мен болмай қалмайтындығын дәлелдеу мүмкіндігі теріске шығарылды; қайыршылықтың, пролетариатқа айналудың өсуі мен капиталистік қайшылықтардың шиеленісуі бекер делінді; *«түпкі мақсат»* туралы ұғымның өзі қисынсыз нәрсе деп жарияланды және пролетариат диктатурасын орнату идеясы мүлде теріске шығарылды; либерализм мен социализмнің принцип жүзінде бір-біріне қарама-қарсы екені бекер делінді; *тап күресінің теориясы* теріске шығарылды...» (В. И. Ленин, Шығармалар толық жинағы, 6-том, 8-бет). Бернштейншілдердің марксизмді ревизиялауы социал-демократияны әлеуметтік революция партиясынан әлеуметтік реформалар партиясына айналдыруға бағытталды.

Герман социал-демократиясының солшыл элементтері өз газеттерінде Бернштейнге қарсы күрес бастады. Оңшыл, оппортунистік қанат бернштейншілдікті қорғады. Партияның Орталық комитеті бернтшейншілдік жөнінде келісімпаздық позиция ұстап, оған тойтарыс берген жоқ. «Die Neue Zeit»

журналында Бернштейн мақалалары жөніндегі айтыс 1898 жылы июльде Г. В. Плехановтың ревизионизмге қарсы бағытталган «Бернштейн және материализм» деген мақаласымен ашылды.

1899 жылы Бернштейннің мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген атпен жеке кітап болып шықты.

Герман социал-демократиялық партиясының съездерінде — Штутгарт (октябрь, 1898), Ганновер (октябрь, 1899) және Любек (сентябрь, 1901) съездерінде — бернштейншілдік айыпталды, бірақ, лидерлердің көбі келісімпаздық позиция ұстауы себепті партия Бернштейннен іргені ажыратқан жоқ. «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналы мен партия ұйымдарында бернштейншілдер ревизионистік идеяларды одан әрі ашықтан ашық уағыздай берді.

Бернштейншілдік II Интернационалдың басқа партияларының оппортунистік элементтері тарапынан қолдау тапты. Россияда бернштейншілдік теорияларды «жария марксистер» мен «экономистер» қолдады. Патша цензурасы Бернштейн кітабының орыс тіліне аударылған үш басылымына рұқсат берді, ал Москва охранка бөлімінің бастығы Зубатов оны жұмысшылардың оқуына ұсынылған кітаптардың қатарына қосты.

Тек Россияның революцияшыл марксистері, Ленин бастаған большевиктер ғана бернштейншілдікке және оны жақтаушыларға қарсы батыл әрі дәйекті күрес жүргізді. Ленин 1899 жылдың өзінде-ақ «Россия социал-демократтарының наразылығында» және «Біздің программа» мақаласында бернштейншілдікке қарсы шықты; Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабында және оның «Марксизм мен ревизионизм», «Европалық жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 196—201-беттер; 6-том, 1—211-беттер; Шығармалар, 15-том, 17—28-беттер; 16-том, 365—370-беттер) деген және басқа мақалаларында бернштейншілдік кең көлемде сынға алынды.— *236.*

69 *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; Москвада 1863 жылдан бастап шықты, баяу-либералдық пікірдегі интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдарда газетке демократиялық лагерьдің жазушылары В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалары қатысты, либерал халықшылдардың шығармалары да басылды. 1905 жылдан газет кадеттер партиясының оң қанатының органы болды. Ленин «Русские Ведомости» «*оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» өзінше ұштастырды (Шығармалар, 19-том, 120—121-беттер) деп көрсетті. 1918 жылы басқа контрреволюцияшыл газеттермен бірге «Русские Ведомости» де жабылып тасталды.— *236.*

[70] *Прудонизм* — ғылымға жат, марксизмге дұшпан ұсақ буржуазиялық социализм ағымы; бұл ағым өзінің идеологы француз анархисі Прудонның есімімен аталған. Ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық позициядан сынай отырып, Прудон ұсақ жеке меншікті мәңгі-бақи сақтауды армандады, «халықтық», «айырбас» банктерін ашуды ұсынды, осы банктердің жәрдемімен жұмысшылар өздеріне меншікті өндіріс құрал-жабдықтарын сатып ала алады-мыс, қолөнерші болып, өз өнімдерін «әділетті түрде» өткізе алады-мыс деп есептеді. Прудон пролетариаттың тарихи ролін түсінбеді, тап күресіне, пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына теріс қарады; мемлекеттің қажеттігін анархистік тұрғыдан жоққа шығарды. Прудонның өз көзқарастарын I Интернационалға күшпен таңуға тырысқан әрекетіне қарсы Маркс пен Энгельс дәйектілікпен күресті. Маркстің «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде прудонизм өлтіре сыналды. I Интернационалдағы прудонизммен Маркстің, Энгельстің және олардың жақтастарының батыл күресуі марксизмнің прудонизмді толық жеңуімен аяқталды.

Ленин прудонизмді жұмысшы табының көзқарасын ұғынуға қабілетсіз «мещан мен филистердің топастығы» деп атады. Буржуазиялық «теоретиктер» таптық ынтымақты уағыздау үшін прудонизм идеяларын кеңінен пайдаланды.— *238.*

[71] Бұл арада Ф. Энгельстің «Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі» деген мақаласы туралы айтылып отыр, онда Франция Жұмысшы партиясы Нант конгресінің (сентябрь, 1894) партияның аграрлық программасы туралы мәселе жөніндегі шешімі сынға алынған болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 401—421-беттер).— *239.*

[72] Бұл мақала П. П. Масловтың (Икстің) «Аграрлық программа туралы» мақаласына жауап ретінде жазылған. Маслов өз мақаласына қоса аграрлық программаның жобасын да әзірлеген болатын. Маслов өзінің бұл мақаласында «Искра» редакциясы әзірлеген РСДРП программасы жобасының аграрлық бөлімін сынады. «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы» РСДРП II съезінің алдында Лениннің мақаласына Масловтың мақаласы мен жобасын қосып жеке кітапша етіп шығарды, ол программаның аграрлық бөлімі туралы баяндама ретінде съезд делегаттарына таратылып берілді.— *241.*

[73] Бұл арада В. И. Лениннің сұрағына жауап ретінде жазылған, авторы беймәлім (қойған қолы анықталмаған) хат туралы айтылып отыр. Ленин автор хабарлаған деректерге сүйеніп, хаттың үстіне өзі төменде келтірген есептерді жазған, сондай-ақ губерниялардың топ-тобы бойынша барщина-

лық шаруалардың орташа процентін де есептеп шығарған. Ленин хаттың таза бетіне деревнядағы таптық топтарды талдауға арналған есептер мен графикалық суреттерді жазған (Лениннің XIX жинағы, 350—355-беттер және осы том, 411—412-беттер).— *245.*

74 *«Отечественные Записки»* («Отандық Жазбалар») — әдеби-саяси журнал, Петербургте 1820 жылы шыға бастады; 1839 жылдан сол кездегі неғұрлым прогресшіл журналға айналды. Журналдың жұмысына В. Г. Белинский, А. И. Герцен, Т. Н. Грановский, Н. П. Огарев және басқалары қатысты. 1846 жылдан, Белинский редакциядан кеткеннен кейін, «Отечественные Запискидің» маңызы төмендей түсті. 1868 жылдан, журнал Н. А. Некрасов пен М. Е. Салтыков-Щединнің қолына көшкеннен кейін, «Отечественные Запискидің» жаңадан көркею кезеңі басталды; бұл кезде журнал өзінің төңірегіне революцияшыл-демократияшыл интеллигенцияны топтастырды, Некрасов қайтыс болғаннан кейін (1877) журналда халықшылдар басым ықпал жүргізді.

Журнал цензура тарапынан ұдайы қуғын көрді, сөйтіп 1884 жылы апрельде оны патша үкіметі жауып тастады.— *255.*

75 *Поляк социалистік партиясы (ППС)* (Polska Partia Socjalistyczna) — реформашыл ұлтшылдық партия, 1892 жылы құрылған. Пилсудский және оның жақтастары басқарған Поляк социалистік партиясы Польшаның тәуелсіздігі жолында күресу деген ұранмен әрекет жасап, поляк жұмысшылары арасында сепаратистік, ұлтшылдық насихат жүргізді, самодержавие мен капитализмге қарсы орыс жұмысшыларымен бірлесіп күресуден олардың назарын басқа жаққа бұрып әкетуге тырысты.

Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихы бойына бұл партияның ішінде қатардағы жұмысшылардың ықпалымен солшыл топтар пайда болып отырды. Олардың ішінен кейбірі кейіннен поляк жұмысшы қозғалысының революцияшыл қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы екіге бөлінді: Поляк социалистік партиясы-«солшылдарға» және оңшыл, шовинистік, Поляк социалистік партиясы-«революцияшыл фракция» деп аталатынға бөлінді.

Большевиктер партиясының, сондай-ақ ПКмЛСД-ның (Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы) ықпалымен Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» біртіндеп дәйекті революцияшыл позицияларға көшті.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» көпшілік бөлігі интернационалистік позицияда болып, 1918 жылдың декабрінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясына қосылып, бірігіп кетті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік

жұмысшы партиясын (1925 жылға дейін Польша Коммунистік партиясы осылай аталды) құрды.

Оңшыл Поляк социалистік партиясы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде ұлтшылдық-шовинизм саясатын одан әрі жүргізе берді; ол Галиция жерінде поляк легиондарын ұйымдастырды; бұл легиондар австриялық-герман империализмі жағында соғысты. Польша буржуазиялық мемлекеті құрылғаннан кейін оңшыл Поляк социалистік партиясы 1919 жылы бұрын Германия мен Австрия басып алған Польша жеріндегі Поляк социалистік партиясы бөлімдерімен бірікті, сөйтіп тағы да Поляк социалистік партиясы аталды. Үкімет басына келгеннен соң, ол өкімет билігінің поляк буржуазиясының қолына көшуіне жәрдемдесті, онан кейін ұдайы антикоммунистік насихат жүргізді, Совет еліне қарсы агрессия саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және езу саясатын жақтады. Поляк социалистік партиясының мұндай саясатпен келіспеген жеке топтары Польша Коммунистік партиясының қатарына келіп қосылды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен (май, 1926) кейін Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, бірақ іс жүзінде фашистік тәртіппен белсенді күрес жүргізген жоқ, сөйтіп антикоммунистік және антисоветтік насихатты тоқтатпады. Бұл жылдарда Поляк социалистік партиясының солшыл элементтері поляк коммунистерімен ынтымақтасып, бірсыпыра науқандарда бірыңғай майдан тактикасын жақтады.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы тағы да екіге бөлінді. «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деп аталған оның реакцияшыл, шовинистік бөлігі Лондондағы реакцияшыл поляк эмиграттық «үкіметіне» қатысты. Өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атаған Поляк социалистік партиясының екінші, солшыл бөлігі 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ПЖП) ықпалымен гитлершіл басқыншыларға қарсы күресетін халықтық майданға қосылып, Польшаны фашистік езгіден азат ету жолында күрес жүргізді, СССР-мен достық байланыс орнату позициясына көшті.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлігі неміс басқыншылығынан азат етіліп, Ұлттық азаттықтың поляк комитеті құрылғаннан кейін, Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды, сөйтіп Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаның құрылысына қатысты. 1948 жылдың декабрінде Поляк жұмысшы партиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Поляк біріккен жұмысшы партиясын (ПБЖП) құрды.— *259.*

76 *«Przedświt»* («Рауан») — саяси журнал; поляк социалистерінің тобы 1881 жылы шығара бастады. 1884 жылдан — тұңғыш

поляк жұмысшы партиясы «Пролетариаттың» органы. Оқтатекте маркстік мақалалар да басылғанымен, 1892 жылдан журнал оңшыл социалистік және ұлтшыл элементтердің қолында болды. 1893—1899 жылдарда журнал Поляк социалистері шетелдік одағының (Поляк социалистік партиясы шетелдік ұйымының) органы ретінде шығарылды, ал 1900 жылдан 1905 жылға дейін Поляк социалистік партиясының теориялық және дискуссиялық органы болды. 1907 жылы журнал қайта шығарыла бастады, сөйтіп 1915 және 1917 жылдардағы үзілістерімен қоса алғанда 1920 жылға дейін шығарылды; 1907 жылдан — оңшыл Поляк социалистік партиясы (Поляк социалистик партиясы-«революциялық фракция» деп аталатынның) органы ретінде, 1918—1920 жылдарда — Поляк социалистік партиясының органы ретінде шығып тұрды. 1881 жылдан 1901 жылға дейін журнал шетелде, кейіннен Польшада (Краков — Варшава — Львов) шығарылды.— *259.*

77 *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман») — Герман социал-демократиялық партиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылдың октябріне дейін К. Каутский, одан соң — Г. Кунов редакторы болды. «Die Neue Zeit»-те К. Маркс пен Ф. Энгельстің кейбір шығармалары: К. Маркстің «Гота программасына сын», Ф. Энгельстің «1891 ж. социал-демократиялық программаның жобасына сын жөнінде» деген және басқа шығармалары тұңғыш рет басылды. Энгельс өзінің ақыл-кеңестерімен журналдың редакциясына жәрдемдесіп отырды, талай рет оны журналда марксизмнен шегінуге жол бергені үшін сынады да. «Die Neue Zeit»-ке XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлері: А. Бебель, В. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Г. В. Плеханов, П. Лафарг және басқалары қатысты. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, журналда ревизионистердің мақалалары ұдайы басылды, оның ішінде ревизионистердің марксизмге қарсы жорығын бастаған Э. Бернштейннің «Социализм проблемалары» атты сериялы мақалалары басылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде журнал центристік позиция ұстап, іс жүзінде социал-шовинистерді жақтады.— *261.*

78 *«Жаңа Рейн Газеті»* («Neue Rheinische Zeitung») 1848 жылғы 1 июньнен 1849 жылғы 19 майға дейін күн сайын Кёльнде К. Маркстің редакциялауымен шығып тұрды. Редакцияның құрамында Ф. Энгельс, В. Вольф, Г. Веерт, Ф. Вольф, Э. Дронке, Ф. Фрейлиграт және Г. Бюргерс болды.

Демократияның пролетарлық қанатының айбынды органы бола отырып, газет халық бұқарасын тәрбиелеуші ролін атқарды, оларды контрреволюцияға қарсы күреске көтерді,

Герман және европалық революциялардың аса маңызды мәселелері бойынша газеттің қандай позиция ұстайтынын анықтаған бас мақалаларды, әдетте, Маркс пен Энгельс жазды.

«Жаңа Рейн Газетінің» батыл да ымырасыз позициясы, оның айбынды интернационализмі, оның беттерінде Пруссия үкіметіне қарсы және Кёльндегі жергілікті өкімет орындарына қарсы бағытталған саяси өткір мақалалардың басылуы,— осының бәрі газет өмір сүрген алғашқы айлардың өзінде-ақ феодалдық-монархиялық және либералдық-буржуазиялық баспасөз тарапынан, сондай-ақ үкімет тарапынан газетті қуғындау әрекетін туғызды; Пруссиядағы контрреволюциялық төңкерістен соң бұл қуғындау тіпті күшейді.

Барлық қуғындау әрекеттері мен полиция қойған бөгеттерге қарамастан, «Жаңа Рейн Газеті» революциялық демократияның мүдделерін, пролетариаттың мүдделерін ерлікпен қорғады. 1849 жылғы майда, контрреволюция жаппай шабуылға шыққан жағдайда, Пруссияның үкіметі Маркстің Пруссия азаматтығын алмағанын пайдаланып, оны Пруссия жерінен аластауға бұйрық берді. Маркстің Пруссиядан кетірілуі және «Жаңа Рейн Газетінің» басқа редакторларына қарсы жасалған қуғындау әрекеттері газетті шығару ісінің тоқтатылуына себеп болды. Газеттің қызыл бояумен басылған соңғы, 301-номері 1849 жылғы 19 майда шықты. Газеттің редакторлары жұмысшыларға арнаған қоштасу сөзінде «әрқашан да және қайда болсын біздің соңғы сөзіміз жұмысшы табын азат ету болады!», деп мәлімдеді.— *261.*

79 *Франкфурт парламенті* — Франкфурт ұлттық жиналысы — жалпы герман Ұлттық жиналысы; Германиядағы 1848 жылғы март революциясынан кейін шақырылып, 1848 жылы 18 майда Майндағы Франкфуртта өзінің мәжілістерін бастады. Жиналыстың басты міндеті саяси бытыраңқылықты жойып, жалпы герман конституциясын жасау болды. Алайда Жиналыстың либерал көпшілігінің қорқақтығы мен ауытқушылығы, ұсақ буржуазияшыл солшыл қанатының тартыншақтығы мен тиянақсыздығы салдарынан Жиналыс елдегі жоғарғы өкіметті өз қолына алуға қорықты және 1848—1849 жылдардағы герман революциясының негізгі мәселелерінде батыл позиция ұстай алмады. Жиналыс жұмысшылар мен шаруалардың жағдайын жеңілдету үшін ештеңе істемеді, Польша мен Чехиядағы ұлт-азаттық қозғалысына көмек көрсеткен жоқ, қайта Австрия мен Пруссияның құлдыққа түскен халықтар жөнінде жүргізген езу саясатын мақұлдады. Контрреволюцияның шабуылына тойтарыс беруге және 1849 жылдың мартында өзі жасаған империялық конституцияны қорғауға халықтың күшін жұмылдыруға Жиналыстың батылы бармады.

Көп кешікпей Австрия үкіметі, ал одан соң Пруссия үкіметі де өз депутаттарын кері шақырып алды, олардың ізін-

ше басқа герман мемлекеттерінің де либерал депутаттары Франкфурт жиналысын тастап кетті. Жиналыстың құрамында қалған солшыл, ұсақ буржуазияшыл қанаттың депутаттары оның тұрақ орнын Штутгартқа көшірді. 1849 жылдың июнінде Вюртемберг үкіметінің әскерлері Жиналысты қуып таратты.— *262.*

80 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 379, 353-беттер.— *262.*

81 Төменде жарияланып отырған РСДРП II съезі қарарларының жобаларынан съезге Лениннің ұсынғаны біреу ғана: оқушы жастарға көзқарас жөнінде.— *269.*

82 1900 жылы 23—27 сентябрьде (жаңаша) Парижде II Интернационалдың V Халықаралық социалистік конгресінде орыс делегациясы Халықаралық социалистік бюроға РСДРП-ның өкілдері етіп Г. В. Плеханов пен Б. Н. Кричевскийді сайлады.— *275.*

83 Ленин бұл жобаны съезге дейін жазған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архивінде дәл осы қарардың жарияланып отырған жобасынан сәл ғана өзгешелігі бар басқа бір жобасы сақтаулы. Бұл жобаны Ленин, сірә, съездің оқушы жастарға көзқарас туралы мәселе талқыланған 10(23) августағы 37-мәжілісінде жазған болуы керек. Жобаның төменгі жағында, Лениннің қойған қолынан басқа, съездің тағы да 10 делегатының қолы бар. Съезд, екінші пунктін қоспағанда, жобаны осы күйінде қабылдады. Ленин съезде өз жобасын қорғап сөз сөйледі (қараңыз: осы том, 339-бет).— *279.*

84 РСДРП II съезіне әзірлікпен байланысты Лениннің қолынан шыққан партия уставы жобасының екі нұсқасы сақталған. Ең ертерек жазылған бірінші нұсқа Мартовтың жобасымен танысқан соң, съезден бір жарым-екі ай бұрын жазылған (қараңыз: Лениннің VI жинағы, 42—47-беттер).

Ал уставтың кейінірек жазылған бұл нұсқасы, онымен съезге дейін «Искра» редакциясының мүшелері, кейінірек съезге келген делегаттар да таныстырылды, бұл нұсқа бірінші рет 1904 жылы съезд протоколдарының Женевада шыққан басылымына қосымшаларда «Росс. СДРП ұйымдық уставының съезде Ленин ұсынған жобасы» деген тақырыппен жарияланды. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген еңбегінде протокол комиссиясы уставтың съезге ұсынылған нұсқасын емес, қайта съезд делегаттары алдын ала танысқан нұсқасын мұндай тақырыппен басып шығарып, қателік жіберді деп көрсетті (қараңыз: Шығармалар, 7-том, 251-бет).

Съездің уставтық комиссиясына Ленин ұсынған устав жобасының ақырғы тексті сақталмаған. Съездегі талқылау-

дың барысынан анықтауға мүмкін болып отырғанындай, екінші нұсқадан оның өзгешелігі мынадай: біріншіден, Партия советі, аралық орган ретінде емес, партияның жоғарғы органы ретінде сипатталды; екіншіден, оған Орталық Орган мен Орталық Комитетке кооптация жасағанда бірауыздылық болу талабы, сондай-ақ орталықтарға кооптация жасағанда Орталық Комитет пен Орталық Орган тарапынан өзара бақылау болуы талабы енгізілді.— *282.*

85 *РСДРП екінші съезі* 1903 жылы 17(30) июль — 10(23) августа болды. Съездің алғашқы 13 мәжілісі Брюссельде өтті. Одан соң полицияның қудалауы салдарынан оның мәжілістері Лондонға көшірілді.

Съезді «Искра» әзірледі, ол россиялық социал-демократтарды революциялық марксизм принциптері негізінде топтастыру үшін Лениннің басшылығымен орасан зор жұмыс атқарды. «Искраның» редакциясы партия программасының жобасын әзірлеп, съездің талқылауына ұсынды (бұл жоба 1902 жылы 1 июньде «Искраның» 21-номерінде жарияланды). Съезге арналған бірқатар документтерді: РСДРП уставының жобасын, қарарлардың бірнеше жобасын, «Искраның» жұмысы туралы баяндаманың жоспарын Ленин жазды. Сонымен бірге Ленин съездің күн тәртібі мен жұмыс тәртібін мұқият жасап берді. Уставтың жобасымен және съезд күн тәртібінің жобасымен алдын ала «Искра» редакциясының мүшелері, кейіннен съезд делегаттары да таныстырылды.

Съезге шешуші дауыспен 43 делегат қатысты, олар 26 ұйымның («Еңбекті азат ету» тобы, «Искра» ұйымы, Бундтың Шетелдік және Орталық комитеттері, «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы», «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» және 20 россиялық социал-демократиялық комитеттер мен одақтар) өкілдері еді. Кейбір делегаттардың екі даусы бар болатын, сол себепті съездє шешуші дауыстың саны 51-ге жетті. Россияның аса ірі социал-демократиялық комитеттерінің өкілдері болып саналатын съезд делегаттарының ішінде ленинщіл профессионал революционерлер Р. С. Землячка, А. В. Шотман, П. А. Красиков, Н. Э. Бауман, А. М. Стопани және басқалары болды. Съездің құрамы бірыңғай емес еді. Съезге «Искраны» жақтаушылар ғана емес, сонымен бірге оған қарсылар да, солқылдақ, ауытқушы элементтер де қатысты.

Съездің күн тәртібіне 20 мәселе қойылды: 1. Съезді бекіту. Бюроны сайлау. Съездің жұмыс тәртібі мен күн тәртібін белгілеу. Ұйымдастыру комитетінің баяндамасы және съездің құрамын анықтайтын комиссияны сайлау. 2. Бундтың РСДРП-дағы орны. 3. Партияның программасы. 4. Партияның Орталық Органы. 5. Делегаттардың баяндамалары. 6. Партияны ұйымдастыру. 7. Аудандық және ұлттық ұйымдар. 8. Партияның жеке топтары. 9. Ұлт мәселесі. 10. Экономикалық күрес және кәсіпшілік қозғалысы. 11. Бірінші

майды мейрамдау. 12. 1904 жылғы Амстердам Халықаралық социалистік конгресі. 13. Демонстрациялар мен көтерілістер. 14. Террор. 15. Партия жұмысының ішкі мәселелері: а) насихатты жолға қою, б) үгітті жолға қою, в) партиялық әдебиетті жолға қою, г) шаруалар арасындағы жұмысты жолға қою, д) әскердегі жұмысты жолға қою, е) оқушылар арасындағы жұмысты жолға қою, ж) сектанттар арасындағы жұмысты жолға қою. 16. РСДРП-ның «социалист-революционерлерге» көзқарасы. 17. РСДРП-ның орыс либералдық ағымдарына көзқарасы. 18. Партияның Орталық Комитетін және Орталық Органының редакциясын сайлау. 19. Партия Советін сайлау. 20. Съездің шешімдері мен протоколдарын жариялау тәртібі және сайланған қызмет адамдары мен мекемелердің өз міндеттерін атқаруға кірісу тәртібі.

Ленин съезде партияның уставы туралы баяндама жасады және съездің күн тәртібіндегі мәселелерді талқылағанда, олардың көпшілігі бойынша сөз сөйледі.

Партияның программасы мен уставын бекіту және басшы партия орталықтарын сайлау съездің аса маңызды мәселелері болды. Ленин мен оның жақтаушылары съезде оппортунистерге қарсы батыл күрес жүргізді.

Съезде талқыланған партия программасының «Искра» редакциясы әзірлеген жобасына, әсіресе жұмысшы қозғалысындағы партияның басшылық ролі туралы қағидаға, пролетариат диктатурасын жеңіп алу қажеттігі туралы пункт пен программаның аграрлық бөліміне қарсы оппортунистер тарапынан өршелене шабуыл жасалды. Батыс европалық социал-демократиялық партиялардың программаларында пролетариат диктатурасы туралы қағида жоқ дегенге сүйеніп, оппортунистер бұл қағидаға тікелей және жанама түрде шабуыл жасады. Троцкий пролетариат диктатурасы туралы мәселені оппортунистік тұрғыдан түсіндіріп сөз сөйледі, ол пролетариат диктатурасын орнату үшін партия мен жұмысшы табының бір-бірімен толық дерлік ұқсастығына жетуді, пролетариат ұлттың көпшілігі болуын міндетті шарт деп есептеді. Съезд оппортунистердің программаның искралық жобасына батыс европалық социал-демократиялық партиялардың программасы рухында өзгеріс енгізуге тырысқан барлық әрекеттеріне тойтарыс беріп, партия программасын бірауыздан (бір дауыс қалыс қалды) бекітті, онда пролетариаттың алдағы буржуазиялық-демократиялық революциядағы ең таяу міндеттері де (программа-минимум), сондай-ақ социалистік революция жеңіп, пролетариат диктатурасы орнатылуын көздеген міндеттері де (программа-максимум) көрсетілді. Партияның революциялық, маркстік программасының қабылдануы лениндік-искралық бағыттың елеулі жеңісі болды.

Партияның уставын талқылағанда партияны құрудың

ұйымдық принциптері туралы мәселе жөнінде шиеленіскен күрес өріс алды.

Ленин және оның жақтаушылары жұмысшы табының айбынды революциялық партиясын құру үшін күресті, сөйтіп олар барлық солқылдақ және ауытқушы элементтердің партияға кіріп кетуін қиындататындай устав қабылдау қажет деп есептеді. Сондықтан уставтың бірінші параграфының Ленин ұсынған тұжырымында партияға мүше болу үшін, программаны мойындау және партияға материалдық көмек көрсету ғана емес, сонымен бірге партия ұйымдарының біріне тікелей қатысу да міндетті шарт болып табылады деп көрсетілді. Мартов съезге бірінші параграфтың оның өзі әзірлеген тұжырымын ұсынды, бұл тұжырым бойынша партияға мүше болу үшін, программаны мойындау мен партияға материалдық көмек көрсетуден басқа, партия ұйымдарының бірінің басшылығымен оған үнемі жеке жәрдемін тигізіп отырса да жеткілікті деп есептелді. Барлық солқылдақ элементтердің партияға кіруін жеңілдететін Мартовтың тұжырымын съезде антиискрашылдар мен «батпақ» («центр») қана қолдап қойған жоқ, сонымен бірге «солқылдақ» (тұрлаусыз) искрашылдар да қолдады, сөйтіп съезд оны болмашы көпшілік дауыспен қабылдады. Ал негізінен алғанда, съезд Ленин әзірлеген уставты бекітті.

Съезде искралық бағыттың дәйекті жақтаушылары — лениншілдер мен «солқылдақ» искрашылдар — Мартовтың жақтастары екіге бөлінді. Алғашта съездегі дауыстардың бөлінісі мынадай еді: искрашылдар — 33 дауыс, «батпақ» («центр») — 10 дауыс және антиискрашылдар (3 рабоче-делошыл мен 5 бундшыл) — 8 дауыс. Съездің шешімдерімен келіспеген 7 антиискрашыл — екі рабоче-делошыл мен бундшылдар 5(18) августа съезден кетіп қалды. Съездің барысында 7 адамнан искрашылдардың оппортунистік азшылығы қалыптасты, олар орталық органдарды сайлаудың алдында дәйекті искрашылдардан бөлініп шықты. Антиискрашылдар мен «батпақ» қолдаған Мартовтың жақтастары съезде азшылық болды, олардың 20 даусы (Мартовтың жақтастарында — 9 дауыс, «батпақ» — 10 дауыс, антиискрашылдар — 1 дауыс) бар еді, ал Лениннің төңірегіне топтасқан 20 дәйекті искрашылдың 24 даусы болды. Партияның орталық мекемелерін сайлағанда лениндік бағытты жақтаушылар көпшілік дауыс алып, большевиктер деп, ал азшылық дауыс алған оппортунистер меньшевиктер деп аталына бастады.

Россияда жұмысшы қозғалысының дамуында съездің орасан зор маңызы болды. Ол социал-демократиялық қозғалыстағы майдагерлік пен үйірмешілдікті жойып, Россиядағы маркстік революциялық партияның, большевиктер партиясының, негізін қалады. Ленин: «Большевизм, саяси ой ағымы ретінде және саяси партия ретінде, 1903 жылдан бері өмір сүріп келеді» (Шығармалар, 31-том, 8-бет) деп жазды.

Барлық елдердің революцияшыл марксистері үшін үлгі болған жаңа типті пролетарлық партияны құрып, РСДРП II съезі халықаралық жұмысшы қозғалысында бет бұрыс пункт болды.— *285*.

86 Бірінші сөз М. И. Либердің: ««Ұлт мәселесі» пунктін қалай түсіну керек? «Программаның жобасы» пунктінен ол неліктен бөлек алынған? Ұлт мәселесі — тактика мәселесі дегенді қалай түсіну керек? Бұл мәселенің түбегейлі мәселелер қатарына жатқызылмау себебі не?» деген сұрағына жауап болып табылады.

Екінші сөз Либердің: ««Ұлттық ұйымдар» пунктінде не туралы айтылған? Бұл мәселе Бундтың партиядағы орны туралы мәселеге байланыссыз тәрізді қойылып отыр» («РСДРП екінші съезі», 1959, 17, 18-беттер) деген басқа бір сұрағына жауап болып табылады.

В. И. Ленин айтып отырған съезде талқылануға тиісті мәселелер тізімінің бірінші пункті («Бундтың РСДРП-дағы орны туралы») съезд қабылдаған күн тәртібінде екінші пункт, ал алтыншы пункт («Аудандық және ұлттық ұйымдар») — жетінші пункт болды.— *287*.

87 РСДРП II съезінің күн тәртібі алғаш рет В. И. Лениннің съезді шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің мүшесі Е. Я. Левинге ерте дегенде 1902 жылы 28 ноябрьде (11 декабрьде) жазған хатында белгіленген-ді (қараңыз: Шығармалар, 34-том, 111—113-беттер). Одан кейін Ленин съездің күн тәртібін анағұрлым толық түрде белгілеп, оған түсініктеме жазды (қараңыз: осы том, 429—433-беттер). Ленин жасаған күн тәртібін Ұйымдастыру комитеті қабылдады, оны съезд болмашы өзгерістер енгізіп қана бекітті. Съезд қабылдаған күн тәртібінде мәселелерді караудың Ленин ұсынған кезектілігі сақталды.— *288*.

88 РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің әрекеттері туралы мәселенің съезде талқылану себебі мынада. «Күрес» тобының съезге оның өкілін қатыстыру жөніндегі талабын Ұйымдастыру комитеті съезд басталмастан бұрын-ақ қабылдамай тастаған болатын. 17 (30) июльде мандаттарды тексеру және съездің құрамын анықтау жөніндегі комиссияның мәжілісінде, «Күрес» тобының Ұйымдастыру комитетінің теріс әрекетіне шағым айтып комиссияға өтініш беруімен байланысты, Ұйымдастыру комитетінің мүшелері Е. М. Александрова (Штейн) мен П. А. Красиковтың (Павловичтің) осы мәселе жөніндегі хабарламалары тыңдалды. Мандат комиссиясы Ұйымдастыру комитетінің шешімін дұрыс деп тапты. Съездің 18 (31) июльдегі мәжілісінде бұл мәселе талқыланған кезде съезге кешігіп келген Ұйымдастыру комитетінің мүшесі Е. Я. Левин (Егоров) «Күрес» тобы туралы мәселені Ұйымдастыру комитетінің мүшелерімен бірге талқылау үшін үзіліс жариялауды талап етті. Үзіліс ке-

зінде өткен Ұйымдастыру комитетінің кеңесінде съезге «Күрес» тобының өкілі Д. Б. Рязановты кеңесші дауыспен шақыру туралы съезге ұсыныс енгізуді жақтап көпшілік дауыс берілді. Съездің мәжілісінде Ұйымдастыру комитетінің шешіміне қарсы наразылық білдіріп сөз сөйлеген искрашыл Красиков бұл ұсынысқа қарсы дауыс берді. Левин Красиковты Ұйымдастыру комитетінің көпшілігіне қарсы шығып, ол партиялық тәртіпті бұзды-мыс деп айыптады.

Съезд Ұйымдастыру комитетінің ұсынысын қабылдамай тастады да, мынадай қарарлар қабылдады:

«Съезд жолдастардың бәрін жеке ұсыныстар енгізген уақытта, бұл ұсыныстарын съездің бюросына енгізуге шақырады және Павлович, Егоров жолдастардың мәлімдемелерінен туған жанжалды бітті деп есептейді».

«Съездің құрамын анықтайтын комиссия сайланғандықтан Ұйымдастыру комитеті коллегия ретінде съездің құрамына ықпал жүргізу правосынан айрылды, сонымен бұл пункт бойынша оның коллегия ретіндегі қызметі доғарылды деп есептеледі» («РСДРП екінші съезі», 1959, 37, 38-беттер).— *290.*

89 Бұл арада Ұйымдастыру комитеті әзірлеген съезд уставы жобасының 7-параграфы туралы айтылып отыр: «Депутаттардың өкілдігіне императивтік мандаттармен шек қойылмауы тиіс. Олар өздерінің өкілдігін атқаруда мейлінше ерікті және тәуелсіз» («РСДРП екінші съезі», 1959, 706-бет).— *290.*

90 ПКмЛСД (Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы) өкілдерінің РСДРП II съезіне қатысуы туралы мәселе бірінші рет «Искра» редакциясының инициативасы бойынша РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Шетелдік комитетіне 1903 жылдың 7 февралында жолдаған хатында қойылды. Бұл хатында Ұйымдастыру комитеті өзін Россиялық партияның бір бөлігі деп есептейтін ұйымдарды ғана съезге шақыруға ұйғарылғанын хабарлады, сөйтіп поляк социал-демократтарына, егер олар съездің толық праволы мүшелері болғылары келсе, өздерін РСДРП-ға жатқызатыны туралы өтініштерін «Искраға» жіберуді ұсынды. Алайда мұндай өтініш түспеді.

Поляк социал-демократиясын РСДРП-мен біріктірудің шарттары туралы мәселе 1903 жылғы 11—16 (24—29) июльде болған Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының IV съезінде талқыланды. Съезде іске асуы мүмкін бірігудің бірқатар шарттары тұжырымдалды, олардың ішінде мынадай шарттар болды: поляк социал-демократиясының барлық ішкі істер жөнінен толық дербестігі, өз съездерін шақыру, комитеттер құру және әдебиет шығару; поляк социал-демократиясының өзінің атын тақырыпша есебінде сақтап

қалуы; басқа поляк социал-демократиялық ұйымдарының партия құрамына тек Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясына қосылуы жолымен ғана кіруі. Бірігу шарттарының бірі ретінде IV съезд РСДРП программасының ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы пунктінің тұжырымын басқа тұжырыммен алмастыру талабын қойды.

РСДРП-ның II съезінің жұмысы басталғанға дейін оның делегаттарына бұл шешім мәлім болмады. Съездің құрамын анықтау жөніндегі және мандаттарды тексеру жөніндегі комиссия 18(31) июльде съезге жасаған баяндамасында өзінің қолындағы поляк социал-демократы А. Варскийдің (А. С. Варшавскийдің) хатын оқып берді, бірақ бұл хаттан поляк социал-демократиясының РСДРП-мен қандай қатынаста болғысы келетіні айқын байқалмады. Комиссия поляк социал-демократтарын съезге кеңесші дауыспен қатысуға шақыруды ұйғарды. 22 июльде (4 августа) поляк социал-демократиясының өкілдері А. Варский мен Я. С. Ганецкий съезге келді. Съезде Варский Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының РСДРП-мен бірігуінің шарттары туралы Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы IV съезінің шешімін жариялады. Бұл шарттарды қарау үшін арнаулы комиссия сайланды.

Программа жобасының ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы пунктін талқылау, бұл мәселені поляк социал-демократтарының қоюымен байланысты, программалық комиссияда өтті. Комиссия мәжілістерінің протоколы жазылмаған, бірақ В. И. Лениннің осы күнге дейін сақталған комиссияның үшінші мәжілісінде отырып жазғанынан (қараңыз: осы том, 457—458-беттер) поляк социал-демократтары ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы пунктке қарсы болғаны, мемлекет құрамына кіретін барлық ұлттардың мәдени дамуына толық еркіндік алуына кепілдік беретін мекемелер құру талабын программаға енгізуді ұсынғаны көрінеді. Олар, кейіннен Лениннің көрсеткеніндей, «өзін өзі билеудің *орнына,* шын мәнісіне келгенде басқаны емес, кәдімгі атышулы «мәдени-ұлттық автономияның» псевдонимін ұсынды» (Шығармалар, 20-том, 460-бет). Поляк социал-демократтарының ұсыныстарын комиссия қабылдамай тастады. Съезде бұл ұсыныстарын қорғай алмайтындарына көздері жеткен соң өз көзқарастарын баяндаған мәлімдеме қалдырды да, олар съезден кетіп қалды. Бұл мәлімдеме съезде 29 июльде (11 августа) жарияланды. 6(19) августа поляк социал-демократтары ұсынған Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының РСДРП-мен қосылу шарттарын қараған комиссияның баяндамасымен байланысты, съезд қарар қабылдап, онда поляк социал-демократтарының съезден кетіп қалғандығы Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының РСДРП-ға қосылуы туралы мәселені съездің талқылап бітіру мүмкіндігінен айырғандығына өкініш білдірді және Орталық

Комитетке басталған келіссөздерді одан әрі жүргізе беруді тапсырды.— *291.*

91 Бұл арада съездің искрашыл көпшілігі туралы айтылып отыр. Бұл көпшілік искрашылдар жікке бөлінгенге дейін келісіп әрекет істеген еді.— *292.*

92 Бұл арада 19 июльдегі (1 августағы) 4-мәжілісте Бундтың партиядағы орны туралы мәселені талқылағанда бундшылдар съездің қарауына ұсынған Бундтың уставы туралы әңгіме болып отыр. Съезд Бунд делегаттарының партия уставы қабылданғанға дейін олардың ұсынған уставын әр пункті бойынша дереу қарау туралы ұсынысын қабылдамай тастады, сөйтіп Бундтың РСДРП-мен федерациялық қатынастар орнатуға тырысқан әрекетін айыптады. Съезд Бундтың уставы туралы мәселені талқылауға 5(18) августағы 27-мәжілісінде қайта оралды (қараңыз: 130-ескерту).— *292.*

93 Бұл жерде XIX ғасырдың 80-жылдарында қожайындармен өзара келісу жолымен жер астында істейтін маман жұмысшыларға 7 сағаттық жұмыс күні тағайындалуына жеткен, алайда кейіннен Англияның барлық жұмысшыларына 8 сағаттық жұмыс күні заң жүзінде тағайындалуына қарсы шыққан Нортумберленд және Дергем графтықтарындағы ағылшын көмір қазушыларының кәсіподақтары туралы айтылып отыр.— *295.*

94 Бұл сөзді В. И. Ленин съездің 9-мәжілісінде, «Искра» редакциясы әзірлеген партия программасының жалпы бөлімін талқылаған кезде сөйлеген. Жалпы бөлімі талқыланған соң программаның жобасы алдын ала редакциялау үшін съездің 21 июльдегі (3 августағы) 8-мәжілісінде сайланған, құрамына Г. В. Плеханов, В. И. Ленин, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов (Старовер), А. С. Мартынов, И. Л. Айзенштадт (Юдин), Е. Я. Левин (Егоров) енген комиссияға берілді. Одан арғы жерде, съездің 29 июльде — 1 августа (11—14 августа) өткен 15—21-мәжілістерінде программаның жалпы бөлімі мен нақты талаптарының программа комиссиясы қабылдаған тұжырымдары талқыланды.— *296.*

95 Либер сөзінің Ленин көрсетіп өткен жері съезд протоколдарында сақталмаған. Либер өзінің сөзінде программаның искралық жобасындағы: «Жұмысшы табының партиясы, социал-демократия, еңбекші және қаналушы халықтың барлық топтарын өзінің қатарына шақырады, өйткені олар пролетариаттың көзқарасына көшіп отыр» деген абзацты программаға кіргізуге қарсы шыққан. Либер өзінің бұл сөзінде Лениннің «Ішкі жағдайға шолу» деген мақаласына сүйенген болуы да мүмкін, ол мақаласында Ленин дворяндардың екі жетекшісінің оппозициялық мазмұндағы сөздерін түсіндіре келіп, социал-демократтарды «өзінің үгіт және ұйымдастыру

қызметін халықтың барлық таптарына бағыттауға» шақырған болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 379-бет).— *296.*

[96] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 208—209-беттер.— *296.*

[97] Бұл арада К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген шығармасындағы мына сөздері туралы айтылып отыр: «Коммунаның шаруаларға «олардың жалғыз-ақ үміті — коммунаның жеңісі!» деп жариялауға толық правосы болды» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 483-бет).— *296.*

[98] Бұл арада Ленин «Не істеу керек?» деген кітапшада өзі тұжырымдаған ғылыми социализмнің жұмысшы табында социалистік сана, социалистік идеология стихиялы түрде тумайды, оны социализмнің, революциялық маркстік партияның теоретиктері жұмысшы табына сырттан әкеп енгізеді деген қағидасын айтып отыр. Жұмысшы қозғалысындағы стихиялылық пен саналылық туралы мәселенің ленинше қойылуына съезде рабоче-делошылдар Мартынов пен Акимовтың тарапынан шабуыл жасалды.— *297.*

[99] Лениннің «РСДРП II съезі мәжілістерінің күнделігіндегі» (қараңыз: осы том, 443-бет) оның жазуына қарағанда, «Erfüllungstheorie» («толу теориясы») деген терминді Акимов съездің дәл осы мәжілісіндегі сөзінде қолданған (протоколдарда Акимов сөзінің бұл жері жазылмай қалған), бұлай дегенде ол капитализмнің дамуы барысында, стихиялы жұмысшы қозғалысы өскен сайын, пролетариат өзінен-өзі социалистік санаға ие болады, «социализмге толады» деген оппортунистік қағиданы айтты.— *297.*

[100] Бұл арада социализмнің біртіндеп капитализмді «босата» алатындығы туралы, яғни жұмысшылардың жалақысын арттыру жолында күресу, капиталистермен коллективтік шарт жасасу, тұтыну қоғамдарын құру, меншік иелерінің санын көбейту және тағы осы сияқты жолдармен капитализм тұсында таптық қайшылықтарды біртіндеп бәсеңдетуге болатыны туралы оппортунистік, реформистік идея жөнінде айтылып отыр.— *297.*

[101] Ленин бұл арада Д. Б. Рязановтың программаның искралық жобасын сынауға арналған «Партияның программасын жасауға арналған материалдар. II кітап. «Искра» программасының жобасы және орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітабы туралы айтып отыр. Рязанов программаның искралық жобасындағы «дағдарыстар және өнеркәсіптегі тоқырау кезеңдері» деген сөздердегі «және» жалғауын қолда-

нуды жан-жақты сынады. Г. В. Плехановтың «Ортодокстық əріп кемірушілік» (қараңыз: «Искраның» 1903 жылғы 1, 15 июньдегі және 1 июльдегі 41,42 және 43 (қосымша) номерлері) деген мақаласында Рязановтың кітабы сынға алынды.— *297*.

102 Бұл арада программа жобасының жалпы бөлімі абзацына түзету туралы айтылып отыр, ал абзацта: «Бірақ буржуазиялық қоғамға тән бұл қайшылықтардың бəрі өсіп, дамыған сайын, еңбекшілер мен қаналушы бұқараның өмір сүріп отырған нақты жағдайға наразылығы да күшейеді, пролетарлардың саны мен топтасқандығы өседі, олардың өз қанаушыларымен күресі шиеленіседі» делінген. Программалық комиссияда бұл абзацты талқылағанда (Ленин ол мəжілісте болмады) «саны мен топтасқандығы» деген сөздерден кейін «саналылығы» деген сөз қосылған.

Съезд түзетуді қабылдамай тастады, сөйтіп бұл абзац көпшілік дауыспен алғашқы редакциясында қабылданды.— *300*.

103 Бұл арада партия программасы жобасының жалпы саяси талаптарының 1-параграфы туралы айтылып отыр, оның программалық комиссия редакциялаған түрінде былай делінген болатын: «Халық самодержавиесі, яғни бүкіл жоғарғы мемлекеттік өкіметті бір палатаны құрайтын жəне халық өкілдерінен құралатын заң шығару жиналысының қолына шоғырландыру» («РСДРП екінші съезі», 1959, 179-бет). К. М. Тахтарев (Страхов) «халық самодержавиесі» деген сөздерді «халық басшылығы» деген сөздермен алмастыруды ұсынды. Съезд Тахтаревтің түзетуін қабылдамады.— *301*.

104 Бұл арада программалық комиссия ұсынған программа жобасының жалпы саяси талаптарының 3-параграфы туралы айтылып отыр, онда кең көлемді жергілікті жəне облыстық өзін өзі билеу талабы қойылған болатын.— *301*.

105 Бұл арада программа жобасының жалпы саяси талаптарының 9-параграфы (искралық жобаның 8-параграфы) туралы айтылып отыр, онда «қай азаматқа болса да, бастықтарға шағым беріп жатпай-ақ, сот алдында қай чиновникті болсын қысымға алу правосын беру» делінген. В. Н. Крохмаль (Фомин) «азаматқа» деген сөзден соң «сондай-ақ шетелдік адамға да» деп қосып жазуды ұсынды. Съезд бұл ұсынысты қабылдамады.— *301*.

106 Программа жобасының жалпы саяси талаптарының 12-параграфын (искралық жобаның 9-параграфын) талқылағанда, Либер оның тұрақты əскерді халықты жаппай қаруландырумен алмастыру қажеттігі туралы айтылған жеріндегі «халықты жаппай қаруландырумен» деген сөздердің орнына «милициямен» деп жазуды ұсынды. Съезд Либердің ұсынысын қабылдаған жоқ.— *302*.

107 Жарияланып отырған ұсыныстардың жобасын Ленин программалық комиссияның мәжілісінде партия программасының жалпы саяси талаптарының 7-параграфын (искралық жобаның 6-параграфын) екінші рет талқылағанда ұсынды.

Программаның искралық жобасында бұл параграфта сословиелерді жою және жынысына, діні мен нәсіліне қарамастан барлық азаматтарға толық тең право берілу талабы қойылды. Комиссияда алғаш рет талқылағанда параграфтың соңы «...дініне, нәсіліне, ұлты мен тіліне» деп өзгертілді. Параграф осы күйінде съездің 30 июльдегі (12 августағы) 16-мәжілісіне ұсынылды. Съезде оны талқылау үстінде бундшылдар партияның программасына «тілдердің тең праволылығы» туралы арнайы пункт қосуды талап етті. Олар тұрақсыз искрашылдардың бір бөлігін өз жағына тарта алды. Съезде дауыс бергенде дауыстар екіге бөлінді.

Кейіннен Ленин былай деп жазды: «Программаны қабылдау, тілдердің теңдігі және тең праволылығы талаптарын тұжырымдау туралы сөз болды... Бундшылдар «Искра» «тілдердің тең праволы» болғанын тілемейді деп, искрашылдар арасына іріткі салып, бұл арада кейбір искрашылдарды солқылдатты, ал іс жүзінде «Искра» редакциясының осындай сауатсыз, өз пікірінше, мүлдем қисынсыз және керексіз тұжырымды ғана қабылдағысы келмеді» (Шығармалар, 7-том, 12-бет).

7-параграфтың тұжырымы туралы мәселе программалық комиссияға екінші рет тапсырылды. Лениннің ұсыныстары комиссияда болмашы редакциялық өзгерістермен қабылданып, комиссияның атынан съездің 1(14) августағы 21-мәжілісіне ұсынылды. Съезд ұсыныстардың бірінші пунктін қабылдамады, екінші пунктін кейбір түзетулермен қабылдады (съезд қабылдаған программада 8-параграф), үшінші пунктін өзгеріссіз қабылдады.

Ленин ұсыныстарының 3-пунктінде айтылған 11-параграф искралық жобада былайша тұжырымдалған-ды: «16 жасқа дейінгі ұл, қыз балалардың бәріне тегін әрі міндетті жалпы және кәсіптік білім беру. Кедей балаларды мемлекет есебінен тамақпен, киім-кешекпен және оқу құралдарымен қамтамасыз ету». Программалық комиссия бұл параграфты алғашта өзгеріссіз қабылдады (14-параграф), алайда оны съездің 31 июльдегі (13 августағы) 18-мәжілісінде талқылағанда: «халықтың талап етуі бойынша, сабақты ана тілінде жүргізу» деген қосымша қабылданды («РСДРП екінші съезі», 1959, 198-бет). Тіл туралы мәселе жөнінде жеке пункт қабылдануымен байланысты бұл қосымша қажет болмай қалды.— *303.*

108 Бұл арада программа жобасының жұмысшыларды қорғауға қатысты бөлімінің 2-параграфы туралы айтылып отыр, онда халық шаруашылығының барлық салаларында жалдама жұмысшыларға, еркек, әйелдеріне бірдей, апта сайын кемінде

36 сағаттық тұтас демалыс беруді заң жүзінде тағайындау талабы қойылды. Лядов бұл пунктке 42 сағаттық тұтас демалыс беру талабын енгізуді ұсынды; Либер программада ұсақ өндірістегі бақылау туралы ештеңе айтылмағанын атап өтті. Съезд Лядовтың ұсынысын қабылдады, Либердің түзетуін қабылдаған жоқ.— *304.*

109 Бұл арада программа жобасының жұмысшыларды қорғауға қатысты бөлімінің 12-параграфы туралы айтылып отыр, онда «кәсіпкерлердің жалдама жұмысшыларға жеке адамдар мен азаматтар ретінде қарап, олардың тұрмысы мен қызметіне қол сұғуынан қорғау мақсатында,— кәсіпкерлердің жұмысшыларға бөлетін тұрғын үйлерінің тазалық жағдайына, сондай-ақ бұл үйлердегі ішкі тәртіп пен оларды жалға берудің шарттарына жұмысшылардан сайланатын өкілдердің қатысуымен жергілікті өзін өзі басқару органдарының бақылауын орнату» талабы қойылған болатын. Лядов бұл параграфқа мынадай қосымшалар ұсынды: 1) жалдама жұмысшылар істейтін селолық шаруашылықтардың бәрін бақылап отыру үшін аграрлық инспекция тағайындалсын; 2) программаның жұмысшыларды қорғауға қатысты бөлігінің 1—13-пункттері жалдама еңбекті пайдаланатын бүкіл ауыл шаруашылығына қолданылсын; 3) жерді жарты пайдаға немесе помещиктің жерін өңдеп беру шартымен арендаға алғандар аграрлық инспекциялық бақылауына алынуға тиісті жалдама жұмысшылар деп саналсын. Алғақшы екі қосымшаны съезд қабылдамады, үшіншісін Лядов өзі қайтып алды.— *304.*

110 Мартынов аграрлық программа бойынша жарыс сөзде сөз сөйлеп, аграрлық мәселе жөніндегі программа жобасының сатып алу төлемдері мен кесінді жерлерді шаруаларға қайтару туралы пункттері пролетариат партиясы шешуге тиісті міндеттерден тумайды, қайта «тарихи әділетсіздікті түзету» мақсатын ғана көздейді-мыс деді.— *305.*

111 Аграрлық мәселе жөніндегі программа жобасының «Ал шаруаларға ауыр езушілік болып түсіп отырған крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою мақсатында және деревняда тап күресінің еркін өрістетілуі үшін партия мынаған жетуге күш салатын болады...» деп көрсетілген кіріспе бөлігін талқылаған кезде бұл түзетуді Ленин енгізді. Съезд түзетуді қабылдады.— *310.*

112 Бұл арада аграрлық мәселе жөніндегі программа жобасының 1-параграфы туралы айтылып отыр, онда «қазіргі уақытта алым салынатын сословие ретінде шаруаларға түсіп отырған сатып алу және оброктық төлемдерді, сондай-ақ басқа міндеткерлік атаулыны жою» талабы қойылған болатын. Лядов «немесе алым салынатын сословие ретінде басқа да село

тоғышарларына» деген сөздерді қосуды ұсынды. Съезд бұл түзетуді қабылдаған жоқ.— *310.*

113 Аграрлық мәселе жөніндегі программа жобасының жаппай кепілдікті және өзінің жеріне қожалық етуде шаруаның қолын байлайтын заңдардың бәрін жою қажеттігі айтылған 2-параграфын талқылаған кезде, Мартынов бұл пунктті: «1) қай шаруа болсын жердің құнын өтеуге праволы; сонда қауымның мүдделеріне нұқсан келмейді; 2) қай шаруа болсын құнын өтеместен жерді өзіне иемденуге праволы» деп екі түрлі түсіндіруге болады дей келіп, ««өзінің жеріне» деген сөздерді қалай түсіну керек?» деп сұрақ қойды. Ленин түсінік беріп сөйлегеннен соң, Мартынов екінші рет сөз алып, өзінің жеке ұсақ-түйектерді емес, қайта жалпы принципті — жердің иесі кім — қауым ба, әлде шаруа ма? — осыны айтып отырғанын мәлімдеді. «Егер қауым болса,— деді Мартынов,— онда біз мұны экономикалық дамуға қолайсыз деп тауып, жердің құнын өтеу правосын жақтаймыз. Егер шаруа болса, онда құнын өтеудің керегі жоқ» («РСДРП екінші съезі», 1959, 235-бет).— *310.*

114 Аграрлық мәселе жөніндегі программа жобасының 4-параграфында: «а) крепостниктік правоны жойған кезде шаруалардан кесіліп алынған, сөйтіп помещиктердің қолында оларды кіріптарлықта ұстаудың құралы болып отырған жерлерді селолық қоғамдарға (экспроприация жолымен немесе — егер бұл жерлер қолдан-қолға көшкен болса — жер иеленуші ірі дворяндардың есебінен мемлекеттің құнын өтеп алуы жолымен) қайтару үшін; б) Уралда, Алтайда, Батыс өлкеде және мемлекеттің басқа облыстарында сақталып қалған крепостниктік қатынастардың қалдықтарын жою үшін... шаруалар комитеттерін құру» талабы қойылған болатын.

Н. Н. Жордания (Костров) бұл пунктке: «Кавказда шаруалар уақытша міндеттілер, хизандар және басқалары ретінде пайдаланып отырған жерлерді шаруалардың меншігіне беру үшін» деген қосымша енгізуді ұсынды («РСДРП екінші съезі», 1959, 243-бет). Б. М. Кнунянц (Русов) пен М. Н. Лядов программада Россияның барлық жерлерінде крепостниктік қатынастардың қалдықтарын жою қажеттігін жалпы көрсетсе жеткілікті болады деп есептеп, екінші ұсынысты енгізді.

Ленин өзінің сөзінде тоқталып өткен Д. А. Топуридзенің (Карскийдің) түзетуі съезд протоколдарында жазылмаған.

Съезд Жордания енгізген қосымшаны қабылдады.

Хизандар — Грузияда помещиктердің жерінде ерекше шарттармен қоныстанған шаруалар. Хизандар формальды түрде крепостной шаруалардың қатарына қосылған жоқ, олардың жеке басы бос болды, бірақ мәңгі-бақи правосыз арендаторлар болып қала берді. 1861 жылғы «шаруалар реформасы» хизандарға тараған жоқ; олар помещиктерге бұ-

рынғысынша толық тәуелді болып қалды, помещиктер хизандардың міндеткерліктерін өсіріп, олардың отырған учаскелерін тартып ала берді. Хизандық жағдай Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін жойылды.

Уақытша міндетті шаруалар — 1861 жылы крепостниктік право жойылғаннан кейін де үлесті жерін помещиктен құнын төлеп ала бастағанға дейін бұл жерді пайдаланғаны үшін оған түрлі міндеткерлік (оброк немесе барщина) атқаруға тиісті болған бұрынғы крепостной шаруалар. Жердің құнын төлеу келісімі жасалған сәттен бастап мұндай шаруалар «уақытша міндеттілер» қатарынан шығып, «меншік иесі-шаруалар» қатарына көшетін.— *311.*

115 Программа жобасының 5-параграфында аграрлық мәселе жөнінде соттарға шамадан тыс жоғары аренда ақысын төмендету және кіріптарлық сипаттағы келісімдерді күшінен айырылды деп жариялау правосын беру қажеттігі айтылды. Программа жобасының жұмысшыларды қорғауға қатысты бөлімінің 16-параграфында халық шаруашылығының барлық салаларында құрамында жұмысшылар мен кәсіпкерлердің өкілдері бірдей мөлшерде болатын кәсіпшілік соттарын құру талабы болды.— *312.*

116 Лениннің қарсы пікір айтқан сөздері программа жобасының 5-параграфына аграрлық мәселе бойынша соттарға жердің аренда ақысын тағайындау правосын беру жөніндегі талапты кіргізу туралы Либердің ұсынысына қарсы бағытталды.— *312.*

117 Бұл арада партия уставы 1-параграфының лениндік тұжырымы жөнінде айтылып отыр: «Партияның программасын танитын және материалдық қаражатымен де, партия ұйымдарының біріне жеке басының қатысуымен де партияға көмектесетін әрбір адам партияның мүшесі болып саналады» (Шығармалар, 7-том, 250-бет). Мартов басқаша тұжырым ұсынды: «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының программасын қабылдайтын, партияға материалдық қаражатпен көмектесетін және оның ұйымдарының біреуінің басшылығымен партияға үнемі жеке басы жәрдем көрсетіп отыратын әрбір адам РСДРП мүшесі болып саналады» («РСДРП екінші съезі», 1959, 425-бет). Уставтық комиссияның 30 июльдегі (12 августағы) мәжілісінде дауыстар екіге бөлініп, уставтың 1-параграфының екі тұжырымының екеуі де съездің талқылауына қойылды, тек партияға материалдық жағынан жәрдемдесу жөніндегі сөздер ғана уставтық комиссияда көпшілік дауыспен алынып тасталды. Съезде Мартовтың тұжырымы қабылданды (мұны жақтап 28 дауыс берілді, 22 дауыс қарсы болды, 1 дауыс қалыс қалды). Съезд партия мүшелерінің партияға материалдық көмек көрсетуі жөніндегі сөздерді уставтың 1-параграфына көпшілік

дауыспен енгізді (мұны жақтап 26 дауыс берілді, 18 дауыс қарсы болды).

В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітапшасында бұл мәселе жөнінде съезде болған жарыс сөздерге және дауыс беруге талдау жасады (қараңыз: Шығармалар, 7-том, 247—287-беттер).— *314.*

118 Устав жобасы 4-параграфының бірінші абзацын — партия Советінің мүшелерін тағайындау және Советтің шығып қалған мүшелерінің орнын толықтыру тәртібін талқылағанда уставтық комиссия келісімге келе алмады, сөйтіп съездің қарауына үш тұжырым ұсынылды.

Л. Мартов пен В. А. Носков (Глебов) ұсынған бірінші тұжырымда былай делінді: «Партия Советін Орталық Орган редакциясы мен Орталық Комитет тағайындайды, олар Советке екі мүшеден жібереді; Советтің төрт мүшесі бесінші мүшені шақырып алады; Советтің шығып қалған мүшелерінің орнын оларды тағайындаған мекемелер толықтырады».

В. И. Ленин мен В. Н. Розанов (Попов) ұсынған екінші тұжырым мынадай: «Съезд Орталық Орган редакциясы мен Орталық Комитет мүшелерінен бес адамнан партия Советін тағайындайды, мұның өзінде онда бұл коллегиялардың әрқайсысынан кемінде екі адамнан болуға тиіс. Советтің шығып қалған мүшелерінің орнын Советтің өзі толықтырады».

Е. Я. Левин (Егоров) ұсынған үшінші тұжырымда: «Съезд Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясының әрқайсысынан екі адамнан партия Советін сайлайды. Сайланған төрт мүше бірауыздан бесінші мүшені сайлайды; Советтің шығып қалған мүшелерінің орнын оларды ұсынған ұйымдар толықтырады, тек бесінші мүшенің орны ғана жоғарыда айтылған тәсілмен толықтырылады» делінді.

Съезде бұл мәселені талқылаудың нәтижесінде мынадай тұжырымдар қабылданды:

«4. Съезд Советтің бесінші мүшесін, Орталық Комитетті және Орталық Орган редакциясын тағайындайды.

5. Партия Советін Орталық Орган редакциясы мен Орталық Комитет тағайындайды, олар Советке екіден мүше жібереді: Советтің шығып қалған мүшелерінің орнын оларды тағайындаған мекемелер толықтырады, бесінші мүшенің орнын Советтің өзі толықтырады» («РСДРП екінші съезі», 1959, 426-бет).— *319.*

119 Устав жобасы 4-параграфының бірінші абзацын талқылағанда сөйлеген сөзінде Засулич былай деді: «Советтің төрт мүшесі бесінші мүшені сайлай алмайды деп қарсылық білдіруге негіз жоқ: егер Совет секілді мекеме бесінші мүшесін өзі сайлап ала алмаса, онда бұл мекеме жұмыс істеуге жалпы қабілетсіз болғаны» («РСДРП екінші съезі», 1959, 296-бет).— *319.*

120 Бұл арада партия уставы жобасының 10-параграфы туралы айтылып отыр: «Партияның әрбір мүшесі және партиямен нендей бір істес болған қандай адам болсын Орталық Комитетке немесе Орталық Орган редакциясына, немесе партия съезіне өзінің өтініші түпнұсқа күйінде табыс етілуін талап етуге праволы» («РСДРП екінші съезі», 1959, 426-бет). Ленин сөзі осы тұжырымнан «және партиямен нендей бір істес болған қандай адам болсын» деген сөздерді алып тастау жөніндегі Мартовтың ұсынысына қарсы бағытталған. Мартовтың ұсынысы қабылданбады.— *319.*

121 Бұл сөздің партия уставы жобасының 12-параграфына қатысы бар, онда партияның коллегиялық мекемелеріне, оның ішінде Орталық Комитет пен Орталық Органға кооптация жасау туралы айтылған болатын. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында былай деп жазды: «Мүшелер алу тәртібінің өте қатаң болуын да ($^2/_3$ орнына $^4/_5$), кооптация жөнінде бірауыздылық болуын да, орталық органдарға кооптация жасағанда өзара бақылаудың болуын да,— *орталық органдардың мүшелер құрамы туралы мәселе жөнінде азшылық болып қалғанда* біз мұның бәрін қорғай бастадық» (Шығармалар, 7-том, 308—309-беттер). Мартов кооптация жасағанда бірауыздылық болуын және Орталық Комитет пен Орталық Органның өзара бақылау жасауын талап етуді уставқа енгізу жөніндегі ұсынысқа қарсы шығып, сөз сөйледі. Ленин съездегі осы кезеңде қалыптасқан жағдайды кейіннен былай сипаттады: «Әрине, бізді аңдып жүріп, алдап кетуі мүмкін деген қауіп бізде болды. Сондықтан екі жақ өзара келісіп орталық мекемелерге кооптация жасау, сөйтіп партияға олардың жұмысында бірлікті қамтамасыз ету қажет болды. Осы мәселеге бола тағы да күрес басталды... Табанды, адал искрашыл министрлік құру қажет болды. Осы пунктте біз тағы да таяқ жеп шықтық. Орталық мекемелерге өзара келісіп кооптация жасау пункті жүзеге аспай қалды. «Батпақ» қостаған Мартовтың қателігі бұрынғыдан айқын көрініп қалды. Сол кезден бастап одақ әбден қалыптасты және біз жеңіліп қалу қаупіне ұшырағандықтан мылтығымызды мықтап оқтауға мәжбүр болдық. Бунд пен «Рабочее Дело» отырып алып, өздерінің дауысымен съездің тағдырын шешті. Осыдан келіп батыл, қатты күрес туды» (Шығармалар, 7-том, 70—71-беттер).— *320.*

122 Е. Я. Левин (Егоров) партияның коллегиялық мекемелеріне кооптация жасау үшін қажетті көпшіліктің қайсыбір цифрмен ($^2/_3$ немесе $^4/_5$) шектелуіне қарсы шығып, дәлелді қарсылық айтылмаған жағдайда мәселе жай көпшілік дауыспен шешілуі мүмкін деп санады.— *320.*

123 Е. Я. Левин (Егоров) устав жобасында партия Советіне партиялық орталықтарға кооптация жасау мәселесін шешу пра-

восын беру туралы пункт болмауы себепті өзінің сөзінде оны «кемтар» жоба деп атады.— *320.*

124 Бұл арада партия уставының 12-параграфына Орталық Комитетке және Орталық Орган редакциясына тек партия Советінің барлық мүшелерінің келісім беруімен ғана кооптация жасалуына жол беруге болатыны туралы пункт қосу жөніндегі Лениннің ұсынысына қарсы шыққан Троцкий мен Мартовтың сөздері туралы айтылып отыр.— *322.*

125 Устав жобасының 12-параграфын талқылағанда Мартовтың енгізген мына ұсынысы туралы айтылып отыр: «Егерде Орталық Комитетке немесе Орталық Орган редакциясына жаңа мүшелерді алғанда бірауыздан кооптация жасалуына қол жетпесе, мүше алу туралы мәселе Советтің қарауына берілуі мүмкін, сөйтіп ол тиісті коллегияның шешіміне кассация жасаған күнде, түпкілікті шешімді жай көпшілік дауыспен қабылдай алады» («РСДРП екінші съезі», 1959, 311-бет).— *322.*

126 Мартовтың мына сөздері туралы айтылып отыр: «Мен азшылықтың шешіміне риза болмаған көпшілікке Советтің шығаратын шешіміне жүгіну правосы берілуін ұсынамын» («РСДРП екінші съезі», 1959, 311-бет). Мартовтың түзетуін съезд қабылдады (оны жақтап 24 дауыс берілді, 23 дауыс қарсы болды).— *322.*

127 Ленин өзінің сөзінде уставқа 13-параграфты («Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасын» РСДРП-ның бірден-бір шетелдік ұйымы ретінде тану және оның міндеттері туралы) енгізбеуді, бұл параграфты партияның Орталық Комитетінің (Глебов) немесе партия Советінің (Дейч) талқылауына тапсыруды ұсынған В. А. Носков (Глебов) пен Л. Г. Дейчке жауап береді. Съезде уставтың 13-параграфы 31 дауыспен қабылданды, 12 дауыс қарсы болды, 6 дауыс қалыс қалды.— *323.*

128 Съезд Шетелдік лиганы РСДРП-ның шетелдегі бірден-бір ұйымы ретінде тану жөніндегі уставтың 13-параграфын бекіткеннен кейін «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» делегаттары Мартынов пен Акимов съездің бюросына дауыс беруге қатысудан бас тартатындарын, съезде тек бұрынғы мәжілістердің протоколдарын тыңдау және оларды жариялаудың тәртібін талқылау үшін ғана қатыспақшы екенін мәлімдеді. Бұл мәлімдеме 5(18) августағы съездің 27-мәжілісінде жарияланды. Съезд Акимов пен Мартыновқа өздерінің мәлімдемесін қайтып алуды ұсынды, бірақ олар бұл ұсынысты қабылдамай, съезден кетіп қалды.

Ленин қарардың жобасын съезге ұсынбады. Жобаның қолжазбасын ол өз қолымен үстінен сызып тастаған. Бұлай етіл-

ген себебі, бәлкім, съезд бюросының бұл мәселені съездің талқылауына қоюды ұйғаруынан болуы мүмкін.—*324*.

129 Төменде жарияланып отырған Мартовтың қарарына қосымша және жеке топтар туралы, әскердегі жұмыс туралы, шаруалар арасындағы жұмыс туралы қарарлардың жобалары сияқты, Бундтың РСДРП-дан шығуы туралы қарардың жобасын да Ленин съезге ұсынған жоқ. Соңғы екі мәселе съезде талқыланбады. Шетелдік лиганың II съезінде 1903 жылы 13(26) октябрьде РСДРП-ның II съезі туралы жасаған баяндамасында Ленин былай деді: ««Батпақ» тарапынан кедергіліктер мен қарсылық болғандықтан бізге Tagesordnung-тан толып жатқан маңызды пункттерді алып тастауға тура келді; сонымен, тактика жөніндегі мәселенің барлығын тегіс талқылауға бізде уақыт қалмады» (Шығармалар, 7-том, 72-бет).— *327*.

130 Бунд съездің талқылауына ұсынған Бунд уставының 2-параграфын қабылдамау жөніндегі съездің 1903 жылы 5(18) августа қабылданған шешімі жөнінде әңгіме болып отыр. Бұл параграфта былай делінген-ді: «Бунд — еврей пролетариатының өз қызметінде қайсыбір аудандық шеңбермен шектелмейтін социал-демократиялық ұйымы және партияға оның бірден-бір өкілі ретінде кіреді» («РСДРП екінші съезі», 1959, 51-бет). Бұл параграфтың принциптік сипаты бар еді, сондықтан ол съездің талқылауына бірінші болып қойылды. Бундтың делегаттары съездің шешіміне наразылық білдіру есебінде Бундтың РСДРП-дан шығатынын мәлімдеп, съезден кетіп қалды.— *327*.

131 *«Ерік»* — өзін «революциялық социал-демократиялық ұйым» деп атаған шетелдік топ. 1903 жылдың февралында бұл топ «революциялық социал-демократиялық «Ерік» ұйымынан — революционерлерге» атты листовка шығарып, онда халықтың барлық топтары арасындағы саяси үгіттің және социал-демократтарды социалист-революционерлермен біріктірудің міндеттері қойылды. «Ерік» тобы РСДРП-ға кірген жоқ. РСДРП II съезі «Куклин баспасының тобы және «Ерік» тобы туралы» қарар қабылдады, онда былай делінді: «...съезд аталған екі ұйымның екеуі де партияның құрамына кірмейді, демек, олардың ұйымдасқан россиялық социал-демократиямен ортақ ештеңесі жоқ деп көрсетеді. Бұдан былайғы жерде бұл топтардың партияға қатынасы туралы мәселені, егер олар мұндай мәселе қоятын болса, партияның Орталық Комитеті шешеді» («РСДРП екінші съезі», 1959, 439-бет). РСДРП II съезінен кейін көп кешікпей бұл топ өзінің өмір сүруін тоқтататынын және топтың мүшелері РСДРП-ға қосылатынын мәлімдеді; бұл туралы хабар 1903 жылы 7 ноябрьде «Искраның» 52-номерінде басылды.— *329*.

132 Ленин бұл сөзін съездің 31-мәжілісінде «Искра» редакциясын сайлағанда сөйледі. Осы мәжілістің протоколын съездің 35-мәжілісінде бекіткен кезде Лениннің келісімі бойынша оның сөзінің текстіне өзгеріс енгізілді. «Жолдастар! Мартовтың сөзі таңқаларлықтай шыққаны соншалық, мен оның мәселені қойысына қарсы батыл наразылық білдіруге мәжбүр болғалы тұрмын» деген сөздерден бастап «...саяси ұғымдарды тым оғаш шатастырушылықты ғана дәлелдейді» деген сөздер қоса алынып тасталып, мына текстімен алмастырылды:

«Мартовқа жауап беруіме съезден рұқсат сұраймын.

Мартов жолдас мұндай вотум оның саяси беделіне дақ түсірді деді. Сайлаудың саяси беделді қорлаумен ортақ ештеңесі жоқ. («Дұрыс емес! Жалған!» деген дауыстар естіледі. Плеханов пен Ленин үзіліске қарсы наразылық білдіреді. Ленин секретарьлардан Засулич, Мартов және Троцкий жолдастардың оның сөзін үзіп жібергенін протоколға енгізуді өтінеді, оның сөзін неше рет үзгенін жазып қоюды өтінеді.)»

Алайда, бұл түзетуге келісім бергенімен, Ленин съезде мынадай мәлімдеме жасады: «Костич пен Панин жолдастардың түзетулеріне келісе отырып, менің айтпақ ойым Мартов жолдастың өзінің қалған жолдастарынсыз редакциялық үштікке кіруді өзі үшін қорлау деп санайтынында екенін мәлімдеймін» («РСДРП екінші съезі», 1959, 372, 392—393-беттер). Бұл томда Лениннің сөзі өзі қалай жазып, съезде сөйленген күйінде басылып отыр.— *332.*

133 В. И. Ленин әзірлеген Tagesordnung-те (күн тәртібінде) «Партияның Орталық Комитетін және Орталық Орган редакциясын сайлау» деген пункт 24-пункт болса, съезд қабылдаған күн тәртібінде ол 18-пункт болды.— *332.*

134 Екі үштікті (Орталық Комитет пен Орталық Органға) сайлаудың жоспарын Ленин съезге дейін көп уақыт бұрын өзі әзірлеген съезд күн тәртібіне түсініктемеде тұжырымдаған болатын (қараңыз: осы том, 432—433-беттер). Кейіннен Лениннің жазғанындай, бұл жоспар «1) редакцияны жаңалауды көздеді, 2) партиялық мекемеге лайықсыз болатын бұрынғы үйірмешілдіктің кейбір белгілерін редакцияда қалдырмай жоюды көздеді (егер жоятын түк болмаса, онда алғашқы үштікті ойлап шығарудың қажеті болмаған болар еді!), ақырында, 3) әдеби коллегияның «теократиялық» белгілерін жоюды көздеді (үштікті кеңейту туралы мәселені *шешуге* көрнекті практиктерді қатыстыру жолымен жою)» (Шығармалар, 7-том, 321—322-беттер).

Съездің 30 және 31-мәжілістерінде «Искраның» бұрынғы редакциясын (Ленин, Плеханов, Мартов, Потресов, Засулич,

Дейч) бекіту жөніндегі ұсынысты қолдаған Мартовтың жақтастары мен съездің үш редакторды еркін түрде сайлауын жақтаушылардың — табанды искрашылдардың арасында күрес кең өрістеді.

Съезд көпшілік дауыспен редакцияны үш адамнан сайлауға шешім қабылдады. Орталық Орган редакциясына Ленин, Плеханов және Мартов сайланды. Сайлаудан соң бірден-ақ Мартов редакцияда жұмыс істемеймін деп мәлімдеді. Орталық Орган редакциясын сайлаумен байланысты съезде болған күресті Ленин *«тоғышарлықтың партиялықпен* күресі, барып тұрған нашар *«қара бастың мүдделерінің» саяси ой-пікірмен* күресі, *бишаралық сөздердің революциялық борыш* жөніндегі жұртқа мәлім ұғымдармен күресі болды» (Шығармалар, 7-том, 329-бет) деп сипаттады.— *333.*

135 Бұл арада Лениннің өзі әзірлеген съезд күн тәртібінің 24-пунктіне түсініктемесі (қараңыз: осы том, 432—433-беттер) жөнінде айтылып отыр. Ленин бұл түсініктемедегі соңғы сөйлемді Мартовтың ескертпелерінен кейін қызыл сиямен жазған.— *333.*

136 Бұл арада съезде Орталық Комитетті сайлау кезеңіне, «солқылдақ» искрашылдар бөлініп шығып, Бундтың делегаттары мен екі рабоче-делошыл съезді тастап кеткеннен кейін біржолата қалыптасқан искралық көпшілік туралы айтылып отыр.— *336.*

137 Б. М. Кнунянц (Русов) партияның Орталық Комитетін сайлауға кірісу жөнінде ұсыныс енгізді.— *336.*

138 Плеханов болмашы редакциялық түзетулер енгізген қарардың бұл жобасы Ленин мен Плехановтың атынан 10(23) августа съездің 37-мәжілісіне ұсынылды. Съезд қабылдаған қарарда жобаның екінші бөлегі Мартовтың ұсынысы бойынша «Съезд Орталық Комитетке Бонч-Бруевич жолдастың баяндамасындағы ұсыныс туралы мәселемен шұғылдануды тапсырады» («РСДРП екінші съезі», 1959, 401-бет) деген сөздермен алмастырылды. Қарар жобасының қолжазбасында, Ленин мен Плехановтың қолынан басқа, съездің басқа он бір делегатының қойған қолдары бар.— *337.*

139 Съезд либералдарға көзқарас туралы мәселе жөнінде екі қарар қабылдады: біріншісін Потресов (Старовер), екіншісін Ленин, Плеханов және съездің басқа 13 делегаты ұсынды (Ленин түзету енгізген Плеханов әзірлеген жоба — қараңыз: Лениннің VI жинағы, 177—178-беттер).

«...Бір жағынан либералдармен «келісудің» соңына түскен (және тіпті мезгілсіз түскен),— деп жазды кейіннен Ленин,— ал екінші жағынан мұндай келісімдердің, либералдардың мүлдем орындауына болмайтын жалған шарттарын

қойған Старовердің шатасқан қарарынан гөрі, либералдық «Освобождениенің» революцияға қарсы және пролетариатқа қарсы сипатын атап көрсеткен Плехановтың қарарында бұрынғы «Искраның» көзқарастары анағұрлым жақсы айтылғанын көрсетсем де жеткілікті» (Шығармалар, 7-том, 525-бет).— *338.*

140 *«Вестник Финансов, Промышленности и Торговли»* («Финанс, Өнеркәсіп және Сауда Хабаршысы») — патшалық Россия Финанс министрлігінің апталық журналы; Петербургте 1883 жылдың ноябрінен 1917 жылға дейін шығып тұрды (1885 жылдың январына дейін «Финанс министрлігі жөніндегі үкімет жарлықтарының көрсеткіші» деген атпен шықты). Журналда үкімет жарлықтары, экономикалық мақалалар мен шолулар басылды.— *343.*

141 Ленин бұл арада 1903 жылы июльде Одессада болған жаппай саяси стачканы айтып отыр; бұл стачка 1903 жылдың жазында Россияның оңтүстігіне түгелдей дерлік тарап, 1905—1907 жылдардағы революцияның жаршысы болған жаппай саяси стачкалардың бір буыны еді. Стачканы котел цехының бір жұмысшысын заңсыз жұмыстан шығаруға наразылық білдіру ретінде Үлкен вокзал мен темір жол шеберханаларының жұмысшылары бастады. Көп кешікпей темір жолшыларға порт, тас қопаратын жер, цемент заводы, пробка заводы, қағаз-джут фабрикасы және басқа өнеркәсіп орындарының жұмысшылары қосылды. Қалалық транспорт, электр станциялары, газ заводы, наубайханалар, сауда орындарының жұмысшылары жұмысты тоқтатты.

Одессадағы зубатовтық ұйым — «Тәуелсіз жұмысшы партиясының комитеті» жұмысшыларға біршама ықпал жүргізетін-ді, ол стачканың саяси стачкаға ұласуына жол бермеуге тырысты. Алайда жұмысшылар «тәуелсіздердің» саясатын тез әшкереледі. Ереуіл қозғалысына басшылық етуді Одесса социал-демократиялық комитеті өзінің қолына алып, бұл стачканың айқын саяси талаптар қойылған жаппай стачкаға ұласуында зор роль атқарды. Одесса социал-демократиялық комитеті жұмысшылардың қоятын талаптарын айтып, оларды самодержавиені құлату үшін күреске шақырған листовкаларды үнемі шығарып тұрды, фабрикалар мен заводтарға өзінің үгітшілерін жіберді, жаппай митингтер мен саяси демонстрациялар ұйымдастырды. Зубатовшылдар жеңіліске ұшырады. Жұмысшылардың таптық сана-сезімінің өсуі үшін бұл стачканың орасан зор маңызы болды.— *346.*

142 *«Дегені болмады!..»* атты мақала «Революционная Россия» газетінің 1903 жылғы 20 августағы 30-номерінде басылған «Редакциядан» деген заметкаға жауап ретінде жазылды және «2 апрель ісімен» (студент С. В. Балмашевтың 1902 жылы 2 апрельде ішкі істер министрі Сипягинді өлтіруі)

байланысты «Искра» мен «Революционная Россияның» арасында туған айтыстың жалғасы болды.— *363.*

143 В. И. Ленин *«Революцияшыл жастардың міндеттері»* деген мақаласын «Студент» газеті редакциясының өтініші бойынша жазды; мақала 1903 жылдың сентябрінде газеттің 2—3-номерінде, «Еркін трибуна» бөлімінде басылды. Мақаланың «Бірінші хат» деген тақырыпшасы бар. Бірінші хаттың постскриптумынан және революцияшыл жастардың міндеттері туралы хаттардың жоспарынан (қараңыз: осы том, 471—472-беттер) көрініп отырғанындай, Ленин осы тақырыпқа жазбақшы болған басқа хаттар, тегінде, жазылмаған болу керек.

«Революцияшыл жастардың міндеттері» деген мақала «Студент» газетінен жеке оттиск етіліп басылды және (постскриптумнан басқасы) «Студенттерге. Революцияшыл жастардың міндеттері (социал-демократия және интеллигенция)» деген тақырыппен мимеографта жеке басылым болып шықты. Мақаланы Москва университетінің студенттері литографиялық әдіспен басып шығарды. Кітапша Россияда кең тарады. Полиция департаментінің 1904—1905 жылдардағы толық емес мәліметтеріне қарағанда кітапшаның жеке даналары тұтқындау және тінту жүргізген кездерде Екатеринославта, Н.-Новгородта, Қазанда, Одессада, Смоленскіде және Минск губерниясында табылған.— *370.*

144 *«Студент»* — революцияшыл студенттердің газеті, барлығы 2 номері (1 және 2—3-номерлері) шықты. Бірінші номері әуелі Россияда басыла бастады, бірақ баспаханада конфискеленді; екінші рет бұл номері 1903 жылдың апрелінде Женевада басылды, газеттің 2—3 (қосарланған) номері Цюрихте шықты.

Ленин айтып отырған редакциялық мәлімдемеде былай делінді: «Орыс оппозициялық партияларының біріне де қосылмастан... редакция өз органының беттерін революциялық күрестің теориялық және практикалық мәселелерін байыпты түрде талқылау үшін орыс революциялық ой-пікірінің тіпті мүлде қарама-қарсы бағыттарының өкілдеріне беруді тиімді деп табады және мұның өзінде студенттердің идеялық бірігуіне қажетті әрі қуатты фактор есебінде оларда белгілі бір тұтас саяси және социалистік революциялық көзқарас қалыптастыруды әрдайым мақсат тұтады».— *370.*

145 Бұл арада Москвадағы тұңғыш маркстік ұйым — Москва «Жұмысшы одағының» 1896 жылы 3(15) ноябрьде студенттерге арнаған үндеуі туралы айтылып отыр.— *379.*

146 Бұл арада Ленин ауыл шаруашылығы өнеркәсібінің мұқтаждары жөніндегі Воронеж уездік комитетінің екі мүшесі Н. Ф. Бунаков пен С. В. Мартыновтың осы комитеттің 1902

жылғы 26 августагы (8 сентябрьдегі) мәжілісінде сөйлеген оппозициялық пікірдегі сөздері туралы айтып отыр. Осы сөздерге байланысты Мартынов Архангельск, Бунаков Новгород губернияларына жер аударылды.

Воронеждегі оқиғалар туралы хабар, сондай-ақ Бунаковтың сөзі мен мәжілісте Мартынов оқып берген мәлімдеме хат 1902 жылдың 1 декабрінде «Искраның» 29-номерінде басылды.— *392.*

147 Бұл арада орта шаруаларды (2 миллион шаруашылық) кедей шаруалар ($6^1/_2$ миллион шаруашылық) жағына тарту жөнінде әңгіме болып отыр.— *396.*

148 Бұл арада Россиядағы аграрлық құрылысты В. И. Лениннің төрт горизонталь полосамен графикалық түрде бейнелегені туралы айтылып отыр: біріншісі — 0,1 миллион помещиктер шаруашылықтары, екіншісі — $1^1/_2$ миллион бай шаруалар шаруашылықтары, үшіншісі — 2 миллион орта шаруалар және төртіншісі — $6^1/_2$ миллион кедей шаруалар шаруашылықтары (қараңыз: осы том, 412-бет).— *398.*

149 Ленин келтірген 48,6 процент цифры 1893—1894 жылдарда бай шаруалар шаруашылықтарының 16,5 проценті иемденген ауыл шаруашылығындағы аттардың жалпы санының процентін көрсетеді. Селолық қоғамдарда аттардың бөлінуі туралы көшіріп алынған деректерден (қараңыз: осы том, 408-бет) мына жағдай байқалады: 1893—1894 жылдарда үш аты бар үйлер 8,7 процент болса, олардың меншігінде аттардың 18,8 проценті болды, төрт және одан артық аты бар үйлер 7,8 процент болса, олардың меншігінде аттардың 29,8 проценті болды. Тұтас алғанда бұл топтағы бай шаруашылықтар 16,5 процент, ал олардың меншігінде барлық аттардың 48,6 проценті болды. 1888—1891 жылдарға сәйкес келетін мәліметтер алу үшін Ленин статистикалық деректерді топтаудың (екінші рет топтау әдісі деп аталатын) өз әдісін қолданды. Ленин кітапша жоспарларының бірінің жиегіндегі бос жерге мынадай есептер жазған:

«10,6	
5,3	9,4
11,4	37,4
16,7	46,8»

Бұл есептерді 1888—1891 жылдарда аттардың бөлінуі туралы мәліметтермен салыстырудан мынадай жағдай анықталады: бай шаруалар шаруашылықтары тобы 16,7 процент (бұл 1893—1894 жылдардағы тиісінше деректерге, яғни 16,5 процент деген мөлшерге өте жақын), мұны Ленин төрт жә-

не одан көп аты бар 11,4 процент үйлерді үш аты бар үйлердің жартысымен, яғни 5,3 процентімен қосу арқылы алды. Алайда, Ленин аттардың 46,8 процентіне сәйкес келетін шаруашылықтардың 16,7 проценті мөлшерімен шектеліп қалмады, сөйтіп 1888—1891 жылдарда бай шаруалар шаруашылығының 16,5 процентінде аттардың 46,6 проценті болғандығын аталған әдістің көмегімен анағұрлым дәл есептеп шығарды.— *401.*

150 Европалық Россияның 49 губерниясы бойынша 1888 және 1891 жылдардағы мәліметтер екі деректемеден: 31 губерния бойынша 1888 жылғы мәліметтер «Россия империясының статистикасы. XX. 1888 жылғы әскери-аттар санағы» (Спб., 1891) кітабынан, 18 губерния бойынша 1891 жылғы мәліметтер «Россия империясының статистикасы. XXXI. 1891 жылғы әскери-аттар санағы» (Спб., 1894) кітабынан алынды. Бірінші кестедегі оң бағанадағы цифрлар әр топ бойынша 1 үйге келетін аттың санын көрсетеді.

1893—1894 жылдардың мәліметтері — «Россия империясының статистикасы. XXXVII. 1893 және 1894 жылдардағы әскери-аттар санағы» (Спб., 1896) кітабынан алынды.—408.

151 Бірінші графиктің оң жағындағы цифрлар мен екінші және үшінші графиктердің сол жағындағы цифрлар шаруашылықтардың миллион есебімен алғандағы санын көрсетеді; екінші графиктің оң жағындағы цифрлар да,— миллион есебімен алғандағы аттардың саны.— *410.*

152 В. И. Ленин бұл кітапшаны жазған жоқ.— *413.*

153 Бұл арада «Социалист-революционерлер партиясының Шаруалар одағынан Россиядағы революциялық социализмнің барлық қызметкерлеріне» арналған программалық үндеу туралы айтылып отыр; бұл үндеу 1902 жылы 25 июньде «Революционная Россия» газетінің 8-номерінде жарияланды. Төменде, С бөлімінің 3-пунктінде, Ленин тағы да осы үндеу жайында айтады.— *415.*

154 Бұл арада А. Н. Потресовтың «Осы заманғы весталка (Осы күнгі журналистика туралы этюдтерден)» деген мақаласы туралы айтылып отыр. Бұл мақала «Ст.» деп қол қойылып, 1901 жылғы декабрьде «Заря» журналының 2—3-номерінде басылды.— *416.*

155 *«Народное Дело»* («Халықтық Іс») — социалист-революционерлер партиясының әйгілі органы; жинақ түрінде (1-номері — газет) басылды. 1902—1904 жылдарда Женевада шығып тұрды; барлығы 5 номері шықты.— *418.*

156 Бұл арада 1902 жылы сентябрьде «Революционная Россия»

газетінің 11-номерінде басылған ««Искраның» айтысы жөнінде» деген мақала туралы айтылып отыр.— *419.*

157 Ленин бұл арада гектографиялық әдіспен шығарылған «Вперед» мерзімді басылымының 1902 жылғы 15 сентябрьдегі 5-номерінде «С.-р.» деп қол қойылып басылған (тақырыпсыз) мақала туралы айтып отыр. Оны Петербургтегі халықшылдық бағыттағы «Вперед» үйірмесі шығарды.— *419.*

158 Ленин бұл пунктте 1902 жылы июньде «Революционная Россия» газетінің 7-номерінде басылған «Біздің программадағы терроршылдық элемент» деген мақаладан цитат келтіреді.— *419.*

159 Бұл арада 1902 жылы октябрьде «Революционная Россия» газетінің 12-номерінде басылған «Үкіметтің айуандық әрекеттеріне қалай жауап беру керек?» деген мақала туралы айтылып отыр.— *420.*

160 В. И. Ленин мақаланы бұл жоспар бойынша жазған жоқ.— *422.*

161 *««Искра» ұйымының қызметі туралы РСДРП II съезіндегі баяндамаға заметкалар»* осы мәселе жөнінде съезде жасалатын баяндаманың негізі етіп алынды, бұл баяндаманы Н. К. Крупская жазды. В. И. Ленин баяндаманы қарап шығып, оған болмашы редакциялық түзетулер енгізді. Съездің протоколдарында «Искраның» баяндамасын съезде Мартов оқып берді деп көрсетілген, бірақ баяндаманың тексті де, оны секретарьдың жазғандары да сақталмаған.

Крупская жазған баяндама бірінші рет 1928 жылы «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде жарияланды.— *424.*

162 Бұл арада «Россия социал-демократтарының паразылығы» (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер) туралы айтылып отыр.— *424.*

163 Бұл арада 1900 жылдың басында В. И. Ленин айдаудан қайтып келген соң, шетелде жалпы орыстық астыртын маркстік газет ұйымдастыру мақсатында, оның инициативасымен құрылған топ туралы айтылып отыр, бұл топтың құрамында: В. И. Ленин, Л. Мартов және А. Н. Потресов болды.— *424.*

164 Әңгіме РСДРП Екатеринослав комитетінің инициативасы бойынша, Бундтың және «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» қолдауымен 1900 жылдың басында РСДРП екінші съезін шақыруға жасалған әрекет туралы болып отыр. Съезд 1900 жылдың көктемінде Смоленскіде шақырылады деп жобаланды. Ленин мен «Еңбекті азат ету» тобының мүшелері бұл әрекетті мақұлдаған жоқ, өйткені съездің ша-

қырылуын асығыстық болады деп санады. Алайда «Еңбекті азат ету» тобы съезге қатысудан бас тарту мүмкін емес деп есептеді, сөйтіп онда өзінің өкілі болуды В. И. Ленинге тапсырып, шетелден оған мандат жіберді. 1900 жылдың апрель — майында бірқатар социал-демократиялық ұйымдарда жүргізілген көптеген тұтқындау әрекеттері салдарынан съезд болған жоқ.— *424.*

165 Бұл арада берілген кезеңдерге бөлу мына фактілерге байланысты: Ленин 1900 жылдың февралында, айдаудан қайтып келген соң, «Искраны» шығаруға әзірлік жұмыстарына кірісті; 1900 жылдың декабрінде «Искраның» бірінші номері шықты; 1902 жылдың январында Самарада искрашылдардың съезі болды, онда «Искраның» россиялық ұйымының бюросы құрылды; 1902 жылдың февралында охранка бөлімшесі искрашылдар арасында жаппай тұтқындау жүргізді.— *424.*

166 *«Лошади»* — искрашылдардың бакулік тобының астыртын аты, бұл топтың мүшелері 1901 жылы «Искра» мен искралық әдебиетті шетелден Россияға жеткізіп, Бакудегі астыртын баспаханада «Искраның» басылып шығарылуын ұйымдастырды. Астыртын әдебиет Вена арқылы Персияға (Тавризге) тасымалданды, ал одан аттармен Бакуге жеткізілді (бұл топтың «лошади» деген астыртын аты осыдан шыққан). Топтың құрамына Л. Б. Красин, В. З. Кецховели, С. Я. Аллилуев, В. А. Шелгунов, Л. Е. Гальперин және басқалары кірді.— *424.*

167 Бұл арада «Искраны» және искралық астыртын әдебиетті шетелден Россияға жеткізуді ұйымдастыру туралы айтылып отыр. Әдебиетті жеткізу ісімен құрылықтағы және теңіз жолдарымен жүретін арнайы тасымал топтары және жеке адамдар шұғылданды.

Жоғарыда атап өтілген латыштар — Цюрихтегі латыш студенттері тобы — Э. Ролау, Э. Скубик және басқалары астыртын әдебиетті Россияға Прибалтика арқылы жеткізді. Кейіннен анықталғанындай, бұл топтың жұмысы туралы жандармдарда мәліметтер болған; латыштардың 1900 жылдың декабрі мен 1901 жылдың июнінде Россияға апара жатқан искралық әдебиеті конфискеленді.

Жоғарыда аталған поляктар тобының жұмысы туралы мәлімет жоқ.

«Чемодандар» — астыртын әдебиетті қос түпті жол чемодандарымен тасу тәсілдерінің бірі.— *425.*

168 Бұл документте съездің регламенті мен күн тәртібі егжей-тегжейлі белгіленген. Документтің бірінші бөлігі (А бөлімі) съезд қабылдаған регламенттің негізі ретінде қабылданды. Документтің екінші бөлігі (Б бөлімі), В. И. Лениннің айтуынша, түсініктерімен қоса *«съезден көп бұрын бар-*

лық искрашылдарға және *съездің барлық мүшелеріне* мәлім болған» (Шығармалар, 7-том, 17-бет) Tagesordnung-тың (күн тәртібінің) жобасы болып табылады.

Жарияланып отырған документтің бастапқы текстін Ленин толықтырып, онда Мартовтан және, бәлкім, документпен таныскан басқа искрашылдардан да алынған ескертпелерді ескерді. Документтің тексті кейінгі толықтырулары және өзгерістерімен қоса толық беріліп отыр.— *426*.

169 Бұл документте съезд құрамының және съездегі топтардың арақатынасының Ленин съезд ашылмас бұрын жасаған алдын ала есебі көрсетілген. «Дауыстар саны» графасында съезде әрбір ұйым ие болған дауыс саны көрсетілген. «Келгені» графасында кесте жасалып жатқан кезде Женеваға келіп үлгерген делегаттардың саны көрсетілген. «+? —» таңбасымен белгіленген графадағы «+» таңбасының астындағы цифрлар искрашылдардың дауыс санын, «?» — таңбасының астындағы цифрлар қай бағыт ұстайтынын анықтамаған делегаттардың дауыс санын, «—» — таңбасы астындағы цифрлар антиискрашылдардың дауыс санын көрсетеді. Кейбір ретте бұл графада келген делегаттардың ғана емес, сондай-ақ келуге тиісті делегаттардың жорамал позициялары да есептелген. Соңғы графадағы цифрлар, тегі, искрашылдардың «табандылар» (дәйектілер) және «солқылдақтар» болып жіктеле бастауын көрсететін болар.— *434*.

170 РСДРП Тверь комитетінің делегаттары съезге қатысқан жоқ, өйткені Тверь комитеті Солтүстік одаққа кірді де, осы одақтың делегаты оның да өкілі болды.— *434*.

171 РСДРП Нижегород комитетінің делегаттары съезге келген жоқ.— *434*.

172 Кавказдан келген делегаттардың съезде сегіз дауыс емес, алты дауысы болды. Ленин, нольді алтыға түзеткенімен, бұрын жазып қойған екі деген цифрын сызып тастамаған.

Бұл графаның қорытынды цифрларында Кавказдан келгендердің дауыс санының түзетілгені ескерілмеген.— *434*.

173 Бастапқы 32 цифрының орнына Ленин 36 қорытынды цифрын жазған. Онда Нижегород комитеті делегаттарының (екі дауыс) келмеуімен және Кавказдан әуелі жазылған екі дауыстың орнына алты дауыс болуымен байланысты Ленин тізімге енгізген түзетулер, сонымен бірге тізімге қосымша енгізілген Қырым одағының екі дауысы есепке алынған.— *434*.

174 Ленин бұл жерге сұрақ белгісін, сірә, «Искраның» орыс ұйымы съезге жіберуге тиісті екі делегат келмегендіктен қойған болу керек.— *435*.

175 2 цифрының ерекше таңбасы, тегі, «Южный рабочий» делегаттарының дәйекті-искрашылдық позициясына Лениннің күмәндануын білдіретін болар.— *435.*

176 Жалпы қорытынды 47 цифрында Нижегород комитетінен, Кавказдан және Қырым одағынан болуға тиісті дауыстар санын көрсететін цифрлардағы сызып тастау, түзету және толықтыру ескерілмеген.— *435.*

177 Қорытынды 36 цифрында Кавказдан болуға тиісті дауыс санының түзетілуі ескерілмеген.— *435.*

178 *Николай Петрович* — Петербург социал-демократиялық комитетінің (искралық) шартты лақап аттарының бірі, «Искра» редакциясы жергілікті ұйымдармен хат жазысқанда құпиялықты сақтау үшін осы лақап атты пайдаланды. Бұл жерде, тегі, партияның II съезіне Петербург комитетінен делегат А. В. Шотман туралы айтылып отырса керек.— *436.*

179 Құрамына көбінесе «экономистер» кірген Воронеж комитеті РСДРП II съезіне шақырылған жоқ, өйткені бұл комитет съезді шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетін, сонымен бірге Ұйымдастыру комитеті дайындаған және съезді шақыруға негіз болған уставты танымады. Съезге екі күн қалғанда Воронеж комитеті бұл мәселе жөнінде аралық сот құрылуын талап етіп, Ұйымдастыру комитетіне өтініш берді. Съезд Воронеж комитетінің талабын қабылдамады, сөйтіп Ұйымдастыру комитетінің әрекетін дұрыс деп тапты.— *437.*

180 Бұл арада делегаттардың мандаттарын тексеру және РСДРП II съезінің құрамын анықтау жөніндегі комиссия туралы айтылып отыр.— *437.*

181 Бұл арада съездің дауыс беру тәртібі туралы шешімі жайында айтылып отыр. Регламентті талқылаған кезде Мартов мәжіліс тәртібіне қатысты барлық мәселелер бойынша дауыс беруге шешуші дауысы бар делегаттар ғана емес, сондай-ақ кеңесші дауысы бар делегаттар да қатыстырылсын деген ұсыныс енгізді. Ленин барлық мәселелер жөнінде дауыс беру тек қана мандаттар бойынша өткізілсін және дауыс беруге шешуші дауысы бар делегаттар ғана қатыстырылсын деген ұсыныс кіргізді.— *437.*

182 Бұл арада Либер ұсынған съездің күн тәртібі туралы айтылып отыр. Ұйымдастыру комитеті съездің бекітуіне ұсынған күн тәртібінде көрсетілгеніндей, Бундтың партиядағы орны туралы мәселені бірінші орынға, яғни ұйымдық мәселелерден кейін бірден қоюға Либер қарсы болған-ды.— *437.*

183 Съездің екінші мәжілісінде Баку комитетінің өкілі,— оған

Тифлис және Батум комитеттерінің өкілдері қосылды,— Ұйымдастыру комитетінің баяндамасында «Күрес» тобын съезге шақыру жөніндегі ұсынысты жасаған сол дегенді теріске шығарып, өзін ақтап сөз сөйледі. Баяндамаға түзету енгізілді.— *438.*

184 Бұл арада Бундтың партиядағы орны туралы Либердің баяндамасы туралы айтылып отыр.— *439.*

185 Бұл арада Либер съездің талқылауына ұсынған Бундтың уставы туралы айтылып отыр, бұл уставта Бундтың партияны құру жөніндегі ұлтшылдық және сепаратистік көзқарастары баяндалған. Ленин төменде осы уставтың пункттерін конспект түрінде жазып алған.— *439.*

186 Бунд өз уставының 4-параграфында оған жалпы партиялық программаны «Россиядағы еврей пролетариатының ерекше жағдайынан және еврей ұлты арасындағы қоғамдық күштердің өзара қатынасынан туатын мәселелер бойынша» партия программасына қайшы келмейді-мыс деген айрықша пункттермен толықтыру правосының берілуін талап етті.— *440.*

187 Бұл жерде және одан төменірек Ленин «+» таңбасымен «Искра» мен «Заря» редакциясы әзірлеген РСДРП программасы жобасының (қараңыз: («Искра» мен «Заря» редакциясы әзірлеген) «РСДРП программасының жобасы») принципті бөлігіне В. Ф. Горин енгізген редакциялық түзетулер мен толықтыруларды белгілеген. («Искраның» 21-номерінің жеке оттискісі, 1—2-беттер).— *442.*

188 Плеханов съездегі өзінің сөзінде Мартыновтың сөйлеген сөзін сынады. Мартыновтың сөзі жұмысшы табы тек қана өз күшімен тред-юниондық сананы ғана қалыптастыра алады, ал социалистік сананы жұмысшы қозғалысына социал-демократия сырттан енгізеді деген Лениннің қағидасына қарсы бағытталған еді. Мартынов партия программасының жобасын сынағанда Лениннің «Не істеу керек?» деген еңбегінен жалғыз ғана цитат келтіретінін көрсете келіп, Плеханов былай деді: «Мартынов жолдастың тәсілі: «Жаратқан алламды» маған беріңіздер де, одан жеке сөйлемді жұлып алуға рұқсат етіңіздер — сонда мен оның авторын дарға асуға болар еді дегенді сіздерге дәлелдеп беремін» деген цензорды еске түсіреді». («РСДРП екінші съезі», 1959, 125-бет).— *443.*

189 Бұл арада В. И. Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабы туралы айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер).— *443.*

190 Бұл арада «Искра» ұйымының жұмысы туралы Мартовтың баяндамасы жайлы айтылып отыр.— *445.*

191 Төменде жарияланып отырған «Программалық комиссияға» деген жазба программа жобасының жұмысшыларды қорғауға қатысты бөлігінің 8-параграфының тұжырымдамасы болып табылады. Программалық комиссия мен съезд бұл параграфты біраз өзгертілген түрде қабылдады.— *448.*

192 Бұл арада бундшылдардың программаға «тілдердің тең праволылығы» туралы арнаулы пункт енгізу жөніндегі ұсынысын талқылау туралы айтылып отыр.— *448.*

193 Бұл жазу Лениннің 7(20) августағы съездің 31-мәжілісінде «Искра» редакциясын сайлағанда сөйлейтін сөзінің жоспары (қараңыз: осы том, 332—335-беттер) болып табылады, оны сөз сөйлеген соң жазып қойған.— *454.*

194 Бұл арада Орталық Органның редакциясына үш адамды жасырын дауыс беру жолымен сайлау туралы Б. М. Кнунянцтың ұсынысын дауысқа қою туралы айтылып отыр.— *454.*

195 Бұл дауыс беру съезд протоколдарында көрсетілмеген.— *454.*

196 Бұл арада Жорданияның (Костровтың): «Съезд редакцияның бір мүшесін сайлайды, ал ол қалғандарын кооптациялайды» («РСДРП екінші съезі», 1959, 375-бет) деген ұсынысын дауысқа қоюдың нәтижелері туралы айтылып отыр.— *454.*

197 Бұл арада искралық көпшілікті жақтаушылардың 1903 жылғы 5(18) августағы жиналысы («24-тің жиналысы», адам санын емес, шешуші дауысты есептегенде) туралы айтылып отыр. Бұл жиналыстың алдында Орталық Комитетке кандидатуралардың тізімі туралы мәселе жөнінде «Искра» ұйымы мүшелерінің жиналысы («16-ның жиналысы») болған еді. Бұл мәселе жөнінен келісімге қол жетпеді, сөйтіп искрашылдардың дәйектілерге және «бұлталақшылдарға» (Мартовтың жақтастарын Ленин осылай атады) бөлінуі біржолата айқындалды. Бұдан кейінгі жерде, Лениннің атап айтқанындай, тек «барлық бір пікірлестердің жеке, ресми емес кездесулері» ғана өтіп жүрді, 5(18) августағы жиналыста осындай кездесу болды. 24-тің жиналысында искрашыл көпшіліктің кеңесіне және Мартовтың жақтастары белгілеген Орталық Комитетке кандидатуралардың тізімін талқылауға өздерінің қатыстырылуын талап еткен Мартов пен Потресовтың (Старовердің) хаты оқылды. Жиналыс бұл ұсыныстарды қабылдамай тастап, өз тізімін жасады, бұл тізім кейін съездің қарауына ұсынылды.

Ленин бұл кестені жиналыстың дәл уақытын анықтау мақсатымен «24-тің жиналысынан» кейін жасаған. Ленин

жасаған осындай кесте «Бір адым ілгері, екі адым кейін» атты кітапшаның дайындық материалдарында да бар (қараңыз: Лениннің XI жинағы, 318-бет). Ленин бұл кітапшада «24-тің жиналысы» съездің 28-мәжілісінен кейін, яғни партияның орталықтарын ұйымдастыру туралы мәселе шешілген соң, өткенін растай келіп, былай деп жазды: «Бұл хронологиялық анықтаманың аса зор маңызы бар. Бұл анықтама Мартов жолдастың: біз орталық орындардың мүшелер құрамы туралы мәселе жөнінде емес, орталық орындарды ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде айрылыстық деген пікірін *документ бойынша бекерге шығарады.* Бұл анықтама менің Лига съезінде және «Редакцияға хатымда» айтқандарымның дұрыс екенін *документ бойынша дәлелдеп көрсетеді».* (Шығармалар, 7-том, 292-бет).—*455.*

198 Бұл жазуларды Ленин программалық комиссияның мәжілістерінде жазған.

Төменде келтірілген цифрлар рет-ретімен программа жобасының әрбір көлемінің абзац санын және барлық абзацтардың жалпы жиынтығын көрсетеді.— *456.*

199 Бұл арада программа жобасының екінші абзацындағы «өз партиясын» деген сөздерді «өзін» деп, «орыс социал-демократиясы» деген сөздерді «россиялық социал-демократия» деп өзгерту жөніндегі ұсыныс туралы айтылып отыр.— *456.*

200 В. И. Лениннің бұл ескертпесі программа жобасының үшінші абзацын программалық комиссия екіге бөлді, сөйтіп бөлінген төртінші абзац: «Басты ерекшелік» деген сөздерден басталады деген сөз.— *457.*

201 Бұл арада программаның жалпы саяси бөліміне жергілікті өзін өзі басқару туралы жаңа параграфты қосу туралы айтылып отыр.— *457.*

202 Бұл арада программа жобасындағы жалпы саяси талаптардың (107-ескертуді қараңыз) 6-параграфының (комиссияның редакциясында 7-параграф) тұжырымы туралы айтылып отыр.— *457.*

203 Қолжазбада үстінен сызылып тасталған соңғы сөйлем программа жобасындағы жалпы саяси талаптардың 7-параграфына (ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы) қарсы поляк социал-демократтарының айтқан дәлелдерінің қысқаша жазылған мазмұны болып табылады. 29 июльде (11 августа) съезде жасаған мәлімдемелерінен көрініп отырғанындай, поляк социал-демократтары 7-параграфтың тұжырымы мен Лениннің «Біздің программамыздағы ұлт мәселесі» (қараңыз: осы том, 258—268-беттер) деген мақаласында ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселеге берілген түсінік

РСДРП-ның және Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының моральдық және практикалық бірлігіне мүмкіндік бермейді-мыс деп есептеді.— *458.*

204 Бұл заметкаларды В. И. Ленин 2(15) августа съездің 22 және 23-мәжілістері үстінде жазған — делегаттардың сөйлеген сөздерінен жеке қағидалар, сондай-ақ Лениннің өз тұжырымдары осылайша жазылып қойылған; оның өз тұжырымдарының бірсыпырасы біраз өзгертілген түрде партия уставының 1-параграфын талқылағанда сөйлеген сөздеріне (қараңыз: осы том, 314—318-беттер) кірді.— *462.*

205 В. И. Ленин РСДРП II съезінің жұмысы аяқталғаннан соң жазған бұл документ съезде (7 шешуші дауысқа ие болған бес бундшыл мен екі рабоче-делошыл кетіп қалғанға дейін) қалыптасқан негізгі топтарды бейнелейді. Сол жақтағы цифрлар (9, 6, 24) Мартовты жақтаушылар, «батпақ» және дәйекті искрашылдар ие болған дауыстарды көрсетеді. Жақша ішіндегі цифрлар (6, 5, 20) осы топтардың әрқайсысының құрамындағы делегаттар санын көрсетеді.

Съезге кеңесші дауыспен қатысушылардың тізімінде поляк социал-демократтары жоқ, мұның себебі, тегі, олардың съездің алғашқы төрт мәжілісінде ғана қатысуында болса керек.— *466.*

206 Бұл арада, съездегі өкілдік нормасы тұрғысынан алғанда, съезд қабылдаған партия уставы негізінде РСДРП II съезінен кейін тұтас алғанда партия ие бола алатын барлық дауыс саны туралы айтылып отыр. 49 дауыс жиынтығы мынадан құралады: 20 жергілікті ұйымда 2 дауыстан — 40 дауыс, Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясында 2 дауыстан — 4 дауыс, партия Советі — 5 дауыс.— *469.*

207 *Петрашевскийшілдер үйірмесі* XIX ғасырдың 40-жылдарының ортасында Петербургте пайда болды. Үйірмеде дворяндардан шыққан адамдармен қатар әртекті интеллигенцияның өкілдері де едәуір болды. Үйірмені революциялық-демократиялық интеллигенцияның аса көрнекті өкілдерінің бірі М. В. Буташевич-Петрашевский басқарды, ол француз социалист-утописі Ш. Фурьенің ізбасары еді. Үйірменің аса көрнекті мүшелері Н. А. Спешнев, Д. Д. Ахшарумов, Н. А. Момбелли, Н. С. Кашкин болды. Петрашевскийшілдердің арасында жазушылар М. Е. Салтыков-Щедрин, А. Н. Плещеев, Ф. М. Достоевский, В. Н. және А. Н. Майковтар және басқалары болды. Петрашевскийшілдердің үйірмелері Москвада, Қазанда, Ростов-Ярославскіде, Тамбовта жұмыс істеді. Петрашевскийшілдердің саяси көзқарастары біртектес болған жоқ, бірақ олардың көпшілігі патша самодержавиесі мен крепостниктікке қарсы шықты, утопиялық социализмді жақтаушылар болды. Петрашевскийшілдердің саяси және фило-

софиялық көзқарастарының қалыптасуында орыстың ұлы революцияшыл демократтары Белинский мен Герценнің шығармалары шешуші роль атқарды. Петрашевскийшілдер үйірмесінің қызметі әсіресе 1848—1849 жылдарда қызу жүрді. Бұл жылдарда Петрашевскийдің үйірмесі Россиядағы ресми помещиктік идеологияға қарсы күрестің ірі орталықтарының біріне айналды. Үйірменің жиналыстарында шаруаларды азат етудің жобалары талқыланды, самодержавиені республикамен алмастыру туралы, ашық сот пен присяжныйлар сотын енгізу туралы, баспасөз бостандығы туралы айтылды; революциялық насихат туралы мәселе қойылды; Белинскийдің Гогольге жазған атақты хаты қызу талқыланды, петрашевскийшілдер бұл хатты тарату ниетінде болды.

Үйірменің өмір сүруінің ақырғы кезеңінде оның мүшелері құпия қоғам құру туралы және патша өкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастырудың тәсілдері туралы мәселені белсенді талқылады. Үйірме жетекшілерінің арасында патша өкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастыру, осы мақсатпен құпия қоғам құру идеясы айтылып жүрді. Петрашевскийшілдер «Орыс тілінің құрамына кірген шетел сөздерінің қалта сөздігін» шығарып, онда саяси, философиялық және әдеби озық идеялар уағыздалды.

1849 жылы 23 апрельге (5 майға) қараған түні үйірменің мүшелері тұтқынға алынып, Петропавл қамалына жабылды, 21 адам ату жазасына кесілді. Алайда бұл үкімді іске асыруға патша үкіметінің батылы бармады. Дарға асу ресімі жасалған соң, тоғыз адамның өлім жазасы каторгаға айдаумен (Петрашевскийге — өмір бойы, үйірменің сегіз мүшесіне — 2 жылдан 15 жылға дейін) ауыстырылды, қалғандары арестанттар роталарына немесе линия батальондарына қатардағы солдат болып жіберілді.— *472*.

208 Мақала бұл жоспар бойынша жазылған жоқ.— *473*.

209 *«Номад» кезеңінің ақыры* (грекше «номад» — көшпелілер деген сөзден) — социал-демократиялық ұйымдардың майдагерлігінің, идеялық және ұйымдық бытыраңқылығының ақыры.— *473*.

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер мен мақалалар жұлдызшамен белгіленді. Олар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде сақтаулы.

[*Варский, А. Письмо Л. Мартову о решении IV съезда СДКПиЛ по вопросу об отношении польской социал-демократии к РСДРП*].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 375, прил. II. (РСДРП). Подпись: А. Варшавский.— *291*.

Варшавский, А. С. — қараңыз: Варский, А.

«Вестник Русской Революции», Женева — Paris.— 418.

— 1901, № 1, июль, стр. 1—15.— *52*.

— 1902, № 2, февраль, стр. 39—87, 99—104, 123—158, 211—231.— *413, 414, 415, 416*.

— [Б. м.], 1903, № 3, март, стр. 1—37, 199—225.— *248—249, 253, 415*.

«Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1903, № 27, 6(19) июля, стр. 1—3.— *343*.

Витте, С. Ю. Самодержавие и земство. Конфиденциальная записка министра финансов статс-секретаря С. Ю. Витте (1899 г.). С предисл. и примеч. Р. Н. С. Печ. «Зарей». Stuttgart, Dietz, 1901. XLIV, 212 стр.— *227—235*.

— *Самодержавие и земство.* Конфиденциальная записка министра финансов статс-секретаря С. Ю. Витте (1899 г.). 2-е изд. с двумя предисл. П. Струве и с прилож. записки министра финансов о напряжении платежных сил населения. Изд. ред. «Освобождения». Stuttgart, Dietz, 1903. LXXII, 224 стр.— *227—230, 233—234*.

* *Военно-статистический сборник.* Вып. IV. Россия. Под общ. ред. Н. Н. Обручева. Спб., 1871. XXX, 922, 235 стр.; 1 л. табл.— *245*.

[*Воззвание Центрального комитета Рабочего союза к московским студентам*]. 3 ноября 1896 г. [Листовка]. [М.], 1896. 1 стр. Гект.— *379*.

[*Воронцов, В. П.*] *В. В. Наше крестьянское хозяйство и агрономия*.— «Отечественные Записки», Спб., 1882, № 8, август, стр. 143—169; № 9, сентябрь, стр. 1—35.— *255—256*.

«Вперед», Спб., 1902, № 5, 15 сентября, 10 стр. Гект.— *419*.

* *Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии.* Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии,

[1] Бірінші рет 1928 жылы «Красная Летопись» журналының 2(26) номерінде, 22—23 беттерінде, А. Ильин-Женевскийдің «Партияның екінші съезі және Петербург соц.-дем. ұйымы» деген мақаласында жарияланған.

Б. м., тип. Сибирского с.-д. союза, июнь 1903. 24 стр. Перед загл. авт.: Ленин.— *5.*

— *Ответ на критику нашего проекта программы.*— В кн.: [Маслов, П. П.] Икс. Об аграрной программе. [Ленин, В. И.] Ленин, Н. Ответ на критику нашего проекта программы. Изд. Лиги русск. рев. с.-д., Женева, тип. Лиги, 1903, стр. 26—42. (РСДРП). Подпись: Н. Ленин.— *305, 308.*

— [*Первая речь по вопросу о порядке дня съезда 18(31) июля 1903 г. на II съезде РСДРП*].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 31. (РСДРП).— *437.*

— [*Первая речь при обсуждении аграрной программы 31 июля (13 августа) 1903 г. на II съезда РСДРП*].— Там же, стр. 195—196.— *450.*

— [*Первая речь при обсуждении аграрной программы 1(14) августа 1903 г. на II съезде РСДРП*].— Там же, стр. 209—210.— *452.*

— *Письмо в редакцию «Искры».* [Почему я вышел из редакции «Искры»?] Женева, тип. партии, декабрь 1903. 8 стр. После загл. авт.: Н. Ленин.— *27—29.*

— *Письмо к товарищу о наших организационных задачах.* Изд. ЦК РСДРП. Женева, тип. партии, 1904. 31 стр. (РСДРП). После загл. авт.: Н. Ленин.— *5—6, 29.*

— *Письмо к товарищу о наших организационных задачах — қараңыз:* О революционной работе в организациях Российской социал-демократической рабочей партии.

— *По поводу одной газетной заметки.*— «Новое Слово», Спб., 1897, № 1, октябрь, стр. 126—131, в отд. [II]. Подпись: К. Т — н.— *232.*

— *Почему я вышел из редакции «Искры»? — қараңыз:* Письмо в редакцию «Искры».

— *Проект устава РСДРП, внесенный на II съезд РСДРП*[1]— *299, 314—315, 462—463.*

*— *Революционный авантюризм.*— «Искра», [Лондон], 1902, № 23, 1 августа, стр. 2—4; № 24, 1 сентября, стр. 2—4. Без подписи.— *45, 49—50, 51—52, 57.*

[1] Жоба сақталмаған.

[*Ленин, В. И.*] [*Речь по вопросу о программе партии 22 июля (4 августа) 1903 г. на II съезде РСДРП*].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 130—132. (РСДРП).— *444*.

— *Что делать?* Наболевшие вопросы нашего движения. Stuttgart, Dietz, 1902. VII, 144 стр. На обл. и тит. л. авт.: Н. Ленин.— *6, 70, 297—298, 315—316, 421, 460, 470*.

*— *Эра реформ*.— «Искра», [Женева], 1903, № 46, 15 августа. стр. 1—2.— *353*.

Ленин, В. И. и Плеханов, Г. В. [Письмо старым редакторам «Искры» и сотруднику тов. Троцкому. 23 сентября (6 октября) 1903 г.]. Рукопись [1].— *30*.

«Листок «Работника»», Женева.— *79*.

Лохтин, П. Состояние сельского хозяйства в России сравнительно с другими странами. Итоги к XX веку. Спб., «Посредник», 1901. 309 стр.; 45 стр. табл.— *409*.

Манифест Всеросс[*ийского*] *студенч*[*еского*] *съезда*.— «Революционная Россия», [Женева], 1902, № 5, март, стр. 14—15.— *376*.

Манифест партии социалистов-революционеров. (Выработан на съезде представителей объединенных групп с.-р.). Б. м., тип. партии с.-р., 1900. 12 стр.— *52*.

Манифест Российской социал-демократической рабочей партии. [Листовка]. Б. м., тип. партии, [1898]. 2 стр.— *79, 101, 103—104, 107, 126, 131, 272, 288*.

Манифест «Союза армянских социал-демократов» — қараңыз: [Шаумян, С. Г.] Манифест «Союза армянских социал-демократов».

Манифест [*царя Александра III. 29 апреля 1881 г*.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1881, № 93, 30 апреля (12 мая), стр. 1.— *133*.

[*Манифест царя Николая II. 26 февраля 1903 г*.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1903, № 46, 27 февраля (12 марта), стр. 1.— *133—139, 199, 201*.

[1] Бірінші рет: [Ленин, В. И.] Ленин, Н. Бір адым ілгері, екі адым кейін. (Біздің партиямыздағы дағдарыс) деген кітапта жарияланған. Женева, партияның баспаханасы, 1904, 117-бет. (РСДРП).

[*Милюков, П. Н. и Струве, П. Б.*] *К очередным вопросам.*— «Освобождение», Штутгарт, 1903, № 17, 16 февраля (1 марта), стр. 289—292. Подписи: СС и Редактор.— *227—235.*

Мировой рост и кризис социализма.—«Вестник Русской Революции», Женева — Paris, 1902, № 2, февраль, стр. 39—87, в отд. I.— *413, 414.*

«Московские Ведомости», 1902, № 345, 15(28) декабря, стр. 4.— *88—94.*

н-д-и. Самодержавие пред задачами социального законодательства.— «Освобождение», Штутгарт, 1903, № 1(25), 18 июня (1 июля), стр. 7—10.— *343—344.*

На славном посту (1860—1900). Литературный сборник, посвященный Н. К. Михайловскому. Ч. 2. Б. м., тип. Клобукова, [1900]. VI, [2], 229, [3], 516 стр., 2 л. портр.— *117, 124—125.*

«Народное Дело», [Женева], 1902, № 2, сентябрь, стр. 3—21, 51—63.— *418.*

Народный герой.— «Народное Дело», [Женева], 1902, № 2, сентябрь, стр. 3—21.— *418.*

Национальное порабощение и революционный социализм.— «Революционная Россия», [Женева], 1903, № 18, 15 февраля, стр. 1—4.— *260*

Наш съезд.— «Искра», [Женева], 1903, № 53, 25 ноября, стр. 1—2.— *5—6, 27.*

Наша программа.— «Вестник Русской Революции», Женева — Paris, 1901, № 1, июль, стр. 1—15.— *52.*

Наша программа. Проект программы группы «Борьба» и комментарий к ней. Изд. группы «Борьба». Женева, 1903. 52 стр. (РСДРП. Материалы для выработки партийной программы. Вып. III).— *429.*

Наши задачи. Основные положения программы Союза социалистов-революционеров. Изд. 2-е. С послесл. С. Григоровича: Социал-демократы и социалисты-революционеры. Изд. Союза русских социалистов-революционеров. London, «Russian free press fund», 1900. 84 стр. (Социально-революционная б-ка. Вып. 3).— *52.*

Нижегородские рабочие на суде.— «Искра», [Лондон], 1902, № 29, 1 декабря, стр. 2—4.— *66—67, 68, 90, 391.*

Николай II. [*Речи перед представителями дворянства и земства Курской губернии.* 29 августа 1902 г.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1902, № 191, 1(14) сентября, стр. 1. Под общ. загл.: Курские маневры в высочайшем присутствии.— *36—38.*

— [*Речь в г. Курске на собрании представителей волостных старшин и сельских старост Курской, Полтавской, Харьковской, Черниговской, Орловской и Воронежской губерний.* 1 сентября 1902 г.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1902, № 192, 3(16) сентября, стр. 1.— *37.*

— [*Речь при посещении Балтийского судостроительного завода.* 12 сентября 1902 г.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1902, № 202, 14(27) сентября. Первое прибавление к № 202-му «Правительственного Вестника», 1902, 15(28) сентября, стр. 1.— *37.*

Новое выступление русских либералов.— «Революционная Россия», [Женева], 1902, № 9, июль, стр. 3—5.— *415, 417.*

«Новое Слово», Спб., 1897, № 1, октябрь, стр. 126—131, в отд. [II].— *232.*

— № 7, апрель, стр. 25—50, в отд. [I].— *232.*

— № 8, май, стр. 25—60, в отд. [I].— *232.*

— № 9, июнь, стр. 26—53, в отд. [I].— *232.*

— № 10, июль, стр. 18—32, в отд. [I]; стр. 56—62, в отд. [II].— *232—233.*

Об отводе частным лицам казенных земель в Сибири. 8 июня 1901 г.— «Правительственный Вестник», Спб., 1901, № 167, 31 июля (13 августа), стр. 1.— *36.*

Об отмене круговой поруки крестьян по уплате окладных сборов... 12 марта 1903 г.— «Правительственный Вестник», Спб., 1903, № 64, 20 марта (2 апреля), стр. 1.— *201.*

Об отношении к либералам (Старовера). [Главнейшие резолюции, принятые на Втором съезде Росс. соц.-дем. раб. партии].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904] стр. 13. (РСДРП).— *338.*

Об утверждении правил о вознаграждении потерпевших вследствие несчастных случаев рабочих и служащих, а равно

[*Плеханов, Г. В.*] *Вынужденная полемика.*— «Искра», [Лондон], 1902, № 23, 1 августа, стр. 1—2.— *367—368.*

— *Новое вино в старых мехах.*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 5, июнь, стр. 2—4.— *52.*

— *Смерть Сипягина и наши агитационные задачи.*— «Искра», [Мюнхен], 1902, № 20, 1 мая, стр. 1.— *366.*

По поводу одной прокламации.— «Последние Исвестия», Лондон, 1903, № 105, 28(15) января, стр. 1—2.— *126—132.*

По поводу письма из Петербурга.— «Отклики. Приложение к рабочей социал-демократической газете-журналу «Отклики»», Женева, 1902, № 1, декабрь, стр. 6—24.— *70.*

По поводу полемики «Искры».— «Революционная Россия», [Женева], 1902, № 11, сентябрь, стр. 25—26.— *50—53, 419.*

Порядок дня [*II*] *съезда* [*РСДРП*].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 10. (РСДРП).— *288, 289.*

«Последние Известия», Лондон— Женева.— *130, 351.*

— Лондон, 1903, № 105, 28(15) января, стр. 1—2.— *126—132.*

— 1903, № 106, 3 февраля (21 января), стр. 1—2.— *101—108, 126.*

Постановление об изменении в некоторых частях учреждения императорского Финляндского сената.— «Финляндская Газета», Гельсингфорс, 1902, № 142, 19 сентября (2 октября), стр. 1.— *35—36.*

[*Потресов, А. Н.*] *Современная весталка.* (Из этюдов о современной журалистике).— «Заря», Stuttgart, 1901, № 2—3, декабрь, стр. 226—258. Подпись: Ст.— *416.*

— *Старовер. Резолюция об отношении к либералам—қараңыз:* Об отношении к либералам (Старовера).

«Правительственный Вестник», Спб., 1881, № 93, 30 апреля (12 мая), стр. 1.— *133.*

— 1901, № 167, 31 июля (13 августа), стр. 1.— *36.*

— 1902, № 186, 24 августа (6 сентября), стр. 1.— *36.*

— 1902, № 191, 1(14) сентября, стр. 1.— *36—38.*

— 1902, № 192, 3(16) сентября, стр. 1.— *37.*

— 1902, № 202, 14(27) сентября. Первое прибавление к № 202-му «Правительственного Вестника», 1902, 15(28) сентября, стр. 1.— *37.*

— 1903, № 46, 27 февраля (12 марта), стр. 1.— *133—139, 199, 201.*

— 1903, № 64, 20 марта (2 апреля), стр. 1.— *201.*

— 1903, № 147, 2(15) июля, стр. 1.— *341—346, 353—354.*

— 1903, № 174, 3(16) августа, стр. 1.— *341, 353—362.*

Программа Российкой соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 1—6. (РСДРП).— *473.*

Программные вопросы.— «Революционная Россия», [Женева], 1902, № 11, сентябрь, стр. 6—9; № 14, декабрь, стр. 5—8; 1903, № 15, январь, стр. 5—8.— *45—51, 239—240, 414—415.*

Программы «Жизни», «Искры» и «Зари» с прил. отзывов о них. Женева, Куклин, 1903, стр. 3—11. (Б-ка русского пролетария.— № 5).— *429.*

Проект программы Российской социал-демократической рабочей партии. (Выработанный редакцией «Искры» и «Зари»).— В кн.: [Ленин, В. И.] Ленин, Н. К деревенской бедноте. Объяснение для крестьян, чего хотят социал-демократы. С прил. Проекта программы Российской социал-демократической рабочей партии. Изд. Заграничной лиги русской рев. социал-демократии. Женева, тип. Лиги, 1903. стр. 84—92. (РСДРП).— *192—193, 223—226, 397, 398.*

Проект программы Российской социал-демократической рабочей партии. (Выработанный редакцией «Искры» и «Зари»). Отд. оттиск из № 21 «Искры». [Мюнхен], тип. «Искры», [1902]. 8 стр.— *241—257, 281, 288, 297, 300, 301, 302, 303, 304, 305—307, 308—313, 331, 355, 429, 442—443, 448—449, 456—458.*

Проект программы Росс. социал-демократ. рабочей партии, выработанный социал-демократ. организацией «Жизнь».— В кн.: Программы «Жизни», «Искры» и «Зари» с прил. отзывов о них. Женева, Куклин, 1903, стр. 3—11. (Б-ка русского пролетария.— № 5).— *429.*

Проект программы РСДРП, выработанный группой «Борьба» — қараңыз: Наша программа.

[*Проект устава Бунда, внесенный делегацией Бунда на обсуждение 19 июля (1 августа) 1903 г. на четвертом заседании II съезда РСДРП*].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, (1904), стр. 56—58, подстр. примеч. (РСДРП).— *292, 440.*

Проект устава II-го съезда Росс. соц.-дем. раб. партии, выработанный Орг. ком.— Там же, стр. 379—381, в прил. VI.— *290.*

Прокламация 3 апреля 1902 г. боевой организации социалистов-революционеров — қараңыз: Боевая организация социалистов-революционеров.

Прокламация 3 апреля 1902 г. партии социалистов-революционеров — қараңыз: Ко всем подданным русского царя.

«Пролетариат». Тифлис, 1902, № 1, октябрь, стр. 1—4. На армянском яз.— *109—113.*

15-го августа (28-го августа) 1902 г. [Передовая].— «Освобождение», Штутгарт, 1902, № 5, 19 августа (1 сентября), стр. 65—68.—*39.*

15-го сентября (28-го сентября) 1902 г. [Передовая]— «Освобождение», Штутгарт, 1902, № 7, 18 сентября (1 октября), стр. 97—100.— *38, 39.*

V съезд Всеобщего еврейского рабочего союза в Литве, Польше и России. 7(20) августа 1903 года. [Листовка]. Изд. заграничного комитета Бунда. London, Nathanson, [1903], 2 стр.— *349—352.*

Pro domo sua. (Библиографическая заметка о № 1 «В. Р. Р.» в «Заре» № 2—3).— «Вестник Русской Революции», Женева — Paris, 1902, № 2, февраль, стр. 99—104, в отд. III.— *414.*

Р. Н. С.— қараңыз: Струве, П. Б.

«Работник», Женева.— *79.*

«Рабочая Газета», Киев.— *79.*

«Рабочая Мысль», Спб.— Берлин — Варшава — Женева.— *52, 79.*

ского комитета РСДРП, 1902, 5 стр.]. Литогр.— *66—67, 68, 391.*

Решения [I] съезда [РСДРП].— В листовке: Манифест Российской социал-демократической рабочей партии. Б. м., тип. партии, [1898], стр. 2.—*101, 103—104, 107, 126, 131—132, 272.*

Рикардо, Д. Сочинения. Пер. Н. Зибера. С прил. пер. Спб., Пантелеев, 1882. III, XX, III, 661 стр.— *121, 123.*

Рудин, А. К. крестьянскому вопросу. (Обзор текущей литературы).— «Вестник Русской Революции», [Б. м.], 1903, № 3, март, стр. 199—225, в отд. I.— *249, 252—253.*

«Русские Ведомости», М., 1903, № 35, 4 февраля, стр. 2.— *236.*

Русский либерализм и дворянство, как сословие.— «Революционная Россия», [Женева], 1902, № 11, сентябрь, стр. 2—6.— *419.*

«Русское Богатство», Спб., 1900, № 8, стр. 201—239.— *117, 124—125.*

[Рязанов, Д. Б.] Рязанов, Н. Проект программы «Искры» и задачи русских социал-демократов. Изд. гр. «Борьба». Женева, 1903. 302 стр. (РСДРП. Материалы для выработки партийной программы. Вып. II).— *297.*

Самодержавие и рабочий вопрос.— «Освобождение», Штутгарт, 1903, № 2 (26), 2(15) июля, стр. 24—25; № 3 (27), 19 июля (1 августа), стр. 40—42.— *343, 344.*

«Свет», Спб.— *89.*

«Свобода», Женева, 1901, № 1. VIII, 72, 87, IX, 80 стр.— *70.*

Свобода. Изд. Рабочей партии политического освобождения России. [Минск], тип. партии, [1900]. 21 стр.— *52.*

Свод законов Российской империи. Т. 9. [Ч. 1]. Законы о состояниях. [Ч. 2]. Особое приложение к законам о состояниях. Спб., 1899—1902. 2 т.— *310.*

Слепов, Ф. А. Письмо к издателю.— «Московские Ведомости», 1902, № 345, 15(28) декабря, стр. 4.— *88—94.*

Современная весталка — қараңыз: Потресов, А. Н. Современная весталка.

Социализация земли и кооперация в сельском хозяйстве.— «Революционная Россия», [Женева], 1902, № 14, декабрь, стр. 5—8. Под общ. загл.: Программные вопросы.— *45, 239—240.*

С. С.— қараңыз: Милюков, П. Н.

Ст.— қараңыз: Потресов, А. Н.

Старицкий, А. Ложный шаг.— «Освобождение», Штутгарт, 1902, № 7, 18 сентября (1 октября), стр. 100—102.— *39—41.*

Статистика Российской империи. XX, XXXI, XXXVII, LV. Военно-конская перепись 1888, 1891, 1893 и 1894, 1899—1901 гг. Под ред. А. Сырнева. Изд. Центр. стат. ком. м-ва внутр. дел. Спб., 1891—1902. 4 т. Текст на русском и французском яз.— *408—409.*

Стихийная революция и сознательные революционеры.— «Революционная Россия», [Женева], 1902, № 4, февраль, стр. 1—3.— *418, 419, 420.*

Струве, П. Б. К очередным вопросам — қараңыз: [Милюков, П. Н. и Струве, П. Б.] К очередным вопросам.

— *Критические заметки к вопросу об экономическом развитии России.* Вып. 1. Спб., тип. Скороходова, 1894. X, 293 стр.— *124.*

— *По поводу одного упрека.*— «Освобождение», Штутгарт, 1902, № 7, 18 сентября (1 октября), стр. 102. Подпись: Ред.— *40—44.*

— *Предисловие и примечания* [к книге С. Ю. Витте «Самодержавие и земство»].— В кн.: Витте, С. Ю. Самодержавие и земство. Конфиденциальная записка министра финансов статс-секретаря С. Ю. Витте (1899 г.). Печ. «Зарей». Stuttgart, Dietz, 1901, стр. V—XLIV. Подпись: Р. Н. С.— *227—235.*

— [*Предисловия к книге С. Ю. Витте «Самодержавие и земство»*].— В кн.: Витте, С. Ю. Самодержавие и земство. Конфиденциальная записка министра финансов статс-секретаря С. Ю. Витте (1899 г.). 2-е изд. Изд. ред. «Освобождение». Stuttgart, Dietz, 1903, стр. VII—LXXII.— *227—230, 233—234.*

— *Три автора.*— «Освобождение», Штутгарт, 1903, № 18, 2(15) марта, стр. 305—307. Подпись: Редактор.— *233—234.*

— *«Экономические этюды» Н. В. Водовозова.* (Заметка).— «Новое Слово», Спб., 1897, кн. 10, июль, стр. 56—62, в отд. [II].— *232—233.*

Учреждение старост в промышленных предприятиях.— «Вестник Финансов, Промышленности и Торговли», Спб., 1903, № 27, 6(19) июля, стр. 1—3.— *343.*

«Финляндская Газета», Гельсингфорс.— *36.*

— 1902, № 142, 19 сентября (2 октября), стр. 1, 2.— *35—36.*

Чернов, В. М. Крестьянин и рабочий, как категории хозяйственного строя.— В кн.: На славном посту (1860—1900). Литературный сборник, посвященный Н. К. Михайловскому. Ч. 2. Б. м., тип. Клобукова, [1900], стр. 157—197.— *117—124.*

— *Типы капиталистической и аграрной эволюции.*— «Русское Богатство», Спб., 1900, № 8, стр. 201—239.—*117—124.*

[Шаумян, С. Г.] Манифест «Союза армянских социал-демократов».— «Пролетариат», Тифлис, 1902, № 1, октябрь, стр. 1—4. На армянском яз.— *109—113.*

Э. Положение дел. (Письмо из Петербурга).— «Освобождение», Штутгарт, 1902, № 8, 2(15) октября, стр. 123.— *40.*

Эволюция русской социалистической мысли.— «Вестник Русской Революции», [Б. м.], 1903, № 3, март, стр. 1—37, в отд. I.— *415.*

Auhagen, H. Über Groß-und Kleinbetrieb in der Landwirtschaft.— «Landwirtschaftliche Jahrbücher», Bd. XXV, Berlin, 1896, S. 1—55.— *117.*

Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902. 491 S.— *263—264.*

David, E. Bäuerliche Barbaren.— «Sozialistische Monatshefte», Berlin, 1899, № 2, S. 62—71.— *117.*

— *Sozialismus und Landwirtschaft.* Bd. I. Die Betriebsfrage. Berlin, Verl. der Sozialistischen Monatshefte, 1903. 703 S.— *179, 236—240.*

Engels, F. Die Bauernfrage in Frankreich und Deutschland.— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1894—1895, Jg. XIII, Bd. I, № 10, S. 292—306.— *239—240.*

— *Herrn Eugen Dühring's Umwälzung der Wissenschaft.* Philosophie. Politische Ökonomie. Sozialismus. Leipzig, Druck und Verl. der Genossenschafts-Buchdr., 1878. VIII, 274 S.— *42—43.*

— *Die Polendebatte in Frankfurt.*— «Neue Rheinische Zeitung», Köln, 1848, № 81, 20. August, S. 1—2; № 93, 3. September, S. 1—2.— *261—262.*

Ergebnisse der Erhebungen über die Lage der Landwirtschaft im Großherzogtum Baden 1883. (Karlsruhe, Braun, 1883). 185 S.; 8. Taf.— In: Erhebungen über die Lage der Landwirtschaft im Großherzogtum Baden 1883, veranstaltet durch das Großherzogliche Ministerium des Innern. Bd. 4.— *117.*

Erhebungen über die Lage der Landwirtschaft im Großherzogtum Baden 1883, veranstaltet durch das Großherzogliche Ministerium des Innern. Bd. I — [4]. Karlsruhe, Braun, 1883. 4 Bd.— *117.*

Hecht, M. Drei Dörfer der badischen Hard. Eine wirtschaftliche und soziale Studie. Leipzig, Wilhelm, 1895. 94 S.— *117.*

Hertz, F. Die agrarischen Fragen im Verhältnis zum Sozialismus. Mit einer Vorrede von E. Bernstein. Wien, Rosner, 1899. VII, 141 S.— *117, 124.*

K[autsky, K.] Drei Kriesen des Marxismus.— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1902, Jg. XXI, Bd. I, № 23, S. 723—731.— *238, 239.*

— *Finis Poloniae?*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, № 42, S. 484—491; № 43, S. 513—525.— *261—262, 263.*

Klawki, K. Über Konkurrenzfähigkeit des landwirtschaftlichen Kleinbetriebes. — «Landwirtschaftliche Jahrbücher», Bd. XXVIII, Berlin, 1899, S. 363—484.— *117.*

«Landwirtschaftliche Jahrbücher».— Bd. XXV, Berlin, 1896, S. 1—55.— *117.*

— Bd. XXVIII, Berlin, 1899, S. 363—484.— *117.*

[*Marx, K. und Engels, F.*] *Manifest der Kommunistischen Partei.* Veröffentlicht im Februar 1848. London, gedr. in der Office der «Bildungs-Gesellschaft für Arbeiter» von J. E. Burghard, [1848]. 23 S.— *42, 152.*

Marx, K. Der 18. Brumaire des Louis Napoleon. New-York, Exped.: Deutsche Vereins Buchh. von Schmidt u. Helmich, 1852. IV, 64 S. (Die Revolution. Eine Zeitschrift in zwanglosen Heften. Hrsg. von J. Weydemeyer. Hft. I).— *296, 309.*

— [*Brief an Bracke*]. 5. Mai 1875.— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1890—1891, Jg. IX, Bd. I, № 18. S. 562.— *65.*

— *Der Bürgerkrieg in Frankreich.* Adresse des Generalrats der Internationalen Arbeiter-Assoziation an alle Mitglieder in Europa und den Vereinigten Staaten. S.— Abdr. aus dem Volksstaat. Leipzig, Verl. der Exped. des Volksstaat, 1871, 52 S.— *296.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. I. Buch I: Der Produktionsprozeß des Kapitals. Hamburg, Meißner, 1867. XII, 784 S.— *66.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III, T. 2, Buch III: Der Gesamtprozeß der kapitalistischen Produktion. Kapitel XXIX bis LII. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1894. IV, 422 S.— *117, 121—124.*

— *Zur Kritik des sozialdemokratischen Parteiprogramms.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1890—1891, Jg. IX, Bd. I, № 18, S. 562—575.— *46—47.*

Mehring, F. Einleitung [des Herausgebers zum Buch: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle].— In: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 3—86.— *263—264.*

«Neue Rheinische Zeitung», Köln.— 261.

— 1848, № 81, 20. August, S. 1—2.— *261—262.*

— 1848, № 93, 3. September, S. 1—2.— *261—262.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1890—1891, Jg. IX, Bd. I, № 18, S. 562—575.— *46—47, 65.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Абрамов — қараңыз: Айзенштадт, И. Л.

Айзенштадт, И. Л. (Абрамов) (1867—1937) — Бунд лидерлерінің бірі. 1886 жылдан Ярославльде халық ерікшілері үйірмелеріне кірді, 90-жылдардың орта шенінде социал-демократтарға қосылды. 1902 жылдан Бунд Орталық Комитетінің мүшесі, Минскіде және Одессада жұмыс жүргізді. РСДРП II съезіне Бунд Орталық Комитетінен делегат болды, искрашылдарға қарсы шықты; съезден кейін — белсенді меньшевик. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. 1922 жылы Германияға эмиграцияға кетіп, онда СССР-ге қарсы жалақорлық науқан жүргізген Бунд тобын басқарды; меньшевиктік «Социалистический Вестник» журналына белсене қатысып тұрды.— *436, 456, 466.*

Аким — қараңыз: Гольдман, Л. И.

Акимов (Махновец), В. П.* (1872—1921) — социал-демократ, «экономизмнің» көрнекті өкілі, ең әсіре оппортунистердің бірі. 90-жылдардың орта шенінде Петербургтің «Халық ерікшілер тобына» қосылды, 1897 жылы тұтқынға алынып, 1898 жылдың апрелінде Енисей губерниясына жер аударылды. 1898 жылдың сентябрінде шетелге қашып кетіп, онда «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» басшыларының бірі болды, «экономизм» идеяларын қорғап, «Еңбекті азат ету» тобына, ал кейіннен «Искраға» да қарсы шықты. РСДРП II съезіне «Одақтан» делегат болды, искрашылдарға қарсы шықты; съезден кейін — меньшевизмнің әсіре оңшыл қанатының өкілі. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде «Жұмысшы табының бүкіл россиялық ұйымын» құру жөніндегі жойымпаздық идеяны қорғады, бұл идея бойынша социал-демократия әлгі ұйымның ішіндегі идеялық ағымдардың бірі ғана болып қалуға тиіс еді. РСДРП IV съезінің жұмысына кеңесші дауыспен қатысып, менше-

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиялары көрсетілген.

саяси қызметке белсене қатысқан жоқ. 1910—1912 жылдары Москва мен Петербургте жұмыс істеді, веналық «Правда» (Троцкийдің) тобына қосылды, 1912 жылы жойымпаздардың август конференциясын шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінде осы топтың өкілі болды. 1913—1914 жылдары Троцкийдің «Борьба» журналы редакциясының секретары әрі мүшесі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін мәдени-ағарту мекемелерінде жұмыс істеді.— *290, 468.*

Андреевский — қараңыз: Ульянов, Д. И.

Андрей — қараңыз: Никитин, И. К.

Анна Ивановна — қараңыз: Левина, Е. С.

Антонов — қараңыз: Макадзюб, М. С.

Аугаген (Auhagen), *Губерт* — немістің буржуазияшыл экономисі, «Landwirtschaftliche Jahrbücher» («Ауыл шаруашылық Әржылдығы») журналының қызметкері. «Groß-und Kleinbetrieb in der Landwirtschaft» («Ауыл шаруашылығындағы ірі және ұсақ өндіріс») (1896) деген еңбектің авторы.— *117.*

Б

Базиленков — қараңыз: Локерман, А. С.

Бакулік — қараңыз: Кнунянц, Б. М.

Балмашев, С. В. (1882—1902) — әуелі Қазан университетінің, ал кейіннен Киев университетінің студенті, студенттер қозғалысының белсенді қатысушысы. 1901 жылдың январында тұтқынға алынып, Киев университетінің 183 студентінің қатарында солдатқа жіберілді. 1901 жылдың жазында Қырым мен Харьковтың революциялық үйірмелеріне кірді; сентябрьде қайтадан Киев университетіне түсіп, онда революциялық жұмысты онан әрі жалғастырды, эсерлермен жақындасып, «Жауынгерлік ұйымға» кірді. 1902 жылдың 2(15) апрелінде үкіметтің ел ішіндегі қоғамдық қозғалысты басып жаныштауға бағытталған қатаң жазалау шараларына қарсы наразылық белгісі ретінде ішкі істер министрі Сипягинді атып өлтірді. Петербург округтік сотының үкімі бойынша 1902 жылғы 3(16) майда Шлиссельбург қамалында дарға асылды.— *364, 366—367, 368, 419.*

Басовский, И. Б. (Дементьев) (1876 ж. туған) — 1896 жылы Одессадағы социал-демократиялық үйірмелерге кірді, кейін «Искраны» шетелден Россияға астыртын әкелуді ұйымдастырушылардың бірі болды. 1902 жылғы февральда «Искра» мен РСДРП Киев комитетінің ісі бойынша тұтқынға алынды; 1902

жылғы 18(31) августа Н. Э. Бауман, В. Н. Крохмаль және басқалармен бірге Киевтегі Лукьянов түрмесінен қашып шығып, «Искраны» тасып жеткізуді ұйымдастыру ісімен қайта айналысты. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды, Харьков пен Екатеринославтың социал-демократиялық ұйымдарында жұмыс істеді, партияның IV съезіне кеңесші дауыспен қатысты; реакция жылдарында белсенді саяси қызметтен қол үзіп кетті. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Воронеждегі меньшевиктік ұйымда жұмыс істеді, Мемлекеттік және Демократиялық кеңестерге қатысты; Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзіп, Москвада шаруашылық жұмыста болды.— *424.*

Бауман, Н. Э. (Грач, Полетаев) (1873—1905) — профессионал революционер, большевиктік партияның аса көрнекті қайраткері. Революциялық қызметін 90-жылдардың бірінші жартысында Қазанда бастады, 1896 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» жұмысына белсене қатысты, Нарва ауданындағы жұмысшылар арасында насихат жүргізді. 1897 жылы тұтқынға алынып, Петропавл қамалында 22 ай қамауда отырғаннан кейін Вятка губерниясына жер аударылды; 1899 жылдың октябрінде Швейцарияға эмиграцияға кетіп, «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағына» кірді, «экономизммен» күреске белсене қатысты. 1900 жылы «Искра» ұйымының негізін салушылардың бірі болды; 1901—1902 жылдары Москвада «Искраның» агенті болып жұмыс істеді; 1902 жылғы февральда тұтқынға алынды, 18(31) августа социал-демократтар тобымен бірге Киевтегі Лукьянов түрмесінен қашып шықты. РСДРП II съезіне Москва комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. 1903 жылғы декабрьде Москваға қайтып оралды, партияның Москва комитетін басқарды, сонымен бір мезгілде партияның Орталық Комитетінің Солтүстік бюросына басшылық етті, өз пәтерінде астыртын баспахана ашты. 1904 жылғы июньде тұтқынға алынып, 1905 жылғы октябрьде босатылды; 18(31) октябрьде Москва комитеті ұйымдастырған демонстрация кезінде оны қаражүздіктер өлтірді. Бауманды жерлеу орасан зор халықтық демонстрацияға айналды. «Пролетарий» газетінің 24-номерінде Н. Э. Бауманды еске түсірген некролог жарияланды, оны В. И. Ленин жазды (қараңыз: Шығармалар, 9-том, 453—454-беттер).— *424, 425, 468.*

Берг — қараңыз: Шотман, А. В.

Бергман — қараңыз: Портной, К.

Бердяев, Н. А. (1874—1948) — реакцияшыл философ-идеалист және мистик. Алғашқы әдеби еңбектерінде «жария марксизм» позициясында болды, Маркстің іліміне неокантшылдық тұрғыдан ревизия жасады, кейін марксизмнің ашық жауына айналды. 1905 жылы кадеттер партиясына кірді; реакция жылдарын-

да діни-философиялық ағым — құдай іздемпаздық өкілдерінің бірі болды, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Октябрь революциясынан кейін феодализм мен орта ғасырлық схоластиканың апологеті болып, дамып келе жатқан коммунизмнен құтылудың бірден-бір жолы осы екеуі деп білді. 1922 жылы контрреволюциялық қызметі үшін шетелге қуылды, философиялық мистицизмді бұрынғыша уағыздай берді, контрреволюция идеологтарының бірі болды.— *375.*

Бонч-Бруевич, В. Д. (1873—1955) — профессионал революционер, большевик; тарихшы әрі әдебиетші. Революциялық қозғалысқа 80-жылдардың аяғынан бастап қатысты, Россияда маркстік әдебиетті шығару жөнінде зор жұмыс жүргізді, 1896 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетті. Шетелде «Еңбекті азат ету» тобының қызметіне қатысты, кейін «Искраға» қатысып тұрды. РСДРП II съезінен кейін — большевик; 1904 жылы Орталық Комитеттің экспедициясына басшылық етті, ал кейін большевиктік әдебиетті бастыруды ұйымдастырды («В. Бонч-Бруевич пен Н. Ленин» баспасы). Одан кейінгі жылдарда большевиктік газет, журналдар мен партиялық баспаларды ұйымдастыруға белсене қатысты, патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады. Россиядағы діни-қоғамдық қозғалысты, әсіресе сектанттықты зерттеді, оның бірқатар еңбектері сектанттық тарихына арналған; 1904 жылы сектанттарға арнап социал-демократиялық «Рассвет» листогын шығарып тұрды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін «Известия Петроградского Совета» редакциясының мүшесі (1917 жылғы майға дейін) болды; кейінірек большевиктік «Рабочий и Солдат» газетін редакциялады. Петроградтағы Октябрь қарулы көтерілісіне белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Халық Комиссарлар Советінің іс басқарушысы (1920 жылдың октябріне дейін), «Жизнь и знание» баспасының бас редакторы болды. 1930 жылдан Москвада өзі ұйымдастырған Әдебиет музейін басқарды, 1946 жылдан СССР Ғылым академиясының Ленинградтағы Дін және атеизм тарихы музейінің директоры болды.— *337.*

Борис Николаевич — қараңыз: Носков, В. А.

Брукэр — қараңыз: Маховец, Л. П.

Булгаков, С. Н. (1871—1944) — буржуазияшыл экономист, философ-идеалист. 90-жылдарда «жария марксист» болды, 900-жылдардың басында Маркстің аграрлық мәселе жөніндегі ілiміне ревизия жасады, халық бұқарасының қайыршылануын «топырақ құнарлылығының кеми беру заңы» деп аталатын заңның әсерінен болады деп түсіндірді. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін кадеттерге қосылды, философиялық мистицизмді уағыздады, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. 1918 жылдан бастап — православие священнигі, 1922 жылы контрреволюциялық қызметі үшін шетелге қуылды,

СССР-ге қарсы дұшпандық насихат жүргізді.— *117, 122, 124, 375.*

Быков, А. И. (1880 ж. туған) — Сормово жұмысшысы, социал-демократ. 1902 жылы Сормоводағы бірінші май демонстрациясына қатысқаны үшін тұтқындалды, сотта сөз сөйледі, Шығыс Сибирьге өмір бойы жер аудару жазасына кесілді.— *66—67, 68.*

Бюлов — қараңыз: Мандельберг, В. Е.

В

В. В.— қараңыз: Воронцов, В. П.

Валь, В. В. (1840—1915) — патша чиновнигі, генерал. 1863—1864 жылдардағы Поляк азаттық көтерілісін басып-жаншу кезінде көзге түсті, кейін бірқатар губерниялардың губернаторы, Петербургтің қала бастығы (1892—1895) болды. Вильно губернаторы болып тұрған кезінде 1902 жылы Вильно қаласында 1 Майды мерекелеуге қатысқаны үшін тұтқындалғандарға жаппай дүре соғуға бұйрық берді, осыған байланысты Г. Ю. Леккерт деген жұмысшы оған қастандық жасады. 1902 жылы ішкі істер министрінің орынбасары және жандармдардың жеке корпусының командашысы болып тағайындалды. 1904 жылдан бастап — Мемлекеттік советтің мүшесі.— *59, 392.*

Варенька — қараңыз: Кожевникова, В. Ф.

Вейсман — қараңыз: Цейтлин, Л. С.

Виленский, Л. С. (Леонов) (1880—1950) — 1899 жылы РСДРП Киев комитеті жанындағы насихатшылар тобына кірді, 1901 жылғы апрельде Киевте демонстрация ұйымдастыруға қатысқаны үшін тұтқынға алынып, Полтава губерниясына жер аударылды. 1902 жылдан бастап Екатеринославта астыртын баспаханалар ұйымдастыру және социал-демократиялық әдебиетті тарату жұмысын жүргізді. РСДРП II съезінде — Екатеринослав комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл, съезден кейін — большевик. 1905 жылы РСДРП-дан шығып, анархист-коммунистердің ұйымына кірді, анархистік «Бунтарь» журналы редакторларының бірі болды. 1907 жылы тұтқынға алынып, Турухан өлкесіне 4 жылға жер аударылды; айдаудан қайтып оралғаннан кейін саяси қызметтен шеттеп кетті. Октябрь социалистік революциясынан кейін Одессада Совет өкіметін ұйымдастыруға қатысты, жұмысшы-шаруа инспекциясы органдарында жұмыс істеді; 1922—1924 жылдары Москвада Өнеркәсіп банкі басқармасының секретары болды, кейін Мемлекеттік жоспарлау комитетінде жұмыс істеді.— *467.*

Вилонов, Н. Е. (1883—1910) — профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1901 жылы Калуга темір жол шеберханаларында жұмысшы болып жүргенінде бастады. 1902 жылы Киев социал-демократиялық ұйымына кірді, «Искра-ны» жақтаушы болды. 1903 жылы тұтқынға алынып, полицияның ерекше бақылауымен Екатеринославқа жер аударылды, онда жергілікті искралық комитеттің құрамына енді, 1903 жылғы августағы жаппай стачканы ұйымдастырушылардың бірі болды; РСДРП II съезінен кейін — большевик. Енисей губерниясына жер аударылды, одан 1904 жылдың июлінде қашып кетті; Орталық Комитеттің Шығыс бюросының тапсырмасы бойынша Қазанда РСДРП жергілікті комитетін ұйымдастыру жөнінде жұмыс істеді, Уралда астыртын баспаханалар құрды. Поволжье мен Уралда 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, жұмысшы депутаттарының Самара Советі Атқару комитетінің председателі болып сайланды, Уфада партиялық жұмыс жүргізді, Екатеринбургте РСДРП IV съезіне делегаттар сайлауды ұйымдастырды. 1906 жылғы мартта тұтқынға алынды, июльде түрмеден қашып шығып, Москвада Лефортов ауданының партиялық ұйымдастырушысы болып істеді, РСДРП Москва комитетінің құрамына енді. Қайтадан тұтқынға алынғаннан кейін 3 жылға Астрахань губерниясына жер аударылды, ол жерден 1908 жылдың аяғында шетелге кетті. Капри аралындағы партия мектебін ұйымдастырушылардың бірі болды. Мектепте жік пайда болып, фракциялық «Вперед» тобы құрылған кезде фракцияшылдардан қол үзіп, лениншіл шәкірттердің бір тобымен бірге Парижге кетті. РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы пленумында большевиктер оны Орталық Комитет құрамына кооптациялау үшін кандидат етіп белгіледі. 1910 жылы 1 майда, Давоста (Швейцария) емделіп жүргенінде, туберкулезден қайтыс болды.— *31—33.*

Витте. С. Ю. (1849—1915) — орыстың мемлекет қайраткері, патшалық Россияның «әскери-феодалдық империализмінің» мүдделерін қорғады, либерал буржуазияға болмашы жеңілдіктер жасап, уәделер беру және халыққа қарсы қатаң жазалау шараларын қолдану жолымен монархияны сақтап қалуға тырысқан самодержавиенің сенімді жақтаушысы; 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаныштауды ұйымдастырушылардың бірі. Қатынас жолдары министрі (февраль — август 1892), финанс министрі (1892—1903), Министрлер советінің председателі (октябрь, 1905 — апрель, 1906) болған кезінде Витте өзінің финанс, баж салығы саясаты, темір жол салу, фабрикалық заң шығару саласындағы шаралары арқылы, шетелдік капитал орналастыруды жан-жақты қолдауы арқылы Россияда капитализмнің дамуына және оның империалистік державаларға тәуелділігінің күшеюіне көмектесті. «Министр-маклер», «биржа агенті» — оны В. И. Ленин осылай сипаттады.—*227.*

Владимир — қараңыз: Косовский, В.

тің, Харьковтың, Екатеринославтың социал-демократиялық ұйымдарында жұмыс істеді, социал-демократиялық әдебиетті тарату ісімен шұғылданды; «Искра» ұйымына кірді. 1903 жылғы февральда РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Орелдегі кеңесінде Ұйымдастыру комитетінің құрамына енгізілді. Съезге Ұйымдастыру комитетінен кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл. Съезден кейін — белсенді меньшевик әйел, 1905 жылғы декабрьде меньшевиктерден біріккен Орталық Комитетке енді. Реакция жылдарында жойымпаздық позицияда болды, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде қорғанымпаздық позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін көп ұзамай саяси қызметтен шеттеп кетті.— *468.*

Гальперин, Л. Е. (Копяга) (1872—1951) — социал-демократ, революциялық қозғалысқа 1898 жылдан бастап қатысты. Астрахань губерниясында айдауда жүрген кезінде «Искра» ұйымымен байланыс орнатты, сөйтіп 1901 жылдың көктемінде оның агенті ретінде Бакуге жіберілді, онда РСДРП Баку комитетін, астыртын баспахана құру жөнінде, астыртын әдебиетті шетелден тасып жеткізу және оны Россияда тарату ісін ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізді. 1902 жылдың басында Киевте демонстрацияға қатысып, тұтқынға алынды; 18(31) августа искрашылдар тобымен бірге Киевтегі Лукьянов түрмесінен шетелге қашып кетті, Россияға партиялық әдебиетті тасып жеткізу ісін ұйымдастыру жөніндегі жұмысын онан әрі жалғастырды. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды, біраз уақыт Орталық Орган редакциясынан партия Советінің құрамына кірді, кейін Орталық Комитет құрамына кооптацияланды. Меньшевиктер жөнінде ымырашылдық позиция ұстады, партияның III съезін шақыруға қарсы болды; 1905 жылғы февральда тұтқынға алынды. 1906 жылдан бастап белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін меньшевик-интернационалистерге қосылды, Мемлекеттік кеңеске қатысты. 1918 жылдың көктемінен бастап шаруашылық жұмыста болды.— *424.*

Герц (Hertz), *Фридрих Отто* (1878 ж. туған) — Австрия экономисі, социал-демократ — ревизионист, 1899 жылы басылып шыққан «Die Agrarischen Fragen im Verhältnis zum Sozialismus» («Социализм тұрғысынан алынған аграрлық мәселелер») деген кітабында марксизмнің аграрлық мәселе жөніндегі іліміне қарсы шықты, ұсақ шаруалар шаруашылығының тұрақтылығын, оның ірі шаруашылық бәсекесіне төтеп бере алатынын дәлелдеуге тырысты. Герцтің Россияда аударылып шыққан кітабын буржуазияшыл апологеттер Булгаков, Чернов және басқалар өздерінің марксизмге қарсы күресінде кеңінен пайдаланды.— *117, 124, 413, 418.*

Гехт (Hecht), *Мориц* — немістің буржуазияшыл экономисі әрі статистик, шаруалар шаруашылығы туралы «Drei Dörfer der

badischen Hard» («Бадендік Гардтың үш деревнясы») (1895) деген монографияның авторы, онда капитализм тұсында ұсақ шаруалар шаруашылығының тұрақтылығын дәлелдеуге тырысты. Бұл кітапты ревизионистер өздерінің марксизмге қарсы күресінде пайдаланды.— *117.*

Гинзбург, Б. А.— қараңыз: Кольцов, Д.

Глебов — қараңыз: Носков, В. А.

Гольдендах, Д. Б.— қараңыз: Рязанов, Д. Б.

Гольдман, Л. И. (Аким) (1877—1939) — революциялық қозғалысқа 1893 жылдан араласты, Вильно мен Минскінің жұмысшы үйірмелерінде насихат жүргізді, 1897 жылғы сентябрьде Бундтың құрылтай съезіне қатысты. 1899 жылы тұтқынға алынды, одан қашып шығып, Одессада жұмыс істеді, 1900 жылы шетелге кетіп, онда «Искра» ұйымына қосылды. 1901 жылдың басында Мюнхенде В. И. Ленинмен кездесіп, онымен Россияда «Искра» баспаханасын ашудың жоспарын талқылады. 1901 жылдың майында Кишиневте астыртын баспахана ұйымдастырды, онда «Искра» және басқа социал-демократиялық басылымдар шығарылды. 1902 жылдың мартында тұтқынға алынып, кейін Сибирьге жер аударылды. 1905 жылы айдаудан Женеваға қашып барып, меньшевиктерге қосылды, меньшевиктік «Искра» редакциясының секретары болды. 1905 жылы меньшевиктерден РСДРП Петербург комитетіне еніп, РСДРП IV съезінде Орталық Комитетке сайланды. 1907 жылы Уралда жұмыс істеді, тұтқынға алынып, 1911 жылы Сибирьге жер аударылды. 1917 жылы Февраль революциясынан кейін — Иркутск Советінің председателі және меньшевиктік Орталық Комитеттің мүшесі. 1921 жылдан бастап саяси қызметтен қол үзіп, шаруашылық және редакциялық-баспа жұмысында болды.— *424.*

Гольдман, М. И.— қараңыз: Либер, М. И.

Горемыкин, И. Л. (1839—1917) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, реакцияшыл бюрократияның нағыз өкілдерінің бірі, барып тұрған монархист. 1895—1899 жылдары — ішкі істер министрі, 60-жылдардағы реформаларды әлсіретуге және жоюға бағытталған реакциялық саясат (контрреформалар дейтін саясат) жүргізді; жұмысшы қозғалысын аяусыз тұншықтырып отырды. 1906 жылғы апрельден августқа дейін және 1914 жылғы январьдан 1916 жылғы январьға дейін Министрлер советінің председателі болды.— *231, 233.*

Горин (Галкин), В. Ф. (Николай Николаевич, Сиротинин) (1863—1925) — профессионал революционер, большевик. 80-жылдардың алғашқы жартысында Симферопольдің, кейін Харьковтың, Могилевтің, Одессаның халық еріктілері үйірмелеріне кір-

ді. 1887 жылғы октябрьде «Оңтүстік халық ерікшілері ұйымының» ісі бойынша тұтқындалып, Якутияға жер аударылды; 90-жылдардың орта шенінде социал-демократтарға қосылды. Айдау мерзімі аяқталғаннан кейін (1900) Верхоянскіде, кейін Иркутскіде тұрды, Сибирь социал-демократиялық одағын ұйымдастыруға қатысты. 1902 жылы Саратов социал-демократиялық ұйымында жұмыс істеді, сол ұйымнан РСДРП II съезіне делегат болып қатысты. Съезде — көпшілік жағындағы искрашыл, большевиктерден съезд протоколдарын редакциялау жөніндегі комиссияға енді. Съезден кейін меньшевиктермен күреске белсене қатысты. 1910 жылы Н. Грабовский деген бүркеншік атпен оның «Материализм жойылсын! (Эмпириокритикалық сынға сын)» деген кітабы шықты, ол марксизмді махистік тұрғыдан ревизиялауға қарсы бағытталды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Россияға қайтып оралып, Петроград Әскери-революциялық комитетінде жұмыс істеді, Октябрь қарулы көтерілісін дайындауға қатысты. 1918—1920 жылдары Қызыл Армияда саяси жұмыста болды. 1920 жылдан Всевобучта жұмыс істеді.— *306, 308, 442, 449, 450, 452, 457, 468.*

Гофман — қараңыз: Косовский, В.

Гоц, М. Р. (Рафаилов, М.) (1866—1906) — эсерлер партиясының негізін салушылардың және теоретиктерінің бірі. 80-жылдардың орта шенінде Москваның халық ерікшілері үйірмелеріне кірді, жұмысшылар арасында насихат жүргізді, халық ерікшілерінің астыртын баспаханасын ұйымдастырды. 1886 жылы тұтқынға алынып, 1888 жылы Шығыс Сибирьге жер аударылды. 1895 жылдан Курганда, кейін Одессада тұрды; 1900 жылы эмиграцияға кетті. Шетелде эсерлер партиясын және оның органдары «Вестник Русской Революции» мен «Революционная Россияны» ұйымдастыруға белсене қатысты, Орталық Комитетке мүше болып, «Жауынгерлік ұйымға» кірді.— *56—57.*

Грач — қараңыз: Бауман, Н. Э.

Григорьев — қараңыз: Степанов, С. И.

Гринберг — қараңыз: Медем, В. Д.

Грингмут, В. А. (1851—1907) — орыстың реакцияшыл публицисі, 1897 жылдан 1907 жылға дейін — монархиялық «Московские Ведомости» газетінің редакторы. Азаттық және революциялық қозғалыстың зәредей көріністерінің өзіне қарсы шығып, патша самодержавиесін және православие шіркеуінің артықша жағдайда болуын қорғады, ұлы орыстық шовинизм позициясында болды. 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде — қаражүздік «Орыс халқы одағын» ұйымдастырушылардың және оның лидерлерінің бірі.— *88.*

Гуревич, Я. Я. (Т.) (1869 ж. туған) — халық ағарту ісінің қайраткері, бірқатар либерал-буржуазиялық газеттер мен журналдардың қызметкері. 1901 жылдан бастап Петербург гимназияларында сабақ берді, 1906 жылдан — «Русская Школа» журналының шығарушы-редакторы. 1898—1904 жылдары Тула губерниялық земствосының мүшесі. «Освобождение» журналының жетінші номерінде земствоны самодержавиеге қарсы күресте неғұрлым батыл позиция ұстауға шақырған мақала жариялады. 1910—1913 жылдары «Орта мектеп реформасы туралы» заң жобасын жасап шығаруға қатысты.— *39, 40—41.*

Гусев, С. И. (Драбкин, Я. Д., Лебедев) (1874—1933) — профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1896 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» бастады, 1897 жылдың көктемінде тұтқынға алынып, Оренбургке жер аударылды. 1899 жылдан бастап Дондағы Ростовта тұрды, РСДРП Дон комитетінің жұмысына белсене қатысты, 1902 жылғы стачка мен 1903 жылдың мартындағы демонстрация басшыларының бірі болды. РСДРП II съезінде — Дон комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл; съезден кейін Россияның оңтүстігінде бірқатар қалаларды аралап, съезд туралы баяндамалар жасады. 1904 жылғы августа 22 большевиктің Женевадағы кеңесіне қатысты. 1904 жылғы декабрьден 1905 жылғы майға дейін Көпшілік Комитеттері Бюросының және партияның Петербург комитетінің секретары, сонан соң Одесса большевиктік ұйымы басшыларының бірі болды. 1906 жылғы январьдан бастап — РСДРП Москва комитетінің мүшесі; IV съезге Москва ұйымынан делегат болды. 1906 жылы тұтқынға алынып, сонан соң Тоболь губерниясына жер аударылды, ол жерден 1909 жылы қашып шықты; реакция жылдарында жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы шықты. 1917 жылғы октябрь күндерінде Петроград Әскери-революциялық комитетінің секретары болды; 1918 жылдан Қызыл Армияда саяси жұмыс атқарды, 1921—1923 жылдары Республика Революциялық-әскери советінің мүшесі және Саяси басқармасының бастығы болды; 1923 жылдан — РКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының секретары және Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариатының коллегия мүшесі, 1925 жылдан — РКП(б) Орталық Комитеті баспасөз бөлімінің меңгерушісі болды. 1928—1933 жылдары — Коммунистік Интернационал Атқару комитеті Президиумының мүшесі; партия тарихы, әскери және шаруашылық мәселелер жөнінде, халықаралық жұмысшы қозғалысы мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды.— *451, 468.*

Гюйо (Guyot) *Ив* (1843—1928) — француздың буржуазияшыл саяси қайраткері, экономист әрі публицист. 1885—1893 жылдары — парламент депутаты, 1889—1892 жылдары — қоғамдық жұмыстар министрі. Социализмге қарсы шықты, жеке меншік мызғымайды деп дәлелдеді; еркін бәсекені қоғамдық игілікке жетудің ең жақсы құралы деп санады.— *231.*

Д

Давид (David), *Эдуард* (1863—1930) — герман социал-демократиясының оң қанаты лидерлерінің бірі, мамандығы экономист. 1894 жылы партияның аграрлық программасын дайындау жөніндегі комиссияға кірді, аграрлық мәселе жөніндегі маркстік ілімді ревизиялау позициясында болды, капитализм тұсында ұсақ шаруалар шаруашылығының тұрақтылығын дәлелдеді. Ревизионистік «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының негізін салушылардың бірі. 1903 жылы «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітап шығарды, бұл кітапты В. И. Ленин «ревизионизмнің аграрлық мәселедегі басты еңбегі» деп атады. 1903 жылдан рейхстагтың депутаты болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, 1919 жылы Герман республикасының бірінші коалициялық үкіметінің құрамына кірді, 1919—1920 жылдары — ішкі істер министрі, 1922—1927 жылдары — үкіметтің Гессендегі өкілі; герман империализмінің реваншистік пиғылдарын қолдады, СССР-дің жауы болды. Ленин Давидті «бүкіл өмірі жұмысшы қозғалысын буржуазиялық жолмен аздыруға арналған» оппортунист деп сипаттады (Шығармалар, 21-том, 272—273-беттер).— *117, 179, 236—237, 238, 239, 240.*

Даниельсон, Н. Ф. (Ник.— он) (1844—1918) — орыстың жазушы-экономисі, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдық идеологтарының бірі. 60—70-жылдары революцияшыл әртекті жастар үйірмелерімен байланысты болды. К. Маркс «Капиталының» Г. А. Лопатин бастаған орыс тіліндегі тұңғыш аудармасын аяқтады, осыған байланысты К. Маркспен және Ф. Энгельспен хат жазысып тұрды, оларда Россияның экономикалық даму проблемаларын сөз етті. Алайда Даниельсон марксизмнің мәнін ұқпады, сөйтіп кейінірек оған қарсы шықты. 1893 жылы «Реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері» деген кітап бастырып шығарды, бұл кітап В. П. Воронцовтың еңбектерімен бірге либерал халықшылдықты теориялық жағынан негіздеуге қызмет етті. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Даниельсонның көзқарастарын қатаң сынға алды.— *49.*

Дейч, Л. Г. (1855—1941) — халықшылдық, ал кейін социал-демократиялық қозғалысқа қатысушы. 1877 жылы Чигиринск уезіндегі шаруалардың күрес әрекеттерін ұйымдастырушылардың бірі болды. «Жер және ерік», сонан соң «Қаралай бөліс» ұйымдарының мүшесі. 1880 жылы шетелге кетті, 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты, маркстік әдебиетті шығару және оны Россияға жеткізу жөнінде жұмыс жүргізді. 1884 жылы Германияда тұтқынға алынып, патша үкіметінің қолына берілді, сөйтіп каторгалық жұмысқа кесілді. 1901 жылы жер аударылып барған жерінен қашып шығып, Мюнхенге барды, «Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лига-

сының» әкімшілігіне кооптацияланды, «Искра» мен «Заряны» шығаруға және таратуға қатысты. Партия программасының В. И. Ленин мен Г. В. Плеханов жасаған жобаларын үйлестіру және жалпы жоба жасау жөнінде «Искра» редакциясы құрған комиссияға кірді. РСДРП II съезінде — «Еңбекті азат ету» тобынан делегат, азшылық жағындағы искрашыл; съезден кейін — меньшевик, реакция жылдарында — жойымпаз. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, социал-қорғанымпаздардың «Призыв» органына қатысып тұрды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Плехановпен бірге оңшыл меньшевик-қорғанымпаздардың «Единство» газетін редакциялады. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен қол үзді, Г. В. Плехановтың әдеби мұрасын шығару жөнінде жұмыс істеді, Россиядағы азаттық қозғалысының тарихы жөнінде бірқатар мақалалар жазды.— *320, 322, 467.*

Дементьев — қараңыз: Басовский, И. Б.

Дехтерев, В. Г.— Петербург қалалық думасының және губерниялық земство жиналысының мүшесі, қалалық финанс комиссиясы председателінің орынбасары.— *92—93.*

Джордж — қараңыз: Жордания, Н. Н.

Дмитриев — қараңыз: Стопани, А. М.

Домбровский (Dąbrowski), *Ярослав* (1836—1871) — көрнекті поляк революционері, 1871 жылы Париж Коммунасының генералы. Петербургтегі Бас штаб академиясының тыңдаушысы болды, онда орыс және поляк революцияшыл демократтарымен жақындасты, астыртын халықшылдық үйірмеге қатысты. Поляк революциялық қозғалысында көрнекті роль атқарды, 1863—1864 жылдардағы поляк азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі. Көтеріліс басталмастан бұрын тұтқынға алынған Домбровский 1864 жылы 15 жыл каторгаға кесілді. 1864 жылғы декабрьде Москваның жер аударылғандар қамалатын түрмесінен қашып шығып, 1865 жылғы июньде Парижге эмиграцияға кетті, онда поляк эмиграциясының демократиялық қанаты басшыларының бірі болды, «Niepodległość» («Тәуелсіздік») газетіне қатысып тұрды, 1866 жылғы Австрия-Пруссия соғысын талдауға арналған еңбек жазды. Трошю үкіметінің Парижді қорғау жөніндегі шараларын қатаң сынға алды.

Париж Коммунасы күндерінде оның ең батыл қорғаушыларының бірі болды, Версальға дереу шабуыл жасауды, контрреволюциялық үкіметті тұтқынға алып, реакцияшыл Ұлттық жиналысты таратуды ұсынды. Майданның ең жауапты учаскелерін қорғауға басшылық етті, коммунарлардың I армиясының, ал сонан соң Коммунаның бүкіл қарулы күштерінің қолбасшысы болып тағайындалды. 1871 жылғы 23 майда Монмартр биігін қорғау кезінде қаза тапты.— *263.*

мысшы партиясын (СЕРП) ұйымдастыруға қатысып, оның лидерлері мен теоретиктерінің бірі болды. Марксизмге қарсы шықты. 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесінен кейін Россияға қайтып оралды, бірақ кейін қайтадан эмиграцияға кетті. 1908 жылдан бастап Америка Құрама Штаттарында «Dos Naie Leben» («Жаңа Өмір») деген журнал шығарып тұрды. Одан кейінгі жылдары Америка Құрама Штаттарында тұрды, бірқатар прогрестік еврей журналдарына қатысты, СССР-ге жақсы көзқараста болды.— *57, 413.*

Жордания, Н. Н. (Джордж, Костров) (1870—1953) — социал-демократ, меньшевик. Саяси қызметін 90-жылдары бастады. Грузиядағы тұңғыш «Месаме даси» тобына кірді, онда оппортунистік қанатты басқарды. РСДРП II съезіне кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашылдарға қосылды. Съезден кейін — Кавказ меньшевиктерінің лидері. 1905 жылы меньшевиктік «Социал-Демократ» газетін (грузин тілінде) редакциялады, буржуазиялық-демократиялық революциядағы большевиктік тактикаға қарсы шықты. 1906 жылы I Мемлекеттік думаның мүшесі болды. РСДРП IV съезінің жұмысына қатысты; V съезде (1907) меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Реакция жылдарында формальды түрде партияшыл-меньшевиктерге қосылды, іс жүзінде жойымпаздарды қолдады. 1914 жылы Троцкийдің «Борьба» журналына қатысып тұрды, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін жұмысшы депутаттары Тифлис Советінің председателі болды, 1918—1921 жылдары Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметін басқарды; 1921 жылдан — ақ эмигрант.— *309, 311, 450, 468.*

З

Загорский — қараңыз: Крохмаль, В. Н.

Залкинд, Р. С.— қараңыз: Землячка, Р. С.

Заломов, П. А. (1877—1955) — Сормово жұмысшысы, социал-демократ. Революциялық қозғалысқа 1892 жылдан бастап қатысты. Астыртын маркстік үйірмеге кіріп, Сормово, Пермь, Нижний Новгород жұмысшылары арасында насихат жүргізді. 1901 жылдың майында РСДРП Нижегород комитетіне енді. Сормовода 1902 жылғы бірінші май демонстрациясын ұйымдастырушылардың бірі болды. Демонстрация кезінде тұтқынға алынып, сотта самодержавиеге қарсы бағытталған жарқын сөз сөйледі. Шығыс Сибирьге өмір бойы жер аударуға кесілді. 1905 жылғы мартта айдаудан қашып шығып, большевиктерге қосылды, Петербург пен Москвада жұмыс істеді. Декабрь қарулы көтерілісіне белсене қатысып, Москваның бірқатар аудандарында жауынгерлік жасақтар ұйымдастырды. 1906 жылдың жазында ауыр

науқастан кейін белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Курск губерниясында Советтерді ұйымдастыруға қатысты. Азамат соғысы жылдарында гайдамактар, содан соң деникиншілдер тұтқынға алды, айуандықпен азапқа салынып, атылудан әрең дегенде аман қалды. 1925 жылы ВКП(б) қатарына алынды.

А. М. Горькийдің «Ана» романының кейіпкері — Павел Власов бейнесінің негізіне Заломов алынған.— *66—67, 68.*

Засулич, В. И. (1849—1919) — Россиядағы халықшылдық, ал одан кейін социал-демократиялық қозғалыстың аса көрнекті қатысушысы болған әйел. Революциялық қызметін 1869 жылы бастады. Ол «Жер және ерік», «Қаралай бөліс» халықшылдық ұйымдарына кірді. 1878 жылы 24 январьда саяси тұтқын Боголюбовты қорлауға қарсы наразылық белгісі ретінде Петербургтің қала бастығы Треповқа қастандық жасады. 1880 жылы эмиграцияға кетті, шетелде көп ұзамай халықшылдықтан қол үзіп, марксизм позициясына көшті. 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 80—90-жылдары К. Маркстің «Философия қайыршылығы», Ф. Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген еңбектерін орыс тіліне аударды, «Жұмысшылардың халықаралық қоғамы тарихының очеркі» деген және басқа еңбектер жазды; «Еңбекті азат ету» тобының басылымдарына, «Новое Слово» және «Научное Обозрение» журналдарына қатысып тұрды, оларда бірқатар әдеби-сын мақалаларын жариялады. 1900 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясына кірді. РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашылдарға қосылды. РСДРП II съезінен кейін меньшевизм лидерлерінің бірі, меньшевиктік «Искра» редакциясына кірді. 1905 жылы Россияға қайтып оралды. Реакция кезеңінде жойымпаздарға қосылды, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды.— *319, 468.*

Зборовский, М. С. (Константинов) (1879—1935) — социал-демократ, меньшевик. Саяси қызметін 1898 жылы Одессада бастады. РСДРП II съезіне — Одесса комитетінен делегат, азшылық жағындағы искрашыл. Бірінші орыс революциясы жылдарында кеңейтілген жұмысшы съезін шақыру жөніндегі жойымпаздық идеяны қолдады. 1905 жылы жұмысшы депутаттары Петербург Советі Атқару комитетінің мүшесі. Петербург Советінің басқа да басшыларымен бірге тұтқынға алынып, жер аударылды; 1906 жылы айдаудан Швейцарияға қашып кетті. Реакция жылдарында — жойымпаз, 1908 жылы жойымпаз-меньшевиктердің шетелдегі органы — «Голос Социал-Демократа» газетін ұйымдастыруға қатысып, оның техникалық бөлімін басқарды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Россияға келіп, Одессада жұмыс істеді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, 1919 жылдың аяғында шетелге эмиграцияға

кетіп, онда меньшевиктік ұйымдарда одан әрі жұмыс істеді.— *467*.

Зеленский, Е. О.— қараңыз: Надеждин, Л.

Землячка (Залкинд), Р. С. (1876—1947) — профессионал революционер әйел, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. Революциялық қозғалыс жолына 1893 жылы түсті; 1896 жылы шетелден қайтып оралған соң Киев социал-демократиялық ұйымында жұмыс істеді; кейін РСДРП Киев комитетінің құрамына енді, тұтқынға алынып, $2^1/_2$ жыл түрмеде отырды. 1901 жылдан бастап «Искраның» агенті, Одессада және Екатеринославта жұмыс жүргізді. РСДРП II съезінде — Одесса комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. Съезден кейін большевиктерден Орталық Комитетке кооптацияланды, меньшевиктермен күреске белсене қатысты. 1904 жылғы августа 22 большевиктің Женевадағы кеңесіне қатысты, Көпшілік Комитеттері Бюросына сайланды. Петербург партия ұйымының секретары болып істеді, партияның III съезіне әлгі ұйымнан делегат болды. 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде — РСДРП Москва комитетінің секретары. Талай рет патша үкіметінің жазалау шараларына ұшырады. 1909 жылы Баку большевиктік ұйымының секретары болып істеді, содан эмиграцияға кетті. 1915—1916 жылдары — партияның Орталық Комитеті Москва бюросының мүшесі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва комитетінің секретары. Москвадағы Октябрь қарулы көтерілісі күндерінде Рогожск-Симоновск ауданы жұмысшыларының күресіне басшылық етті. 1918—1921 жылдары — Солтүстік және Оңтүстік майдандарда армиялардың саяси бөлімдерінің бастығы; одан кейінгі жылдарда басшы партия және совет қызметінде болды. Партияның барлық (I және V съездерден басқа) съездерінің делегаты. РКП(б) XIII съезінен бастап — Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі, XVII съезде Советтік бақылау комиссиясының мүшесі, XVIII съезде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1939 жылдан бастап және Ұлы Отан соғысы жылдарында — СССР Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары. Өмірінің соңғы жылдарында — ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Партиялық бақылау комиссиясы председателінің орынбасары; бірінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің депутаты.— *467*.

Зурабов, А. Г. (Рашид-Бек) (1873—1920) — революциялық қозғалысқа 1892 жылдан бастап қатысты, 1896 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» кірді, 1899 жылдан бастап РСДРП Тифлис комитетінде белсенді жұмыс жүргізді, 1902 жылы «Армян социал-демократтары одағын» және оның органы — «Пролетариат» газетін ұйымдастырушылардың бірі. 1903 жылы РСДРП Кавказ одағы комитетінің құрамына енді: РСДРП II съезінде — Батуми комитетінен деле-

тысты, «Еңбекті азат ету» тобымен және Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағымен» тығыз байланыста болды, «жария марксистердің» «Новое Слово» және «Начало» журналдарының редакциясына енді; полицияның құпия бақылауында болды. 1890—1901 жылдары кітап қоймасын ұстады, бұл қойма социал-демократтардың жасырын кездесетін орны еді; «Искра» мен «Заряны» шығаруға материалдық көмек көрсетіп отырды. 1902 жылы 3 жылға шетелге қуылды; партия жікке бөлінгеннен кейін большевиктерге қаражат жағынан көмектесіп тұрды. Н. К. Крупскаяның айтуы бойынша, В. И. Ленин Калмыковаға «зор сеніммен» қараған, «онымен бірсыпыра практикалық істер жөнінде кеңесіп, көптеген маңызды мәселелер жайында әңгімелесіп» отырған («Правда», 1926, № 75, 2 апрель, 3-бет). Октябрь социалистік революциясынан кейін Ленинград халық ағарту бөлімінде және Ушинский атындағы педагогтық институтта жұмыс істеді.— *424.*

Карский — қараңыз: Топуридзе, Д. А.

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағымдардың бірі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы, герман социал-демократиясының теориялық «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналының редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдік пен анархизмнің қойыртпағы болатын. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысады да, олардың ықпалымен марксизмге көшеді, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсетті, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатты сынады. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде: «Карл Маркстің экономикалық ілімі» (1887), «Аграрлық мәселе» (1899) деген және басқа бірқатар еңбектер жазды, бұл еңбектер, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда жақсы роль атқарды. Кейінірек, революциялық қозғалыс кең өрістеген кезде, оппортунизм позициясына көшті; бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында центрист болды, соғыс кезінде өзінің социал-шовинизмін интернационализм туралы бос сөздермен бүркемелеп, революциялық марксизмнің ашық жауларының лагеріне өтті. Әсіре империализм теориясының авторы, бұл теорияның реакциялық мәнін Ленин «II Интернационалдың күйреуі» (1915), «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» (1916) деген және басқа еңбектерінде әшкереледі. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына қарсы, Совет өкіметіне қарсы ашықтан-ашық күрес жүргізді.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция» (1917), «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» (1918) деген жә-

ланды, большевиктерден жұмысшы депутаттарының тұңғыш Петербург Советі Атқару комитетінің құрамына енді. 1905 жылы декабрьде тұтқынға алынып, Сибирьге өмір бойы жер аудару жазасына кесілді. 1907 жылы айдаудан шетелге қашып кетіп, II Интернационалдың Штутгарт конгресінің және РСДРП-ның Гельсингфорста болған Төртінші («Жалпы россиялық үшінші») конференциясының жұмысына қатысты. 1907 жылдың аяғынан бастап Бакуде жұмыс істеді; реакция кезінде большевиктердің тактикалық мәселелері жөнінде кейбір ауытқығандығы аңғарылды. 1910 жылы сентябрьде тұтқынға алынды, Баку түрмесінде қайтыс болды.— *336, 445, 453, 468.*

Кожевникова, В. Ф. (Варенька) (1870—1906) — социал-демократиялық қозғалысқа 1892 жылы Петербургте араласа бастады. 1894 жылы фельдшерлік курсты бітіргеннен кейін Самара губерниясында және Уралда жұмыс істеді. 1897 жылы Петербургке қайтып оралып, «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» кірді. 1901 жылдың басында «Искра» ұйымына қосылды, тұтқынға алынып, Новгород губерниясына жер аударылды. 1902 жылы искралық астыртын баспахана ұйымдастыруға белсене қатысты, ноябрьде тұтқынға алынды. 1903 жылдың февралында науқастығына байланысты босатылды, полицияның ерекше бақылауында болды. Бірінші орыс революциясы басталғаннан кейін Петербург губерниясының Ямбург уезі шаруаларының арасында үгіт жүргізді. 1906 жылы 17 (30) ноябрьде өкпе туберкулезінен қайтыс болды.— *424.*

Кольцов, Д. (Гинзбург, Б. А.) (1863—1920) — социал-демократ, меньшевик, 80-жылдардың бірінші жартысында халық еріктілері қозғалысына қосылды, 80-жылдардың аяғында социал-демократиялық позицияға көшті. 1893 жылдың басында Швейцарияға эмиграцияға кетті, онда «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты; 1895—1898 жылдары «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» секретары болды, оның басылымдарына белсене ат салысты; «Одақ» жікке бөлінгеннен кейін (1900) одан шығып кетті. II Интернационалдың Лондон (1896) және Париж (1900) конгрестерінің жұмысына қатысты. РСДРП II съезіне кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл; съезден кейін — белсенді меньшевик, бірқатар меньшевиктік басылымдардың («Социал-Демократ», «Начало», т. б.) қызметкері. 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде Петербургте кәсіподақ қозғалысына қатысты; 1908 жылдан бастап Бакуде жұмыс істеді, жойымпаз меньшевиктердің жария «Луч» газетіне қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист; 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінде еңбек комиссары. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Құрылтай жиналысына — меньшевик-қорғанымпаздардан кандидат. 1918—1919 жылдарда Петроградта кооперация саласында қызмет істеді.— *438, 468.*

1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің мүшесі, Петроградтағы Октябрь қарулы көтерілісі күндерінде — контрреволюциямен күрес жөніндегі тергеу комиссиясының председателі, Октябрь социалистік революциясынан кейін — СССР Юстиция Халық Комиссариаты коллегиясының мүшесі; 1924 жылдан бастап — Жоғарғы соттың прокуроры, ал 1933 жылдан 1938 жылға дейін — СССР Жоғарғы соты председателінің орынбасары. Бірсыпыра сайлауларда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі.— *290, 436, 438, 467.*

Кремер, А. И. (Александр) (1865—1935) — Бундтың негізін салушылардың және оның лидерлерінің бірі. 1893—1895 жылдары Вильноның социал-демократиялық үйірмелеріне кірді, 1894 жылы «Үгіт туралы» деген кең таралған кітапша жазды, 1897 жылы «Еңбекті азат ету» тобымен келіс сөз жүргізу үшін Швейцарияға барды. Бундтың делегаты ретінде РСДРП I съезіне қатысып, партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды; съезден кейін көп ұзамай тұтқынға алынды. РСДРП II съезінде — Бундтан кеңесші дауыспен делегат, антиискрашыл; съезден кейін — меньшевик. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін Бундтың Орталық Комитетінен шығып, саяси қызметтен кетті. Италия мен Францияда, 1921 жылдан бастап Вильнода тұрды, Польшадағы Бунд ұйымдарының жұмысына қатысты.— *468.*

Кричевский, Б. Н. (1866—1919) — социал-демократ, публицист, «экономизм» лидерлерінің бірі. 80-жылдардың аяғынан бастап Россиядағы социал-демократиялық үйірмелердің жұмысына қатысты; 90-жылдардың басында эмиграцияға кетті; шетелде бірсыпыра уақыт «Еңбекті азат ету» тобына қосылды, оның басылымдарына қатысты. 90-жылдардың аяғында — «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» басшыларының бірі, 1899 жылы «Одақтың» «Рабочее Дело» журналының редакторы болды, бұл журналдың беттерінде бернштейншілдік көзқарастарды насихаттады. РСДРП II съезінен кейін көп ұзамай социал-демократиялық қозғалыстан қол үзді.— *275.*

Крохмаль, В. Н. (Загорский) (1873—1933) — социал-демократ, меньшевик. 90-жылдардың орта шенінде Киевтің социал-демократиялық үйірмелеріне кірді; 1898 жылы Уфаға жер аударылды, онда жергілікті социал-демократиялық топта белсенді роль атқарды. 1901 жылдан — «Искраның» агенті, Киевте жұмыс жүргізді, 1902 жылы тұтқынға алынды, 1902 жылдың 18(31) августында бір топ искрашылдармен бірге Киевтегі Лукьянов түрмесінен шетелге қашып кетіп, онда «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына» кірді. РСДРП II съезінде — Уфа комитетінен делегат, азшылық жағындағы искрашыл. 1904 жылдың аяғында меньшевиктерден РСДРП Ор-

талық Комитетіне кооптацияланды, 1905 жылғы февральда тұтқынға алынды; РСДРП IV съезінде меньшевиктерден Орталық Комитетке сайланды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін меньшевиктік «Рабочая Газетаны» редакциялады; Октябрь социалистік революциясынан кейін Ленинградтың әр түрлі мекемелерінде жұмыс істеді.— *424, 425, 467.*

Крупская, Н. К. (Ленина) (1869—1939) — профессионал революционер, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері; В. И. Лениннің әйелі.

Революциялық қызметін 1890 жылы Петербургтің маркстік студенттік үйірмелерінде бастады. 1891 жылдан 1896 жылға дейін Нева заставасының сыртындағы жексенбілік кешкі мектепте мұғалім болды, жұмысшылар арасында социал-демократиялық насихат жүргізді. 1895 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды. 1896 жылғы августа тұтқынға алынып, 3 жылға жер аударуға үкім шығарылды, айдау мерзімін Шушенское селосында, содан соң Уфада өтеді. 1901 жылы эмиграцияға кетті, «Искра» редакциясының секретары болып істеді. РСДРП II съезін дайындауға белсене ат салысып, оған кеңесші дауыс правосымен қатысты. Съезден кейін большевиктік «Вперед» және «Пролетарий» газеттері редакцияларының секретары болды; партияның III съезін дайындау жөнінде белсене жұмыс жүргізді. Шетелде жұмыс істей жүріп, Россиядағы партия ұйымдарымен кең түрде хат-хабар алысып тұрды. Реакция жылдарында жойымпаздармен және шақырымпаздармен күреске белсене қатысты. 1911 жылы Лонжюмодағы партия мектебінде жұмыс істеді, РСДРП Прага конференциясынан (1912) кейін В. И. Ленинге Россиядағы партия ұйымдарымен, «Правда» газетімен және IV Мемлекеттік думаның большевиктік фракциясымен байланыс орнатуға көмектесті. 1915 жылы Әйелдердің Берндегі халықаралық конференциясына делегат болды.

1917 жылғы Февраль революциясынан кейін В. И. Ленинмен бірге Россияға қайтып оралып, партияның Орталық Комитетінің секретариатында жұмыс істеді; Октябрь социалистік революциясын әзірлеуге және оны жүзеге асыруға белсене қатысты. Революциядан кейін — Халық ағарту комиссариатының коллегия мүшесі, 1921 жылдан бастап Саяси ағарту бас басқармасына басшылық етті, 1929 жылдан — халық ағарту комиссарының орынбасары. Халыққа білім берудің советтік жүйесін құрушылардың бірі, совет педагогикасының аса ірі теоретигі болды, халыққа білім беру, коммунистік тәрбие, әйелдер және жастар қозғалысы мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды. В. И. Ленин туралы естеліктердің авторы. Барлық партия съездеріне (I және V съездерден басқа) қатысты; 1924 жылдан — Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі, ал 1927 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі; барлық сайлауларда

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, бірінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің депутаты және Президиум мүшесі.— *468.*

Л

Л. М.— қараңыз: Мартов, Л.

Ланге — қараңыз: Стопани, А. М.

Лебедев — қараңыз: Гусев, С. И.

Левин, Е. Я. (Егоров, Юрий, Юрьев) (1873 ж. туған) — социал-демократ, «Южный рабочий» тобы басшыларының бірі. 90-жылдары Харьковтың социал-демократиялық үйірмелеріне қатысты, 1900 жылы октябрьде РСДРП Харьков комитетінің ісі бойынша тұтқынға алынып, 1901 жылы полицияның жария бақылауымен Полтаваға жер аударылды. «Южный Рабочий» газетінің редакциясына енді. РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Псковтағы кеңесінде (ноябрь, 1902) Ұйымдастыру комитетінің құрамына енгізілді. Съезде — «Южный рабочий» тобынан делегат, центрдің позициясында болды; съезден кейін меньшевиктерге қосылды. 1903 жылғы сентябрьде Харьковта тұтқынға алынды; кейін саяси қызметтен қол үзді.— *290, 305, 306, 307, 309, 320, 438, 446, 447, 448, 449, 450—451, 466.*

Левина, Е. С. (Анна Ивановна) (1874—1905) — 90-жылдары Харьковтың социал-демократиялық үйірмелеріне кірді, 1898 жылы Харьковтың баспахана жұмысшылары арасында насихат жүргізу жөніндегі іс бойынша тұтқынға алынып, 1899 жылы полицияның жария бақылауымен Полтаваға жер аударылды. «Южный Рабочий» газетінде қызмет істеді; «Южный рабочий» тобының қызметіне белсене қатысты, оның «Искра» ұйымымен бірігуі туралы келіс сөз кезінде (сентябрь — ноябрь, 1902) бірігуге қарсы шықты. РСДРП II съезінде — Харьков комитетінен делегат, центрдің позициясында болды. Съезден кейін меньшевиктерге қосылды, көп ұзамай саяси қызметтен қол үзді.— *466.*

Левинсон, М. Я.— қараңыз: Косовский, В.

Левицкий — қараңыз: Мошинский, И. Н.

Ленгник, Ф. В. (1873—1936) — профессионал революционер, большевик. Социал-демократиялық қозғалысқа 1893 жылдан бастап қатысты; 1896 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» ісі бойынша тұтқынға алынып, 1898 жылы 3 жылға Шығыс Сибирьге жер аударылды. 1899

жылғы августың аяғы — сентябрьдің басында басқа он алты социал-демократпен бірге «экономистердің» «Credo»-сына қарсы В. И. Ленин жазған «Россия социал-демократтарының наразылығына» қол қойды. Айдаудан қайтып оралғаннан кейін «Искра» ұйымына кірді; РСДРП II съезін дайындау жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Псковтағы кеңесінде (ноябрь, 1902) Ұйымдастыру комитетінің құрамына енгізілді. Съезде Орталық Комитет пен партия Советіне сырттай сайланды. 1903—1904 жылдары шетелде меньшевиктерге қарсы күреске белсене қатысты; 1903 жылғы октябрьде «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасының» II съезіне қатысты, партияның Орталық Комитеті ұсынған Лига уставын қабылдаудан меньшевиктер бас тартқаннан кейін Орталық Комитеттің атынан съездің одан кейінгі мәжілістерін заңсыз деп жариялап, большевиктердің бір тобымен бірге съезден кетіп қалды. 1904 жылғы февральда Россияға қайтып оралды, бірақ көп ұзамай партияның Орталық Комитеті Солтүстік бюросының ісі бойынша тұтқынға алынды. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін Россияның оңтүстігінде, Москва мен Петербургте партиялық жұмыс жүргізді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Халық ағарту комиссариатында, Халық Шаруашылығының Жоғары Советінде, Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариатында жұмыс істеді, ГОЭЛРО жоспарын жасауға қатысты. Партияның XII, XIII, XIV және XV съездерінде ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып сайланды. Өмірінің соңғы жылдарында ғылыми және педагогтық жұмыспен шұғылданды, Қарт большевиктердің бүкіл одақтық қоғамы председателінің орынбасары болды.— *27.*

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И.) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер.— *5—6, 27, 28—29, 30, 31, 41, 45, 48—49, 56—57, 70, 73, 75, 113, 227—228, 229—230, 232, 297—298, 299, 305, 308, 316, 333, 436, 437, 444, 445, 450, 452, 456, 457, 460, 468.*

Ленина — қараңыз: Крупская, Н. К.

Леонов — қараңыз: Виленский, Л. С.

Либер, М. И. (*Гольдман, М. И.*, Липин, Липов) (1880—1937) — Бунд лидерлерінің бірі. Саяси қызметін 1898 жылы бастады. РСДРП II съезінде Бунд делегациясын басқарды, әсіре оңшыл, антиискрашылдық позицияда болды; съезден кейін — меньшевик. РСДРП V съезінде РСДРП Орталық Комитетіне Бундтан мүше болып сайланды, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросында Бундтың өкілі болды. Реакция жылдарында — жойымпаз, 1912 жылы — троцкийлік Август блогының белсенді қайраткері, бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің және

бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, контрреволюциялық меньшевиктік позицияда болды, коалициялық үкіметті жақтады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, Совет өкіметінің қас жауы болды. Кейін саяси қызметтен қол үзіп, шаруашылық жұмыстарда болды.— *293—294, 296, 302, 304, 307, 311, 312, 437—438, 439, 446—448, 450, 451, 452, 463, 466.*

Либих (Liebig), *Юстус* (1803—1873) — немістің аса көрнекті химигі, агрономиялық химия мен топырақ тану ғылымының негізін салушылардың бірі, топырақтағы органикалық және минералдық заттардың «қайта қалпына келу заңын» ашты. Либихтің еңбектерін К. Маркс жоғары бағалады, «Жасанды тыңайтқыштар немесе туктер», «Химия туралы хаттар», «Органикалық денелерді талдауға басшылық», «Химияны егіншілік пен физиологияда қолдану жөнінде» деген және басқа кітаптары орыс тілінде басылып шықты.— *124.*

Либкнехт (Liebknecht), *Вильгельм* (1826—1900) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, герман социал-демократиялық партиясының негізін салушылардың және оның көсемдерінің бірі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға белсене қатысты, бұл революция жеңіліске ұшырағаннан кейін әуелі Швейцарияға, кейін Лондонға эмиграцияға кетіп, мұнда К. Маркспен және Ф. Энгельспен жақып танысты; солардың ықпалымен социалист болды. 1862 жылы Германияға қайтып оралды. I Интернационал құрылғаннан кейін — оның революциялық идеяларының белсенді насихатшысы және Германияда Интернационал секцияларын ұйымдастырушы болды. 1875 жылдан өмірінің ақырына дейін Либкнехт герман социал-демократиялық партиясы Орталық Комитетінің мүшесі және оның орталық органы — «Vorwärts»-тің («Алға») жауапты редакторы болды. 1867 жылдан 1870 жылға дейін — Солтүстік герман рейхстагының депутаты, ал 1874 жылдан герман рейхстагының депутаты болып бірнеше рет сайланды; Пруссия юнкерлерінің реакциялық сыртқы және ішкі саясатын әшкерелеу үшін парламент мінбесін шебер пайдаланды. Революциялық қызметі үшін талай рет түрмеге қамалды. II Интернационалды құруға белсене қатысты. К. Маркс пен Ф. Энгельс Либкнехтті жоғары бағалады, оның қызметіне бағыт беріп отырды, сонымен бірге оның оппортунистік элементтер жөніндегі ымырашылдық позициясын сынға алды.— *238—239.*

Лидин — қараңыз: Лядов, М. Н.

Липин — қараңыз: Либер, М. И.

Липов — қараңыз: Либер, М. И.

Локерман, А. С. (Базиленков) (1880—1937) — социал-демократ, меньшевик. Социал-демократиялық қозғалысқа 1898 жылы ара-

ласты, Дондағы Ростовта жұмыс істеді, РСДРП Дон комитетінің құрамына енді. РСДРП II съезінде — Дон комитетінен делегат, центрдің позициясында болды; съезден кейін — меньшевик. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін меньшевиктерден Орталық Атқару Комитетінің құрамына енді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті. 1917 жылдан 1920 жылға дейін — меньшевиктердің Дон комитетінің мүшесі. Контрреволюциялық қызметі үшін сотталды.— *454, 467.*

Лохтин, П. М.— экономист, Россиядағы аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. Оның «Россия ауыл шаруашылығының басқа елдермен салыстырғандағы жағдайы. XX ғасыр қарсаңындағы қорытындылар» (1901) деген кітабы жұртшылыққа негұрлым кең мәлім болды.— *409.*

Люба — қараңыз: Радченко, Л. Н.

Лядов, М. Н. (*Мандельштам, М. Н.*, Лидин, саратовтық) (1872—1947) — профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1891 жылы Москваның халықшылдық үйірмелерінде бастады; 1892 жылы маркстік үйірмеге кірді, 1893 жылы Москвадағы тұңғыш социал-демократиялық ұйым — Москва жұмысшы одағын құруға қатысты. 1895 жылы Москвада маевкаға басшылық етті, тұтқынға алынып, 1897 жылы 5 жылға Верхоянскіге жер аударылды. Айдаудан қайтып оралғаннан кейін Саратовта жұмыс істеді. РСДРП II съезінде — Саратов комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл, съезден кейін — Орталық Комитеттің агенті, Россияда және шетелде меньшевиктермен белсене күрес жүргізді; 1904 жылғы августа 22 большевиктің Женевадағы кеңесіне қатысты, Көпшілік Комитеттері Бюросына енді, II Интернационалдың Амстердам конгресіне большевиктерден делегат болды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, партияның Москва комитетінің мүшесі болды, РСДРП Орталық Комитетінің жауапты тапсырмаларын орындады. Реакция жылдарында шақырымпаздарға қосылды, 1909 жылы фракциялық «Вперед» тобына енді және Капри аралындағы партия мектебі лекторларының бірі болды. 1911 жылы «Вперед» тобынан шығып, Бакуге кетті.

1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — жұмысшы және әскери депутаттардың Баку Советі председателінің орынбасары; меньшевиктік позицияда болды.

1920 жылы РКП(б) қатарына қайта қабылданды, Москвада шаруашылық жұмысында істеді, содан соң Ғылым бас басқармасына меңгеруші болды; 1923 жылдан — Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университеттің ректоры; партияның XII, XIII, XIV, XV, XVI съездерінің делегаты болды.— *304, 310, 445, 468.*

М

комитетіне енді, сол комитеттен партияның II съезіне делегат болды. Съезде көпшілік жағындағы искрашыл; съезден кейін меньшевиктерге қосылды,. Вильнода, Двинскіде, Петербургте жұмыс істеді. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін эмиграцияға кетті. 1919 жылы Россияға қайтып оралды, 1920 жылы РКП(б)-ға қабылданды, Ленинградта кәсіподақ және шаруашылық жұмысында болды.— *467.*

Махновец, В. П. — қараңыз: Акимов, В. П.

Махновец, Л. П. (Брукэр) (1877 ж. туған) — социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардың аяғынан бастап қатысқан әйел, «экономизмнің» өкілі. РСДРП Воронеж комитетінде басшы роль атқарды, бұл комитет РСДРП II съезін дайындау кезеңінде «Искраның» позициясына қарсы шықты. Съезде — Петербург Жұмысшы ұйымынан делегат, антиискрашыл. В. И. Ленин Махновец пен оның ағасы В. П. Махновецті (Акимовты) «съезде бүкіл мәселелер жөнінен партияның революциялық қанатына қарсы күрескен және... әлденеше рет оппортунистердің қатарына қосқан» делегаттар деп сипаттады (Шығармалар, 7-том, 425-бет). 1905 жылы Воронеж социал-демократиялық ұйымында жұмыс істеді, кейін саяси қызметтен шетте ді.— *314—315, 437, 463, 464, 466.*

Махов — қараңыз: Калафати, Д. П.

Медем, В. Д. (Гринберг) (1879—1923) — Бунд лидерлерінің бірі. Социал-демократиялық қозғалысқа 1899 жылдан бастап қатысты; 1900 жылдан бастап Бундтың Минскідегі ұйымында жұмыс істеді, 5 жылға Сибирьге жер аударылды, сол жақтан 1901 жылы шетелге қашып кетті. РСДРП II съезінде — Бундтың Шетелдік комитетінен делегат, антиискрашыл. 1906 жылы Бунд Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, РСДРП V съезінің жұмысына қатысты, меньшевиктерді қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Польшадағы Бунд ұйымдарын басқарды; 1921 жылы Америка Құрама Штаттарына кетіп, онда оңшыл социалистік еврей газеті — «Forwards» («Алға») беттерінде Советтік Россияға қарсы жалақорлық мақалалар жазды.— *448, 466.*

Меринг (Mehring),. *Франц* (1846—1919) — Германия жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, герман социал-демократиясының сол қанаты лидерлерінің және теоретиктерінің бірі, тарихшы, публицист әрі әдебиет зерттеуші. 60-жылдардың аяғынан — радикал буржуазияшыл-демократиялық публицист; 1876—1882 жылдары буржуазиялық либерализм позициясында болды, кейін солға қарай ойысты, демократиялық «Volks-Zeitung»-тің («Халық Газетінің») редакторы болды, социал-демократияны қорғап, Бисмаркке қарсы шықты; 1891 жылы Германияның Социал-демократиялық партиясына кірді.

Партияның теориялық органы — «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналының белсенді қызметкері және редакторларының бірі болды, кейін «Leipziger Volkszeitung»-ті («Лейпциг Халық Газетін») редакциялады. 1893 жылы оның «Лессинг туралы аңыз» деген еңбегі жеке кітап болып шықты, 1897 жылы төрт томдық «Герман социал-демократиясының тарихы» деген еңбегі жарық көрді. Маркстің, Энгельстің және Лассальдың әдеби мұраларын басып шығару жөнінде Меринг көп жұмыс істеді; 1918 жылы оның К. Маркстің өмірі мен қызметі туралы кітабы шықты. Мерингтің еңбектерінде марксизмнен бірқатар ауытқушылық, Лассаль, Швейцер, Бакунин сияқты қайраткерлерді дұрыс бағаламаушылық, философияда Маркс пен Энгельс жасаған революциялық төңкерісті түсінбеушілік бар. Меринг II Интернационалдың қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге белсене қарсы шықты, каутскийшілдікті айыптады, бірақ осылай ете тұра, оппортунистерден ұйымдық жағынан қол үзуден қорыққан герман солшылдарының қателіктеріне ортақтасты. Интернационализмді дәйекті түрде қорғады, Октябрь социалистік революциясын құттықтап қарсы алды. 1916 жылдан бастап Меринг революциялық «Спартак Одағы» басшыларының бірі болды, Германия Коммунистік партиясын құруда көрнекті роль атқарды.— *263, 264.*

Милюков, П. Н. (С. С.) (1859—1943) — либералдық-монархиялық кадеттер партиясының лидері, орыстың империалистік буржуазиясының көрнекті идеологы, тарихшы және публицист. 1886 жылдан — Москва университетінің приват-доценті; өзінің тарихи зерттеулерінде субъективті идеалист және эклектик болды, тарихи процестің заңдылығын теріске шығарды. Саяси қызметін 90-жылдардың бірінші жартысында бастады; 1902 жылдан буржуазияшыл либералдардың шетелде шығып тұрған «Освобождение» журналына белсене қатысты. 1905 жылғы октябрьде — кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думалардың мүшесі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі, «жеңіске жеткенге дейін» соғысу жөнінде империалистік соғыс саясатын жүргізді; 1917 жылдың августында контрреволюцияшыл Корнилов бүлігін дайындауға белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі және ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды. 1921 жылдан бастап Парижде «Последние Новости» газетін шығарып тұрды.— *227, 230—231.*

Михаил Иванович — қараңыз: Николаев, Л. В.

Михаил Николаевич — қараңыз: Николаев, Л. В.

Михайлов, Г. Е. (1880 ж. туған) — Нижний Новгородта 1902 жылғы 5 май демонстрациясына қатысушы.— *66—67, 68.*

Михайловский, Н. К. (1842—1904) — либерал халықшылдықтың аса көрнекті теоретигі, публицист, әдебиет сыншысы, философ-позитивист, социологиядағы субъективтік мектеп өкілдерінің бірі. Әдеби қызметін 1860 жылы бастады; 1868 жылдан — «Отечественные Записки» журналының қызметкері, ал кейін — оның редакторларының бірі. 70-жылдардың аяғында «Халық еркі» ұйымының басылымдарын құрастыруға және редакциялауға қатысты. 1892 жылы «Русское Богатство» журналын басқарып, оның беттерінде марксистерге қарсы кескілескен күрес жүргізді. В. И. Ленин ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» (1894) деген еңбегінде және басқа шығармаларында Михайловскийдің көзқарастарын сынға алды.— *49.*

Мицов — қараңыз: Калафати, Д. П.

Мишенев, Г. М. (Петухов) (1906 ж. қайтыс болған) — социал-демократ, РСДРП Уфа комитетінің мүшесі, содан партияның II съезіне делегат болды. Съезде — көпшілік жағындағы искрашыл, съезден кейін — большевик. Меньшевиктерге дәйекті түрде қарсы шықты, Урал комитеттері өкілдері меньшевиктік «Искра» редакциясына жазған хаттың авторларының бірі болды, ол хатта партия құрылысының лениндік жоспары қорғалды, жаңа искрашылдардың позициясы сыналды. Урал ұйымының жұмысы туралы Н. К. Крупскаямен хат жазысып тұрды. 1905 жылдан бастап Саратов социал-демократиялық ұйымында жұмыс істеді.— *468.*

Московский — қараңыз: Цейтлин, Л. С.

Мошинский, И. Н. (Левицкий) (1875—1954) — социал-демократ, меньшевик. 1892—1893 жылдары Киевте маркстік жұмысшы үйірмелерін ұйымдастырушылардың бірі болды, 1894—1895 жылдары ПКмЛСД (Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы) астыртын ұйымына кірді; 1897 жылы Киевтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» жұмыс істеді. 1898 жылы 3 жылға Вятка губерниясына жер аударылды. 1901 жылдан бастап Ростовта жұмыс істеді, РСДРП Дон комитетіне енді, жергілікті «Искра» тобын және тау-кен жұмысшыларының астыртын Одағын ұйымдастыруға қатысып, РСДРП II съезінде сол одақтан делегат болды. Съезде центрдің позициясын ұстады, съезден кейін меньшевиктерге қосылды; Дондағы Ростовта, Петербургте және Варшавада жұмыс істеді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — меньшевик-интернационалист. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен шеттеді. 1925 жылдан бастап Москвада заң қызметінде болды.— *438, 467.*

Мюльбергер, (Mülberger), *Артур* (1847—1907) — немістің ұсақ буржуазияшыл публицисі, Прудонның ізбасары, кәсібі жөнінен дәрігер. 1872 жылы Германия Социал-демократиялық жұмысшы партиясының орталық органы «Der Volksstaat» («Халықтық Мемлекет») газетінде тұрғын үй мәселесі жөнінде бірқатар мақалалар жариялады, бұл мақалаларды Ф. Энгельс қатаң сынға алды. Хёхберг шығарып тұрған оппортунистік «Die Zukunft» («Болашақ») журналына қатысты, Франция мен Германияның қоғамдық ой-пікірінің тарихы жөнінде бірнеше еңбек жазды, марксизмді сынады.— *47—48.*

Н

Надеждин, Л. (Зеленский, Е. О.) (1877—1905) — саяси қызметін халықшыл болып бастады, 1898 жылы Саратовтың социал-демократиялық ұйымына кірді. 1899 жылы тұтқынға алынып, Вологда губерниясына жер аударылды; 1900 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, онда «Бостандық» «революциялық-социалистік тобын» ұйымдастырды (1901—1903). «Свобода» журналында, «Революция қарсаңы» (1901), «Россияда революционизмнің қайта тууы» (1901) деген және басқа кітапшаларында «экономистерді» қолдады, сонымен бірге террорды «бұқараны ашындырудың» пәрменді құралы деп уағыздады; лениндік «Искраға» қарсы шықты. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктік басылымдарға қатысты.— *70.*

Наталья Ивановна — қараңыз: Александрова, Е. М.

Ник.— он — қараңыз: Даниельсон, Н. Ф.

Никитин, И. К. (Андрей) (1877—1944) — социал-демократ, большевик, кәсібі жөнінен жұмысшы-токарь. Революциялық қозғалысқа 1897 жылдан қатысты, Киевте маркстік жұмысшы үйірмесін басқарды, прокламациялар таратып, ереуілдерге қатысты. 1901 жылы тұтқынға алынып, полицияның жария бақылауымен Калугаға жер аударылды. РСДРП II съезінде — Киев комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. Съезден қайтып оралғаннан кейін тағы да тұтқынға алынды; Киевте 1905—1907 жылдардағы революцияға қатысты. Кейін саяси қызметтен шеттеп кетті. Октябрь социалистік революциясынан кейін Москвадағы Сокольники вагон жөндеу заводында жұмыс істеді. 1925 жылы РКП(б)-ға қабылданды.— *467.*

Николаев, Л. В. (Михаил Иванович, Михаил Николаевич) — 90-жылдардың орта шепінде Харьковтың социал-демократиялық үйірмелеріне кірді, 1898 жылы Харьковтың баспахана жұмысшылары арасында насихат жүргізу туралы іс бойынша тұтқынға алынып, Вятка губерниясына 3 жылға жер аударылды, айдаудан кейін Харьковта жұмыс істеді. 1902 жылғы декабрьде

О

губерниясында шаруалардың бұқаралық бас көтерулерін басып жаншуда мейрімсіздігімен көзге түсті, тұтас селоларда айуандық жаза қолданды. 1904 жылы Финляндияның генерал-губернаторы болып тағайындалды, 1905 жылғы октябрьде Гельсингфорстағы революциялық көтерілісті қаталдықпен басып тұншықтырды.— *59, 217, 392.*

П

Павлович — қараңыз: Красиков, П. А.

Петухов — қараңыз: Мишенев, Г. М.

Пешехонов, А. В. (Старицкий, А.) (1867—1933) — буржуазиялық қоғам қайраткері және публицист. 90-жылдарда — либерал халықшыл, «Русское Богатство» журналының қызметкері, ал 1904 жылдан бастап — осы журнал редакциясының мүшесі; либерал-буржуазиялық «Освобождение» журналы мен эсерлердің «Революционная Россия» газетіне қатысып тұрды. 1903—1905 жылдары «Азаттық одағына» кірді, 1906 жылдан бастап — ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; 1922 жылдан бастап — ақ эмигрант.— *40.*

Пикер, А. С. — қараңыз: Мартынов, А.

Плеве, В. К. (1846—1904) — патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, 1881—1884 жылдары — полиция департаментінің директоры, 1902 жылғы апрельде Сипягин өлтірілгеннен кейін — ішкі істер министрі. Оның тұсында Полтава мен Харьков губернияларындағы шаруалар қозғалысы аяусыз басып жаншылды, бірқатар земстволар талқандалды; Плеве Россияның шет аймақтарын орыстандыру жөніндегі реакциялық саясатты қолдады. Бұқараның назарын самодержавиемен күрестен басқа жаққа аудару үшін орыс-жапон соғысының тұтануына ықпал жасады; нақ сондай мақсатпен еврей ойрандарын ұйымдастырды, «зубатовшылдықты» қолдады. Өз саясаты арқылы орыс қоғамының қалың топтарының өзіне деген өшпенділігін өршітті. 1904 жылғы 15(28) июльде оны эсер Е. С. Сазонов өлтірді.— *38, 39, 64.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1875 жылы, студент кезінде-ақ, Плеханов халықшылдармен, Петербургтің жұмысшыларымен байланыс жасап, революциялық жұмысқа араласты; 1877 жылы

«Жер және ерік» халықшылдық ұйымына кірді, ал 1879 жылы, бұл ұйым жікке бөлінгеннен кейін, халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» атты ұйымын басқарды. 1880 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. 900-жылдардың басында В. И. Ленинмен бірге ол «Искра» газеті мен «Заря» журналын редакциялады, партия программасының жобасын жасауға, РСДРП II съезін дайындауға қатысты. Съезде «Еңбекті азат ету тобынан» делегат, көпшілік жағындағы искрашыл, съездің бюросына (президиумына) кірді.

Плеханов философия, әлеуметтік-саяси ілімдердің тарихы жөнінде, өнер мен әдебиет теориясының мәселелері жөнінде көптеген еңбектер жазды, олар материалистік дүние танымды қорғауда үлкен роль атқарды және ғылыми социализмнің қазынасына қосылған бағалы үлес болды. Плехановтың аса маңызды шығармалары: «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895), «Материализм тарихы жөніндегі очерктер» (1896), «Воронцов (В. В.) мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі» (1896), «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы» (1897), «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» (1898) және т. б. «20 жыл ішінде, 1883—1903,— деп жазды В. И. Ленин,— ол толып жатқан тамаша шығармалар, әсіресе оппортунистерге, махистерге, халықшылдарға қарсы шығармалар берді» (Шығармалар, 20-том, 369-бет). Плехановтың философиялық еңбектерін В. И. Ленин халықаралық маркстік әдебиеттегі ең таңдаулы еңбектер деп атады.

Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. Ол шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазияны жұмысшы табының одақтасы деп қарады; пролетариаттың гегемониясы идеясын сөз жүзінде мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты.

РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунистермен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезінде тактиканың түбегейлі мәселелері жөнінен Плеханов пен большевиктер арасында үлкен алауыздықтар болды. Реакция жылдарында марксизмге махистік ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, «партияшыл меньшевиктер» тобын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Россияға қайтып оралып, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады; Октябрь социалистік революциясына теріс ниетте болды.— *30, 275, 315, 436, 438, 443, 444, 451, 456, 457, 468.*

Полетаев — қараңыз: Бауман, Н. Э.

Понтий Пилат — б. з. 26—36 жылдарындағы Иудеяның римдік прокураторы (наместнигі). Оның мейрімсіз және әділетсіз саясаты бірқатар халық көтерілістерін туғызды, соның нәтижесінде ол орнынан алынды. Христиан аңыздарының бірі бойынша, Понтий Пилат Иисус Христосты өлім жазасына кескен үкімді бекіткен, мұнымен бірге ол өзін кінәсыз етіп көрсетпек болып, бұл өлімді мен емес, иудей абыздары керек етіп отыр деп мәлімдеген. Понтий Пилаттың есімі екіжүзділік пен мейірімсіздіктің белгісіне айналды. «Понтийден Пилатқа сілтеу» деген кекесін сөз де осы есіммен байланысты айтылған, мұның өзі біреуді мағынасыз әуре-сарсаңға салуды білдіреді.— *364.*

Портной, К. (Бергман) (1872—1941) — Бунд лидерлерінің бірі. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардың орта шенінен бастап қатысты, 1896 жылы тұтқынға алынып, сонан соң 5 жылға Сибирьге жер аударылды. 1900 жылы Бундтың Варшава ұйымын басқарды. Бундтан РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің құрамына кірді. Съезде — Бунд Орталық Комитетінен делегат, антиискрашыл. Кейінгі жылдарда — 1939 жылға дейін — Польшада Бунд Орталық Комитетінің председателі болды. 1939 жылы Америка Құрама Штаттарына эмиграцияға кетті де, саяси қызметтен шеттеді.— *438, 441, 466.*

Потапов, А. И. — қараңыз: Рудин, А.

Потресов, А. Н. (Старовер) (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 90-жылдары марксистерге қосылды, Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» қатысқаны үшін Вятка губерниясына жер аударылды. 1900 жылы шетелге кетіп, «Искра» мен «Заряны» құруға қатысты. РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл. Реакция жылдарында — жойымпаздықтың идеологы, меньшевиктік «Возрождение», «Наша Заря» және басқа журналдарда басшы роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті, шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына қатысып, Советтік Россияға жала жапты.— *338, 468.*

Р

Р. Н. С.— қараңыз: Струве, П. Б.

Радченко, Л. Н. (Люба) (1871 ж. туған) — 80-жылдардың аяғында Томскінің халықшылдық үйірмелеріне, 90-жылдардың басында Петербургтің социал-демократиялық үйірмелеріне қатысты. Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» кірді. 1896 жылы тұтқынға алынып, 1898 жылы полицияның жария бақылауымен 3 жылға Псковқа жер аударылды. Радченконың пәтерінде 1900 жылғы мартта шетелде

астыртын газет шығару туралы мәселе жөнінде В. И. Ленин ұйымдастырған кеңес өтті. 1900 жылғы августан бастап Полтаваның «Искраға» көмектесу тобына кірді, Кишиневте «Искраның» астыртын баспаханасын ұйымдастыруға қатысты, Харьковта «Искраның» агенті болып жұмыс істеді. 1902 жылғы февральда тұтқынға алынып, 1902 жылдың аяғында босатылды да, шетелге кетті. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды, Москвада, Дондағы Ростовта және Одессада жұмыс істеді. РСДРП IV съезінде меньшевиктерден Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. II Мемлекеттік думаның секретариатында жұмыс істеді, III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның секретары болды. 1913—1914 жылдары меньшевик-жойымпаздардың «Луч» газеті конторының меңгерушісі болды. 1914 жылы Москваға барып тұрды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін меньшевиктік «Вперед» газеті конторының меңгерушісі болып, меньшевиктердің Москва комитетіне кірді. 1918 жылдан бастап саяси қызметтен шеттеп, әр түрлі мекемелерде статистик болып істеді.— *424, 425.*

Радченко, С. И. (Степан) (1868—1911) — революциялық қызметін 1890 жылы Петербургтің жұмысшы үйірмелерінде насихатшы болып бастады, технолог студенттердің социал-демократиялық тобына кірді; 1892 жылы тұтқынға алынды. 1895 жылы — Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастырушылардың бірі. 1896 жылы тұтқынға алынды, 1898 жылы РСДРП I съезінің жұмысына қатысып, партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1900 жылдың мартында шетелде астыртын газет шығару туралы мәселе жөнінде В. И. Ленин ұйымдастырған Псков кеңесіне қатысты. 1901 жылы «Искраның» Петербург ұйымының ісі бойынша тұтқынға алынды; 1904 жылы Вологда губерниясына 5 жылға жер аударылды. 1905 жылы амнистия бойынша босатылды; реакция жылдарында саяси қызметтен шеттеп кетті.— *424.*

Рафаилов, М.— қараңыз: Гоц. М. Р.

Рашид-Бек — қараңыз: Зурабов, А. Г.

Рикардо (Ricardo), *Давид* (1772—1823) — ағылшынның аса көрнекті экономисі, «Саяси экономия мен салық салудың бастаулары» (1817), «Егіншілікке қамқорлық туралы» (1822) және басқа еңбектердің авторы, бұл еңбектерде классикалық буржуазиялық саяси экономия аяқталып шықты. Феодализм қалдықтарымен күресінде буржуазияның мүдделерін қорғай отырып, Рикардо еркін бәсеке принципін жақтады, капиталистік өндірістің дамуына кедергі болатын барлық шектеулерді жоюды талап етті. Рикардоның экономика ғылымы үшін тарихи маңызы ең алдымен оның еңбек құны теориясында, ол бұл теорияны бүкіл саяси экономияның негізі етіп алуға тырысты. А. Смиттің құн теориясын дамыта келіп, Рикардо құн товарды өндіруге

жұмсалған еңбекпен белгіленеді және жұмысшының жалақысы да, сондай-ақ еңбексіз табыстар — пайда мен рента да осы көзден келіп шығады деп дәлелдеді. Ол жұмысшының жалақысы мен капиталистің пайдасы арасындағы қарама-қарсылықты ашты, яғни айналыс саласында пролетариат пен буржуазия мүдделерінің қақтығысатынын тапты.

Алайда Рикардоның таптық ой-пікірінің тар өрістілігі оның капитализмге шын мәнінде ғылыми талдау жасауына, капиталистік қанаудың сырын ашуына кедергі болды. Рикардо товар өндірісі мен капитализмді қоғамдық өндірістің мәңгілік және табиғи формасы деп санады. Ол құнның әлеуметтік жаратылысын аша алмады, құн мен өндіріс бағасы арасындағы айырмашылықты көрмеді және ақшаның пайда болуы мен мәнін түсіне алмады.

Рикардоның теориялық көзқарастарына сын К. Маркстің «Капиталында», «Қосымша құн теорияларында» және басқа шығармаларында берілген.— *121, 123.*

Розанов, В. Н. (Мартын) (1876—1939) — социал-демократ, меньшевик. Саяси қызметін 90-жылдардың орта шенінде Москвада бастады, 1899 жылы Смоленскіге жер аударылды. «Южный рабочий» тобына кірді, 1901—1903 жылдарда Россияның оңтүстігінде жұмыс істеді; РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің мүшесі болды. Съезде — «Южный рабочий» тобынан делегат, центрдің позициясында болды; съезден кейін — белсенді меньшевик. 1904 жылдың аяғында ымырашыл Орталық Комитетке кооптацияланды, 1905 жылдың февралында тұтқынға алынды. 1905 жылғы майда меньшевиктік конференцияда меньшевиктік басшы орталық — Ұйымдастыру комиссиясына, РСДРП IV съезінде — меньшевиктерден Орталық Комитетке сайланды. 1908 жылы эмиграцияға кетті. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі меньшевиктік фракциясының мүшесі, қорғанымпаз. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, бірқатар контрреволюциялық ұйымдардың қызметіне белсене қатысты, «Тактикалық орталықтың» процесі бойынша сотталды. Амнистиядан кейін саяси қызметтен шеттеп, медицина мекемелерінде жұмыс істеді.— *436, 438, 445—446, 447, 452, 463, 466.*

Рубен — қараңыз: Кнунянц, Б. М.

Руге (Ruge), *Арнольд* (1802—1880) — неміс публицисі, жас гегельшіл; буржуазияшыл радикал. 1844 жылы Парижде К. Markспен бірге «Deutsch-Französische Jahrbücher» («Неміс-Француз Әржылдығы») журналын шығарды. Көп кешікпей Маркс Ругемен байланысын үзді. 1848 жылы Франкфурт ұлттық жиналысының депутаты болды, сол қанатқа қосылды; 50-жылдарда — Англиядағы немістің ұсақ буржуазияшыл эмиграциясы лидерлерінің бірі; 1866 жылдан кейін ұлтшыл-либерал,

Бисмарkты жақтаушы, баспасөзде Пруссияның билеуімен Германияны қайта біріктіруді жақтады.— *261—262.*

Рудин, А. (Потапов, А. И.) (1869—1915) — саяси қызметін халықшыл болып бастады, 1896 жылы Курганға 2 жылға жер аударылды. «Русское Богатство» және «Образование» журналдарына қатысып тұрды. Кейін эсерлер партиясына кірді, 1903—1905 жылдары оның Орталық Комитетінің мүшесі болды. Өзінің аграрлық мәселе жөніндегі мақалалары мен кітапшаларында марксизмге қарсы шықты. 1909 жылы Астраханьға жер аударылды, кейін шетелге кетті. 1914—1915 жылдары Москвада қалалық санитарлық дәрігер болып істеді.— *249, 253.*

Русов — қараңыз: Кнунянц, Б. М.

Рязанов (Гольдендах), Д. Б. (1870—1938) — социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты, Одесса мен Кишиневте жұмыс істеді. 1900 жылы шетелге кетті, «Күрес» әдеби тобын ұйымдастырушылардың бірі болды, бұл топ «Искра» жасаған партия программасы мен партия құрудың лениндік ұйымдық принциптеріне қарсы шықты. II съезд «Күрес» тобының съезге қатысуына қарсылық білдіріп, оның өкілі ретінде Рязановты съезге шақыру туралы ұсынысты қабылдамай тастады. 1907 жылы Петербургте кәсіподақтардың Орталық бюросында жұмыс істеді, кейін шетелге кетіп, онда «Die Neue Zeit»-ке («Жаңа Заманға») қатысты, I Интернационалдың тарихымен шұғылданды. 1909 жылы фракциялық «Вперед» тобының Капридегі мектебінде лектор болды; Лонжюмодағы партия мектебінде кәсіподақ қозғалысы туралы лекция оқыды; Германия социал-демократиялық партиясының тапсыруы бойынша К. Маркс пен Ф. Энгельстің Шығармаларын баспаға әзірледі. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист, меньшевиктік-троцкийшілдік «Голос» және «Наше Слово» газеттеріне қатысты. Партияның VI съезінде (1917) «аудан аралықшылармен» бірге РСДРП(б)-ға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақ қозғалысында жұмыс істеді; К. Маркс пен Ф. Энгельс Институтын ұйымдастырушылардың бірі және 1931 жылға дейін оның директоры болды. 1918 жылдың басында Брест бітімі туралы мәселе бойынша келіспеушіліктің себебінен уақытша партиядан шықты; кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) антипартиялық позиция ұстады, сөйтіп кәсіподақтарда жұмыс істеуден шеттетілді. 1931 жылдың февралында меньшевиктердің контрреволюциялық қызметіне көмектескені үшін ВКП(б)-дан шығарылды.— *297, 456.*

С

С. С.— қараңыз: Милюков, П. Н.

Самылин, М. И. (1871 ж. туған) — Сормово жұмысшысы, социал-демократ. 1895 жылдан бастап Нижний Новгородтың со-

дан бастап Москвада облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары, облыстық бақылау комиссиясы партия коллегиясының секретары болып істеді. 1933—1935 жылдары — Москва облыстық сотының председателі. Партияның XIII съезінде Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі, XIV және XV съездерде Орталық Комитеттің Тексеру комиссиясының мүшесі болып сайланды.— *467*.

Степняк, С. (Кравчинский, С. М.) (1851—1895) — орыс жазушысы әрі публицист, 70-жылдардағы революциялық халықшылдықтың көрнекті өкілі. 1872 жылы «чайковшілдердің» халықшылдық үйірмесіне кірді, «халыққа баруға» қатысып, тұтқынға алынды; 1873 жылы эмиграцияға кетті. 1875 жылы Босния мен Герцеговинада түріктерге қарсы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты. 1878 жылы Россияға келді, «Жер және ерік» халықшылдық ұйымының қызметіне белсене қатысты, «Земля и воля» журналының бірінші номерін редакциялады. 1878 жылғы 4(16) августа жандармдар шефі Мезенцовқа қастандық жасады, көп ұзамай шетелге кетіп жасырынды. 1884 жылдан бастап Лондонда тұрды, «Орыс азаттығының достары» қоғамын ұйымдастырушылардың бірі болды. «Астыртын Россия» деген очерктер кітабын (1882), бірқатар повестер және «Андрей Кожухов» романын (1889) жазды. Өз шығармаларында халықшыл-террорист образын дәріптеді.— *43*.

Стопани, А. М. (Дмитриев, Ланге, Тура) (1871—1932) — профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1892 жылы Қазанда бастады, 1893 жылы марксті́к үйірме ұйымдастырды, 1894—1898 жылдары Ярославльде социал-демократиялық жұмысшы үйірмелерінде насихатшы болды. 1899 жылдан бастап Псковта жұмыс істеді, сонда 1900 жылы В. И. Ленинмен танысты, «Искраны» шығарудың әзірлігіне қатысты, Солтүстік жұмысшы одағын ұйымдастырушылардың бірі болды; 1902 жылғы ноябрьде РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Псков кеңесінде Ұйымдастыру комитетінің құрамына енгізілді. Съезде — Солтүстік жұмысшы одағынан делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. Съезден кейін Орталық Комитеттің тапсыруымен Ярославльде жұмыс істеп, астыртын баспахана ұйымдастырды, ол сэтсіздікке ұшырағаннан кейін 1904 жылдың жазында Бакуге кетіп, большевиктердің Баку комитетін ұйымдастырушылардың бірі болды. 1905 жылдың күзінен бастап Костромада жұмыс істеді, жұмысшы депутаттарының Кострома Советін және «Северный Рабочий» астыртын газетін ұйымдастыруға қатысты, РСДРП Кострома комитетінің секретары және партияның V съезінде оның делегаты болды. Съезден кейін Бакуде жұмыс істеді, большевиктік «Гудок» жария газетінің жауапты секретары болды, ереуілдер ұйымдастыруға қатысты. Талай рет тұтқынға алынды, полицияның бақылауында болды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Бакуде азық-түлік комитетінің председателі болды. Ок-

тябрь социалистік революциясынан кейін — басшы партия және совет жұмыстарында істеді, 1930—1932 жылдары қарт большевиктердің Бүкіл одақтық қоғамы председателінің орынбасары болды.— *310, 448, 451, 467.*

Страхов — қараңыз: Тахтарев, К. М.

Струве, П. Б. (Р. Н. С.) (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, либералдық-монархиялық кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдары — «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, «Новое Слово» (1897), «Начало» (1899) және «Жизнь» (1900) журналдарының қызметкері және редакторы. Өзінің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» (1894) деген тұңғыш еңбегінде-ақ Струве халықшылдықты сынай отырып, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтырды» және «сынады», буржуазиялық тұрпайы саяси экономияның өкілдерімен ауыз жаласты, мальтусшілдікті уағыздады. В. И. Ленин Струвені «ренегаттықтың ұлы шебері» деп атады (Шығармалар, 13-том, 503-бет). Струве буржуазиялық-либералдық «Азаттық одағын» (1904—1905) ұйымдастырушылардың және теоретиктерінің бірі және оның астыртын органы — «Освобождение» журналының (1902—1905) редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін — либералдардың оң қанатының лидері; бірінші дүние жүзілік соғыс басталысымен — Россия империализмі идеологтарының бірі. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант.— *41—42, 43, 124, 227—235, 338, 370, 375, 416, 464.*

Т

Т.— қараңыз: Гуревич, Я. Я.

Тары — қараңыз: Тахтарев, К. М. және Якубова, А. А.

Тахтарев, К. М. (Страхов, Тар) (1871—1925) — социал-демократиялық қозғалысқа 1893 жылдан бастап қатысты, Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» кірді, 1896 жылғы январьда тұтқынға алынды, 1897 жылы эмиграцияға кетті. 1898 жылғы ноябрьде «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» Цюрихтегі съезінің жұмысына қатысты, 1900 жылы «экономистердің» «Рабочая Мысль» газетін редакциялады, II Интернационалдың Париж конгресінде (1900) Петербург Жұмысшы ұйымының делегаты болды. РСДРП II съезін ұйымдастыруға көмектесіп, оған кеңесші дауыспен қатысты. Партия жікке бөлінгеннен кейін меньшевиктерге пиеттес болды, көп ұзамай партия жұмысынан шеттеді.

Одан кейінгі жылдарда ғылыми және педагогтық қызметпен шұғылданды, Россиядағы социология және революциялық қозғалыс тарихы жөнінде бірқатар еңбектер жазды; 1924 жылдан бастап К. Маркс пен Ф. Энгельс Институтында жұмыс істеді.— *301, 468.*

Топуридзе, Д. А. (Исари, Карский) (1871—1942) — грузин социал-демократы, меньшевик. Грузиядағы тұңғыш социал-демократиялық «Месаме даси» ұйымына кірді. РСДРП II съезінде — Тифлис комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл, алайда ауытқушылық көрсетті, сөйтіп съездің аяғында азшылық жағындағы искрашылдармен бірге дауыс берді. Съезден кейін меньшевиктерге қосылды, партияның съезд сайлаған орталық органдарына қарсы шықты, осыған байланысты 1903 жылғы октябрьдің басында РСДРП Кавказ одағы комитеті Топуридзені партия жұмысынан шеттетті. 1918—1921 жылдары Грузияда меньшевиктер үстемдік жүргізген кезде Құрылтай жиналысының финанс-бюджет комиссиясының председателі, Кутаисидің қала бастығы болды. Грузияда Совет өкіметі орнағаннан кейін Финанс комиссариатында жұмыс істеді, ғылыми-публицистикалық жұмыс жүргізді.— *311, 441, 448, 452, 454, 468.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — ленинизмнің қас жауы. РСДРП II съезінде — РСДРП Сибирь одағынан делегат, азшылық жағындағы искрашыл; съезден кейін социалистік революцияның теориясы мен практикасының барлық мәселелері жөнінде большевиктерге қарсы белсенді күрес жүргізді. Реакция жылдарында — жойымпаз, 1912 жылы — антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы; бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады, соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөнінде В. И. Ленинге қарсы күрес жүргізді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, «аудан аралықшылар» тобына кірді және солармен бірге РСДРП VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республиканың Революциялық-әскери советінің председателі; Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап социализм орнатудың лениндік программасына қарсы, партияның сара бағытына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы оны совет азаматтығынан айырды.— *312, 315—316, 334, 438, 447, 448, 450, 452, 462, 467.*

Тура — қараңыз: Стопани, А. М.

Тьер (Thiers), *Адольф* (1797—1877) — французздың буржуазиялық реакцияшыл саяси қайраткері әрі тарихшы, кәсібі жөнінен адвокат. Саяси қызметін XIX ғасырдың 20-жылдарының аяғында либералдық-буржуазиялық оппозицияның қайраткері болып бастады, 1830 жылғы буржуазиялық Июнь революциясынан кейін бірқатар министрлік қызметтерде болды, үкіметті басқарып тұрды. 1834 жылы Лион мен Париждегі республикашылдық көтерілістерді аяусыз басып-жаншуды ұйымдастырушы болды. Екінші республика кезеңінде (1848—1851) — контрреволюциялық монархиялық «тәртіп партиясы» басшыларының бірі. Екінші империя жылдарында (1851—1870) саяси өмірге белсене қатысқан жоқ; 1863 жылы баяу-либералдық оппозицияға қосылды. Екінші империя құлағаннан кейін (4 сентябрь, 1870) — реакциялық үкіметтің іс жүзіндегі басшыларының бірі, 1871 жылғы 17 февральда осы үкіметті басқарды. Тьердің бұйрығы бойынша Париждің ұлттық гвардиясын қарусыздандыруға әрекет жасалды, бұл әрекет 1871 жылғы 18 марттағы көтерілісті туғызды. Азамат соғысын бастауды және Париж Коммунасын басып-жаншуды басты ұйымдастырушылардың бірі болды. Франция тарихындағы Тьердің ролін Маркс «Франциядағы азамат соғысы» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 461—467-беттер) деген еңбегінде егжей-тегжейлі сипаттап берді.— *229.*

У

Ульянов, В. И.— қараңыз: Ленин, В. И.

Ульянов, Д. И. (Андреевский) (1874—1943) — профессионал революционер, большевик, білімі жағынан дәрігер; В. И. Лениннің інісі. Революциялық қызметін 1894 жылы Москвада студенттердің маркстік үйірмелерінде бастады, 1897 жылғы ноябрьде Москва Жұмысшы одағының ісі бойынша тұтқынға алынып, 1898 жылдың күзіне дейін түрмеде отырды, содан соң полицияның жария бақылауында болды; 1900 жылы «Искра» ұйымына кірді. РСДРП II съезінде — Тула комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. Съезден кейін — Орталық Комитеттің агенті, 1904 жылғы январьда Киевте тұтқынға алынып, 11 ай түрмеде отырды. 1905—1907 жылдары — большевиктердің Симбирск комитетінің мүшесі, содан соң Серпухов пен Феодосияда дәрігер болып істеді, большевиктердің орталық ұйымдарымен үзбей байланыс жасап тұрды. 1914 жылы армияға алынып, солдаттар арасында революциялық жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қырымда партия және совет жұмысында болды, 1921 жылдан бастап — Москвада Денсаулық сақтау халық комиссариатында; 1925—1930 жылдары — Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университетте, 1933 жыл-

Ф

Ц

кері. Революциялық қызметін 1891 жылы Херсонда бастады. 1893 жылы тұтқынға алынды, кейін полицияның бақылауында болды. 1896 жылдан бастап Симбирскіде, ал кейін Уфада жұмыс істеп, сонда 1899 жылғы февральда В. И. Ленинмен танысты. «Искраның» тілшісі болды. 1901 жылы — РСДРП Харьков комитетінің мүшесі, содан соң Тулада жұмыс істеді; 1902 жылы тұтқынға алынып, Олонец губерниясына 3 жылға жер аударылды. Айдаудан кейін Уфада жұмыс істеді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін РСДРП біріккен комитетінде, кейін большевиктік комитетте белсенді роль атқарды; жұмысшы және солдат депутаттары Уфа Советінің мүшесі болды, әскери-революциялық комитетке кірді. 1917 жылғы ноябрьден бастап — азық-түлік халық комиссарының орынбасары, ал 1918 жылдан бастап — азық-түлік халық комиссары. 1921 жылдан бастап — Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары. Жұмысшы-шаруа инспекциясының халық комиссары (1922—1923), Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі, сыртқы және ішкі сауда халық комиссары (1925) болды. 1922—1927 жылдары — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, XII, XIII, XIV және XV съездерде партияның Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды.— *425.*

Ч

Чернов, В. М. (1876—1952) — эсерлер партиясының лидерлері мен теоретиктерінің бірі. «Русское Богатство» журналында марксизмге қарсы бағытталған мақалалар жариялап, Маркстің теориясын ауыл шаруашылығында қолдануға болмайды деп дәлелдеуге тырысты. 1902—1905 жылдары — эсерлердің «Революционная Россия» газетінің редакторы. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің егін шаруашылығы министрі, помещиктердің жерін тартып алған шаруаларға қарсы аяусыз жазалау шараларын ұйымдастырушы. Азамат соғысы жылдарында — антисоветтік бүліктерді ұйымдастырушы, 1920 жылы эмиграцияға кетіп, шетелде антисоветтік қызметін одан әрі жалғастырды.

Черновтың теориялық еңбектерінде субъективтік идеализм мен эклектика ревизионизммен және халықшылдардың утопиялық идеяларымен ұштасып жатады. Ол эмиграцияда жүріп, ғылыми социализмге реформистік буржуазиялық «конструктивті социализмді» қарсы қоюға тырысты.— *117, 124.*

Ш

Шварцман — қараңыз: Косовский, В.

Шипов, Д. Н. (1851—1920) — ірі жер иеленуші, земство қозғалысының көрнекті қайраткері, баяу либерал. 1893 жылдан

1904 жылға дейін Москва губерниялық земство басқармасының председателі болды. 1904 жылдың ноябрінде «Земство қайраткерлері жеке кеңесінің» председателі. 1905 жылғы ноябрьде — «17 октябрь одағын» ұйымдастырушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің председателі. 1906 жылы «Одақтан» шығып, «Бейбіт жаңарту партиясына» кірді; нақ сол жылы Мемлекеттік советтің мүшесі болып сайланды. 1911 жылы саяси қызметтен шеттеді. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, «Ұлттық орталық» деген контрреволюциялық ақ гвардиялық ұйымның басшыларының бірі болды.— *38, 39, 40, 231.*

Шнеерсон, А. А. (1881 ж. туған) — социал-демократ. 1902 жылғы сентябрьде Петербург комитетінің насихатшылар тобына кірді, «Искраның» редакциясымен хат алысып тұрды. «С.-Петербург революциялық партиясын ұйымдастырудың» жобасын жасап, оны пікір айту үшін В. И. Ленинге жіберді. Лениннің «Біздің ұйымдық міндеттеріміз туралы жолдасқа хаты» соған жауап болды. 1902 жылғы ноябрьде Петербургтің «Искра» ұйымының ісі бойынша Киевте тұтқынға алынды. 1903 жылғы апрельде Петербургте полицияның ерекше бақылауына берілді. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды, Дондағы Ростовта, Киевте, Одессада және Петербургте жұмыс істеді. Реакция жылдарында саяси қызметтен шеттеп кетті.— *7—8, 9—10, 11, 12.*

Шотман, А. В. (Берг, Николай Петрович) (1880—1939) — профессионал революционер, большевик, жұмысшы-токарь. Революциялық қызметін 1899 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» бастады, Обухов заводында жұмыс жүргізді, «Обухов қорғанысына» (1901) қатысты, Выборг ауданының партия ұйымдастырушысы болды. РСДРП II съезінде — Петербург комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. Съезден кейін Костромада және Иваново-Вознесенскіде жұмыс істеді, РСДРП Солтүстік комитетінің мүшесі болды, Петербургте және Одессада 1905—1907 жылдардағы революцияға қатысты. 1911—1912 жылдары Фин социал-демократиялық жұмысшы партиясы Гельсингфорс комитетінің құрамына енді; 1912 жылы Балтық флотындағы әскери ұйым туралы баяндамамен Париждегі В. И. Ленинге барды. РСДРП Орталық Комитетінің Поронинода болған партия қызметкерлерінің «август» кеңесінде (1913) РСДРП Орталық Комитетінің және Орталық Комитеттің Орыс бюросының құрамына енгізілді. 1913 жылғы ноябрьде Екатеринославта тұтқынға алынып, Нарым өлкесіне жер аударылды. 1917 жылғы Февраль революциясына Томскіде қатысты, 1917 жылғы июньнен бастап — партияның Петроград округтік комитетінің мүшесі, В. И. Лениннің Финляндияға өтуін ұйымдастырды. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты, революциядан кейін — жауапты шаруашылық, совет және партия жұмыстарында істеді; 1923—

бургте «экономистердің» «Рабочая Мысль» газетін шығаруды ұйымдастырушылардың бірі болды. 1898 жылы 4 жылға Шығыс Сибирьге жер аударылды, 1899 жылдың жазында эмиграцияға кетті. РСДРП II съезін ұйымдастыруға көмектесіп, оған кеңесші дауыспен қатысты; партия жікке бөлінгеннен кейін меньшевиктерге ниеттес болды. 1905 жылдан кейін саяси қызметтен шеттеп, жұмысшылардың ағарту ұйымдарында жұмыс істеді.— *468*.

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(1902 жылғы сентябрь — 1903 жылғы сентябрьдің бірінші жартысы)

1902

1902 жылғы сентябрь — 1903 жылғы апрель.	Ленин Лондонда тұрады (1902 жылғы апрельден бастап).
1902 ж. сентябрь — 1903 ж. сентябрь.	Ленин «Искрада» редакторлық жұмысты жалғастыра береді: мақалаларды қарайды, Россияның әр түрлі қалаларынан (Москвадан, Петербургтен, Ростовтан, Одессадан, Харьковтан, Уфадан, Полтавадан, Томскіден, Херсоннан, Пермьнен және басқа жерлерден) жұмысшылардың жағдайы туралы, жұмысшы және студенттер қозғалысы туралы, халықаралық оқиғалар туралы келіп түскен корреспонденцияларды басуға әзірлейді; оларға ескертпелер, белгілер, жазулар жазады.
1 және 11 (14 және 24) сентябрь аралығында.	Ленин «Біздің ұйымдық міндеттеріміз туралы жолдасқа хатты» жазып, онда партияны құрудың искралық жоспарын дамытады.
3(16) сентябрь.	Ленин Харьковқа, «Южный Рабочий» газетінің редакциясына жазған хатында жергілікті комитеттерді бір жалпы орыстық ұйымға біріктіру және барлық күшті «Искраны» шығаруға шоғырландыру міндетінің маңызды екенін атап көрсетеді, оңтүстіктің социал-демократиялық ұйымдарын «Искраның» орыс ұйымымен біріктіру үшін қолданылған шаралар туралы хабарлайды.
11(24) сентябрь.	Ленин Петербургке В. П. Краснуха мен Е. Д. Стасоваға хат жазып, онда Петербург «экономистерінің» жетекшісі А. С. Токаревтің

РСДРП Петербург комитетінің 1902 жылғы июльде «Искрамен» жасалған келісімін болғызбай тастауға бағытталған әрекеттеріне қарсы батыл күрес жүргізудің қажеттігіне назар аударады.

14(27) сентябрь. Ленин Дрезденге, А. М. Калмыковаға «Искра» редакциясын қаржыландыру тәртібі туралы және оның қарамағына келіп түсетін қаражатты жұмсау туралы мәселе жөнінде хат жазады; шұғыл екі мың марка жіберуді өтінеді.

Ленин Самараға, Мария Александровна Ульяноваға жазған хатында оның денсаулығы жайында алаңдайтынын білдіреді, өзінің Лондондағы тұрмысы туралы хабарлайды.

21 сентябрьден (4 октябрьден) ертерек. Ленин И. Б. Басовскийге жазған хатында оның «Искраны» Россияға жеткізу үшін транспорт ұйымдастыру міндетін өзіне алуын ұсынады.

Сентябрь. Ленин шетелге келген И. В. Бабушкинмен әңгімелерінде Россиядағы искралық ұйымдардың ең таяудағы міндеттерін белгілейді; Бабушкиннен оның өзінің революциялық қызметі туралы естеліктер жазуын өтінеді.

6(19) октябрьден кешірек. Ленин «Демонстрациялар туралы» деген заметка жазады.

15(28) октябрь. «Искра» газетінің 26-номерінде Лениннің «Саяси күрес және саяси аярлық» деген мақаласы жарияланады.

27 октябрь (9 ноябрь). Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында оның хатын алғаны туралы, өзінің Лондондағы тұрмысы туралы, орыс кітаптарын, оның ішінде В. Я. Железновтың «Саяси экономия очерктері» деген кітабын алғаны жайында хабарлайды.

28 октябрь (10 ноябрь). Ленин Лозаннада эсерлердің программасы мен тактикасы туралы рефератын оқиды.

29 октябрь (11 ноябрь). Ленин Женевада эсерлердің программасы мен тактикасы туралы рефератын оқиды.

Ленин Бернге, П. И. Аксельродқа жазған хатында Лозаннада эсерлердің программасы мен

тактикасы туралы өзі оқыған реферат жөнінде және нақ осы тақырыпқа реферат оқу үшін Берн мен Цюрихке алдағы баратын сапары туралы хабарлайды.

Ленин Петербургке П. А. Красиковке жауап хат жазады; Красиков хатында 1902 жылғы 2(15) августа Лондонда Ленин өткізген РСДРП Петербург комитеті, «Искраның» орыс ұйымы және РСДРП Солтүстік одағы өкілдерінің кеңесі туралы одан өзінің заметкаларын жіберу жөнінде өтініш білдірген-ді; бұл кеңесте РСДРП II съезін әзірлеу туралы Ұйымдастыру комитетінің (ҰК) искралық ұйтқысы құрылған болатын; Ленин Ұйымдастыру комитетінің белгіленген құрамы жайында қанағаттанғандық білдіреді; барлық күшпен съезді шақыруды тездету қажеттігін атап көрседі.

31 октябрь (13 ноябрь). Ленин Женевада эсерлердің программасы мен тактикасы туралы өзінің рефераты бойынша жарыс сөзге шыққан В. М. Черновтың, Л. Надеждиннің, А. Мартыновтың, О. Минордың сөздерін жазып алады; Чернов пен Мартыновқа қарсы айтатын пікірлерінің жоспарын жасайды.

1(14) ноябрь. Лениннің «Социалист-революционерлер қайта қозғап жүрген тұрпайы социализм мен халықшылдық» деген мақаласы «Искра» газетінің 27-номерінде жарияланады.

1 немесе 2 (14 немесе 15) ноябрь. Ленин Бернде эсерлердің программасы мен тактикасы туралы рефератын оқиды.

2—3 (15—16) ноябрь. Лениннің инициативасы бойынша Псковтағы кеңесте РСДРП II съезін шақыру жөнінде Ұйымдастыру комитеті құрылды.

3(16) ноябрьден кешірек. Ленин «Эсерлерге қарсы негізгі тезис» деген мақала жазады.

7(20) ноябрьден ертерек. Ленин Цюрихте эсерлердің программасы мен тактикасы туралы рефератын оқиды.

15(28) ноябрь. Ленин Л. И. Аксельродқа жазған хатында оның хатын, ақша мен «Красное Знамя» газетін алғанын, эсерлердің программасы мен тактикасы туралы рефератын оқу үшін өзінің

Швейцарияға барған сапары туралы, таяуда нақ осы тақырыпқа Лондонда рефератын оқитыны жайында хабарлайды.

16(29) ноябрь. Ленин Лондонда эсерлердің программасы мен тактикасы туралы рефератын оқиды, оппоненттердің сөйлеген сөздерін жазып алады.

18 ноябрь (1 декабрь). Ленин Женеваға Г. В. Плехановқа жазған хатында оның «Искраға» арналған мақалалары жөніндегі хатқа жауапты тездетуін сұрайды, В. И. Засуличтің «Искраның» 28-номеріндегі эсерлерге қарсы жазылған мақаласының мазмұнын хабарлайды.

28 ноябрьден (11 декабрьден) ертерек. Ленин «Искра» редакциясы мүшелерінің кеңесіне қатысады, онда РСДРП II съезінің күн тәртібі туралы мәселе талқыланады. Ленин кеңесте партияның Орталық Органы туралы мәселе съезде алғашқылардың бірі болып талқылансын деген өз ұсынысын жақтайды.

Ерте дегенде 28 ноябрь (11 декабрь). Ленин Харьковқа, Е. Я. Левинге жазған хатында РСДРП II съезін әзірлеу жөніндегі Ұйымдастыру комитеті қызметінің басталуы жөнінде қанағаттанғандық білдіреді, Ұйымдастыру комитетіне жергілікті комитеттердің көзқарасы туралы сұрайды, партияның II съезі күн тәртібінің өзі белгілеген жобасы туралы хабарлайды, «Искра» редакциясы мүшелерінің кеңесінде осы жобаның 1—5-пункттерінің талқыланғаны туралы жазады, әрбір комитеттен оның Ұйымдастыру комитетін танитындығы туралы ресми мәлімдемесін алуға күш салудың қажеттігіне назар аударады, Ұйымдастыру комитетінің құрылғаны туралы Россияда хабарландыру басып шығаруға, басты орталықтарға (Петербург, Москва, Киев) Ұйымдастыру комитетінің мүшелерін тағайындауға және Россияға бара жатқан партия қызметкерлерінің бәрін Ұйымдастыру комитетінің қарамағына жіберіп отыруға кеңес береді.

28 ноябрь мен 7 декабрь (11 және 20 декабрь) аралығында. Ленин Париждегі қоғамдық ғылымдардың Орыс жоғары мектебінен аграрлық мәселе жөнінде мектепте бірнеше лекция оқып беруді сұраған шақыру алады.

Ноябрьдің аяғы. Ленин «Жаңа оқиғалар және ескі мәселелер» деген мақаласының нобайы мен конспектісін жазады.

Ленин «Социал-демократиялық қозғалыстың міндеттері туралы» деген мақаласын жазады.

Ноябрь — 1903 жылғы 15(28) июньнен ертерек. Ленин Женевада 1903 жылы июньде «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы» басып шығарған К. Каутскийдің «Әлеуметтік революция» деген кітапшасының орысша аудармасын редакциялайды.

Күз. Ленин Льежде эсерлердің программасы мен тактикасы туралы рефератын оқиды.

1(14) декабрь. «Искра» газетінің 29-номерінде Лениннің «Жаңа оқиғалар және ескі мәселелер» деген мақаласы, «Орта мектептердің оқушыларына» деген заметкасы және Нижегород жұмысшыларының сотта сөйлеген сөздеріне алғы сөзі жарияланады.

Ленин Г. В. Плехановқа жазған хатында одан «Искраның» 30-номері үшін мақалалар және эсерлерге қарсы кітапша жазып беруін сұрайды; «жизньдіктермен» және рабоче-делошылдармен қарым-қатынас туралы жазады.

5(18) декабрь. Ленин Л. И. Аксельродқа жазған хатында оған және И. И. Ставскийге «Искра» газетінің 29-номері жіберілгенін хабарлайды, социал-демократтардың Оңтүстік революциялық одағының және Одессадағы социал-демократиялық комитеттің позициясына сипаттама береді.

Ленин Ростов стачкасы туралы кітапша үшін материал жіберуді өтініп И. И. Ставскийге хат жібереді.

6(19) декабрь. Ленин Г. В. Плехановқа жазған хатында оның эсерлерге қарсы кітапшасының жазыла бастауы жөнінде қанағаттанған сезім білдіреді, «Искраның» 30-номерінде жариялау үшін кітапшаның бір тарауын жіберуін, сондай-ақ «Вестник Русской Революциидің» 3-номерінде басылған Н. С. Русановтың (К. Тарасовтың) «Орыс социалистік ой-пікірінің эволюциясы» деген мақаласына жауап жазуын өтінеді; Петербургтегі тұтқынға алулар жайында, Томск социал-демократиялық ұйымының РСДРП программасының искралық жо-

басын қайта басып шығарғаны туралы хабарлайды.

13(26) декабрь. Ленин М. А. Ульяноваға өзінің Лондондағы тұрмысы туралы, Германиядағы баж салығы тарифінің үкіметтік жобасына байланысты неміс газеттерінің хабарлары туралы айтып хат жазады.

Ленин А. Н. Потресовқа жазған хатында оған «Исկраның» 29-номері мен «Көкейтесті мәселе» деген кітапшаның жіберілгенін хабарлайды, «Искра» редакциясына келіп түскен «Жас революционердің өмірінен» деген қолжазба туралы өз пікірін жазып жіберуді өтінеді.

14(27) декабрь. Ленин Киевке, Ф. В. Ленгникке жазған хатында рабоче-делошылдардың Киев социал-демократиялық комитетін басып алғаны жөніндегі оның хаты қолына тигенін хабарлайды, комитетке кіру және «экономистермен» батыл күрес жүргізу, Ұйымдастыру комитетін тану негізінде олармен «шешуші шайқасқа» түсу, сөйтіп искралық бағыттың жеңіп шығуын қамтамасыз ету қажеттігін атап көрсетеді.

Ленин Петербургке, В. И. Лавровқа және Е. Д. Стасоваға жазған хатында РСДРП Петербург ұйымындағы жікке бөліну туралы мәліметтерді егжей-тегжейлі хабарлауды сұрайды.

15(28) декабрь. Ленин Н. К. Крупскаяның «Искраның» Самарадағы орыс ұйымы бюросына жолдаған хатына жазған қосымшасында қазіргі кезеңнің басты міндеті Ұйымдастыру комитетін нығайту және РСДРП II съезіне әзірлікті күшейту екенін атап көрсетеді.

«Искра» газетінің 30-номерінде Лениннің ««Бостандық» тобы туралы» деген заметкасы басылады.

19 декабрь (1903 ж. 1 январь). Ленин Женеваға, В. Д. Бонч-Бруевичке жазған хатында оның хатын және он тоғыз корреспонденцияны (шыға бастауын тоқтатқан «Жизнь» журналының материалдарын) алғанын және бұл корреспонденциялардың бір бөлегін «Искраның» ең таяудағы номерлерінде жариялау ниеті бар екенін хабарлайды.

Ленин А. Н. Потресовқа жазған хатында оған «Искраға» Н. А. Некрасовтың қайтыс болуының 25 жылдығына байланысты мақала жазуды ұсынады, «Жизньнен» корреспонденцияларды алғаны туралы хабарлайды.

24 декабрь (1903 ж. 6 январь).

Ленин Петербургке, И. В. Бабушкинге жауап хат жазады; Бабушкин насихатшылардың «Искраға» көзқарасын анықтау мақсатымен олармен өткізілетін әңгіменің программасын жіберуді өтінген болатын; РСДРП Петербург ұйымындағы істің жайы туралы бірқатар мәселелерге жауап беруін сұрайды.

28 декабрь (1903 ж. 10 январь).

Ленин Г. В. Плехановқа жазған хатында Ростовтан келген жолдастардың Ростов стачкасы туралы кітапша үшін материалдар жіберуін тездетуді өтінеді; Плехановтың эсерлерге қарсы кітапшасының жазылып бітуінің болжалды мерзімі жайында және «Пролетариат пен шаруалар» деген мақаланы жалғастыра беру туралы сұрайды, өзінің Париждегі қоғамдық ғылымдардың Орыс жоғары мектебіне аграрлық мәселе жөнінде лекциялар оқуға келісім бергені туралы хабарлайды.

Ленин Н. К. Крупскаяның Харьковқа «Южный Рабочийдің» редакциясына жолдаған хатына жазған қосымшасында істің жайы туралы «Искра» редакциясына жүйелі және егжей-тегжейлі хабарлап тұруды өтінеді, Ұйымдастыру комитетінің мәлімдемесін басып шығарудың төзгісіз кешеуілдеп отырғаны туралы айтады.

Ленин П. Б. Аксельродқа жазған хатында Ростов стачкасы туралы кітапша үшін материалдарды «Искра» редакциясына жіберуді тездетуді өтінеді.

Декабрь.

Ленин эсерлерге қарсы мақаланың үзіндісін жазады.

Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшасының екінші басылымы жарыққа шығады.

Декабрь — 1903 ж. январь.

Ленин «РСДРП комитеттері мен топтарының жалпы партиялық съезге жасайтын баяндамалары туралы мәселе жөнінде» хат жазады.

1902 жылдың екінші жартысы — кеш дегенде 1903 жылғы апрель. Ленин Уайтчепельдегі (Лондонның жұмысшы ауданы) орыс эмигрант жұмысшыларының үйірмесінде РСДРП программасының жобасын оқып-үйрену жөнінде сабақ жүргізеді.

1903

1(14) январь. «Искра» газетінің 31-номерінде Лениннің «Петербургтегі москвалық зубатовшылдар» деген мақаласы және РСДРП Дон комитетінің «Бүкіл Россия азаматтарына» деген прокламациясына ол жазған кіріспе жарияланады.

2(15) январь. Ленин Е. Д. Стасоваға жазған хатында Петербург «экономистерінің» Жұмысшы ұйымының программасы баяндалған листогын (октябрь, 1902) алғанын хабарлайды, Петербург «экономистерінің» барлық документтерін «Искра» редакциясына жіберуді талап етеді, РСДРП Петербург комитетінің жауап листоктарды шығаруда төзгісіз сылбырлық жасап отырғанын атап көрсетеді; шығып қалған В. П. Краснуханың орнына Ұйымдастыру комитетіне И. В. Бабушкинді енгізуге кеңес береді.

Ленин Харьков социал-демократиялық комитетіне жазған хатында ұйымдағы істің жағдайы туралы хатты алғанын хабарлайды, «тәуелсіздер» тобының («экономистерді» жақтаушылардың) қызметі туралы және жұмысшылардың «Искраға» көзқарасы туралы егжей-тегжейлі жазып жіберуді, сондай-ақ жұмысшылардың хат-хабарларын жіберіп тұруды өтінеді.

Ленин Л. И. Аксельродқа жазған хатында Ростов стачкасы туралы материалдарды алғаны туралы хабарлайды.

3(16) январь. Ленин И. В. Бабушкинге жазған хатында Петербург «экономистерінің» Петербургтегі жікке бөліну жөніндегі хаты басылған «Рабочая Мысльдің» 16-номерін алғанын хабарлайды, РСДРП Петербург комитетінің атынан наразылық білдіріп листок шығаруға және дереу «экономистермен» батыл күресті бастауға кеңес береді.

Е. Д. Стасоваға жазған хатында Ленин «Рабочая Мысльдің» 16-номері мен «Листок «Рабо-

чей Мыслидің»» 2 және 3-номерлерін алғанын хабарлайды, «экономистерге» қарсы дереу және батыл күресті өрістетуді талап етеді.

4(17) январь. Ф. В. Ленгникке жазған хатында Ленин «Киевский с.-д. листоктың» 1-номерін алғанын хабарлайды, Киевтегі социал-демократиялық жұмыс туралы хабарлардың нашар болып отырғанына разы емес екенін білдіреді, «Искра» редакциясының РСДРП Киев комитетінің бір мүшесімен байланыс жасауын жолға қоюды өтінеді.

14(27) январь. Ленин В. Д. Бонч-Бруевичке жазған хатында «Искра» үшін материалдарды алғанын және осы материалдардан «Сипягиннің провинцияда өлтірілуі» деген мақаланы «Искрада» баспақ ойы бар екенін хабарлайды.

Ленин Самараға Г. М. Кржижановскийге жазған хатында үзбей хат алысып тұруды жолға қою қажеттігін атап көрсетеді, Ұйымдастыру комитетінің партияның II съезін шақыру жөніндегі жұмысының ретке қойылмай отырғанының себептері туралы және Ұйымдастыру комитетінің жұмысына басшылық ету үшін Г. М. Кржижановский мен Л. М. Книповичтің Полтаваға көшіп келуінің жөн болатыны жайында жазады.

Ленин А. Н. Потресовқа жазған хатында жабылған «Жизнь» журналының істері «Искра» редакциясында емес, іс жүзінде Г. А. Куклиннің қолында шоғырланып отырғаны туралы хабарлайды.

15(28) январь. Ленин өзіне «Искраның» 32 және 33-номерлері үшін материалдар жіберуді сұрап Г. В. Плехановқа хат жазады, «Пролетариат» газетінде («Армян социал-демократтары одағының» органы) басылған ұлтшылдық пен федерализм туралы материалдардың аудармасын ұйымдастырып, өзіне жіберуді өтінеді; өзінің эсер А. Рудинге қарсы мақала жазбақ және эсерлерге қарсы жазылған мақалаларын жинақ етіп шығармақ ойы бар екені туралы хабарлайды.

Ленин Е. Д. Стасоваға жазған хатында РСДРП Петербург комитетінің «Рабочая Мысльдің» 16-номеріне қарсы батыл наразы-

лық білдіруі қажеттігін атап көрсетеді; шығып жатқан барлық листовкаларды, комитеттің ақша жинау жөніндегі есептерін, сондайақ жұмысшылардың хат-хабарларын «Искраға» жіберіп тұруды өтінеді.

«Искра» газетінің 32-номерінде ««Ұйымдастыру комитетінің» құрылуы туралы хабарға» редакцияның Ленин жазған соңғы сөзі басылады.

22 январь (4 февраль). Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында өзінің Лондондағы тұрмысы туралы, Н. К. Крупскаямен бірге П. И. Чайковскийдің алтыншы симфониясы орындалған концертке барғаны жайында хабарлайды, өзінің Көркем театрда А. М. Горькийдің «Шыңырау түбінде» деген пьесасын көргісі келетіні туралы жазады.

22 немесе 23 январь (4 немесе 5 февраль). Ленин «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағына» «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасының» атынан жазған хатында «Одақтың» партияның II съезін шақыру жөнінде орыс Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімін ұйымдастыру туралы ұсынысын Лиганың құптайтынын хабарлайды; Ұйымдастыру комитеті тарапынан тікелей шақыру алғанға дейін шетелдік бөлімді ұйымдастыруға кіріспей қоя тұру қажет екенін көрсетеді.

Ленин «Орыс Ұйымдастыру комитетінің Лигаға, Одаққа және Бундтың шетелдік комитетіне арналған үндеуінің жобасын» жазады.

23 январь (5 февраль). Ленин Г. В. Плехановқа жазған хатында «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімін ұйымдастыру жөніндегі мәселе бойынша хатына Лига жауабының жобасы оған жіберілгенін хабарлайды, егер жоба мақұлданса, оны Н. Н. Лоховқа табыс етуді, ал келісім болмаған жағдайда — жобаға түзетулерді Лига мүшелерінің арасында дауысқа қоюды немесе жаңа текст жазып шығуды өтінеді.

Ленин Парижге, Л. Мартовқа жазған хатында Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімін құру туралы мәселе жөнінде «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» хатының көшірмесін, Лиганың Одаққа жауабының жобасын және «Орыс Ұйымдастыру комитетінің

Лигаға, Одаққа және Бундтың шетелдік комитетіне арналған үндеуінің жобасын» оған жіберіп отырғанын хабарлайды; жалпы партиялық мәселелерді шешіп отыруға тиісті орыс Ұйымдастыру комитетінің басшылық ролін атап көрсетеді.

26 январь (8 февраль). Ленин В. Д. Бонч-Бруевичке жазған хатында «Искра» үшін материалдарды алғаны туралы, көпшілікке арналған әдебиет шығару үшін қаражат жинау туралы, ««Искра» кітапханасын» шығарудың тиімді емес екені туралы, К. Каутскийдің «Әлеуметтік революция» деген кітапшасының орысша аудармасын редакциялау жөніндегі өз жұмысы жайында хабарлайды.

Январьдың екінші жартысы. Ленин «7ц. 6ф. хаты жөнінде бірнеше пікір» (7ц. 6ф.— Ф. В. Ленгниктің бүркеншік аты) деген хат жазады, онда бұқара арасындағы саяси жұмысты нашар жолға қойғаны үшін жергілікті жерде жұмыс істейтін социал-демократтарды сынға алады.

1(14) февраль. «Искра» газетінің 33-номерінде Лениннің ««Армян социал-демократтары одағының» манифесі туралы» және «Бундтың мәлімдемесі жөнінде» деген мақалалары басылады.

8(21) февраль. Ленин В. Д. Бонч-Бруевичке жазған хатында эсерлер мен социал-демократтардың аграрлық программасы туралы Парижде оқитын рефератын әзірлеп жатқаны туралы және алдағы уақытта Парижге баратыны туралы хабарлайды.

9(22) февраль. Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында оның хатын алғаны туралы, алдағы уақытта Парижге баратыны жайында хабарлайды, өзінің хатын А. И. Ульянова-Елизароваға жіберуін өтінеді.

10(23) февральдан ертерек. Ленин Париждегі қоғамдық ғылымдардың Орыс жоғары мектебінде оқитын «Европада және Россияда аграрлық мәселеге маркстік көзқарастар» деген тақырыптағы лекцияларына және эсерлер мен социал-демократтардың аграрлық программасы туралы рефератына әзірленеді: аграрлық мәселе жөніндегі әдебиетті оқып-зерттейді, Ф. Энгельстің

«Франция мен Германиядағы шаруа мәселесі» деген мақаласын ішінара аударады, осы еңбектен, К. Маркстің аграрлық мәселе жөніндегі «Жаңа Рейн Газетіндегі» мақалаларынан, К. Маркстің «Капиталынан», сондай-ақ орыс және шетел авторларының (П. П. Масловтың, А. Н. Энгельгардттың, В. П. Воронцовтың, Е. Штумпфенің, Г. Бётгердің, Л. Носсигтің, Рокиньидің, Л. Грандоның және басқалардың) кітаптары мен мақалаларынан көшірмелер жасайды, бірқатар кітаптар туралы заметкалар жазады; ауыл шаруашылығындағы машиналардың маңызы мен пайдаланылуы туралы статистикалық деректерден көшірмелер жасайды, т. б.

РСДРП Нижегород комитетіне жазған хатында Ленин 1902 жылғы бірінші май демонстрациясына қатысқаны үшін сотталған Нижегород жұмысшыларының ерлігі туралы «Искраға» хат жазып жіберуді ұсынады; Нижегород комитетінің террор тактикасын қолдаған хатын «Искра» редакциясы алғаны туралы хабарлайды; комитеттің қызметі туралы редакцияға үзбей хабарлап тұрудың қажеттігі жөнінде жазады.

Ленин «Европада және Россияда аграрлық мәселеге маркстік көзқарастар» деген лекциясының программасы мен конспектілерін жазады.

10(23) февраль. Ленин Парижге келеді.

10—13 (23—26) февраль. Ленин Париждегі қоғамдық ғылымдардың Орыс жоғары мектебінде «Европада және Россияда аграрлық мәселеге маркстік көзқарастар» деген тақырыпқа төрт лекция оқиды.

10 және 13 (23 және 26) февраль аралығында. Ленин өзінің «Европада және Россияда аграрлық мәселеге маркстік көзқарастар» деген алғашқы лекциясының Париждегі қоғамдық ғылымдардың Орыс жоғары мектебінің тыңдаушысы жасаған жазбасына түзетулер енгізеді.

15(28) февраль. «Искра» газетінің 34-номерінде В. И. Лениннің «Еврей пролетариатына «дербес саяси партия» керек пе» деген мақаласы жарияланады.

18 февральдан (3 марттан) ертерек.	Ленин эсерлер мен социал-демократтардың аграрлық программасы туралы рефераттың конспектілерін жасайды.
18—21 февраль (3—6 март).	Ленин Париждегі орыс саяси эмигранттарының жиналысында эсерлер мен социал-демократтардың аграрлық программасы туралы рефератын оқиды; реферат жөніндегі жарыс сөзге қатысады, Ю. М. Стекловтың, В. М. Черновтың, Б. Н. Кричевскийдің, Л. Д. Троцкийдің сөйлеген сөздерін жазып алады; қорытынды сөздің алдын ала жоспарын, сондай-ақ рефераттың қысқаша қорытындысын жазады.
20 немесе 21 февраль (5 немесе 6 март).	Ленин Париждеп Н. К. Крупскаяға жазған хатында Ұйымдастыру комитетінің РСДРП II съезін шақыру жөніндегі хатын алғаны туралы хабарлайды және Ұйымдастыру комитетіне жіберу үшін өз жауабын хатпен бірге қоса салады. Ұйымдастыру комитетіне жазған хатында Ленин съездің күн тәртібін алдын ала әзірлеуді Ұйымдастыру комитеті жүргізуі тиіс деп көрсетеді және бұл мәселені жергілікті социал-демократиялық комитеттердің дауысқа қоюы қажетсіз деп есептейді, съезді шақыруды тездетуге жәнс онда искрашылдардың көпшілік болуын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдануға кеңес береді.
21 және 24 февраль (6 және 9 март) аралығында.	Ленин Ұйымдастыру комитетіне жазған хатында Ұйымдастыру комитетінен алған РСДРП II съезінің устав жобасы туралы мақұлдаған пікір айтады, жобаға қосымшаны ұсынады, Ұйымдастыру комитетінің оны жергілікті жерлерге жіберу жөніндегі ұсынысына келісетіндігін білдіреді, съездің устав жобасын дереу және тұтас қабылдауға кеңес беріп, искралық ұйымдарға хат жазбақ ойы бар екенін хабарлайды.
24 февраль (9 март).	Ленин Париждеп Лондонға қайтып оралады.
1(14) март.	«Искра» газетінің 35-номерінде Лениннің «Самодержавие қобалжуда...» деген мақаласы басылады.
2(15) март.	Ленин Г. В. Плехановқа жазған хатында «Март Идалары» деген мақаланы жіберуін сұ-

райды, П. П. Масловтың «Россиядағы аграрлық мәселе» және Э. Давидтің «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітаптары туралы пікір айтады, өзінің шаруалар үшін көпшілікке арналған кітапшасын («Деревня кедейлеріне») жазып жатқаны туралы, 1903 жылғы 26 февральдағы манифест жөнінде өзі «Искра» үшін жазған мақала туралы («Самодержавие қобалжуда...») хабарлайды.

Ленин Н. К. Крупскаяның Г. М. Кржижановскийге жолдаған хатына жазған қосымшасында «Искра» редакциясының алдағы кезде Лондоннан Женеваға көшетіні туралы хабарлайды.

5(18) март. Ленин Уайтчепельдегі (Лондонның жұмысшылар тұратын ауданы) жұмысшылар митингісінде Париж Коммунасы туралы сөз сөйлейді.

Марттың бірінші жартысы. Ленин «Деревня кедейлеріне. Социал-демократтардың нені көздейтінін шаруаларға түсіндіру» деген кітапшасын жазумен шұғылданады: кітапша жоспарының бірнеше нұсқасын талдап жасайды, жекелеген тараулардың жоспарын құрады, өзі жинастырған материалдың негізінде статистикалық есептер шығарады, кітапшаның текстін жазады.

18(31) март. Ленин Ұйымдастыру комитетіне жазған хатында Ұйымдастыру комитетінің поляк социал-демократтарымен бірлесіп, Польша корольдігі мен Литва социал-демократиясының РСДРП-мен толық ынтымақтас екендігі туралы және Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының РСДРП-ға кіргісі келетін тілегі жайында ресми мәлімдеме шығаруына шаралар қолдануына кеңес береді; осындай шарт негізінде поляк социал-демократтарын съезге шақыру мүмкін болады деп есептейді; РСДРП II съезінде Бундты партиядан шығаруға дейін барып, Бундпен шешуші күреске әзірлену қажеттігін көрсетеді, съезд делегаттарының тізімін жіберуді сұрайды.

21 март (3 апрель). Ленин Г. М. Кржижановскийге жолдаған хатында РСДРП II съезін шақыруды тездету және съезде искрашыл делегаттардың көпшілік болуын қамтамасыз ету керек екенін жазады; Бунд туралы мәселенің маңызды екендігін және съезде Бундпен ажырасуға дейін

	барып батыл күресуге әзірлену керек екенін көрсетеді; еврей жұмысшыларына арнап орыс жұмысшыларымен тығыз бірліктің қажеттігі туралы және Бундтың ұлтшылдық позициясының зияндылығы туралы кітапша шығармақ ниеті бар екенін хабарлайды.
24 март (6 апрель).	Ленин Ұйымдастыру комитетіне жазған хатында Ұйымдастыру комитетінің шетелдік бөлімінің қызметін съездің астыртындық болу жағын әзірлеумен, ақша жинаумен және шетелдік социал-демократиялық ұйымдарды біріктірудің шарттары туралы мәселені алдын ала талқылаумен шектеуге кеңес береді.
Марттың екінші жартысы — апрельдің бірінші жартысы.	Ленин Каутскийдің «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген мақаласына конспект және ескертпелер жазады.
28 март (10 апрель).	Ленин Г. В. Плехановқа жазған хатында оның «Искраның» 38-номері үшін жазған «Брешковская ханым және Чигирин ісі» деген мақаласын алғанын хабарлайды; «Жаппай кепілдікті жою» деген мақаланың жазылу барысын сұрастырады, «Деревня кедейлеріне» деген кітапшаны тезірек теруге беруді сұрайды.
29 марттан (11 апрельден) кешірек.	Ленин шаруалар қауымдарының үлесті жерлері бойынша топталуы туралы және кесінді жерлер туралы мәліметтер жазылған статистиктің (қолы танып оқылмады) Ленинге жолдаған хатына губерниялар топтары бойынша барщиналық шаруалардың орташа процентін және Россияның әр түрлі өңірлеріндегі кесінді жерлер туралы кестелерде қорытынды есептерді шығарады, деревнядағы таптық топтар бойынша жердің бөлінуі туралы есептер мен графикалық кестелер жасайды.
Март — апрель.	Ленин Э. Давидтің «Sozialismus und Landwirtschaft» («Социализм және ауыл шаруашылығы») деген кітабына конспект жасап, ол туралы заметкалар жазады.
1(14) апрель.	«Искра» газетінің 37-номерінде Лениннің «Өз қызметкері әшкерелеген Струве мырза» деген мақаласы жарияланады.

15(28) апрель.	«Искра» газетінің 38-номерінде Лениннің «Les beaux esprits se rencontrent (Орысшасы: түбі бірге түтпейді, тегі бірге кетпейді деген шамада)» атты мақаласы жарияланады.
Апрельдің аяғы.	В. И. Ленин мен Н. К. Крупская «Искра» газетін шығарудың Женеваға ауыстырылуына байланысты Лондоннан сонда көшіп барады.
9(22) майдан кешірек.	Ленин Ұйымдастыру комитетінің мүшесі Е. М. Александроваға Киевке жолдаған хатында II съезді шақыруға асығу, социал-демократиялық комитеттерді Бундқа қарсы күреске әзірлеу керек екенін жазады; Александрованың партиялық орталықтар туралы мәселе жөніндегі позициясын сынға алады, өз мүшелері арасындағы қызметі қатаң әрі ресмиленіп бөлінген екі басшы партия орталығын құру қажеттігін атап көрсетеді.
11(24) май.	Ленин Г. М. Кржижановскийге жолдаған хатында партияның II съезіне әзірлік ісінің жайы туралы жазып жіберуді сұрайды, съезді шақыруға асығу қажеттігін көрсетеді, Ф. В. Ленгник туралы сұрастырады.
Ерте дегенде 26 май (8 июнь).	Ленин Л. Рашковскийдің «Искраға» арнап әскерге жаңадан шақырылғандар мен солдаттар арасындағы үгіт жұмысы туралы жазған хаты жөнінде «Искра» редакциясының ескертуін жазады.
Майдың екінші жартысы — июнь.	Ленин съездің регламентін және күн тәртібін талдап жасайды; партия уставы жобасының алғашқы нұсқасын жазады.
Майдың аяғы — июньнің бірінші жартысы.	Ленин Бернде аграрлық мәселе жөнінде бірнеше лекция оқиды.
Май.	Женевада Лениннің «Деревня кедейлеріне» деген кітапшасы баспадан шығады.
Көктем.	Ленин эсерлерге қарсы кітапшаның жоспарын жасайды.
Май — кеш дегенде 17(30) июль.	Ленин «Искра» ұйымының қызметі туралы РСДРП II съезінде жасалатын баяндамаға заметкалар жазады, бұл мәселе жөнінде

	Н. К. Крупская жазған баяндаманы қарап шығып, оған түзетулер енгізеді.
Июньнің екінші жартысы — июльдің бірінші жартысы.	Ленин «РСДРП-ның кезекті II съезінің программасын» жазады.
Июнь — 15(28) июльден ертерек.	Ленин «Программаның біз ұсынған жобасын сынауға жауап» деген мақала жазады, бұл мақала Икстің (П. П. Масловтың) «Аграрлық программа туралы» деген мақаласымен бірге жеке кітапша болып басылып, ол II съездің делегаттарына аграрлық мәселе жөніндегі баяндаманың орнына үлестіріліп беріледі.
Июнь — кеш дегенде 17(30) июль.	Ленин съезге мына қарарлардың жобасын жазады: Бундтың РСДРП-дағы орны туралы, экономикалық күрес туралы, 1 Май туралы, халықаралық конгресс туралы, демонстрациялар туралы, террор туралы, насихат туралы, оқушы жастарға көзқарас туралы, күштерді бөлу туралы және партиялық әдебиет туралы.
Июньнің аяғы — кеш дегенде 17(30) июль.	Ленин партия уставы жобасының екінші нұсқасын және кейіннен РСДРП II съезіне ұсынылған устав жобасының түпкілікті текстін жазады.
Июнь — июльдің бірінші жартысы.	Ленин РСДРП II съезіне келген делегаттармен әңгімелер өткізеді, оларды партия уставының жобасымен және съездің күн тәртібімен таныстырады, делегаттардың «Искра» редакциясымен болған кеңестеріне және делегаттардың жиналыстарына қатысады.
3 (16) июль.	Ленин В. Д. Бонч-Бруевичке жолдаған хатында өзінің «Программаның біз ұсынған жобасын сынауға жауап» деген мақаласын жазу үшін қажет болып отырған, ішінде «Шаруалар», «Крепостниктік право», «Крепостниктік шаруашылық», «Барщина» және «Оброк» деген мақалалары бар Брокгауз бен Ефронның «Энциклопедиялық сөздігінің» томдарын тауып беруін сұрайды.
15 (28) июльден ертерек.	Ленин РСДРП II съезі делегаттарының жиналысында ұлт мәселесі жөніндегі рефератын оқиды, кейін оны «Искра» үшін «Біздің программамыздағы ұлт мәселесі» деген мақала түрінде өңдеп шығады.

15(28) июль. «Искра» газетінің 44-номерінде Лениннің «Біздің программамыздағы ұлт мәселесі» деген мақаласы жарияланады.

Июльдің бірінші жартысы. Ленин эсерлерге қарсы мақаланың жоспарын жазады.

17(30) июльден ертерек. Ленин РСДРП II съезінің басқа делегаттарымен бірге Женевадан Брюссельге келеді.

Ленин съездің ашылуы алдында делегаттар топтар бойынша болжаммен бөлінген РСДРП II съезі құрамының тізім-кестесін жасайды.

17(30) июль. Ленин «Искра» ұйымы мүшелерінің — РСДРП II съезі делегаттарының ұйымның съездегі өкілдігі туралы мәселе жөніндегі жиналысына қатысады. «Искраның» орыс ұйымының делегаттары жоқ болғандықтан жиналыс оның екі мандатын Шетелдік лига делегаттарының біріне — Ленинге немесе Мартовқа тапсыруға ұйғарады. Ал Лиганың екі делегаты да съезде «Искра» ұйымының өкілі болуға тілек білдіргендіктен, мәселе жеребе тастау жолымен шешіліп, мұның нәтижесінде Ленин Лигадан делегат болып қалды.

17(30) июль — 10(23) август. Ленин РСДРП II съезінің жұмысына қатысады.

17(30) июль — 7(20) август. Ленин съезд мәжілістерінің күнделігін жүргізеді.

17(30) июль. Съездің бірінші мәжілісінде Ленин бюроның құрамына және съездің вице-председательдігіне, сондай-ақ мандаттарды тексеру және съезд құрамын анықтау жөніндегі комиссияға сайланады.

Ленин съездің бірінші мәжілісінде съезд регламентін талқылау кезінде үш рет сөз сөйлейді.

Ленин съездің бірінші мәжілісінде съезд талқылауға жататын мәселелердің тізімін қараған кезде үш рет сөз сөйлейді.

18(31) июль. Ленин съездің екінші мәжілісінде өзі жасаған және Ұйымдастыру комитеті бекіткен съездің күн тәртібін жақтап екі рет сөз сөйлейді.

Ленин съездің үшінші мәжілісінде «Күрес» тобының өкілі Рязановты кеңесші дауыспен съезге шақыруға ұйғарғаны туралы мәлімдеме жасаған Ұйымдастыру комитетінің іс-әрекетін сынап сөз сөйлейді; бұдан былайғы жерде Ұйымдастыру комитетінің қызметін практикалық мәселелермен шектеуге және оның съезд жұмысына ықпал жасайтын коллегия ретіндегі жұмысына тыйым салуға ұсыныс енгізеді.

Ленин съездің үшінші мәжілісінде поляк социал-демократтарының съезге қатысуы туралы мәселе жөнінде екі рет сөз сөйлейді.

18 және 30 июль (31 июль мен 12 август) аралығында. Ленин Орталық Комитетке кандидатуралар туралы мәселе талқыланған съездің искрашыл делегаттарының үш мәжілісіне қатысады.

19—20 июль, (1—2 август). Ленин Бундтың РСДРП-дағы орны туралы сөзінің жоспарын жазады.

20 июль (2 август). Ленин съездің алтыншы мәжілісінде Бундтың РСДРП-дағы орны туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

21 июль (3 август). Ленин съездің сегізінші мәжілісінде Бундтың РСДРП-дағы орны туралы мәселе жөнінде және бұл мәселе жайындағы қарарды дауысқа қою тәртібі туралы сөз сөйлейді.

Ленин съездің сегізінші мәжілісінде РСДРП программасын талқылау тәртібі туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

Ленин съездің сегізінші мәжілісінде программа комиссиясының мүшесі болып сайланады.

21 және 29 июль (3 және 11 август) аралығында. Ленин программа комиссиясының жұмысына (бірінші, үшінші және төртінші мәжілістеріне) қатысады; сөйленген сөздерді, енгізілген түзетулерді, дауыс беруді және т. б. жазады.

22 июль (4 август). Ленин партияның программасы туралы сөзінің жоспары мен конспектісін жазады және съездің тоғызыншы мәжілісінде бұл мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

Ленин съездің оныншы мәжілісінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы-

мен жасалатын шарттың жобасын талқылау үшін комиссия сайлау туралы ұсынысты жақтап сөз сөйлейді.

23 июль (5 август). Ленин съездің он бірінші мәжілісінде съезд протоколдарын оқу және бекіту тәртібі туралы мәселе жөнінде екі рет сөз сөйлейді.

Ленин съездің он екінші мәжілісінде жергілікті жерлерден келген баяндамаларды оқу тәртібі туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

24 және 29 июль (6 және 11 август) аралығында. Ленин РСДРП II съезінің басқа делегаттарымен бірге съезд жұмысының Лондонға көшірілуіне байланысты Брюссельден сонда келеді.

29 июль (11 август). Ленин съездің он төртінші мәжілісінде партия уставы туралы баяндама жасайды.

Ленин съездің он бесінші мәжілісінде партия уставын редакциялау жөніндегі комиссияға сайланады.

Ленин съездің он бесінші мәжілісінде программа комиссиясының партия программасының жалпы бөлімі жөніндегі түзетуіне қарсы сөз сөйлейді — жұмысшы қозғалысындағы стихиялылық пен саналылық туралы мәселені түсіндіреді.

29 июль мен 2 август (11 және 15 август) аралығында. Ленин партия уставының жобасын редакциялау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады.

30 июль (12 август). Ленин съездің он алтыншы мәжілісінде партия программасының жалпы саяси талаптарының 1-параграфы (халық самодержавиесі туралы) талқыланған кезде сөз сөйлейді.

Ленин съездің он алтыншы мәжілісінде партия программасының жалпы саяси бөлімінің 3-параграфы (жергілікті және облыстық өзін өзі басқару туралы) талқыланған кезде сөз сөйлейді.

Ленин съездің он жетінші мәжілісінде партия программасының жалпы саяси бөлімінің 7-параграфын («Искра» жобасының 6-параграфы — сословиелерді жою және азаматтар-

дың тең праволылығын енгізу туралы) екінші рет программа комиссиясына тапсыруға ұсыныс енгізеді; өйткені бундшылдар тілдердің тең праволылығы туралы арнайы пункт болу керек деп ұсыныс енгізіп, оны талқылаған кезде съезде дауыстар екіге бөлінген болатын.

Ленин партия уставының жобасын редакциялау жөніндегі комиссияның мәжілісіне қатысады; онда Ленин мен Мартов енгізген партия уставының бірінші параграфы тұжырымдарының жобалары талқыланады.

30 июль — 1 август (12—14 август). Ленин партия программасы жобасының 7-параграфы туралы мәселені қайтадан талқылаған программа комиссиясының мәжілісіне қатысады; 7 және 11-параграфтарға түзету туралы және программаға халықтың ана тілінде білім алу правосы туралы жаңа пунктті енгізу туралы комиссия шешімінің жобасын жазады.

31 июль (13 август). Ленин съездің он сегізінші мәжілісінде партия программасының жалпы саяси бөлімінің 12-параграфын (халықтың жаппай қарулануы туралы) және партия программасының жұмысшыларды қорғау туралы бөлімінің 2-параграфын талқылаған кезде сөз сөйлейді.

Ленин съездің он тоғызыншы мәжілісінде партия программасының жұмысшыларды қорғау туралы бөлімінің 12-параграфын талқылау кезінде сөз сөйлейді.

Ленин съездің он тоғызыншы мәжілісінде аграрлық программа туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

1(14) август. Ленин съездің жиырмасыншы мәжілісінде аграрлық программаны талқылаған кезде сөз сөйлейді; бірінші (кіріспе) абзацқа түзету енгізеді; аграрлық программаның мына параграфтарын: 1-параграфты (сатып алу және оброк төлемдерін және басқа міндеткерліктерді жою туралы), 2-параграфты (жаппай кепілдікті және жерді пайдалануда шаруаларды қыспаққа салатын барлық заңдарды жою туралы) және 3-параграфты (шаруалардан сатып алу және оброк төлемдері түрінде алынған ақшаны шаруаларға қайтарып беру туралы) талқылаған кезде сөз сөйлейді.

Ленин съездің жиырма бірінші мәжілісінде аграрлық программаны: 4-параграфты (шаруалар комитетін құру туралы) және 5-параграфты (соттардың аренда ақысын кеміту және кіріптарлық келісімдерді күшін жойған деп жариялау правосы туралы) талқылаған кезде сөз сөйлейді.

1 және 15 (14 және 28) август аралығында. Ленин «Искра» редакциясының мүшелері жазған мақалалар мен фельетондардың тізімін құрастырады.

2(15) август. Ленин устав комиссиясының мәжілісінде партия уставына кіріспені талқылаған кезде екі рет сөз сөйлейді.

Ленин съездің жиырма екінші мәжілісінде бундшылдардың Бундтың уставын партия уставын талқылағанға дейін талқылау туралы талаптарына қарсы сөз сөйлейді.

Ленин Бунд делегаттарының партия уставын талқылау тәртібі туралы ұсынысы бойынша болған жарыс сөз туралы заметкаларын жазады.

Ленин съездің жиырма екінші және жиырма үшінші мәжілістерінде партияға мүшелік туралы уставтың бірінші параграфының өзі ұсынған тұжырымын жақтап сөз сөйлейді; уставтың 1-параграфы жөніндегі жарыс сөз туралы заметкалар жазады.

Ленин партия уставы жобасының 4-параграфы жөнінде (партия Советінің құрылуы мен міндеттері туралы) ұсыныстарын жазады.

2 немесе 3 (15 немесе 16) август. Ленин съездің искрашыл делегаттарының мәжілісіне қатысады; мұнда Орталық Комитетке кандидатуралар туралы мәселе жөнінде мәжіліске қатысушылар жікке бөлінеді.

4(17) август. Ленин партия уставы жобасының 4-параграфы жөнінде сөйлейтін сөзінің жоспарын жазады.

Ленин съездің жиырма бесінші мәжілісінде партия уставы жобасының 4-параграфын талқылаған кезде сөз сөйлейді.

Ленин съездің жиырма алтыншы мәжілісінде бундшыл Медемнің партия уставы жобасы-

ның 7-параграфын қабылдамау туралы ұсынысына қарсы сөз сөйлейді, уставтың бұл параграфы жөнінде Акимовқа түсінік беріп сөз сөйлейді; партия уставы жобасының 10-параграфын талқылаған кезде кез келген жеке адамға оның мәлімдемесін партия орталығына немесе партия съезіне жеткізуді талап ету жөнінде право беруді жақтайды; партия уставы жобасының 12-параграфын талқылаған кезде Орталық Комитетке және Орталық Органның редакциясына кооптациялау тәртібі туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

5(18) август. Ленин съездің жиырма жетінші мәжілісінде партия уставы жобасының 12-параграфы дауысқа қойылған кезде Л. Мартовтың Орталық Комитетке және Орталық Органның редакциясына кооптациялау туралы мәселе жөніндегі ұсынысына түзету енгізеді және осы ұсынысын жақтап сөз сөйлейді.

Ленин съездің жиырма жетінші мәжілісінде партия уставынан 13-параграфты («Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы» туралы) алып тастауды ұсынған Носков пен Дейчке қарсы сөз сөйлейді.

Ленин мына қарарлардың жобасын жазады: 1) Мартынов пен Акимовтың өздерінің съезд жұмысына қатысудан бас тартуы жөніндегі мәлімдемесі жайында және 2) Бундтың РСДРП-дан шығуы туралы.

Ленин Бундтың РСДРП-дан шығуы туралы Мартовтың қарар жобасына қосымша жазады.

Ленин съездің жиырма сегізінші мәжілісінде «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» делегаттары Мартынов пен Акимовтың өздерінің съезд жұмысына қатысудан бас тартатыны туралы мәлімдемесін талқылаған кезде сөз сөйлейді.

Ленин съезд делегаттары — искрашыл көпшілік жақтастарының («24-тің жиналысы») жиналысына қатысады; онда Орталық Комитетке азшылық ұсынған кандидатуралардың тізімі қабылданбайды, кейін съезге көпшілік ұсынған тізім белгіленеді.

5 немесе 6 (18 немесе 19) август.	Ленин жеке топтар туралы қарар жобасын жазады.
5—10 (18—23) август.	Ленин әскердегі жұмыс туралы және шаруалар арасындағы жұмыс туралы қарарлардың жобаларын жазады.
7(20) август.	Ленин «Искра» редакциясын сайлау туралы мәселе жөніндегі сөздің жоспарын жазады; съездің отыз бірінші мәжілісінде бұл мәселе жөнінде сөз сөйлейді; нақ осы мәжілісте жасырын дауыс беру жолымен Орталық Органның редакциясына сайланады. Ленин съездің отыз бірінші мәжілісінде партияның Орталық Комитетіне сайлау кезінде сөз сөйлейді.
10(23) август.	Ленин сектанттар үшін орган шығару туралы қарардың жобасын жазады, съездің отыз жетінші мәжілісінде Лениннің және Плехановтың атынан ұсынылған осы қарарды жақтап сөз сөйлейді. Нақ сол мәжілісте грузин-армян газеті туралы Ленин ұсынған қарар талқыланады (қарардың тексті сақталмаған). Ленин съездің отыз жетінші мәжілісінде Потресовтың либералдарға көзқарас туралы қарарына қарсы сөз сөйлейді, либералдарға көзқарас туралы Плехановтың қарар жобасына толықтыру жазады, оқушы жастарға көзқарас туралы өзінің қарар жобасын жақтап сөз сөйлейді.
10 және 25 август (23 август пен 7 сентябрь) аралығында.	Ленин РСДРП II съезінің жұмысы аяқталғаннан кейін топ-топқа бөліп съезд делегаттарының тізімін жасайды.
11(24) август.	Ленин съездің басқа делегаттары — большевиктермен бірге Хайгет зиратындағы Карл Маркстің бейітіне барады.
11(24) августан кешірек.	Ленин Лондоннан Женеваға қайтып оралады.

11 және 18 (24 және 31) август аралығында.	Ленин мен Плеханов «Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» мүшелеріне партияның II съезінің қорытындылары туралы хабарлайды және олардың съезде болған жікке бөлінушілікке деген көзқарасын анықтайды.
11 және 31 август (24 август пен 13 сентябрь) аралығында.	Ленин М. Н. Лядовқа герман социал-демократиясының Дрездендегі съезіне «Искра» ұйымынан өкіл болып қатысу үшін мандат жібереді.
15(28) август.	«Искра» газетінің 46-номерінде Лениннің «Реформалар заманы» және «Бунд ұлтшылдығының соңғы жаңалығы» деген мақалалары жарияланады.
Ерте дегенде 24 август (6 сентябрь).	Ленин РСДРП Одесса комитетінің «Одесса қаласының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне. «Фабрикалық старосталар» туралы» (август, 1903) деген листовкасына «Тағы да фабрикалық старосталар туралы» деген тақырыппен редакциялық кіріспе жазады.
25 август (7 сентябрь).	Ленин А. М. Калмыковаға РСДРП II съезіндегі жікке бөліну туралы және съезден кейінгі ішкі партиялық жағдай туралы хат жазады.
28 августан (10 сентябрьден) ертерек.	Ленин В. Д. Бонч-Бруевичтің «Искраның» 47-номеріне арналған «Орыс клерикализмінің күштері» деген мақаласының корректурасын қарап түзетеді.
28 август пен 1 сентябрь (10 және 14 сентябрь) аралығында.	Ленин Орталық Комитеттің мүшесі Г. М. Кржижановскийге Мартовтың төңірегіне топтасып жатқан меньшевиктерге қарсы, олардың партияның орталық мекемелеріне бойкот жасауына және жергілікті социал-демократиялық комитеттерді басып алу әрекеттеріне қарсы батыл күресуге ұйымдасқан түрде әзірлену қажеттігі туралы хат жазады.
31 август (13 сентябрь).	Ленин А. Н. Потресовқа жазған хатында РСДРП II съезінен кейін партияның ішінде болған жікке бөлінудің себептерін ашып көрсетеді.
Августың аяғы.	Ленин «Мартовтың қайшылықтары мен бұлталағы» деген заметкасын жазады.

Августың аяғы — сентябрьдің басы.	Ленин Орталық Комитеттің шетелдік агенті болып тағайындалған М. Н. Лядовқа шетелдегі социал-демократиялық колонияларды аралап шығып, Россия эмиграциясының аса маңызды орталықтарының бәрінде көпшілікті жақтаушылар тобын құруды тапсырады.
Август — сентябрь.	Ленин революцияшыл жастардың міндеттері туралы хаттарының жоспарын жазады.
1(14) сентябрь.	«Искра» газетінің 47-номерінде Лениннің «Бақытсыздық жағдайлардан мүгедек болған жұмысшыларға ақы төлеу туралы заң» деген мақаласы жарияланады.
9(22) сентябрь мен 1(14) октябрь аралығында.	Ленин «Партияның екінші съезі» деген мақаласының жоспарын жазады.
13(26) сентябрь.	Ленин «Искраның» ескі және жаңа редакциясының мүшелерімен келіс сөз жүргізу үшін Мартов, Потресов және Засулич ұсынған негізгі шарттарды жазып алады.
15(28) сентябрь.	«Искра» газетінің 48-номерінде Лениннің «Дегені болмады!...» деген мақаласы жарияланады.
Сентябрь.	«Студент» газетінің 2—3-номерінде Лениннің «Революцияшыл жастардың міндеттері. Бірінші хат» деген мақаласы жарияланады.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1903

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық.
Т. I — Алматы, «Қазақстан», 1975.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 7. Сентябрь 1902 — сентябрь 1903.
666 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған *Н. Н. Суровцева*

Дайындаушының көмекшісі *Р. З. Юницкая*

Есімдер көрсеткішін әзірлеген *Н. П. Коликов*

Әдебиет көрсеткішін дайындаған *И. Г. Горбачева*

Редактор *В. Я. Зевин*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

Сдано в набор 3/VI 1974 г. Подписано в печать 2/IV 1975 г.
Формат 84×108 1/32—21,875=36,75 усл. п. л. 5 вклеек 7/16 п. л.
(33,8 уч.-изд. л.).
Тираж 15 000 экз. Цена 65 коп. Бумага № 1.
Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 1130. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Государственного комитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли,
г Алма-Ата, ул. Пастера, 39.